


Г-2015

622к



*Аманбай Құнталеуұлы әл-Құланды*

**ЕДІГЕ БИ**  
**ЖӘНЕ**  
**Ноғай Ордасы**



2/8  
Mr. Moore the Gen't  
Magazine for our  
children  
offered to  
photograph  
2d. 19. 2015  
for Anna, Frank



Аманбай Құнтөлеуұлы  
әл-Құланды

ЕДІГЕ БИ  
ЖӘНЕ  
Ноғай Ордасы



**Amanbai Kuntuleu Uly  
al-Kulandy**

**EDIGE BI  
JANE  
Nogay Ordasi**



**ЕДИГЕ БИ  
и  
Ногайская Орда**

**Аманбай Құнтөлеуұлы  
әл-Құланды**

*Бұл ғылыми – деректі  
шыгарма  
Ногай Ордасының  
620 жылдығына  
орай дайындалды.*

**ЕДІГЕ БИ  
ЖӘНЕ  
Ноғай Ордасы**



**АЛМАТЫ  
Респубикалық полиграфиялық  
«Дәуір» баспа кешені  
2013**

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Қаз)  
Ә 49

**Әл-Құланды Аманбай Құнталеуұлы.**

**Ә 49** Едігө би және Ногай Ордасы. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2013. – 456 бет.

ISBN 978-601-217-388-8

Бұл кітап автордың аса құнды тарихи және ғылыми деректерді кеңінен пайдалана отырып, әлем тарихнамасында ойып салған өз орны бар ногай халықтарының тағдыр-талайы мен Ногай Ордасының іргетасын өз қолымен қалаған Маңғыт тайпасының кемел биі, дарынды әскери қолбасшы, көрнекті мемлекет қайраткері, Алтын Орданың атакты «Бегілер begi» Едігө бидін (1357-1419) турік халықтарына ортак тұлғасын сомдауға, адами болмысын жан-жақты саралауға арналған ғылыми еңбегі десе де болғандай.

Мұнаймен қатар ұсынылып отырған еңбектің маңызы: Ногай Ордасының төл тарихын зерделеу, мемлекеттілігінің қалыптасуы мен ыдырауына, ел қамын жеген Едігө бидін үрпақтарының іс-әрекеттеріне қатысты мағлұматтардың жаңа замана түрғысынан кең көлемде тоғтастырылуы.

Осы орайда ногай-қазақ, ногай-орыс және оларға көрші халықтардың саяси-әлеуметтік қарым-қатынасы да әңгімеленеді.

**ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-217-388-8**

© Әл-Құланды А.Қ.  
© ЖШС РПБК «Дәуір», 2013

## Алтын Орда – Ақ Орда – Көк Орда – Ноғай Ордасы

(Кіріспе сөз орнына)



Алтын Орда ескерінің  
түменбасы. XIII ғ. аяғы

*Ей, жігіттер, шоралар,  
Он сан ногай бұлгенде,  
Саназар батыр жауынан  
Жаралы боп келгенде,  
Алаш, Алаш болғанда,  
Алаша хан болғанда,  
Аязды кунде айырылдың,  
Арасат оты жанғанда.  
Хан қашып, қара құғанда,  
Хан Тоқтамыс қорланып,  
Байтағым деп зарланып,  
Айтып жылай жәнелді (188, 139).*

Осы кезге дейін тарихнамада Ноғай Ордасы халықтарының мемлекеттілігін зерделеген шығармаларда көбіне Ноғай ұлысының құрылу кезеңі XV ғасырдан басталады делінетін керекар пікір қалыптасып келді. Мұндай көзқарастың толыққанды еместігі бұл мемлекеттің атынан-ақ байқалып тұрған жоқ па? Әйткені, бұл ұлыстың аты Шыңғыс ханның бесінші ұрлағы саналатын Ноғай қолбасының (Өзбек хандығы секілді) есімімен тығыз байланысты екенін және түп-тамырының тереңде жатқанын көзі қарақты оқырман ой таразысынан өткізсе көрмекші. Осынау бастаулар бізді Жошы ханның жетінші ұлы Буралдың (немесе Бууалдың) немересі болып келетін Ноғайдың қолымен құрған ұлысы Днестр-Прут пен Дунай-Дон өзендерінің төменгі сағаларындағы кеңбайтақ кеңістік дала деген кисынға қарай жетелейді.

Бұлай деп айтуға біздің дәлелдеріміз жеткілікті ме? Бұл сауалға кең мағыналы жауапты аталмыш тарихи шығарманың өн бойында беруге тырысқанымызды ескертеміз. Ең алдымен, Ноғай ұлысын кім, қашан құрды деген сұраққа киліgemіз. Ол бастапқыда қай жерде құрылды, оны кімдер басқарды және оған кіргендер қай ру-тайпалардан құралған халық? Аталған жұрт тарихында қандай із қалдырды деген сұрақтарға нақты жауап алдағы тарауларда кеңінен баяндалатын болғандықтан, қазір уақыт алдырып тоқталып жатпай-ақ қояйық.

Дегенмен, Ноғай жұртының бастау алатын шежіресін айқындау үшін, оның мәйегі – Шыңғыс хан құрған Ұлы дала империясын, яғни

Жошы ұлысын (Ноғай Ордасы осы ұлыстың бір бөлегі) айналып өте алмайтынымыз айдан анық.

Тарихи деректерге жүгінсек, Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, төменгі Еділ жағалауында ежелден өмір сүріп келген түркі халықтарының қоғамдық өмірінде XIII-XIV ғасырда үлкен әлеуметтік өзгерістердің орын алғанын айтпасқа болмас. Аталмыш жұртты Шыңғыс хан бастаған татар-монғол әскери шапқыншылары басып алып, билеп-төстеді, Алтын Орда мемлекетін құрды. Бірер сөз Шыңғыс қаған хақында.

XIII ғасырдың басында монгол тайпаларының бірінен шыққан жүрек жұтқан Темучин есімді (1162-1227) кісі көп рулы елдерден жасақ жинап, монгол үстіртіндегі халықтарды өзіне бағындырады. 1206 жылы Онон өзенінің жағасында иғі жақсылар жиналған құрылтайда Темучин бүкіл Монголияның қағаны (ұлы ханы) атанып, «Шыңғыс хан» деген атақты иеленеді. Осы кезден бастап Ұлы Монгол мемлекеті құрылды деп саналады. Шыңғыс хан билеуші таптын, ақсүйек, шонжарлардын, нояңдар мен нөкерлердің малмұлкін, мүддесін қорғайтын қолбасшы еді. Шыңғыс хан мен оның әскерінің басқыншылық шабуылдары ханның тірі кезінде жазыла бастаған «Монголдың құпия шешіресінде» баяндалған. Аныз бойынша Темучин андан алақанына асықтай үйіған қан уыстал туыпты деп те айттылады (1,34).\*

Шыңғыс хан мол әскер мен жеке билікке ие болған соң көптен ойда жүрген «жиғангерлік қиялын» іске асыруға кірісті. Ол 1211-1215 жылдары Қытайды бағындырыды, одан батысқа қарай Орта Азияға, Дешті Қыпшаққа шапқыншылық, қанқұйлы әрекеттерін бастаған.

Монгол шапқыншылары Орта Азияны айналасы үш жылдың ішінде (1218-1221) басып алды. Оның артынша Солтүстік Иранды, Кавказды, Қырымды бағындырады. Шыңғыс хан әскерінің жеңіске мұнша тез мерзімде жетуінің себептері: түрлі халықтарға бөлініп, бітыраңқы жүрген түркі тайпаларының бірігін күш көрсете алмауынан, бір-бірімен бақталас билеушілердің басы қосылмай, монголдармен жеке-жеке соғысуынан, ақыр сонында, елді билеп-төстеуішілердің бұқара халық қамын ойлағаннан гөрі, өз қара басын көбірек күйттеуінен болған еді.

Мәселен, Хорезм шахы Мұхаммед сұлтанның Шыңғыс ханға қарсы соғысуға төрт жүз мың жасақтары бола тұра: «барлық әскерлерді жинасам, өзіме қарсы шабар», - деп қорқып, хандықты соғыссыз беріп, елінен қашып бой тасалады. Ол кезде Хорезм шахтың қол астына Орта Азия (Сырдарияға дейін), Ауғанстанның солтүстік батысы, Иранның біраз бөлігі кіруші еді.

Монголдар Бұхара, Самарқанд, Мерв, Ургеніш сияқты қорғанышы нашар қалаларды осындағы себептермен тез арада жаулап алды (3, 165; 4, 49).

Шыңғыс ханның әскеріне қатты қарсылық көрсеткендер Сырдария (Яқсарты) өзені бойындағы халықтар еді. «1219 жылы қыркүйек айында

\* Жақша ішіндегі бірінші сан сілтеме жасалған шығарманың атын және сонында берілген әдебиеттер тізіміндегі ретін, ал екіншісі – сол кітаптың тиісті бетін көрсетеді.

*Шыңғыс хан әскері Отырар қаласын қоршауға алды. Отырар қорғанысы Қазақстан мен Орта Азия халықтары бұқарасының монгол басқыншыларына қарсы жүргізген ерлік күресінің бір айқын көрінісі болып табылады. Шыңғыс хан жасақтарының қарамагында қамал бұзатын темір құралдары, әсіресе, мұнайлы күбіршіктер ататын өртегіш машиналары болса да, монголдар үл қаланы бес-алты ай бойы ала алмады. Алайда, қайсыбір опасыз әскербасыларының сатқындық жасауы Отырар қаласының күйреуін тездедті. Парсы тарихшысы Джуванидің айтуына қарағанда, бес ай қоршауда болған Отырадың, тіпті билеуші адамдарының да халі мұлдем нашарлаған кезде, яғни аштық басталған кезде, шонжарлар арасында алауыздық туып, монголдармен келісімге келу әрекеті қарастырылады...» (5, 126; 6, 122).*

Осылайша сырттан келген жауға қарсы жан аямай күрескен Отырар халқы бес айдан кейін берілуге мәжбүр болады. Жау Сырдария бойындағы Сауран, Жент, Баршынкент, Сығанақ қалаларының халқын да қырып-жойып, аяусыз жаныштап, мойынсұндырыды.

Шыңғыс хан үл жолы Дели сұлтандығына тиіспей, аттың басын кері тартты. Бірақ жолшыбай Ғазна шаңарына соғып, бас көтерген Мерв пен Гераттың тұрғындарын жазалап, оларға өз билеушілерін тағайындаиды да, Хорасандағы қаған ордасына 1222 жылдың мамырында оралады.

1222 жылдың жазында Шыңғыс хан Хорасаннан Құхараға жетіп, тірі қалған мұсылман дінбасыларын жинап алып сұхбаттасты.

1223 жылдың жазында хан ордасын Құланбасы жазығына (Сайрам мен Талас өзенінің тоғысы) әкеліп орналастырады. Кавказ тауы мен Русь жорығынан қайтқан атақты қолбасшылары Сүбедей мен Жебе де Шыңғыс ханмен осы арада бас қосады.

Кейір айтушыларды тыңдасақ, биік төбенің басына алтын тағын қойдырып, өзін әлемнің әміршісімін деп жариялаған ұлы хан Құланбасыда құрылтай өткізеді. Онда Хорезм шахқа қарсы жорықта қаза тапқан қолбасшыларын еске алып, айрықша көзге түсken нәкерлерін марапаттап, оларға сый-сияптын таратады.

Хан көші 1224 жылдың жазында Ертіс жағалауына жетеді. Сейтіп, Шыңғыс хан ұзак жорықтан 1225 жылдың көктемінде ғана Қарақорымдағы өз отауына жеткен.

Қарақорымға оралмас бұрын ұлы қаған жаулап алып, бағындырған жерлерін бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына үлес қылыш болліп береді.

Тұнғышы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жерлер бүйірған-ды. Одан әрі батысқа қарай «монгол атының тұяғы тиген жерлердегі аймақтар» да тиетін болды. Оңтүстікте Каспий мен Арап теңізіне дейінгі, Әмударияның төменгі жағындағы жерлер (Хорезмнің солтүстік жағы), Сырдария өнірі де Жошы ұлысына кірді.

Екінші ұлы Шағатайдың үлесіне Қашқария, Жетісу, Сырдария мен Әмударияның аралығындағы (парсы тілінде «Мәуреннахр») өнірі тиді.

Үшінші ұлы Угедейге, экесінің орнын басатын болашақ қағанға хан ордасы, қазіргі Монголия жерінің батысы мен Тарбағатай аумағы берілді.

Кенже ұлы Төле әкесінің қара шаңырағы орналасқан Қарақорым қаласына, Монголияның орталық және шығыс аймағына иелік ететін болды (7, 247-249).

Бұл жөнінде Лувсандаңзанның «Лу. Алтын тобчысында» мынадай әңгіме кездеседі, ұзақ та болса оны толық келтіреік. Ұлы қаған Жошы мен Шағатай екеуін ұлыстарына шығарып салып тұрып, «**Ұлдарым, мен екеуінді жат өлкеге кетсін деп отыргам жоқ. Бағындырған елдеріне ие болсын, басып алғандарын бағынышты етсін, жер-суды иеленсін, төрге тіреніш болып, өзінің отауын тіксін, жел жағыма пана, жаныма сая болсын деп, игі ниетпен жіберіп отырмын!** Улken Ордамыздан айырылып көштік демендер! Көнілдегі үйден көрініп тұрған үй жақын деген. Үйірден бөліндік деп өкінбендер! Үйірдің бөлінгенінен бірін-бірі іздегені жақсы демей ме! Ұрпақтарым, бірінді-бірін мақтан тұтып, өз-өздерінің абырайларыңды асырыңдар!

*Асқар тауга шапсандар,  
Айғайлап ұран салыңдар!  
Дариядан өтіп шапсандар,  
Дауылдал ұран салыңдар!  
Дауылды ұран салғанда,  
Бөгеліп әсте қалмандар!  
Далл-далл тымақ бұлғандар,  
Даладан көз алмандар!  
Шеттеп алыс кеткенде,  
Сен кім, мен кім демендер!  
Сеніммен сөйлеп келіңдер,  
Алыс тауга кеткенде  
Анау кім, мынау кім демендер,  
Аға-інім деп жүріңдер!  
Асқақ Ұлыс еліңді,  
Абыраймен ұстандар!  
Артта қалар атынды  
Асыл заттай қорғандар!» - деп, қаған әкесі өсиет айтқан екен (8, 151).*

Шыңғыс хан Жошыны Қылшак даласына Ұлыс әміршісі өтіп жіберіп тұрып, өзінің сенімді серігі Богұршы нойанға бата-тілек айт деп қолқа салған көрінеді. Сонда Богұршы былай деген:

«Жошы балам, құлак сал! Қаған әкең сені жері алыс, елі жат өлкеге билеуші өтіп жөнелтпекші. Қайратыңды шақыр. Асуы қыын асқар бел болса, қайтып өтем деп уайым жеме. Тек «өтсем де өтем, өтпесем де өтем» десен өтесің. Өстіп жүріп асып кетсөн, асудың ар жағында, ән мен күй, жемісті жидек күтіп алады. Өткелсіз дария болады, оны қайтіп өтем деп, қам жеме! Тек өтем деп өжеттенсен, өтерсің. Өстіп өткен кезде, пәле-жәледен аман боласын, өтіп барғаныңда қарсы алдында үй-арбан тұрады!»

Сондағы Жошының берген жауабы: «Дана әулиеміз (Шыңғыс хан) рақымшылық, еткенде, маған жетпеген жерге жет, қалыс қалған елді жи, тарылған жер-суды кеңейт деп, мақсат етті», деп ойладым. Сен болсаң бүтін елге ие болып, піскен асқа қожа бол дегендейсің!» Оны естіген Шыңғыс хан:

«Жошы, ұлым, балалық қылыш жасама! Топырлаған елді біріктіре алмасаң, топ басқарушы болып та жарамайсың. Ас-тағамды үlestіретін табақшы жиналған көпті тостырмайды. Тойда өзін жоқтатпайды, өзі де тамақтан құр қалмайды. Ұлы ұлысты жинақтау, піскен асты жеумен тең емес. Богұрчидің сөзі рас!» — деп ойын жалғастырган (9, 25).

Әрі қарай қаған: «Әке мен баланың татулығы — әкесі баласына сеніп, жаулаған жеріне ие ғып, іргесіне үй, өзіне сүйеу ғып, өситет-батасын беріп, алысқа аттандырганы. Төрді жебеп, сүйенішті елеп, татулықты ғұзбай, бүтінді бүлдірмей, көрер көзім, естір құлағым бол жетілсендер — ұл болып туған қарызыңды өтегенің» - деп өситетін аяқтаған екен (8, 152).

Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошыға берген үлесі қомақты еді. Жошының иелік еткен ұлысы Еуразияның ауқымды кеңістігінде аса зор рөл атқарғаны ғылыми жолмен дәлелденген, дау-дамай тудырмаса керек. Осы екі құрлықтың халықтарының қалыптасуы мен тағдырына Жошы ұлысы келешекте орасан зор ықпал жасады. Эйтсе де, бұл саяси құбылысқа кейбір тарихшылар осы кезге дейін жөнді мән бермей келгенін жасыруға болмас.

Мәселен, тарихшы белгілі бір кезеңді, оқиғаны немесе көріністі сипаттағанда, еркінен тыс оған бір қырынан қарауға мәжбүр. Бұл өзгеше құштарлық, қиястық немесе әділетсіздік емес, мәселені қай қырынан қараудың, шындыққа қалай жақындау тәсілінің болмай қоймайтын заңдылығы – адамдардың тарих тағылымдарын қабылдау ерекшелігіне байланысты. Сондықтан, бұндай зерттеушілерде аздал болса да сынаржақтық кездеседі, түрліше топшылаулар байқалады, оны ескермеге тағы болмайды. Біреуі болмаса, біреуі шындыққа жақындауы әбден ықтимал (10, 45).

Міне, осы тұрғыдан қарағанда, біздің алдымызда Жошы ұлысын жазып өткен тарихшыларға, зерттеушілерге төзімділікпен қарауымыз кепек. Ұлы қағанның Жошыға үлескे берген кең байтақ өлкесінде Алтын Орда мемлекеті бой көтерді, оның алғашқы аты «Жошы хан ұлысы» немесе «Ұлы ұлыс» деп аталды. Ұлыс – сол кездегі түркі тілінде «мемлекет» деген мағынаны білдіреді. «Ұлы ұлыс» – тұңғыш немесе «Ұлкен ұлдың мемлекеті» деген баламаны береді. Батыс Еуропа мен Русь мемлекеттерінің реєсі құжаттарында Алтын Орда хандары «Жошы ұлысы ханы» яки «Ұлы ұлыс ханы» деген атпен жазылған мәліметтер кездеседі. Орыс тарихшыларының көпшілігі «Алтын Орданы» жиі «Жошы ұлысы» деп атап отырган. Мәселен, орыс ғалымы И.Тимофеев осы ұлыс жөнінде: «Хорезм мен Еділдің төменгі жағынан бастап, Днепрғе дейінгі байтақ далада көшіп-қонып жүрген көшпендерден тұратын Жошы ұлысы, Алтын Орда Русытің мойнына байланған ауыр тастай еді», - деп жазыпты.

Біз сарапаған Қазақ Совет Энциклопедиясында да осындай мәліметтерді көреміз: «Алтын Орда, Жошы ұлысы – феодалдық мемлекет, XIII ғасырдың 40-жылдарында құрылған...». Жошының мұрагері Бату ханың кезінде Еділден батысқа қарай Еуропа елдеріне жасаған басқыншылық жорықтары Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан, орталығы Төменгі Еділде орналасқан ұланбайтақ мемлекетке айналдырды. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл мемлекеттің тарихи шығармалардағы Алтын Орда атауы XIV ғасырдан бастап түпкілікті орнықты. Алайда Алтын Орда ұғымы әдебиеттерде біртекті айтылмайды: бір жағдайда Алтын Орда деп Бату мен оның мұрагері Беркенің иелігіндегі жерлерді, яғни Төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды, ал енді бір орайда барлығын біріктіріп, түгелдей Жошы ұлысы деп атайды.

Бату хан билік құрған 1227-1255 жылдары Ұлыс зор беделге ие болғаны былай тұрсын, іс жүзінде, Шыңғыс хан құрған империяны өзінің қолдауымен таққа отырғызған ұлы қаған Мөңкемен бірігіп биледі. Алайда Бату хан да, оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында біртұтас мемлекетті басқарушылар дәрежесіне көтеріле алмады. Өйткені, Жошы ұлысы үlestерге бөлініп, оның көптеген ұлдарының (бір деректер бойынша Жошының 14 ұлы, екіншілеріне сенсек 19 ұлы, үшіншісі бойынша 17 ұлы, ал тағы бірі оның 20 ұлы болған дейді) ұлыстарына ыдырауды. Сөйтіп, өз кезегінде Алтын Ордада кішігірім ұлыстар жүйесі кең өріс алды.

Парсы тарихшысы Қази Ахмет ибн Мұхаммед Гаффари Казвинидің айтуынша, ол (Жошы хан) Тышқан жылының бірінші айында (кейір деректер бойынша 1227 жылдың ақпан айы) әкесінен 6 ай бұрын өледі.

Бату хан – Жошының ұлы, лақап аты Сайын хан. Үгедейдің (Шыңғыс хан империясындағы ұлы хан) бұйрығымен әкесінің (Жошының) орнына отырады» (4, 13-51; 12, 20-32).

Ресей тарихшылары Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский «Золотая Орда и ее падение» еңбегінде Алтын Орданың көлемі: «Бұлғар, Қырым, Дербендкө дейінгі – Кавказ, Ургеніш қаласы мен Хорезм, Батыс Сібірге, Сырдарияға дейінгі аралықтар», - деп көрсетеді. Ал, Сырдария жағасындағы Алтын Ордаға қарайтын қалаларды араб тарихшысы Әл-Омари былай суреттеген:

«...Бұл мемлекеттің Жейхун жағасындағы шекарасы – Хорезм, Сығанақ, Сайрам, Жаркент, Жент, Сарай, Мажар қаласы (Кавказда), Азақ (Азов), Ақша Керман, Кафа, Судак, Саксин, Үкек (Волга жағасындағы Саратов), Бұлғар, Сібір аймағы, Сібір, Башқырд және Чұлыман..., Баку

қаласы, Ширван өлкесіндегі қалалардың бірі және оның жанында түркілер «Демиркапу» деп атайдын «Темір қақпа» бар» (4, 29).

Бату өлген соң, оның орнын басатын мұрагерлері Сартак пен Ұлақшы да ұзамай қайтыс болып, інісі Берке хан тағына иелік етеді (1257-1266). Берке ханның тұсында Алтын Орда XIII ғасырдың 50-жылдарында Иранда құрылған Хулагу мемлекетімен жойқын соғыстар жүргізді. Берке хулагидтерге қарсы жасақтарды қөбейту мақсатымен Египетпен (мысырлықтармен) қарым-қатынас жасап тұрды. Беркеден кейін Мөнкे Темір (1266-1280), Туда Мөнке (1280-1287), Тұлабұқа (1287-1290), Тоқты (1290-1312), Өзбек (1312-1342) хандар билік құрды. Әсіресе, Өзбек ханның тұсында Алтын Орда саяси-экономикалық, әскери күші жағынан айрықша күштейіп, мәдени-сауда істері, сыртқы мемлекеттік қарым-қатынастары барынша дамыды.

Алтын Орданың ұлыстарға бөлініп, құлдырауға бет алты Жәнібек ханнан кейін-ақ (1342-1357) басталған-ды. Мұны 1360-1380 жылдардың арасында Ордада 25 ханның бірінен соң бірінің таққа отыруы да дәлелдей түскендей.

XIV ғасырдың орта кезінде мемлекет екіге бөлінді: Көк Орда, Ақ Орда деп аталды. Бұған себеп болған жағдай – жеке ұлыстар арасындағы алауыздық, әрқайсысының өзінше билік құруға ұмтылуы еді (13, 68-74).

Осы арада Алтын Орданың құрамдас бөліктері Ақ Орда мен Көк Орда (осылардың құрамында келешекте Ноғай Ордасы бой көтереді) мемлекеттік бірлестіктерінің мән-жайына тоқталған кеткен жөн сияқты.

Алдымен, Жошы ұлысының құрылымын зерттеу Ноғай Ордасының тарихнамасы үшін маңызды болмақ. Бұл жерде қағидалық мәні бар екі жәйтті еске сала кетсек. Ноғай Ордасының құрылуы да, ноғай халқының қалыптасуы да Алтын Орданың ыдырауымен тікелей байланыстылығы.

Бұған қатысты тағы бір ескеретін жэйт: Жошы ұлысының Еуропалық бөлігі «оң қанат», ал Азиялық бөлігі «сол қанат» аталып, олар Ақ Орда мен Көк Орда деген екі ірі мемлекеттік бірлестікті құрды. Ал енді Ақ Орда мен Көк Орда Жошы ұлысының қай жағында еді деген сауалға келетін болсақ, осы кезге дейін тарихи жазбаларда бірізділік байқалмайды. Қазақстандық ғалымдар Ақ Орда қазақ жерінде құрылды, болашақ Қазақ хандығының іргетасы осы Ақ Орда негізінде қаланды десе, бірсыныра орыс тарихшылары Ақ Орда Жошы ұлысының батысында еді, ол мемлекеттің «оң қанаты» деп жазады (14, 3-7). Бұл арада көне түркі тілінде «ак» сөзі – батыс, «көк» сөзі – шығыс мағынасын беретінін де ұмытпаған жөн сияқты. Жасыратыны жок, кешегі Кенес заманындағы кейбір тарихнамаларда бұл екі Орданың орны шатыстырылып, жаңсақ аталып жүрген кездері де болды (15, 9).

Міне, осыдан туындаитын қорытынды, жазба дереккөздерге мейлінше сақтықпен қарап, Ақ Орда мен Көк Ордаға арналған зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасауымыз қажет сияқты. Олай етпейінше, шындықтың беті ашылмас.

Әйгілі шығыстанушы, Ресей академигі В.В. Бартольд «Ескендір анонимі» (1413-1414 ж. жазылған) деп аталатын Мұ'ин әд-Дін Натанзидің шығармасына сүйеніп, Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты мынадай деректер беріпті: «...кейін Жошы ұлысы екіге бөлінді. Ұлыстың сол қанаты болған Ұлытау, Сегізғаш, Қаратал, Түйсенге дейін, Жент, Баршынкент жерлері Ноғай ұрпақтарына берілді және олар Ақ Орда сұлтандары деп аталды; ал оң қанаты – Ібір-Сібір, Орыс, Либка, Үкек, Маджар, Бұлғар, Башғирд, Сарай-Берке Тоқты әuletіне берілді және олар Көк Орда сұлтандары деп аталды» (16, 248-282).

Көзі қарақты оқырман, әлгіде аталған парсы тарихшысы Ғаффари Қазвии (1515-1568 жж.) жазған «Нусах-и-джахара» (1564-1565 жж. аяқталған) шығармада Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты айтылған оның пікірін аз ғана өзгерістермен В.В. Бартольдтің пайдаланғанын байқайды. Ғаффари былай деп жазған екен: «Көк Орда патшалары, оларға оң қанат жерлері жатады: орыстар, Лика, Үкек, Маджар, Бұлғар және Қазак. Тоқты хан Құрбұкейдің ұлы (Орданың ұлы) Жошы хан тағына отырды. 702 (26.08.1302 – 14.08.1303), барыс жылы онымен (Тоқты ханмен) Ноғай қолбасшы арасында Саксин мен Бұлғардың шет аймағында үлкен соғыс болды. Тоқты оны женді...»

Ақ Орда хандары сол қанатқа жатады. Ұлытаудан Қараталға дейінгі, Лус шекарасына дейінгі жерлер болды. Ноғайдың ұлы Туда-Менгу ол жерде ұзак жылдар хан болды. Ноғайдың ұлы Сасы Бұқа ол өлген сон таққа отырды. 720 жылы қайтыс болды. Сасы Бұқаның ұлы Эрзен әкесінен кейін 25 жыл хандық құрды. 1345 жылы өлді. Одан кейін Эрзен ұлы Мұбәрак кожа бай тақта отырып, қайтыс болды. Эрзеннің ұлы Шымтай Ақ Орданы 17 жыл биледі. Көк Орда әмірлері оны хан болуға шақырды, ол келіспеді. Шымтай ұлы Орыс (дұрысы Ұрыс – Ә.Қ.) хан екі ұлысты біріктірмек болды», - деп тұжырымдаған (17, 403-404; 14, 3).

Бұлардан өзгеше деректі Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесін» талдай келіп, Қазақстандық тарихшы В.П. Юдин келтіреді. Ол аталмыш шығармадағы деректерді негізге алып, Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің иелігінде Көк Орда болды деген пікірді ұстанады (18, 26-100; 18, 151-197; 137, 65-66). Бұл құптауға тұрарлық.

Шынтуайтында, Ақ Орда, Көк Орда мен Боз Орданың бастапқы мағынасы «ак», «көк» және «боз» киіз үйлер дегенді білдірсе керек. Киіз

үйлерді Шыңғыс ханның өзі қойғызгандықтан, бұл жайт дәріптеліп, тарихнамада саяси-құқықтық дәрежеге көтеруге бастама ретінде қаралады. Қалай болғанда да ол атаулар Батудың 1236 жылғы Батыс жорығынан бұрын болған тәрізді, оны Батудың: «Біз жат жұртқа кетіп бара жатырмыз» сөздерінен байқаймыз» дегенді В.П. Юдин тілге тиек ете сөйлейді (18, 48).

Енді осы айтылған дәйекті Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесімен» толықтырып көрейік: «Ежен хан мен Сайын хан көпке мәшүүр еді. Екеуде оның [Жошы ханның] зайдібы Тұралы ханның қызынан туған болатын. [Оның] басқа зайдіптарынан тағы он жеті ұлы болған. Осы Ежен мен Сайын хандықты бір-біріне ұсынды. Сайын хан кіші еді. Ол өзінің ағасы Еженге: «Әке орнына әке болған ағам едің. Олай болса, сен менің әкемсің. Жат жұртқа бара жатырмыз. Сен хан бол» - деді. Бұған Ежен: «Менің жасым сенен үлкен екені рас. Бірақ, әкеміз сені ерекше жақсы көрді де, еркелетіп өсірді. Осы уақытқа дейін мен сені әлпештеп бағып, саған бағынып келдім. [Алайда], егер мен хан бола қалсам, бұрынғыдай сенің еркіне көне алмауым мүмкін, содан арамызда ұрыс-керіс пен өшпендейлік пайда болады. Мен сенің хандығына шыдармын, ал сен менің хандығыма шыдамассын» - деп айтты. «Бұл не деген сөз?! Ясса (Шыңғыс ханның Жасасы – Ә.-Қ.) бойынша ағам тұрғанда, менің хан болғаным қалай?!» – деп [Сайын] ағасына бірнеше рет ұсыныс жасайды. Ол бұған келіспегеннен кейін Сайын былай дейді: «Олай болса, бір амалын табайық. Ұлы бабамыз Шыңғыс ханға баралық. Мен өз сөзімді айтамын, сіз өз сөзіңізді айтасыз. Бабамыздың әмірі қандай болмасын, сол бойынша жасаймыз», - [ол] бұл сөздерді мақұл көріп, қабыл алды. Бір шешеден туған екі ұл және өзге аналардан туған он жеті ұл – бәрі қосылып Ұлы ханға көрініске кетті. Олар өз [бабасы] хандығына қызмет етуге келгенде, хан бұларға үш орда тікті: алтын босағалы ақ орданы Сайын ханға салды, күміс босағалы көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы Шайбанға салды» (18, 156-161).

Сөйтіп киіз үйлердің тұстери Жошының үш ұлының дәрежесін, сонымен қатар, олардың Жошы ұлысындағы иеліктерін белгіледі: Орда-Еженнің ордасы шығыста орналасқан, сондықтан «Көк Орда» Ұлыстың шығыс бөлігіне, оның сол қанатына қатысты айтылған тәрізді. Бұл, Батыс жорығынан кейін Дунай өзеніне дейін жеткен Жошы ұлысының жері емес, Жошының бабасы Шыңғыс ханнан алған, Жайықтан Ертіске дейін созылған жер аумағына қатысты. Бұл өз кезегінде Батудың ордасы – Ақ Үй Жайықтан батысқа қарай, ал Еженнің ордасы, Көк Үй – Ертістің (Сырдария, Алакөл, Еміл) жағасында орналасқан секілді, яғни «Ақ Орда» және «Көк Орда» сөздерінің ұғымы империяның немесе тіпті географиялық аймақтардың реңми атаулары ретінде колданылған және

ауыспалы метафоралық мәнге ие болып, Көк Орда – Ежен үлесін, Жошы ұлысының сол қанатын, ал Ақ Орда – Бату үлесін, Жошы ұлысының оң қанатын белгілеу үшін пайдаланылғанға ұқсайды (20, 48-49).

Осы жерде тағы бір айтпағымыз, Батудың (1236-1242) Батыс жорығынан кейін Жошы ұрпактарының Ұлысы орасан өсті және Бату мен Орда-Ежен иеліктері арасындағы шекара батысқа қарай едәуір ығысты. Нәтижесінде, Ақ Орда және Көк Орданың жаңа аумақтық нұсқалары пайда болды, олардың екі түрлі географиялық бейнесі де белгіленді және олардың өлшеусіз шекаралары жөнінде екі түрлі ұғымдар қалыптасты. Олардың біріншісі Батыс жорығына дейінгі кезеңді қамтиды, ал екіншісі, жорықтан кейінгі кезеңге жатады. Ақ Орда мен Көк Орда да тұрақты шекаралық меже болмағандықтан, іс жузінде қолданылмай, ауызша далалық тарихи дәстүрде сақталды, олар Алтын Орда, Жошы ұлысы деген атаулармен көбірек белгілі болып, отандық тарихнамадан орын алды.

Жасыратыны жоқ, кейбір зерттеушілер Ақ және Көк Орда туралы ұғымдарды мейлінше шатастырған. Ең алдымен, олардың қатарында, Ақ және Көк Ордалардың географиялық аумағын қате айқындайтындар барышылық. Сондай-ақ, Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттер туралы мәселенің мұлдем бытыстырылғаны, әлгіде аталған, Мұ'ин әд-Дин Натанзидің «Ескендір анонимінен» байқауға болады», - деген ғалым В.П. Юдиннің пікірі қолдауға тұрарлық (18, 50).

Алтын Орданың тарихын зерделеген Ресей мен Батыстың ғалымдары Ақ, Көк және Боз Ордалардың қай жерде орналасқаны жөнінде туындаған пікірталасын корытындылай келіп, Көк Орда шығыста, Ақ Орда батыста, осының екі ортасындағы жерлер Боз Ордаға қараган деген тұжырымға келеді. Бұл пікірді шығыстанушылардың көпшілігі қазіргі кезде құптаған жүргені мәлім.

Алайда, Алтын Орданы зерттеуші қазақстандық ғалымдардың бірқатары жоғарыда айтылған Натанзи мен Faффари шығармаларын тілге тиек етіп, әлі күнге дейін Ақ Орда – Орда-Еженнің ұлысы деген жаңсақ пікірді жақтайды. Мысалы, тарихшы Н.Н. Менғұлов былай жазады: «Қазақстанның Сырдариядан Алтайға дейінгі, Ертістің Оңтүстік жағалауынан Жетісуға дейінгі аралық Орда Еженнің иелігінде болды. Барлық Шығыс деректері оны Ақ Орда деп атады. Ақ Орда Алтын Орда билеушісіне толық бағынышты болған жоқ», - деп ойын ашық білдіреді (21, 79-85). Осы пікірді белгілі ғалым З. Қинаятұлы да тіліне алады.

Зәкенің байқауынша, шығармаларда бірізділік сақталмаған, «Ақ Орданы» бірде «Ақ», бірде «Көк», Сары Орданы бірде «Ақ», бірде «Алтын»,

бірде «Кек», ал Шайбан Ордасын бірде «Ақ», бірде «Кек», енді бірде «Боз» деп жаза берген. Сондықтан бірсыныра жазылымдарда олардың мәні мен іс-әрекеттерінен гөрі өң-түсіне мән беру басымдық танытқан. Ал, біздің қойған мақсатымыз Жошы ұлысындағы ордалар тарихын өң-түсімен күп зерттеу емес, шаңырағын Жошы өзі көтеріп, кейін тұнғыш ұлы Орда Ежен басқан, сонында Қазақ мемлекетінің (алдында Ноғай Ордасының – Ә.-Қ.) қара шаңырағын көтерген ордалардың тарихын жанжақты талдау болып табылады. Алтын Орда, Ақ Орда әу бастан-ақ әскери екі қанаттың штабы тұрғысынан өзін-өзі билейтін мемлекеттік дербес құрылым ретінде қалыптасты», - деп, толықтырады әлгі ғалым (85, 179).

Ал, Ресей тарихшылары С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов және М.Г. Сафарғалиев ортағасырлық жазба мағлұматтар мен қазіргі зерттеушілердің енбектерін талдай келіп, Ақ Орда Жайық өзенінің батысында болды және қазіргі Дунай өзеніне дейінгі аймақты қамтыды деп тұжырымдаған. Бұл пікірге біз де қосылмақшымыз.

Мәселен, М.Г. Сафарғалиев Орда-Ежен Жошының кіші ұлы болғандықтан түркі-моңғол дәстүріне сай, әкенің шаңырағында қалғанын, сол себептен де кезінде Жошы ұлесіне бөлінген жерлердің келешекте Орда-Ежен иелігіне тигенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп бағады (132, 19-71).

Ал, С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов болса, ортағасырлық жазба дереккөздеріндегі мәліметтер мен қазіргі шығыстанушылардың пікірлерін сарапай отырып, Ақ Орда Жошы Ұлысының батысында, он қанатында, Кек Орда шығысында, сол қанатында болғанын нақты дәлелдермен көрсетеді (22, 191-193; 23, 199-217).

Ақ Орда тарихын зерттеушілер өз ойларын тек шығыстық жазба шығармаларындағы мәліметтермен шектемей, Жошы ұлысының өзінде қағаз бетіне түскен Құтбытың «Хұсрау-Шырын» дастанынан жыр шумақтарын көтіріп, дәлелдей түседі. Жырдағы мына өлең жолдары Ақ Орданың Еділ-Жайық бойында екенін анықтағандай:

Ұлыс елдің еріктілігі, ханы оның барлығы,  
Тыныбек біздің ханымыз – жеткізетін бақытқа.  
Ол үшін тақ пен тәжік де қуанады.  
Хан Мәліктің көркемдігі – бақыт қайнары,  
Ақ Орда – оның патшалығы, тағының көркі (22, 192-193; 14, 4).

Осы орайда тілге тиек етілетіні, Тыныбек Алтын Орданың тағына отырған кезде ол Еділ бойындағы Сарайды астана етіп, қоныс аударады... Бұған қарап-ақ Ақ Орданың Еділдің жағасында орналасқанын аңғаруға болады.

Жалпы, Алтын Орда кезеңіндегі жыр-дастандар Ақ Орданың Жошы Ұлысының оң қанатында қалыптасқанын айқындаپ тұрады. М.К. Сембінің «Тюркский меридиан» атты кітабында Доспамбет жырынан келтірілген үзінді де Ақ Орданың Жайық өзенінің бойында құрылғанын байқатады:

*Кейде менің есіме енеді Ақжайық,  
Бұрынғыдай ат жалдап отіп жсүр екем,  
Қайран менің сол күндерім!  
Шексіз даладағы Ақ Орда,  
Уайымсыз жатып мал бақсан,*

Қайран сол күндер, қайдасың!, – деген атақты жыраудың зары тектен-тек айтылмаса керек (86, 5-6; 14, 4).

Ал Көк Орда Жошы ұлысының сол қанатындағы жерлерді иелен-гендігін орыс жылнамалары анықтай түседі. Оларда мынадай мағлу-маттар келтірілген: «Көк Ордадан, Самарқанд жерінен Ақсақ Темір деген патша келіп, Ордаға үлкен күйзеліс әкелді. Оның келуімен Орда мен Рұсь жерінде ұлы шайқастар болды», - деп жазылышты (24, 32).

Ортағасырлық жазба шығармалардағы Ақ Орда мен Көк Ордага қатысты деректер мен зерттеушілер пікірлерін түзіп көретін болсақ, онда орыс тарихшылары мен В.П. Юдиннің тұжырымдары шындыққа жақындаі түсетіні көрініп тұр. Ақ Орда негізінде келешекте Ноғай Ордасының шанырақ көтергенін де көреміз, ал Орда Еженнің иелігінде Көк Орда құрылды деген пікірді құптауға негіз бар. Оны Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесіндегі» деректерден байқадық. Шыңғыс ханның Батуға арнап Алтын босағалы Ақ Орда, Орда Еженге арнап, босағасы күмістен Көк Орда, Шайбанға арнап Болат босағалы Боз Орда тіктіруі, Орда Еженге Сыр бойындағы уәлаятты, Сайын (Бату) ханға Еділ бойындағы аймақтарды мұрага қалдырғаны, яғни қай жерді, орданы кімге бергені «Шыңғыс-намеде» нақты көрініс тапқан (18, 38а, 38б, 39б).

«Ақ Орда деп, Жайықтан батысқа қарай Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы аймақты атаса, Көк Орда деп Орда-Еженнің еншісіне тиген Жошы ханның алғашқы жұртын атады» - деп жазады белгілі тарихшы З. Жандарбек (14, 5).

Ал, Жошының бесінші ұлы Шайбанға Бату Ақ Орда мен Көк Орда аралығындағы жерлерді бөліп бергені Әбілғазы шежіресінде анық көрсетілген. Онда былай делінеді: «...отыrap жерін ағам Алшын (Ежен) мен менің арамда болсын. Жазда Ырғыз, сұықта Op, Електен Орал тауына шейін Жайықтың күн шығыс тарарапын жайла, қыста Арапқұм, Сыр суының бойы, Шу, Сарысудың аяғын қыста», - деді (51, 118).

Бұл деректерден де Жошы үрпактарының қайсысына қай жерлер бөлініп берілгені анық көрінеді. Десек те, Әбілғазы мен Өтеміс қажы қолынан шыққан жазбалардың тарихнамада бұрмаланғанын да атап өтуге тиіспіз. Мысалы, Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесінде» Орда-Ежен үрпағы делінетін Ұрыс ханды Тоқай-Темір үрпағы етіп көрсетілуі, сын көтермейді. Бұл Шайбан үрпактарын Ұрыс хан мен Тоқай-Темір үрпактарынан жоғары тұргандығын дәлелдеу үшін жасалған сияқты. Сол арқылы Дешті Қыпшақтағы мемлекет тағына тек Шайбан үрпактары ғана лайық дегенді айтпақшы. Өйткені, бабасы Шыңғыс хан Жошының ұлдары: Бату, Орда-Ежен, Шайбан ұшеуінен өзгелеріне арнайы үй тіктірмеген. Демек, осы үш әuletten өзгелері мемлекет басқаруға лайықты емес, яғни хандықлауазымға құқы жоқ дегенді мензегендей. Тарихты бұрмалау, жасыратыны жоқ, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» де кездесіп қалады. Онда, Мөнке-Темір ханның Ақ Орда билігін Шайбанның ұлы Баһадүрге бергені жазылыпты (14, 5).


Сөзімізді қорытындылай келіп, тарихнамадағы деректерге жүгінсек, жоғарыда аталған құрылымдар – Ақ Орда, Көк Орда, Боз Ордалар өздерін Алтын Орданан бөлек мемлекет есебінде сезінген емес, олар Алтын Орданың құрамдас бөлігі ретінде қаралады.

Шындықты мойындайтын болсақ, Жошы ұлысының батысында болған Ноғай қолбасының бұлігінен абын сабақ алған Алтын Орда билеушілері, ұлыстардың еркіндігін барынша шектеуге тырысты. Өзбек хан жүргізген реформа мемлекеттің құрылымдық жүйесін толығымен өзгертіп, негізгі билікті рулық, тайпалық жүйе басшылары қолына топтастырғаны белгілі. Бұл өзгеріс Жошы үрпактарының қолындағы билікті шектеуге бағышталған еді. Осыдан кейін Орда-Ежен, Шайбан, Тоқай-Темір үрпактарынан өзгелердің билігі толығымен шектелді десе де болғандай еді. XIV ғасыр ортасына дейін Алтын Орда біртұтас мемлекет болғандығын сол кезеңдегі жазбалар дәлелдейді. Мысалы, араб саяхатшылары Өзбек хан тұсындағы Алтын Орда мемлекеттің құрылымын былайша суреттейді. Оның патшалығы Солтүстік-Шығыста орналасқан. Ұзыны Константинопольден (Қара теңіз) Ертіс өзеніне дейін созылады. Ұзындығы – 800 фарсах. Ені Баб әл-Әбудабтан (Дербент) Бұлғар



Ноғай жауынгері суреті.  
XIII ғ.


қаласына дейінгі жерді алады. Ұзындығы – 600 фарсах. Ал, араб жиъянгері ибн Арабшах болса Жошы Ұлысына кіретін жерлерді түгел санамалап шыгады: «Дешті жерінің шекарасы онтүстікте өзіндік қатал мінезі бар Колзум (Каспий) теңізі мен Египет (Қара теңіз) теңізімен, одан ары қарай айналып Рум жерімен шектеседі. Бұл екі теңіз арасындағы Черкес тауы болмаса, бір-біріне түйісіп жатыр. Шығысында Хорезм, Отырар, Сығанақ т.б. Түркістан жерлері енеді. Одан ары Жете жері, Қытай шекарасына дейін созылады. Солтүстігінде Ібір, Сібір, ...Батысында Русь, Бұлғар жерлері. Осы араб географтары көрсеткен жерлер 1331 жылы қытайлар жасаған Жошы Ұлысының картасында көрініс тапқан. Қазақ жерінің қөпшілігі Жент, Баршынкент, Сайрам сияқты қалаларымен бірге картада бадырайып тұр. Сонымен қатар Хиахатзулин (Хорезм), Еділ бойы, Бұлғар, Алосқа (Русь), Са-ги-ла (Солхат) қаласы бар Қырым, Солтүстік Кавказ... т.б. жерлер енген» (132, 19-71; 14, 6).



Ногай жасактарының ат құрал-жабдықтары

Бұл деректерден байкалатыны, Жошы ұлысының құрамындағы ордалардың тәуелсіздігі жөнінде сөз болуы мүмкін еместігі. Ақ Орда, Кек Орда, Боз Орда хандары өздеріне берілген билік шеңберінде ғана ішкі-сыртқы мәселелерді шешіп отырды.


Дей тұрсақ та, Орда-Ежен тұқымдарынан шыққан кейбір көкжалдардың Кек Орданы Жошы Ұлысынан бөліп алмақ әрекеттерін де жоққа шығаруға болмас. Мысалы, Орда-Еженнің алтыншы ұлы Кутукудің ұрпағы Кубулюктің Кек Орда билеушісі Баянға қарсы бүлік шығарып, Үгедей ханның ұлы Хайдудың көмегімен Кек Орданың шығыс бөлігіндегі біраз жерді басып алғаны белгілі. Қолбасшысы Ноғаймен арадағы жағдайдың шиеленісуіне байланысты Алтын Орданың ханы Тоқты бұл бүлікке қарсы дер кезінде шара қолдана алмады. Ноғайды 1300 жылы талқандаған соң ғана Тоқты Кубулюкке қарсы әскер шығарды. 1303 жылы Кубулюкті талқандап, мемлекеттің тұтастығын қайтадан қалпына келтірді. Қысқасын айтқанда, Алтын Орда құрамындағы ешбір ұлыс Өзбек хан өлгенше жеке, дербес саясат жүргізуге құқығы болған жоқ. Ол кезең орталықтағы хандық биліктің мейлінше күшейген тұсы еді.



**Москва княздарының таққа отырған кездеғі бас киімі  
XVI ғ. суреті**



**Тактың жағарғы жағына қойылатын асыл тастардан жасалған әшекей.  
түрік шеберлерінің қолонері. XIV ғ.**



**Хан тағы. Ағаш пен сүйектен  
Түрік шеберлері жасаған. XIV ғ. суреті.**

Осы айтылғандардан мынадай қорытынды шығады. Ақ Орда Өзбек хан дүниеден өткенше Жошы Ұлысының оң қанатында болды және Ақ Орда билігі Бату хан ұрпақтарының қолында топтасты. Олар тек Ақ Орда хандары болып саналған жок, сонымен бірге бүкіл Жошы ұлысының ханы болып есептелді, - дейді ғалым З. Жандарбек (14, 6).

Сонымен, Көк Орда Жошы ұлысының сол қанатында орналасқаны мәлім, оны билеп-төстеген Орда-Ежен ұрпақтары. Олар әр кезде Сарайға бағынышты, Жошы ұлысының құрамадас бөлігіне саналды. Осы арада тағы бір тарихи шындықты қозғай кетейік. XIV ғасырдың екінші жартысында Ақ Орда құрамындағы түркі тайпаларын Жәнібек ханың жүргізген қадымды әскери-діни саясаты аясында бір жерге топтастыру қолға алынды, мемлекеттің басқару-құрылымдық жүйесі де өзгеріп, аталмыш халықтар толығымен Еділдің сол жағына, яғни Көк Орда мен Шайбан ұлысының жеріне қоныс аударады. Бұл аймақтарға Ақ Орданың тек халқы ғана көшіп қойған жок, солармен бірге Ақ Орда аты да ере барды. Алайда Ақ Орда халқының Шығысқа қарай көшкені туралы жазба деректер некен-саяқ. Тек, Шихаб әд-Дин Абу-л-Аббас ибн әл-Калкашандидің шежіресінде Алтын Орда мемлекетінің Қара теңіздегі бір айлағы саналатын Ақша-Керман (Ақкерман – қазіргі Белгород-Днестровский) қаласында мұсылмандар мен христиандардың бірге өмір сүргені айтылады, бірақ та 1360 жылдары ордалықтардың (туркілердің) қаланы тастап кеткендері жазылышты (19, 261-302).

Тағы бір шежіреде Арғын қожа бек Қырымда қарашы би қызметіне қоса сол жердегі арғындардың рубасы міндетін атқарғаны айтылады (148, 347).

Ресей ғалымы М. Ахметжанов татар шежірелерін саралай отырып, Карабек (Қарақожа) шежіресіне сүйеніп, Қырым мен Кавказдағы татар (түркі) тайпаларының (офыз-қыпшак) Алтын Орданың Бұлғар аймағына көшіп келуі тарихын баяндайды. Бұл деректер бойынша, Алтын Орданың оң қанатындағы түркі тайпалары Жәнібек ханың саясатын қолдап шығысқа көшкен. Жошы Ұлысының оң қанаты XIII ғасырдың екінші жартысында қолбасшы Ноғайдың иелігінде болғаны, ол жерлерден шығысқа – Көк Орда мен Шайбан ұлысына үдерे көшкен түркі тайпалары XV ғасырдан бастап ногай атанғаны да тарихнамада түзілген.

Бұл мағлұматтар қазақ дастандары мен аңыздарында да ауқымды көрініс табады. Мысалы, қазақтар арасында сақталған Алаш пен Алаша хан туралы аңызда аттары аталатын Қобаң би, Қотан билер сол Алтын Орданың оң қанатындағы түркілердің көсемдері болғанға ұқсайды.

Манғыстаулық белгілі зерттеуші, марқұм Серікбол Қондыбай Қобаң би атын қазіргі Кубаньмен байланыстырады (149, 209-212).

Ал, Қотан бабамыз аңыз бойынша Алаша ханның соңына ерген Болат қожаның экесі. Мұнымен бірге, Қотаның аты қазақ халқының құрамындағы үш жүзді тарататын шежіреде кездесетіні де тарихнамадан белгілі (150, 110-152).

Осы Қотанды Қара Қыпшақ Қобланды өлтірген Ақжол би – Дайыр қожаның экесі Қыдан тайшымен шатастыратын, Жәнібек пен Керей хандардың замандасы етіп көрсететін жыр-дастан да кездеседі (150, 152; 14,7).

Орыс тарихшысы А.И. Левшиннің кітабында мынадай қызықты мәлімет тіркелген: «Кейбір қазақтар өздерін Қырымнан шыққанбыз деп есептейді. Олар өздерінің Қырымнан кетуіне, Қырым ханы Қондыгер өлген соң оның балалары арасындағы келіспеушілік себеп болғанын айтыпты» (151, 145).

Асан Қайғы соңынан ерген халықты Сыр бойы мен Нұрдың Қарабайырына әкетуі де көштің шығысқа қарай, Көк Орда жеріне келгендігін аңғартады. Бұған дәлелді алыстан іздең жатудың қажеті жоқ. Сол XV ғасырда қазіргі Орталық Қазақстан мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанда арғын, қыпшақ тайпаларының болуы батыстан көшкен халықтың Көк Орданың шығысына дейін жайыла қоныстанғаны деу-ге тұрарлық. Жалпы, Ақ Орда халқының XIV ғасырдың екінші жартысында қазіргі Орталық Қазақстан аймағына келгенін, олардың жүріп өткен іздері байқатады. Мысалы, Едіге бидің ұрпағы князь Юсуповтар (Жүсіп) әuletінің шежіресінде олардың бабаларының Құмкент шаңарын билегені туралы мағлұмат жазылған (152, 97-99).

Айта берсек, ол жерде Баба Тұкті Шашты Әзиздің кесенесі болғаны аңыздарда айтылады. Ал тағы бір аңыз бойынша Баба Тұкті Шашты Әзиз Өзбек ханды ислам дініне мойынсұндырған төрт әулиенің бірі Садр әд-Дин шейхтың лақап аты делінеді. Басқа бір аңызда бұл абыз Ноғай Ордасының «бегілер begі» Едігенің арғы атасы болып баяндалады...

Қазіргі кездегі мағлұматтардың бірінде: Отырар маңында «Ноғай арық» атанған алып су жүйесінің болғандығын археолог Мұхтар Қожа айқындалап берген көрінеді (14, 7).

Ш. Уәлиханов қырғыз аңыздарына сүйеніп, ноғайлардың Шу, Талас өзендерінің бойы мен Ыстық көл жағасында көшіп-қонғаны туралы дерек келтіріпті (153, 358). Ал Қазақстан тарихшысы К.А. Пищулина болса, Жетісуда Моголстан мемлекеті құрамында Ұлы жүз, Орта жүз

тайпаларының қатар өмір сүргендігін, дулат, үйсін және қанлылармен бірге арғын, керей руларының ата қоныстарының болғанын жазады (154, 99).

Бұрынғы еңбектерімізде, ногай тайпаларының Алтын Орданың оң қанатында, Қырым, Солтүстік Кавказ жерлерінде қоныстанғанын айтып өткенбіз. Ал, қазақ жырларында айтылатын Сырлы қаланың қазіргі Солтүстік-Шығыс Қазақстан аумағында кездесуі де ногайлардың Ертіс бойын мекендерегенін айғақтайды. Ноғайлардың тек қазақ жерімен шектелмей, Батыс Сібірге дейін жеткендігін орыс зерттеушілері де анықтап отыр (33, 71).

Осы айтылғандардың бәрін жинақтай келіп, қадым заманнан Ақ Орда аумағында қоныс тепкен түрік тайпаларының келешекте Көк Орда аймағына көшкеніне қуәлік ете аламыз.


Кейіннен, яғни XIV ғасырдың аяғында Ноғай Ордасының және XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының іргетасын қалаған да осы Ақ Орда мен Көк Орданың халқы деуге негіз бар. Ноғай Ордасы, оның орнына қоныс тепкен Қазақ хандығының қалыптасуына Ақ Орда мен Көк Орда шешуші рөл атқарды деген ғалымдар тұжырымдарының дұрыс екендігін құптауға бармыз. Сонымен бірге, Ноғай Ордасы Алтын Орданың ішкі құрылымындағы ізбасары және мемлекеттік құрылым жүйені сақтап қалуға тырысқан бірлестіктердің бірі деу орынды болмақ.

Қорытындысында, Ақ Орда деп Жайықтан батысқа қарай Дунай өзеніне дейін созылған аймақтар аталғанын, ал Көк Орда – Орда Еженнің еншісіне тиғен Жошы ханның бастапқы жұрты қоныстанған жерлер.

Осылар, Дешті Қыпшақ даласындағы этникалық және саяси біртұтастықтың қалыптасу үдерісі XIII ғасырдың сонына таман аяқталды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Шығыстанушылардың еңбектеріне сүйеніп, монғолдық кезеңнен кейінгі уақытта Дешті Қыпшақ этносаяси аумағы шенберінде Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы құрылғанын қарпірімізге аламыз. Бұлардың ішінен Ноғай ұлысы – ноғайлардың жер ауқымы, ногай мен қазақтың саяси ұйытқысы болып түбекейлі қалғаны – Ақ Орда, ал оның тікелей туындысы – Ноғай Ордасы, кейіннен Қазақ хандығына біршама өтіп тынды. Өйткені, монғолдық басқа ұлыстарға қарағанда, тұрғындарының біртектілігі, этникалық құрамы, діни-саяси құрылымы, аумақтық біртұтастығы, толықтай Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығына тек Ақ Орда ғана тән еді. Осының бәрі, Ақ Орда – Ноғай Ордасы мен Қазақ мемлекеттілігінің бастауы деп айтуға негіз бермекші. Қазақ пен ногай халықтарының бірігуі де Ақ Орда дәуірінен басталады. Олай болса, Ақ Орда Алтын Орданың

тікелей мұрагері бола келіп, Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының негізін қалаушы ретінде қаралады, - дейді Қазақстандық ғалым Қ. Өскенбай (25, 278-296).

Ноғай Ордасының құрылтуы мен ыдырау тарихы осы кітаптың алдағы тарауларында кеңінен әңгіме болатындықтан, әзірге осымен коя туралық.



Алтын Орда жасақтары соғысқа дайындық үстінде. XIV ғ.

## БІРІНШІ ТАРАУ

### Ноғайлар мен Едіге би дүниежүзінің тарихнамасында



Қадырғали Жалайыри

«Ол (Едіге — Ә.К.) орта бойлы, қара торы, дене бітімі мығым, ержүрек, сұсты кісі еді; ақыл-ойы озық, дарқан, өте сұңғыла, әдемі жымиған қалпы өте аңғарымпаз болатын; ғалымдар мен қадір-қасиеті мол адамдарды жақсы көретін, пікірі адап кісілермен, пақырлармен жақын, оларға әрқашан мейіріммен қарап, шүйіркелесіп, әзілдесіп жүретін; ораза тұтып, тұнгі намазын қаза қылмайтын, шариғаттан шалғайламай, Құран мен сурені, ғұламалардың өсияттерін құдіреті құшті Алла әмірімен араға жалғастырып отырар еді. Жиырмaga тарта ұлдары болды, олардың әрқайсысы өрекше үлесі, әскері мен жақтастары бар, әмірі жүретін патша болды. Ол Дештінің барлық қарекетін жиырма жылдай басқарып тұрды. Ол басқарған күндердің ғасырлар

**Ноғай** Ордасына қатысты және оның негізін қалаған Едіге бидің ғұмырнамасына арналған көптеген тілдерде (араб, парсы, түрік, ағылшын, орыс, қазақ) айтылған, жазылған жыр-дастандар, тарихи және әдеби шығармалар көпtek саналады.

Осы баға жетпес жәдігерлерді жаңа дәуір тұрғысынан және ұлттық тілімізде зерделеуді міндеттімізге алып, ноғай халықтарының жүріп өткен киын-қыстау күрделі тағдырын баяндауға жол тарттық. Алла тағала сапарымызды онынан беріп, қолға алған ісіміз сәтті аяқталғай! Біткен іске сыншы көп деп, дана қазақ айтпақшы, бұл шығарманың кем-кетігін толықтыруды кешіріммен қарайтын жас үрпаққа қалдырық. Біз танысқан, талдаған шығармаларда ноғай халықтарының тағдыры кешегі Кеңес заманында сыңаржақты қаралып, олардың ерлік істері, тәуелсіздік жолындағы үздіксіз жүргізілген дамылсыз күресі билердің бақталастығына таңылды. Жасыратыны жок, би-мырзалардың өзара қырқысы, дау-дамайлары бүкіл елдің тағдырына жазылып, олардың тәуелсіздікті аңсаған күресі оң бағасын ала алмай келді. Ал Едіге бидің (Едіге батыр, Едіге мырза, мырза Едіге деп айтыла береді) ерлік, кеменгерлік қарекеттеріне арналған жыр-дастандар Кеңес Үкіметі БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы


«Татарстан партия ұйымындағы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жәйі мен оны жақсартудың шаралары туралы» қаулысында қатты сынға ұшырап, «Едіге» эпосы «халықта жат» деп жарияланды да, биді атаудың өзі қиямет-қайымға айналды. Аталмыш қаулыда бұл өткен заманды дәріптеушілік, бұнда Едігенің басқыншылық әрекеттерін жақтау бар деген кара күйе жағылды. Едігені жарықта шығару, ол туралы сез айту бұрынғы Кеңестік Республикалардың тәуелсіздік алудымен ғана қазір мүмкін болып отыр (27, 6; 28, 2-44; 29, 6-14).



А К А Д Е М И Я   Н А У К   С С С Р  
ИНСТИТУТ НАРОДОВ АЗИИ

# РАШИД-АД-ДИН

С Б О Р Н И К  
Л Е Т О П И С Е Й



И З Д А Т Е Л Ъ С Т В О   А К А Д Е М И И   Н А У К   С С С Р  
МОСКВА · 1960 · ЛЕНИНГРАД

Дана халқымыз айтпакшы, ізгіліктің ерте-кеші жоқ екен, бірқатар ізденушілер мен тарихшылар еңбектерінде Алтын Орда дәуірінде Едіге билеген ұлыстарда ел-жүрттың қадым заманнан орныққан заңнамалық әдет-ғұрып, дәстүр ережелерінің сақталғанын, атап айтқанда, мем-

лекет бірлестіктері арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың жанданғанын, Шыңғыс хан үрпағынан шыққан хандарды сайлаудың халықтық сипатын, Ұлы Жібек жолындағы сауда керуендерінің қауіпсіздігін реттейтін сол дәуірдің талабымен, әлеуметтік-қоғамдық тіршіліктің қыр-сырымен, адамзаттың сана-сезімімен ұштастыра қарау жолға қойылғаны кеңінен баяндалады. Мұнымен қатар, шығармаларда «Ел қамын жеген Едігенің» жеке басының қадір-қасиеті де сан түрлі іс-қимылдармен астасқаны, кең байтақ сайын далада көшпенді өмір кешкен қандас, жерлес тайпалардың басын біріктіру жолындағы Едігенің көрегендігі, кеменгерлігі, стратегиялық және тактикалық әдістері кеңінен әңгімеленеді.

Едігеге арналған жыр-дастандарды зерделеу барысында ноғай халықтарының тағдыр-талайына қатысты шығармаларды шолып өтетін болсақ, біріншіден, сол дәуірге басты-басты қалам тартқан шығыс елдерінің тарихшы-ғалымдары мен ақын-жазушыларының еңбектері елеулі орын алады. Олардың еңбектерінде Ноғай Ордасының халықтары негізінен түркі-монғол қандас (нәсілдес) болғаны баса айтылғанмен, «ноғай», «ноғайлы», «түркі», «өзбек», «қазақ», «туркімен», «қарақалпақ», «монғол», «маңғыт» атаулары да қолданылады, кейде ру-тайпалардың аты ұлысты билеушілердің атына таңылып (мәселен, Өзібек хан басқарған ру-тайпалар бір сөзben «өзбектер» аталған), осыдан жаңсақтыққа жол берілген кездері де болғанын оқырмандарға ескертеміз.

Шығыс зерттеушілерінің алдыңғы сапында ғұлама парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің (1247-1318) «Жылнамалар жинағы» (Жами ат-тауарих) аталағын тенденсі жоқ құнды еңбегі тұрады. Екі кітаптан тұратын атаптың шығарманың бірінші томы (1310-1311 жылдары жазылған) монғол жұртының ескі тарихын қамтыған. Кітаптың мазмұндамасында Шыңғыс хан дәуіріндегі түркі-монғол көшпенді тайпалары, олардың шыққан тектері, әрқайсысының атамекен аймактарының бір-бірінен айырмашылықтары, оның ішінде Дешті Қыпшак, яғни Ноғай Ордасының халықтары, ішінара болса да, әңгімеге іліккен.

Екінші кітапта Шыңғыс хан үрпактарының түпкі тегі туралы мағлұмдар кең көлемде баяндалады. Асылы, Жошы ұлысы – Алтын Орданың тарихи бастау көзі деп Рашид әд-Диннің «Жылнамалар жинағы» атауға тұрарлық. Біздің тақырыбымызға бұның құндылығы еңбектің әр жерінде монғолдың бір аталағы саналатын маңғыт тайпасының (Едіге би мен оның үрпактары шыққан) автордың назарынан тыс қалмауы. Алайда, кітаптағы негізгі оқиғалар 1303-1304 жылдарға дейін қамтылғандықтан, Ноғай қолбасының қарауындағы халықтар туралы

ауыз толтырып айтарлықтай мәліметтер ұшыраса қоймайды (30, 5-225; 31, 3-314; 32, 4-246).

Сөз орайында айта кететін бір жәйт, ноғай халықтары жөніндегі дәйектер XIV ғасырдың соңғы ширегінде ғана Ресей мемлекетінде қағаз бетіне түсे бастаған (33, 32-33).

Едіге би туралы алғашқы мағлұматты беретін араб тарихшысы Шихаб әд-Дин Ахмед Мұхаммедұлы Арабшах (1388-1450), шығармаларда ол көбіне ибн-Арабшах деген атпен белгілі. Оның араб тілінде жазған «Аджаиб эл-Мақдур фи Наваиб Тимур» (орыс тілінде - «Чудеса предопределения в судьбах Тимура») атты еңбегінде Шағатай мемлекетінің атақты әмірі Ақсақ Темірдің ғұмырнамасын баяндаумен қоса автор Едіге бидің қызметінен де құнды деректер келтірген. Алтын Орданың ханы Тоқтамыспен сыйыса алмай Едігенің 1370 жылдардың аяғында Мәуреннардағы Әмір Темірдің ордасына келуін қызықты әңгімелеп, оның Тоқтамыспен, Ақсақ Темірмен қатынасынан бірқатар жәйттерді түзген. Шығармада Едігенің әуелгі кезде Тоқтамыс ханның жасақтарының сол қанатын басқарғаны, артынан Ақсақ Темірge ауысып, Дешті Қыпшаққа жорық жасағаны, осы соғыста Тоқтамыстың Әмір Темір әскерінен жеңіліс тауып, тақтан кетуі де әдеби тілмен көркем баяндалады. Шығарма авторы ибн-Арабшах Едігенің Қонырат тайпасынан шыққанын айта келіп, оның Тоқтамыстан кетуіне ханның жайсыз мінездері себеп болды деген пікірін алға тартады.

Едіге сөзімен айтқанда: «Не дай Бог, чтобы владыка наш, хакан (Тоқтамыс ханды айтып отыр – Ә.-Қ.) разгневался на раба невинного и дал завять деревцу, которые сам посадил, или разрушил основание (здания), которое сам построил» (34, 332).

Ибн-Арабшахтың бұл еңбегі төрт рет, атап айтқанда, Лейварденде (латын тілінде), Стамбулда (турік тілінде), Калькутта мен Каирде (ағылшын тілінде) жарық көрді. Кітаптың Алтын Ордаға қатысы бар үзінділерін ғалым В.Г. Тизенгаузен 1884 жылы орыс тіліне аударып, Алтын Орда тарихына бағышталған жинағына енгізеді (34, 329-348).

Алтын Орданың «Бегілер begi» Едіге туралы бірқатар мәліметтерді орта ғасырда әмір сүрген басқа да араб тарихшыларының еңбектерінен көреміз. Олардың қатарында Бәдр әд-Дин Махмұд Ахмедұлы әл-Айнидің (1361-1451) «Икд эл-Жуман»; Шихаб әд-Дин Әбу-л-Фадла Ахмед Әлиұлы Хаджара әл-Аскаланидің (1372-1449) «Китаб инба әл-ғұмр би-абна әл-ұмр»; Әбу Мұхаммед Мұстафа әл-Джаннаби Хасан-Саййұлының (туған жылы белгісіз, 1590-1591 жж. қайтыс болған) «Тухрат әл-ариб ва-хадийат әл-әдіб»; Әбу-л-Аббас Ахмед Таки әд-Дин

әл-Макризидін (1364/1365-1441/1442) «Китаб ас-сулук Ли-Марифат дұвал әл-Мұлук»; Шамс әд-Дин Әбу Абдаллах Мұхаммед Ахмедұлы әл-Фарики әд-Димашки әз-Захави (шамамен 1274 жылы туып, 1348/1349 жж. қайтыс болған) «Тарих әл-Ислам» (Летопись Ислама) атауға тұрады. Ноғай халықтарының тарихы үшін бұл еңбектердің әрқайсысының өзіндік жағымды орны бар. Бұлардың көпшілігі араб және орыс тілді басылымдарда жарияланғандықтан, біз олармен (орыс тілінде шыққан) жоғарыда аталған ғалым В.Г. Тизенгаузеннің жинақтары арқылы таныстырылған. Мұнымен қатар сонғы жылдарда қазақ тілінде жарық көрген 10 томдық «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» (35, 9-58) атаптын қомақты жинақтағы және «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (С. Қалиев, К. Аюбай құрастырған) анықтамасындағы (36, 198-212) тілдік, этнографиялық ерекшеліктеріне баса назар аударып, орыс тілінде жазылған кейбір терминдерді қазақшаға аударғанда аталмыш еңбектерге сүйене отырып жасады.

Едіге би мен Ноғай Ордасына қатысты жәдігерлерді зерделеген отандық ғалымдар араб тарихшыларының шығармаларының күндылығын бір кісідей ауызға алады.

Мысалы, араб саяхатшысы ибн-Баттута Әбу Абдалла әл-Мұхаммед Шығыс елдері мен Батыс Еуропа мемлекеттерін 30 жыл бойы шарлап, «Сырттан пайымдаушыларға таңғажайып қалалар мен тамаша саяхат жөнінде сыйлық» атты аса маңызды ғылыми еңбек жазған.

Ғылыми шығармаларда оның өмір деректері былай беріледі.

Толық аты-жөні — Әбу Абдалла әл-Мұхаммед ибн Баттута 1304 жылы 24 ақпранда Танжер қаласында дүниеге келіп, 1377 жылы қазіргі Мароккодағы Фес шаһарында қайтыс болған, өзінің туып-өсken қаласы Танжердің маңында жерленді. Әйгілі араб саяхатшысы. Оның әкесі ұсақ факиҳтер қатарында аталады, яғни мұсылман зангері болған. Ибн Баттута саяхат жасауды ерте бастап, оны 30 жыл бойы (1323-1353) жүргізген. Осы кездердө Арабияда (Сауд Арабиясы түбегінде), Египетте, Иранда, Кіші Азия түбегінде, Орталық Азия мен Ауғанстанда, Үндістанда, Индонезияда, Қытайда, Суданда, Испанияда, Қырым мен Ресейде болған. Оның Қырым мен Алтын Орда иеліктерінде болғаны туралы мақалалары, Өзбек ханнның сарайы туралы хабарламалары — түркі халықтарының тарихы үшін өте сапалы деректер. Әңгімелерінің бірінде Өзбек ханнның әйелі Ареқ ханымға еріп Константинополь қаласына барған сапары жайлы және саяхатшының сол қаланы толық аралағаны жазылған. Ибн Баттутаның Иранға жасаған саяхаты жөніндегі әңгімесі Хулагу әулеті билеген Иранның жағдайын көрсетеді. Өмірінің аяғына дейін ол Марокконың провинциялық қалаларында судья қызметін атқарады (155, 84; 35, 80; 43, 84; 36, 204; 156, 605).

Ибн-Баттута жоғарыда аталған кітабында, 1333-1334 жылдары Алтын Ордада Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласында болғанын

(бұл келешекте ноғайлардың астанасы), онда сауда керуендерінің тоқтап дем алатынын, әрі қарай олардың Дешті Қыпшақ арқылы Хорезмге баратынын жазады. Шығарманың бір жерінде ибн-Баттута:

«... Біз тоқтаған бұл жер әйгілі Дешті Қыпшақ деп аталатын дала-лы жер. «Дешт» деген сөз «ш» және «т» әрпі арқылы жазылады, бұл түркітің дала деген сөзі. Бұл жасыл, ғұлденген жер, бірақ бұл жерде не ағаш, не тау, не төбе, не жота жоқ. Мұнда отын да жоқ, олар құрғақ тезек жағады. Үлкендер оны жинап, жерге киімдерінің астына салады. Бұл далада олар арбамен жүреді, жол журу мерзімі 6 айға созылады, оның үш айы Мұхаммед Өзбек сұлтанның жері, қалғаны басқа адамдардың жолдары. Біз бұл гаваныға (кеме тоқтайтын айлақ – Ә.-Қ.) келген күннің ертесінде біздің жолдастардың ішіндегі бір көпес сол далада «қыпшақ» деген атпен белгілі халыққа барып, олардан ат арба сұрап алды», - депті (36, 204-212; 35, 51).

Мұнымен қатар ибн-Баттутаның шығармасының бағалылығы сонда, XIV ғ. бірінші жартысында өзі болған Қыпшақ даласындағы елдердің тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын біршама білгірлікпен суреттеген. Ноғай Ордасы халықтарының этникалық қалыптасу тарихын бүгінгі күн талабына сай зерттеуде араб саяхатшысының еңбегін пайдаланудың маңызы айтартықтай.

Атышулы Ақсақ Темір мен оның ұрпақтарына қалам жүгірткен парсы тарихшыларының жазбаларында Алтын Орданың хандары мен бектерінің ғұмырнамасы да тым-тәуір қамтылған. Жасы ұлғая бастаған Әмір Темір (1401-1402 жж.) парсылық шежіреші Низам әд-Дин Әбді-әл-Васи Шәміге (1431 ж. өлген) өзінің әмір баянын жазуды тапсырады. Тарихшының әмірі және еңбегі туралы мәліметтер аз болғанымен, қолда барға сүйеніп «Зафар-наме» немесе «Женіс кітабы» авторының ғұмырнамасынан үзінді беріп көрелік.

Низам әд-Дин Әбді-әл-Васи Шәми Тебриз қаласының маңындағы Шәмби Газанда туған. Бұл қала маңында Газанның хулагулықтар ильханының мазары болған. Сол қала маңының атына байланысты ол өзіне лақап ат алды. Низам әд-Дин Шәмидің әмірі мен еңбегі туралы тарихнамада мәліметтер өте аз сақталған. 1392 жылы Низам әд-Дин Шәмидің Бағдад қаласына келгені белгілі. Осы жылы Әмір Темір Бағдадты қоршаша кезінде, ол Ақсақ Темірге қызметке келеді. 1401 жылы Темір Низам әд-Дин Шәміге өз билігінің тарихын шамадан тыс мәнерлемей және стилистикалық жақтан аса көркемдемей қарапайым, анық және елге түсінікті тілде жазуын әдейі тапсырады. Бұл шығармаға арнайы құжаттар, түрлі жазбалар Гийас әд-Диннің күнделіктері сияқты, Темірдің жеке жорықтарын баяндайтын күнделіктер, сол сияқты Темірдің жорығына қатысушылар мен оның серіктерінің ауызша әңгімелері және әміршінің өзінің айтқан әңгімелері арқау болды. Низам әд-

Дин Шәми жазған тарихын аяқтап, оқиғаны 1404 жылдың наурызына дейін жеткізеді де, Темірге табыс етеді. Әмір шығарманы құптап, оған Зафар-наме — «Женіс кітабы» деген ат береді.

Тарихшылардың айтуына қарағанда, Низам әд-Дин Шәми өз заманаусының ең мықты жылнамашысы. Мәуреннахр билеушісі Ақсақ Темір әмірден өтер алдында Низам әд-Дин Шәмігеге туған жеріне оралуға рұқсат береді, ол қалған өмірін сонда өткізеді.

Жылнамашылар оның туған жылын дәп басып айта алмайды, ал өлген уақытын 1431 жыл деп жобалайды.

## СБОРНИКЪ

МАТЕРИАЛОВЪ, ОТНОСЯЩИХСЯ КЪ ИСТОРИИ

## ЗОЛОТОЙ ОРДЫ.

В. ТИЗЕНГАУЗЕНА.

### ТОМЪ I.

ИЗВЛЕЧЕНИЯ ИЗЪ СОЧИНЕНИЙ АРАВСКИХЪ.

САНКТПЕТЕРВУРГЪ.

ИЗДАНО НА ИЖДИВЕНІЕ ГРАФА С. Г. СТРОГАНОВА.

1884.

«Зафар-наме» - Ақсақ Темірдің билігі туралы толық жазылған алғашқы тарихи жылнама дәп қарастырылады. Әмір Темір ғұмырнамасына қалам тартқан кейінгі авторларға осы туындының әсері мол болды. Олардың бәрі дерлік шығарманың жоспары мен құрылымын ешбір бұлтарыссыз қабылдап отырды. Сәті түссе оның мазмұнын қайта құрастырып, өз аттарынан жазуға тырысты. Шәми туындысы «Темірдің ресми тарихының бетін ашып» сөйлетеді, оны кейін парсы тарихшылары Хафиз-и Әбу және Шараф әд-Дин Әли Йездиди жалғастырды. Хафиз-и Әбу бұл шығарманың мазмұнын езінің Маджұ'a деп аталатын тарихи жинағына енгізді. Ал Шараф әд-Дин болса еңбекті

ресми дереккөз ретінде пайдаланып, Низам әд-Дин Шәмігеге белгісіз болып саналған ұйғыр жылнамасы, Гийас әд-Дин Әли күнделіктегі және кезінде Шәмидің ой елегінен тыс қалған кейбір деректермен толықтырған. Сөйтіп, Шәмидің шығармаларындағы кейбір оқиғаларды тиянақтапты. Содан болар, Әли Йездиди жазған «Зафар-наме» - «Женіс кітабы» оқырмандарға көбірек танылып, Низам әд-Дин Шәмидің осыған аттас еңбегін ығыстырғаны тарихнамадан мәлім.

Низам әд-Дин Шәмидің «Зафар-намесі» - 1358 жылдан 1404 жылдың наурызына дейінгі 46 жылды қамтитын шежіре ретінде, Ақсақ Темірдің ғұмырнамасына, Алтын Орда ханы Тоқтамысқа және Едігеге арналған өте қызықты да құнды дереккөздердің біріне саналады. «Жеңіс кітабы» атының өзі Темір билігінің саяси тарихы және оның басқыншылық жорықтары мен Дешті Қыпшақтың жерін жаулап алу жылнамасының мазмұнын дәлме-дәл береді. Кітаптың өн бойында Әмір Темірдің Тоқтамыс оғланмен және Жошы ұлысының әскербасыларымен, маңғыттардың биі Едігемен қарым-қатынастары әңгімеге қеңінен арқау етілгені көрініп тұр. Мысалы, «Зафар-наменін» «Тоқтамыс ханның Әмір Сахыб Қыранға келуі» деген тарауында байлай айтылған: «... осы кезде Тоқтамыс оғлан адамдардың өзіне жауыздық жасау ниетінен қорқатындығынан, Темірдің сарайына бет бүрады. Бұл хабар расталғаннан кейін, Темір оны қарсы алуға әйгілі әмірлерінің бірі – Тұман-Темірді жібереді де, ал өзі Үйнардан кері қайтады. Жолай өзенге тоқтап демалады, одан аттанып, Самарқандқа келеді. Тоқтамыс оғлан келгесін әмірлер ара ағайындық жасап, оны Әмір Темірге таныстырады. Ұлы мәртебелі оған (Тоқтамысқа) ханзадаларға ен жоғары дәрежеде көрсетілетін тағлым салты бойынша үлкен құрмет көрсетіп қабылдады. Темір оны қасына ертіп, Самарқанд қаласына келіп, хан салтанаты дәрежесінде той жасап, оған (Тоқтамысқа) және оның жоражолдастарына қашшама алтын және әшекей заттар, мұлік және кездемелер, жылқы мен қашар, шатыр мен лашықтар, тіпті адам пенденің ойына да кіріп шықпайтын байрақты жасағымен әскерлерді сыйға тартады. Ол (Темір) оған Отырар мен Сауранды сыйға беріп, оны сонда аттандырады. Бірер уақыт өткеннен кейін Ұрыс ханның ұлы Құтлық-Бұқа қарулы қол бастап келіп Тоқтамыс-оғланмен үлкен шайқас жасады. Соғыс кезінде Құтлық-Бұқаға оқ тиіп, содан қаза табады; ашу ызасы қайнаған оның (Құтлық-Бұқаның – Ә.-Қ.) әскерлері Тоқтамысты қуып шығып, оның ел-жұрттын тонайды. Ол екінші рет Темірге қашып келеді. Темір оны алғашқысынан да жоғары деңгейде қабылдап, үлкен сыйқұрмет көрсетіп, барлық қажетін жабдықтап қайта аттандырады. Ұрыс ханның ұлы Тоқтақия Әли бекпен, хандармен және әйгілі әмірлермен бірлесіп Тоқтамыс ханға қарсы шығады. Шайқас нәтижесінде Тоқтамыс қайта қашуға мәжбүр болады. Оның алдында өзен бар еді. Ол етігін шешіп өзенге секіреді де, күтылып кетеді. Сонынан қуып келген Қаранчи-Баңадүр өзен жағасына жетіп, оны атып қолынан жарапайды. Ол (Тоқтамыс) жалғыз өзі қамыстың ішіне кіріп жасырынады. Темір Тоқтамыстың жауларына қарсы тойтарыс беру, қайсар да батыр болуға ақыл қосу үшін өзінің інісі Едіге-барласты жібереді. Едіге қамыстың ішін

аралап жүрсе, құлағына жылаған адамның даусы естіледі. Іздеп жүріп, осындағы күйге ұшыраған (Тоқтамысты) көреді. (Едіге) оған ізеттілік көрсетіп, қамқорлық жасай отырып, Бұқарадағы Темірге алып келеді. Ол бұл жолы да оған қамқорлық жасап, қажетті заттарын жабдықтап береді. Бұл уақытта Темір Бұқарада еді, бұл жолы оған қашып келген Едіге әмір Ұрыс ханның әскер жинап, Тоқтамыстың соңынан келе жатқанын хабарлайды. Осы хабардан соң, Ұрыс ханның елшілері – Кебек-манғыт пен Тулуджан келіп, ханның сезін жеткізеді: «Тоқтамыс менің ұлымды өлтіріп, Сіздің қолыныңда отыр. Не жауымды өз қолыма қайтарып беріңіз, егер жоқ десеніз, онда тұратын жеріңізді айттыңыз». Темір оған: «Қандай да бір мемлекеттен бассауға іздеп келген адамды жауының қолына бергені жайлы ерлік пен әдет-ғұрып заңынан көргеніңіз бар ма? Егер осы бір жағдайдан жәбірленушілік басталса, бұл – орындалмайтын талап, онда соғысқа әзірленуден өзге не қалады», - дейді (36, 158-172).

Аталмыш енбектің қазіргі тарихнама үшін құндылығы шығыстың орта ғасырдағы парсы және түрік әдебиетінде кең тараған сарай жылнамасының үлгісін ұсынуы. Низам әд-Дин енбегі – орта ғасырдағы көрнекті қолбасылардың бірегейі, Орта Азияның атақты билеушісі Әмір Темір туралы мағлұматтарды жинақтап қорытындылаған, бізге жеткен алғашкы енбектердің қатарында саналады.

Осы дәуірдің табалдырығын аттаған «Зафар-наменің» парсы тіліндегі түпнұсқасы Прага қаласында басылғаны мәлім және Ақсақ Темірдің ғұмырнамалық тарихын зерттеуге орай ғылыми ортаға енгізілген (37, 253-277; 33, 34).

Әлгіде айтқанымыздай, Низам әд-Дин Шәмидің «Зафар-наме» туындысын қаз-қалпында жалғастырған жылнамашы Шараф әд-Дин Әли Йезді Фарс аймағының әмірі – Ақсақ Темірдің ұлы Шаңрутың және оның баласы Ибрагим билеушінің қол астында сарай тарихшысы болып қызмет істеген адам.

Осы арада Шараф әд-Дин Йездидің ғұмырнамасын бір-екі ауыз сөзбен әнгіме қыла кеткеніміз жөн сияқты.

Йезда қаласында дүниеге келген Шараф әд-Дин Әли Йезді Ақсақ Темірдің ұлы Шаңрутың сарайында, одан соң Фарс аймағында билік құрған оның ұлы Ибрагимнің (1415-1435) қол астында сарай тарихшысы, жылнамашы және көркем әдеби шығарманың бірегей білгірі ретінде қызмет атқарады. Әдеби лақап аты – Шараф. Шаңру өлгеннен кейін (1447 ж.) Сұлтан-Мұхаммед оған сарайдан кетіп, туған жеріне оралуға рұқсат береді. Шараф әд-Дин 1449 жылы Йезда қаласының маңындағы Тафт елді мекеніне қоныс аударып, сол жерде 1454 жылы дүниe салған.

Оның жазған «Зафарнаме-йн Тимури» («Темірдің жеңістері туралы кітабы») – Темірдің ресми әмір тарихын мәлімдейтін толық жинағы бо-

лып саналатын, сол заманда көнінен тараған шығарма. «Зафарнаме-йн Тимури» шығармасы Шираз қаласында 1424 жылы жазылып біткен. Шараф әд-Дин Йездидің айтуы бойынша, бұл шығарманы хатшылардың көмегіне сүйеніп Ибрагим Шаңруұлы жазған. Одан кейін осы туынды сол дәуірдің ең мықты тарихшыларының біріне саналатын Йездиге тапсырылады, Йездиді оны әдеби көркемдігі жағынан жоғарғы әдіспен өндеп шығады. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, «Зафарнамені» жазудағы Ибрагим билеушінің ролін Шараф әд-Диннің езі әдеби өңдеу барысында асыра көтермелеген және бұны «Мұқадимма-йн Зафарнаме» («Женіс кітабына алғысөз») атты еңбегімен толықтырған.

Кітапты жазу барысында Шараф әд-Дин Йездиді Низам әд-Дин Шәмидің «Зафарнамесінің» жоспары мен әдісін толығымен қабылдап, шығарманы өңдеу кезінде пайдаланып отырған. Ол Темірдің басқыншылық жорықтары туралы жазулар мен күнделіктерді өзінің алдындағы Шәміге қарағанда кең көлемде құрастырып және Темірдің үнемі қасында жүрген парсы мен үйғыр жазушылары қалдырған мұраларды негізге алғаны байқалады. Сонымен қатар ол «Тарих-и-хани» атты түрік өлең хроникасын да пайдаланағы. Шараф әд-Диннің ағынан жарыла айтуына қарағанда, жинақталған жәдігерлерден екі үштылық пен көмексілік байқалған жағдайда, барлық мәліметтер сол замана адамдары мен жорыққа қатысқандардың аузынан шыққан деректердің көмегімен қайта жасақталған.

Шараф әд-Дин Эли Йездиді өндеген осы шығарма Әмір Темір туралы ең толығырақ әрі нақтырақ деректер жинағы болып табылатын Темір мен Темір әулетінің ресми тарихының екінші редакциясы десе де болғандай. Тарихшының еңбектерінің негізгі бөлігі парсы тілінде, Калькуттада (1887-1888), Тегеранда (1957) және Ташкентте (1972) жарық көрді (38, 278-302; 155, 743).

Әрине, сол кездегі мұсылман жазушыларына тән әдетпен Йездиде өзінің шығармаларын Орта Азияны қатыгездікпен жаулаған Ақсақ Темірді мадақтаудан бастаған...

Шараф әд-Дин Эли Йездиді аталған еңбегінде Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы соғысқа аттануы және Бір Жаратушының құдіретімен оны жеңуі туралы: «Қатал тағдыр Тоқтамыс ханды ақылынан айырып, ол Темірдің жасаған барлық жақсылықтары мен қамқорлығын ұмытып, Темірдің көмегі мен қолдауының арқасында билеп отырған Жошы ұлысы халқынан қалың қол жинадды. Орыс, черкес, бұлғар, қыпшақ, алан тайпаларынан, Қырым, Кафа және Азак (тұрғындарынан), башқұрттар мен Мокшиден қыруар қол жиналды. Осындай ағаш жапырақтары мен жаңбыр тамшылары сияқты сан жетпейтін жасақпен, 790-шы жылдың (1388/1389) қысы бастала ол Темірге қарсы жорыққа аттанды...», - деп келтіреді (38, 280).

Тарихшы Әмір Темір мен оның ұлдарының Дешті Қыпشاққа жорықтарын, жауынгерлік іс-әрекеттерін, әскери өнердегі ерекше қабілеттерін, ақыл-ойларының өзгелерден оқ бойы озық тұрғанын ба-

рынша ашып көрсетіп, бұрын-соңды атақты Әміршіге осылайша ешкім қалам тартпағанын анғартады. Осыдан соң шығарманың авторы сенімді дереккөздер арқылы Темірдің Тоқтамысқа екі дүркін жорығын (1391 және 1395 жылдары) аса көтерінкі шабытпен баяндайды.

Ақсақ Темір мен Едігенің арақатынастарын суреттей келіп, «Жеңіс кітабының» бір тарауында Йезді: «Тоқтамыс ханға бұрыннан қарсылас болып жүрген Жошы ұлысының әмірлері: Күнше-оғлан, Темір-Құтлық-оғлан мен Едігे одан қашып, Темір ордасынан бассауға тауып, онымен жорыққа бірге аттанып, қасында болды. Темір патша шын көнілімен оларға төтенше қошемет көрсетті, ілтипат жасап отырды және олардың мәртебесіне лайық асыл тастармен әшекейленген белбеу, аса бағалы киім және жүйрік тұлпарлар сыйлады. Алланың әмірімен жеңімпаз ту жеңіс желімен желбіреп, Тоқтамыс хан «өз басын алып, қашқан құтылады» дегендей өлімтікке айналып, бар айласын жұмсал, өлімнен қаншама қашып құтылғанымен, Жошы ұлысының күлі көкке үшқан тұста Жошы мен Едігенің қос ұрпағы, Темір тағының алдында тізе бүгіп, былай деді: «Егер Ұлы мәртебелім жарлық етсе, біз, құлдар, өз ел-жұрттымызды жинарап, осында алып келеміз». Темір онымен келісіп, бұдан былай олардың елі мен адамдарына қысым көрсетілмесін және хан атағы өздеріне қалсын деп әрқайсысына жеке-жеке жарлық шығарады. Жарлықты қолына алып қуанышқа бөлөнген олар ел-жұрттын жинастыруға аттанауды. Жаулап алушы Темір жауының соңынан қуып кеткен әскеріне қосылу үшін жолға шығады. Еділге келіп, Уртуге жазығына қосын тігеді. Өз елін ізден шықкан Темір-Құтылық көрсеткен қошеметтің ісіне мас болып, Жошы ұлысын басқармақ үшін, халқын жинап алады да, Темір алдында алған міндеттерін ұмытып, оны орындаудан бас тартып, өз жұрттын бастап далаға бет бұрады. Едігे өз адамдарын тауып, қасына қаумалаған жұрттын (елін) айналасына жинаған соң, опасыздықпен шартты бұзып, басқа жаққа кетеді. Күнше-оғлан өз халқының біразын жинап алған соң айтқан уәдесінде тұрып, Темірдің сарайына оралады да, оның жеке жиындарына қатысып, Ұлы мәртебелінің мейірімі мен рақымына бөлөнеді», - деп бір қайырады (38, 295).

Осы еңбегінде аталмыш автор Тоқтамыс ханның әскербасыларының бірі Isa bektі de (Едігенің ағасы) атап өтеді. Өйткені бұл кезде Жошы ұлысының беделді тайпаларының бірі саналатын маңғыттар (Едігे шыққан тайпа – Ә.-Қ.) хан жасағының алдыңғы шебінде жүретін.

Ақсақ Темір мен оның ұрпақтары Шаңруй пен Әбу Сейдтің дәуірін қамтитын тағы бір шығарманың авторы Камал әд-Дин Әбд әр-Разақ ибн Жамал әд-Дин Исхак ас-Самарқанди (1413-1482) деген тарихшы.

Оның енбегі парсы тілінде «Матла ас-садайн уә-маджма әл-баҳрайн» (орыс тілінде – «Место восхода двух счастливых созвездий и слияния двух морей»; қазақшасы «Бақытты екі жұлдызың қосылған жері мен екі теңіздің түйіскен жері») деп аталады. Бұл тарихи еңбек 1467-1469/71 жылдар аралығында парсы тілінде жазылған. Онда Шараф әд-Дин Эли Йезді мен Хафиз-и-Әбрудің еңбектеріне қысқаша түсініктеме берілген. Фалымның мұндағы бақытты екі жұлдыз деп отырғаны екі патша – Әбу Сейд Хұлағуид пен Темірлік – Әбу Сейд.

Тарихшының өмір деректерінен үзінді:

Әбді әр-Разақ Самарқанди 1413 жылы Герат қаласында туған. Оның әкесі Маулана Жамал әд-Дин Исхақ, сол жерде дүниеге келгендейктен оған Самарқанди есімі берілген. Тарихшы Самарқанд шаһарында білім алып, 1463 жылдан Гератта Шаңруң сарайында шейх болады.

Әбді әр-Разақ Темір әулетінің әмірлері Хорасан Шаңруң (1404-1447) пен Әбу Сейдтің (1452-1469) сарайында қызмет етті. Сол жерде, Гератта жазылған Әбді әр-Разақ Самарқандидың «Матла ас-садайн уә маджма әл-баҳрайн» атты енбегі екі Әбу Сейдтің – Әбу Сейд Хулагуид пен Әбу Сейд Темірлікітің патшалық құрган кезіндегі оқиғаларды сипаттауға арналғаны көрінеді. Бұл жылдарға дейін ол Рашид-әд-Диннің «Жылнамалар жинағымен» жақсы танысқаны байқалады. Самарқандидің енбегі екі бөлімнен тұрады. Мұнда Иран мен Орта Азияның, Темір үрпақтарының тарихы баяндалған. Бірінші бөлімі Елхан Әбу Сейдтің туған кезінен (1305 жыл) бастап, Темірдің өлімі және 1470 жылы оның немересі мырза Халилдың Самарқандта патшалық құрганға дейінгі жұз жылдық оқиғаларды қамтиды. Екінші бөлім Әмір Темірдің төртінші ұлы Шаңрунтың (Гератта) таққа келуі мен 1470 жылғы Сұлтан Хусайнның билік еткен аралықтарын баяндауға арналған. Өзінің енбегінің бірінші және екінші бөлімінде 1426 жылға дейінгі оқиғаларды суреттеу барысында ол Хафиз-и-Әбру мен Шараф-әд-Дин Эли-Йезді еңбектеріне қысқаша мазмұндама береді. Оқиғалардың әрі қарай өрбү 45 жылды қамтиды және оны Әбді әр-Разақ Самарқандидің өзі жазғанын айтады. Оның бұл енбегі зерттеушілер үшін үлкен мәнге ие, себебі осы оқиғалардың күәгері және әрі қатысушысы ретінде Едігенің іс-әрекеттерінен деректер беріледі, Хорезмді билеу үшін Әмір Темірдің ұлы Шаңрунпен оның және үрпақтарының күресі, келешекте тіл табысып қарым-қатынас орнатулы шығармада дәйектермен біршама қамтылған. Кітапты өзбек тілінде ғалым А.Урунбаев Самарқандта 1969 жылы басып шығарды.

Шығарманың мазмұндаудынша, ынжра жыл санауымен 815 (13.05.1412-2.04.1413) жылдың оқиғасы ретінде Жошы ұлысының қол астындағы Хорезм аймағындағы жағдай туралы Әбді әр-Разақ былай дейді: «... Сол кезде Шәди ханның Бас әмірі Едіге Хорезмді бағындырмак болып, Дештіден шықты. Әмір Мұсахан Мәуреннахрға кетті, ал Едіге әмір раджабтың (жетінші ай) 808 ж. (23.12.1405-21.01.1406) Хорезмді

басып алды да, басқаруышы етіп әмір Анқаны қалдырып, Дештіге қайтып кетті. Сол кезде Токтамыс ханның ұлы Жалаладдин сұлтан Темір ханды жеңіп, ордасын тонағаны, ал Темір ханның Хорезмге келе жатқаны жайлы хабар жетті. Жалаладдин сұлтанның шабарманы «Осыған дейін Темір хан болды, сендер оның жағында болдындар, ендігі хан мен үшін біздің жауымыз Едігені ұстап беріндер» деген хабарын алып келді. Соңан соң Жалаладдин сұлтан тағы да өз адамын жіберіп, «Егер Едіге Жалаладдиннің апасы мен өзінің ұлы Сұлтан Махмұдты маған жіберсе және бізді соғыспай қолдаса, үйлеріне қайтындар» деп хабар айтты. Жалаладдиннің апасының күйеуі әмір Базан татулыққа бет бүрді. Ал Темір ханнның күйеу баласы Декне бұл хабарды тындаған да жоқ. Сол кезде Темір хан Хорезмнің төңірегіне келіп жеткен еді. Базан Декнені мас қылып тастап, өзінің нөкері Жанқожаны Темір ханды өлтіруге жібереді. Осы оқиғаны естіген Жалаладдин сұлтан оған: «Базан – біздің хан, оның бұйрығын біздің әміріміз деп ұғындар» деп ағасын жіберді. Әмір Декне Темір ханды аза тұтты. Соңан соң әмірлер Едігемен бейбітшілікке келіп, қоршауды тастап Жалаладдин сұлтанға қарай бет алды. Оларды Белукия маңында Қаджулай Баһадүр жолықтырып: «Хорезмді алмай неге қайттындар?» - деп сұрады. Әмірлер біз 7 ай бойы 10 мың әскермен қоршап ала алмадық, сен 3-4 мың әскермен не бітіресің, бейбіт келісімге келдік, ол ханға өз ұлын жіберді, кері қайт деп айтты. Қаджулай «Едігеге қарсы өзімнің шамам жетеді» деп Хорезмге беттеді. Осы жаңалықты естіп Едіге құлыққа көшіп, тұндеғана жүріп, құндіз бұғып жатты. Олар жақындағанда, Едіге әскерін екіге бөлді. Қаджулай әскери жау қашты деп қуа жөнелгенде, Едіге әскерінің екінші бөлігі сыртынан шабуылдал, женіске жетті. Осы ұрыста Қаджулайды өлтіріп, мындаған адамы тұтқынға алынды. Әмір Едіге оның басын кесіп Хорезмге жіберді. Әмір Едіге олжасын алып Хорезмге оралды. Ол қашып кеткені үшін өздерінді өлтіремін деп міндет қойып, тұтқындарды халыққа құлдыққа таратып берді» - деп жазып, тарихшы Едігенің ерлік істерінің бір қырынан хабар етеді (36, 173-174).

Осы арада сол дәуірдің перзенті, әуелгі кезде Темір ұрпақтарына, кейіннен Сефевидтер әулетіне және Моғолстандағы билікке қызмет еткен, Иран тарихшысы Гияс әд-Дин бин Хумам әд-Дин әл-Хүсейни Хондемирді (шамамен 1475-1536 жылдары әмір сүрген) атап өту ләзім. Бұл белгілі парсы тарихшысы Мұхаммед ибн Хаванд шах ибн Махмұт Мирхондтың (1433-1498) немересі әрі шәкірті. Гияс әд-Дин «Хабиб ас-сийар» («Друг жизнеописаний») атты еңбегінде XV ғасырдың екі жартысындағы оқиғаларға тоқталып, өзбектің ханы Мұхаммед Шай-

бани мен Едігенің шөбересі келешекте Мәуреннахдың билеушісі, маңғыттардың «Бегілер begі» Мұсаның өзара саяси қарым-қатынасын әңгіме қылады. Шығарма кезек күттірмей Хондемирдің отаны Иранда парсы тілінде шығып тұрды.

Орыстың ғұлама тарихшысы В.В. Бартольдтың алдыңғы сәтте шартты түрде «Ескендір анонимі» деп атап, авторы күмәнділеу делінетін екі нұсқада жазылған шығарма Ақсақ Темірдің ұрпақтарының бірі – Фарс және Исфахан аймағының билеушісі (1409-1414 жылдардағы) Іскендір Омар-шейхұлына арналған. Еңбекті В.В. Бартольд егжей-тегжей зерттеп және Дәulet-шах Самарқандидің шығармаларына сүйеніп, «Ескендір анонимін» авторы Му'ин әд-Дин Натанзи екенін анықтаған. Еңбектің бірінші нұсқасы Іскендірдің ғұмырнамасымен толықтырылған да, билеушінің өзіне 1413-1414 жылдары табыс етіледі, ал өндөлген, қысқартылған екінші нұсқасын Гераттың әмірі Шаъруңқа (Ақсақ Темірдің ұлы) 1414 жылы қазан айында тапсырады және кітапты «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'ини» деп атапты (39, 102-136; 17, 248-272; 40, 365-367; 41, 491-503).

Үстіміздегі дәүірге жеткен шығарманың қолмен жазылған түпнұсқасы Париждің Ұлттық кітапханасында сақталған, осы нұсқаны пайдаланып ғалым Ж.Обен 1957 жылы кітапты Тегеранда бастырып шығарған. Мұның мазмұндамасы Дешті Қыпшақпен тығыз байланыста өрбіген, онда Едігенің әкесі Балтышақтың өжет ерлігі мен батырлық өнегесі, Едіге бидің өз қолымен Алтын Ордадағы хан тағының мұрагерлерін алмастырып отырғаны жан-жақты баяндалады.

Ақсақ Темірдің Орта Азиядағы мемлекеттерге басқыншылық жорықтарына орай оқиғалардан сыр шертетін және Үндістанда Ұлы Моғол империясының негізін салған ұрпағының бірі – Омар-шейх мырзаның ұлы Занир әд-Дин Мұхаммед Бабыр (14.02.1483-26.12.1530) еді. Ол Әмір Темір әулетінен шыққан кеменгер мемлекет қайраткері, қолбасшы, тарихшы, әрі ақын. Оның жазған «Бабыр-намесі» тенденсі жоқ құнды шығарма, Орта Азия халықтарының бәріне ортақ мұра болып келеді. Кітап түркі (шагатай) тілінде 1526-1530 жылдары жазылған (42, 20-433; 43, 103-104). Бабыр еңбегінде Қазақ хандығының XVI ғ. басындағы жер көлемі, ноғайлар отырған Еділдің шығыс жақ бетін Қасым ханның жаулап алуы, Өзбек ұлысындағы маңғыттардың Мұхаммед Шайбани әскерінің құрамында жорықтарға қатысуы және өзінің Мәуреннахдан шеттетілуі көркем әдеби тілмен өрнектеледі. Орыс тілінде «Бабыр-наме» М.А. Сальєнің аударуымен 1958 жылы және 1993 жылды Ташкентте жарық көрді (33, 35), ал қазақ тілінде екі рет 1990 жылды және 1993 жылды Алматыда басылды (42, 3-446; 44, 20-433).



Мұхаммед Хайдар Дулати

Зайир әд-Дин Мұхаммед Бабыр құрган Ұлы Могол мемлекетінің саяси қайраткері, білгір тарихшы, әскери қолбасшы Мұхаммед Хайдар бин Дулатидің (1499/1500-1551) аты-шулы «Тарих-и-Рашиди» («Хақ жолындағылар тарихы») шығармасы (XIV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың орта кезеңіне дейінгі) ноғай-қазақ қатынастарынан құнды мәліметтер көтірілген энциклопедиялық сипаттағы еңбек. «Рашидтің тарихы» 1541-1545 жылдар аралығында парсы тілінде жазылып біткен, түрік тіліне аударылған қолжазбалық нұсқалары Санкт-Петербургте, Ташкентте, Душанбеде сақтаулы. Еңбекті ағылшын тіліне тәржімелеген Денисон Росс есімді ғалым. «Тарих-и Рашиди» әлемге танымал шығарма алғаш рет қазақ тілінде Алматыда 2003 жылы қолжазба нұсқасынан тәржімеленіп, басылып шықты (45, 304-314; 43, 681-682; 155, 683).

Кітаптың негізгі мазмұны Әбді-Рашид бин Сұлтан Сейдке арналғанмен, автор сөз арасында 1523 жылғы қазақ-ноғай соғысын на зардан тыс қалдырмай, Қасым хан өлгеннен кейін, казақтардың Еділ бойын тастап, хандықтың онтүстік-шығысына шегінгенін баян қылады.

Ақсақ Темір құрган Мәуреннахр аймағындағы мемлекеттің солтүстік жағында XV ғасырда Жошы ұлысының құрамындағы Көк Ордада Әбу-л-Хайр хандығы бой көтергендігі, оның «көшпелі өзбектер» аталғаны тарихтан белгілі. Бұл мемлекеттің жылнамасы «Тарих-и-Әбліхайри» («Әбу-л-Хайр ханның тарихы») деген атаумен көпшілікке мәлім. Еңбектің авторы Масуд бин Осман Кухистани Әбу-л-Хайрдың ұлы Сүйініш қожада хұсніхатшы (кенсе хатшысы) болған. Кітап 1540-1541 жылдары Әбді әл-Латиф ханның тапсыруымен парсы тілінде құрастырылған. Онда Әбу-л-Хайр ханзаданың көшпелі Өзбек мемлекетінің тағына Едігенің ұлы Уаққас «Бегілер begi» арқылы қол жеткізгені айтылады. Сондай-ақ, шығармада Едіге бидің ұлы Ғазидың Маңғыт жұртын билегені, Уаққас би мен Әбу-л-Хайр ханның достық одағы, Дешті Қыпшақтағы маңғыттардың Жұмадық ханды талқандауы және Әбу-л-Хайрдың Махмұд Қожа ханмен, Мұстафа ханмен, өзінің бауырлары Ахмед ханмен, Махмұд ханмен соғысы айтылыпты (43, 680).

Осман Кухистанидің берген мәліметтерін «Тарих-и-Қыпшакида» қайталайтын авторлардың бірі Қыпшақ хан, әдетте оны Қожамқұлы-бек Балхи деп атаған, ортағасырлық тарихшы (XVII ғ. екінші жарты-

сында өмір сурген). Ол XV-XVIII ғасырларда ногай-қазақ даласында болған оқиғаларды баяндайтын шығармалардың қатарына жатады. Еңбек кіріспе мен тоғыз тараудан тұрады. Оның жекелеген үзінділері «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихы туралы жинақта» жариялаған. Онда Ноғай Ордасындағы билердің іс-әрекеттері біршама көрініс тапқан.

Тарихнамадан Әбу-л-Хайрдың немересі Мұхаммед Шайбанидің (1451-1510) XVI ғасырдың басында Мәуреннардан Ақсақ Темір ұрпактарын қуып шығарып, Орта Азиядагы өзбек (ішінде Маңғыт рулаты да бар) тайпаларының билігін қолына алғанын білеміз. Оның тұсында Өзбек хандарының, яғни Шайбан ұрпактарының тарихын жазу қолға алынды. Олардың ішінде Өзбек хандығының тарихына қалам тартқан, осы кезге дейін авторы белгісіз болып келген, елеулі шығармалардың бірі «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» («Женіс кітабынан жинақталған жылнама») да бар. Қайсыбір зерттеушілер бұны жазған Мұхаммед Шайбани ханның өзі деп те сөз тастайды. Кітап 1502 жылы 2 қарашада басталып, 1504 жылы жазылып біткен. Келешекте бұл шығарма Шайбанилер тарихын жазуға үлгі ретінде қолданылды. Аталмыш еңбекте Маңғыт би Едігенің немересі Уаққастың Әбу-л-Хайр сұлтанды он алты жасында таққа отырғызуына орай ерекше мән берілген. Хан мен әмірдің алғашқы жылдары ауыз жаласқан сәтті достастығы, артынан араларынан сүйк жылан жүріп, қағынан айырылған құландай араздасуы. Осыдан соң маңғыттардың Әбу-л-Хайр ұрпағымен қырғиқабақ жауластығы, біраз уақыт өтеп Мұхаммед Шайбани ханның ногайлардың би Мұса Уаққасұлымен жақындастырып, қызын әйелдікке алуға талпыныс жасағаны және оның нәтижесіз аяқталғаны да айттылады. Кітаптың қысқартылған нұсқасы Н.И. Березиннің (1849 ж.), үзінділері А.М. Акрамовтың (1967 ж.) және кейбір оқиғалары В.П. Юдиннің (1969 ж.) аударуымен жарық көрген (47, 424-440; 46, 9-16; 33, 36).

Бұл шығармада айттылатын оқиғалардың басым көпшілігі ақын Камал әд-Дин Бинайдың (1453-1512) «Шайбани-намесі» мен «Футухати-ханида» өлеңсөздермен берілген. Мұндағы Шайбаниханның жауынгерлік жорықтары Шәди-Молланың (туған, өлген жылдары белгісіз) «Фатх-намесінде», «Фатх-и ханида» («Женіс кітабында») қайталанып отырады. Ал, XVI ғасырдың басында Ноғай Ордасында орын алған оқиғалар, іс-әрекеттер Абдаллаң бин Мұхаммед бин Әли Насраллаңидің (қысқаша Абдаллаң Балхи) «Зубдат әл-Асарында» («Жылнамалар қаймағы») ішінәра болса да көрсетілген-ді. Бұл шығарманы ғылыми тұрғыдан айналымға қосқан В.В. Бартольдтың пайымдауынша, ол жинақы түрде

«Тамам ат-тауарих» деп те аталған тәрізді (47, 424-425; 155, 303; 43, 732; 49, 67-109).

Ислам дінінің жанашыры және орта ғасырдағы тарихшы әрі әдебиетші Әбул-Хайр Фазлаллах ибн Рузбехан Исфаһанидің (1457/58-1521/24) Орта Азия халықтарының тұрмыс-тірлігіне арнап жазылған парсы тіліндегі «Михман-наме-йи Бұқара» («Бұқара мейманының жазбасы») көлемді еңбегінде (шамамен 1509 жылы жазылыш біткен) Дешті Қыпшақтағы Маңғыт жұртына баса назар аударылғаны байқалады. Бұл кітапта маңғыттардың XV ғасырда Еділ мен Сырдария аралығындағы көші-қон мекендерінен әжептәуір мағлұматтар берілген. «Михман-наме-йи Бұқараның» қолжазбасы Ташкент пен Стамбулда сақтаулы (155, 642; 43, 640).

АКАДЕМИЯ НАУК СССР  
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ СССР

# ПОСОЛЬСКАЯ КНИГА ПО СВЯЗЯМ РОССИИ С НОГАЙСКОЙ ОРДОЙ 1489–1508 гг.



Шығарманың түпнұсқасы шағатай тілінде түрік ғалымы Зәки Уәлиди Тоғанның жеке кітапханасында сақтаулы еkenінен орыс тарихшысы В.В. Трепавлов хабардар етеді (33, 36). Өтеміс қажының бұл еңбегі XIX ғасырдың аяғында-ақ ғалымдардың қызығушылығын тудыра бастаған. Әйгілі тарихшы, Ресей Ғылым Академиясының академигі В.В. Бартольд автор туралы жанды мағлұматтарды бере отырып, «Шыңғыс-

Ногайлар тағдырына жеткілікті қоңіл бөлгөн тарихшы әрі ғалым Өтеміс қажы ибн Мауляна Мұхаммед Достының (туған, өлген жылдары белгісіз, тарихнамада XVI ғ. екінші жартысында өмір сүргені айттылады) 1550 жылдары шағатай тілінде жазылған «Шыңғыс-наме» шығармасы да аса бағалы жәдігерлердің біріне саналады. Кітап қазақстандық шығыстанушы ғалым В.П. Юдиннің көп жыл ізденуі аркасында 1992 жылды Алматыда жарық көріп, тарихшылардың зерттеу нысанына айналды. Сонымен қатар В.П. Юдин еңбектің бұрынғы атауы «Тарих-и Дост-сұлтан» болса керек деген болжамын ұсынған (48, 151-197; 43, 630; 155, 632).

наме» Алтын Орда тарихындағы маңызды шығармалардың бірі екеніне баса көніл аударады. Фалым Ахмед Зәки Уәлиди Тоган да (10.12.1890-26.07.1970) шығарманың түркі халықтары үшін аса қажеттілігін байқап, оның ғылыми ортаға түсіне атсалысты.

Өтеміс қажы өмірінде көп саяхат жасап, ертеде Алтын Ордаға қараған өлкелерді көзімен көрген, олардың құрамындағы ру-тайпалар мен елдердің тұрмыс-тіршілігімен жете танысқан. Оның айтуынша, Сарайшық қаласы XIII ғасырдың ортасында-ақ Ұлы Жібек жолындағы сауда керуендерінің тоқтатының тұрақтарының бірі болған. Мұнымен қатар, Өтеміс қажы Дешті Қыпшақтың би Едігенің кеменгерлігі мен көрегендігін баяндай келе, аныздарға сүйеніп оның арғы тегін әулие саналатын Баба Тұкті Шашты Әзизге тірепті. Еңбектің бірсыныра мазмұндамасы Тоқтамыс хан мен Едіге бидің теке-тіресіне арналса, енді бірде ел арасындағы анызды түрлендіре келіп, автор «Тока Темір ұрпағы Қара Ноғай Сырдарияның жағасында «сол қанаттың» ханы болды», - деген дерегі дәйексіздеу тұжырымын көпшілікке ұсынады (48, 188; 35, 187).

XVI ғасырдың аяғына таман жарық көрген тағы бір шығарма – Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед әл-Бұқаридың «Шараф-наме-йи шаңы» («Шаңтар даңқы кітабы»). Бұл еңбек Бұқара ханы II Абдолланың ғұмырнамасын қамтитын тәжік әдеби тілімен ұйқасты қара сөз үлгісінде жазылыпты. Кітаптың біздің тақырыбының қажеттілігі, оның жанамалап болса да маңғыттардың (ноғайлардың) XVI ғасырдың екінші жартысындағы сыртқы саясаты мен әскер жасактап Орта Азияда откен қақтығыстарға қатысуынан хабардар етуі. Шығарма ғалым М.А. Салахетдиновың аудармасында 1969 жылдың және 1989 жылдың басылған (46, 245-312; 50, 5-296; 155, 7-8).

Енді, Хиуа ханы, шығыс әдебиеті мен мәдениетінің асқан білгірі, тарихшы әрі шежіреші Әбілғазы бағадурдің «Түрік шежіресі» («Шежіре-йи-түрк») кітабы хакында бірер сөз. Алдымен автордың өмір деректерінен үзінді:

*Әбілғазы бағадұр 1603 жылдың 13 маусымында Хорезм хандығының бас қаласы Ургеніште Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұрлағының он екінші бұтағы болып саналатын Араб Мұхаммед ханның отбасында дүниеге келген.*

*Әбілғазының шешесі Менірбану ханым да Шыңғыс хан әuletінен, Әбілғазы тегіне 4-5 ата жерден қосылатын Жанғазы сұлтанның қызы. Жанғазы Арал теңізі маңындағы қазақ руларының ханы болған. Әбілғазы алты жасқа келгенде шешесі өліп, өгей шешесінің қолында тәрбиленеді. Әкесі салдыրған Арысхан мәдресесінде оқып, ғұламалардан әжептәуір*

дәріс алады. 16 жасқа шыққанда Әбілғазыны әкесі үйлендіреді, Үргеніштің жартысын билігіне береді.

«Түрік шежіресін» автор қазіргі жыл санауымыз бойынша 1663 жылы жазуға отырады, бірақ кітабын аяқтай алмай, 1664 жылы қайтыс болады да, шығарманы оның ұлы Ануш Мұхаммед 1665 жылы жазып бітірген.

Әбілғазы құрастырған «Түрік шежіресі» түркі тілінің диалектикасымен жазылған аса құнды тарихи шығарма.

Еңбектің құнды жағы — шежіренің авторы Шыңғыс хан ұрпағынан шыққан, ата-тегінің ғұмырнамасын өзі жазған бірінші адам екен. Кітаптың бағалы екендігін Әбілғазы сөзінен де байқауға болады. Шығарманың кіріспесінде айттылғандай, әрі өзінің пікірінше, Әбілғазы баһадүр үш нәрсені жетік білген. Біріншісі — әскери өнер, екіншісі — ақындық өнер мен көп тіл білу; үшіншісі — тарихи оқиғалар мен өртеде болған хандардың аттарын, жер-су атауларын жатқа білу (51, 14).

Шығарма Дешті Қыпшақ даласына, Туркістанға, Мәуереннахр мен Хорезмге, әсіресе, 1506-1664 жылдар аралығында Хиуа хандығының билеушілері болған, сол тұстағы олардың соңғы тұяғы Әбілғазының өмір кешенімен тұспа-тұс келетін Жошы ұлысының тыныс-тіршілігіне көнірек тоқталған.

Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресі» еңбегі ғылыми ортада XVIII ғасырдың бас кезінде пайда болды. Бұл кітаптың қолжазбасын Ресейге жер аударылған швед офицерлері Тобыл қаласынан кездейсоқ тауып алып, оны Бұқара имамына (ахунына) көне түркі тілінен орысшаға аудартады. Оның бір нұсқасын швед ғалымы Шенстрем неміс тіліне тәржімелеген. Алайда бұл аударма көп жыл кешігіп, тек қана 1780 жылы баспадан шығады, ал оған дейін 1726 жылы Лейденде француз тілінде басылып шыққан.

Әбілғазы шежіресінің тұпнұсқасын қолына алған граф Н.И. Румянцев 1825 жылы Қазан қаласында И. Хальфиннің көмегімен орысшаға аудартқызып, араб графикасымен бастырып шығарады. Сөйтіп бұл басылым Санкт-Петербург ғалымдарының қолына тиеді (51, 3-11).

Кітаптың бастапқы тараулары Монголияда тұратын маңыттардың шығу тегіне тоқталып, парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің айтқандарын қайталайды. Одан әрі Әбілғазы Едігенің ата-тегінен мәліметті бере отырып, оның Алтын Орданың хандары Тоқтамыс пен Темір Құтлықта әскербасы әрі «Бегілер begi» болғанын айтады. Әңгіменің барысында Едігे ұрпағы Мұса Уакқасұлының Дешті Қыпшақта XVI ғасырдың орта шенінде саяси биліктің тізгінін ұстап, Ноғай Ордасын мемлекеттік дәрежеге көтеру ісінде жүргізген әрекеттері тиянақты баяндалған.

XVI ғасырдың сонында Шайбандардың билігі құрдымға кетіп, олардың орнына Аштарханидтер келген тұста, бұрынғы билік құрған Шыңғыс хан ұрпақтарының үлгісімен Әбілғазы хан да өз тарихнамасын жазуды қолға алғаны жоғарыда айттылды.

Осы кезеңде жазылған шығармалардың ішінен назарға ілігетіні Махмуд ибн Уәлидің (шамамен 1595-1650 жылдары өмір сүрген) «Бахр әл-

асарар фи манақиб әл-аҳиар» («Мейірбан адамдардың ізгі қасиеттері жайлы телегей-теңіз құпия сырлар») атты еңбегі. Автор өз заманаусындағы атақты энциклопедист-ғалым, өмір бойы исламның суфизм бағытын үстанған кісі. Балх қаласында туған. Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі Нәдір Мұхаммед ханның сарайында қызмет істеп, содан соң Бұқараға қоныс аударады. Аталған шығарма Нәдір ханның тапсыруы бойынша 1634 жылғы 24 қыркүйекте басталып, 1640/1641 жылдары шамасында жазылып аяқталған. Бұл көлемді еңбек жеті кітапқа бөлінген, әрқайсысы 4 бөлімнен тұрады. Оның алтыншы кітабында Орта Азия мен Ноғай Ордасына қатысты деректер жинақталған. Мәселен, аталмыш кітаптың 3-бөлімінде Дешті Қыпшактағы Алтын Орданың құлауынан кейін пайда болған мемлекеттік бірлестіктерді айта келе, автор Маңғыт ұлысындағы оқиғаларға тоқталады. Ғалым Маңғыт әмірі Едігенің ұрпақтары Аббас пен Мұсаның қызметін айрықша атап өтеді. Осы кітаптың тағы бір жерінде: «...Тоқай-Тимур, сонымен бірге Бүреке сұлтан және бірнеше әмірлер, мысалы, Аббас-маңғыт, Мұса, Жаңбыршы бастаған сұлтандар (дұрысы – мырзалар – Ә.-Қ.) Әбу-л-Хайр хан тұқымының қанат жаюына бөгет қойды...» дегенді айтса, басқа бір тарауында маңғыттардың қазақтармен болған шайқасын былай суреттепті: «... Маңғыт ұлыстарының толқын тәрізді әскері келіп жетеді және Шайибек ханның көмегімен олар (маңғыттар) Бұрұндық ханның әскерін қиратады. Женіскер армияның бағадурлері қарсыластарына аттанып, көптеген жерлерді басып алды.

Осы жеңістен кейін маңғыт адамдары шайбанилктер одағымен достасып, көмекке келеді. Аты аталған Мұса мырза өзінің ақылды да сүйкімді қызын Сүйініш-қожа ханға (Әбу-л-Хайр ханның ұрпағы) ұзатады», - деп маңғыттардың жасақтары бар, белгілі ұлыс екенін көрсетеді (52, 372-384; 43, 562-563; 36, 192-197; 53, 388-399; 155, 563-564).

Алтын Орда империясы құлап, Ноғай Ордасы (оның ізбасарларының бірі) құрылған тұста, ұлыстың тағдыр-талайына байланысты қалам шерткен Орталық Азияның тарихшыларын атап өтсек артық етпес. Солардың бірі – Сайф әд-Дин Шах-Аббас Ахсикенти XVI ғасырдың алғашқы жартысында Ферғана шаһарында туған. Өзі және баласы Нұр (Наурыз) – Мұхаммедтің саусағынан өрбіген Ферғана шахтарына бағыштаған түрік тіліндегі «Маджму ат-таварих» («Тарихтардың жинағы») атты еңбегі болмағаны (54, 3-204; 33, 38). Алайда, бұл автордың шығармасы аңыздық жағынан басым әңгімелерден құралғандықтан, оны пайдаланғанда тарихнамада түзілген ақиқатпен пысықтай түскен жөн. Дегенмен де шығарманың маңызды тұстары да жоқ емес. Мысалы, Едігенің тарихи деректерде аты-жөні көмескі Кейқуат есімді баласы

және оның Ноғай Ордасының сол қанатына әскери қолбасы болғаны на-  
зар аударапты.

Аталмыш шығарма А.Т. Тагирджановтың ғылыми жетекшілігімен  
Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург қаласы – Ә.-К.) 1960 жылы басы-  
лып, ғылыми ортадан өз орнын алды.

Орта ғасырда Сібір мен Еділ бойында қоныс тепкен ноғайлардың та-  
рихы жазба шығармаларда аз ұшырасатыны қынжыларлық жәйт. Қолға  
түскен азын-аулак жәдігерлердің ішінен зейін қойып іздеген зерттеушіге  
Қадыргали бек Қосымұлы Жалайыридың (1530-1607) «Жами ат-  
тауарихы» немесе «Жылнамалар жинағы» айрықша көзге түседі. Бұл  
түрік тілінде жазылып, 1602 жылы Ресей патшасы Борис Годуновқа  
тапсырылған. Шығарманы зерттеген қазақстандық ғалымдардың пікірі  
бойынша, оны «даланың ауызша тарихнама» тобына (В.П. Юдиннің  
анықтамасы) жатқызуға болады және оның маңызды болігі ел арасын-  
да тараған шежірелер негізінде жазылған. Соңғы тұжырымға дәлел  
ретінде Қадыргали шежіресіндегі «Едіге би дастаны» атты тарауға  
тоқталсақ та жеткілікті. Онда К. Жалайыри халық арасында тараған  
аныз-дастандарды пайдаланып, Маңғыт тайпасынан шыққан Едіге  
бидің ата-тегін Мұхаммед пайғамбардан кейінгі бірінші халиф Әбу Бәкір  
әс-Сыдықтан (VI-VII ғасырда өмір сүрген) жатқызады. (55, 3-128; 56,  
160-173; 57, 140-173). Бір қызығы, әлі күнге дейін осы енбекке сүйенген  
ғалымдардың бір тобы Едігенің (XIV-XV ғғ.) арғы тегі Қағбада, Мысыр-  
да патшалық құрды, олар Баба Туклас пен Баба Тұқті Шашты Әзизден  
өрбиді дей келіп, тіпті, Едігенің өзін перінің қызынан туғызады. Сөйтіп,  
Алтын Орданың «Бегілер begі» Едігені мифтік тұлғаға айналдырып,  
әулие-әнбиeler қатарына жетелеп апарады (58, 237-308; 59, 18-22; 60,  
41-60). Бұл жөнінде әңгімелер келесі тарауларда көнінен айтылады...

Мұнымен қатар, Қадыргали би XV-XVI ғғ. Дешті Қыпшақтағы  
басты-басты оқигалардан хабар беріп, Ноғай Ордасының атақты би  
Едіге ұрпақтарының билік басында тұрған кезеңдерін баяндаған.  
Мәселен, Едігеден Мұса хан (бидің) ұлы Исмайылға дейінгі аралықта  
билік басында болған ұрпақтарын тізеді. Едігенің ұлдары Нұр әд-Дин  
мен Мансұр биден тарайтын, атақтары дарабоз болып халық жадын-  
да сақталған ұрпақтарын да саралайды. Олардың Шыңғыс тұқымынан  
шыққан хандармен ара қатынасы да тарихшының назарынан тыс  
қалмаған. Жылнаманың авторы Едігенің өліміне байланысты әңгіме  
шертіп, бидің Токтамыс ұрпақтарымен бас арыздығын да атап өтеді.

Бұл шығарманың қолжазбаларының бірін 1854 жылы орыс ғалымы  
И.Н. Березин есқі түрік мәтінінде жариялаған еді (61, 5-284). Одан


кейін осы тақырыпқа айрықша мән берген М.А. Усмановтың еңбегі елеулі зерттеу деп бағаланады. Қадырғали Қосымұлының «Жылнамалар жинағын» зерттеуге қатысқан ғалымдардың тізімінің өзі ғана бұл шығарманың тарихи, этнографиялық, әдеби түрғыдағы дереккөздер ретінде оқшау тұрғанын паш етеді. Қадырғали бидің бұл еңбегін кезінде III.Ш. Уәлихановтан бастап көптеген халықтардың белгілі зерттеуші ғалымдары жоғары бағалаған.

Дешті Қыпшақтың батыс жақ бетінде Қырым жұрттының тұрғаны мәлім. Оның билеущілері Герей бастаған алпауыттардың Ноғай Ордасымен жер дауы мен таққа таласуы үздіксіз жанжалға әкеліп отырды. Бахчасарайдың жылнамашылары мен тарихшылары Қырым хандығына қалам тартып, онда Ноғай Ордасына қатысты оқиғаларды тіркеген. Ноғайлар тарихына баса назар аударған шығармалардың бірі – «Тарих-и Сахиб-Гирей-хан» («Сахиб-Герей ханның тарихы»). Авторы – хан сарайының тарихшысы Мұхаммед Нидай Қайсун-Зада (лақап аты – Реммал қожа), еңбек 1550 жылдары жазылып біткен. Кітапта Манғыт биі Бақи бектің Қырым хандығымен тіршілік кеңістігі үшін курсесі, XVI ғасырдың бірінші жартысындағы маңғыттардың қоныстарының атаулары, сонымен бірге, Сахиб Герей хан әскерінен ноғай жасақтарының жеңіліске ұшырап отырғаны да әңгімеленеді.

Сол сияқты, XVII ғасырдың орта шенінде Абдулла Челеби Ризван Паша-зада жазған «Tauarih-i Deshti Qypshaq» («Дешті Қыпшақ жылнамасы») шығармасы 1637 ж. дейінгі Қырым хандарының шежіресі десе де болғандай. Бұл арада Ноғай Ордасына қарсы Қырым ханы Мұхаммед Герей Біріншінің 1523 ж. жорығынан және 1630 жылдарда Солтүстік Кавказға қоныс аударған ноғайлардың тұрмыс-тіршілігінен хабар берілген.

Осы тұста тағы бір кітапты құрастырған тарихшының аты-жөні Сейд Мұхаммед Риза, Қырым хандығының тарихын XVIII ғасырдың басына дейін жеткізеді. Оның жазған «Ac-sab ac-siyar fi ahabar-i muluk-i tatar» («Семь планет в известиях о татарских царях») шығармасы Қырымды билеген жеті ханның (1445-1745 жж.) ғұмырнамасынан дереккөздер келтіріп, олардың ноғайлармен қарым-қатынасына жете көніл бөледі. Мәселен, ноғайлардың қолайлы қоныс іздел жер кезуі, олармен болған 1523 жылғы Қырым жартыаралындағы соғыс әрекеттері, ондағы ноғай мырзасы Бақи бектің Қырым ханы Ислам Герей Біріншіні жан тәсілім қылғаны, ханның мұрагері Сахиб Герейдің Ноғай Ордасы Еділден ығысқан көшпенділерді алым төлеуге мәжбүрлеп қол астына қосуы, т.б. оқиғалар түзілген.

# СИГИЗМУНД ГЕРБЕРШТЕЙН



Sigismund  
Herberstein

Rerum  
moscoviticarum  
commentarii-1556  
Moscovia-1557

## ЗАПИСКИ О МОСКОВИИ

RERVM MOSCOVITI  
carum Commentarij Sigismundi

Liberi Baronis in Herbeinstain,  
Neyperg, & Guettenhag:

R V S S I A E, & quæ nunc eius metropolis est, Mo-  
scouïe, brevisima descriptio.

Chorographia denique totius imperij Moscicæ, & vicino-  
rum quotundam mentio.

De religione quoque varia inservit, & quæ nostra cum re-  
ligione non concubunt.

Quis denique modus excipiendi & tractandi Crato-  
res, dulceritur.

Itineraria quoque duo in Moscouiam, sunt adiuncta.

*Ad hoc, non solum nomine aliqui Tabule, sed multa etiam alia nomine deminim  
igit amere abepta sunt: que, si quis cum prima editione confidit li-  
beri, facile deprehendet.*



Com Craf. & Regis Maiest. gratis & priuilegio  
ad decimationem.

BASILEÆ, PER IOAN-  
num Opimus.

Қырымның сыртқы саясатында ноғайларға қатысты дайындалған Москва мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас құжаттары мен жарлықтары (грамоталары) Ресей мұрағат қорларында жеткілікті сақталған. Олар «Ресейдің Қырыммен қатынасы» деген бөлімінде жинақталған бірталай құжаттар «Ресей мемлекеттік мұрағаты көне актілер қорында» кездеседі. Осылардың ішінен Қырым хандығына қатысы бар деген құжаттардың бір тобын түрік тілінде Ресей империясы Географиялық қофамының толық мүшесі В.В. Вельяминов-Зерновтың 1864 жылы бастырып шығарғаны көнілге қонымды (62, 5-950). Әсте, бұл құжаттардың көшілігі ноғайлардың тағдыр-талайына қатысы болғаны сезсіз.

Осман империясының (Түрік мемлекетінің) ортағасырылық тарихнамасын ақтарғанда оның ішінен көзге түсетіні осы елдің саяхатшысы Эвлия Челеби бин Дервиш Мұхаммед Зиллидің (1611-1679 немесе 1683) «Саяхат-наме» («Саяхатшының кітабы») аталағын жол жазбасы. Саяхатшы 1640-1666 жылдар аралығында жеті рет Молдавия, Украина, Қырым, Солтүстік Кавказ жерін және Еділ бойындағы елдерді шарлаған. Осы жерлерде тұратын Бұджак және Қобан ноғайларымен танысып, олардың тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көріп, қағаз бетіне түсіреді. Сапары кезінде саяхатшы ноғайлардың көрші отырған халықтармен аралас-құралас қатынасын, әсіресе, қалмақтармен қатынасын сөз еткен. Эвлия Челебидің жол жазбалары түркі тілінде 1897-1938 жылдар аралығында Стамбулда басылды, ал еңбектің түпнұсқасының бірі орыс тіліне тәржімеленді, А.Д. Желтяковтың ғылыми өңдеуімен баспадан екі рет (1961, 1979) шықты (63, 5-288).

Мұсылман халықтарының қаншама шығармаларын талдай отырып, танқалдыратын бір нәрсе, олардың арасында Едігебимен оның ұрпақтары шыққан Маңғыт тайпасына бірде-бір арнаулы еңбектің кездеспеуі. Біз сараптаған кітаптардың ішінен бір ғана тарауы маңғыттардың тарихын қамтыған, ол «Тарих-и салатин-и мангитийа, узбекийа ва аштарханийа» («Маңғыт, Өзбек және Аштархандық билеушілер тарихы») деп аталағы. Ғылыми пайымдаулардың авторы Маңғыт тайпасы ұрпақтарының бірі – Бұқара тұргыны Мир Хұсейін бин Әмір Хайдар еді. Шығарма XIX ғ. бірінші ширегінде жазылғанға ұқсайды. Оның алғашқы жартысы Маңғыт тайпасының атақты би Едігенің әмір сүрген кезеңдерін қамтиды және олардың тарихын 1612 жылға дейін жалғастырған.

Белгілі Ресей тарихшысы В.В. Трепавловтың айтуынша, бізге жеткен бұл кітаптың бас-аяғы жоқ жалғыз нұсқасы Өзбекстан ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы екенін Б.А.

Ахмедовтың еңбегінен білген. Соған қарағанда М.Х. Әмір Хайдардың шығармасы ғылыми ортаға әлі түспеген секілді (33, 40; 64, 136).

XVIII ғасырдың аяқ кезеңінен бастап Ресей ғалымдары Ноғай Ордасына және оның халықтарына (бұл кезде бұрынғы Қырым хандығына және Осман империясына қараған ноғайлардың басым көпшілігі Ресей мемлекетінің қарамағына көшкен болатын) қызығушылық танытып, зерттеу нысанына ала бастады. Ресей тарихшылары ішінен ең алғашқы Ноғай Ордасына арнап қаламсабын сияға малған ғалымдардың бірі М.М. Щербатов еді. Оның «История Российской от древнейших времен» («Ресейдің ежелгі заманнан бергі тарихы») атты (1770-1791 жылдар аралығында жазылған) көлемді еңбегінде Москва княздығының XV-XVI ғғ. сыртқы саясатындағы құжаттарын сарапап отырғанда ғалымның көзіне Ноғай істері деген бір топ іс қағаздар ілігеді, оны қызықтырғаны байқалады.

Ноғай Ордасының сыртқы саясатына қатысы бар құжаттарды (жарлық, хат, грамоталарды) ғалым Москва мемлекетінің Елшілік кітабынан тауып, бір жүйеге келтіреді, оның басты-бастыларын жаңағы еңбегіне қосымша ретінде береді (65, 7-102).

Ноғай Ордасының басты кейіпкерлерін түзген Ресей үкіметінің әйгілі тарихшысы Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» («Ресей мемлекетінің тарихы») аты әлемге таныс он екі томдық шығармасы ерекше бағаланады. Бұл кітабында ғалым Ноғай Ордасын назарында ұстал, сол кездегі орыс-ноғай қатынастарына айрықша көңіл болген. Тарих ғылымының аса зерек білгірі Н.М. Карамзин Ноғай Ордасымен Русь княздарының қатынасының қызған кезін – 1481 жылдан бастап құрастырған. Бұл жылы Сібір-Ноғай жасақтары Алтын Орданың соғы ханы Ахмедтің ордасын тас-талқан етіп, оның жанын жаңанамаға аттандырған (66, 100).

Міне, тап осы кезден бастап Ноғай Ордасы да, ноғай халықтары да, Едіге бидің ұрпақтары да Ресей княздарының құжаттарында және Елшілік кітаптарында жиі ұшырасып отырады. Ал Н.М. Карамзиннің жазған тарихнамасында Ноғай Ордасы халықаралық сыртқы саясатта толыққанды мүшесі есебінде қаралған. Мұнымен қатар тарихшы Ноғай Ордасының құлау кезеңін XVI ғасырдың екінші жартысы деп тұжырымдайды. Бұл да шындықтан алшақ кетпейді. Осы тұста Ноғай Ордасы үш бірлестік ұлыстарға, яғни Үлкен Ноғай Ордасы, Кіші Ноғай Ордасы, Алтыұл (Алым) Ордасына бөлініп тынған еді. Ордалардың «Ноғай» атауы Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының ұрпағы, атақты әскербасы Ноғайдың атымен байланысты екені осы кітаптың бас жағында айтылды. Осы атау келешекте Ноғай халықтарына тақылып, Ұлыстық бірлестік те, мемлекет аты да «Ноғай Ордасы» аталғаны та-

рихнамадан мәлім. Оны Н.М. Карамзин де, басқа зерттеушілер де еңбектеріндегі өзгеріссіз жазып келеді.


Ресейдің Н.М. Карамзин жазған тарихында Ноғай Ордасы билеушілерінің лауазым атақтары алғашқы рет аталып, түсі түстелді. Мәселен, «би» («князь» делінеді), «Нұрәдин», «Кейқуат», «Тайбұқа» деген қызмет лауазымдары құжаттарда тіркеліп, ғылыми ортаға енді (67, 49-50). Бұған қоса «Татар Ордасы», «Ноғай Ордасы», «Ноғай жұрты», «Татар жұрты» деген ғылыми негіздегі терминдер де тарихнамада жазылып, Жошы ұлысының бір бөлігі ретінде қаралып келді (66, 196-199).

Ноғайлы жұрттымен дүниежүзі халықтарын таныстыруға С.М. Соловьевтің «История России с древнейших времен» («Ресейдің көне заманнан бергі тарихы») деген еңбегінің (1851-1879 жж. жазылған) кітабының да септігі тиғенін айтуға тиіспіз. Ғалым шығармасында ноғайларға қатысты оқиғаларды XVI ғасырдың ортасынан бастап, Ноғай Ордасының күйреуі мен құлауын XVII ғасырдың басы деп пайымдаған. Бұл еңбекте Ноғай Ордасының лауазымды адамдарының ноғай-орыс қатынастарын, соңғының беретін төлемдерінің мөлшерімен бағалайтынын тарихшының жақтырмағаны көзге ұрып тұр (68, 466).

Осылардан кейін Ноғай Ордасының тарихын зерттеушілер саны Ресейде көбейе бастады. Мәселен, 1877 жылы Ресей баспасынан Г.И. Перетятковичтің «Поволжье в XV и XVI вв.» («Еділ бойы XV ғ. және XVI ғ. басында») делінген, одан бес жыл өткенде, осы автордың «Поволжье в XVII и начале XVIII в.» («Еділ бойы XVII ғ. және XVIII ғ. басында») атты еңбектері жарыққа шықты. Шығармада алғаш рет Еділдің орта және төменгі бойын жайлаған халықтардың (ру-тайпалардың) құрамдары ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланды. Зерттеуші ғалым ұлыстардың өзара қарым-қатынастарын, Ноғай Ордасының мырзаларының топ-топқа жіктеліп, олардың Москва княздығы мен Бақшасарайға қарай ұстанған бағыт-бағдарламасын аса зерек қарастырған. Мұнымен қабат XVI ғасырдың орта тұсындағы Ноғай Ордасындағы мырзалар арасындағы алауыздықтың өршүі салдарынан Орданың төбе би Исаилдың Москва князы IV Иванның (Қаңарлы Иван) саясатын жақтағанын, онымен тізе біріктіріп Қазан және Астрахан хандықтарын жаулауға қатысқанын әнгіме қылады. Тарихшы бірінші болып, Еділ бойына қонған ноғайлардың тұсында Самара, Саратов және Царицын қалаларының іргетасының қаланғанын мұрағат қорларындағы құжаттар арқылы дәлелдеуге тырысқан. Бұл қалалар негізгі екі мәселені шешүге қолайлы еді. Біріншіден, ноғайлардың Еділдің орта тұсынан Русь княздықтары шеткі аймақтарына («украйны») шабуылына тосқауыл

койса, екіншіден, Исмаил бидің өтінішіне орай, ногайлардың Орданы тастап, тарап кетпеуіне себепші болған (69, 282-321).

Ноғай Ордасы мен Қырым хандығына алдынғы қатарда қалам тартқан орыс ғалымдардың бірі В.Д. Смирнов. Оның «Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII века» («Оттоман портының Қырым хандығына XVIII ғасырға дейінгі үстемдігі») тарихнамасында Ресей мемлекеті мұрагат қорының көне құжаттары аз болғанына қарамастан, автор өзіне дейінгі зерттеушілердің жазбаларын кеңірек пайдаланғаны көрініп тұр. Мәселен, ғалым османдық және қырымдық тарихшылардың шығармаларын, әсіресе, ғылыми ортаға түсken Ремал-Қожаның «Тарих-и Сахиб-Гирей хан» («Сахиб Керей ханның тарихы») кітабын түпнұсқасынан орысшаға аударып қолданысқа енгізді. Сондықтан, В.Д. Смирновтың кітабы осы кезге дейін шығыс тілдерін түсіне бермейтін жас тарихшылар үшін құнды шығармалардың біріне саналады. Алайда автор Қырым хандығы мен Ноғай Ордасының құрделі кезеңдерін, тіпті бір-бірімен жауласу ниеттерін талқылаудан бойын тыскары ұстаған. Ол Қырым хандығында өмір кешкен Едігенің ұлы Мансұр ұрпақтарына аз-маз токталып, Еділ бойынан Қырымға көшкен маңғыттардың көші-қонына байланысты үдерісін шағын көлемде сипап қана шығады (70, 5-797). Дей тұрғанмен де, Ноғай Ордасына кеңінен құлашын сермел, шығармалар жазған ғалымдар да барышылық. Олардың қатарын В.В. Вельяминов-Зернов, В.Г. Тизенгаузен және басқалары толықтыра түседі, бұлардың енбектерімен осы кітапты параптаған көзі қарақты оқырмандар әрдайым кездесіп отыратынын еске саламыз.



Академик Василий  
Владимирович Бартольд  
(1869-1930)

XX ғасырда Едіге би ірге тасын қалаған Ноғай Ордасының тағдыр-талаудына арнаулы зерттеу шығармаларын арнаған социалистік қоғамның тарихшылары бірен-сарап, оның себептерін жоғарыда айтып өткенбіз. Ноғай мемлекеттілігінің тарихын зерттеудің бастауында академик В.В. Бартольд, А.Н. Самойлович және олардың шәкірттері тұрды. Алайда ноғайтану мектебінің бағы жанбағандығы сондай, қай зерттеуші болса да жана замана талабымен, Коммунистік партияның қатаң тәртібіне мойынсұнған (басқа амалы да жоқ еді) білімді ғалымдар бұл тақырыптан бойын тасалауға тырысып баққаны белгілі. Басқаша болуы Кеңес үкіметі тұсында мүмкін емес еді...

Алғашқылардың бірі болып ноғай тарихына қаламын ұштаған Кеңес заманының ғалымы Е.И. Чернышев. Оның 1925 жылы Қазан қаласында жарық көрген мақаласында «Вестник научного общества татароведения» («Татартану қоғамының ғылыми хабаршысы») Ноғайлы тарихының ғылыми ортаға түспеуін дәйекті дәлелдерімен қынжыла отырып баяндаған-ды. Солардың бастамасы ретінде автор жаңа қоғамда Русь дипломатиясының Ноғай Ордасына қатысты хат-құжаттарын мұқият зерттеуді қолға алуды ұсынып, ой-пікірлерін тайсалмай ортаға салды. Бірақ ноғайтанудың тарихы мұнымен де алға жылжымады. Оның алдында осындағы пікірді бір жарым ғасыр бұрын көрнекті ғалым И.Э. Фишер де айтып, Ноғай Ордасы тарихының зерттелмеуі ғалымдар қауымының бір кемшілігі деп ескерткен болатын.

«Хабаршылардың» кеңесін жадында берік ұстаган жас ғалым Магомед Фарифұлы Сафарғалиевтың (1906-1970) ойда жоқта М.В. Ломоносов атындағы Москва университетінде 1938 жылы осы тақырыпты жандандыру мақсатында кандидаттық диссертация қорғауы, тарих ғылымына енгізген қомакты үлес болмақ. Оның «Ногайская Орда в середине XVI века» («Ногай Ордасы XVI ғасырдың орта тұсында») деген тақырыпқа арналуының өзі бұл саладағы көлемді ғылыми еңбек ретінде танылып қана қоймай, көшпенді түрік текстес Ноғай халқының тарихын жан-жақты зерттелуіне дүниежүзі ғалымдарына жол ашқанымен, жас ғалымның еңбегін баспадан шығаруға Үкімет үйінің «білгір жанашырлары» асыға қоймады. Диссертация қорғалып, он бір жыл еткен соң, әрең дегенде 1949 жылы М.Г. Сафарғалиевтың осы тақырыпқа бағышталған қысқаша жазылған мақаласы Мордва мемлекеттік педагогикалық институты ғылыми жұмыстары жинағында жарияланды (71, 3-185; 72, 32-56). Жарқын жүректі ғалым өмірінің соңғы кезеңіне дейін аталмыш институтта қызмет істеп, барлық күш-жігерін Алтын Орда, Үлкен Орда, Ноғай Ордасы, Қажы Тархан хандығын зерттеуге жұмсады.

Диссертациялық еңбегінің кіріспесінде М.Г. Сафарғалиев былай жазыпты, оны тұпнұсқасында берейік: «Будем ли мы изучать распад Золотой Орды, образование Московского государства, борьбу русского народа с «татарским игом», историю крымских и поволжских татар, башкиров, узбеков, казахов и каракалпаков – мы всегда будем сталкиваться с историей Ногайской Орды, без изучения которой многие вопросы для историка будут непонятны» (71, 8). Осынау ғылыми жұмыстың авторы Ноғай Ордасының ішкі құрылымын зерделеп, оны былай көрсетеді: 1) Ноғай Ордасының құрылуы; 2) Ноғай Ордасының экономикалық-әлеуметтік тынысы; 3) Ноғай Ордасының саяси және мемлекеттік

құрылышы; 4) Ноғайлардың көршілерімен қарым-қатынасы; 5) Ноғай Ордасының құлауы. Қосымша ретінде ноғай мырзалары мен билерінің ата-тегі келтірілген.

Фалым Ноғай Ордасының тарихын маңғыттардың «Беклер бегі» (Ұлығ бек, әмір әл-Омардың салыстырмалы синонимі) Едігенің атымен байланыстыра баяндайды. Оны Маңғыт жұртының негізін қалаушы деген пікірді дәлелдеуге күш салады. М.Г. Сафаргалиев алғашқылардың бірі болып Ноғай Ордасының құрылу кезеңін XIV ғасырдың екінші жартысындағы Көк Орданың ұлыстар мен кішігірім хандыққа бөлінген мерзіміне сәйкес келеді деп тұжырым жасады.


Көк Орданың құлдырауына орай, фалым Маңғыт жұртының рөлін айрықша көрсетіп, оның тек Жайық бойындағы өз елі ғана емес, Алтын Ордадағы «татар хандарына да» билігін жүргізгенін алға тартады. Ел билеген ноғай мырзаларының шежіресін беріп, келешекте олардың топ-топқа бөлінгені, өзара билікке таласуы да ғалымның сараптауына іліккен. Енбекінің қорытындысында, Орданың ізінде бірнеше ұсақ саяси бірлестіктердің пайда болғанын, ұлыстардың – Қази ұлысы, Алтың (Алым) ұлысы аталғанын зерделей отырып, олардың тұрағы мен тұрмыс-тіршілігін ғылыми тұрғыдан егжей-тегжей талдаған (71, 159-163).

АКАДЕМИЯ НАУК СССР  
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ  
ЛЕНИНГРАДСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ

# КНИГА БОЛЬШОМУ ЧЕРТЕЖУ



Подготовка к печати  
и редакция  
К.Н. СЕРБИНОЙ



ИЗДАТЕЛЬСТВО АКАДЕМИИ НАУК СССР  
МОСКВА ~ 1950 ~ ЛЕНИНГРАД

Осы арада ғалымның назарын аударған тағы бір мәселе, ноғайлардың көшпелі әмір кешені де академик Б.Я. Владимирцов жазғандай: Ноғай Ордасы да... феодалдық көшпелі қоғамның бір тобыры, оның халықтарының тұрмыс-тіршілігі XII ғасырдағы Монгол империясының ішкі тынысына ұқсас екенін жақтап шығады (71, 62-63). Кандидаттық диссертациясының түпкі нұсқасының негізінде Магомед Сафаргалиевтың «Распад Золотой Орды» («Алтын Орданың құлауы») деген ғылыми еңбегі 1960 жылы кітап хақында басылып, көпшілік оқырмандардың көңілінен шықты.

Ноғай Ордасының тарихы XX ғасырдың 40-60 жылдары Кеңестік «жылымықтың» әсерімен

ғалымдардың назарына іліге бастағанын айта кету ләзім. Мәселен, 1940 жылы Н.А. Басқаковтың «Ногайский язык и его диалекты» деген іргелі ғылыми еңбекі жарық көрді. Бұнда ногай тілі зерттеліп, оның этностық құрамы да қоса қамтылған еді. Осыдан кейін, ногайлардың тілі мен диалектикасы қыпшақ тіліне жататыны анықталды.

ХХ ғасырдағы Кеңес тарихнамасы сонау кезеңдерді қамтитын Ноғай Ордасының тарихын бұрынғыша Москва княздығының сыртқы саясаты аясында қарастырды. Оны Алтын Орда құлағаннан кейін XVI-XVII ғасырда пайдал болған бірлестіктердің біріне санады, ал Ноғай Ордасының Рұсь мемлекетіне көзқарасы тек тонаушылық түрғыдан қарастырылды. Орыс ғалымдарының сол тұсты қамтылған шығармаларында Ноғай Ордасының іс-әрекеттері жаулық ниетте көрсетіліп, оның ішкі және сыртқы саясаты ауызға ілінбеді деуге тұрарлық. Мұны құптаған тарихшылардың қатарына К.В. Базилевич, Г.Д. Бурдей, И.И. Смирнов, С.О. Шмидт, т.б. жатады (33, 13).

Дегенмен, өткен дәүірдің оқиғаларына әділ бағасын беретін зерттеушілер де жоқ емес еді. Қурделі кезеңнің ақиқатына үлкен мән берген орыс тарихшысы А.А. Новосельскийдің (1891-1967) «Борьба Московского государства с татарами в первой половине XVII века» («Москва мемлекетінің XVII ғ. бірінші жартысындағы татарларға қарсы құресі») көлемді монографиялық шығармасы (1948 жылы жарық көрді), бірсызыра жайдың қыр-сырын ашқандай. Бұл еңбекте Рұсь мемлекетінің XVI-XVII ғғ. сыртқы саясаты, оның ішінде Ноғай Ордасына қатысы бар дипломатиялық құжаттар жан-жақты сарапталып, ғылыми түрғыдан бағасын алды. Осының негізінде Ноғай Ордасы өз алдына мемлекет санатында қаралып, XVI ғ. екінші жартысы мен XVII ғ. бірінші ширегінде оның сыртқы саясаты мұрағат қорларындағы сақталған құжаттар бойынша терең талданды, Ордага қарсы бағытталған Москва мемлекетінің «зымиян» саясаты шынайы көрініс таптты. Бұл мәселенің шеңберінде Елшілік бұйрықтар, мемлекет арасындағы жарлықтар (гра-



Алексей Андреевич Новосельский  
(1891-1967)

моталар) мен хаттарды ғалым А.А. Новосельский түгел дерлік зерттеу нысанынан өткізді. Әсіресе, Қырым, Ноғай, Түркия мемлекетаралық қарым-қатынастарына ерекше назар аударылды, орыс патша-монархтары Рюриковичтердің, Романовтар әuletінің қолдаған сыртқы саясатындағы елеулі өзгерістер еңбектің құндылығын арттыра түседі. Шығармадағы ғалымның тұжырым, пайымдамалары тұпнұсқалық құжаттарға сүйеніп жазылғаны да көзге түседі.

Зерттеушілердің алдыңғы сапында автор Үлкен Ноғай Ордасының 1550-1570 жылдары уақытша болса да Москва мемлекетіне мойынсұнғанын атап кетеді. Ғалым Москвандың ұлы княздарының Ноғай Ордасы билерімен жасасқан келісім-шарттарын (шарт-наме) талдағаннан кейін осындағы қорытындыға келгенін өз аузымен жеткізеді. Сөз орайында, зерттеуші Ноғай Ордасының орыс бодандығынан 1580 жылдары шыққанын, бірақ көп кешікпей XVII ғ. басында Ноғай билерінің Москва мемлекетіне саяси тәуелділікті қайта мойындауға мәжбүр болғанын автор назарында ұстаған. А.А. Новосельский кітабының соңында қосымша тіркесте Едіге ұрпақтарының бірі Исмайылдан өрген би мен мырзалардың генеалогиялық кестесін береді. Ғалымның тағы бір көңіл аударған жайты XVI ғ. ортасында Үлкен Ноғай Ордасынан Қази ұлысы аталатын Кіші Ноғай Ордасы бөлініп, өз алдына дербес отау тігуімен, оның мемлекет бірлестігіне саналуы. Автор ноғайларға байланысты іздену жұмыстарын Қазан хандығының (1552 ж.) құлауына орай жүргізгенін де жасырмайды. Осы тұста Ноғай мырзаларының Қазан хандығының билігін (Беглер бегі) алуға өзара жанталасы, одан қалды, ғалым XVI ғ. бастапқы ширегінде Еділ бойына орыс казактарының қоныстануына байланысты дау-жанжалдардың туу себептеріне тоқталып өтеді. Үлкен Ноғай Ордасының Қырым-Түрік және Польша королдігі мен Ресейдің қактығыстарына араласуы; Ноғай-Қырым қатынасының шиеленісі; Ноғайлардың Астрахан тұбіне қоныс аудару себептері; Ноғайлардың жонғар қалмақтарымен текетіресі және соңғылардың күшейіп 1630 жылдары ноғайларды Еділдің сол жақ бетіне қарай ығысуға мәжбүрлеуі; көшпелі ногайлардың Қажытархан билеушілерімен жайылым кеңістігі үшін жер-суға таласы, яғни Ноғай Ордасының күрделі мәселелерін байыбына жете ғылыми түрғыдан зерделенгені көрінеді.

Азды-көптікемшілігінекарамастан, профессор А.А. Новосельскийдің ғылыми шығармасын Ресей мемлекетінің сыртқы саясатының (оның ішінде Ноғай Ордасының да үлесі бар) анықтамасы (энциклопедиясы) ретінде қарастыру орынды. Ғылыми еңбектің құндылығына сәйкес

көнермейтін себебі Ноғай Ордасының басты-басты оқиғалары мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері мұрағат қорларындағы теңдесі жоқ бағалы құжаттарға сүйенгендіктен деп білеміз (73, 12-432).

Кеңестік дәуірде, 1970 жылдары ноғайтануға ғылыми зерттеу жүргізіп, үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі В.М. Жирмунский (1891-1971). Ол өмірден өткен соң, яғни үш жылдан кейін 1974 жылы баспадан шыққан «Тюркский героический эпос» («Түріктің батырың эпосы») атты шығармасы ноғайлар тарихнамасын толықтыратын игілікті іске қосылған сүбелі еңбек деп танылады. Ғұламаның ойынша, XIV ғасырдың аяғында ноғайлардың ортасында өмір кешкен атақты ақын Сыпыра Сұрғылтайұлының «Қырымның қырық батыры» деп жырлайтын дастандар легі Еділден Донға дейінгі Қобанның (Кубань – Ә.Қ.) кең даласын, Арап мен Каспий теңізінің өн бойын, Қырым мен Кавказ таулары арасын ен жайлаған қыпшақтар мен ноғай-қазақ ұлыстарының жай-күйінен мол хабардар етеді. Осыны түсінген ғалым-зерттеуші бұл дастандарға терен талдау жүргізіп, оған аса зеректікпен өз байламдарын ұсынған.

Шын мәнінде, В.М. Жирмунский түрік халықтарының дастандарына 1960 жылдардан бастап дең қойғаны байқалады. Ол тұста Ресей көне мұрағат қорларындағы Ноғай Ордасына қатысы бар құжаттарды ізден жүріп, әлгі айтылған эпостардың түпнұсқасына көзі түседі. Олардың ғалымды қызықтырғаны сонша, ізденіс барысында «Эпические сказания о ногайских богатырях в свете исторических источников» деген ғылыми еңбек дайындауды (74, 411-698). Одан эрі автор ноғай тарихын зерттеуді терендете түсіп, XV ғ. және XVI ғ. бірінші жартысындағы оқиғаларға (яғни тарихшы А.А. Новосельскийдің зерттеген кезеңіне дейінгі құжаттарды парактаған көрінеді) тоқталады.

Академик В.М. Жирмунскийдің ғылымға енгізген жаңалықтарының бастысы – ондаған дастандарда аңыз кейіпкері іспетті суреттелетін Едіге бидің түпкі тегін зерттеуі және манғыттардың Ұлыс begi (Бегілер begi) Едіге ғұмырнамасына талдау жасау арқылы, ол туралы өз ой-тұжырымын жан-жақты дамытуы. Оның пайымдауынша, Едіге бидің тұлғасы көзінің тірісінде-ақ мифтік кейіпкерге айналып, ол бара-бара аңызға ұласады, халық аузындағы жыр-дастандарға негіз салады. Сонымен бірге ғалым еңбегінде Едігенің шыққан тегіне және одан өрбіген ұрпактарының саны мен сапасына да жете көңіл аударылған. Әсіресе, Едігенің шөбересі атақты Мұса бидің (көпшілік жыр-дастандарда оны хан деп атайды – Ә.-Қ.) ұлдарының тақ пен баққа таласуы нақты құжаттармен сарапталып, олардың XVI ғ. бірінші жартысындағы өзара қансоқты дау-жанжалдары әділдік тұрғыдан байыпты әңгімеленеді. Сол сияқты, билікке та-

ласып қансорпа болған Мұсаның ұлдары, немере-шөберелерінің қақтығысы В.М. Жирмунскийдің шығармасында (ноғайлардың өзара қақтығысының бірінші кезені) білгілікпен баяндалған. Филолог-ғалымның тұжырымдауынша, ноғай мырзаларының тақ таласы қызыл қанмен жуылып, оны үйимдастырушылардың басы-қасында Мұса бидің ұлы Исмайыл тұрған (74, 377-431).

Академик В.М. Жирмунскийдің әйгілі еңбегі жарық көрген мезете Москва университетінде 1977 жылы жас ғалымдар легінің бірі Е.А. Поноженконың кандидаттық диссертациясы «Общественно-политический строй Ногайской Орды в XV – середине XVII в.» («XV ғасыр мен XVII ғасыр ортасы аралығындағы Ноғай Ордасының саяси-қоғамдық құрылсысы») деген тақырыпқа қорғалды. Іле-шала автордың Ноғай Ордасы тарихын зерттеген бірнеше еңбегі жарыққа шықты (75, 3-24; 76, 92-96; 77, 33-41). Бұл еңбектерінде ғалым Ноғай Ордасының құлдырауын мырзалардың ішкі қырқысуымен байланыстырады, оның негізгі себептерін – Ноғай мырзаларының өзара билікке таласуынан іздегені нанымды қөрсетілген. Орданың ішкі әлеуметтік құштері – ұлыстың «қара халықтары» билер мен мырзалардың озбырлығы мен жөнсіз алымдарына (салықтың ауыр түрі) шыдай алмай, олардан бой тасалап, өзге мемлекет пен ұлыстарды панағанын дәйектерімен ұштастыра баяндайды (75, 22-24). Мұнымен қатар Е.А. Поноженко бірінші болып ғылыми тұрғыдан ногай мырзаларының әлеуметтік дәрежесін суреттеп береді және олардың лауазымының шенбері мен көлемін анықтайды, яғни қызметтерінің атын атап, түсін түстейді.

Лауазымды билік дәрежесіндегі – би (түрік халықтарында кейде «бек» аталады), нұрадын, кейқуат, тайбұқа – қызметкерлердің қол астындағы «қара халыққа», яғни «қарашаға» тигізген зәбірі мен адам тозгісіз алымдарының зардалтары оңай түспегені тарихнамада түзілген құжаттар арқылы айқын қөрсетілген. Осыдан аталмыш ғалымның еңбегі әрбір келесі зерттеушіні қызықтырмай қоймайды.

Әлгіде айтылды, Ноғай Ордасының құрылымы қазіргі өлшеммен алғанда, бірнеше ірілі-уақты хандықтар мен ұлыстық бірлестіктердің жер аймағын қамтыды. Оның жоғарғы жағы Еділ мен Ертіс өзендері аралығын қамтыса, төменгі беті – Сырдарияға дейін жетіп, ұшықиры жоқ кеңбайтақ Дешті Қыпшаққа жайылды. XV-XVI ғасырларда ұланғайыр даланы қоныс қылған ноғайлар көптеген этностармен, атап айтқанда, солтүстігінде орыстармен, татарлармен, башқұрттармен, онтүстігінде – қазактармен, қарақалпақтармен, батысында – Кавказ тауының бөктерін жайлаған халықтармен аралас-құралас өмір сүрді,

олардың басым көпшілігі қыпшақ тілінде сөйлеген. Бірақ аталған халықтардың ноғайлармен қарым-қатынасы, саяси-мәмілегерлік байланысы қандай болды деген көкейтесті сұрапқа ғылыми түрғыдан толыққанды зерттеу жұмыстары аз жүргізді десек онша қателесе қоймаспаз. Мәселен, сол кездегі Қазан хандығы тарихында ноғай-татар қатынасына бағышталған бір ғана монографиялық ғылыми еңбектің жазылуы (1923 ж.) бұған дәлел бола алса керек. Шығарманың авторы профессор М.Г. Худяков (1894-1936) «Очерки по истории Казанского ханства» («Қазан хандығының тарихи очерктері»), ол Еділ мен Кама өзендері бойында құрылған Қазан хандығының (1438-1552) тарихын зерделеп, ноғай-татар халықтарының өмір кешенінен жеткілікті мағлұмат жинақтады (81, 5-318; 82, 4-272). Әрине, бұл тақырыпқа арналып, соңғы ғасырда жазылған татар авторларының ғылыми еңбектерін, мақалалар мен диссертациялық жұмыстарын жоққа шығара алмаймыз. Алайда бұл шығармалардың берінде де ноғайларға байланысты сөз қозғағанда, олар Сүйінбике (Ноғай би Жұсіп мырзаның қызы) ханымның туысқандары ретінде ғана қарастырылады. Немесе XV-XVI ғғ. Қазан хандығындағы оқигаларды әңгімелегендегі Ұлұғ Мұхаммедтің және Сафа Герейдің хандықты жаулап алуымен нығыздалып, бір жақты ғана баяндады. Бұлар, әрине, ноғай мен татар халықтары қатынасына толық жауап бере алмайтыны белгілі және ол татар ғалымдарының кінәсінан да емес...

Осы арада оқырмандардың есіне сала кетейік, Кенес дәуірінде түрік халықтарының тарихы 1929-1931 жылдары «плантуркизмге табынушылықтың зияны» деген жаламен үлкен күйзеліске ұшырады, ал 1944 жылы БКП(б) Орталық Комитетінің қаулысымен Татар облысының партия ұйымдарының саяси-идеологиялық жұмыстары қатты сынға алынды, онда өткен кезеңдегі Алтын Орданың билеушілерін, әсіресе оның «Бегілер бегі» Едіге эпосын шамадан тыс дәріптеушілік бар, ол қазіргі қоғамға жат пікірлерді қалыптастыруға бейім деген тұжырымдар жасалғаны жоғарыда мәлімделді. Осыдан кейін, қай ғалымның татар-ноғай қатынасына, Едігенің батырлық, кеменгерлік іс-әрекеттеріне қалам тартуға қолы барды.

XX ғ. 60-80-жылдардағы «жылымығы» татар ғалымдарының аяқ-қолын тұсаудан босатқандай әсерін тигізіп, олар түрік халықтарының тарихын зерделеуге мүмкіндік алды. Мысалы, 1980-1990 жылдары Татарстанның тарих және филология саласының көрнекті ғалымдары М.И. Ахметзянов, Д.М. Исхаков, М.А. Усманов Еділ бойын жайлаған татар ұлыстарының және өздерінің ата-бабаларының тарихымен жақынырақ танысып, Ноғай Ордасы халықтарының дипломатиялық

және саяси-әлеуметтік қарым-қатынасы да жаңа дәуір тұрғысынан сарапқа түсे бастады (78, 32-40; 79, 5-276; 80, 247-254).

Жоғарыда аты аталған, Кеңес дәуірінің құғын-сүргінінің құрбаны болған тарихшы М.Г. Худяковтың ғылыми шығармасы да артына жартығасырдан астам уақыт салып, 1991 жылы және 2004 жылы ғана баспадан екі мәрте жарық дүниенің есігін ашты (81, 10-49; 82, 5-280).

ХХ ғасырдың соңғы кезеңдері мен үшінші мыңжылдықтың басы адамзатты ғажайып тағдырға кез қылды. Азия мен Еуропа құрлығындағы Ресей бастаған ондаған мемлекеттерде коммунистік империяның қүйреуі, осы елдердің мәдениеті мен тарихи тағылымдарын жаңа дәуірдің аясында, жаңа мазмұнда кайта қарауға мүмкіндік берді. Замана талабына сай тарихи деректер мен жәдігерлерге, жалпы көне мұраға жаңаша, бостан ойдың болмысымен қарау мүмкіндігін алға шығарды. Осы мақсатпен Ноғай Ордасының халықтарының тарихына, бұл мемлекеттік бірлестіктің іргетасын қалаған, Алтын Орданың атақты әмірі Ер Едіге мен оның ұрпақтарының тағдыр-талайына жаңаша көзқарас ұсынған еңбектердің авторы, Ресей Ғылым Академиясы Тарих институтының көрнекті ғалымы В.В. Трапавлов. Оның 1991-2002 жылдар аралығында жарық көрген он тоғыз ғылыми еңбегі ноғайтану мен Едіге бидің ұрпақтарына бағышталған ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Бұлардың баға жетпес манызы – оған дейінгі ізденушілердің шығармалары жаңа замананың көзқарасымен егжей-тегжей сарапталып, білгір ғалымның ой көрігінен өткізілді, өзіндік пікірлерімен толықтырылды. Әсіресе В.В. Трапавловтың Ноғай Ордасы тарихына арналған докторлық диссертациясының мән-жайы бұл тақырыпты толықтыратын құнды көп жылғы ғылыми еңбектің нәтижесі. Осыдан кейін іле-шала, 2002 жылы Ресей Ғылым Академиясының баспасынан шыққан автордың «История Ногайской Орды» кітабы тарих ғылымына қосылған елеулі еңбектердің біріне саналып, дүниежүзі ғалымдары тарапынан жоғары қолдау тапқаны мәлім (33, 51-454).

Кеңес дәуірінде Ноғай Ордасы мен оның құрамдас бөлігі – башқұрт ұлыстарының тарихын әжептәуір іздестірген ғалымдардың бірі – башқұрттың төл перзенті Р.Г. Күзеев. Автордың ғылыми еңбектері 1957-1992 жылдары баспадан үздіксіз шығып тұрды және башқұрт халықтарының шежіресін сараптаған теңдесі жоқ шығармалардың қатарында жүреді.

Р.Г. Күзеевтің тұжырымында, Ноғай Ордасының құрамдас бөлігі ретінде қаралып келген башқұрт халықтарының бірлестігі Орданың этностық құрамының қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал еткені былай тұрсын,

қазіргі күнге дейін Башқұртстанда тұратын ноғайлар өз алдына халықтық дербестігін сақтап қалған. Башқұртстандағы ноғайлардың шежіресі XVIII-XIX ғғ. зерттеушілерді қызықтырғанмен, тап Р.Г. Кузеевтей байыбына жетіп ешкімнің талдамағаны анық. Ол ғылыми шығармаларында башқұрт арасындағы эпостар мен халық аузындағы шежірелерді жазып алғып, оларды мұрағаттарда сақталған құжаттармен салыстыра отырып талдау жүргізген. Сондықтан, автордың еңбектері нөфай-башқұрт халықтарының тарихын зерттеушілер үшін маңызды жәдігер. Осы шығарманы жазу барысында біз Р.Г. Кузеевтің бірқатар еңбегімен ғана танысуға мүмкіндік алғанымызды айту ләзім (83, 8-547; 84, 5-347).

Ноғайлардың жиі қоныстанған аймағының біріне саналатын Солтүстік Кавказ мемлекеттік бірлестіктерінің ізденімпаздары да өз халықтарының тағдырын қозғап, тарихи шығармалар жазды және жырдастандарды ұшқыр ойдың көрігінен өткізгені таңғажайып. Бұлардағы нөфай эпосына алдағы тарауларда жиі-жиі тоқталып отырамыз...

Біз білетінде, Қап тауының бектерін жайлаған нөфай халықтарының тағдыр-талайын зерттеуді орыс ғалымдары 1950 жылдары бастады десек ағаттық кеткендік болмас. Оның бастауында академик В.Б. Виноградов пен ғалым-зерттеуші Е.П. Алексеева тұрғаны айқын. В.Б. Виноградовтың басшылығымен жас ғалымдар мектебі Солтүстік Кавказға орта ғасырларда қоныстанған ноғайлардың тұрмыс-тіршілігіне баса көніл бөлді және олардың Нөфай Ордасы құрылмай тұрып-ақ аталған аймақтарда өмір сүргенін ғылыми тұрғыдан мәлім етті.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша, ноғайлар Алтын Орда дәүірінде Кавказ тауларының солтүстік бетін қоныс қылған, осы өнірде олардың ата-бабалары мал шаруашылығын дамытқан, егін салған, жеміс-жидек ағаштарын баптаған. Асылы, ноғайларды Еділ бойынан Кавказ тауларына қоныс аударды деген пікірдің жансақтығын ескеріп, тарихнамада нөфай халықтары өздерінің ежелгі ата қонысына оралды дегенді күптаған жөн.

Қазақ тарихының үш жұз жылдық мезгілін қамтыған орыс тарихшылары С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың шығармалары Қазақ хандығының (XV-XVIII ғғ.) шежіресін тиянақты зерделегені көнілге қонымды. Бұған қоса олардың бірлесіп дайындаған: «Казахстан: Летопись трех тысячелетий» (1992 ж.), «Государства и народы евразийских степей: Древность и средневековье» (2000 ж.) және Т.И. Сұлтановтың «Кочевые племена Приаралья в XVI-XVII вв.» еңбектерінде Дешті Қыпшақты қоныстанған ру-тайпалардың тыныс-тіршілігінен, Ноғай Ордасының орта ғасырдағы тарихынан бағалы, құнды деректерді кездестіреміз (22, 195-296; 23, 208-233; 87, 3-134).

XX ғасырдың 70-жылдары Кеңес саясатындағы қанды шынжыр кісенінің әлсіреген сәтінде, ногай ғалымдары да өз халқының тарихын зерттеуді барынша қолға алғып, бірнеше шығармаларды дүниеге әкелді. Әсіресе, соңғы 40 жылда ногайтануға қосылған еңбектерді атап өту ләзім. Осылардың ішінен әкелі-балалы жазушылар Сүйін және Иса Қапаевтардың, Р.Х. Керейтовтың, А.Х. Құрмансейтованың, А.И.-М. Сиқалиевтың, А.А. Ялбұлғановтың шығармаларында Ногай Ордасы, Солтүстік Кавказ бен Қырымды мекендеген ногайлардың тұрмыстыршілігінен елеулі мағлұматтар келтіріледі.



Иса Қапаев мырза, Қарашай-Черкес Республикасының халық жазушысы


толар-толмас ногайлардың мүшкіл халының жай-жапсары бүркемесіз шындықпен ашына сипатталады (88, 5-497).

Осы кезеңде (XX ғ. 80-жылдарының басы) ногай этнографиясы мен тарихына әдейі арналып жазылған И.Х. Калмыковтың, Р.Х. Керейтовтың және А.И. М. Сиқалиевтың «Ногайцы: Историко-этнографический очерк» ғылыми еңбегі жарық көрді. Онда авторлар ногайлардың тарихы мен этнографиясын аса білгірлікпен зерделеген (89, 3-328). Бұған қоса А.И.-М. Сиқалиевтың «Ногайский героический эпос» («Ногайдың батырлық эпосы») – ногайлардың жыр-дастандарын зеректікпен жинақтаған елеулі еңбегі (1994 жылы Черкесск қаласында жарық көрді) ғылыми айналымда өз бағасын алды. Мұнда ногайтанушы орта ғасырлық қыпшақ-ногай ауыз әдебиетінің жыраулары Асан Қайғы, Шалқиіз, Доспамбет, Қазтуғанды ногайлардан шыққан, осы елдерге ортақ тұлғалар екеніне зор мән берген (90, 5-321).

Ноғай Ордасының тарихы мен географиялық құрылымына қатысты 1991 жылы Дағыстандағы Ноғай ауданы Теректі-Мектеп ауылында өткен ғылыми конференцияның да ноғайтануға қосқан салмақты үлесі бар. Жиынның барысында қозғалған әңгімелер екі жылдан кейін Махашқалада басылған ғылыми жинаққа енді, онда Ноғай Ордасы мен ноғай халықтарының тарихи кешенінің зерттелу дәрежесі әлі де жеткіліксіз екені әділ сынға алынды (33, 22).

Қазақстандық зерттеушілерден Ноғай Ордасы мен ноғай эпосына алғаш көңіл аударған ғалымдардың бірі – қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, тұнғыш ғалым-этнографы Шоқан Уәлиханов (1835-1865) болғаны баршаға мәлім. Ұлы ғалымның «Алтышаңарға сапар» туралы еңбегінің бір жерінде мынадай мағлұматтар кездеседі: «... Монғолдар шапқыншылығы бұл елдің (бұл жерде Дешті Қыпшақ елі туралы сөз болып отыр – Э.-Қ.) халқын мұлдем өзгертіп жіберді, патшалардың кәнігі аттары жоғалып кетті де, тек кейбіреулері ғана қазак руларының есімдері ретінде қалып қойды; сөз жок, бұрынғы халық жаңа халықпен қосылып кетті де, осы тұста монғол зандары бойынша Алтын және Еділ ордаларынан бөлек ордалар пайда болып отырды, олар: Оралдағы Ноғай немесе Маңғыт ордасы, Сейхунға дейінгі Кек Орда және шайбанилер тұқымына жататын Тюмень Ордасы... Ең таңданарлығы, - дейді Шоқан, - Кавказ ноғайларында қыргыз және қазак деген рулардың болуы» (91, 27). Осы шығармаға берген түсініктемесінде ғалым ойын былай жалғастырады: «XVI ғасырларда ноғайлар қырда көшіп-қонып жүргенімен, олардың қалалары да болған. Қазір оларды қазақ деп те атайды. Осы күнге дейін келіп жеткен, о бастағы атамекені туралы аныз-әңгімелер, қираған мешіттер орны, ескі қыстауларына қарағанда, олардың шекарасы Алатауға жетіп тіреледі. Ыстықкөл қырғыздарының айтуынша, қазіргі қазақтар мекендейтін жерлерде бұрын ноғайлар көшіп-қонып жүрген. Қазақтардың тегінде аздал ноғайлармен араластық бар. Сондай-ақ, жер сілкінгенге дейін Ыстықкөл жағасында ноғайлардың бірнеше қалалары болған, бірақ апattан соң кирап қалған. Желді, дауылды күндері көл жағасына – кайраңға үй мұліктерін толқын айдал шығарып тұрады деседі. Ыстықкөл бойындағы ноғай қалалары жөніндегі бұл дерек ең соңғы мәлімет болмаса керек. Қалай болған жағдайда да, қазақтар онтүстік-батысындағы ноғайлармен де, солтүстік-шығысындағы қырғыздармен де (ертеде қырғыздар Енисей, Том және Қара, Ақ Юсадан – шығысында Абакан, Ангараға дейін қанат жайып) тату-тәтті тұрған. Қазақтардың аныз-жырларында ноғай мен қазақ арасында көшіп, кой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман еді деп айтыла-

ды. XVII ғасырда ногайлар шығыстан кеп тиісken қалмақтардан ығып батысқа қарай жылжығанда, көршілес отырған қырғыз, қазактардың шағын бөлігін өздерімен бірге ала кетуі де ықтимал. «Книга Большого Чертежа» (орыс мемлекетінің өзен, көл, шабындық т.б. көптеген жер атауларын, ара қашықтықтарды толық қамтитын жинақ – ғылыми еңбек, алғаш 1773 ж. жарық көрді) атты жинақта: Ұлы (Улкен орда) ногайлар Орал өзенін бойлай Көк теңізге дейін көшіп жүрді дейді. Миллердің мәліметтерінде Тара даласында ногайдың бірнеше ұлысы орыстарға салық төлеп тұрған. Сібір болыстары мен қалаларында да ногайлар тұрған: Мерзлый городок, Тураш және Малогоу болыстарында (Тарадан жоғары, Ертіс бойын өрлей), Вузюков болысында (Чан көлінің маңы), Тунус қаласында (Заставный Кучумов городок по реке Туре), Ұбін маңындағы болыстарда (волости на Убинском озере в Барабе): Чангута, Лу-гуй, Келома т.б. жерлерде 1594 жылдары Алей мырза деген өздерінің ногай қожасына салық төлеп тұрған (92, 270-295).



Н.Я. Бичурин.  
Н.А. Бестужевтің суреті

қазактар болған. Өзбектердің кейінгі тармақтарынан құралған халықтардың өздеріне тән қасиеттер рудан аталарға, әулеттерге тарамдалады, сол тарамдалған этникалық бұтақтарда әр түрлі монғол-турік халықтарының атаулары кездеседі. Қыпшақтар өзбек, қазак, ногай, найман, керей т.б. рулардың құрамында бар. Өзбектердің ертеден келе

Бір таңғаларлық жайт, Орта Азия-ның барлық көшпенді халықтары ертеде болған елеулі оқиғалардың бәрін ногайлармен байланыстыра суреттейді және өздерінің арғы тегін ногайлардан шықты деп санайды. Қарақалпақтар да, қазактар да ногайларды солай дәріптегенімен, там-тұмдап бізге жеткен деректерге қарағанда, олардың ногайлармен туыстығы да, көршілестігі де шамалы», - деп тұжырымдапты Шоқан данышпан (91, 35-36).

Шоқан «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде қазақ-ногайға қатысы бар бір тажайып дәйектерді келтіреді, оның тарих тағылымына маңыздылығын ескеріп, осы арада толық бере кетейік: «... өзбектер одағында (ұлысында) манғыттар (қарақалпақтар) және

жатқан аңызында, олардың алғашкы одағы 96 тайпадан құрылған дейді. Үш буын үрпақ мың, жұз және қырық буын үрпақ ортақ атаумен – түрік (бұл ертедегі түріктердің үрпағы), үкі, онқожа, жалайыр т.б. Дегенмен, қазақтардың жеке одағы екі топтан: ногайлар мен өзбектерден құралады, ол процестің қай кезде болғаны нақты емес, шамасы, Темірланның алдында, қазақтардың алғаш ханы Алашаның балалары өлтірілгеннен кейін...

Қазақтардың аңызында, Алаша ханың балаларының басы кесілгеннен кейінгі хан Жәнібек (Барақтың ұлы), дегенмен, ертедегі асыл сөздерде, Жошы әулетінен шыккан Жәнібек те қазақтың бірінші ханы болған деседі. Әбілғазы да Жошы балаларын қазақтардың хандары дейді. Жәнібек билік құрғанда, туыстас қазақтар мен ногайлар бірге көшіп-қонған, ол кез қазақ жырларында «алтын ғасыр» деп аталады. Қазақтардың көптеген аңыз-дастандары да сол «алтын ғасырға» дәп келеді. Сондай-ақ Жиренше шешенниң бірлік, тәлім-тәрбиелік нақылдары, әділ хан әз-Жәнібек те, ногайлардың философ-данасы Асан Қайғы да осы күнге дейін далалықтардың

аузынан түспейді. Ескі аңыз желісінде – «алтын ғасырдың» соңында халықтың тоз-тозы шығып, оңтүстіктен солтүстікке қарай босуы басталған. Босудың біріншісі – Өзбек ханының бүкіл ордасымен лап қоюнан; екіншісі – жетелердің күшейіп алып, шекараларын Іле мен Балқашқа дейін кеңейтуінен басталса керек.

XVII жүзжылдық, шапқыншылықтың ауыр зардабы мен ішкі қырқыстың қайғылы заманы болды. Осы кезде тұған аңыз-жырлардың мазмұны қасіретті шерге толы. Мейірімсіз жау оларды атамекенінен ысырып, қазақ пен ногайды екі айырады. Қалмақ ханы Хоурлық шапқынинан соң, ногайлар Жайық пен Еділдің аргы бетіне өтіп, қазақтар 1636 жылы оңтүстікке ығысады. Қазақтың өзі екіге бөлініп: Есім хан Түркістанда мекендесе, Тұрсын хан Ташкентте табан тіре-

三  
字  
經

## САНЬ-ЦЫ-ЦИНЬ

или

## ТРОЕСЛОВІЕ

СЪ АЛТОГРАФИРОВАННЫМЪ  
КИТАЙСКИМЪ ТЕКСТОМЪ

ПРЕВОДЕННО СЪ КИТАЙСКОГО  
Михаилъ Глинка.

Александру Сергеев ичу Тучи кичу  
Ф. А. переводчикъ

С ПЕТЕРБУРГЪ.  
ПЕЧАТАНО ВЪ ТИПОГРАФІЇ Х. ГІНЦА  
1829.

Титулный лист книги Библиотека "Сань-Цы-Цинь или Троесловие",  
преподнесенный автором А. С. Пушкину с собственноручной надписью

ді. Қазақ пен ноғайлардың жылап айрылысусы, сол кезде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің қобызда ойнаған қүйлерінде өшпес ізін қалдырды. Ол дастан-жырларды, қүйлерді тыңдаған кәрілердің сақалдарынан тарам-тарам жас ағып, мұң-шерге батады. «Ормамбет би өлген күн, Он сан ноғай бұлғен күн» деп жырлайды дағы жыраулары.

Сол кезде туған мәтелде: қалмақтар «Алатарайдай дүрліктірген» деп түсіндіріледі. Құлжа шаңарында ойраттың өткенін жақсы билетін бір кәрі адаммен (Туульчи) сөйлестім. Ол маған Хоурлықтың ноғай мен қазақты жеңгені туралы көптеген жырларды айттып берді. Сол заманда туған қазақ жыр-дастандары қашалықты мұнды болса, қалмақ дастандары соншалықты көтеріңкі көңіл күйде айттылады. Осы екі халықтың жырларынан мен ана мәтелдің («Алатарайдай дүрліктірген») кілтін тапқандай болам. Ноғайлар қалмақтардың шабуылын күтіп зәрелері қалмаса, қалмақтар ноғайларға бата алмай қорқады. Бір түнде, ноғай ұлысының желісінен ала тай босанып кетіп, бүкіл жылқыны дүрліктіреді. Қалмақтар келіп қалды деп, ноғайлар бет-бетімен қашады, соны пайдаланған қалмақ тайшысы Сары-Манжку Ор тоғайына тығылған ноғайларды шауып, осыдан бастап бұл жер біздікі деп жар салады», - дейді Шоқан жарықтық (93, 29-47).


Кеңес заманында Ноғай Ордасы мен Едіге ұрпақтарын жүйелі түрде саралаған қазақ тарихшыларының бірі М. Тынышбаев еді. Санаудың ғұмырын халқының игілігіне адал қызмет етуге арнаған, ол XX ғ. басындағы Алаш қозғалысы атанған азаттық күресінің көрнекті қайраткері, қазақтан шыққан тұнғыш техникалық маман және Кеңес дәуірінің қазақтан шыққан алғашқы тарихшы-ғалымы. Тарихшының «Материалы к истории киргиз-казахского народа» (Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімінде 1924 және 1925 жылдары оқылған) дәрісі мен «Мырза Едіге батыр» («Ертедегі Едіге мен тарихтағы Едіге») 1924 ж. «Сана» журналында жарияланған мақаласында Ноғай Ордасы халықтарының тарихы мен Едіге бидің ұрпақтары жөнінде орасан көп мағлұмат жинақталған екен. Осы еңбекті жазу барысында бұл дереккөздерді там-тұмдап беріп отыратын болғандықтан, қазір уақыт алдырмай-ақ қояйық (94, 109-116; 95, 38-45; 96, 66-152).

Қазақстан Республикасының ғалымдары жаңа замана аясында Ноғай Ордасына жаңаша көзқарас қалыптастыру бағытында жұмыс істеді. Ғылыми ортағабұрынмұрағатқорларында (Қытай, Ресей, Иран, Солтүстік Кавказ) сақталып, тұмшаланып келген жәдігерлер там-тұмдап жарыққа шығып, халық игілігіне айналуда. Бұрынғы Қажы Тархан аймағы Ноғай Ордасында ата-бабасы қоныстанған құтты мекеннің түлегі, белгілі қазақ

тариҳшысы, профессор Бейімбет Бабіктіұлы Ермұхановтың «Сарайшық – Ноғайлының астанасы» (1997 ж.) және «Сарайшық – Қазақ хандығының астанасы» атты жан-жақты зерделенген ғылыми еңбектерінде (2004 ж.) Ноғай Ордасының шекаралық аймағы былай анықталады: «... Ноғайдың иелігі Днестрдің оң жағалауында болды. Ноғай ұлысы мен Ноғай Ордасы аумақ жөнінен де, уақыт жөнінен де бір-бірінен (яғни Алтын Ордадан – Ә.-Қ.) мүлдем бөлек, тарихи-географиялық түсінік», - деп тұжырымдауы көнілге қонымды. Шынтуайтында, Алтын Орданың ең қыыр батыс ұлысын билеп тұрған Шыңғыс ханның тұңғышы Жошыдан тарайтын Ноғай (өзі Дунайды қоныс қылғанымен, иелігінің жаз жайлауы мен қыс қыстауы Прут және Днестр өзендерінің аралығы болды), 1300 жылы Алтын Орда ханы Тоқтыға қарсы шайқаста қаза тапқаннан кейін, оның ұлысы шығысқа карай жылжып, ғалым Б. Ермұханов көрсеткен аймаққа қоныс аударған еді (97, 83).

Ноғайтануға елеулі үлесін қосып келе жатқан Қазақстандық тарихшы Б.А.-Б. Кочекаевтың еңбегі де бір тәбе. Ол ноғай-орыс қатынастарын табандылықпен зерделей жүре, Ноғай Ордасының бастапқы құрылу кезеңіне баса назар аударып, 1988 жылы «Ногайско-русские отношения в XV- XVII вв.» деген көлемді ғылыми нақтыланған шығармасын дүниеге келтірді. Кітап үш тарауға жинақталған, оның біріншісі Ноғай Ордасының қалыптасу кезеңін анықтаса, қалған екеуі Ноғай ұлысының Ресей, Қырым, Түрік мемлекеттерімен ара-қатынасын талдауға арналыпты. Шығарманың маңыздылығы, автор Ноғай Ордасы мен қазақ, қалмак, орыс халықтары арасындағы өткен-кеткен оқиғаларды әділдіктен аттамай зерттеген.

Б.А.-Б.Кочекаевтың пікірінше, ноғайлардың Москва патшасымен халықаралық байланысы «аға мен інінің сыйластығынан» әрі бармады, ол кезде Ноғай Ордасы өз тәуелсіздігін сақтаған. Оны ғалым былай тұжырымдайды: «...Российское покровительство с элементами вассалитета» (101, 97-100).



Қазақстанның көрнекті тарихшысы А.И. Исиннің ғылыми еңбектері XVI ғасырдағы Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасының өзара қатынасы деген тақырыпқа бағышталады. Тарихшы ғылыми ортага түскен ноғай-қазақ қатынасына байланысты құжаттарды тиянақты зерттеген, ішінде Елшілік бұйрықтары мен Ресей мемлекеттік мұрагат қорларында сақталған ескі актілері де бар, сондай-ақ шығыс елдерінің шығармалары да ғалымның назарынан тыс қалмаған тәрізді. Осы құжаттардың негізінде тарихшы қазақ билеушілері мен Едіге ұрпақтарының шығыс Дешті Қыпшақ жерін («Узбекское наследство») иеленудегі таластартысын, осыған орай, олардың ара қатынасын білгірлікпен ғылыми тұрғыдан шебер суреттейді.

А.И. Исиннің шығармаларының тағы бір ауыз толтырып айтуда тұратын жағы, сол кездегі Ноғай Ордасының шығыс елдеріне деген көзқарасы, ұстаған сыртқы саясаты ғалымның ынтасымен көпшілік ортага тартылуы. Бұл мәселеге кезінде көніл аударған орыс ғалымдары А.А. Новосельский, М.Г. Сафаргалиев, В.М. Жирмунский және басқалары ноғай-қазақ қатынасын фольклорлық шығармалар төңірегінде ғана сөз еткен еді (102, 37-49; 103, 1-25).

Ноғай-қазақ тубі бір екі халықтың ата-бабасының туысқандық байланысы Н. Қазбектің «Алтын Орданың құрылуы мен құлауына дейін» (1998 ж.) және Ж. Физатовтың «Сарайшық – астана қала» (2004 ж.) еңбектерінде біршама қамтылған.

Мұнда Алтын Орда, Ресей, Қырым, Ноғай және қазақтың Қасым ханы мен сұлтандар арасындағы саяси-әлеуметтік қатынастары, басқыншылық соғыстарының шығу себептерінің түп-төркіні ашылады, Еділ мен Жайық өніріндегі ноғай-қазақ ру-тайпаларының тұрмыстіршілігі, олардың астанасы Сарайшық қаласының сан сырлы да шерлі тынысы сөз құдіреті арқылы баяндалады (104, 3-128; 105, 15-192).

Жаңа замана аясында жаңаша көзқараспен ноғайларға қаламын тебіренткен ғалым, жазушы, мемлекеттік сыйлықтың жүлдегері, Қазақстан Республикасына енбегі сіңген белгілі қайраткер Ә. Сарайдың ноғайлардың ғұмырына құрандай бағышталған баға жетпес ғылыми-зерттеу шығармасы көпшілік оқырманды тәнті етті. Мұнда Әнес баурымыз ноғай-қазақтарда Сыбыра жыраудың (XV ғ.) «Қырымның қырық батыры» деп айшақталған эпостардағы кейіпкерлерді тағылыммен салыстыра отырып, тарихнамада бұрын түрлі себептермен айтылмай келген, олардың тың табиғатын тірілтеді, туысқан екі халықтың өткен-кеткен дәуірінен мол мағлұмат береді. Оқырмандарды Едіге бидің ұрпақтары Нұр әд-Дин, Мансұр, Ұақас, Мұса хан, Жаңбыршы, Орак,

Мамай, Қарасай, Қазилардың өмір деректерімен таныстырып, оларға байланысты тың пікірлер тоғысын ұсынады. Бұнымен бірге жазушының еңбегінде ноғайлардың дәуірінде сұрып салма төгілме Сыпира жырау, Асан Қайғы, Шалқиіз, Доспамбет, Қазтуған ақындардың әдеби мұраларын зерделей отырып, олардың өмір сүрген кезеңдері де авторды бей-жай қалдырмағаны көрініп тұр (106, 7-462). Ғалымның шығармасы жоғары бағаланып, «Ноғайлының рухани өмірі» деген атаумен аталмыш еңбектің түпнұсқасынан ұзінділері «Егемен Қазақстан» газетінде ұзбей жарияланып келеді (107, 5-6).

Енді бір мезгіл Ноғай Ордасын шығармаларына және жолжазба дерекнамаларына арқау қылған шетел саяхатшылары мен ғалымтарихшыларына уақыт бөлейік. Жасыратыны жок, Ноғай Ордасын мемлекет санатында қарастырмаған еуропалық және ағылшын тілді тарихшылар XIX ғасырдың соына дейін оны ауыздарына да алған жок. Эрине, бұл сөз жок, Ноғай тарихына жасалған қиянат еді.

Дегенмен «асыл тас су түбінде жатпады», еуропалық тарихшы X. Ховорстың төрт томдық «История монголов» еңбегіндегі (алғашқы нұсқалары 1876-1927 жылдары жарық көрді) Ноғай Ордасына қатысты тиіп-қашты оқиғалар Н.М. Карамзиннің, Й. Хаммер-Пуршатальдың және басқалардың енбектерінен алынғанымен, ноғай халықтарының тұрмыстынысының шет ел тарихнамасына енгенінің өзі көнілге қонымды (33, 23). Осыдан кейін шет ел ғалымдары Ноғай Ордасының тарихынан тамтұмдап мәліметтерді көпшілікке таратады. Шығыс халықтарының шығармалары біртіндеп Батыс елдерінің тілдеріне аударылып, ғылыми айналымға түсे бастағаны байқалады. Мәселен, Польша тарихшысы А. Зайончковский (1969 ж.) Қырымда сақталған жазба құжаттарды өз тіліне аударып, Ноғай Ордасына қатысы бар оқиғаларды топтастыруға әрекет істеген. Бұның өзі еуропалық ғалымдарды ноғайлардың өмір кешенін зерттеуге қызығушылығын туғызған еді (108, 10-28).

Француз оқымыстысы А. Беннигсен мен оның шәкірттері түрік тілінде жазылған шығармаларды зерттеді, соның негізінде Түрік жүртіші XV-XVI ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігі зерделене түсті. Аталмыш ғалымдардың пайымдауынша, кейбіреулер айтып жүргендей емес, Түріктік Порт мемлекеті XVI ғасырда Ресейге қарсы жаушылық ниеттен аулақ болған, татар-ноғайлардың тарапынан оған қастандық ұйымдастырылмаған. Шындығында, Осман түріктерінің мұрағат корындағы құжаттар Стамбул саясатының Қырым Герейлеріне ғана бағышталғаны, ал жайбарақт қөшіп-қонған ноғайларға қатысы жок деген пікірлер күптауға жатады.

Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік бірлестіктерге Америка Құрама Штаттарының ғалымдары Я. Пеленский мен М. Ходорковский де зерттеу жұмыстарын дәйектерімен қоса арнады. Бұлардың біріншісі кітабында Москва-Қазан қатынасын әңгіме қылса, екіншісі – еңбегінде XVI-XVII ғғ. Дешті Қыпшақты қоныстанған қалмақтардың (ноғайлардың) тыныстынымын және көрші мемлекеттермен қарым-қатынасын сараптаудан өткізді. Осы тұста олар Ноғай халықтарының тағдыр-талайын назарларында нық ұстап, оларда болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларды бастаң аяқ жілке тізеді және пікірлері нақты деректермен баяндап, - деп тұжырымдайды Ресейдің көрнекті тарихшысы В.В. Трапавлов (33, 23).

Шетел ғалымдарының ішінен шоқтығы биік шығармалардың бірі Д. Девиз жазған «Исламизация и исконная религия в Золотой Орде. Баба-Тюклес и обращение в ислам исторической и эпической традиции» (1994 жылы баспадан шығады) кітабы. Мұнда автор Жошы ұлысындағы халықтардың мұсылмандықты қабылдағанын ғана айтып қоймайды, Дешті Қыпшақта Ислам дінін енгізудегі Баба Туклас әулиенің еңбегін ерекше көрсетіп, шығармасының негізгі тарауларын осы әулиеге бағыштаған. Оның болжауынша, Едігенің арғы атасы Баба Туклас саналғандықтан, ноғай мырзаларының түп тамыры Баба Тукластан басталады деген пікірді қолдайды. Айтқандарын дәлелдеу үшін Д. Девиз ноғай мырзаларының генеалогиялық шежіресін қағаз бетіне түсіріп, оларды тарих бетінде хатталған ноғай билеушілерінің ата-тегімен салыстырып қарастырылады. Бұнымен қоса, ғалым Ноғай Ордасының астанасы Сарайшық қаласында хандар жерленген ғимараттарға да көніл бөліп, Ордада қалыптасқан сол замандағы діни саясаттың бағытын байқағанын еңбегінде атап көрсетеді.

Сөз орайында, туысқан Түрік ғалымдарының да ноғайтану мәселесіне қосқан елеулі еңбегін айту ләзім. Түрік тарихшыларының шығармаларынан, алдымен көзге шалынатыны, Осман империясының ұстанған сыртқы саясатындағы Шығыс Еуропамен Қаратеніздің солтүстік жағында орналасқан Қырым – Түрік халықтарының жай-жапсары түзілген шығармалар. Олардың ішінен А.Н. Кураттың Қырым-Түрік әскери одағының Астрахан хандығына (1569 жылғы) жорығы туралы бајнадауы назар аудараптық. Бұған қоса, X. Иналдұкытың мақаласы мен О. Гёк-бильгиннің Қырым хандығына (1530-1570 жж. аралығы) арналған кітабында Ноғай Ордасына қатысты оқиғаларды қамтуға ниет білдіргені көрінеді. Дегенмен, олардың еңбектерінде ноғай мәселесі жалпы шолу бағытында беріледі, арнаулы зерттеулер көп ұшыраса қоймайды.

Сонау ортағасырлық дәуірдегі ноғай халықтары мен Ноғай Ордасын көзімен көріп, Дешті Қыпшақ елінің адамдарымен әңгімелесіп, ой

түйіндеген шет ел саяхатшылары, елшілері, саудагерлерінің күнделік жазбаларына, мемлекет аралық хаттарына (грамоталарына) да көніл аудара кетейік.

Шынтуайтын айтсақ, сол заманда Еуропа елдерінің тарихшы-ғалымдарының ноғайларға әдейі арнап жазған бірде-бір шығармасының кездеспеуі, әрине, көнілді көншітпейді. Алайда, Ноғай жұрты мен оның көшпенді мемлекеттік бірлестігі батыс зерттеушілерінің назарын нақты аудармағанмен, олардың тағдыры-талайы, тыныс-тіршілігі Орыс мемлекеті тарихында немесе осы елдердің жерін басып өткен шетелдік саяхатшылар мен саудагерлердің күнделіктерінде там-тұмдап кездесіп отыратыны рас.

Мысалы, 1394 жылы түріктерге тұтқынға түскен Бавария сарбазы Иоганн (Ханс) Шильтбергер (1380-1438 жж.) 33 жыл бойы күнделік жүргізген. Тұтқында жүрген кездерінде ол көптеген елдерге, соның ішінде Алтын Ордаға да сапар шегеді, 1427 жылы тұтқыннан құтылып еліне барып, күнделігін жинақтап еңбек жазады. Оның кезінде жанағана отау тіккен Ноғай Ордасы мен оның құрамына кірген ру-тайпалардың аты аталмағанмен, XV ғасырдың бірінші ширегінен бағалы дәйекнамалар қалдырған. И. Шильтбергердің кітабындағы Алтын Орданың «Бегілер begi» Едігенің билік дәрежесі, оның Сібір хандығына жорығы және онда «қолдан қойылған» Чекре ханды ұлықтаудағы бидің рөлі шындыққа таяу суреттелген (36, 213; 109, 9-47).

Едіге бидің іс-әрекеттеріне баға беретін тағы бір еңбектің авторы – европалық елші Рун Гонсалес де Клавихо (туған жылы белгісіз, 1412 ж. өлген). Ол Кастилья (Испания) және Леонаның королі Генрих III де Трастамараның тапсырмасымен 1403-1406 жылдар аралығында Ақсақ Темірдің ордасына барған. Самарқандта болған кезінде елші Маңғыт жұртының биі Едіге мен Мәуреннахрдың әміршісінің эскери одағы және олардың кейін қасастыққа көшіп, бір-бірінен қол үзіп кеткенін естиді. Күнделігінде Р. Клавихо Алтын Ордадағы қолбасы Едігенің ерлік істеріне, кеменгерлігіне, мәмілекерлік саясатына әбден қаныққанын және оның Жошы ұлысындағы беделін аузынан тастамай әңгімелепті (111, 15-161).

АКАДЕМИЯ НАУК АЗЕРБАЙДЖАНСКОЙ ССР  
ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ АЗЕРБАЙДЖАНА

ИОГАНН ШИЛЬТБЕРГЕР

## ПУТЕШЕСТВИЕ ПО ЕВРОПЕ, АЗИИ И АФРИКЕ

С 1394 ГОДА ПО 1427 ГОД

Перевод со старонемецкого Ф. К. Бруна.

Издание, редакция и примечания академика А.Н.  
Азерб. ССР З.М. БУНІЯТОВА

Едіге ұрпақтарына қалам тартқан венециандық саясатшы Иосафат Барбаро да (1413-1494) тарихтан мәлім. Ол 1436 жылы Дондағы Тану қаласына елшілік сапармен келеді, 1473-1479 жылдары Персияда дипломатиялық қызметін жалғастырған. Ол көрген-білгенін күнделікке түсіріп, 1480 жылдардың соны мен 1490 жылдар басында елшілік сапарынан кітап жазады. Оның: «Путешествие в Тану и Персию» деген шығармасында елші Едігенің ұлы Алтын Орданың «Бегілер бегі» Наруыз бидің қабылдауында болғанын айтады. Алтын Орданың атақты биі Едіге халықтың қалаулысы, ерлік істерімен жұртына танымал, Ислам дінінің жанашыры болғаны И. Барбароның жүргегінде мықтап орын алғаны жазған еңбегінде айшықталып тұр (111, 113-161).

Қырым хандығына елшілік сапармен барған батыс саясатшыларының бірі Мартин Броневскийдің (туған және өлген жылдары белгісіз, о дүниелік болған уақыты шамамен XVII ғ. басы деп топшыланады) күнделігі де назар аударапты. Польша королі Стефан Баторидің ұйғаруымен елші 1578 жылы Қырым ханы Мұхаммед Герей Екіншінің ордасына келеді. Хан сарайында тоғыз ай тұрған М. Броневский еліне келген соң, Қырым жұртының өмірінен «Описание Крыма» атаумен жазбасын қағаз бетіне түсіреді. Осы уақыт ішінде шетелдік елші Қырымдағы ногай мырзаларының өзара әулеттік, туыстық және бақталастық қарым-қатынасын зерттеген, сол сияқты Ноғай Ордасы мен Бахшасарай билеушілерінің ара қатынасына мән берген (112, 333-367).

Сөз орайында алға жылжып айта кетейік, 1620 жылдары Доминикандық монах Жан де Люка да (Джованни Лукка) тағдырың айдауымен Қырым жарты аралын, Қаратеніз жағасын, Солтүстік Кавказ бен Қап тауының арғы бетіндегі жерлерді аралап шығады. Саяхаты туралы әңгімелерді жаза отырып, Джованни Лукка Қырым тұбебіндегі ногайлардың көші-қон мекендері мен тұрмыс-қарекеттеріне тоқталыпты. Олардың ханы Шыңғыс хан ұрпақтарының бір тармағы Герейлерге жататынын айта келіп, ондағы Бұджақ (Бұл жақ) ногайларының өмір кешенінен де әжептәуір мәлімет береді (113, 473-493). Оның ісін әрі жалғастырған әріптесі Эмиддио Дортелли д'Асколи Қырымда он жылдан астам уақыт тұрып, хандықтың ішкі жағдайымен, оның ішінде ногайлардың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен етene танысады. Италияға келген соң көрген-білгенін жинақтап: «Описание Черного моря и Татарии» деген еңбегін өз тілінде 1634 жылы жазып бітіреді. Шығармасында Э.Д. д'Асколи өзі күэ болған оқиғаларды бірін қалдырмай түзеді, Маңғыт биі Хан Темірдің Бахшасарай билеушісіне қарсы жорықтарын, ал жалпы ногайлардың Қырым саясатындағы рөліне ерекше мән беріп, олардың этникалық құрамдарын талдауға да талпыныс жасағаны байқалады (114, 89-110).

Қырымнан д'Асколи еліне қайтқан тұста, бұл жерлерге Польша Үкіметінің жалдамалы қызметкери, француздық инженер Гильон де Боплан (туған уақыты деп шамамен 1600 жылды атайды, ал өлген кезі – 1673 жыл) келеді. Оның мақсаты Сигизмунд Үшінші корольдің тапсырмасы бойынша Қырым хандығы мен Оңтүстік Украинаны сыртқы жаулардан қорғау үшін қамал тұрғызыу еді. Ол осы жұмыспен 18 жыл (1630-1648) айналысып, отаны Францияға оралған соң Қырымда көрген-білгендерін түзіп, қағазға түсіреді. Оның шығармасы «Описание Украины» деп аталғанмен, қызмет бабында Әділжан (Бұл жақ) ногайларымен көп араласқанын айтады және олардың кәсіби қарекетінен, шаруашылық жүргізу әдісінен, тұрмыс тынысынан, қоғамдық саяси-әлеуметтік өмірінен дәйекті мәліметтерді береді (115, 289-388).

XV ғасырдың аяғында Русь мемлекеті Алтын Орданың бұғауынан босанған сэтте, оған көрші батыс елдерінің барым-келімі пәрменді дамыды. Бұған, эрине, Ресей патшасы III Иванның Литва Ұлы княздығымен тізе біріктірген қарымды жорықтарының да себебі тиғен тәрізді. Жасыратыны жоқ, осы тұста Москва княздығына шет елден келімсектер ағылды, оның бірі әулиелік дәрежесі бар Рим империясының Венадан келген елшісі – Ресей Ұлы князының сарайына екі рет келген австриялық дипломат, неміс бароны Сигизмунд Герберштейн (1486-1566). Ол Ресейге 1517 және 1527 жылдары сапар шегіп, Рим императоры I Максимилиан мен таза қанды Эрцгерцог Фердинандтың тапсырмасын орындаған еді. Дипломатиялық қызметімен қатар С. Герберштейн Москва княздығының ішкі-сыртқы жағдайымен де танысып, оның құрамындағы халықтар жөнінде мағлұматтар жинастырған. Елшінің зеректігі, жинаған жәдігерлерінің сапалылығы және ізденушінің ұқыптылығы, ол жазған «Записки о Московии» атты шығармасы сол дәуірдегі тарихнамаға қосылған құнды деректер деп айтуға тұрарлық. Зерттеушінің еңбегінің жарыққа шыққанынан бері бес ғасыр уақыт өтсе де, ғылыми бағалылығы бір сэтте бәсендерген емес. Мәселен, ғалым алғашқылардың бірі болып, сонау дәуірде көп адам біле бермейтін Ноғай Ордасының ішкі жағдайының қыр-сырын ашып көрсетеді. С. Герберштейн Ноғай Ордасының құрылымын, оның оң қанат пен сол қанат болып бөлінетінің, ұлыс бірлестігіндегі ру-тайпалардың тыныс-тіршілігін біліктілікпен сараптауы, сол уақыттағы өлшеммен бағалағанда, таңғаларлық жәйт еді. Мұнымен бірге, Рим империясының саясаткері өзі қатыспағанмен, жұрт аузынан жазып алған оқиғаларды – Кажытархан хандығы мен Қырым билеушісі Мұхаммед-Герей арасында өткен 1523 жылғы «Қызыл қырғын» қантөгісті де шындық тұрғыдан

баяндаған еді (бұл туралы алдағы тараулардың бірінде айтылады – Ә.-Қ.), қазір бұған тоқталып жатпаймыз (116, 164-183).

Осыған ұқсас мақсатпен Москва княздығына Әулие Рим империясының билеушісі I Максимилианның жұмсауымен Франческо да Колло 1518 ж. елшілік ниетпен келген-ді. Саясатшының көзделегені Русьтің Ұлы князы III Василий мен Польша-Литва королі I Сигизмундтың арасын жақындастырып, екі ел арасындағы бейбіт өмірдің отын маздату еді. Елші Москвада жарты жыл тұрып, еліне оралады. Осы сапарынан елші өз билеушісіне Москва княздығы мен оның төңірегіндегі елдерден естіген-білгенін айтып, мәнді хабарлама дайындаған. Елшінің жазбасында көп санды (он сан) ноғайлардың әскери қабілетін көрсететін мағлұмдар да кездеседі. Оның бір байқағаны, ноғай жасақтарының әлсін-әлсін тегеурінді шабуылдарынан сескенген көршілес халықтардың билеушілері оларға «алым» (салықтың бір түрі) төлеп тұрады екен (117, 3-85).

XVI ғ. орта шенінен бастап, Русь мемлекетінің сауда және дипломатиялық қарым-қатынастары Англиямен жаңа сатыға көтеріледі. Бірінші болып Русь жеріне қадам басқан британдық сауда кемесінің капитаны Ричард Ченслер еді. Одан кейінгі он жылдықта ағылшын өкілдері Москваға және сол арқылы Индияға, Персияға тынымсыз қатынап жүрді. Осылардың арасынан ағылшын саяхатшысы Антони Джленкинсонның (1611 ж. қайтыс болған) жазбалары көніл аудараллық. Ол өзінің төрт рет (1558-1559 жж. және 1562-1564 жж.) шеккен сапарында Москва княздығы, Мәуреннахр мен Парсы жерлерінде болғанын айта келіп, Еділ бойынан өткенде көшпенді ноғайлардың қоныс-мекендерімен танысқанын еске алады. Оның айтуынша, бұдан бірнеше жыл бұрын Ноғай Ордасын ашаршылық пен бассыздық оты шарпыған. Бақталастықты ұйымдастырғандардың бірі – Ноғай мырзасы Исмайыл өзінің қандас туажаты Жүсіп (орыс деректерінде көбіне Юсуп би деп жазылып жүр – Ә.-Қ.) биді өлтіріп, Ноғай Ордасын басып алғаны да саяхатшының назарынан тыс қалмаған (118, 67-215; 212, 1-18; 120, 67-215). Бұл туралы әңгіме алдағы тараудың бірінде кенірек баяндалады...

Тағы бір ағылшын өкілі, Королева Елизаветаның сарай діндәрі Джайлс Флетчер (шамамен 1549 жылы туып 1611 жылы қайтыс болған) орыс патшасына елшілік сапармен 1588-1589 жылдары келіп қайтады. Оның және Түрік империясының саяхатшысы Э. Челебидің сапарнамалық жазбаларында ноғайлардың тұрағы ғана көрсетіліп қоймай, сонымен бірге жасақтарының Еуропа соғысына қатысқаны туралы мәлімдеме түсірген, Ноғай атты әскерінің соғыс қымылдарына қызықты сипаттамалар беріліпті (123, 3-160; 122, 15-258; 119, 7-278).

Швед мемлекетінің саясаткер-дипломаты әрі тарихшысы Петр Петрей де Ерлезунданың (1570-1622) құнделігінде Ресей ноғайларының XVI ғ. екінші жартысындағы жай-жапсары әңгімеленеді. Қызметіне орай елші Москвада 1601 жылдардан бастап, бірнеше рет болған, Ресей халықтарының түрмис-тынысымен біршама танысады. Алайда оның жазбаларындағы оқиғалар, жоғарыда айтылған С. Герберштейннің енбекінен алынғандығы көзге шалынады (124, 7-386).

Сауда ісін үйренуге барып, Ресейде тоғыз жыл тұрған голландық саудагер Исаак Массаның (1587 жылы туып, шамамен 1635 жылдары өлген) жазбалары да құнды жәдігерлердің қатарына жатады. Ол 1610 жылы еліне оралғаннан кейін, Нидерланды билеушісі Вильгельм Оранскийге өзінің Ресейдегі 1610 жылға дейін көрген-білгенін қағазға түсіріп, жолдама күйінде жеткізеді. Ол жазбаларында Москва мемлекетіндегі сол кезеңдегі келенсіздіктерді жіпке тізіп билеушісін хабардар етеді. Құнделігінің бір жерінде Үлкен Ноғай Ордасының орыс патшасы Борис Годуновқа бағыныштылығын айта отырып, ноғай мырзаларын патшага айт беруге мәжбүрлеу нәтижесіз аяқталғанын ашып көрсетеді (125, 5-208).

Ресей патшалығын келенсіздік пен бассызыңық жайлаған мезгілдердің бірінде Польшаның елшісі Станислав Немоевский (шамасы 1560 жылдар мен 1620 жылдар аралығында өмір сүрген) Москвада тұрған екен. Оның айтуынша, I Лжедмитрий әшкереленген тұста, ол Василий Шуйский патшаның жарлығымен жер аударылып 1608 жылға дейін Белоозерь аймағында жүреді. Одан босанғаннан кейін еліне қайтып, Ресей мемлекеті жөнінде қысқаша құнделік жазып, өз билеушілеріне табыстайды. Осы дерекнамасында С. Немоевский ноғай мырзасы Әли Жүсіпұлымен кездескенін айтады, мырзаның Романовтар әuletінен алған жер аймағы Еділ өзенінің бойында орналасқанын, Ноғай жұртының басым көпшілігі Дон бойын қоныстанатыны жазылыпты (126, 1-309).

Тап сол кезеңдегі Ресей патшалығында орын алған келенсіздікті басынан өткізген Конрад Буссовтың (1617 ж. шамасында қайтыс болған) құнделігі де көнілге қонымды. Ол 1601-1611 жж. аралығында Ресейде он жыл үстінде тұрып, 1612 жылы Латвия астанасы Ригаға қоныс аударады, сонда барған соң көрген-білгенінен естелік жазыпты. Онда орыс патшасы Федор Ивановичтің таққа отыру салтанатынан бастап, 1611 жылға дейінгі Ресей тарихынан хабарламасын береді. Осы екі ортада өткен оқиғаларды құнделігіне түсіріп, оның ішінде II Лжедмитрийдің қаза болу оқиғасы да баян болыпты. Елшінің болжауынша, 1610 жылы жалған патшаны өлтірген адам – ноғай биі Петр Ұрысов (ол ноғай мырзасы Орақ Жанарысұланның ұлы) болса керек. К. Буссов бұл оқиғаны бастан-аяқ бүте-шігесіне дейін қалдырмай жазбасына түсіріпті (127, 3-400).

Үлкен Ноғай Ордасының құлауына аз-кем уақыт қалғанда, ол елге неміс оқымыстысы әрі саяхатшысы Адам Олеарий (қайсыбір деректер бойынша, Эльшлегер, 1603-1671) барған. Ол Ресейге 1633-1634 жылдары, Персияға 1635-1639 жылдары сапар шеккен.

Күнделігінің көп жерлерінде С. Герберштейн мен Петреи де Ерлезунда еңбектеріне сүйенгенін жасырмай айтқанмен, өзінің байқағандарында қоса отырып, оқиғаларды тәптіштеп жазады. Жүріп өткен жолында Астрахан қаласында болғанын, оның төңірегін көшпенділер жайлайтынын, жергілікті халықтың Ресей патшасының әскери қызметшілері мен қалмақтарға жаулық көзқарастарын айқын байқағанын саяхатшы әңгімелепті. Алайда, елші А. Олеарийдің шығармасынан ноғайларды ылғи Астрахан татарларымен шатастырып отырғанын көреміз (128, 3-610).

1564 жылды орыс тұтқынына түскен лифляндіктер Иоганн Таубе мен Элерт Крузенің жазбаларына ден қойсақ, олар IV Иванның (Қаңарлы Иванның) қол астында, Елшілік бүйріғына сай саясаткерлік қызметпен айналысқан. Аталмыш шетелдіктер орыс патшасына адал істерімен жаққанымен, сәті түскенде, 1571 жылды Польшаға қашады. Еліне оралып, II Сигизмунд королге тұтқында жүргенде атқарған жұмыстарынан мағлұм түсіреді. Олардың жазбаларында ноғайлардың өмір сүру кешені, кәсібі мен тұрмыс-тынысы қамтылған. Авторлар Ноғай Ордасындағы қым-құыт оқиғаларды шерте келіп, оларды Исмайыл бидің өлімінен кейін болды деп қате түсінік жеткізген. Ал шынтуайтында, Ордадағы бақталастық пен қантөгіс ісі Исмайыл бидің іс-әрекетімен, Жұсіп бидің өлімімен тығыз байланысты өрбігенін шетелдік елшілер біле бермеген секілді.



Алаштың ардақтысы Мұрын жырау  
(1859-1954)

Орыс жерінде көп жыл тіршілік еткен француздық Жан Маржереттің (1550 жылды туып, шамамен 1618 жылдарда қайтыс болған) күнделігіне тоқтала кетейік. Ол кезінде, орыс патшасы Борис Годуновта әскери қызмет атқарған, артынан I Лжедмитрий «патшаның» күзетін басқарады. 1607 жылды Францияға оралып, Ресей мемлекеті мен Москва княздығының сыртқы саясатын қозғап, қалам түртіп, әңгімесіне көрген-білгенін арқау қылады. Эрине, оның әңгімесі Ноғай Ордасына тікелей қатысы болмаганмен, Москва базарында сатылатын ноғай жылқыларын

сәйгүліктерді көзімен көріп, олардың сұлулығы мен жүйріктігіне өзінің аса танғалғанын жазып кетіпті (129, 5-256).

Москва мемлекетінің ішкі тынысына еуропалық келімсектердің әр кез көңіл аударып отырганы, олардың жазба шығармаларынан көрініп тұр. XV ғ. бастапқы жылдарында Алтын Орданың бұғауында жүрген орыстарды «татарлардан» бөліп-жарып карау онайға түспеген. Өйткені, еуропалықтар оларды «татар» хандарының алым-салық алатын бір құрылымына санаған. Мәселен, Польшаның мемлекет қайраткері, тарихшысы әрі дәрігер-маманы Матвей Меховскийдің (1457-1523) ғылыми еңбегінде («Трактат о двух Сарматиях, Азиатской и Европейской, и о находящемся в них») баяндалатын Ноғай Ордасы тарихы орасан зор мағлұматтармен бедерленген. Бұның тағы бір құндылығы – XV ғасырда Маңғыт жұрттының Өзбек елі саналатын Әбу-л-Хайр хандығы құрамында болып, артынан бір себептермен екі жұрттың араздасуы дәйектермен өрілген. Оның айтуындағы оқиғалар («Лет за семьдесят до нынешнего 1517 года») ноғайлардың қатысуымен 70 жыл бұрын өткендіктен, дүние жүзінің бірқатар тарихшылары М. Меховскийге сүйеніп, Ноғай Ордасының мемлекеттілігі 1447 жылы құрылды деп жаңсақ пікір ашуға жол берген. М. Меховскийдің шығармасы еуропалық ғалымдардың ноғайтануға косқан елеулі еңбегі ретінде қаралып келеді. Бұл шығарма 1517 жылы баспадан шығып, еуропалық ғалымдар арасында қызу қолдау тапқаны да мәлім (130, 1-288).

Міне, осынша жазба еңбектерді кең көлемде беріп отырғанымыз, ноғай халқы мен Ноғай Ордасы тарихы бай екенін көрсетумен қатар, олардың ауызша әңгіме, жыр-дастандары, шығармалары XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында ғылыми ортаға түсіп, халық игілігіне айналғанына қанағаттанарлық жылы сезімізді ұрпақтары атынан білдіргіміз келгені. Сонымен қабат, бұлардың басым көпшілігі шет ел тілдерінде болғандықтан, біз осы шығарманы дайындау барысында, көбіне орыс және қазақ тілдерінде жазылған және осы тілдерге аударылған еңбектерді пайдаланғанымызды ескертеміз. Жас ұрпаққа ноғай халықтарының элеуметтік, мәдени-тұрмыстық жай-жапсарынан тарихи мағлұматтарды бере отырып, өткенін іздеген әрбір халық, оны біліп, келешегін бағдарлау жол-жобасына пайдаланса деген ниетімізді білдірген. Әрине, іс мұнымен бітпейді, бұл еңбекті тарихи құндылығы ғасырларға созылған Ноғай халықтарының сегіз қырлы, бір сырлы адами болмысын танудың алғашқы жолдамасы десек орынды болмақ.

Осы арада айтылатын тағы бір жайт, жасыратыны жок, көп жәдігерлер, әлі де болса, мұрағат корларында орыс немесе басқа

халықтардың тілдерінде сақталғандықтан, әсіресе, көне замандағы елшілік кітаптары, орыс жылнамалары, т.б., оларды саралап, қазақ тіліне аударып отырғандықтан кейбір қателіктерге жол берілуі де мүмкін, орыс тіліндегі сөздердің мазмұндық мағыналары да өзгеріске ұшырады. Сондықтан, оқырмандардың «біткен іске – сыншы көп» деген қағиданы есте ұстап, кешіріммен қарауын өтінеміз.



## ЕКІНШІ ТАРАУ

Маңғыт жұрты мен ногайлар туралы не білеміз?



Шыңғыс хан  
(1162-1227)

Тегінде ногай-қазақ түбіміз бір,  
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір...  
Алаштан қазақ тараган,  
Ногайлыға қараган.  
Жауга алдырмай ногайлар,  
Бір-біріне жараган.  
Ногайдан қазақ бөлініп,  
Үш жұз болып тараган...

Ел аузында сақталған жыр  
шумақтарынан үзінді (131, 197; 99, 19).

Инш Алла, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, өркениетке бетбұрыс тузеген бүгінгідей жайма-шуақ «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» замана кешегі Кеңес мемлекетінің кол астында болған халықтарға өздігінен келе қоймаса керек-ті. Жаңа заманада тәуелсіздіктің алтын қақпасын айқара ашқан болсақ, оның қыры мен сыры, зары мен зардабы әріде, тарих тұнғиғында жатқаны баршаға мәлім. Сондай құпиясы теренде жатқан тағдыр тағылымы мол халықтардың бірі – ногайлар. Олардың этностық құрамы мен мемлекеттілігі яғни Ордасының тарихы жаңа дәуірде, жаңаша көзқараспен сараптауды қажет етеді. Ногайларға арналған шығармалардың көпшілігі Ногай Ұлысының құрылған кезеңін XV ғасырмен шектейтін біржакты көзқарас пайда болғаны әлгіде ғана айттылды.

Біздің ойымыз, Ногай Ордасының халықтарының тарихи тағдыр-тәлімін қолда бар жәдігерлерге сүйене отырып, одан әрі жалғастырсақ дейміз. Ногай халықтары жөніндегі мағлұмдарды бір ізге түсірсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Ногай Ұлысының қалыптасуы мен құрылу кезеңі бізді Шыңғыс ханның бесінші ұрпағы Ногай қолбасының өмір сүрген кезеңіне – XIII ғасырға жетелейді. Бұны да ұмытпаған жөн.

Әрине, оның бастауы Шыңғыс хан құрған далалық империяның құрамды бөліктерінің бірі, яғни XIII ғасырдың бірінші жартысында

ұғын шанышқан Дешті Қыпшақтағы Жошы Ұлысы (келешекте Алтын Орда атауымен белгілі) болмак.

XIII ғасырда құрылымның бір бөлігі саналатын Шайбан ұлысының ізінде бой көтерген Өзбек хандығы, оның этносы өзбек атын жамылды. Олар қазір Өзбекстан Республикасы аталатыны мәлім. Сол секілді Днестр мен Дунай өзендерінің төменгі сағаларын мекендеген халықтар – Алтын Орданың «Беглер begі» Ноғай қолбасының қарауында болып, олар ғасыр өтө ноғайлар аталып, Ноғай Ордасының іргетасын қалады.



Алтын Орданың жауынгері.  
Қ.С. Ахметжановтың  
реконструкциясы

Асылы, Ноғай ұлысы тарихын жаңаша тұрғыдан сараласақ, зерттеушілерді ең әуелі XIII ғасырдың аяғына әкеліп тіререйтіні көрініп тұр. Мұнымен қатар, ноғайтанудың басы-қасында жүрген ғалымдар Ноғай Ордасын қолымен тұрғызған атақты Едіге бидің шыққан тегін нысанана алып, ноғай халықтарын кейде Маңғыт ұлысы, Маңғыт Ордасы немесе Маңғыт жұртшылығы атап, монғолдың түркіленген Маңғыт руына да апарады. Бұның да шындықтан алшақ жатпағаны макұлданады.

Алға жылжып айта кетейік, Едіге бидің заманында Ноғай Ордасының аумағы едәүір кеңейіп, шекарасы Еділ мен Жайық арасынан асып, Арап өнірі мен Каспий теңізінің терістік жағалауларына, Манғыстау түбегіне дейін жеткен еді. Кейін, онша ұзақ уақыт болмаса да, Хорезм аймағы да Ноғай Ордасының құрамына енген-ди.

Жалпы, Едігенің ширек ғасыр жүргізген саяси-әлеуметтік билігі (1396-1419 жж.) сәтті болып, Ноғай Ордасының құрамына енген рутайпалар арасында оның өзі шықты дейтін Манғыт руының үстемдігі ерекше артты. Ноғай Ордасының кей дерекнамаларда осы ұлыстың атын жамылуы да бұған мензегендей. Осынау Манғыт жұрттының үстемдігі Едігенің өзінен кейінгі ұрпақтары кезінде де сабактастырын тапты.

Манғыт тайпасының тарих бетіне шығуына орай оның тұп-тамырына үңілер болсақ, олар жөніндегі татымды зерттеулерді Кеңес тарихшысы М.Г. Сафаргалиевтің «Распад Золотой Орды», Ресейдің көрнекті тарихшысы В.В. Трепавловтың «История Ногайской Орды», Қазақстанның белгілі жазушысы Ә. Сарайдың «Ногайлы» еңбектерінен көреміз. Фалымдардың айтуынша, маңғыттар – түркілер мен монгол тайпаларының араласуынан дүниеге келген байырғы этнос. Манғыттардың XIII ғасырдың екінші жартысынан кейінгі тағдыр-

талайы Днестр-Прут, Днепр аймағындағы Ноғай қолбасының іс-әрекеттері аясында өрбиді. Осы ғасырдың аяғына таман күш-куаты сарқылған, жасы жетіп қартайған Ноғай батыр Тоқты ханның (1291-1312) әскерінен жеңіліс тауып, өлтірілгеннен кейін (1299 немесе 1300 жылы) Ноғай ұлысының халқын Тоқтының билігін мойындауға мәжбур етеді. Ханның қоластында езілген бейбіт өмірді көксеген ноғайлар келешекте өздеріне жайлыш мекен ізделп, Дон, Еділ мен Жайық өзендерінің бойына қоныс аударуды қалайды (133, 119-123).

Осы арада кішкене ат басын тежеп, маңғыттардың шығу тегіне көз тастайық, әлгі айтылған авторлардың және басқа шығыстанушылардың жөн-жосығы мәселеге демеу болғандай. Алайда, ізденушілердің басым көпшілігі оларды Маңғыт-Ноғай жүртты деп, бір елдің төнірегінен қарастырып келгені де тарихнамада белгілі (33, 484). Мәселен, ғалым Д.М. Исқаков маңғыт-ноғай тайпасы, тұрмыс-тіршілік жағдайларына байланысты бір жүрттан екінші қонысқа көшіп отырды, - деп, оларды біртұтас ел ретінде қарастырмаған (134, 106-107). Екінші бір ғалым Е.А. Поноженко далалықтардың, әйтеуір, бір тайпаның құрамында болуы шарт, өйткені, көшпелі тұрмыс салтында ру-руға топтасып қана халықтың өмір сүре алатынына назар аударады (75, 13). Қайсыбір зерттеушілер Ноғай Ордасының бірнеше ұлыстың бірлестіктерден құралғанын да тілге тиек етеді. Бірақ олардың көзқарасында бірізділік байқалмайды. Мысалы, К.П. Калиновская мен Г.Е. Марков ұлыстың құрамына бір ғана тайпаның халықтары кіреді десе (135, 61), енді біреулері (Е. П. Алексеева) ұлысты бірнеше рулар мен ел билеуші ақсүйектердің қосындысы құрайды деген пікірді алға тартады (136, 117). Соңғы көзқараста В.В. Трапавлов, Ә. Сарай және басқалары да ұлыстың елдерден тұратынын құптайды (33, 484; 106, 12-13).

Оны қолдайтын В.В. Трапавлов және басқа шығыстанушылар мынадай дәйектерді келтіреді. Ноғай халықтарының бастауында алғашында монгол маңғыттары, ал орта ғасырда түркі маңғыттары түрган шенберде қарастыруды жөн санайды. Жалпы «маңғыт» сөзінің ұғымы түркілік «маңғыттарға» бағышталып, келе-келе XIII-XIV ғғ. Шығыс елдерінің тари-



Ноғайлар. XVI ғ. суреті

хында осы ұлысқа кіретін ру-тайпалардың бәрін бір сөзбен «маңғыттар» деп атады да, маңғыттар келешекте «ноғай» атауын иемденеді. Өйткені Ноғай Ордасының Едіге сынды мықты билеушілері түркіленген Маңғыт тайпасынан шыққан-ды.

Дереккөздерді сараласақ, XII ғасырда Монғол ішіндегі маңғыттар Онон өзенінің бойындағы Боржігіндер (Шыңғыс ханың шыққан руы) мен Амур өзенінің ортағы сағасында орналасқан Тұнғыс тайпасымен екі ортадағы жерлерде көшіп-конып жүрген еді. Бұлар Байқал көлінің шығыс бетіндегі монғол-барғұттарымен көршілес келетін (164, 162; 30, 184). «Монғолдың құпия шежіресіндегі» (1240 жылы жазылып біткен) мәліметтерге сүйенсек, маңғыттар Начин бағадүрден тарайды, ол болса монғолдардың түпкі аناсы саналатын Гоа-Маралдың (Марал сұлудың) бесінші ұрпағы (165, 28; 7, 69-80). Лубсанданзанның «Алтын шежіресі» бойынша... «Маңқытайдың баласы Маңғыт руы болады. Ұрықұт маңғыттардың арғы аталары болатын» (166, 18-19; 7, 74). Рашид әд-Дин маңғыттардың арғы атасы Жақсу (Яхши) деп Сұлу Маралдың жетінші ұрпағын айтады (30, 184; 31, 29). Демек, маңғыттар «күн сәулесі» Нирұн тобына жатады және Боржігін руының бір тармағын құрайды да, Шыңғыс ханға аталары жағынан сабактас болып келетіні тарихи құжаттарда түзілген (30, 78-79).

Сейтіл, маңғыттар Шыңғыс ханың атасы және әкесі Бартан бағадүр мен Есугей бағадүрдің құрған ұлысынан қоныс табады. Бірақ Есугей өлгеннен кейін маңғыттардың жартысы ұлысты тастап көшіп кетеді де, қалғандары Құйылдар ноянның қарамағында жүреді. Уақыт өте келе Құйылдар бастаған маңғыттар Шыңғыс ханың жанынан табылады, ноянның өзі ханға адал қызметімен, жауажүректігімен жағады. Қаған да оның еңбегін бағалап, ылғи көмектесіп отырады. Маңғыт басшысы өзі жаугершілікте олай-бұлай болып кетсе, оның ұлысы мен балалары на қамқорлық жасауды өтінеді. Артынан, қанды қырғын ұрыстың бірінде Құйылдар мынбасы қаза тауып, бала-шагасы жетім қалады, Шыңғыс хан уәдесінен шығып оларға мемлекет есебінен айрықша «жетім салығын» төлеткізіп тұрган (30, 104-184; 31, 125-172; 167, 104-154). Әкесі өлгеннен кейін Құйылдардың ұлы маңғыттардың мындығын бастап, Солтүстік Қытайдағы соғысқа қатысады (31, 179-272).

Екінші бір Дохолку атты маңғыт Шыңғыс заманында, одан соң Үгедей қаған болған кезеңде сарай маңындағы черби (күзетші) қызметін атқарып, Торғауыт ұландарының «мындығын» басқарады (166, 137-170; 167, 159), ал маңғыт Жадай ноян Шыңғыс хан әскерінде оның үзенгілес серігі саналып, талай шайқастарға қатысты. Оның мергендік қадір-

қасиетіне сай ханың жанында құсшы-бүркітші және тазыларын аңға даярлайтын белгілі саятшысы болды. Қаған өлгеннен кейін де Жадай маңғыт оның кенже ұлы Төленің ордасында адал қызмет істеді, - дейді тарихшы Рашид әд-Дин (30, 185; 31, 264-278). Айтпакшы, Шыңғыс ханың әкесінің жұрттынан бөлініп кеткен маңғыттарды қаған тоз-тоз қылыш талқандайды да, тірі қалғандарын Жадай нояның қарамағындағы маңғыттарға қосып береді (33, 52).

Осы арада мынадай жэйтті де айтып өтейік. Жоғарыда сарапталған ізденушілердің енбектерінде маңғыттардың Қыпшак даласына қалай және қай уақытта келгені айтылмаған. Сондай-ақ Шыңғыс хан көзі тірісінде ұлken ұлдары Жошы мен Шагатайға үлес бөлгендеге, олардын арасында маңғыттарды атамайды (138, 207-208; 31, 274). Сондыктан, кейбір ғалымдардың (Л.Н. Гумилев, В.Л. Егоров және басқалары) Жошы ұлысына маңғыттар бастапқыда қосылған деген пікірлері ақиқатқа жанаса коймаса керек (168, 29-35; 169, 535-586). Тағы бір авторлардың болжамдауыша, Шыңғыс ханың өзі маңғыттарды «артында қалған ізбасарлары» іспетті алдын ала Дешті Қыпшакқа қоныстандырған, болмаса өзіне қарсы хандарға пайдалану ниетімен оларды Каспий теңізі маңына және Мәуреннахрға күні бұрын көшірген екен дегендегі де кисынға сокпайды (170, 116; 77, 33-34; 171, 192). Ал шынтуайтында, маңғыттардың іздері Орта Азияда тоғысатыны анық (172, 184), бұлар Ноғай колбасының негізгі тіректеріне жатады. Олай болса, түркі маңғыттары XIV-XV ғ. аясында өзбектердің көші-қонының ауыткуына байланысты қоныс аударған тәрізді. Эрі бұл маңғыттар монголдықтар емес дейді бірсызыра ғалымдар, ал шындыққа жакындауы, олар XIV ғасырдың басында атавы өзгерітілген түркі маңғыттары іспетті, бұларды көбіне Ноғай маңғыттары дейтіні осыдан болса керек (174, 57; 173, 37; 175, 229).

Мұны айтып отырғанымыз, маңғыттардың басым көлшілігі Шыңғыс заманында Монголияда орын теуіп қалған, ал әскер катарына іліккендегі қытайлармен соғысқа тартылған. Дей тұрғанмен де, Манғыт тайпасы XIII ғ. басында Шыңғыс хан империясының сол канатында болғандықтан Дешті Қыпшакқа алғашында Жошы ұлысымен бірге қоныс аудармаған сияқты көрінгенімен, көзі қаралты оқырманға байкалатыны, олардың азын-аулак көштері Монголияның шеткі аймактарынан, Байқалдың арғы бетінен және Манчжуриядан Батысқа карай жылжып, Қыпшак даласына жеткен тәрізді. Қыпшактарға ұқсас маңғыттардың бет әлпеті, сыртқы кескін-кейіп мен тұр-тұстерінен көрініп тұрғанын Казакстандық ғалым О. Исмағұлов байқаған. Дәлдеп айтқанда, ғалым XIII-XV ғасырларда Дешті Қыпшақта қоныс тепкен адамдардың кескін-келбеті монголдарға

жақын, яғни монгол-еуропидтік нәсілге ұқсастығы ғылыми жолмен дәлелденген (176, 88-89).

Маңғыттар туралы Қазақстанда шыққан энциклопедиялық анықтама мен шығармалар былай дейді:

«*Маңғыттар, Мангқұрт, Манғұт* — орта ғасырдағы түркі-монгол тайпасы. *Маңғыттар Жошы ұлысының әлсіреу кезеңінде* кеңінен белгілі бола бастады. Рашид әд-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегі мен «Монголдардың құпия шежіресіндегі» деректер бойынша бастапқыда маңғыттардың шағын руы монголдардың ірі Нирун тайпалық одағының құрамында өмір кешеді. Олар дарликиндермен бірге Монгол халқының негізгі бөлігін құрады. *Маңғыттар Шыңғыс хан империясының құрылу кезеңінде* түркі-монголдардың әскери және саяси өміріне белсенді түрде араласты. *Маңғыттардың кейінгі тарихы Дешті Қыпшақ аумағымен* байланыстырылады. Империяның әкімшілік аумағының бөлінісі нәтижесінде маңғыттар Жошы ұлысының батыс бөлігін иеленді. Бұл ұлыстың негізін көшпелі Қыпшақ тайпалары құрады. XIII ғасырдың ортасында Ұлыс Жошы ханның шөбересі Ногайдың иелігіне берілді. Сөйтіл, мұсылман деректерінде кездесетін *Маңғұт атауымен қатар, орыс деректерінде Ногай термині* пайда болды. Нәтижесінде бұл ұлыс ногайлар этносы — «Ногайлы» атанды. XIV ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Ақ Орданың саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Олар қазіргі Қазақстанның батыс аймағының Ембіден бастап Еділдің сол жақ жағалауына дейінгі кең байтақ жерді алып жатты. Маңғұт ақсүйектері Ұрыс ханның, оның ұлы Темір Мәліктің, кейіннен Тоқтамыстың сенімді серіктері болды. Маңғұт тайпасының сол кездегі асқан дарынды қайраткері Едіге би еді. XV ғасырдың бірінші жартысында Маңғұт жұртшылығының негізінде Ногай Ордасы құрылды. Ногай Ордасы әлсіреп, ыдырай бастағанда Маңғыттар батыс және шығысқа қарай қоныс аударады. Қазақстанның Ногай рулатының негізгі бөлігі Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының құрамына еніп, сіңісіп кетті. XVII-XIX ғасырларда Бұқара мен Хорезмде маңғыттар аса үлкен рөл атқарды. Бұқар хандығында 1755 жылдан 1920 жылға дейін Маңғұт әүлеті билік жүргізді. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі деректер бойынша, Бұқарада 100 мындар, Хиуда 15 мындар маңғыттар тұрган. Ресейдің Саха Республикасында Маңғұт деп аталатын ру бар» (189, 363; 190, 557; 191, 212).

Әлгіде айтылғандай, Алтын Орда (Жошы Ұлысы) мен Шағатай ұлысындағы тұрғындар негізінен түркі халықтарының тобына жаттынын зерттеушілер әлдеқашан анықтаған. Сондықтан маңғұт тайпаларының да түркіленуі белгілі жәйт қой. Бұлар жергілікті қыпшақтардың тілін, мәдени-тұрмыстық тынысын қабылдап, олармен араласып, бір-біріне қандары сіңісіп тынды. Дешті Қыпшақтың ортасына қоныстанған аз ғана халық – маңғыттар далалық дәстүрмен өз атауларын сақтап қалғанмен, XIV ғ. бірінші жартысында түркі маңғыттары атала бастады, одан берірек ногайларға айналғаны тағы белгілі. Сол сияқты,

Монголиядан келген қоңыраттар, наймандар мен керейлер де бара-бара түркі қоңыраттары, наймандары, керейті болып «қайта жасақталды». Келешекте бұлар да ноғай халықтарымен араласып-кораласып кетеді...

Ал Ұлыстардың ішкі құрылымына көніл аударған Өтеміс қажы «Шыңғыс-намеде» былай деген-ді: «Ұйғыр елі көптеген мықты рулар мен тайпалардан құралған, оның ішіндегі руларды «қауым», ал тайпаларды «қабыл» атаған» (137, 103). Османдық Порт елінің өкілі, түрік ғалымы Вефик – Паша да түркі халықтарында ұлыстардың елге, соғының аймақтарға, аймақтардың әрі қарай би ауылдарына, одан әрі ұрпақтарға (аталыққа) бөлінетінін айтады. Бұны шығыстанушылар В.В. Бартольд, С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов зерттеу еңбектерінде атап өтіп, Ноғай ұлыстары үрдісінде осы қағиданың қатаң сақталғанын дәйектерімен толықтырады (53, 394; 138, 204-206).

Ноғай ұлысына кірген бірсыныра жамағаттардың өз атын сақтап қалғаны да тарихнамада түзілген екен. Мысалы, Ұлыс қарамағындағы «Тама руының елі», «Қыпшақ руының елі», «Қытай руының елі», «Керейт руының елі» ... атальп жүрді. Кейбір кездерде ел ішіндегі ұсақ рулардың атына оның этностық атауы да жалғасып отырған. 1632 жылы Орыс патшасына Қази ұлысының биі Мамайдың жолдаған грамотасында (хатында) мынадай сөздер кездеседі: «Шейдақ мырза ұлысының қызыметшілері Түркімен елінін илан руынан», - депті (33, 485). Мұндағы Шейдақ мырзаның ұлысы деп отырғаны Сейд Ахмед бидің (Едіге бидің шөбересі) ұлысы, оның Қалу деген ұлынан Кіші жүздің Тілеу-Қабақ аталағы тарайтыны алдағы тарауларда әңгімеге арқау етіледі...

Сонымен қатар Ұлыстың қайсыбір елінің атауына ұлы немесе оғлы деген жұрнақ сөздер жалғанып, елдің аты өзгертіліп отырған. Мәселен, Байұлы руы (бұл да Кіші жүздің құрамына кіреді) немесе Тоғұншыұлының ұрпақтары, Жұсіпұлының тұқымдары деп атальп, Ноғай ұлысындағы бір атадан тарайтын бірлестікті құрайтынын еске салады.



Ногайлардың тұрмыс-тіршілігінен  
көрініс. XVI ғ. суреті

Міне, бұлардың бәрі Ногай Ордасында кездесетін ру-тайпалардың, елдердің, жұрттың атауларын шатастырып жүреді. Жасыратыны жоқ, қайсыбір тарихшы-ғалымдар ногайлардың аргы тегін көне түріктерден, оғыздардан, печенегтерден іздеңстірумен шұғылданады. Осыларды бір жүйеге түсіруге тырысқан қазақстандық ғалым Б.-А.Б. Кочекаевтың «Ногайско-русские отношения в XV- XVIII вв.» атты еңбегі байыбы жеткен мәселенің бастапқыларының бірі десе де болғандай. Ғалым ерінбей-жалақпай ногайлардың түп-тегін зерттей келіп, олардың моңғолдар мен қыпшақтарға жақын, олармен нәсілдес екеніне тоқталады (101, 24).

Атальыш автор ногайлардың тіліне де ерекше мән берген. Оның анық-қанығына жету үшін жүздеген тарихи құжаттарды сарапап, түркі нәсілдес ногай халықтарының тілі (қазақ тілі сияқты) қыпшақ тіліне жататынын дәлелдеді. Зерттеушінің бұндай пікірімен қазіргі ғалымдардың көпшілігі келіседі, олардың қатарында ғұлама түрколог Н.А. Басқақов та бар (139, 237-250). Бұдан шығатын қорытынды, бірсыыра ногайтанушылардың Ногай ұлысының басым көпшілігі шығыс қыпшақтарынан тұрады деген пікірі шындыққа жақын келеді (140, 11; 33, 486).

Осыған қарамастан, ногай халықтарын оғыз нәсілдес этностармен, татарлармен шатастыратын зерттеушілер қауымы да баршылық. Мысалы, ғұлама тарихшы Л.Н. Гумилев, ғалым А.И.-М. Сикалиев оғыз дастандарын басшылыққа алып, ногайлардың түп-тегі оғыздардан шықты дегенді көп уақыт қолдап келді (141, 178; 90, 174). Ал, басқа бір ізденушілер, А.Н. Арсланов, В.М. Викторин, М.И. Ахметзянов, А.А. Шенников ногайларды татарлардан таратуға дейін барған. Соңғылардың бұлай деуіне негізгі себеп, моңғолдар басқыншылығы кезінде (XIII ғ. және содан кейін) шапқыншылардың барлығын бағынышты халықтар бірауыздан «татар-моңғолдар» деп атауына орай шықса керек (143, 339; 144, 51; 145, 86-87). Осылардың ішінен ең қыын-қыстауы мол, қарымды ізденістерді қажет ететіні монғолдардың түркіленген руынан бастау алатын Манғыт руының, жоғарыда айтылған, түпкі тегі болмақшы. Олардан құралған жасақтар Ногай қолбасының қарауында жүріп, Днестр мен Днепрдің төмөнгі сағаларында қоныс тебуі, келешекте Дон, Еділ, Жайық өзендері бойын мекендеуі, маңғыттан шығатын атақты Едіге бидің тұсында Манғыт ұлысы, сәл аздан кейін оның ізінде Ногай Ордасының бас көтеруі, шығыс Дешті Қыпшақ этностарымен араласуынан кейінгі бұлардың тағдыр-талайы, көріп отырғанымыздай, мәселенің төңірегінде зерттеушілерді жаңылыстыратын, жалықтыратын құбылыстарды шешу міндетін қояды. Оған азды-көпті жауапты ғылыми тұрғыдан оқырмандарға ұсынып көрелік.



Ногай мырзаларының бүркітпен аңға шығу салтанаты. XVII ғ. 1844 ж. Литография

Әлгіде айтқандай, Маңғыт тайпасының өмір кешенін әріден қозғасақ, Шыңғыс хан империясының тарихы жазылған «Моңғолдың құпия шежіресі» (1240 ж.) мен осы әuletтің бүге-шігесіне дейін талдайтын әйгілі парсы тарихшысы Рашид әд-Диннің «Жәми-ат тауарихына» («Жылнамалар жинағына») тағы жүгінеміз. Бұл еңбектерде тарихи тұрғыдан маңғыттардың шыққан тегі, жүрген жері біршама қамтылғандықтан, автордың бұдан бұрынғы «Шыңғыс хан» атаулы шығармасында да тиіп-қашып айтылғандықтан, біз қазір Маңғыт тайпасының Дешті Қыпшақта пайда болуына және олардың ногайларға қатысы қалай басталды деген сұрақтың жауабын іздестіреміз.

Ресейдің көрнекті тарихшыларының бірі, Ногай Ордасының тарихын қадымды саралтаған В.В. Трепавловтың Маңғыттар тайпасы Шыңғыс хан ескерінің сол қанатында болғандықтан олардың батысқа қарай жылжуды күмәнді деген екіұшты пікірін ескеріп, оған өз пайымдауымызды ұсынып көрелік (33, 52). Шынтуайтында, маңғыттардың бір бөлігі, Рашид әд-Диннің айтуынша, Жадай ноян басқарған мыңдыққа, яғни «он қанатқа» кіріп, жасақтармен бірге Империяның батыс аймақтарында соғыс әрекетін жүргізген (31, 268). Демек, бұдан байқалатыны, Маңғыт тайпасының бір бөлегі қалайда Дешті Қыпшаққа келгені көрінеді. Маңғыттардың Орта Азия жерінде пайда болуына тағы бір себеп бар.

1251 жылы Дешті Қыпшақтағы Бату ханның ұсынысымен Ұлы хан (қаған) тағына орныққан Мөңке 1253 жылғы құрылтайдың шешімімен інісі Ҳұлағуді парсыларға билеуші етіп отырғызып, оған осы аймақтағы мұсылман елдерін түгел бағындыруға үкім етеді. Ол үшін барлық монғол әскерінің әрбір ондығынан екі сарбаз беруге жарлық шығарады. Міне, Ҳұлағу басқарған жасақтар Иран (Парсы) жерлеріне асады. Жоғарыда аты аталған ғұлама парсы тарихшысы, шығармасының бір жерінде Шыңғыс хан дәүірінде манғыттарда мындықты басқарған Құйылдар нојанды атайды, ол өлген соң парсыларға маңғыттарды бастап келген Журмагун нојанды аузына алып, онымен бірге келгендер маңғыт Мөңке Қалжа, Мулукур Қалжа Құйылдар-шешеннің ұрпағы дегенді еске салады да, қаған қызметінде оның тұқымынан адамдар көп болды деп айқындай түседі (31, 186; 106, 13-14). Бұған қараганда, маңғыттардың XIII ғ. орта шенінде Дешті Қыпшаққа жеткені ешқандай күмән тудырмаса керек.

Ал маңғыттардың аңыздары мен дастандары, шежіресі өздерінің ата-жұртын «Ұлы Бұқария» деп атайдыны да кездеседі. Білікті зерттеуші В.В. Трепавловтың байқауынша, XIX ғасырда Ставропол өлкесін қоныс еткен ногайлар өздерінің шықкан жерін «Бұқар аймағы» дейтін көрінеді. Әрі осы арада қоныс тепкен жұрттың алдыңғы қатарында Маңғыт, Қыпшак, Найман елдерінің тұрғанын аса көтеріңкі шабытпен жырлайды екен (33, 489; 146, 3). Осынау ногайлар орта ғасырда, Өзбек хан заманында «Қырғыз Алатауына» ойысқан секілді, осыдан соң Ҳұлағу ұлысының шығыс аймақтарын қоныс қылды деп санауға мүмкіндік бар. Ҳұлағу мемлекеті ыдыраған кезенде маңғыттардың бірсыньярасы Алатау маңында қалып, басқа бір бөліктері, атап айтқанда, Ноғай және Шығай ордалары Шу бойына ауысты деген аныз-әңгіме тағы бар. Басқа бір деректерге сенсек, 1358 жылы Ұрыс-оғлан (көптеген шығармаларда «Орыс хан» аталып жүр) Жыр-Құтлұғты өлтіріп, қырғыздарға қашып барып, Ноғай, Шығай ордаларында жан сактағаны айтылады. Ұрыс хан Ақ Ордадағы хандық дәрежені уысына қысқанда, әрине, түркі-қыпшақтарды өзімен бірге ерте келгені анық, ал олардың арасында Маңғыт тайпасы да болғаны анық, - дейді Қазақстанның белгілі жазушысы Ә. Сарай (106, 14).

Жазушы одан әрі ойын жетелеп: «...сөйтіп, Алтын Орда аймағында маңғыттардың екі қонысы пайда болды. Бірі – Созактағы Құмкентте. Едігенің әкесі Құттықияның сүйегі осында. Едігенің туып, ер жеткен өңірі осы Құмкент. Ал екінші қоныстары (маңғыттардың – Ә.-Қ.) ортаңғы Еділ-Жайық арасы болса керек», - деген Ә. Сарайдың пайымдауы шындықтан алшақ емес (106, 14). Бұны тағы бір дәлелмен

толықтыра кетейік. Шейх-Мұхаммед Мунис «Фирдаве әл-икбал» кітабында Ноғайдың ұлken ұлы Ағадайдың Бұлғар қаласын 22 жыл басқарғаны, маңғыттың Сұнқар мырзасының қолынан қаза тапқаны тарихта түзіліпті (147, 14). Олай болса, Ноғай қолбасының өлімінен кейін, Тоқты хан бұл жерлерді Маңғыт мырзасы Сұнқарға басқартқан тәрізді дегенді ғалымдар алға тартады (106, 14).

Ақ Орданы Ұрыс хан билеген тұста Дешті Қыпшақтағы маңғыттар билік басына қарай өрмелегені байқалады. Ақсақ Темірге қарсылық көрсеткен Ақ Орданың ханы Ұрыстың елшісі маңғыт Кебек 1376 жылы Самарқандқа келіп, Әмір Темірден Балтышақты өлтірген Тоқтамыс сұлтанды ұстап беруді талап етеді. Әрине, Темір елшінің талабын орындағаны белгілі. Ал бұдан бұрын Ақ Орданы Темір Мәлік билеген тұста ханның «Бегілер begі» маңғыттан шыққан Балтышақ болғаны баршаға мәлім.

Маңғыттардың Дешті Қыпшақтағы Еділ бойына XIII ғасырдың екінші жартысында жақындауына тағы бір дәлел тарихнамада аңыз түрінде жазылыпты. Сол кездегі Ақ Орданың билеушісі Ұрыс хан Алтын Орданы жаулауға аттанбастаң бұрын Едігенің экесі Құттықияны бір себептермен өлтірген де, жас балаң Едігені туыстары Еділ-Жайық бойындағы маңғыттарға қашырады. Маңғыттардың екі елінің ынтымақтастығы осылай басталса керек, - дейді жазушы Ә. Сарай. «Маңғыт» елі Шыңғыс хан заманында дүниеге келіп, жұрт аузына ілігіп, тарихнамаға түскенмен, кейіннен ол атау тұрақтамай, келе-келе неге «ноғайларға» айналды деген сұрақтар төнірегінде ғалымдар арасында ізденіс аз болған жоқ. Ақыры, «Маңғыт» атауы ығыстырылып, олар «ноғай» халықтары деп ресми құжаттарда түзілгені де бір төбе әнгіме.

Ноғай халықтары мен Ноғай Ордасы дүниежүзілік тарихнама үшін өте маңызды мәселе екені бұрыннан да айтылып жүр. Сондықтан алдымен «ноғай», «ноғайлы» деген сөз ұғымдарының мән-мағынасын зерделеп өткеніміз ләзім. Әдеби және ғылыми-зерттеу шығармаларда «ноғай» мен «ноғайлы» бір ұғым деп санайтын, біздің ойымызша, жаңылыс пікір қалыптасқан. Шын мәнісінде, «Ноғай», «Өзбек» атты ұлыстар Дешті Қыпшақта Шыңғыс ханның аты шулы шапқыншылығынан кейін пайда болған біртұтас этникалық қауым, - деп, өз ойын жинақтап ортага салады Қазақстанның белгілі тарихшысы, профессор Б. Ермұханов (98, 65-92).

Жоғарыда айттық, жаушы монғолдар Дешті Қыпшақта өмір сүріп жатқан ежелгі тайпаларға сініспіп, қандары араласып, өз тілдерінен, әдет-ғұрпынан, салтынан айырылып, түркіленіп кетті. Олар осы жердегі халықтарға өз әсерін тигізіп, әсіресе, ел билеуші тақ иелігіне (жана

мемлекеттік құрылымға), жаңа ұлыстың (этностиң) пайда болуына да септігін тигізді. Мұнымен қатар, монғолдар билігі кезінде бірсызыра түркі тайпаларының атағы жойылып, монғол атаулары телінді немесе түркі тайпалары монғолша жаңа атауға көшті. Осы жаңа этникалық қауымдарды шығыс деректері «қазак», «өзбек», «ноғай» деп бөле қараса, түркі халықтарының аңыз-жырларында «ноғайлы» деп бір атаумен ғана аталған. Осыдан, біздің болжауымызша, «ноғай» аты этноним ретінде, яғни халықтың төл аты ретінде қаралуға тиіс. Шоқан Үәлихановтың енбектерінде «ноғай», «ноғайлы» деген ұғымдар қатар қолданыла берген, бірақ олардың мән-мағынасы этноним ретінде жеке зерттелмеді. Халық аңыздарына сүйеніп, Шоқан «ноғай – көшпенді дала татарларының (түркілердің – Ә.-Қ.) жалпы есімі», -деп пайымдаған (159, 276). Тағы бірде Шоқан былай жазады: «Олар (қазақтар – Ә.-Қ.) ноғай деп Ақ Орданың татарлары мен ноғайлардың өздерін атайды» (160, 60). Бұл жөнінде жоғарыда да айттық. Дегенмен, тағы да қайталап өтейік.



Ноғай әйелдері балаларымен.  
XVI ғасыр суреті

ханның тұңғышы Жошы ханның жетінші ұлы Бууал (кейбір деректерде Бурал – Ә.-Қ.). Ноғай өз әкесінен Днестр мен Дунай аралығындағы аймақты мұрагерлік жолмен алғып, отыз жыл бойы Алтын Орда тізгінің ұстauға ұмтылған, аты шулы әрекет иесі, аса көрнекті тұлғалардың бірі. Ноғайдың ата-тегі тарихта былай айтылады: Шыңғыс хан одан Жошы хан, одан Бууал (Бурал), одан Татар, одан Ноғай..., яғни ол Шыңғыстың бесінші ұрпағына жатады (7, 483-484).

Бұл арада нақты белгілісі, «ноғай» сөзінің ұғымы тарихта орныққан «Өзбек» ұлысының атауына ұқсас. Бұл да кісі атынан уақыт өте келе ұлыс атауына, содан келе-келе этнос атауына айналған құбылыс. Ноғайдың атасы Бууал әуелі Бату ханда түменбасы болған адам, кейін «Бегілер begі», яғни бектердің begі атағына ие болады. Ол дәрежесі жөнінен ханнан кейінгі ордадағы екінші лауазым иесі.

Еуропаның әйгілі саяхатшылары Плано Карпини мен Гильом де Рубрук деректерін басқа да мәліметтермен толықтыра отырып тарихшылар Бату ханның тұсында (XIII ғасырда) Алтын Орданы тайға таңба басқандай етіп 12 ұлысқа бөледі. Осыны батыстан шығысқа қарай орналасу ретімен нақтылай қарасақ, олар мына жерлерге орналасқан. Бірінші, Ноғай ұлысы – Алтын Орданың Днепрден арғы батысындағы шекарасына дейінгі кең өлке; екінші, Құрамса (Коренца) ұлысы – Днепрден Ноғай ұлысына дейінгі жер; үшінші, Мауци ұлысы – Днепрдің сол жақ беті; төртінші, Қартанның (Батудың қүйеу баласы, қарындасын алған) ұлысы – Дон өзенінің оң жағалауынан батысқа қарай, яғни Мауцидің ұлысына дейінгі алқап. Тарихшылар бұл екі ұлыстың арасын Терістік Донецк өзені бөліп жатты дегенді айтады; бесінші, ұлыс beginің аты белгісіз. Оның иелігіне бүкіл Қырым түбегі кірген еді; алтыншы, Сартактың (Батудың үлкен ұлы) ұлысы – Еділ мен Донның арасы; жетінші, Беркенің (Батудың інісі) ұлысы – Терістік Кавказдың кең даласы. Ұлыстың жерін басып Дербент асуы арқылы керуен жолы өткен. Осыған байланысты Бату кейін бұл ұлыстың жерін Беркеден алғып, оны шығысқа қарай жылжытады; сегізінші, Батудың өзінің ұлысы, оған Еділдің сол жағалауы қараған. Тоғызыншы, оныншы ұлыстың билеушілерінің аты құжаттарда атамапты. Олар Жайық өзенінің бірі сол, бірі оң жағалауларын иеленген секілді; он бірінші ұлыс – Хорезм жері; соңғы, он екінші, Шайбанның (Жошының бесінші баласы, Батудың інісі) ұлысы – қазіргі Солтүстік Қазақстан жері мен Ертістен Чұлымға дейінгі өлкені алғып жатты (161, 86-115; 162, 104-105).

Міне, осы он екі ұлыстың ең батыс жақ шегін иеленген Ноғай колбасы Берке ханның тұсында Византия мен Бұлгарияға жасаған сәтті жорықтары арқасында ен байлыққа белшесінен батты, өз иелігін едәуір кеңейтіп үлгерді. Көрші жатқан мемлекеттер мен княздықтар оның қоластына өтіп, тұрақты салық төлең тұрды. Астанасын Дунай бойындағы Исакчи қаласына көшірді.

Фалым-зерттеушілердің айтуына қарағанда, XIII ғасырдың жетпісінші жылдарының өзінде-ақ Ноғайдың иелігіндегі жер шығыстан батысқа қарай Дунайдың жағасындағы мажарлардың Турнұ-Северин қорғанынан бастап Днестр өзеніне дейін, онтүстігінде Дунай бойымен шектеліп, терістігінде Қарпаттың таулы белдеулеріне тіреліп жатқан. Бұлгария мен Венгрияның өз ішіндегі билік үшін қырқысусы да бұл мемлекеттердің Алтын Ордага тәуелді болуын тездетіп жібереді. Тегеурінді қарсылық көрсетер күштің болмауы монғолдарды Еуропаның бұл аймақтарына толық билік жүргізуіне мүмкіндік берді.



Ногай қыздары. XVI ғасыр суреті

Еуропа елдерінің жаулап жерін, тонап мал-мұлқін алу «Беглер begi» Ноғайдың жағдайын бұрынғыдан да жақсартып, оның ендігі жерде, ешкімге бағынбай дара билік жүргізуге деген ынтасын жеделдете түсті. Оған осы кезде Берке ханның өлуі де себепші болған іспетті. Беркенің өз кіндігінен үл тумаған секілді. Ханнан қалған нақты мұрагер үл болмағаннан кейін жағдайда сарай ақсүйектері арасында орасан беделді, тіресе кетсе арқа сүйер өзіндік мықты әскері бар «Бегілер begi» Ноғай қалай тыс қалмақшы? Сөйтіп қызу бақталастың кайнаған ортасына Ноғай да көзді жұмып қойып кетті (99, 24-26).

Алайда, ол дегеніне жете алмады, бірақ тақ үшін құресуді де тоқтатпады. Ноғай қолбасы енді хан тағына отырған Тұла Бұқаны орнынан тайғызудың қамына кіріседі. Сарай ақсүйектерінің сатқындығы оның бұл ойын ешқандай әскери қақтығыссыз-ақ жүзеге асуына жағдай жасады.

Нақты жағдай осындай шиеленіскенімен, тікелей мұрагер ханзада болмағанына қарамастан, Ноғайға қолбайлау кедергілер жетіп жатты. Оны тақтың мұрагерлері – Бату тұқымдары тиімді пайдалана білді. Нәтижесінде, сарай тағына Бату ұрпағының көп үміткерлерінің бірі – Тоқты (кейбір деректер бойынша – Тоқта, Тоқтай – Ә.-Қ.) хан қонды. Ал, Ноғай болса бұрынғысынша Алтын Орданың бүкіл Батыс бөлігінің дара билеушісі болып қала берді. Оның бұл кезде күшейгені сондай, Алтын Орда ханының өзіне тікелей ықпал жасап, өз саясатын жүргізіп отырды.

Бұнымен тұрмай, Алланың бұйрығымен Ноғайдың есімі Алтын Ордада аңызға айнала бастады. Ұлыстың жұрты өздерінің қай ру, қай тайпаға жататынына қарамастан, «біз Ноғай ұлысының адамымыз» дегенді мақтаныш сезіммен айтатын болды. Міне, осы «Ноғай ұлысы», «Ноғай елі» деген атау бертін келе «ноғай», «ноғайлы» деген халықтың атауларына айналды, - деп ойын түйіндейді белгілі ғалым-жазушы, шығыстанушы Қ. Салғараұлы (162, 106-107).

Осы тарихи кезеңдегі ноғайлардың негізін құраған этностардың құрамына көз жіберсек, мұндағы халықтардың ата-бабалары қадым заманнан Ертіс бойын, Дешті-Қыпшақты, Орта Азияны, Солтүстік Кавказды жайлаған түркі тайпалары еді. Бұл жерлерді қадым заманнан мекендерген ру-тайпалар: қыпشاқ, қоңырат, найман, манғыт, арғын, керейт, үйсін, ұйғыр, қанұлы, дүрмен, қатаған, байұлы, бұлғар

және басқалары. Бірқатар тарихшылар, ногайлардың халық ретінде қалыптасуына қыпшақтардың, қоңыраттардың, наймандардың, керейттердің, шектілердің рөлі басым болғанын атап көрсетеді. Бұл рулардың атымен аталған жер, қоныстардың молдығы да, олардың қанатының кең жайылғанын сипаттаса керек. Ноғай ақын-жыраулары Қыпшақ бірлестігінің Кавказ атырабында ерекше мәнді орынды иеленгендеріне қызық әңгімелер келтіреді. Мәселен, XII ғасырдың соңғы ширегінде Гүржістан (Грузия) патшасының қызметінде қырық мың қыпшақ жасағы болған, соның ішінен бес мың сарбаз Давид патшаның тікелей қарауындағы ұландар екен дейді. Қыпшақтардың Грузияға қоныс тебуі XIII ғасырдың аяғына дейін жалғасқан секілді. Қазіргі грузиндердің антропологиялық тұлғасында монгол-түріктік түр-әлпеттің орын алғандығын зерттеушілер монгол басқыншыларынан кейін ру-тайпалардың сапырылысынан деп түсіндіреді. Қыпшақтар Алтын Орда мен Солтүстік Кавказ халықтарының арасын байланыстыруши буын болғаны құжаттарда сакталған... (163, 103).

Этникалық жағынан ногайлардың құрамында қыпшақтармен бірге монгол нәсілдес халықтар да кездеседі. Бұл рулар Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Монголиядан келіп, жергілікті халықтар арасына сіңісіп, қандары араласқанынан пайда болса керек.

Ұлы ғұлама түрколог Н.А. Басқақовтың пайымдауынша, этнос болып қалыптасқан ногайлар екі топқа белінеді: 1) ақ ногай, 2) қара ногай. Эйтсе де, ногай тілінің диалектері әлі күнге дейін толық зерттеліп бітпеген. Аталмыш ғалым ногай тілінде үш сөйлеу диалектісі: 1) ақ ногай, 2) ногай, 3) қара ногай бар десе, екінші бір зерттеуші М.К. Милых ногай тілінің черкес және дағыстан диалектілерін ғана атайды. Қалай айтсақ та, ногай тілінде үш диалекті бар деуші ғалымдар жағы басым (139, 23-254; 177, 266-270). Тағы бір дерекке жүгінсек, қазіргі Орта Азия халықтарының басым көпшілігі ұзақ жылдар бойы өздерін Ноғайлы ұлысының санатына кіргізіп келген екен. Осыдан, өзбек-ноғай, қазақ-ноғай, көшпелі ноғай, ұлы ногай, кіші ногай, көп ногай, қырым ногайы, сары ногай, қарақалпақ ногайы, қарашай ногайы болып шартарапқа белініп, әртүрлі аталаып жүргені де белгілі жәйт (131, 195).

Осы айтылғандарды қаперімізге алсак, онда белгілі ғалымдар ноғайларды басқа мемлекеттік бірлестіктерге қоспай, дербес Ноғай Ордасының халықтары қарастыратыны құптауға тұрарлық. Бұл сұрақтың жауабын әлгіде Алтын Орданың белгілі қолбасшысы Ноғайдың қарамағындағы ұлыстардың этникалық сипатына сүйеніп бердік. Осы арада мынадай тарихи оқиғаны уәж ету де ләзім. XIII ғасырдың аяғына

таман Алтын Орданың тағына Бату ұрпағының көп үміткерлерінің бірі – Тоқты отырғаны жаңа айтылды. Әкімшілік жөнінен ханға тәуелді болып келетін Бегілер begi Ноғайдын хандық ішінен хандық құрып, жеке билік жүргізуі, әрине, Тоқтыға ұнай қойған жоқ. Тегеурінді сарай ханы билік тізгінін қолына ұстағаннан кейін, қарауындағы қолбасыны тәртіпке шақырып, өзіне толық бағынуды талап етеді. Алайда, іс-әрекеті ханнан бірде-бір кем түспейтін Ноғай оның әмірін жүре тыңдайды. Бұның ақыры Тоқты мен әскербасының қанды қақтығысына әкеп соқтырады. Ноғай мен хан арасындағы алғашқы шайқас 1298 жылы Ақсай (кейірдерде Яса, Яқсай) өзенінің сағасындағы кең жазықта өтеді. Қантөгісте талай айқасты басынан асырған тәжірибелі қолбасы Ноғай хан жасақтарынан үстем шықты. Ашық даладағы тең соғыста женіліске ұшыраған Тоқты қашып, Дон өзені арқылы арғы бетке өтеді, сейтіп, оның әскері бір қырғыннан аман қалды. Екінші шайқаста Тоқты хан Ноғай әскерлерін жеңіп, қолбасының қаза болғаны тарихаттан мәлім. Алайда Ноғай «Бегілер begi» алғашқы жеңісі оның есімін бүкіл Алтын Орда аумағына таратып үлгерген еді. Оның билік жүргізген ұлыстарында көптеген түркі нәсілді рулар өмір сүріп жатқан-ды. Оларға Ноғай қарауындағы монғол тайпалары да қосылады. Ноғай батыр билеген түркі-монғол ұлысының тайпалары осы кезден бастап өздерін «ноғай», «ноғайлы» атаған. «Қариялардың айтуынша, - деп жазады Шоқан, - «ноғай» көшпелі татарлардың жалпы атауы болған... ноғайлы, өзбеклі... оларды «ноғай» атаған (153, 109). «Алтын Ордаға қараған елдерді өзге көршілес елдері тегіс «ноғай» деп атایтын болған... Ноғай хан өлген соң да көпкө шейін Алтын Орда руларын көршілес елдер – «ноғайлы», «ноғай» атап келді», дейді С. Сейфуллин (178, 13).

Ұлыстың халықтары да өздерін «біз Ноғайлы ұлысынанбыз» дегенді көкірегіне нықтады. Міне, осы кезден басталған «Ноғай ұлысы», «Ноғай елі», «Ноғай жұртты» деген атау бертін келе «ноғай», «ноғайлы» деген этностың атауына айналғаны баршаға мәлім.


Осы арада ескертетін бір жайт, қазақтың ескі жыр-дастандарында ногайлыны Орта Азиядағы халықтарға тән ортақ атауға айналдыруға байланысты. Мәселен, ногайлардың құрамында кейін Қазақ хандығының құрайтын ру-тайпалардың болуы да қазақ-ноғайдың бір кездері түбі бір халық екенін байқатқандай. Оларды бұлай еншілестіру, сірә, ногай мен қазақтың түп тамырының бірлігінен шыкса керек.

Корыта айтсақ, Ноғай ұлысында XIII ғасырдың аяғында Дешті Қыпшақтың біраз рулары мен тайпаларының болғаны дау тудырмайтын мәселе. Қазақстан тарихшыларының көрсетуінше, Ноғай Ордасының

құрамында сол кезде маңғыт, қоңырат, қаңлы, тама, алты аталы Алым, байұлы және басқа рулар бірге өмір сүрген. Кеңес тарихшысы М. Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы» деген ғылыми еңбегінде ноғайлардың қазақ хандығының құрамына өткен уақыты тайға таңба басқандай анық көрсетіледі (96, 123-152). Ноғай халықтарының Қазақ хандығының қоластына өтуінің басты себебі – Едіге үрпактарының билік үшін жүргізген өзара қанды қырғын қырқыстарынан болды, - дейді көпшілік дереккөздер. Мәнсіз атысып-шабысадан шаршаған Ноғай Ордасының ру-тайпалары туысқан көрші хандықты панаған. Бұндай қантөгіс жағдай, әсіресе, Исмайыл (Ысмайыл, Смайыл деп жазыла береді – Ә.-Қ.) бидің кезінде орын алды. Ресей тарихшыларының айтуыша, Мұса бидің екі ұлы Исмайыл мен Жүсіптің (орыс тарихнамасында Юсуп деп жазылып келеді – Ә.-Қ.) үрпактары арасындағы бақталастықтан шыққан қырғиқабақ сұрапыл соғыс Ноғай Ордасында бұрын-соңды болып көрмеген. Бәтшагар, ноғайлының биі Исмайылдың өзі Русь патшасы Иван Грозныйға (1557 жылды) жазған хатында: «Мени туғандарымның бәрі тастап, қазақ патшасына (ханына) өтіп кетті. Олар маган жиі-жі шабуыл жасап, маған үстемдік етер күнді іздейді», - депті (162, 107; 179, 24-25; 180, 134-147). Бұған қарағанда, Қазақ хандығына өткен халықтардың саны аз болмағанға ұксайды.

Ноғай Ордасының халықтарында «ноғайлы» деген ұғым кездеседі, оның қалай шыққанына осы арада тоқтала кетсек. Өйткені, Өзбек хандығына қараған ұлыс халықтары кейін «өзбектер» атанды да, ал Ноғай Ордасына қараған жүрттар кейін неге «ноғай», «ноғайлы» болып екі түрлі аталағы? Оның мән-мағынасын, шама жеткенше, түсіндіріп көрейік. Тарихи дерекнамаларға көз салсақ, «Ноғай Ордасы» деп жазылып келеді де, тағы бірде «Ноғайлы Ордасы» деген ұғымға айналып жүре береді.

Казіргі үрпақ үшін бұл жұмбак... Багзы бәріне ғылыми жолмен жауап іздеп көрелік. Онсыз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болмас. Біздің байқауымыз-ша, «ноғай» мен «ноғайлы» атаулары арасында елеулі айырмашылық бар секілді. Оған мағлұмдарда көрсетілген және осы күні қолданыста жүрген орта ғасырдағы ноғай-қазақ атанған



Ноғайлардың киіз үйінің сыртқы көрінісі. XVIII ғасыр суреті

елдердің шығармалары күелік еткендей. Тарихи жәдігерлерге ден қойсақ ногай, өзбек, казақ өз алдына үш ұлыс, үш халық. Бірде-бір тарихшы, не зерттеуші бұл елдерді шатастырмайды, жігін айырады, саралап бетін ашып отырады. Ал осы үш ұлыс ілкі кездерде бір ордаға тоғысып, тағдыр тауқыметін бірге көтерген дәуірін суреттегендеге сайын даланың көнекөз қариялары оларды бөліп-жармай «ноғайлы» деген атаумен бір орамда қамтиды. Осыдан түркі тілдес біраз халықтарға ортақ эпостарда, дастандарда «Едіге батыр», «Нұрадын», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр хикаясы», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Қарасай, Қази», «Қырымның қырық батыры», «Мұсахан», «Орак, Мамай», «Нәрік», «Шора», «Жанбыршыұлы Телағыс» және басқалары бәрі ногайлы елінікі деп айтылады (181, 23-49; 179, 22-72; 182, 15-54; 183, 3-252; 184, 4-264; 185, 11-50). Аталған азыз-дастандардағы кейіпкерлер ногайлардан шыққан түлектер. Әрбір жыр өз қаңармандарын ногайлының батыры, не ногайлының атақты тұлғалары деп көрсетеді. Мысалы, Қамбар батырдың тегі туралы жырда:

«Қазақ емес, сарт емес,

Қамбардың түбі – ногайлы...» деп, шегелей түседі жарықтық Мұрын жырау (182, 48; 186, 200-236). Бұл арада «сарт емес» деген сөздің «өзбек емес» деген мағынада айтылғаны да көзге түсіп тұр. Деректерге жүгінсек, Қамбар батыр Әлімбайұлы қазақтар ішіндегі Арғын руына жатады (182, 46-47).

Бір қызығы, «Қамбар батыр» дастанындағы Назым сұлудың әкесі Әзімбайды – он екі баулы өзбектен дей келіп, оның елі «ноғайлы» дейді әлгі шайыр. Сондай-ақ, жұз отыз жыл жасаған ногайлының шалы, Ер Сайынның әкесі Бозмұнай да, кара қыпшақ Қобыланды да ногайлы; Естерек ұлы Ер Тарғын мен Жиделібайсынды мекендерген Қоңырат елінің батыры Алпамыстың әкелері де «қалың ногайлы елінен», «Он сан ногай Ормамбет би заманында Қарабай мен Сарыбай деген бай болыпты» деген сөздер «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында кездеседі...

Асылы, жоғарыда аталған дастандардың негізі, ілкі нұсқасы сол ногайлы дәуірінде пайда болып, кейін қазақ, қарақалпақ, өзбек халықтары арасында қайта жаңғырып жырланған тәрізді.

Сөз ініне дес берсек, біртұтас ногайлардың билері өзара келісе алмай бөлшектенген кезде, әр елдің ақын-шайырлары жыр-дастандарды өздеріне лайықтап өндеп, меншігіне айналдырып алған секілді. Мәселен, «Алпамыс» жырын Жиделібайсындағы қоңыраттар, өзбек ногайлары, кара қыпшақ «Қобыланды батырды» - қарақалпақ ногайлары т.б. өздерінше жырлап, кейіннен қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз

ұлттарының ортақ рухани қазынасына айналдырган тәрізді. Бұған бір мысал. Үргеніш, Хиуа, Бұқара, Самарқанд, Жиделібайсын, яки Өзбекстан жерлерінде қазақ рулары осы күнге дейін тұратыны мәлім. Арап теңізі маңын жайлаған қазақтар да қарақалпақтармен қоян-қолтық ағайыншылықпен жұптасып, мал-жаны аралас өмір сүріп келеді. Олай болса, ноғайлы дәуірінің шығармалары мен тарихи мұраларына бұл халықтар да өз үлесін қосқан. Яғни өзбек, қарақалпақтардың да «Ал-памыс», «Қобыланды» т.б. жырлары мен «Аяз би» сияқты ертегілерінің болуы табиғи нәрсе іспетті. Олар да ноғайлар дәуірін бастарынан бірге өткөрген ел-жүрттар ғой.

Ноғайлар заманына жататын қазақ тарихнамасындағы маңызды да, күнарлы сала – жыраулар мен ақындар шығармалары. Бұнда әйгілі қазақ жыраулары, ақын, шайырлары ноғайлы немесе ноғайлардан шыққан деп түйінделеді. Олардың жырлауымен бізге жеткен эпостар мен жыр-дастандардан уақыт айнасы айқындала түседі. Мысалы, «Қырымның қырық батыры» негізін салған, ұзақ өмір кешіп, көпті көрген, талай хандарды өткөрген Сыпыра жырау (XIV ғасыр) мен әз-Жәнібек ханның тұстасы Асан Қайғы да ноғайлы елінен шығады. Ел аузында сақталған бір өлеңде:

«...Асанның асыл түбі ноғай деймін,  
Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір,

Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір...», - делінуі осы кезеңдерге меңзегендей (131, 196-197; 187, 10-104). Ноғай халқының шайырлары Сыпыра Сұрғалтайұлы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз (кейбір деректерде Шәлгез – Ә.-Қ.) қай-қайсысы да ноғайлы елі атынан жыр-дастандарын толғап отырады. Олардың шығармаларында: «Ноғайлының ауыр жүрт», «Ормамбет би өлген күн, он сан ноғай бұлғен күн», «Алаштан қазақ тараған, ноғайлыға қараған, Жауға алдырымай ноғайлар, Бір-біріне жараған. Ноғайдан қазақ бөлініп, Үш жүз болып тараған...» деген жолдар жоғарыда аталған ноғай жүртіның жырауларынікі (188, 138-187; 131, 217-224). Шалқиіздің «Қара ханға», «Темір биге» толғауларында атала-тын тоғыз батырдың бәрі де ноғайлының әруақты ерлері болып келеді.



Ежелгі Отыrap қаласы. (XIII ғ. басы).

Қалмақтар олардың атын естігенде-ак үрейленіп, қорқа бастайды екен. Ендігі бір дастанда Қазтуған мен Асан Қайғы баласы Абат батыр бастаған көп ногайлының Сары ногайлардан бөлініп, Жиделібайсынға көшкені жырланған...

Тарихнамадан жақсы таныс, Өзбек ұлысында Едігенің немересі Уаққас бидің ұқпалымен хан сайланған Шайбан ұрпағы Әбу-л-Хайр ханнан XV ғасырдың екінші жартысында іргесін бөлектеген қазақтарды жыраулар ногайлыдан бөлінді десе, ол, біздіңше, олардың шатыстыруы емес, тарихи шындықтың болмысын анық танып, сол кездің ұғымындағы эпостық жырмен өрнектеуіне деп балаған жөн. Ал дереккөздерде айтылатын, Әбу-л-Хайр ұлысының (Кырым, Еділ өзенінің бойы) жеріне Ноғай ұлысынан кірген ру-тайпаларды Орданың басқа белігінде тұратындар ногайлы, немесе ногайы көп солармен көбірек араласқан жақ деген ұғымды білдіретінін қаперімізге алу жөн сияқты. Өйткені, келе-келе ногайлар жақтағы бөліктің үстем болуынā (ол кезде Шыңғыс хан тұқымдарының қайсысы да Едіге бидің ұрпақтарының ұқпалымен хан сайланатын) байланысты ногайлы атаяу Өзбек ұлысына да тән болған тәрізді.

Қорытындысында, жалпы «ноғайлы» деген ұғым XV ғасырдың аяғына таман Ноғай ұлысының ыдырай бастаған тұсында шыққан-ау деп топшылауға негіз береді.



Ногайлардың қымыз күйып ішетін ыдыстары

## ҮШІНШІ ТАРАУ

### Ноғай Ордасының құрылуды ҳақында



Ноғай жасактары. XV ғ.

*Тұқымымды сұрасаң,  
Тоқсан баулы ногайдан,  
Қырық таңбалы Қырымнан,  
Шапқып жеткән жер деді.*

*Қойы мыңнан қоздаган,  
Сары інген жузден боздаган,  
Тоқсан баулы ногайдан,  
Ерлік пен билік озбаган...*

*(Халық аузындағы жырдан үзінді)*

Еуразия халықтарының тарихында ерекше із қалдырған Ноғай Ордасы мемлекеттілігінің туындау кезеңін сөз еткенде сол мезгілдегі монғол шапқыншылығына байланысты саяси, экономикалық жағдайларға қайта айналып соға кетуге тұра келеді. Жаулап алынған аймақтарда жаңа мемлекеттердің (ұлыстардың) пайда болуы ноғайлар мен оған көршілес елдердің бұдан байлағы (XIII-XVII ғғ.) тағдырына саяси тұрғыдан өзінің қолайлы әсерін тигізбей қойған жок.

Шыңғыс хан мен оның мұрагерлері құрган алапат империя Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі аумақты алып жатты. Мемлекеттің жер аумағы оның негізін қалаушының ұлдарына ұлыстар арқылы бөлініп берілді. Кейін осы ұлыстардың негізінде Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Моголстан және басқа дербес мемлекеттік бірлестіктер дүниеге келді. Монғолдардың ата салты бойынша империя түгелдей Шыңғыс ұрпактарының меншігіне айналды. Олардың үстінен ұлы хан («каан», «каган», «хакан») билік етті, империя астанасы Монғолиядағы Орхон өзені жағасындағы Қарақорымда орналасты. 1245-1247 және 1253-1255 жылдары миссионерлік және барлау мақсатымен Монғолияға саяхат жасаған католик сопылары Плано Карпини мен Гильом де Рубрук Дунайдан Еділге дейінгі, Еділден Шығысқа қарайғы жерлерді құмандар (қыпшақтар) мекендейді деп жазады. Рубрук оларға бәз-бір туыс Қаңылар тайпасын атайды. Олардың мағлұматы Алтын Орданың

оңтүстік-шығыс шекарасын айқындауға көмек береді. Мысалы, Карпини Батудың інісі Шайбанның ордасы Сырдарияда, ал ағасы Орда Еженнің тұрағы Алакөл аймағында дегенді аузына алады. Рубруктің сөзіне қарағанда, Талас қаласынан шығысқа қарай алты күндік жол жүрсөн, Батудың иелігі бітіп, Ұлы хан Мөңкенің ұлысы басталған (97, 82-89; 161, 3-115; 161, 116-236; 192, 145-149).

Араб саяхатшысы әл-Омари (XV ғасырдың алғашқы жартысы) да Алтын Орда аумағының сипаттамасын берген. Жолжазбасында ол Алтын Орданың белгілі қалалары мен уәләяттарының атын тізіп шығады. Солардың ішінен біз Хорезм, Сығнақ, Жаркент, Жент, Сайрам, Сарай қалаларын, сондай-ақ Сібір мен Ібір, Башқұрт және Шулыман (Сібірдегі өзен) атауларын табамыз. 1331 жылғы Қытай картасында Алтын Орда шекарасы нақпа-нақ көрсетілген. Бұған қарап Хорезмнің терістік бөлегі Үргеніш қаласы мен Сырдария сағасынан Сауран қаласына дейінгі жер Алтын Ордаға жататыны аныкталады.

Алтын Орданың Батыс шекарасын Дунай өзеніне дейін тіреп, солтүстік шығысын қазіргі Барабы және Құланда далаларына дейін апаратын тарихшылар В.Л. Егоров пен Б. Ермұхановтардың пікірі де қолдауға тұрарлық. Бұлардың айтуынша, Құланда даласынан әрі шекара түстікке ойысып Алтай тау сілемдері арқылы Балқаш қөліне бет алады. Ал Балқаштың шығысынан Ұлы ханың (Үгедейдің) атасынан үлеске алған жер аумағы басталатын көрінеді.

Алтын Орданың тарихына немкүрайлы қарау тарихымызды жұтандандыруы былай тұрсын, зерттеушілерді бұкпесіз қателіктерге де ұрындыратын сазы бар. Ресей ғалымы В.Л. Егоров Алтын Орданың жалпы тарихын пайымдағанда жаңсақтық жіберумен қатар, кейде географиялық аймактарды тұжырымдағанда орынсыз қателерге де ұрынады дей келіп, былай жазады: «Мысал ретінде Ноғай Ордасы жөніндегі мәселені алуға болады. Кітапта оның бөлек ұлыс болып кетуі XIII ғасырдың екінші жартысына жатқызылыпты. Соның өзінде де Ноғай өз еншісін Батудың баласы Мөңке Темірден алып, Еділдің он жағалауын иемденіпті дейді де, ізінше-ақ Ноғай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайық өзендерінің аралығындағы далада, яғни Еділдің сол жағалауында болды деген тұжырым жасалады. Географиялық тұрғыдағы әнтектік тарихи деректерді білмеумен астасып жатыр. Біріншіден, Мөңке Темір Батудың баласы емес. Екіншіден, Ноғай батырдың иелігі Днестрдің он жағалауында болды. Ноғай ұлысы мен Ноғай Ордасы аумақ жөнінен де, уақыт жөнінен де бір-бірінен мұлдем бөлек тарихи-географиялық түсінік», - дейді (100, 45; 97, 83). Бұған айтарлықтай алып-қосарымыз жок.

Шындығында, Мөңке Темір Батудың баласы емес, немересі. 1369 жылы Талас өзенінің бойында болған құрылтайда Бату мен Үгедейдің немерелері Мөңке Темір мен Хайду, сондай-ақ Шағатайдың нәсілі Барақ Иранды билеп тұрған Құбылайға қарсы өз күштерін біріктіру жөнінде шешім қабылдайды. Алтын Орданың ең қыыр батыс ұлысын билеп тұрған Ноғай (өзі Дунайда тұрғанымен, иелігінің ұйытқысы Прут және Днестр өзендерінің аралығы болды) 1300 жылы Алтын Орда ханы Тоқтыға қарсы қресте каза тапқаны жоғарыда айттылды. Осыдан кейін Ноғайдың иелігі Шыңғыстың басқа ұрпағына ауысып, халқының біраз бөлегі Еділдің сол жағалауына көшіріледі.

Ноғай Ордасы туралы сөз болғанда оның құрылу кезеңі Алтын Орданың аты әйгілі қолбасшысы Едігенің (1419 жылы қаза тапқан) есімімен байланысты екенін есімізде ұсташа ләзім. Ноғай батырдың иелігі қайсыбір шығармаларда Едіге ұлысы немесе Маңғыт жұрты деп те аталады. Бұларға келесі тарауларда айрықша тоқталатын болғандықтан, казір әңгімені көбейтпей-ақ қояйық...

Откен тарауда айттылды, маңғыттар Жайық өзенінің солтүстік жағалауында ұstemдік етіп тұрған тайпаның бірі. Едіге опат болғаннан кейін Алтын Орда қайта қалпына келместей бол құлдырап, ұлыстық сипаты бойынша бөлшектеніп кетті. Алдымен ол екі үлкен бөлікке: Батыс және Шығыс болып бөлінді. Арапарында Еділ өзені тұрды. Шығыс бөлегіндегі кескілескен ақсүйектер арасындағы өзара қырқыс 1428 жылы тоқталып, ол көшпелі өзбектердің басында Шайбан әулетінен шыққан Эбу-л-Хайр хан билік құрған мемлекет құрумен аяқталды. Кейін бұл арадан тәуелсіз үш мемлекет: Сібір және Қазақ хандықтары, сондай-ақ Ноғай Ордасы шықты. Орда хандықтарға қарағанда кейінірек, яғни XIV ғасырдың аяғына таман құрылады. Батыс бөлегінде XV ғасырда Қырым, Казан, Қажы Тархан (Астрахань) хандықтары мен Үлкен Орда ірге көтерді (97, 83-84).

Ноғай кезеңі (XV-XVII ғғ.) Солтүстік-Шығыс Каспий өнірінің тарихында елеулі орын алды. Алтын Орда кезеңіндегі саяси-дипломатиялық, тұрмыс-тіршілік кеңістігі, әлеуметтік жағдайлар Дешті Қыпшақтағы тайпалардың әлсіреуіне, екінші жағынан XIII ғасыр соңында Арап-Каспий өніріндегі халықтардың күшеюіне әсерін тигізді. Мәселен, Маңғыт тайпасы әуелгіде әскербасы Ноғайдың атымен жеке ұstemдік етті. Едіге әмірдің кезінде дербес Ноғай Ордасы бедерленді. Оның негізгі халықтарын маңғыттар құрады. Сонымен бірге Орданың құрамына Қонырат, Қыпшақ, Алшын, Тама, Арғын, Қанлы, Алаша, Кенгерес, Қарлұқ және басқа тайпалар енді. Кейін Орда ыдыраған тұста

бұлардың көбі қазақ, қарақалпак, өзбек халықтарының құрамына сіңіп кетті. Ноғай Ордасының тарихи ерекшелігі – оның XV-XVI ғасырлар тоғысында күшті саяси бірлестік болуында дер едік.

Ноғайлар құрған мемлекет «Ноғай Ордасы» деп аталды. Әлгіде келтірілді, бұл атау этносаяси жағынан «ноғай», көпшілік құрамына байланысты «ноғайлар», ал кейінректегі этникалық құрамына орай «ноғайлықтар» деп аталады. Жалпы, «ноғай» атауы Жошы ханның XIII ғасырда өмір сүрген бесінші үрпағының атымен байланысты екені, Ноғай билігіне қараған аймақтар Алтын Орданың батысы Днестр мен Днепр өзендерінің аралығын қамтығаны әлгіде айтылды. XIII ғасырдың сонында Алтын Орда ұлысында Ноғай хан мен Тоқты ханның арасында әскери шиеленістер орын алып, ақыр соны 1298-1300 жылдары Ноғай нояның қүйрей женіліс табуымен аяқталған-ды (25, 296-366; 194, 278-326). Сол тұста оның белсенді жасақтарының бірқатары қарамағындағы жұртыймен XIV ғасырдың басында Каспий маңына қарай қоныс аударып, кейін осы жерлерде ұлыстың атауы қайта жаңғырғаны да тарихнамадан мәлім.

Шындықтан алыстамай, тарихта түзілген, қазактың заңғар жазушысы I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында айтылған және басқа зерттеушілердің шығармаларының нысанына айналған мына жәйтке тоқтай кетуді өзімізге парыз санадық.

Жошының екінші ұлы Батудың немересі Мәңке Темір ханнан кейін Алтын Ордадағы билік үшін мұрагерлер арасындағы талас кезінде Батудың шөбересі Тоқтының қарсыластарын жойып, оны хан тағына отырғызытын Алтын Орданың әйгілі қолбасшысы, қарымды саясаткер Ноғай батыр еді. Бұл – 1290 жыл деп көрсетеді түркі нәсілдес халықтардың шежіресін хатқа түсірген Хиуа ханы Әбілғазы баһадүр (51, 111-115).

Шығыстанушылардың бірі Салих Закиров Шыңғыс хан империясының сарай тарихшысы Рашид әд-Диннің жазбаларына сүйеніп, «Ноғай – Жошының асыранды ұлы Бұралдың (Бууал) немересі, Татардың ұлы деген дерегін келтіріпті» (195, 63).

Тағы бір еске алатын жағдай: Қазақ жерінде, Хорезм, Киев тәрізді үлкен қалалар болмағандықтан, Жошы тұқымы қан жоса етіп басып алатын бекіністер де аз еді, - дейді Илияс Есенберлин. – Дешті Қыпшақ рулары да монгол тәрізді көшпелі жүрт, қашып жүріп, босып жүріп, соғысып, өз тендігін оңайға бермеді. Жошы үрпағына бұнымен де санасуға тура келді. Тиімді болса, қазақтан қыз алып, қыз беріп кетуден де тайынбайды. Осы арада сәл-пәл үзіліс жасап, Ноғай батырдың ғұмырнамасына халық жазушысы I. Есенберлиннің сөзімен дерекнамалар бере кетсек артықтық етпес.

Осындай сәті түскенде Бату өзінің бір қызының Маңғыт жігітіне ұзатады, одан Ногай деген инал («инал» - көне түркі сөзі, шешесі – хан тұқымынан, әкесі қара сүйектен шықкан кісі. Бұның да хан үрпағынан шықкан ақсүйек адам екенін білдіріп, арналы «инал» деген атақ берген) туады.

Ногай асқан батыр, ақылдың кісі болады. Хан тағына отыру хақы жок, әке жағынан Шыңғыс тұқымынан емес, бірақ Бату хан өлген кезде, оның әскерін басқарады. Осы Ногай қырық жылдай бүкіл Жошы тұқымына айтқанын істетеді. Алтын Орда хандарын өз қолымен отырызып, өз қолымен алып тастай алатын әмірші болады. Ақырында Алтын Ордаға Мәңке ханның бесінші баласы Тоқтағу (қазақтар оны Тоқты хан деп атаған) хан болады. Бұл кезде Ногай батырдың қартайған шағы. Жас ханмен кәрі тарлан айқаса кетеді. Дешті Қыпшак елінің ру-тайпаға бөлінген алауыздығын пайдаланып, Тоқты әскери Ногайды жеңеді. Ногай он жеті нөкерімен Башқұрт жеріне қашады. Жолай оны Алтын Орда қызметіндегі бір княздың жауынгері ұстал алып, өлтіреді. Басын Тоқты ханға әкеп береді. Бірақ жауынгер қылышынан шошынған Тоқты «Қарапайым адам хан тұқымына қол көтермес болар» - деп, оның басын алдыртады.

Хан атын алмағанмен, Ногай Ұлы би аталған. Дешті Қыпшақ жерінің батыс бөлегі Ногайлардың хандығына айналады. Бұл хандықтың негізін қалаған Маңғыт руы», - деп, жарықтық Ілияс ағамыз ойын көркем сөзбен берілті (196, 27-28; 197, 29).

Осы дәйектерді жадында ұстаған Жайық өнірінің өлкетанушы азаматы, зерттеуші Ж. Физатов «Сарайшық — астана қала» атты еңбегінде бұлай толғанады: «...қолында сонша билік пен бедел тұрғанда Ногайдың хан тағына өзі отырып алмауы — оның хан тұқымы, мұрагері болмағандығынан екендігі ақылға сыйымды қөрінеді. (Әдеби шығармадан тарихи шындықты іздеу үнемі оң нәтиже бермеуі мүмкін екендігі де есімізде). Хан тағына мұрагерлер арасында Ногайсыз-ақ қиян-кескі таластар жеткілікті болатын. Қазақстандық тарихшы К. Пишулинаның зерттеулерін жоғары бағалай отырып, Ногай батыр Жошының үрпағы емес, асыранды баласының үрпағы немесе жиені деген I. Есенберлин дөрөгіне тоқталған жөн сияқты», - деген өлкетанушының пікірі көнілге қонымды (105, 69-70).

Немесе С. Закиров жазғандай, асыранды үлдің үрпағы болғанда да, Ногай хан тағына заңды мұрагер бола алmas еді.

Сонымен, Ногай батырдың тегі маңғыт, Бату ханның қызынан туған жиені, алғыр да жаужүрек әскери қолбасшы. Қәzsіз батыр Ногай нағашы атасы Батудың Батысқа жүргізген жойқын жорығын жалғастырушылардың үнемі алдыңғы сапында жүрді. Қырги тигендей шапшаңдық, әрдайым өз жасағының алдында жүрер жанкештілік, арыстанның өзін тәубесіне түсірердей жүректілік Ногай батырды хан алдында да, қара алдында да беделді көрсетті. Кезінде Ногай қолбасыны тәкаппарат Византия императоры Михаил Палеологтың өзі құрметтеп, оған 1273 жылы өгей қызы Ефросини ұзатқан еді.

Еуропа елін жаулаудағы ерен еңбегі үшін Мәңке Темір хан оған Еділден Дунайға дейінгі (келесі бір деректерде Дон мен Днестр аралығы, тағы бірінде – Днестрдің оң жағалауы делінеді) аймақты тарту етеді де оның қол астындағы елі Ногай ұлысы атанады (105, 70).

Бұл – XIII ғасырдың екінші жартысының соңғы жылдары болса кепек. Ногайдың өзі Дунайда тұрғанмен оның ұлысының үйтқысы Прут пен

Днестр өзендері аралығы болылты. Ногай 1300 жылы (М. Тынышбаевтың дәйектеріне сенсек 1306 жылы) Тоқты ханмен соғыста қаза табады.

Ногай ұлысының халқы туралы әңгімелесек Дунай жағалауы – бұл Еуропаның ортасы, XII ғасырда қыпшақтардың ат басын тіреген жер шеңті.

Ногай Ордасы жөнінде Қазақстанның әнциклопедиялық тарихнамасы (2010 ж. баспадан шыққан) мына мағлұматты ұсынады:

«Ногай Ордасы, Ногайлы ұлысы XIV ғасырдың аяқ кезінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайдада болған мемлекеттік бірлестік. Ногай Ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың әскери қолбасшысы Ногай әскерлерінің құрамына енген тайпалар мен Маңғыт жұртынан құралған. Ногайлар Еділден Ертіске дейін, Каспий мен Аral теңіздерінен Төмөнгі жерге (Терек өзенінің маңы — Ә.Қ.) көшіл жүрді. Орданың орталығы — Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Негізгі қасібі — көшпелі мал шаруашылығы, сондай-ақ, егіншілікпен де айналысты. Ногай Ордасындағы бас билікті төбе би атқарды, негізгі бұқарасы «ұлыс адамдары» немесе «қара халық» деп аталды. Ұлыстарды ногай мырзалары басқарды. Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей қосып алғаннан кейін, XVI ғасырдың соңы ширигінде Ногай Ордасы бірнеше мемлекеттік бірлестіктерге ыдырай бастады. Алдыңғы Кавказда (Қазы ұлысында) Кіші Ногай Ордасы, Жем өзені жағалауында Алты үл Ордасы құрылды. Беделді ногай Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ногай Ордасына бірігіп, 1557 жылы Ресей мемлекетіне өзінің кіріптар екендігін мойындағы. Қалмақтардың шабуылдан кейін 1634 жылы ногайлар Еділдің он жағалауына көшіп, Кіші Ногай Ордасымен («Қазы ұлысымен») біркіті де, Қырым хандығына тәуелділік танытты. Қара Теніздің солтүстік жағалауындағы даладан Донға дейін қоныстанып, Бұджак, Едишкөл, Ембұлақ, Едиссан кішігірім ұлыстары пайда болды. Үлкен Ногай Ордасына қараған кейір ұлыстар XVII ғасырда Каспий маңындағы, Еділден Терек өзеніне дейінгі алқапты жайлады. 1770 жылы Едиссан, Бұджак ұлыстары Ресей патшасына бағынды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Кіші Ногайлының біраз бөлігі бұрынғы ата қонысы — Азов маңына (Доннан Кубаньға дейін) ауып, кей бөлігі Бухарест бітімінің шартына (1812 ж.) орай Түркияға көшті. 1860 жылғы дерек бойынша көшіп келген 180 мың ногайлыны Түрік үкіметі Кіші Азияға қоныстандырған. Ногай Ордасы халықтарының басынан өткен қайғылы тарихи кезеңдерді суреттейтін «Едіге» туралы сегіз түпнұсқалық эпос және басқа шығармалар пайда болды. Онда Едіге мен Ногай Ордасын біртұтастығын сақтауға зұлымдық келтірген Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен ел тәуелсіздігі үшін құрес жүргізген тарихи тұлғалар әңгімеге арқау етілді. Кейін бұл эпос пен әңгіме-дастандар түркі тілдес халықтар арасында кең тараған» (155, 606; 198, 13-491).

Маңғыт жұртынан шыққан жасақтарды басқарған Ногай батыр сонау Еуропа шетіне барлық маңғыттарды түгелдей ертіп апарды деудің қисыны келмейді. Ноғай өлтірілгеннен кейін оның ұлысындағы халқының біраз бөлігін батыстағы Днестрден Еділдің шығыс жақ бетіне көшірудің қандай қажеттігі туды екен деген сұрақ та кезігеді. Өйткені,

Ноғай батырдың Алтын Орда хандарының қынабынан сұырған алмас қылышы болудан бөтен жазығы жоқ еді ғой. Әмір бойы Алтын Ордаға қалтқысыз қызмет етіп өтті емес пе? Тіпті өзімен жауласып, ақыры өлтіртетін Тоқтыны да хан тағына өз қолымен отырғызған еді-ау! – деп таңданады Қазақстандық өлкетанушы Ж. Ғизатов (105, 71).

Көсемдерінің жазықсыз өлтірлігенінен хабар алған ұлыстың белгілі бір бөлігі Тоқты ханға қарсылық көрсеткен шығар деп жорамалданады бұндайда. «Бұлікшіл» ренішті тобырды көз алдында ұстау үшін оларды хан ордасы маңына жинақтаудың да қисыны бар сияқты. Не болғанда да, осы Ноғай ұлысынан Еділ-Жайық бойына көшірілген тайпалардың болашағы осы арадағы халықтар тағдырына сәйкес қалыптасты.

Алтын Орда хандарының билігі қазіргі Еуразия құрлығы жерінде аса тұракты болғаны тарихнамада айтылған. Әйтпесе, даланың еркін жаужуректері түрлі қынышылықтар басына түскен кезде басқа өлкелерге ауысып кетіп отыратын-ды.

Мәселен, Жайықтың сол жағалауындағы жерлер Жошы ұлысының сол қанатының құрамында болғаны белгілі. Бұл шеткі аймақтар Шығыс Дешті Қыпшақтың иелігінде болғанымен, жаңадан бой көтеріп келе жатқан ұлыстардың билеушілеріне жағымды ықпал жасады. Ақ Орда билеушілері ел орталығы Сығнақ қаласынан басшылық жасап, шеткі аймақтық жерлерді бағындыруға көп күш салды. Ұрыс хан билік құрган шақта (1368-1377 жылдары) ұлыстың иелігінің шеті Төменгі Еділ бойына дейін жетіп, биліктің тегеурінді саясаты Арап, Каспий маңындағы ұлыстарды да ығыстыра бастады. Мұндай жауласуышылық Ұрыс хан мен Тоқтамыс хан, Едіге би мен Тоқтамыс арасындағы бітіспес шиеленіске әкеліп, бірінің басын бірі жүтқаны мәлім.

Оның басты себебі – Ноғай Ордасы Алтын Орда мен Ақ Орда аймағында құрылып, жер мен су үшін жанжалдардан, бақ пен так таласынан туындаста керек. Ноғай Ордасының күшеюі мен Алтын Орданың әлсіреуіне 1391 және 1395 жылдардағы Әмір Темірдің басқыншылық жорықтарының әсер еткені сөзсіз. Ноғай Ордасының құрылған кезеңі кейбір мәліметтерде 1391 жылы деп айшықталады. Олай болса, Ақсақ Темір әскері Еділ жағалауынан ұзаған мезгілде Едіге билікті толықтай өз қолына шоғырландырып, Дешті Қыпшақтың далалық өлкесін мекендейтін ру, тайпалардың басын қосып, 1396 жылы Ноғай ұлысының негізін қалады дегендер көңілге қонымды. Әмір Темір Алтын Ордаға екі рет соққы беріп оның басты-басты қалаларын қиратқаннан кейін, Ақ Орданың аумағында жаңадан бой түзеген Ноғай Ордасына жорық жасауға онша құлқы соқпаған тәрізді.



Ноғай ұсталарының темір-терсек жасауға арналған саймандары

Едіге билеген Маңғыт жұртының негізінде 1391 жылы Ноғай Ордасы құрылды деген сөздің де жаны бар. Ноғай Ордасының шығысындағы көршілес мемлекеттер бұл ұлысты алғашында «Маңғыт жұрты», «Маңғыт ұлысы» деп атап жүрді. Себебі, осы ұлыстың құрылуына басты рөл атқарған Маңғыт тайпасы еді. Кейінірек, бұл жұрт Ноғай Ордасындағы ең саны көп тайпа емес, ұлысты құраған 18 тайпаның бірі ретінде қарала бастады.

Ноғай Ордасының іргетасын өз қолымен қалаған Едіге бидің (1357-1419 жж.) шыққан тегін Баба Тұкті Шашты Әзизден тараатады. Бабаның бейіті Сырдың орта

тұсында делінетін халық жадында аныз да кездеседі. Халық жүрегінде кеңінен орын тапқан Баба Тұкті (кейбір деректерде Баба Туклас деп те айтылып жүр-Ә.-Қ.) атақты әулие-әнбиelerдің бірі. Арнайы таратылған шежіре бойынша оның ұрпақтары халық арасында орасан зор беделге ие болып, осы әулеттен шыққан бірқатар Маңғыт мырзалары ел басқарды. Алтын Ордада Едіге «Бегілер begi» болып тұрған жиырма жылда ел ішінде – Еділ мен Жайық арасында Маңғыт жұртына сүйеніп ханнан бетер билік жүргізді. Едіге би Алтын Орданың бүкіл аумағында өктем саясат жүргізіп, таққа келген хандарды да тікелей ықпалын да ұстады. XV ғ. алғашқы ширегінде өз қолымен қойған хандарға арқа сүйеп Алтын Орданы билеп қана қоймай, Тоқтамыс ханға қасара қарсы тұра білді.

Енді бірер сөз Ноғай Ордасының жер аумағы төңірегінде.

Едіге бидің ұлысы немесе Маңғыт жұрты Алтын Орда құрамынан енші алып шыққандардың алғашқысы, бастапқыда олар Маңғыт ордасы аталғаны есте болар. Бір кездері Ноғай Ордасының аумағы кеңейіп, шығысында Әбу-л-Хайр хандығы «өзбектермен», батысында Еділ бойындағы Улкен Орда жерімен шектескенін де ұмытпайық.

Алтын Орданың шығысындағы ноғайлар Шайбан әулетінен шыққан Әбу-л-Хайр хан билік құрған мемлекеттің ыдырауынан кейін бұл арада бір-біріне тәуелсіз Сібір және Қазақ хандығы, сондай-ақ, Едіге бидің

ұрпактарының қол астындағы Ноғай Ордасы. Соңғысы алдынғы екеуіне қарағанда біраз бұрын, яғни XIV ғасырдың аяғында өз алдына отау тікті. Ал, Ноғай ұлысының Батыс бөлігінде, XV ғасырда Қырым, Қазан хандықтары және Үлкен Ноғай Ордасы бой көтерді (98, 72-75).

...Данышпан Шоқан еңбектерінде қарақалпак пен манғыттарды қатар атайды. Алғашында, манғыттар Жайық пен Жем өзендерінің аралығын мекен етсе, XV ғасырдың бірінші жартысында манғыттар (ноғайлар) Еділ мен Жайықтың төменгі сағасына қоныс аударады. Кейін Ноғай Ордасы құрылғаннан кейін оның халықтары Сырдарияның бойына, Арап теңізі мен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларына қанатын жаяды, XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстан жерінде тағы бір Ноғай Ордасы – Шейх-Мамайдың алты ұлының қарауындағы аймақта Алтыңұл ұлысы немесе Жембойы Ордасы (Жем мен Сырдария аралығында) құрылды. Бұл орданы құрган Ноғай Ордасының би Шағым мырзаның (1548-1549) алты ұлы еді (кейбір деректерде ол Шейх-Мұхаммед, Шейх-Мамай деп жазылады – Ә.-Қ.). Бұл Орда келе-келе, Кіші жұздегі Алты аталы Әлім тайпасына айналған, ол туралы келесі тарауларда айтылмақты...

«Көшпенді не жартылай отырықши қауымдардың қоныстарын анықтауда отырықши мемлекеттердің өлшемімен кесіп-пішуге әсте болмайды. Орыс ғалымдарының бұл төңіркетегі еңбектерінен ештene түсініп болмайды, өздері де шатасып, өзгені де шатастырғаннан басқа берері шамалы. Олай дейтініміз, географиялық тұрғыдан көшпенділер – бір күн ойда, бір күн қырда, үнемі қозғалыс үстінде жүретін қауым. Оның үстінеге ноғайлар Қырым, Астрахан, Қазан, Сібір, Қазақ хандықтары кеңістігінде көшіп-қонып өмір кешкендіктен, төрт тараппен тығыз қарым-қатынасқа түседі. Кейбір жылдары Ноғай жұртының Қазан хандығы жерінде немесе қазақ арасында отырғанын көру көшпелілер үшін дағдылы жағдай. Соған қарап, Ноғайлының шекарасы туралы накты пікір тұжырымдау асығыстық болмақ», - деген Ә. Сарайдың сөзі бұл мәселенің қыр-сырынан біраз хабар бергендей (106, 17). Ал А.И.-М. Сиқалиевтың XIV-XVI ғасырларда ноғайлардың қонысы Мананайдан (Дунайдан – Ә.-Қ.) Ертіске дейінгі жер деп көрсетуі шындыққа жанаса бермейді (90, 78). Жә, ноғайлар тоз-тоз болып ыдыраған кезде олардың бірқатары сол жерлерде тұрақтап қалуы да мүмкін. Алайда, бұл аймақтар Ноғай Ордасының тұрақты шекара межесі бола қоюы екіталай. Ал Ш. Уәлихановтың: «Ноғайлар осы шамада (бұл Могол ханы Тұғылық Темірдің кезеңі) Сырдария мен Шу өзендері бойында, Ыстық көл мен Жетісуда болды», - деп айтуды бастапқыда халық аузындағы аныздарға

сүйеніп, дәйексіз жазылғандай көрінгенмен, Ноғай жырауларының «Ыстық көл» мен «Қырғыз Алатауын» бір заманда ноғайлардың атабаба қонысы қылып атауы жобаға келетін сияқты (153, 358-359). Ресей тарихшысы В.В. Трепавловтың байқауынша, Муин әд-Натанзидің шығармасындағы ноғайлардың атамекені «Ұлытау, Сегізағаш, Қаратал, Жент, Баршынкентте» болды деп айттылуы да олардың осы жерлерді қоныс етуін жоққа шығармаса керек (33, 56).

Дегенмен, XIII-XVII ғасырлар тоғысында Ноғай ұлысында болған ірілі-уақты оқиғалар оған кірген ру-тайпалардың орналасуына өзіндік ізін қалдырып, өзгерістер әкелген. Мәселен, Ноғай Ордасының бөлшектенуіне байланысты, Әбу-л-Хайр хандығына Шайбани ұрпақтары бастаған «көшпелі өзбектердің» бір тобы Орта Азия аумағына XV ғасырдың 30-жылдары көшіп келген-ді. Одан кейін XVII ғасырдың бірінші ширегінде Шығыстан жосыған қалмақ тайшылары да осы жерлерді иеленді. Ал XV-XVII ғғ. орыстармен, Еділ қалмақтарымен, орыс казактарымен, башқұрттармен шиеленістері (жерлерінің тартып алынуына байланысты) ноғай халықтарының этникалық құрамында, яғни орналасуында бірсызыра қозғалыстар етек алғаны байқалады. Құнарлы, шұрайлы жер-суынан айырылған ноғайлар ата қонысын тастауға, басқа жерлерге ауысуға мәжбүрленді. Бірақ қай заманада да Ноғай халықтары негізінен өздерінің атамекендерінен, өнір аймақтарынан алысқа ұзай қойған жоқ. Олар XIII-XV ғасырда қай жerde, қай аймақта жүрсе, XVI-XVIII ғасырларда да ата салтынан айнымай, сол жерлерде тұрақтап қалуға тырысып бақты (200, 45-88).

Ноғайлардың қоныс тепкен ауыл-аймағын тереңірек түсіну үшін, Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі үдерістерге тоқтала кеткен жөн сияқты. Бұл орайда сан-саққа жүгіртілетін әнгіме де жеткілікті. Ноғай ұлыстарының шекарасы әр кездे әртүрлі болғаны да белгілі: бірде кеніп, бірде тарылып отырған. Олардың өзгермеген алтын діңгегі Еділ-Жайық екі өзеннің ара бойы. Жан-жақтан жау тықсырған қыын-қыстау мезеттерде осы арада топталып, күш жинап, сап түзеп ата-баба әруағына сыйынып, бес қаруын асынып аттаныстарға шығып тұрды.


Сондықтан ноғайлардың шекарасы мен қоныстарын Еділ-Жайықтан бастап сыртқары тараптарға кенейтіп отырған зерттеушілер қателеспейді. Орданың іргесі қаланған Едігे заманында батыс шекара Еділге, шығыс шекара Жемге тірелді. Ал онтүстік Каспий теңізінің түстік жағалауымен көмкеріліп, қайсыбір жылдары терістік Бұлғар мен Камаға дейін жетті. Татарлардың «Идегей» жырында Нұр әд-Динге өкпелеп Хорезмге кетіп қалған әкесіне сәлем айтқанда, ноғайлардың кіндік қаны тамған

жерлері атап-атап көрсетіледі, олары: «Еділ, Жайық, Бұлғар, Сарай, Нұраның Қара құмы, Ойыл, Қийыл, Елек, Қарғалы». Бұның азды-көпті таласты тұстары болғанымен, алғашқы жылдардағы ногайлардың көші-конының жер аумағы осы шамаларда болғаны анықталғандай (201, 69-83; 106, 17-18).

Тағы бірер дерек. Қазақстандық ғалым Б.-А.Б. Кочекаев Ноғай Ордасының Қазан хандығында, Башқұртта, Сібір хандығында «ноғай жұрты» деп аталатын қоныстары болғанын, олардан салық жиналышп тұрғанынан хабардар етеді. Осы тарихшы Башқұрттағы «ноғай жұртын» Уфа өзенінің бойындағы естектердің қонсысы десе, Сібір хандығындағы қонысы Түмен төңірегі екенін айтады (101, 98-99).

Шамасы, Қазан маңындағы «ноғай жұрты» – Бұлғар-Самар аралығында орналасса керек. Олар Едігенің ұлы Нұр әд-Диннің бастапқыдағы енші жұрты саналады. Нұр әд-Диннің экесіне жолдаған бір сәлеміндегі «Нұраның қара құмы» дегені де көніл аударапты. Ілгеріде Муин әд-Дин Натанзидің шығармасында ногайлардың алғашқы қоныстары қатарында Ұлытауды атағанына таң-қалғанбыз. Соған қарағанда, ногайлардың Ұлытаудың бір бектерін жайлағаны дастандарда айтылуы себепсіз емес секілді. Қазақ тарихының Геродоты танылған А.И. Левшин Нұра бойындағы Татағайды ногайлардың қаласы деп жазғанын ескерсек, ендеше Нұра өнірі де ногайлардың қазақ арасындағы бір тарбынан куәлік еткендей.

Едігенің шөберелері Мұса, Жаңбыршы билер кезінде ногайлардың шығыстағы шекарасы төменгі Сыр, Қаратаяға жеткені белгілі. Мұса Сыр бойын қысы-жазы жайлап, Орта Азиядағы әулеттік тартыс-таластардың бел ортасында жүрді. Осы шамада ногайлардың солтүстікегі шеткі аймағы Тобыл мен төменгі Ертіске жетіп, Сібір жұртымен қоян-қолтық араласты.



Ногай жасактарының қару-жараптары.  
XIV-XV ғғ.

Маңғыстau өнірінің білгір зерттеушісі, марқұм Серікбол Қондыбай бауырымыздың айтуынша, Ноғай Ордасы деп аталған мемлекет XV ғасырдың бірінші жартысында Едігеұлы Нұр әд-Диннің тұсында, бұрынғы Ноғай «Бегілер begine» Алтын Орданың ханы Мөңке Темірдің сыйға берген Жем-Жайық далалық аймағында құрылған. Оның саяси негізін Едіге ұрпақтары билеген Маңғыт тайпасы құрағандықтан, Ноғай Ордасы «Маңғыт жұрты» деп те, «Едіге ұлысы» деп те атала берген. Ноғай Ордасындағы саяси билік Едігенің ұрпақтары мен ру-тайпалық деңгейде маңғыттардың қолында топтастырылды. XV ғасырдың екінші жартысы-нан бастап «ноғай» атана бастаған осы және басқа да түрік-қыпшак тілді тайпалардың басым бөлігі XIII ғасырдың екінші жартысында Ноғай түменбасы ұлысында мекендергендердің, яғни бастапқы ноғайлардың ұрпақтары еді.

Маңғыттар өздерінен бұрынғы есен-қазақтық (ноғайлық) беделдік дәстүрді қабылдап, іс жүзінде оны жалғастыруышылар болды. Географиялық тұрғыдан бұл мемлекет өзінің қуаты тасыған тұсында Хазарлы (Каспий) теңізінің және Арал теңізінің солтүстігінде (бүгінгі Батыс Қазақстан мен оған іргелес Ресейдің Астрахан, Волгоград, Сарытау, Орынбор, Шеләбі облыстары) жатқан далаларда Тура мен Қама өзендеріне дейін, батыстан-шығысқа есептегендегі Еділден Ертіске дейін созылып жатты.

Орда орталығы бүгінгі Атырау қаласынан алпыс шақырым жердегі Сарайшық (Сарайджук) шаңары болған еді.

Ноғай Ордасы ұлыстарға бөлінді, оларды мырзалар басқарды. Мырзалық билік рулық-тайпалық сатыдағы үлкендік ретіне қарай алынатын, реңми билікке ие болатын, алдын ала жария етілген мұрагерлік қызметтіңін аты нұрадын (Едігенің тұнғышы Нұр әд-Дин атының баламасы) аталатын, ол міндетті түрде Ноғай Ордасының батыс бөлігінің әміршісі деген сөз. Нұрадын ел басқарған биден кейінгі мемлекеттің екінші адамы болып саналатын.

Ноғай Ордасының дүрілдеген шағы 1480 жыл (Алтын Орданың соңғы ханы Ахметтің өлімінен кейін) мен 1563 жыл (Исмайыл мырзаның биліктен кетуі) аралығы болды», - дейді зерттеуші С. Қондыбай (149, 251).

Ноғайларды айта отырып, олардың құрамындағы ұлыстар мен ру-тайпаларды және халықтың саны туралы мәліметтерді атап өтпей әбестік болар.

Ноғайлардың этникалық құрамына алғаш тиянақты ғылыми барлау жасаған Ресей ғалымы М.Г. Сафаргалиев. Оның үйітқы тобы деп он сегіз тайпаны көрсетеді, олар: алшын, ас, байғұр, борган немесе борлақ, гублақ, қаңлы, кенегес, керей, қыпшак, қытай, қият, колгин,

коңырат, маңғыт, найман, тайджут, тангучин, түрікмен (132, 230; 71, 35). Ногайлардың тарихын әжептәуір зерделеген А.Б.-А. Кочекаев та осы тұжырымға тоқталады. Ногай ғалымы Р.Х. Керейтовтың еңбектерінде олардың қатарына мына руларды топтастырады: ас, бай, қаңлы, қатаған, керейт, қыпшақ, қонғұр, қоңырат, қытай, мажар, маңғыт, найман, тама, сильдигут, үйсін тайпаларын жатқызып, тайпа санын 15-тен асырмайды (202, 19-28).

Ірге көтеріп, дәүірлеген XV ғасырда ногайлар 64 ру-тайпадан құралады десе, XVI-XVII ғасырларда олар өздерін «140 таңбалы ногай» атаған (33, 440).

XVII ғасырдағы түрік саяхатшысы Эвлия Челеби де «140 рұлы ногай жұрты», ал жыр-дастандарда «90 баулы ногай елі» деп көрсетіледі (63, 5-288).

Осы жерде ерекше бір көніл аударатын мәселе – тайпалар санының тоқсан екі немесе тоқсан баулы болуы. Халық ауыз әдебиетіндегі батырлық жырларда «тоқсан баулы ногай елі» деген сөздер жиі ұшырасады. Мәселен, Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» жырлар топтамасында «ногайлы елі» төмендегіше жырланады:

*...Сонда Аңышыбай сөйлейді:*

*- Рұымды құрасаң,  
Мұсылман деген ел деді.  
Қайратымды құрасаң,  
Кара дауыл сел деді.*

*Тұқымымды құрасаң,  
Тоқсан баулы ногайдан,  
Қырық таңбалы Қырымнан,  
Шалқып жастқан жер деді.*

Ал ер Мамайдың Қозанға (қалмақ билеушісі) берген жауабында:

*- Атамның аты – Аңышыбай,  
Ұсынғаның жазбаған,  
Қойы мыңдан қоздаған,  
Сары інген жүзден боздаған,  
Токсан баулы ногайдан  
Ерлік пен билік озбаған...*

Тағы бір дастандарда былай айттылады:

*Арғы атамды құрасаң,  
Ала тайлы Аңышыбай*

*.....  
Бергі жасын құрасаң*

*Баба Тұкті Шашты Әзиз  
Керемет қойған пір еді.  
Бергі жасын сұрасаң,  
Парпария сұлтан хан еді.  
Тоқсан баулы ногайдан  
Билеген артық жсан еді...*

*Тоқсан баулы ногайлы  
байтақ жатқан ел едің...*

*...Тоқсан баулы ногайлы  
Құтқарып алар адам жоқ..., - делінеді.*

Міне, осырлай ғасырлар бойы жырланып «Тоқсан баулы ноғай» деп айтылып келеді. Ал, башқұрт тарихшысы Р.Г. Күзеев те башқұрт халқының құрамындағы тайпаларды сараптап, олардың құрамында 92 рулық бөлімшелердің болғандығын анықтапты (83, 113). Біз бұл жерде «тоқсан екінің» немесе «тоқсандық» санының мәнін жоққа шығармай, оның басқа да ұғымдарының болғандығына ешбір күмән келтірмейміз. Сонымен қатар, бұл мәселе төнірегінде арнайы зерттеу жүргізу қажет ететіндігін де ғалымдардың есіне салмақпыз.

Біртұтас Ноғай Ордасында ыдыраушылықтың алғашқы нышандары XVI ғасырда шаң бере бастағанда-ак, олар екі-үш бөлікке айрылды. Тарихтағы Үлкен Ноғай, Кіші Ноғай – Қази ұлысы, Едисан, Едишкөл, Тоғыз, Жембойлық, Буджақ ұлыстары деген атаулар осы дәүірдің белгі-бедерлері. Бұл қыс қыстау, жаз жайлауларына қарай, қандастық жағынан жақын, тарих бел-белестерінде бір-бірінен көз жазбай, қатарлас, қанаттас жүрген тайпалық қауымдастар еді. Алғашқы кезеңде етекті кеңге жайып, далиып бара жатқан Ноғай жұртын басқаруға қауымдастықтың септігі тиді, көші-кон, жер-су, ұлыс ішіндегі даудамайлар ауыл аймағында шешілді, оның жасақтарын соғыс жағдайында тез әкетуге де көмегі аз тимеген. Алай-



Ногай фольклорының орындаушы.  
XV ғ.

да уақыт өте келе ұлыстық құрылымдар күш алып, өзара қырқыс басталғанда ноғайлардың бөлшектеніп, бытырауына әкеп соқтырганын да жасыруға болмайды (106, 19; 149, 252).

Бұлар кезінде тоғыз ұлыстан құралған дегенді орыс ғалымдары да жазып келді және оларды былай атайды: Мансұр, Орак, Мамай, Қази, Ормамбет (Ораз Мұхаммед – Ә.-Қ.), Тоғыз, Едисан, Едішкөл, Жембойлық (203, 402; 70, 443).

Соңғы ұлыстардың бытыраңқы бөлшектері Үлкен Ноғай Ордасы мен Қази ұлысына қосылып, тіршілік етуге тырысқанын, ал Қараноғайлардың «Едіге» дастаны Токтамыс ханның (XIV ғ.) қол астында болған елдерді еске салып, оларды былай түзеді: бұйрабас, үйсін, қанлы, кенегес, қоңырат, қыпшақ, маңғыт, минг, найман, құрық, шырын және жұз деп, он екі тайпаны атапты (204, 24-26).

Бір қызығы, осылардың бәрін жинақтап, кестеге тұсірген ғалым В.В. Трепавловтың анықтауынша, Ноғай Ордасын құраған халықтардың саны 66 ел болып шыққан және 4 рулы елдің аты (Құлашы, Телеу, Үйғыр, Шымбай) қосымша деректерден алынған, сонымен барлығы 70 ел деп келтіреді (33, 49). Олардан тарайтын бөлімшелерді (аталықтарды) қосып, ноғайларды осы ғалым жұз отыз тоғыз руға жеткізіпті, ал XVII ғасырдағы ноғайлардың мәліметіне қарағанда, олар өздерін жұз қырық рулы (ел) халықпаз деп атапты. Түрік саяхатшысы Эвлия Челебидің жазуынша, Еділ бойына қалмақтар келгенше-ақ (XVII ғ.) ноғай елі 140 рудан құралған (33, 490; 63, 162). Ресей мемлекетінің 1606-1610 жылдардағы жазылған ресми құжаттарына сенсек, Үлкен Ноғай Ордасы биінің қарауында он төрт ел қалыпты, олардан қағазға аты түскендері: борлақ, қыпшақ, қытай, қоңырат, минг, найман, түрікмен, ал қалғандарының атауы қағаз бетінен көрінбейді.

Аталмыш халықтардың Ноғай ұлыстарында пайда болуы мен ыдырауына байланысты тоқталатын арнайы ғылыми шығармалар болмағандықтан, олардың тірлік-тынысы мен ішкі құрылымы, он-теріс әрекеттеріне кідіріп жатпадық.

Қандай мемлекеттік құрылым болмасын оның күш-қайраты, атақдаңқы халқының санымен өлшенетіні қадым заманнан белгілі. Кезінде, Еуропа саяхатшылары Еуразия кеңістігіндегі жері кен, халқы көп бірден-бір құрылым Ноғай Ордасы деп таныды. Бірақ саны қанша екенін кесіп-пішип айта алмады. Бұл орайда ноғайлардың жырларында «теңіздей толқыған ноғайлы», «теңіздің құмындаі сансыз ноғайлы», «он сан», «отыз сан», «қырық сан» тіркестері жиі кезіккенмен, бұл мензеулерден халық мөлшерін анықтау мүмкін емес. Ноғай зерттеушісі

А.И-М. Сиқалиев ноғайлардың санын екі миллион деп жобалағанмен, оны дөп басып айта алмаған.

Мәселең, А.А. Тортика, В.К. Михеев, Р.Н. Кортиев атты ізденушілер Еділ мен Есіл, Кама мен Сырдария аралығында 1 млн. 700 мың халық тұрды, оның ішінен ноғайлардың ата қонысы Еділ, Жайық, Жем, төменгі Сырдарияда 750 мың адам деп көрсетіп, олардың санын осынау мөлшермен шектейді (211, 53-55). Бұл орайда пікір білдірушілер кеп, ал бірақ ноғайлардың нақтылы санына жете алмаган, - дейді ғалым-жазушы Ә. Сарай (106, 20).

Кейбір тарихшылар (Л.Ш. Арсланов, В.М. Викторин, Р.Ф. Галлэмов) ноғайлардың санын 450 мың мен бір миллион арасында деп есептейді (206, 11; 207, 175). Ал біrsызыра шығыстанушылар ғылыми-методикалық әдіске жүгініп, оларды әскер санына қатысты немесе тұрғылықты жүрттың жер байлығы қанша адамды асырай алады деген қағидамен де беруге тырысады.

Аты бірнеше мэрте аталған білікті ғалым М.Г. Сафарғалиев диссертациялық еңбегінде мынадай деректерді басшылыққа алғып, ноғайлардың есебін шығаруға тырысқан. Зерттеушінің ойынша, Польшаның елшісі Матвей Меховскийдің жазба дерегінде берілген: Үлкен Ноғай Ордасы XV ғасырда өзінің 160 мың халқынан 60 мың әскер шығаруға мүмкіндігі болған, яғни халқының үштен бірі дегенге саяды. Сол сияқты Жұсіп би мен Шейх-Мамай ұлдарында, Исмайыл мен Қасым мырзалардың қол астында 200 мың жасақ болған десе, онда бұлардың қарамағында халықтың саны 600 мың есебінде саналар еді. Бірақ М.Г. Сафарғалиев олардағы халықтың санын 400-500 мың адаммен шектейді (71, 45). Одан кейінгі енбектерінде аталмыш ғалым Ноғай Ордасындағы жасақтардың саны халықтың 60 процентін құрады деп жазып, бұрынғы райынан қайтады. Магомет Ғарипұлының соңғы дерегіне сенсек, онда ноғай халықтарының саны 300-350 мыңға жетіп жығылады екен. Осындағы мәліметке иек артып, Ноғай халықтарының санын беретін ғылыми жұмыстар да барышылық (101, 33-34; 208, 36). Осыған ұқсас мәліметті башқұрттық ғалым Р.Г. Кузеев те келтіреді. Р.Г. Клавихоның мәлімдеуінше, Едігенің қол астында 200 мың жасақ болған, ал тағы бір ғалым Г.И. Перетятковичтің мағлұмы бойынша, ноғайлардың әскері XVI ғасырдың екінші жартысында 200-300 мыңға жеткен дегенді айттып, ғалым мынадай қорытынды жасайды. Көшпендердің салтында адам санының төрттен бірі міндетті турде жасақтар қатарына тартылағына ден қояды. Өйткені, халықтың жартысын әйелдер құраса, бестен бір бөлегі он екі-он үш жаска дейінгі жасөспірімдерге, кәрі-құртанды.

және мал бақташылар үлесіне тиеді. «Бұндай жағдайды еске ұстасақ, - дейді Р.Г. Кузеев, - онда Ноғай Ордасының халқы 800 мың мен бір миллион екі жүз мың адамнан аспаған» (209, 337; 210, 245).

Ноғайтанудың басы-қасында жүрген А.И.-М. Сиқалиевтің де ойы жоғарыда айтылған пікірлерімен қабысады. Ол ноғай санын берерде араб тарихшысы ибн Арабшахтың және басқалардың мәліметтеріне сүйенеді. Мысалы, ибн Арабшахтың еңбегіндегі Едігенің жиырма ұлы болды деген және «Қазан жылнамасында» жазылған оның кенже ұлының қарамағында он мың әскер топтасты, осыған сәйкес қалған ұлдарының әрқайсысында осындай жасақ болды дегенді қаперінде ұстапты. Едігенің өзінде екі жүз мың жасақ шоғырланды деген Р. Клавихоның сөзін негізге алсак, онда орданың әскер саны 400 мыңға жететін көрінеді (неге екені белгісіз, А.И.-М. Сиқалиев Ноғай Ордасының жасақтарын 600 мың деп көрсетеді – Ә.-Қ.). Олай болса, 400 мың жасағы бар халықтың санын (адам санының төрттен бірі әскер қатарына тартылған болса) 1 миллион 600 мың адам деп топшылауға мүмкіндік бар, - дейді тарихшы В.В. Трепавлов (33, 493-494).

1551 жылы Жұсіп бидің IV Иванға (Қаңарлы Иван) жолдаған хаты да бұл тақырыптағы әңгімеге тиек бола алады. «Мениң тізімдегі жасақтарымның саны 300 мың. Ал сегіз ұлымның әрқайсысында 10 мыңнан жасақ бар» (33, 497). Бұл ноғайлар мен Русь арасы шиеленіскенде IV Иванды ықтырмақ болған бидің қоқан-лоқы хат еді. Асылы, Жұсіп би әскерінің санын асырып көрсетіп отыр. Өйткені, ол 1552 жылы орысқа қарсы жасақ жинағанда сарбаздарының саны 120 мыңнан аспай қалды. Соңғы дереккөз Ноғай Ордасына келген орыс елшісінің накты мәліметі. Олар мынадай себептерден туындаған: 480 мыңға жуық халқы бар Исмайыл мен Арслан мырзалар бастаған ноғайлардың оң қанаты орыстарға қарсы жорыққа шығуға үзілді-кесілді бас тартқан. Мұның алдындаған Сейд Ахмед қарауындағы ноғайлар Мәуранныхра қоныс аударған, Алшағыр ұлысы да ордадан тысқа кеткенін қосыңыз. Осы тұста ноғайлардың саны 1200-1400 мың шамасынан аспаған секілді. Бұл сан жобаға келетін сияқты. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының сарбаздары 300 мыңға (Бабыр мәліметінше), халқының саны бір миллионға (Мұхаммед Хайдардың мәліметінше) жеткенде, Еуропа жиňанкездерінің «аталмыш кеңістіктегі ең іргелі мемлекет» деп Ноғай Ордасын атаяу – осындай тиянақты деректерге сүйенгендейдікten болса керек (106, 20).

Енді, осы арада, ноғайлардың жыр-дастандарында жиі кездесетін «сансыз» (өте көп деген мағынаны береді – Ә.-Қ.) деген ұғымды талдап өтейік. Ресей мен Еуропа елдерінің жазба мағлұматтары Ноғай

Ордасындағы халықтар санын басқа мемлекеттерде тұратын адамдар санымен нақтылағанда әлдеқайда көп деген бір ауыздан тұжырымға келеді (212, 45; 213, 33; 214, 161). «Телегей теңіз халықпаз» деген ноғайлардың жырауы Шалқиіздің осы сөзді тектен-текке айтпағаны белгілі. Жетісан (Едисан) ұлысының Естерек би 1616 ж. Астрахан әскери воеводасына жазған хатында «қырық сан жасағым бар» (әр санда он мың сарбаз) деуі және Қара Кел Мұхаммедтің (нұрадин қызметіндегі) 1630 жылды Михаил патшаға «қырық сан ноғайымды Сіздің қол астыңда әкелуге дайынмын», - деген сөздері сол кездегі Ноғай ұлыстарында тұратын адам санынан хабар еткендей (33, 495). Бұл айтылған сөздердің ұғымы «өте көп ноғай елі» немесе әлгідегі «сансызы» деген мағынаға тіреледі. Қалай десек те, ноғайлардың санын дөп басып айтатын жазба деректер мардымсыз. Мәселен, асқан дарынды тарихшы Т.И. Сұлтанов Әбу-л-Хайр хандығының қол астындағы өзбектерді (оларға Маңғыт тайпасы да кіреді) XV ғасырдың аяғында 1 миллион 240 мыңнан – 1 миллион 360 мың адам деп шамалайды. Фалым бұл мәліметті тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің қазақ ханы Қасымның қарамағында бір миллион халық болды деген мәліметіне сүйене отырып жасағанына иек артады. Осыдан Әбу-л-Хайрдың немересі Мұхаммед Шайбани ханның қол астында 40-60 мыңдай жасақ болды деген тұжырым жасап, Қасым ханның әсерінің саны 360 мың деп топшылаған. Оның есебі бойынша Қазақ хандығында тұратын әрбір алтыншы адамнан бір сарбаз әскер қатарына тартылған (87, 20-21).

Т.И. Сұлтановтың пікірін жақтай отырып, тарихшы В.В. Трепавлов ойын былай жалғастырады. Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидида» қазақ ханы Қасымның жесірі Сұлтан-Нигар ханымның оның мұрагері Тахир ханға айтқан мына мәлімдемесін келтіреді: «Өзбек хандығында тұратын маңғыттардың кесірінен, сен оларға қарсы үлкен жасақ қоя алмайсың, бұрынғы он лақтан (жұз мың жасақ – Ә.-Қ.) қазір 4 лақ қана жасағың (қырық мың әскер – Ә.-Қ.) қалды, сондықтан оларға сенің күшің жетпейді» (33, 496; 45, 305-313).

Бұл әңгіме Қасым хан Жәнібекулының (1521 жылы) қазасынан кейін, шамамен 1523 жылдары болған еді. Қасым хан өзі барында Маңғыт тайпасын қоса бағындырып, халқының санын миллионға жеткізген еді. Қасым өлгеннен кейін әлденіп алған ноғайлар қазактарды тықсырта күшпіп, оларды шығысқа қарай ығыстырған. Бұл кезде маңғыттар күш алғып, Қазақ ханы Тахирдың қарауында төрт жұз мың ғана халық қалғанды. Сұлтан-Нигар ханым осы мәселені қозғап отырғаны түсінікті...

Әрине, ноғай билерінің өзара қанды қырғын екінші бүлігінен (1550-1570) кейін, халықтың саны едәуір азайғаны көрінеді. Қағаз

бетіне түскен деректер 1580-1590 жылдардағы ноғайлардың саны осы ғасырдың бірінші жартысына қарағанда, олардың күрт төмендегенінен хабардар етеді. Мысалы, Императордың Елшілік бұйрығының 1589 жылғы Мәусім айындағы мәліметінде Иран шахына қарсы жорықта Ресей ноғайлары жұз мыңдай жасақ бере алатыны айтылады (215, 68-69). Бұл сан, әрине, Ноғай Ордасының Үлкен Ұлысындағы атты жасақтар турасында болса керек. Олай дейтініміз 1592 жылы Польша-Литва елшілігінде өткен кездесуде Орыс патшасының елшісі: «Еділдің арғы бетіндегі Үлкен Орда мен Қази ұлысының ноғайларынан сақадай сай жұз мың атты әскер шығара алатынын ескерткен» (216, 40).

Ноғайларға қатысты бұдан да ғөрі нактылау санды 1600 жылы Англияға барған Орыс патшасының елшісі Г.И. Микулин келтіреді. Ол былай депті: «Еділдің арғы бетіндегі ноғайлар сексен мың жасақ бере алады, ал Барынғазы би (Қази ұлысының би) өзінің аға-інісі, балалары және ағайын-туыстары (80 мырза) қосылып қарамағынан елу мың әскер жасақтауға мүмкіндігі бар». Яғни Еділдің арғы бетіндегі және Қази ұлысындағы ноғайлар қосылып 130 мың жасақ шығара алатынын Орыс елшісі осы арада мәлімдеген. Ендеше, бұл кезде Үлкен Ноғай Ордасында 320 мың (80 мың x 4) халық тұрган деп санау қажет, ал Кіші Ноғай Ордасында (Қази ұлысында) XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың алғашқы ширегінде шамамен 200-300 мыңдай адам болғаны ғалым В.В. Трепавловтың енбегінде түзіледі (217, 174-191; 33, 498).

Әңгімемізді әрі қарай жалғастырсақ, Ноғай Ордасының күш-куаты әлсіреген сайын, билер қарамағындағы халық саны да азая түскен. Мысалы, 1604 жылы ноғайлардың Естерек би (бұл бізге белгілі «Ер Тарғын» жырындағы басты кейіпкер Ер Тарғынның экесі – Ә.-Қ.) Астрахан воеводасына ноғайлардан 60 мың сарбаз әскерге қоя алатынын мәлімдейді (халықтың төрттен бірі соғысқа қатыса алады деп есептесек), сонда оның қарамағындағы халықтың саны 240 мың деген сөз (218, 136). Ноғай мырзалары бірінен соң бірі тәбе билерін мойындармай олардың қарауынан шығып кетіп жүрді, аз уақыт өткен соң қайта оралғандары да болды. Осылай арагідікке түсіп жүргендерінде, ұлыс кіслері де азая берді. Оған бір дерек, Естерек бидің елшісінің 1608 жылы Русь патшасына берген хабарында, бидің қарауында 40 мың ғана адам қалды деген. Осының сәл алдында оның қол астынан көптеген мырзалар Қырым хандығына көшіп кеткені анықталады (205, 213-214).

XVII ғасырдың алғашқы он жылдығындағы Орыс патшасы мен Ноғай Ордасы арасындағы жазба деректерде Ноғай ұлысындағы адамдар саны келтірілген.

Дінмамбет (дұрысы – Дін Мұхаммед – Э.К.) бидің інілері Жан Мұхаммед пен Ақсақ Кел Мұхаммедтің 1615 жылғы орыстарға жазған хабарында Үлкен Ноғай Ордасындағы халықтың саны 400 мың деп көрсетіледі, ал осыдан екі жыл кейін жазылған Естерек бидің хабарында жасақтарының саны 200 мың болады деп, асыра сілтеушілікке барғаны көрінеді. Шынтуайтында, оның қарауындағы халық саны әлдеқайда азайған еді, сол 1617 жылғы патшага берген мәліметінде, патшадан бүйрық келсе, би 20 мың сарбаз беретінін айтыпты. Олай десек, оның қарауында тек 80 мыңдай халық тұрған ғой.

Жасыратыны жоқ, Үлкен Ноғай Ордасында 1620 жылға қарай халық саны тіпті азайып кеткен. Бұл уақытта нұрадин қызметін атқарған Кара Кел Мұхаммед орыс патшасына берген мәліметінде, өзінің қарамағындағы адамдардың саны 30-40 мың деп көрсетеді. Бұндай санды Қажы Тархан воеводасының қызметкерлері де мақұлдайды. Осылардан Қанай бидің қарамағында 10 мың адам, нұрадіннің қол астында 20-30 мың халық болды деген деректер орыс мемлекетінің құжаттарына да түскен екен. Аталған санның ішіне Дінмамбет үрпактарының ұлысы да қосылғанын ескерсек және Орданың шығыс жақ бетіндегі қалмақтардың қол астында қалған 40 мың ноғайларды қаперімізде ұстасақ, онда Дінмамбет ұлысындағы халықтың саны 1630 жылдарға қарай 30 мыңға да жетпейтіні байқалады.

Мұндай дәйектерді қынжыла келтіре отырып, Үлкен Ноғай Ордасындағы халық саны 1620 жылға қарай 80 мың мен 120 мың деңгейінен аспаған деп топшылайды (бұған, әрине, қалмақтардың қол астында қалған ноғайларды да қосқан) қайсыбір ғалымдар. Асылы, атақты орыс ғалымы А.А. Новосельский 1630 жылдардағы ноғайлардың санын 100 мың деп көрсеткені құптауға тұрарлық (219, 214).

Бұдан әрі қарай Үлкен Ноғай Ордасы халқының жәйі тіпті төзгісіз. Қажы Тархан әскери шебінің қызметкерлерінің мәліметіне қарағанда, 1642 жылы бұрынғы «қырық сан» Манғыт жұртынан 4862 адам қалған, осыдан жеті жыл өткенде олардың саны 15 мыңға ғана жетіпті (220, 211-212). Тоз-тоз болып бытыраған ноғайлар әр ұлысқа бөлініп бірде қосылып, бірде ажырасып ен даланы паналап өмір сүрген. Осыдан соң көзі қарақты оқырмандардың назарына түсетіні, олардың негізгі тобы Кавказ маңына, Бұджак (Бұлжак) ұлысына бірігеді, енді бір тобы Қырым хандығындағы Герейлерден қоныс іздейді (33, 498-499).

Жоғарыда атап өттік, Ноғай Ордасының құрамына маңғыттар, наймандар, қоңыраттар, қытайлар, қыпшақтар, алшындар, қаңлылар, тамалар, қияттар, керейттер және т.б. кіргенін. Бұған қарағанда, Ноғай

Ордасының рулық-тайпалық құрамының Қазақ хандығының этникалық құрамынан онша айырмасы жоқ тәрізді. Ноғайлар жүртінда алшындар этностың негізгі мәйегін құрады десек артық айтқандық болмас. Екіншіден, қазактар мен ноғайлардың жер аумағы бір-бірінен тіпті айырғысыз. Ноғай Ордасының батыс шекарасы Еділдің төменгі ағысының бір тармағы – Бұзан өзенінің бойымен өтеді, шығыс шекарасы Сырдарияның төменгі сағасымен шектеседі. Сайып келгенде, ноғайлардың қоныстанған өнірі – кәдімгі қазақ жері, Қасым ханның тұсындағы Қазақ хандығының құрамдас бөлігі. Осыдан, Ноғай Ордасының XVI ғасырдың 30-жылдары Қазақ хандығы құрт әлсіреп (Қасым хан өлгеннен кейін), өзара қырқыс күшейген кезеңде дүниеге келуі дәлелдеуді қажет етпейтін құбыльыс.

Қазақ-ноғай халықтарының тағдыр-талайының тығыз байланыстырығы ауызша да, жазбаша да көнекөз жәдігерлерде айқындалған. Ол – ол ма, Батыс Қазақстан, оның халқы (қазактар мен ноғайлар) Қазақ хандығының мәйегі деген жаңа тұжырымға да құлақ қою ләзім. Бұрындық (немесе Мұрындық) пен Қасым хандардың кезінде (Қазақ хандығының керегесін көтеріп, уығын шанышқан Керей мен Жәнібектің ұлдары) – Қазақ мемлекетінің Батыс шекарасы Еділ, Жайыққа дейін тірелді. Жайық бойындағы Сарайшық қаласын олар хандықтың астасында етті деген тұжырымдар тегіннен-тегін шықпаған іспетті (98, 74).



Басқак. Суретші С. Иванов

Кітаптың өн бойында аталатын «Ноғай ұлысы» мен «Ноғай Ордасы» арасында айырмашылық бар ма деген мән-жай төңірегіне келетін болсақ, мемлекеттік-саяси құрылымы жағынан бұлар бір-бірінің занды жалғасы дегенмен, территориялық-әкімшілік жағынан өзгешелігі бары рас. Мәселең, Ноғай ұлысының иелігі Алтын Орданың батыс шебі (Днестр мен Дунайға дейін) жеткен болса, Ноғай Ордасының жер аумағы Еділ мен Жайықтың арасымен шектеледі. Бұл түптең келгенде, баяғы Менкес Темір ханның Алтын Орданың бастапқы қолбасшысы Ноғайға сыйлыққа (сойырғал) берген жері аумағымен теңеседі.

Ал ұлыс ыдыраған кезде, ноғай атын жамылған елдің өзі бірнеше бөлікке ұшырағанын әлгіде айттып өттік. Қазақстандық шығыстанушы ғалым В.П. Юдиннің мәлімдеуінше, XVI ғасырдың 50-ші жылдарында Еділден Ертіске дейінгі байтақ далада көшіп-қонып жүрген Ноғай ұлысы ыдырай бастаған. Соның негізінде Улken Ноғай, Кіші Ноғай (Қази ұлысы), Алты ұл (қазіргі Кіші жүздегі Алты аталы Әлім руларының қонысы – Ә.-Қ.) Ноғай ордалары құрылған (48, 70). Шейх-Мамайдың алты ұлының атындағы Ноғай Ордасын орыс ғалымдары «Улус Шести Братьев» деп жазады (48, 6-18; 49, 32-56). Тарихнамада соңғы Алты ұл Ордасы (Алты аталы Алем ұлысы – Ә.-Қ.) кейде Жем бойлық Орда деп те атала береді. Алайда Кіші Ноғай Ордасы да, Алты ұл Ордасы да және басқа кішігірім ордалар да, шын мәнінде, Улken Ноғай Ордасынан тәуелсіз тұғын, солай бола тұрса да, бәрінің ішіндегі ең дәрежесі ұлкені бәрібір Улken Ноғай Ордасы саналады, - дейді ғалым В.П. Юдин (48, 70; 52, 104-168; 53, 26-100).

Кейін қайталап жатпау үшін, Жем бойлық немесе «бойлық» деген сөз туралы ойымызды қысқаша білдіре кетейік. Жем бойлық Ұлыс атауының ұғымы – Жем өзенінің бойында тұратын адамдар, шын мәнісінде, мұнда ноғайлардың ұлкен бір тобының жайлауы болғанға ұқсайды. Осыдан Жем Бойы Ордасының атауы ерекше зерттеуді қажет етпес, өйткені, тарихнамада бұған балама атаулар біршама кездеседі. Мысалы, Хафіз Таныштың «Шараф-наме-йи шахында» Сырдария өзені Талаш-Бой (немесе Талаш Бойы) яғни, «Талас өзенінің бойы» деп аталады. Дәл осындай ұғым «Өзбей» атауына да байланысты кездеседі. Бұл – Арап төңізіне құятын Әмударияның бір саласы. Барлық жердегі «бой» сөзі «өзен бойы» деген мағынаны береді және дария, су, өзен, т.б. сөздердің басқаша тағы бір атауы болып табылады.

Бір қызығы, бұл ордалар монғол жаулап алушыларының жеңісімен «монғолдық әлемнің» орнығымен дүниеге келіп, Шыңғыс хан империясының жалғасы ретінде қалыптасты да, артынан осы құрылымдардың күйреуі салдарынан пайда болған жаңа мемлекеттік

бірлестіктердің атаяу етілді (53, 95-96). Монгол империясының және Шыңғыс ұрпақтары ұлыстарының ыдырауы – бағынышты халықтардың еркіндік аңсаған күресінің нәтижесі деп пайымдау да дұрыс. Шынтуатында, Шыңғыс хан ұрпақтарының иелігіндегі, соның ішінде Жошы ұлысындағы ыдыратқыш күштің тегеурінділігі көзге түседі...

Басқа бір маглұмдарға сүйеніп, ноғайларда кездесетін мына құбылыстарға да көніл аудара кетейік. Ноғай ұлысы бөлінгенде «Сары ноғай», «Қара ноғай» деген атаулар шықкан көрінеді. Бұндағы «сары» мен «қара» мағынасы ноғайлардың түсі емес, бұл жалпы көшпендерге тән дүниетаным, төрткүл табиғаттың құбылысын түспен белгілейтін дәстүрінен шықкан атау. «Сары» – орталық, «қарасы» – терістік деген ұғымды береді екен. Мысалы, «Сары ноғайлар» Қырымда, Еділдің құйылар сағасында қалды да, кейін олар Қырым хандығының, Ресейдегі Қасым хандығының құрамына кірді. «Қара ноғайлар» – бізге тарихтан белгілісі, әлгіде айтылған Кіші Ноғай Ордасының негізін қалады. Олар Жем мен Жайықтың арасын, Үстірт пен Манғыстау өнірін мекен етті. Ескі дастандарда жырланатын «он сан ноғайлар» осылар. Кейбір тарихшылар ноғайларды төртке бөліп, жоғарыда айтылғандарға «Маңғыт ноғайы», «Кавказ ноғайы» дегенді қосады. Біздің пайымдауымызша, бұл жаңсақтықтан туған пікір секілді. Шындығында, соңғы екеуі соқтықпалы-соқпақты өмір жолдарында тағдыр айырған «сары ноғай» мен «қара ноғайдың» тармақтары сыңайлы.

Едіге бидің заманында Қара ноғайлар едәуір дәуірледі. Ноғай Ордасының иелігіндегі жер шенбері ол кезде Еділ мен Жайық арасынан шығып, Арап өнірі мен Каспий теңізінің терістік жағалауларына, Манғыстау түбегіне дейін жеткен-ді. Кейін онша ұзақ уақыт болмаса да, Хорезм аймағы да Ноғай ордасының құрамына енді. Жалпы, Едігенің жылдарай жүргізген билігі (1396-1419 жж.) нәтижесінде, Алтын Орданың бүкіл тізгінін өз қолында ұстасуы сәтті болды, Ноғай Ордасының құрамына кіретін тайпалар арасында өзі шықты дейтін Маңғыт тайпасының ұstemдігін ерекше арттырғаны да әлгіде айтылды. Ноғай Ордасының кей кездерде Маңғыт Ордасы деп аталатының өзі де осыған мензегендей. Осынау маңғыттың артықшылығы оның өзінен кейінгі ұрпақтары кезінде де сақталып қалды. Едіге ұрпақтарының зор беделге ие болғандары сонша, Алтын Ордада хан көтеру тек оның әuletінің келісімімен ғана жүзеге асырылған. Мұның нақты шындық екені Едігенің кейінгі ұрпақтары Уаққас бидің, Мұса ханның, Жанбыршы бидің іс-әрекеттерімен айғақталады.

Айтылғандарды түйіндейтін болсак, қазак пен ногайдың түбі бір туыстығы тарихнамада және ауыз әдебиетінде, әсіресе эпостық

жырларда өшпестей із қалдырғаны. Соның бір даналық көрсеткіші – халқымыздың кемел ойының жүлдегері, атақты жырау Мұрын Сенғірбекұлынан (1859-1954) жазылып алғынған «Қырымның қырық батыры» эпостық жыр тізбегі. Өзінен бес жүз жыл бұрын өмір сүрген, аты азызға айналған Сыбыра жыраудан басталған атақты жыраулар тобының бірден бір өкілі, жарықтық, Мұрын жырау «Қырық батыр» дастанын алпыс жылдан астам жырлаған екен (315, 5).

Осынау эпостарда ноғайлардың қазақпен туыс ел екендігі асқан көтеріңкі шабытпен жырланады. Оған мысал келтірер болсақ, сан мындаған жолдардан тұратын эпостар ондаған кітаптардың аумағынан көрінер еді...

Жасыратын несі бар, Ноғай елінің қазіргі ахуалынан хабарымыз аз. Соңғы деректерден анықталатыны, ноғайлар негізінен Кавказ тауының баурайында қоныстаныпты. Жалпы саны сексен мындей ғана адам, олардың басым көпшілігі Ресейдің Дағыстан, Шешен және Ингуш автономиялық республикаларына қарасты Жорғалы, Тарум, Шелков, Кизиляр, Хасавюрт, Бабаюрт аудандарында, ал шағын тобы Астрахань облысында, Қырымда өмір сүреді. Ноғайлардың тағы бір тобы (аккерман ноғайлары) Румынияда, екінші біреулері Түркияның Кони аталатын жарты аралында тұрып жатыр. Ноғайдың ғылыми тілі қазіргі ноғай халқының сөйлесу және жазба әдеби тіліне бейімделген. Ноғай тілі қазақ, қарақалпақ тілдерімен қосылып түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына енеді, - деп мәлімдейді Қазақстанның ғалымдары Ә. Қайдар, М. Оразов (177, 266). Ноғайлардың тұрмыс-тынысынан біраз мәліметтерді Шеркесск қаласынан шығатын «Ноғай дауысы» газеті мен орыс тілінде шығатын «Половецкая луна» («Қыпшақ айы») журналынан табуға болады.

Осы орайда еске түсетіні, ноғайлардың жыр-дастанын ғылыми тұрғыдан сараптаған XIX ғасырдағы Құмық ғұламасы Мұхаммед Османов пен XX ғасырдағы ноғай ағартушысы Әбділхамит Жәнібектің енбектері келешек ноғай ұрпактары үшін маңызды. Мәселен, Ә. Жәнібек жинастырған төрт томдық қолжазбаның көне ноғай тіліндегі әдеби нұсқасының Қарашай-Шеркес Республикасындағы Ресей Гылым Академиясы бөлімшесінің мұрағат қорында жинақталуы Ноғай тарихнамасын ұмыттырмайтын нақты дереккөз деп бағалауға тұрарлық, - дейді Қазақстанның Гылым Академиясының академигі Р. Бердібай (163, 97-106). Ресей үкіметінің орталық баспасөздерінде XX ғасырдың аяғында Ноғай Ордасының құрылғанына алты жуз жылдық мерейтойына байланысты әжептәуір мағлұматтар жарияланды. Мақашқала мен Шеркесск қалаларының баспасынан бірен-саран ноғай тілінде кітап шыққанын дәтке қуат қылсақ та, жалпы алғанда, Ноғай халықтарының

қазіргі таңдағы келешегі қыл үшінда тұрғандай елес береді. Саны аз әрі түрлі халықтардың арасына шашырай қонған ноғайлардың ұлт тілінде оқытатын мектептері жоқтың қасы. Бұған дейін де Ноғай жұртының көптеген буыны ана тілінде білім ала алмай, өз елінің тарихы мен мәдениетінен бейхабар екенін ойласақ, алдағы кезде туысқан елдің тағдыры қалай қалыптасадынына көз жеткізу қыын. Ноғай Ордасы заманында бір өзі екі жұз мың жасақ шығарып, Алтын Орда да айбынды мемлекет болып саналған ноғайлардың қазіргі кезде жұрнағы ғана қалғанына бұдан артық дәлел табылmas.

Тарих түкпіріне үңілсек, ноғайларға кездескен тажал оғы XVII ғасырдың басында бұлардың жеріне Жонғар қалмақтарының басып кіруімен басталған еді. Отарлауши Ресей үкіметі қалмақтарды қолпаштап, қаруландыруы басқаның қолымен от кесеу дегеннің нақ өзі. Ноғайларды Еділ, Жайық бойындағы ата қонысынан қозғаған күш те осы қалмақтардың қанқұйлы шапқыншылығы еді. Ноғай, казақ жырларында бітіспес жау ретінде ылғи дерлік қалмақтардың көрінуі осыдан. Сан түрлі сәтсіздіктердің зардабынан әлсіреген, ыдыраған, бұрынғы айбатынан айрылып, мүшкіл халге түскен ноғайларды ақырғы рет патша әскерлері 1783 жылы аяусыз қырғынға ұшыратты. Міне, бұдан кейін «ноғай мәселесі» әбден шешілгенге ұқсады. Алуан түрлі ауыртпалықтарға тап болған Ноғай жұрты бас сауғалап шет елге де ауды, паналауға мүмкін жердің бәріне табан тіреді, ал бірсынырасы мемлекеттік төлкүжаттарда татар немесе басқа ұлт болып жазылып та кетті. Бір замандарда асқаралы жасақ шығаратын Ноғайлы жұрты бұл күнде саны сексен мынға жетер-жетпес қалуының себебі осы көрсетілген мысалдардан кейін түсінікті болса керек, – деп ой тастайды академик Р. Бердібаев өзінің «Байқалдан Балқанға дейін» атты шығармасында (163, 104-105). Бұл қазіргі таңда ноғайларға тап болған бұлжымайтын ашы шындықтың бір қыры...



## ТӨРТИНШІ ТАРАУ

### Едіге би туралы ақиқат пен аңыз



Бегілер бегі Едіге.  
(1357-1419)

М.В. Гореликаның  
реконструкциясы

*Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,  
Менменсіген мінезден,  
Тәуба қылған ер дүрмін.  
Досымның отын сөндірмен,  
Дүшпаным отын жандырман.  
Озім демес нәмартақа  
Шаңқан боз ат міндірмен.  
Асылын сұрамай ас бермен,  
Атасын сұрамай дос қылман...  
Тауга ұялар сұңқармын,  
Тау бөктерлей шүйермін,  
Тұрлаусыз өскен құланмын,  
Мезгілсіз жусап өрермін.  
Бұйыргыннан аицымын,  
Шәрбат құйсаң тұщымын.  
Буырышыннан қаттымын,  
Бұйдаласаң шәге алман.  
Бурылша аттан асаумын,  
Бұғалық салсаң тоқтаман...,*

Едігенің өзі айтқан толғау сөздер  
делінеді («Едіге батыр» жырынан  
үзінді... (282, 24).

**Ноғай** Ордасының уығын шаншып, шаңырағын қолымен көтерген,  
Манғыт ұлысының кемел би, дарынды әскери қолбасы, көрнекті мем-  
лекет қайраткері, Алтын Орданың «Бегілер бегі» Едігенің (1357-1419)  
ноғай-қазақ халықтарына ортақ тұлғасын сомдауға, адами болмысын  
саралауға арналған ғылыми еңбегіміз – осы шығарманың мәйегі болып  
табылмақ.

Едіге бидің тарихнамада хатталған өмір деректері мен ол туралы халық жырларын зерттеген бұрынғы-соңғы ғалымдардың айтқан тұжырымдарының желісі үйлесіп те, үндесіп те жатқаны байқалады (153, 197-201; 222, 294-350; 223, 26-34; 224, 63-65; 225, 155-186; 226, 92-97; 227, 91-97; 228, 797-804; 74, 351-386; 229, 228-261; 28, 3-144; 230, 417-429).

Дегенмен, оған арналған жыр-дастандар мен ақыз-әңгімелердің жинақталып, баспалардан жарық көрүү және ғылыми зерттеулердің нысанына айналуы тек XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап жүргізілді десек, онша қателесе қоймаспыз. Осылардың ішінен құндылары деп, қазақтың тұңғыш ғалым-этнографы Шоқан Уәлихановтың (1842 жылы), академик Қаныш Сәтбаевтың (1927 жылы), Ә. Сиқа-лиевтың (ноғай тіліндегі нұсқасы) жазып алған нұсқалары аталады. Бұның сыртында Едігенің батырлық, қолбасылық қарекеттеріне қалам тартқан ақын-жыраулар ноғай, қазақ, башқұрт, татар, қарақалпақ халықтарында барышылық. Бұл орайда Алтын Орда дәүірінде өмір сүрген дарабоз Сыпыра жыраудың шоқтығы биік тұрғаны байқалады (256, 3-146; 284, 322-330; 265, 351-391).

Едігенің тарихи тұлғасына арнайы көңіл бөліп, қалам тербegen шығыстанушылар В.В. Бартольдтің, М. Тынышбаевтың, М.Г. Сафарғалиевтің, В.М. Жирмунскиййдің, В.В. Трепавловтың, Ә. Сарайдың, Т. Омарбековтың еңбектерін атау ләзім.

Алайда, түркі халықтарының даму тарихына қомақты үлес қосқан, Алтын Орданың билік жүйесінде өзіндік орны бар Едіге сынды ұлы тұлғаға осы кезге дейін бірде-бір ғылыми (монографиялық) шығарманың жазылмауы қынжыларлық жэйт. Шыбын жанын шүберекке түйіп, ел қамын жеген Едіге атты үш жұз жылдық тарихы бар Алтын Орданың «Бегілер begі», Ноғай Ордасының іргетасын өз қолымен қалаған атақты биі осы кезге дейін тарих бетінен аластатылып келді, жас ұрпақ оның батырлық, билік, кеменгерлік, мәмілегерлік істерінен хабарсыз. Оның себебі де осы еңбектің өн бойында айтыла туспек...

Едігенің адами болмысы жөнінде тарихнамада да, энциклопедияда да (Асан Қайғы, Сыпыра, Шалқиіз, Қазтуған, Доспамбет ақындардың жыр-дастандарын айтпасақ) көңілге қонатындағы ештеме жазылмады, оның өмір дерегі жөнінде ауыз толтырып айтарлық мағлұм берілмеді.

Жасыратыны жоқ, түркі халықтарының, Алтын Орда немесе орыс тарихы ғана емес, жалпы адамзат тарихынан аз-кем хабардар кез келген көзі ашық пенде Едіге есімін естігенде бірден-ақ елең етері күмәнсіз, - дейді Қазақстандық жас ғалым Е. Мағауин (261, 55).

Ертеңгі күннің болашағын ойлайтын бүгінгі ұрпақ сонау замана перзенті – ел намысын қорғаған Едіге сынды бабасының өмір сүрген ортасын, елінің қамын жеген кеменгердің өмір жолынан тағылым алмай өтсе, кешірілмес күнә болары хақ.

Ел-жұртына қара түнек замана туғанда Едіге бидей қолында билігі мен күш-қайраты бар қолбасы ұрыс алаңында бағын сынады, халқының

ары мен намысын қорғады, билік басында халқының қорғаны болды, ақыл-әдістерін жетілдіре білді. Дүйім жұрттың тұрмыс-тынысын, көніл-күйін айтпай білетін қадір-қасиеті мол қайраткер сүргелен мен дүрбелеңнен, от жалынды дауылдан мұдірмей өте алды. «Алтын тұлғам қажыса қажысын, Алып төрім уыстан кетпесін! Тұла бойым шалдықса шалдықсын, Тұтас ұлысым шашылып кетпесін!» - деп тоғыз тұғырлы ақ байрақты ту көтеріп, ұлыс бірлігін сақтаған Шыңғыс ханының ата салтын шын мәнінде жалғастырушылардың бірі, Манғыт ұлысынан шыққан атақты батыр әрі би, әрі мәмілегер Едіге еді. Міне, осы Едіге би Шыңғыс хан ұрпақтарынан хан сайланған тақ билеушілерін өз қолымен қойғызып, оларға бағыт-бағдар сілтеп ел тыныштығын сақтауды өзіне парыз етті. Ел-жұрттың сеніміне ие болып, «Бегілер бегі» атанды, ханының әскери қолбасшысы болды, елге танымал батырлар, шешендер мен көсемдер оның тірегіне айналды.

Едіге бидің көрегендігі мен кеменгерлігі, дипломатиялық саясаткерлігі арқасында Ноғай Ордасының жұрттың қыын-қыстау кезенде ел бірлігін сактап отырды. Ол алдағы әңгімелерге арқау етіледі...

Десек те, Едіге бидің ғұмырнамасы шыт-шытырман оқигаларға толы, әрі сол замандағы құрделі тұлғалардың біріне саналатыны хақ. Бәрін айтып жатпағанның өзінде, үстіміздегі дәүірге жеткен азыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда оның түп-тегін Мұхаммед пайғамбардың бірінші халифі Әбубәкір Сыдыққа жеткізіп, мифтік тұлғасын Баба Тұкті Шашты Әзиз секілді мұсылман дініндегі әулиеге теңеп, Едігені перінің қызынан туғызады.

Маңғыстаулық Мұрын жырау Сенгірбекұлынан жазылып алынған Ноғай халқының эпосы аталатын «Қырымның қырық батырында» Аңшыбайдан Баба Тұкті Шашты Әзіз, одан Парпария, одан Құтлықия, одан Едіге тұғаны жырланады, сейтіп, Едігенің шыққан тегін мифтік кейіпкерлермен ұштастырады (26, 68-75). Біздің ойымызша, бұның бәрі Едігеге деген халық сүйіспеншілігінен тұған азыздар іспетті.

Сондықтан Едігенің тарихи тұлғасын зерттегендеге оның өмір деректеріне байланысты оқигаларды екі тарапқа бөліп қарau қажеттілігі туады. Біріншісі, нақты деректер арқылы түзілген тарихи Едігенің адами болмысы мен күнделікті іс-қимылдары. Екіншісі – ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, өзбек, алтай халықтары арасында айтылатын жыр-дастандардағы кейіпкер ретінде суреттелетін оның мифтік тұлғасы.

Осы екеуін жан-жақты саралағанда құрделілігі жөнінен алғашқысы басым түсетіні байқалады.

## § 1. Едіге би – тарихи тұлға

Едігенің тарихи тағдырына білгірлікпен шебер қалам тартқан Қазақстанның көрнекті тарихшысы Т. Омарбеков: «Едіге тағдырына жаңа көзқарас қажет» деген қомақты мақаласын мынадай сөздермен ба-стапты:

«Едіге, Едиге, Ідага, Идике, Идигу, - деген аттармен әртүрлі тілдер диалектісінде бұрмаланып айтылып жүрген ірі тарихи қайраткер, қабырғасы қайыспас Ер Едіге бұрынғы Кеңес империясы құрамындағы, түркі халықтары жабылып табынатын, қаңармандығына, данышпандығына, кеменгерлігіне олар сүйсіне бас иетін аңызға айналған ортақ тұлға» (231, 10).

Ал оның реңми құжаттардағы өмір деректеріне көніл аударсақ, Үлкен Кеңес анықтамалығы: «Едігей (1352-1419 ж.ж.) Ақорданың әмірі, Маңғыт тайпасынан шығып, Ноғай Ордасының негізін қалады, 1399 жылдан Алтын Ордаға билік жүргізді. 1408 жылы Руське қарсы жорық жасады... Едігенің шынайы тарихи тұлғасы эпостағы сипаттау мен мінездеуге сәйкес келе бермейді» деп қысқаша ғана қайырады. Қазақстанның тәуелсіздігімен жарық көрген энциклопедиялық анықтамалықтарда оның ғұмырнамасы былай көрсетіледі:

«Едіге, Едиге, Идигу, Идике (1352, кейбір деректерде 1360-1419/23) — Ақ Орданың әмірі. Әкесі Құтлықия Маңғыт әuletінен шыққан. «Мунтахаб ат-тауарих-и-Муинидің» авторы Едігенің әкесін Тоқтамыс ханның қолынан қаза тапқан Ақ Орданың әмірі Балтышак деп көрсетеді. Едіге есімі алғаш рет жазба деректерде 1376 жылдан Самарқандагы Әмір Темір сарайына келген кезден ұшырасады. Едіге тарих сахынасына Тоқтамыспен қатар шықты. 1391 жылы Темір Құтлықпен бірге Әмір Темір әскерлерін бастап Тоқтамысқа қарсы жорыққа аттанды. Әмір Темір Мәуреннахраға оралған соң Темір Құтлық Қажы Тарханға хан болып сайланып (1391/92), Едіге өзінің ұлысы — Маңғыт жұртында қалады. 1396 жылға дейін Едіге мен Темір Құтлықтың Қырымдағы Тоқтамыстан билікті тартып алмақ болған әрекеттері сәтсіз аяқталды. 1395 жылы Тоқтамысқа қарсы жорығында Әмір Темір женіске жетіп, Сарай билеушісі етіп Ұрыс ханның баласы Құйыршықты сайлайды. Көп ұзамай Темір Құтлық пен Едігенің қысымымен Құйыршық билік басынан кетеді. 1396 жылы Темір Құтлық хан болып жарияланып, Едіге бас әмір, қолбасшы болып тағайындалады. Сол жылы олар Тоқтамысқа қарсы жорық жасап, Қырымды басып алады, 1397 жылы әскері талқандалған Тоқтамыс Литва князы Витовтты паналайды. 1399 жылы Ворскл өзені маңында Темір Құтлық пен Едіге Витовт пен Тоқтамыстың біріккен әскерін женеді. Сол жылы Темір Құтлық қайтыс болып, Едіге Сарай ханы етіп Шәдібекті сайлайды. Едігенің бұрынғы Алтын Орда хандарының иелігінде болған жерлерге билігі күшейеді. Ворскл өзені бойындағы женілістен соң Тоқтамыс Едігемен соғысын жалғастырмак оймен Сібірге қашып барып, онда Әмір Темірмен Едігеге қарсы әскери одақ құруды көздейді. Бірақ бұл кезде Әмір

Темір Қытайға жорыққа дайындалып жатқан, Тоқтамыстың бұл ойы іске аспайды. 1406 жылы Едіге мен Шәдібек Түменге жақын жерде Тоқтамысқа қарсы шайқасып, Тоқтамыс қаза табады. Сол жылы Едіге Хорезмді басып алғып, ондағы Әмір Темір әзулетінің билеушісін қуып жібереді. Шәдібектен Сарайдағы билікті тартып алған Тоқтамыстың баласы Жалел әд-Дин Едіге Хорезмнен оралған соң Бұлғарға қашып кетеді, Шәдібекке хандық билік қайтарылады. 1407 жылы Едіге Бұлғардағы Жалел әд-Динге қарсы жорық жасайды. Бұл кезде Сарайда Шәдібек Едігеге қарсы шығып, Едіге оралған соң ол Дербентке қашуға мәжбүр болады. 1408 жылы Едіге Сарайдағы хандық билікке Болатты сайлайды. Рұсystі Алтын Ордаға бұрынғысынша тәуелді етіп, Сарайға салық төлеп тұруға мәжбүр етуді көздеген Едіге сол жылы Руське жорық жасайды. Едіге бірнеше орыс қалаларын талқандап, Москванды қоршауға алады. Осы тұста Сарайдағы Болат ханға Литвадан Жалел әд-Дин шапқыншылық жасап, Едіге тез арада Москва князымен бітім жасасып, Сарайға оралуға мәжбүр болады.

1411 жылы Едіге Болат ханның орнына Темір Құтлықтың баласы Темірді хан сайлап, оған қызын ұзатады. Бірақ хан көп ұзамай Едігеге қарсы шығып, Едіге Хорезмге кетуге мәжбүрленеді. Едіге онда Хорасан билеушісі Әмір Темір әзулетінен шыққан Шаңрухтеп одактасуды көздел, оның баласына қызын ұзатады. Сол жылы Темір ханнан билікті тартып алған Тоқтамыстың ұлы Жалел әд-Дин сұлтанның Едіге отырған Үргенішке жасаған жорығы сәтсіз болады. Шаңрух әскерінен қысым көрген Едіге 1414 жылы өзінің ұлысы Сарайшыққа оралады. Едігенің қолымен хан етіп сайланған Шыңғыс оғлан 1416 жылы Тоқтамыстың баласы Жаппарбердінің қолынан қаза табады. Келесі жылы Жаппарберді Қырымға қуылып, Едіге оның орнына Дәруішті хан отырызады. 1417 жылы Едіге әскері Жаппарбердінің соңына түсіп, Қырымға жорық жасайды, бірақ оның қаза тапқанына көзін жеткізген соң Еділ бойына қайтып оралады. 1419 жылы Сарайшық маңында Тоқтамыстың кіші ұлы Қадырбердімен (кейбір деректерде Керімберді) шайқаста ауыр жараланған Едіге Қадырбердінің жасақтарының қолынан қаза табады. Қадырберді де осы шайқаста жараланып, көп ұзамай қайтыс болды. Едігенің балаларының ішіндегі белгілілері: Нұр әд-Дин, Қасым, Сайид Әли, Қекуат (Кей Қуат), Мансұр, Қази, Наурыз. Едіге тұркі тілдес бірнеше халықтардың (ноғайлардың, башқұрттардың, татарлар мен қарақалпақтардың, т.б.) «Едіге» эпостарының басты кейіпкері болып жырланады» (155, 214-215; 232, 345).

Едігенің ғұмырнамасын бере отырып, бұл арада ескерілетін мына жэйтке тоқтала кеткен жөн. Қазақ тарихнамасында, біз білетінде, төрт Едігенің аты аталады. Олардың алғашқысы Едіге Танашұлы – батыр, XIV ғасырда өмір кешкен. Ресейдің қазіргі Омбы қаласы орнындағы «Керей тогайы» деген мекенде дүниеге келген. Орта жүз құрамындағы Керей тайпасының Ашамайлы бөлімінің Айдабол аталығынан шығады (262, 103-104). Едіге ағалары Балға, Балта батырлар сияқты Алтын Орда хандарына қолбасы болған адам. Кейін Әмір Темірге қызмет етіп, оның әскерімен бірге сан-алуан шайқастарға катысады. Сол шайқастардың бірінде Едіге Танашұлы ауыр жараланып, қасындағы

серіктегі Самарқандқа жеткізбек болып әкеle жатқан жолда, Ұлытау бөктерінде қайтыс болып, осы өнірде жерленген (155, 215). Екінші Едіге осы кітаптың негізгі кейіпкері, оған қазір тоқталып жатпаймыз. Ал үшінші Едіге XVII ғасырдың ортасы, XVIII ғасырдың басында өмір сүрген, Тәуке хан ордасындағы билер кеңесінің белді мүшелерінің бірі. Қазактың ата заңы «Жеті жарғыны» қабылдауға қатысқан би, қазақ халқының құш біріктіріп, Жонғар шапқыншылығына тойтарыс беру ісінде көрнекті рөл атқарған саясаткер. Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасының Қаржас руынан шыққан. Оның шешендік сөздері ел аузында көп сақталған. Халық арасында Едіге би «Ердің құнын екі ауыз сөзben біріктірген» деп те дәріптеледі. Алайда осы Едігені одан үш жүз жыл бұрын дүниеден өткен, Алтын Орданың атақты «Бегілер begі» Едігемен жаңылыстырып жазып жүрген тарихшылар да бар. Абзалы, бұл тарихи тұлғаларды шатыстырмаған жөн. Өйткені бұлардың өмір сүрген уақыты, географиялық аумағы, қоғамдағы іс-әрекеттері бір-біріне үқсас емес.

Төртінші Едіге, тарих сахнасында Ақсақ Темірмен қатар XIV ғасырда дүние кешкен, әйгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің тұжырымдауына құлақ қойсақ, ол Әмір Темірге туыс, Барлас руынан шыққан Едіге. Бұл 1376-1380 жылдары Тоқтамыс сұлтанмен бірге Ұрыс ханның ұлдары Құтлық Бұқа, Тоқты Қияға қарсы соғысқан, Сайрам қаласының әмірі делінеді тарихнамада (228, 800; 231, 10).

Бұлардың ішінен бізге керегі Ноғай Ордасының биі, атақты қолбасы, Ақ Орданың әмірі Едігенің тағдыр-талайы.

О, дариға, жарық дүние! Қанша өкінгенмен, бәрібір қайта айналып келмейді. Тек қай жерде де халық өзі тудырған, қаңармандықпен көзге түскен ержүрек ұлдарына құдайдай табынып келді. Ел-жүртyna қайсарлықпен қорған болып, қыын-қыстай заманда қасқайып қабырғасы қайыспай қарсы тұратын жауажүрек Едіге ел сүйер ерлігімен, батырлығымен халық сүйіспеншілігіне бөлениген, жас ұрпақтарға тәлім-тағылымымен тамыздық тұтатып, адами болмысы өнегеге айналған тұлға. Осыдан оның қадір-қасиеті тарихта, жыр-дастандарда барынша дәріптеледі, - дейді Қазақстандық белгілі жазушы Аян Нысаналы «Еділ-Жайықты ен жайлаган Ер Едіге» деген мақаласында (233, 12).

Алтын Орда тарихында Едігенің аса құрделі тұлға екенін ескере келіп, ғасырлар бойы халық санасында сақталған мемлекеттік реcми құжаттарда, тарихнамада түзілген өмір деректерінен оқырмандарды хабардар ету пенделік борышымыз болмақ.

Колда бар мағлұматтар Едігенің тарихта нақты болғанын, 1357-1419 жылдар (кейбір дерекнамалар Едігенің туган жылы деп 1352, 1357,

1360 жылдарды алса, дүниеден өткен уақытын бірауыздан 1419 жылға тірдейді – Ә.-Қ.) аралығында өмір сүргенін, Алтын Орданың «Бегілер begі» лауазымын (ханнан кейінгі екінші лауазым) атқарғанын бір ауыздан құптаиды. 1396-1399 жылдары Темір Құтылық Алтын Орда тағында отырған кезінде, оның Едіге ықпалында жүргенін, ал Темір Құттықтан кейін, хан тағына 1399 жылы Едігенің тікелей қолдауымен оның баласы Шәдібектің отырғанын, сондай-ақ Едігенің Ноғай Ордасының іргетасын тұрғызғаны тарихнамаларда хатталған. Алайда, кейбір тарихшылар (Л.Н. Гумилев, М.Г. Сафаргалиев, Л.Н. Кужелева) оны Ноғай Ордасының емес, осы Орданың халқының негізін құраған Маңғыт жүртіның билеушісі болды деген пікірді қалыптастыруға тырысқаны да байқалып қалады (169, 673; 234, 392; 71, 35).

Жыр-дастан мен аңыздарда Едігенің шыққан тегі жөнінде ұзак сонар әңгімелер алда сарапталатын болғандықтан, қазір тарихатта түзілген бір-екі пікірге тоқталмақшымыз. Едіге ғұмырнамасына алғашқылардың бірі болып XV ғасырда қаламын сермеген араб тарихшысы ибн-Арабшах (шығармасы 1436-1437 жылдары жазылған) оны Қонырат тайпасының перзенті десе (34, 329-348), осы елдін енді бір тарихшысы әл-Джаннаби оны өзбектен шығарады (34, 383-385; 235, 188). «Өзбек» ұғымы Дешті Қыпшақтағы тұратын барлық халыққа XV ғасырда танымал болғандықтан, Едігенің ата-тегі Маңғыттардан шығады дегенге көпшілік ресми құжаттар мән береді. Бұған Ресейде сақталған ноғайлардың ата-тегі шежіресі де, ортағасырлық шығыс елдерінің шығармалары да, «Едіге» жырының бірнеше нұсқасы да куәлік етеді (33, 63; 236, 130; 38, 280-302; 238, 44).

Бұған қоса, татар тілінде жазылған «Эдиге» жырында Тоқтамыс ханының атынан айтылатын: «Ей, Едіге, татар (түркі – Ә.-Қ.)! Сен Маңғыттан шығасың, ата-тегің белгісіз, татардың сенде таза қаны жоқ», - делінетін келемежі де, оның маңғыттығына мензеп тұрғандай (239, 15).

Осы тұста, «Түрік шежіресінің» авторы Әблілғазы да Едіге бидің тұби Ақ маңғыттан шығады деген пікірін қыстырған еді (51, 111-195).

Осы айтылғандардың бәрін ой көрігінен өткізген Ресей тарихшылары В.В. Трепавлов пен Б.Д. Греков те «Едіге жырының» татар нұсқасына, Әблілғазының «Түрік шежіресіне» (1663 жылы жазылған) және басқа шығыс авторларының шығармаларына сүйеніп, Едігенің Маңғыт тайпасынан шығуы туралы пікірдің шындыққа жақын екенін ғылыми енбектерінде қолдаған еді (33, 73; 4, 228-264).

Тағы бір сыр сандығын ашсақ, тарихта жазылған оның «Едіге» деген атының өзіне қайсыбір зерттеушілер күмәнмен қарайды. Көрнекті орыс оқымыстысы В.В. Радловтың байқауынша, оның аты түркі тілінде

«Идюкю» деген сөз, бірақ не ұғымды беретіні белгісіз болғандықтан, ол турасында әңгіме әр саққа жүгіртілген дейді (240, 4).

Халық жадында сақталған дастандардағы «Едіге» сөзіне қарап, енді бір ғалымдар «едуг» яғни «етік» деп топышылап, мүмкін экесі оны үйіне етікке салып әкелген шығар, соған сәйкес баланың аты «Едіге» қойылған деген пікірді ұстанады (241, 12; 221, 315). Академик А.Х. Марғұлан оның атын «етек-би» деген ұғымға сайып, «Қарадан шыққан данышпан» деген мағынаға тірдейді (226, 93), ал ғалым А.Н. Самойлович «едгю», «идгю» деген сөздің ұғымдары шығыс-турік халықтарының (Қараханидтер мен Қашғар жұртында) «мырза», «жаксы» деген мағынамен қабысады дегенді тілге тиек етеді (242, 188).

Ал Ресей ғылым академиясының академигі, әйгілі шығыстанушы В.В. Бартольд Едігенің экесінің кім екенін, қайдан шыққанын білуге қайрат қылған. Ғалымның «Отец Едигея» деген мақаласында Едігенің экесінің аты «Құтлық Қия» (ел аузындағы аты Балтышак) екенін және бұл мәліметтерді Ресейлік ғалым П.М. Мелиоранский мен «Түрік шежіресінің» авторы Әбілғазының еңбегінен алғанын баян етеді. Оны тарихшы Балтышактың (туркі тіліндегі мағынасы «балта» дейді – Ә.Қ.) Едігеден (туркі тілінде «Идюкю») бөтен қызы да болғанын, оны Темір Мәлік ханға ұзатқанын еске салады. Олардан Темір Құтылық сұлтан туған. Жасында Едіге Тоқтамыста нөкерлік қызметте жүрген, артынан сұлтан Ұрыс ханнан зәбір шегіп, Түркістандағы Ақсақ Темірғе қашқанда, артынша Едіге де Түркістанға жеткен (228, 797-798). Мақаласында В.В. Бартольд Темір Құтылық сұлтан мен Едіге Алтын Орданың ханы Тоқтамыстың (1391 ж.) Әмір Темірдің әскерінен жеңілгенін желеу етіп, Алтын Ордадағы иесіз тұрған тақты басып алғанын және хандықты Темір Құтлық иеленгенін, Едіге оған әмір қызметіне тағайындалғанын жазады. Автор Едігенің бұдан бұрынғы өмір деректерінен хабарсыз екенін де осы мақаласында мәлімдепті (228, 799).

Едіге бидің аталарының ғұмырнамасына үңілген ғалым: Тоқтамыстан 1378 жылы күйрей жеңілген Темір Мәлік (ибн Арабшах та, Әбілғазы да ханды ылғи Темір бек атайды) шайқастың алдыңғы кезінде тұтқынфа түсіп, қаза тапқан, ал оның әмірі әрі қолбасшысы Балтышакты қолаяғын байладап, Тоқтамысқа әкелгенде, сұлтан оған: «егер сен маған адап қызмет істесең, онда мен сенің қасық қаныңды қылп, осы қызметінде қалдырып, абырой-атағынды көтеремін», - дегенінде Балтышак: «Әттең менің қол-аяғым байлаулы тұрғаны, әйтпесе, сенің хан орнында отырғаныңды көргенде көзім шықсын дер едім! Одан да, қолында күшің тұрғанда бұйрық ет, мені тездетіп өлтірсін! Өлгеннен кейін менің басымды ханның басының астына саларсың, оның өлі денесін менің

денемнің үстіне қойсын! Неге мен ханнан бұрын өлмедім екен», - деген сөзін естіген Тоқтамыс ашуға мініп, Балтышақтың басын алуға әмір еткен (228, 799; 237, 95; 243, 25).

Осыдан кейін жазылған шығармаларға көз салсақ, шығыс авторлары Натанзи, Хафиз и-Әбру, Әбді ар-Раззақ осы оқиғаларды үзбестен қайталап отырған. Тек, бір айырмашылығы оларда Едігенің әкесі Балтышақтың орнына «Балынмақ», «Балынақ» делінген (228, 799). XVII ғасырдағы Османдық тарихшы Мұнаджимбашы ғана Едігенің әкесін Аланджақ деп жазыпты (71, 31). Бірақ бұның өзі Балтышақтың түрік тіліндегі балама аты болса керек.

Едігенің ғұмырнамасына қатысты құжаттарды сараптағанда бір байқалатыны, оның есімі Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темірмен қатар аталағып отырады, замандас екені де белгілі. Әмір Темірдің ғұмырнамасы баяндалған шығармаларда Едігенің аты алғаш рет 1376 жылы ұшырасады. Ол кезде Тоқтамыс Ақ Орда аймағында Ұрыс ханмен соғысып жатқан. Едіге Тоқтамыстың қол астына осы мезгілде өткен секілді. Деректердің бірінде, Ақсақ Темірден Ұрыс хан баласы Құтлук Бұқаны өлтірген Тоқтамысты ұстап беруді талап етеді. Әмір Темірдің берген жауабы Ұрыс ханды қанағаттандырмағаны мәлім. Осыдан кейін соғыс оты тұтандып, екі елдің іргесі сөгілгені шығармаларда айтылған.

Ал Едігенің әкесінің аты жыр-дастандарда Құтлук Қия деп аталағып, оны мұсылмандық таза діндәр Баба Тұқласқа, одан әрі Мұхаммед пайғамбардың қайын атасы (Айшаның әкесі) Әбу Бәкір Сыдық халифқа апарылатыны кейінгі әңгімелерде айтылады.

Ортағасырлық автор Әли-Бинайдың «Шайбани-намасында» Едіге бектің (автор Едігені осылай атапты) түркіленген Маңғыт тайпасынан екендігі және оның Сайын ханның, яғни Бату ханның тағына билік еткендерді өз қолымен қайып келгені, оның тұсында «аймактың халқының бақуатты тыныш және алаңсыз өмір сүргені» атап көрсетілген (231, 10; 49, 67-149; 57, 140-173).

Ғасырлар бойы халықтың жадында тек жағымды жағынан танылған Ер Едігеге «Кеңестік кезендейгі» тарихшылардың қайсыбірі негізсіз күйе жағып қаралағаны да белгілі. «Мәселе мынада, - дейді ғалым Б.Д. Греков, - тарихта өмір кешкен Едігемен қатар оны дәріптеуге бағытталған ноғай эпосының батыры да бар. Бұл бектік-феодалдық эпостар арқылы Едіге тұлғасына берілген мінездемені тарихи шындыққа айналдыруға бағытталған. Бұл дегенің нағыз қателік, яғни тарихты бүрмалау деген сөз. Бұндай ірі, байлар мен ақсүйектерге ғана қызмет ететін ұлтшыл-шовинистік пиғылышындағы тарихнаманың кейде осындайға баратындары да бар» (4, 235-236).

Өткен дәуірдегі Кеңес тарихшылары Едігеге сыңаржақты осындаид баға берген екен деп, үнсіз отыра беруге бола ма? Едіге жөніндегі пікірімізді тарихи шындық арқылы дәлелдеп, оған әділ баға беретін кез жеткен сияқты. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде ерлігі дәріптелген, тарихнамада өз орнын ойып алған халық батыры, әрі биі, ел-жұрты атақ-абыройын аспанға шарықтатқан Едіге лайықты дәрежеге көтерілуі тиіс емес пе? Әдетте, тарихшылардың көзқарасымен қарағанда, Едіге туралы жыр-дастандарға оң баға беріп, оларды міндеттеу де қисынға келе қоймас, ал бірак, шындықты көпе-көрінеу бүркемелеу де тарих тағылымына жат қылыш демекпіз. Сондықтан, тек әділдікке жүгіну ғана Едіге тұлғасын жан-жақты ашып бере алады деген қағиданы ұстануымыз қажет, - дейді көшпілік ғалымдар (259, 352-366; 260, 3-50).

Тіршілікте жаратылыс заңы баянды тұрганда, жер жүрегі де лүпіл қағып, мәңгі түрмакшы емес пе? Бәлкім, ол белгісіз болашақ тағдырына аландайтын да шығар. Жер шарының бетіне не бір алпауыт мемлекеттер келіп, кетіп жатады. Атлантида сияқты мұхитқа ізім-қайым жұтылып жоғалғандары да жоқ емес. Ал Еуразия кеңістігінде құрылған Алтын Орда мүлде іс-түссіз жоғалып кеткен жоқ. Аты өшкенмен құрлықтар, халықтар, ұлттар мен ұлыстар әлем өнірінде терең із тастап, тарихқа айналды. Қазыналы қарт Қаратау қойнауының теріскейіндегі көне Құмкентте дуниеге келіп, ат жалын тартып мінгеннен Жайық бойында ақырғы тыныс тапқанша, есіл Едігенің атағы да сол Алтын Орданың дәуірлеу мен құлдырау кезеңімен тұстас келеді. Оның қарапайым жауынгерден әскербасылыққа дейін көтерілуі қайран қалдырып, Еділ мен ен даланы туыстастырғаны ғаламат құбылыс. Кімсің - Едіге десе, Едіге дегендей. Едіге ешқашан ұмытылмайтын тарихи тұлға болса да оның ғұмырында ақиқаттан гөрі аңыздың басымдылығы әлі де айттылады. Қисапсыз хиссалар, дастандар мен толғауларда айтылатын аңыздарда әулие Баба Тұкті Шашты Әзиздің тұқымы (кейде немересі дейді) 1357 жылы дуниеге шыр етіп тусіп, итарқасы қияндағы Еділ мен Жайық арасында емін-еркін ен жайлап, кеменгерлігін дуниеге паш етіп, 1419 жылы көзі жұмылып, кебін кигенше кесек кісілік келбетін таныттып, даңқы жер жарып өтті. Едіге қаршадайынан бес қаруын асынып, ата жолын қуған, Сырдың суы сирағынан аспай, жұлығынан кешіп өтеді. Әйгілі өмір жолы қаракұрым әскер басқарып, Алтын Орданың қуыршақ хандарының бірінен кейін бірін таққа отырғызған, талайының бағын базынан тайдырған да ер Едіге еди.

*Салтанат бірден кеткен-ди,  
Құлагын бірдей қадаган,  
Кекілін қыздай тараган.  
Жүргенде ізін санаған,*

*Бауырдан артық жараган.  
Қысыр жылан өзекті  
Қалтараудай танаулы,  
Сантаяқтай ерінді,  
Сарымсақтай азұлы  
От орнындаи тұяқты,  
Қиған қамыс құлақты,  
Ат берсең де міне алман,*

- депті жолайрық толғауында, осы Едіге жарықтық. Халық жыры Тоқтамыспен ат құйрығын шорт кесіспіп, ашу қысып, қаңарына мінген күрделі кейіпкер Едігені осылай шамырқана суреттейді. Мұндай ерлік мінез бірбеткей, өзет марқасқа жандарға ғана тән болса керек (233, 12).

Едігенің ерлігі, колбасылығы, мәмілегерлігі жөнінде жазба құжаттар мұрағат қорларында және әдеби шығармаларда жеткілікті, оларды кезегі келгенде рет-ретімен таратып отырамыз. Едігенің атышулы Әмір Темірдің көмегіне сүйеніп, Алтын Орданың айбарлы ханы Тоқтамысты тақтан тайдыру үшін жасаған әрекеттерін айтпағанда, өзі қол бастап, дүшпандарын тізерлеткен кездері де баршылық. 1396-1411 жылдары Алтын Орданың тізгінің ұстаған кезінде, Едіге би бұрынғы Жошы ұлысының аумағын қалпына келтіруге аянбай күш салды. Едігенің Литва королі мен Тоқтамыс ханның біріккен әскерін 1399 жылы тас-талқан еткені оның қолбасылық талантын айқын танытады. Едіге 1409 жылы Хорезмді де өзіне бағындырып тұрды. 1408-1409 жылдарда Едіге Алтын Ордаға салық төлеуден жалтарған Ресей княздарына тізесін батырып, ырқына көндіргені тағы бар.

Ел жадында оның батырлығынан гөрі халық игілігі үшін атқарған істері мен әділдігі қымбатырақ бағаланған тәрізді. Тарихта атағы жер жарған билеушілерден тақты тартып алған қарапайым жұрт өкілі көп емес. Шыңғыс ханның, Жошының тікелей ұрпағы, қабілеті мен қайраты ешкімнен олқы тұспейтін Тоқтамыспен ұзақ жылдарға созылған таластартыста Едігенің үстем шығуын әртурлі түсіндіруге болар. Бұл орайда, әлбетте, Тоқтамыс қосындарын қиратып, Алтын Орданың тұптамырына балта шапқан Әмір Темірдің мансапқор жаугершілігі алдымен айтылатыны болса да түсінікті. Өзге елдерге басқыншылық жасап құныққан бұл қолбасының Алтын Орданы талқандауы түрік халықтарының әлсіреп, тәуелсіздіктен айрылуына әкеліп соктырғаны, кейіннен қисапсыз жан түршіктірген оқиғаларға ұласқаны баршаға мәлім. Мұнымен қатар Алтын Орданы билеуші Шыңғыс хан әuletінің өзара мансап қуалап қырқысулары да мемлекеттің іргесін шайқалтып, күш-куатын әлсіреткені де тарихтан белгілі.

Осындай жағдайда қаусап қалған Алтын Орданы қайтадан көтеруге күш салып, оның құдыретін уақытша болса да қалпына келтіре білген Едігенің қажыр-қайраты мен парасатына қайран қалмасқа не шараң бар. Бұл арада Едігенің қолбасылығынан, батырлығынан гөрі, мәмілегерлігі мен кеменгерлігі анағұрлым жоғары тұрғаны бағаланса керек.

Едіге елінің мұң-мұқтажын тақта отырған Тоқтамыстан гөрі терен білген, әрдайым сөзімен де, ісімен де жұртшылыққа жақын жүрген. Оның «ел қамын жеген Едіге» атануы құр мадақ сөз емес, бұқара көпшіліктің көңілінен шыққан баға деуге тиіспіз. Өз кезіндегі айбарлы мемлекет Ноғай Ордасында Едігеден беделді билердің болмағаны кәміл. Оның даңқы мен дақпырты ең алдымен өзіне етене жақын тайпалар мен рулар арасында шарықтағаны да жасырын емес (229, 228-261).

Тарихи Едігенің аты көпкө мәлім. Алтын Орданың тарихына қатысы бар түрік халықтарының бәрі, атап айтқанда – қазақ, ноғай, қырым, қарақалпақ, түрікмен, башқұрт, сібір татарлары, көшпелі өзбектер, таулы алтайлықтар – тегіс Едігені өзінің батыр бабасы санайды. Ордадағы билікті он бес жыл бойы өз қолында берік ұстап тұрған, сөйтіп, ыдырап бара жатқан Алтын Орданы қалпына келтірген Едіге, литва-польша әскері мен Тевтон ордені рыцарларының біріккен жасағын талқандаған Едіге, орыстарды женген Едіге – Алтын Ордамен саяси байланысы бар мемлекеттерде жазылған шежіре-жылнамалардың бәрінде де құрметпен аталады. Сол кезде қағазға түскені бар, сәл кейін дәйектелгені бар, біздің заманымызға жеткен тарихи мағлұмдар, олардың қай мемлекеттің мұддесін көздейтінін ескеріп, сын көзбен зерделеп, өзара салыстыра отырып қарастырғанда, сол дәуірдегі Алтын Орданы, оның ішкі және сыртқы жағдайын біршама толық байыптауға жол ашады. Фылымға белгілі (шығыс деректері, оның ішінде араб және парсы, кейінірек жазылған түрік және татар мәліметтері; батыс деректері, оның ішінде орыс және литва-польша деректеріндегі) мол мағлұматты сарапай келгенде, XIV ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың алғашқы ширегінде тарихи жағдайың мынандай болып қалыптасқаны байкалады. Кезінде кемеліне жеткен Алтын Орданың саяси билігі, күш-қуаты енді әлсірей бастаған. Бұл – Орта Азияда жаңа мемлекеттің – Ақсақ Темір мемлекетінің құрылышы, күшею кезеңіне сай келеді. Көпшілік тарихи оқиғалар осы екі мемлекеттің кең аумақтағы геосаяси біріншілік үшін құресіне байланысты қарастырылады.

Алтын Ордадағы бұл уақыт межесін аласапыран заман деп те атауға болғандай. 1360-1380 жылдар арасындағы жиырма жыл ішінде он төрт хан алмасып үлгерді. Сұлтандардың бас араздығынан Ордадағы ішкі

қайшылықтар шиеленісе түсіп, мемлекет ыдырауға айналды. Дәл осы сәтте тарих сахнасына алмас қылыштай жалтылдап Едіге сынды алып тұлға шықты ғой (261, 58-59).

Едіге халқының қамын жеп, атқа мінген батырлардың ең атақтысы болғанымен, «батыр» атағын алмағаны да тарихнамада жазылған. Әйтсе де, халық жадында Едігениң батырлық ерен еңбегі мәңгі сақталған. Оның бозбалалық шағы туралы бір ауыз өлең былай дейді:

*Едіге деген ер екен,  
Елдің қамын жер екен.  
Ел шетіне жау келсе,  
Мен барайын дер екен.*

*Өзінен бір жас үлкенге,  
Әзизім, Сіз білерсіз дер екен!  
Өзінен бір жас кішіге,  
Ботам, сен тұра тұр,  
Мен сөйлейін дер екен! (244, 5)*

Едігениң ата тегіне тоқталсақ, ол сан қырлы азыз-әңгімелерден, эпостық жырлардан, ойдан шығарылған болжамдардан құралғаны әлгіде айтылды. Осылардың ішінен жазба шығармаларда айтылған, тарихнамада хатталған мына жэйтке назар аударайық. Қазактың тұңғыш тарихшысы Қадырғали Қосымұлы бидің әйгілі еңбегі – шежірелер жинағындағы «Едіге би дастанында»: «Әуел бабасы Әбу-Бакир... Оның төрт ұлы бар еді. Екеуінен кіші ұлының аты Махмуд аталығы еді. Шамда патша еді. Оның ұлы Сұлтан Катиб аталығы еді. Ол қәм Шамда патша болды. Оның ұлы сұлтан Һармаз еді. Ол Мысырда патша болды. Оның ұлы сұлтан Халид еді. Ол Сарсарда патша болды. Оның ұлы сұлтан Уалид еді. Ол қәм Сарсарда патша болды. Оның ұлы сұлтан Қыдыр. Ол қәм Сарсарда патша болды. Оның ұлы сұлтан Мулуд еді. Ол қәм Сарсарда патша болды. Оның ұлы сұлтан Салим еді. Ол қәм Антақияда патша болды. Оның ұлы сұлтан Садық еді. Ол қәм Антақияда патша болды. Оның ұлы сұлтан Абулақ еді. Ол Мадаинда патша болды. Оның ұлы сұлтан Ғұшман еді. Ол қәм Мадаинда патша болды. Оның ұлы Жаллаладдин еді. Ол Қастинатинде (Константинопольда) патша болды. Оның екі ұлы бар еді. Бірінің аты Адъам және бірінің аты Баба Туклас еді. Баба Туклас Каабада патша болды. Баба Тукластың ұлы Терме аталығы еді. Бұл Терме Еділ-Жайықта қайтыс болды. Оның ұлы Қаричи аталығы еді. Еділ-Жайықта қайтты. Оның ұлы Ислам-Қия. Ол қәм Еділ-Жайықта қайтты.

Оның ұлы Қадыр-Қия. Ол дағы Еділ-Жайықта қайтты. Оның ұлы Құтлұ-Қия. Ол Құмкентте қайтты. Оның ұлы Едіге би, Алла оған рақымын төксін! Құтлықияны Орус хан шақыид еткен. Және Баба Тукластың төрт ұлы бар еді. Бірі Каабада патша болды. Бірі Каабаның жаңында жатыр. Ал бірі Үргенчте жатыр. Бірі Қырымда, Уч-Утлукта. Енді айтуда Баба Тукластың белгілі үш ұлы болған. Бірінің аты Абас, Каабаның он жағында. Бірінің аты Ғабдул Рахманқожа. Ол дағы Каабада жатыр. Ал бірінің аты – Терме. Ол Еділ-Жайықта қайтыс болды», - деп баяндалады (56, 166-167).

Ал Шекті Мөңке би Тілеуұлының рухани мұраларын зерттеген белгілі ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор М.А. Құл-Мұхаммед «Мөңке би: Аңыз бен ақиқат» атты ғылыми шығармада: «Едігенің ататегі көптеген зерттеушілер жаңылыс жазып жүргендей ешқандай да «манғыт» емес, 632 жылы Мұхаммед пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін «тура жолды халифтер» (ал-хулафа ар-рашидун) әuletінің негізін салған, пайғамбарымыздың сүйікті жары Айша хазіреттің экесі, Мұхаммедтің сенімді серігі Әбубәкір халиф болып шықты («халиф» араб тілінен аударғанда мұрагер, соның жолымен жүруші деген мағынаны білдіреді)», - деп айды аспанға бір-ақ шығарады (58, 248-249; 59, 18-22; 60, 41-60). Бірақ ғалымның бұндай үзілді-кесілді тұжырымдамасы басқа авторлардың пікірімен үйлеспейтінін жадымызда ұстайық.

Одан әрі ойын жалғастырған М.А. Құл-Мұхаммед: «Осы шежіредегі тағы бір ерекше назар аударатын тұлға – Баба Туклас. Бұл қәдімгі қазақ әпостарында жиі айтылатын Баба Тұкті Шашты Әзиз. Оның мазары қазіргі Онтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылының іргесінде әлі күнге дейін сақталған. Ноғай жазушысы Иса Қапаевтың деректерінде Баба Тұкті Шашты Әзиздің зираты Астраханның іргесінде болған, кейін судоверфь (теңіз жағалауынан салынатын, кеме тоқтайтын бекет – Ә.-Қ.) салған кезде оның мұрдесі Мошайық қаласына көшірілген. Біздіңше, оның зиратының Құмкентте болуы занды сияқты. Себебі Едіге осы Құмкентте туған. Қ. Жалайыр шежіресінде Едіге мен Баба Тукластың арасы бес-ақ ата, бұл шамамен 150-200 жыл. Егер Едігенің 1352 жылы туғандығын ескерсек, Баба Тукластың өмір сүрген кезеңі XII ғасыр деп мөлшерлеуге болады. Бұл IX ғасырда іргесі қаланған Құмкенттің дәуірлеп тұрған кезі», - дейді.

Ғалым, сөйтіп, Баба Тұкті Шашты Әзиздің нақты тарихта болған тұлға екеніне және оның осы жерде жерленгеніне шек келтірмейді. Осыны айтып, М.А. Құл-Мұхаммед Едігені Баба Тұкті Шашты Әзизден тарайтының шегелей түседі (58, 249).

Сөйте тұра, М.А. Құл-Мұхаммед «Қырымның қырық батырында» жырланатын Аңшыбай мен Парпарианы ойдан шығарылған, тарихи дереккөздерден көрінбейтін кейіпкерлер қатарына қосады да, ал Баба Туклас пен Едігенің әкесі Құттықияны эпос пен шежірелерде есімдері қатар тұрғандықтан Едігенің арғы тегі осылар дегенді баса айтып, өзін де өзгелерді де жаңсақтыққа ұрындырады (58, 250).

Әлқисса, ғылыми деректерде осылай жаңсақ пікірлер жазылып, Едігенің шыққан тегі әр саққа жүгіртіліп келеді. Оған кезінде Кеңестік тарихшы М. Тынышбаев та назар аударып, өз пікірін 1925 жылы баспадан шыққан еңбегінде былай білдіріпті: «Абылғазы Едігені маңғыт, Аристов пен Гродеков – қоралас, ибн Арабшах оны қоңырат дейді. Едігемен замандастас Еркөкше, мұның баласы Ер Қосай уақ (ру аты – Ә.-Қ.) екеніне таласы жоқ. Едігеден 30-40 жыл кейін өлген Қобыландының қыпшақ екеніне, 130 жыл кейін өлген Шора батырдың тама екеніне ешкімнің таласы жоқ. Едігенің руы болса, осы күнге шейін ұмытылмаса керек еді» (96, 88).

Асылы, Едігенің арғы тұбі тарихнамада көмекілеу айтылған. Сол себептен қай рудан шығатының ғылыми деректердің ешбіреуі дөп басып көрсете алмайды. Жасыратыны жоқ, жоғарыда аталған Қазақстандық ғалымдар (К. Сәтбаев, М. Мағаун және т.б.) «маңғыт» және «қоңырат» деген ұғымдарға сүйеніп, Едігені Коңырат руының ішіндегі Маңғытай деген аталағынан шыққан деген болжамдарын алға тартады. Сол секілді, Ресей академигі А.С. Орлов «Едіге даладан тауып алынған» десе, академик В.М. Жирмунский «Едігенің қай руға жататыны анық емес» деп қысқа қайырады. Міне, осы айтылғандардан-ақ байқалатыны Едігені ата-тек жағынан мифтік кейіпкерлерге тартып, оны Баба Туклас немесе Мұхаммед пайғамбардың қайын атасы Әбу Бәкір Сыдыққа таңудың қисыны келмейді...

Біздің пайымдауымызша, Едігенің тұп тамырын пайғамбардың халифынан немесе араб дүниесінен тарату Едігені құдіретті етіп көрсету үшін әдейі қолдан жасалған шара. Мұндай пікірді академик К. Сәтбаев ел аузынан 1927 жылы жазып алғып, өзі алғы сөзін жазып, Москвада «Ер Едіге» жырын жариялағанда айтқан екен.

Ал «Ер Едіге» жырының сан ғасырлық ұзақ тарихы бар ауыз әдебиетінің әртүрлі өндеулері мен толықтыруларынан өткенін еске рер болсак, оларда жаңаша қияли деректердің кездесуі табиғи занды құбылыс деп ойлаймыз.

Бірақ, бір нәрсенің басы ашық – Едіге бір кездері түркі халықтарының Отаны, алтын бесігі болған қазіргі Қазақ жеріндегі Қаратая өнірінен шыққан теңдесі жоқ тарихи тұлға екені даусыз.

Енді айтылғандарды қорытындыласақ, бұлардың қайсы дұрыс деген-  
ге келешекте ғалымдар дереккөздерге терең талдау жасап, шындықтың  
көзін ашады деген көніл сергектігі құмән туғызбайды.

Алайда, қазірдің өзінде осы пікірлердің бәрін ортақ арнаға біріктіруге  
негіз болар мәліметтер баршылық десек онша қателесе қоймаспзыз. Мы-  
салы, ноғайлардың ішінде Ақ Манғыт атты ел бар, сонымен қатар кезінде  
Бату әскерінің құрамында Дешті Қыпшаққа келіп жергілікті түркі тай-  
паларына сіңісп кеткен маңғыттардың, кейіннен қоныраттармен бірге  
Әбу-л-Хайр мемлекеті (XV ғ.) құрамындағы ең ірі тайпалардың біріне  
саналғаны және Ноғай Ордасының негізін осы маңғыттар мен ірілі-  
кішілі ноғай руларынан құралғаны тарихтан белгілі.

Тағы бір белгілісі, Ер Едіге туысқан халықтарға – қазаққа, ноғайға,  
қарақалпаққа, башқұртқа, татарға және т.б. түріктерге ортақ тарихи  
тұлға. Оны марапат сахнасына шығарған түркі нәсілдес жұрттың ортақ  
мақтанышы болып қала бермекші.

Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе басымызға түскенде, Ер Едігені өз  
денгейінде дәріптей алмадық. Оған мүмкіншілік те берілмеді. 1944  
жылы Татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы арнайы  
қаулы қабылдағанда, Орталық Комитеттің қаулысымен «Ер Едіге» жы-  
рын соғысты, тонауды және қантегіс озбырлықты дәріптейтін зиянды  
мұра ретінде ресми түрде айыптағы. Сол кезден бастап оның есіміне  
тыйым салынып қана қоймай, кезінде ол туралы ел аузынан жазып алып,  
жарыққа шығарғандар да қуғындалды. Мысалы, академик Қ.И. Сәт-  
баев 50-ші жылдардың басында ғылымдағы «лысенковшылдықтың»  
құрбандығы болған кезде, оның сонау 1927 жылы «Ер Едіге» жырына  
алғысөз жазып, Москвада жарияланғаны қайта-қайта еске түсіріліп,  
қуғын-сүргіннің зардабына тап болды.

«Ер Едіге» эпосына байланысты қуғындалғандар арасында қазақ  
фольклорымен айналысатын басқа да ғалымдардың аты кездеседі.

Тарихи жәдігерлерді сараласақ, Едігенің шықкан тегі сиякты, оның  
балалық шағы да осы кезге дейін көмескі болып отыр. Ортағасырлық  
жазба деректер Едіге туралы мәліметтерді 1376 жылдан бастап ғана  
береді. Олардан ангаратынымыз, Едіге Алтын Орданың сол қанатының,  
яғни Ақ Ордадағы Ұрыс ханының қолында, сарай қызметінде болған  
кезінен жазба деректерде үшірасады.

Көрсетілген жылы ол Ұрыс ханға қарсы құресте Әмір Темірден көмек  
сұрап келіп жатқан Тоқтамыс сұлтанға қосылған, артынан соның жағына  
шығады. Тегінде, Едігені Әмір Темірге Тоқтамыс таныстырған секілді  
(38, 280-302). Сол кезеңдегі дереккөздер Едігенің Ұрыс ханмен неліктен

жанжалдасқанын түсіндіре қоймайды. Алайда, Едіге Тоқтамыспен де сонына дейін достық қарым-қатынасын жалғастырмаған. Ол Алтын Орданың билеушісі Тоқтамыстың басынан бағы тайған күні, оны та-стап, Мәуреннахрағы Әмір Темірге қосылғаны тарихнамада сақталған (37, 253-277).

Едіге Ақсақ Темірге келейін деп келмеген, өз басына қауіп төнгендіктен, тарихшы Низам ад-Дин Шами айтқандай, амалсыздан қашып келген-ди.

Зерттеушілер Тоқтамыс ханның Литва королі Ягайлого жолдаған ха-тына сүйеніп, Едігенің Әмір Темірге қосылған уақытын нақтылад 1389 ж. деп айғақтайды (33, 65; 231, 10; 258, 53-57).

Натаңзидің «Ескендір анонимі» атты шығармасынан байқалатыны, Едігенің Әмір Темірге келуінің басты себебі, әкесі Ақ Орда әмірі Балташақтың Тоқтамыс ханның қолынан қаза табуына орай, одан кек алу мақсатын көздесе керек.

Татар ғалымы, жазушы Фатых Урманче Едігенің Ақсақ Темірге бастапқы келуін былай баяндайды. Осы арада әңгіменің сарыны ұзақ болғанмен, құндылығын ескеріп толық беріп отырмыз:

«... Көп күндерден кейін Едіге Темірдің ордасына жетті. Темір шығыстың қалыптасқан дәстүрі бойынша оны жақсы қарсы алады. Алтын Орданың әмірін ол бұрыннан білетін. Екіншіден Тоқтамыстан қашып Темірді панаған Тоқтамыстың белгілі адамдарынан жалғыз адам ол емес еді. Едігеден бұрын да Темірге Тоқтамыстың бірнеше мырзалары келіп, олар кошеметпен қарсы алынып, сонда панаған. Үшіншіден, Тоқтамыс 1382 жылы таққа отырғаннан кейін, ол өзінің бұрынғы қолдаушысына қарсы соғыс ашты. Егер Темірдің күш-қуатын ескерсек және феодалдық ортағасырлық тәртіптің өзінде, мұндай әрекет ойсыз, көзсіздік еді.

Бізге белгілісі, Едігенің басты мақсаты Тоқтамысты тақтан тайдырып, орнына Шыңғыс тұқымының өзін қолдайтын ұрпағының біреуі Темір-Құтлықты хандыққа отырғызу.

Өз жерінде – Сарай-Беркеде, Ақ Ордада – ол бұл ойын жүзеге асыра алмады. Кейбір деректерде оның бұл ісі белгілі болып қалған. Оған кейбір қатысушылар Темірге қашып барған. Бір жағынан бұл жерде Тоқтамыстың сүйенгені, жақтаушылары өте күшті еді. Оны өз күшімен тақтан тайдыру мүмкін емес еді. Едіге мен оның жақтастарына күшті сырттан қолдайтындар керек болды. Олар бар да еді және түркі тілді халықтардың ішінде, Көк-Ордаға біrkездері Сарай-Беркедегі тақты басып алуға ұмтылғанда көмектескен мырзалар еді. Енді, бұл мырзалар ханға өкпелі еді, хан оларды өздерінің ұлыстарының өзінде елді

басқарудан қол үздірген. Еділ бойында Тоқтамыстың көз алдында, ханға қарсы әскер жинау мүмкін емес еді. Сондықтан көптеген мырза бектер Темірге кетіп қалды. Оның Тоқтамыспен жауласуына себеп, Тоқтамыстың ессіз қымылдары және оның бірнеше рет Темірді тақтан құлатпақшы болуы.

Бірақ, Едігеге және оның жасактарына, Темір Тоқтамыспен соғысқа жақсылап дайындалу үшін алты жыл Самарқандта тосуга тұра келді. Едіге мен оның жақтастары бұл жылдарды босқа өткізген жоқ. Оларға да күштерін, жауынгерлерін жинап, дайындықты Еділ мен Жайыктың ортасында ғана емес, Арас мен Каспий маңайы мен Батыс Сібірдің кең алқаптарынан жинап дайындалды.

Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығының басқадай да себептері бар. Тоқтамыс Алтын Орда тағына отырғаннан кейін, өзінің жауы әмір Мамайды женіп, 1382 жылы Москваға женісті жорық жасап, Алтын Орда қайтадан жеке мемлекет ретінде күшіне бастады. Әрине, бұл Темірге ұнамады. Ол өзінің батыс шекарасында үлкен күшеген Алтын Орда мемлекетінің болғанын қаламады және оны өзіне толық бағындыруды мақсат етті.

Ұзак уақыт дайындықтан кейін, Темір үлкен әскерді бастап, Тоқтамыстан кеткен әмірлер мен мырзаларды қосып алып, мындаған шақырымдық жорыққа аттанды.

Парсылардың деректері бойынша Алтын Ордадан келген Едіге және басқа мырзалар Темірдің әскерлеріне, Еділ Ордасына жол көрсетушілер ғана болған. Бірақ, Едігемен оған еріп келген мырзалар тек көрсетуші ғана емес, соғысқа дайындалған, жорық кезінде де үлкен істер аткарған болуы керек. Көбінде тарих өзінің занылыштарымен дамиды. Жоғарыда айтылғандай, Темір өзінің империясының батыс шекарасында қарсыласы Алтын Орданың енуін қалаған жоқ. Бұл жағдай Темірді қатты ойландырыды. Оның үстіне Алтын Орданың тағында оған қас жауға айналған, өзіне қарсы соғыс ашқан хан отырды. Бұған Темір еш уақытта көнбейтін еді. Сондықтан біріншіден, 1391 жылғы жорыққа дайындықпен, соғыс кезінде Едіге қандай рөл аткарса да, басты себеп Темірдің өзінің басқыншылық жоспарында еді. Өзінің күшіне сенген Темір осындай көзсіз жоспарларға барған еді. Н.М. Карамзиннің айтуынша, «дүниенің үш бөлігіндегі жиырма алты елдің басқарушысы, мениң атым әлемнің зәресін алып, саусағымның қымылымен жерді сілкіндірем» - ұлы қолбасшы айтты деген сөзін келтіреді.

Екіншіден, Едіге және Алтын Орданың басқа әмірлері, Темірдің жаулап алған халықтары мен елдерінің қандай тонаушылық пен күйзеліске ұшырайтынын өте жақсы біле тұра, Темірмен бірігіп, өздерінің Отаны-

на қарсы соғысуға баруы. Темір өте қатал жаулаушы еді. Бұл оның жауларына да, өзінің қол астындағыларға да белгілі еді. Осы қаталдықтың арқасында Темірдің және оның құрған алып империясының атағы күшті болып түрдү.

Қазақ-ноғай тарихшыларының деректері бойынша осының бәрін жақсы біліп отырып, Едіге 1391 жылы соғыс басталар алдында, өз Отанына, жақын-туystарына, таныстарына арнаулы елшілер жібереді. Едігенің жіберген адамдары, ноғайдың атақты және белгілі мырзалары мен әмірлеріне, жақын уақытта соғыстың басталатынын, отырған жерлерінен көшіп, атты әскер бара алмайтын тау шатқалдарына тығылуға, бір жайлауда екі күн қонбауға, ылғи қозғалып көшіп жүргуге хабар береді. Әйтпесе, Ақсақ Темір оларды қырып жіберіп, бар байлықтарын талап әкетеді. Осы дәл уақытында жіберген хабар көптеген мырзалар мен әмірлердің, ноғайлардың қырғыннан, мал мен байлықтың, әсіресе, жылқы мен ұсақ малдың аман қалуына себеп болып, Ноғай даласының халқын шығыннан көп сақтап қалды.

Едігенің бұл қадамы өз отанынан алыста журсе де, өзінің отандастары мен жақындарын аман алып қалудың бір жолы еді.

Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығы 1390-1391 жылдардың қыс айларында басталады. Көптеген әскермен ол Самарқандтан шығып, Сырдариядан өтіп, Ташкентке жетіп, одан Отыраға келіп, содан кейін, Орталық Қазақстанға бет алады. Төрт айдан кейін, 1391 жылдың 4 маусымында оның әскерлері Ик өзеніне жетіп, одан өтеді, 18 тамызда Шеремшан өзеніне құятын (қазіргі Самара облысы), Құндызша өзенінің жағалауына тоқтайды.

Әскер ақтық шайқасатын жерге жеткенде, Темір барлық басқаруды өз қолына алады. Шешуші ұрыстың алдында, оның әскерлерін жігерлендіретін айрықша тәсіл бар еді. Ол өзінің әр жауынгеріне үлкен сыйлықтар тарататын. Женіспен аяқталған ұрыстан кейін, көп олжа болатынын, әрине әр жауынгер біледі. Ал, енді әр ұрыстың алдында мұндай сыйлықтар беру, бұл қолбасшының ерекше тәсілі, өзінің нәтижесін беретін. Оны Темір өте жақсы түсінді. Ол өз жауынгерлерін ұрыс алдында тек ұрандаған сөзбен ғана емес, болашақта жеңістен кейін, қандай бай сыйлықтар келетінін ұғындырып, алдағы болатын ұрыста жеңіске жетуге сенимдерін арттырады. Бұған қоса, бұл ұрыста ол, бұрынғы соғыстарда жақсы нәтиже берген айла-тәсілдерді де қолданды. Ол ауыр да, ұзақ, қыын жорық жолынан өткен әскерін, бір-біріне бағынбайтын жеті жасаққа бөледі. Әр жасақ тек Темірдің бұйрығымен ғана қымыл жасайды, содан жақсы нәтиже шығып отырды және қолбасшыға ондаған

мындан тұратын үлкен әскерді басқаруды бір өзінің қолында ұстауға мүмкіндік береді. Бұл сонымен қатар жекелеген жасақтармен шайқас кезінде оларды ұтымды пайдалануға тиімді болды. Бұл шайқасқа Жошы ұлысынан белгілі үш тұлға, Күнше-оғлан ханзада, Темір-Құтлық-оғлан мен Едіге әмір қатысты.

Шайқас өте ауыр және қанды қырғын болды. Тоқтамыстың әскери ауыр жеңіліске ұшырады. Нәтижесінде Темір мен оның әскеріне, әсіресе, оның қолбасшыларының қолына орасан байлық олжа түсті. Тұтқынға түскендердің санына жету қын болды. Темірдің бір өзіне ғана арналған құлдар, күндердің саны бес мындан асып кетті» (245, 18-22).

Қайсыбір Шығыс зерттеушілері Ақсақ Темір мен Тоқтамыстың арасындағы соғыс өртінің тұтануына бірде-бір себепкер Едіге болды деген уәж айтады. Бұған Тоқтамыс пен Едігенің бас араздығын алға тартады, Темірді Алтын Орда ханына қарсы соғыс ашуға үгіттеген Едіге, оның ақылын алған Ақсақ Темір Тоқтамысқа қарсы шайқасқа шықты, - деп келтіреді. Мысалы, XVI ғасырда әмір сүрген араб тарихшысы Әбу-Мұхаммед Хүсейн үлкен оқиғаны былай түсіндіреді: «Шығу тегі өзбек, ногай руларының басшысы, сол қанат бастықтарының және министрлерінің басшыларының бірі болып табылатын және Тоқтамыс мемлекетін басқару ісінде қабілетті кеңесші Едіге 792 (1390 ж.) жылы оның тарапынан қауіпті сезіп қашып шықты және Темірге келді, оның алдындағы жерді сүйді және оны өзінің жағдайынан хабардар етті» (235, 108-109). Бұдан әрі қарай Әбу-Мұхаммед Едігенің әртүрлі құлық-сұмдықтарды қолданып, ақырында Ақсақ Темірді Тоқтамысқа қарсы айдан салғанын айтады (235, 109).

Бірақ та, Әмір Темір Едігенің ақылын және үгітін тындағандықтан ғана Тоқтамысқа қарсы жорық жасады десек біржакты пікір айтқан болар едік. Өйткені Тоқтамыстың 1387 жылдың күз айларында Әмір Темірдің онтүстікегі Хузистан әміршісі Шах-Мансұрға қарсы соғыстан қолы тимей жатқанын біліп, Жетісу мен Хорезмнің аралығындағы Әмударияға дейінгі жерлерді басып алыш, тонап қайтып кеткені белгілі. Мұнан соң Тоқтамыс Әзіrbайжандағы Темір иеліктеріне шекаралас өнірге басып кірді.

Деректер Тоқтамыстың осындағы әрекеттерінің нәтижесінде, 1391 ж. қантарында Әмір Темірді оған қарсы жорыққа аттануға итермелегенін дәлелдейді (17, 303-351).

1391 жылы Ақсақ Темір Тоқтамыс әскерлерін Еділ өзенінің саласы Құндызыңда бойында талқандағанда Едіге үлкен шайқасқа Әмір Темір жағында қатысқан. Әмір Темір Дешті Қыпшақ жері арқылы кейін қарай қайтқан кезде Едіге сол қанаттағы өзінің руластарына жауашы аттанды-

рып, оларды Ақсақ Темір әскерлері басып өтетін қауіпті аймактардан аулақ кетуге және жылдамдата көшу барысында бір жерде екі күннен артық кідірмеуге үгіттейді. Әмір Темір әскерлерінің шабуылынан Едіге өзінің елін осылайша аман сақтап қалған еді.

Сонымен қатар, Едіге Әмір Темірдің қалың әскери жорықтан қайтар жолда оның туған өлкесіне жақындаған кезде өзі де ебін тауып, қаңарлы бекті ренжітпей, оның қол астынан босанып шығуға талпыныс жасайды.

Одан әрі оқиға былай өрбіген. Едіге Әмір Темірге келіп, оның тағының алдында тізерлеп отырып: «оның адал қызыметшісі ретінде өзінің ордасын жинап, оларды осында алып келгісі» келетіндігін мәлімдеген және осыған байланысты Әмірдің рұқсат етуін өтінген.

Құллі Жошы ұлысы өзінің уысында екендігін сезінген құдіретті Әмір Темір бұл өтінішті қанағаттандырып, Едігенің қолына өзінің жарлығын ұстаратады да, оның өзін босатып еркіне қоя береді. Қолбасының бұл жарлығында Едігеге: «оның баспанасына және оның адамдарына тиісуге және сондай-ақ олардан салықтар жинауға дүниеде ешкімнің де хақылары жоқ» екендігі атап көрсетілген (235, 107; 231, 11).

Мұның өзі Едігенің Ақсақ Темірдің жол бастаушысы және кеңесшісі ретінде үлкен сенімге және зор беделге ие болғандығын дәлелдей түседі. Тарихшылар арасында Едігенің Әмір Темірден кетуін сатқындық ретінде бағалауға қосылатындар да кездеседі.

Едігенің және оның жақыны Темір Құттық сұлтанның Әмір Темірдің рұқсатын алып, одан аттанып кетулерін және оған қайтып оралмауларын Әмір Темірдің қателігі ретінде көрсетуге бейім зерттеушілер де кездеседі. Мысалы, Л.Н. Гумилев осы оқиға Тоқтамысқа қарсы «жорықтың табыстарын жоққа шығарды» деген асығыс қорытындысын ұсынады (246, 684).

Біздің ойымызша, Едігені мұндай әрекетке мәжбүрлеген туған еліне, туған өлкесіне деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігі еді. Әмір Темірдің жойқын жорықтары руластарын жаныштап, жоқ ететіндігін Едіге жақсы түсінді және сондықтан да оның зардабын азайтуға күш салды.

Алайда, бұл мәселеде кейбір тарихшылар кейде дәлелсіз болжамдарға ұрынып жүр. Мысалы, В.В. Трепавлов былай деп жазады: «Едігенің сақтығы түсінікті, ол Әміршіні алдағаны үшін жазалаушы жорықтан сақтанды» (33, 67; 231, 10-11).

Осы жолдардың авторы В.В. Трепавлов еңбегінің дәл сол жерінде ибн-Арабшахтың осыған ұқсас пікірлерін де мысалға тартады. Сөз орайында Едігенің адами болмысына онды баға беретін ғалымдардың пікірін тындау орынды болмақ. Ресей ғалымдары Б. Греков пен А. Яку-

бовский араб тарихшысы ибн-Арабшахтың жағымды айтқандарының әдеби тұрғыдан біраз өндөлгенін, жалпы, автордың Едіге бейнесіне жаулық көзқараспен қарамағанын білдіріп, оның пікірлерін қостайды. Әділдікке жүгінсек, ибн-Арабшах Едіге тұлғасын былай суреттепті: «Ол нағыз қара торы өнді, орта бойлы, дene құрылысы берік, бір қараганда қанаарлы, аса ақылды, тартымды құлқіге кенелген, өте зерек және аңғарымпаз еді. Фалымдарды және лайықты адамдарды жақсы көретін» (34, 343).

Дей тұрсақ та, Едігенің Тоқтамысты женген соң өзінің туған еліне қайтып кетуін әлгі авторлар Әмір Темірді «алдал кету», «билікті қолға түсіруді ансау» деп біржакты түсіндіреді.

Б. Греков пен А. Якубовский бүндай пікірлерін дәлелдеу үшін В.В. Бартольдқа жүгінеді. В.В. Бартольд «Едігенің әкесі» атты мақаласында Едігенің тұрақсыздығын атап көрсеткен-ді. Алайда, оны саяси тұрақсыз еткен оның мінезі емес, аса күрделі замананың талабы еді. Мұны біз бүгінде ескеруге тиіспіз, - дейді белгілі Қазақстан тарихшысы Т. Омарбеков (231, 11).

Әмір Темірдің Едігеге кек сақтамағаны оның Ирандағы Керман қаласы мен тұрағын басқарып отырған Едігенің балаларына өзі өлгенше тиіспеуі және Тоқтамысқа қарсы екінші жорық басталарда Едігені ынтымақтастыққа шақырып хат жазуы айқын байқатады. Осы орайда айтылатын тағы бір жәйт Едіге бидің Самарқандтағы Ақсақ Темір ордасына жұртын алдына салып бармауы елінің жай-жапсарын, тұрмыстіршілігін ойлағандықтан деп пайымдаған жөн. Сол кездегі елдің саяси ахуалын ескерсек, Едігенің іс-әрекетінің дұрыс екені байқалады. Еділ мен Жайықтың жағасында туып, жастық шағын осында өткізген, Тоқтамыстың таққа отыруына көмектескен, оған қызмет еткен, ал енді Алтын Орданың тағы оның жауы Тоқтамыстан босағанда, неге Едіге елін Самарқандқа көшіруі керек? Егер Едіге осылай істесе, оның жұртына бұл ісін түсіндіру де қыын болар еді. Өз отаны Алтын Орданы құйреткен, өз елі Самарқандқа қайтқан Темірге еріп кету, өжет те, бір бетінен қайтпайтын Едігеге жат қылыш еді.

Бұл мәселенің тағы бір күрделі жағы бар. Ақсақ Темір қандай да бір ұлы жауынгер болса да, Едіге біреудің айтқанымен жүретін кісі емес. Ол әр қадамын өзінің алдына қойған мақсатымен, ойын іске асыру үшін санаалы түрде, өз еркімен қарекет жасап келген адам. Біреуге бағынышты болуды, біреудің ақылымен жүруді жаны сүймеген. Ол Құтлық Темірді өзінен бұрын Ақсақ Темірге жіберіп, кейіннен өзі де оған келгенде, оның алдына қойған мақсаты өзіне ғана белгілі еді. Бұл арада Едіге өзінен жас

оғланды әрі бағынышты әрі туысын Алтын Орданың тағына отырғызуға қамданған еді. Едіге Шыңғыс хан ұрпағы болмағандықтан, оның хан сайлауына түсуге құқығы жоқ еді. Сондықтан Ордадағы бар билікті берік ұстап тұрып, хан сайланбауы, ханды өз қолымен қойып соның атынан билік етуі осыған дәлел болады. Ол Алтын Орданың ішкі саясатын ғана емес, оған қоса басқа елдермен халықаралық қатынастарды реттеуге де тырысты. Бұл мақсатты 1391 жылғы соғыстан кейін қолма-қол жүзеге асыру мүмкін емес тұғын. Ақсақ Темір мен Едігеден жеңілгенмен Тоқтамыстың әлі де күш-куаты басым еді. Алтын Орданың кең-байтақ даласы мен байлығы оған әлі де мол күш беріп тұрған-ды.

Едіге Әмір Темірге бармай өз жерінде қалып қойғаннан кейін, бұрыннан ойластырып қойған мақсатын іске асыруға кірісті. 1391 жылдың күздінде Алтын Ордадағы Маңғыт ұлысына қайтып келіп, онда ұлыстың ел басқарушысы яғни тебе би қызметін қоса атқарады. Болашакта бұл ұлыстан атақ-данқы шарықтаған, күші судай тасыған Ноғай Ордасы шаңырақ көтереді.

Едігенің саясатын анық түсіну үшін, Ақсақ Темір мен Тоқтамыстың ара-қатынасын қыскаша шолып өту қажет сияқты.

Уақыт өте бұлардың арасындағы басараздық қын да, шытырман болып қалыптасады, бакталастық өте қауіпті тайталасқа ұласады. Өзінің күш-куатын өсіріп, бұрынғы ұлылығын Алтын Ордаға қайтарып, жеке билеуші болуға тырысқан Тоқтамыс Литва князы Витовттан әскери көмек сұрайды. Тоқтамыстың бұл қимылын қалт еткізбей андып отырған Ақсақ Темір қарап отырмай соғысқа дайындала бастайды. Соғы шайқас 1395 жылғы 15 сәуірде Терек өзенінің жағасында өтті. Тоқтамыс бұл жолы тағы тас-талқан болып жеңілді. Ақсақ Темір Тоқтамысты жеңген шайқастан кейін Алтын Орданың астанасы Сарай-Беркені, Қажы-Тарханды (Астрахань) түгелімен өртеп жіберді делінеді тарихи деректердің бірінде. Темір әскерлері бұған қоса жолында тұрған орыс қалаларын да киаратып кетеді. Мұнан кейін Алтын Орданың астанасы Сарай-Берке ешқашан бұрынғы халықаралық атағына және сәuletіне қайта көтеріле алмады. Бұл оқиғаны XIX ғасырдың аяғында Алтын Орданың бұрынғы астанасының орнында жүргізген қазба жұмыстары дәлелдеді. Әмір Темірдің аталған қалаларға жойқын өрт қоюы оларды жер бетінен жоқ қылып тынды. Әміршінің Алтын Орданың тұптамырына балта шабуы бүкіл Шығыс Еуропа халықтарының тағдырына иғі ықпалын тигізбей қойған жоқ. Бұл, әсіресе, Алтын Орда хандарының қыспағында отырған Орыс княздықтарының тағдырына жақсылық нышанын әкелді. Олай дейтініміз, олар Дмитрий Донскойдың Куликов

даласындағы жеңісінен кейін де, Алтын Орданың билігіне бағынуға мәжбүр еді. Алтын Ордаға жорығы барысында Темір басып алған орыс қалалары мен княздықтары талқандалса да, олардың көптеген қалалары Алтын Орда хандарының шапқыншылығынан аман қалды. Орта Азия халықтарындағы мақалға сай: «біреу өлмей, біреу күн көрмейді» дегендегі тіршілік қалыптасты.

Әйтеуір, Темір мен Тоқтамыстың арасындағы соғыстың нәтижесі орыс княздықтарының ондаған жыл тыныш өмір сүруіне жол салды.

Ендігі жерде Алтын Орданың соңғы даңқы мен күш-куатының көтерілуі әмір Едігенің есімімен тығыз байланысты болмақшы. Ақсақ Темір мен Тоқтамыстың соғысы Еділ бұлғарларының тағдырында қайғылы-қаралы із қалдырды, - дейді тарихшылардың бірсыппасы (245, 18-28). Ең әуелі Темір мен Тоқтамыстың 1391 жылғы шайқасы Еділ Бұлғариясының онтүстік жағындағы Құндызыша мен Шеремшан өзендерінің бойында өтіп, отырықшы халықтар оның зардабын тартқан-ды.

Сол 1391 жылы, мүмкін 1395 жылы Темір Алтын Ордаға жасаған жорықтарында жолшыбай Еділ бұлғарларының онтүстік ұлыстарын талап-тонап өтеді. Темір бұлғарлардың жерінде Бұлғар қаласында болып, оны қиратты ма екен деген сұрапқа ғалымдар нақты жауап берे алмаса да, осындағы жергілікті халықтардың шапқыншылықтың зардабын еселеп тартқаны айдан анық. Оған дәлел татарлардың халық жырлары, аңыздары, ертегілері, ауызша жеткен деректері. Оларда қatal жауап алушының Еділ Бұлғарына жасаған қатыгездігі жырланады. XVI ғасырдың тарихшысы Хисамеддин Бұлғари еңбегінде: «Ақсақ Темір үш құннің ішінде Бұлғар қаласын жоқ қылды, бұл қала тіпті бұрын жер бетінде болмағандай қүйге түсті. Әмірші қаланың тас қамалдарын зенбірек атқыштарымен бұзуға, қиратылған қамалдың тастарын Еділге тастауға бұйрық берді. Бишора хан мен оның 12 уәзірінің басын шауып, айдай сұлу аруларды күң қылып, өзінің әскер қолбасшыларына таратып берген. Бұлғардың атақты адамдарын және 32 ғалымын дарға асты, тірі қалған тұрғындарды қаладан қуып шығып, жер-жерге қаңғытып жіберді және олар ешқашан бұл жерді мекенденмелесін деді», - деп ашына жазады (245, 20).

Ногайларда сақталып, қазіргі ұрпаққа жеткен дереккөздерде де Ақсақ Темірдің қатыгездігімен болған бірсыппыра оқиғалар түзілген екен. Мәселен, Темір Сарай қаласын Едіге жоқ кезде қиратады, ал бұл тұста Едіге жеңіліп шегінген Тоқтамысты қуып кеткен еді. Ол жорықтан оралып, Сарай қаласына келгенде жауыздықтың нышанын көріп, үлкен қүйзеліске түсken.

Осы арада аз-маз кідіріс жасап, Ақсақ Темірдің ғұмырнамасынан ұзінді бере кету орынды сияқты.



Ақсақ Темір  
(1336-1405)

Әмір Темір, Құтбұддин Темір Гүрхан, Саңып Қыран Ағзам Жанат Мақан (9.4.1336, Қожа-Илгар Кеш, Түркістан — 18.2.1405, Самарқанд қаласы) — басшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының би Тарағай бектін баласы. Темір алғашында Қашқария уәлаятының билеушісі болды (1361). Осы кезден бастап ол Моголстан ханы Тұғлық-Темірмен, оның ұлы Ілияс Қожа және Балх пен Самарқан әмірі Хусайнмен билік үшін қурес жүргізіп, 1370 жылы Мәуреннахды өзінің қолына алды. Жас кезінде Түркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақаттанған. XIV ғасырдың 70-жылдары оның қолбасшылық дарыны толық ашылып, атақ-даңқы жер жүзіне тарады. Осман империясы мен Орталық Азия аймағында ол «Aksak Timur» (Ақсақ Темір), ирандықтарға Тимурләнг, еуропалықтарға Тамерлан есімімен белгілі болды. Ақсақ Темірдің әскерлерінің тегеуінді шабуылдары арқасында Хорезм мемлекеті (1372-1388),

Шығыс Түркістан (1376), Герат (1381), Хорасан (1381), Қандағар (1383), Сүлтания (Оңтүстік Әзербайжан, 1384), Тебриз (1384), Иран мен Ауғанстан толық бағындырылды. Бірнеше дүркін жорықтардан кейін, Алтын Орданы қүйретті. Әмір Темір 1376-90 жылдары Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Дешті Қыпшак, Ақ Орда мен Моголстанға оннан астам жойқын соғыс жорығын жасады. Ақсақ Темірдің Алтын Орданы талқандауы Ресейдің тәуелсіздік алуына оң жағдай жасады. XIV ғасырдың 90-жылдары Әзербайжан, Дағыстан, Гүржістан (Грузия), Ирак Темір мемлекетінің құрамына енді. 1398 жылы Үндістан басып алынды. Сирия мен Лубнан (Палестина) мәмлуктері бағындырылды. Алдыңғы Азияның басқа мемлекеттері де Әмірдің билігін мойыннадады. 1402 жылы жазда Әмір Темір Анкара шайқасында Осман әскерінің негізгі күшін талқандалап, түрік сұлтаны Ілдірім Баязидті (Баязид I) түткynнадады. Ақсақ Темірдің үздіксіз соғыстарының нәтижесінде алып империя — Әмір Темір мемлекеті құрылды. Оның жалпы аумағы 14 миллион шаршы километрге жетті. Темір 1405 жылы Қытайға жорықта шыққанда жолда Отырарда қайтыс болды. Ол 68 жас, 10 ай әмір сүрді. Сүйегі Самарқандағы Гүр-Әмір кесенесіне жерленді. Ақсақ Темірдің төрт ұлы болды: Жинангер (1356-1376), Әмір Шейй (1356-1394), Мираншан (1366-1408), Шаңруй (1377-1447). Темір әулетінен ұлы Ғалым Ұлықбек (1394-1449), Могол империясын құрушы Бабыр (1483-1530) сынды атақты адамдар шықты. Ақсақ Темір өлгеннен кейін мирасқорларының билікке таласуынан Темір мемлекеті ыдырап кетті. Ол әлемдік тарихта талантты қолбасшы, тегеуінді саясаткер ретінде қалған. Орта Азиядағы бірқатар сәулетті ғимараттардың пайда болуы, қалалардың өркендеуі, шөл далалардағы жер суландыру құрылыштарының салынуы, қолөнер мен сауданың дамуы Әмір Темірдің есімімен тығыз байланысты. Тарихи деректер оның қол астындағы аймақтардың түркі, парсы, араб мәдениеті мен өнерінің өкілдері, ғалым-оішылдары Ақсақ Темірдің тарапынан үлкен қолдау талқандығын раставиды. Әмір Темір қазақ жерінде Мәңгілік әшпес ескерткіш — қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салып қалдырыды. Сонымен қатар жаулап алған елдердегі Ақсақ Темірдің шектен тыс қатыгездігі оны күрделі тарихи тұлға ретінде танытады (155, 98-99).

Сонымен, Ақсақ Темірдің жойқын шабуылынан кейін, Едіге байқағандай, Алтын Орданың астанасы Сарай, көптеген қалалар мен мекендер қиратылған, тоналған, көбі жер бетінен жойылып кеткен. Темірдің бұл ісі Едігенің қанын қайнатып жауығуға әкелді. Едіге өзінің қолдаушыларымен Ақсақ Темірдің бұзған қалалары мен елді мекендерді қайта қалпына келтіре бастайды. Қазір біз дәл осылай болды деп айтуға аузымыз бармағанмен, шындықтың мәнісі бірсыптыра тарихи шығармаларда осылай баяндалады.

Жалпы, Ақсақ Темірдің шектен шыққан аса қатал адам болғаны барша жүртқа аян. Аса қаталдық мұсылмандыққа жат нәрсе екенін құллі мұсылман баласы мойындейдь. Мәселен, 1398 жылы исламдық Үндістанға қарсы жорық үстінде қажет болар деп тұтқынға алынған 100 мың адамды Темірдің жарлығымен бір сағаттың ішінде қырып та-стайды. Темір 1381 жылы Герат қаласын алғанда адам басынан мұнара тұрғызған, 1387 жылы Иранның ежелгі қалаларының бірі Исфаганда жеңіске жеткеннен кейін қала халқын түгелдей қырғынға ұшыратады. Қала адамдарының тірі денесінен қамалдың қабырғасы көтерілген. Құдіретті Әмірші 1381 жылы Хорасандағы Исфизар шаңарын алған кезде 2000 жауынгер каруын тастанап, тұтқынға беріледі. Бұл екі мың жауынгерді Темір жендеттері қол-аяғын байлап, балшық, кірпіш араластырып, бірінің үстіне бірін қалап, тірі адамдардан мұнара тұрғызады. 1400 жылы Анадоланың орталығы Сейстан қамалында түрік әскерлері каруын тастанап бағынған кезде 4 мың адамның қол-аяғын матаң, белін сындырып, қазылған орға салып, тірілей көміп тастанатқызыған. 1401 жылы 10 шілдеде Бағдатты қайта шапқанда, 90 мың әскердің әрқайсысына бір-бірден бас кесіп әкелу тапсырылған. Сөйтіп, адам бастарының сүйегін мұнара тұрғызуға пайдаланды (251, 175-184; 252, 112-118; 253, 198-200; 248, 31; 255, 132-154). Бұл оқиғаларды теріске шығаратын дәйектер тарихнамада ұшыраса қоймайды. Ақыр аяғында, Едіге тектен-текке Темірмен одактастығын бұзбаған шығар деген де ой келеді. Едігенің Ақсақ Темірден толық айырылысусының басты себебі, оның Алтын Орданы аяусыз қиратып тонауы болған тәрізді.

Деректерге қарағанда Тоқтамысты талқандаған 1391 жылдан кейін Ақ Орда жері Едігенің ықпалына көшеді. 1395 жылы Жошы ұлысы тағына Ұрыс ханның ұрпағы Қайыршак (тарихнамада Құйыршық деп те жазылып келеді – Ә.К.) отырғызылады. Бірақ оның өмірі қысқа болды да, таққа Ұрыс ханның тағы бір ұрпағы Темір Құтлық отырды. Натаңзидің мәліметі бойынша, Темір Құтлық пен Едігенің әскерлері Еділ бойында Тоқтамыс әскерлерінің қалған-құтқанын тағы да талқандайды. Темір

Құтлық хан 4 жыл тақта отырған сәтте патшалық ісіне тәртіп толығымен орнықты. Орыс жылнамашылары Темір Құтлық билік құрған жылдарды шын мәнінде Едіге билік жүргізген мезгіл ретінде қарастырады. Қайсыбір дерекнамалар Темір Құтлықтың хан болуы Ақсақ Темірдің рұқсатымен жүзеге асты деп жазады. 1396 жылы Әмір Темірге Темір Құтлық, Едіге би және Қыдыр Қожа өздерінің елшілерін аттандырып, Темір Құтұлықты хан ретінде тануға ресми түрде рұқсат сұраған (34, 329-348).

Дегенмен бұл кезеңде Темір Құтлық пен Едігенің Тоқтамысқа қарсы құресі жалғаса берді. 1397 жылы 8 қыркүйекте Кафы түбінде бұлардың азғана тобы Тоқтамыс пен Литва князы Витовттың біріккен құштерінен жеңіліп қалды. Алайда келесі жылы қыс айында Тоқтамыс жеңіліп, Литваға қашады.

Литва мен Алтын Орданың теке тіресі 1399 жылы да жалғасын тапты, Витовт пен Темір Құтлық келісімге келе алмады. Тарихшылар әркезде Едігенің Витовтқа жазған хатынан тәмендегідей үзіндіні келтіріп жүр: «Батыл князь! – деп жазды Витовтқа Едіге, - Біздің хан (Темір-Құтлық – Ә.-К.) сені өзінің ағасы ретінде мойындармай тұра алмады. Өйткені сенің одан біраз жылдарға үлкендігің бар. Бірақ өз кезегінде сен менен кішілеусің. Сондықтан да, сен маған басынды исен, маған салық төлеуге міндеттенсең, өзіңнің литвалық ақшанда менің мөрімді бейнерлер болсан әдір болған болар еді» (246, 703). Бұған, әрине, Витовт қатты қорланып, ашу шақырды.

1399 жылы 12 тамызда Витовт пен Тоқтамыстың Темір Құтлық пен Едігеге қарсы шайқасы соңғылардың жеңіске жетуімен аяқталады. Жеңімпаздар 500 шақырымға дейін, Ворскладан Киев қаласына литуандарды, поляктарды, немістерді және орыстарды қуып, қолға түскендерін қырып салды. Өлгендер арасында олардың 20-дан астам княздары болғанға ұқсайды (246, 703).

Едіге өзінің еліне қолайлы сыртқы және ішкі саясатын жүргізе білді. Алтын Орданың күш-қуаты мен атақ-данқының өсуі тағы да Ақсақ Темірді алаңдата бастады. 1400 жылы Орданың ханы Темір-Құтлық қайтыс болғаннан кейін, таққа талас басталып, ел ішінен тыныштық кете бастағанда, Темір 1402 жылы Алтын Ордаға жорыққа аттануға шешім қабылдайды. Бірақ, бұл жерде де Едіге азуы алты қарыс қарсыласынан айлакер және ақылды көрегендігін көрсетіп, дәстүрлі мәмілегерлік тәсілді қолданады. Ол Ақсақ Темірге арнаулы елшілері арқылы мол сыйлық жібереді. «Бегілер beginini» елшілері қаңарлы басқыншыға Едіге Самарқандтың айтканынан шықпайтынын, ешқашан да оған қарсы келмейтінін айтып бейбітшілікке шақырған.

Осындай Едігенің жан-жақты ойланған және өте айлакерлікпен қолданған мәмілегерлік тәсілі арқасында, Алтын Орда тағы да қаңарлы жауышының шабуылынан аман қалды. Эйтсе де, Ақсақ Темір Алтын Орданы өзіне толық және біржолата бағындырып алудан бас тартты деуге болмайды. Ол өзінің алып империясының батыс шекарасында, Едіге басқарған Алтын Орданың қүшесінде және халықаралық қатынастарда шешуші рөл атқаруына ешқашан келісе алмас еді.

Сонымен, XV ғасырдың басында Едігенің басты қарсыластарының біреуі шығыста – Ақсақ Темір болса, екіншісі – Тоқтамыс батыста еді. Шындығында, Ворскладағы женілістен кейін Тоқтамыс барлық әскерінен, бұрынғы ел-жүртің қолдауынан айырылған, хандықтан құылған, бейшаралық халде жүрген-ді. Енді ол Алтын Орданың толық билеушісі дәрежесіне көтеріле алмайтынын да сезінді. Бұл жерде табиғи құбылыстың зандылықтарына сай, ел басқарушы өзінің тағынан айрылып қалудан қорқып, маңайындағы ақсүйектердің өсек-аязына, көбіне өз мұдделерін ойлайтын жағымпаздарға сеніп, биліктің басында қалуға жанталасады, Тоқтамыс та сондай күйге ұшыраған. Тоқтамыс өзінің жаңында құшті, тәуелсіз, тәжірибелі және өте талантты мәмілегер Едігені ұстап тұруға ақылы да, көрегендігі де жетпеді. Эйтпесе, оның тағдырталайы мен бүкіл мемлекеттің тағдыры да басқаша қалыптасар ма еді... Өзінің нашар жағдайына қарамай, Тоқтамыс Ордадан Едігені құып, тағы да такқа отыру ойынан ешқашан қайтпады. Оның жоспарын іске асырудағы әрекетін Шараф-әд-дин Әли Иезді былай баяндапты:

«1405 жылдың қантарында Тоқтамыс Отырар қаласында Ақсақ Темірге өзінің қарт және тәжірибелі нөкере Қара Қожаны елшілікке жібереді. Ол өзінің қас жауы болған және 1391, 1395 жылдары өзінің әскерін толық талқандап жоқ қылған Ақсақ Темірден тағы да көмек сұрайды. Тоқтамыстың елшісі қартайған әлі де қатал қаңарлы жаугершіге бірігіп Едігені талқандап Алтын Ордадан біржола қуып шығуға шақырады. Ұзакқа созылған келіссөзден кейін Ақсақ Темір Тоқтамыстың ұсынысымен келіседі. Жаулап алушы әлі де қанқұмар, әр уақытта жаугершілікке тоймайтын жан еді.

Бірақ, бірнеше аптадан кейін, 1405 жылғы 18 ақпанның сүйк түнінде, Азияның үлкен бөлігі өзінің алдында дірілдеп тұратын қолбасшы өмірден өтті». Мұнан кейін Едіге алыста болсадағы, бірақ әлі де болса өте қауіпті қарсыласынан құтылған еді. Осы кезде бұрынғыдай қауіпті болмаса да, Тоқтамыс әлі тірі еді. Едіге оған Ворксладан кейін де ешқандай тыныштық бермеді. Ибн-Арабшахтың айтуынша, Тоқтамыс пен Едігенің арасында 15 рет шайқас өткен. Бірінде Едіге женіп, енді

бірінде Тоқтамыстан жеңіліс тауып отырған. Ал, 16-шы шайқас Тоқтамыс үшін қайғылы аяқталады. Соңғы шайқаста ол Едігенің жақтастарының колынан қаза табады.

Кейбір дереккөздерде, мысалы «Ескендір анонимі» шығармасында, Тоқтамыс соғыс даласында емес, өз үйінде қайтыс болады. Тоқтамыстың өлімі туралы басқа да хабарлар кездеседі. Шараф әд-Диннің жылнамасына көңіл қойсақ, Тоқтамыс өзінің соңғы үмітін аяқтай алмай, Ақсақ Темір өлгеннен кейін, өзі де өледі. Жапанда жалғыз қалған Тоқтамыс өзінің қатал жауынан қайда тығыларын, қайда баарын білмей сасады. Ал ибн-Арабшахтың баяндауынша, Тоқтамыс соңғы шайқаста Едігеден жеңіліп, содан кейін белгісіз жок болып кетеді. Едіге оны тұні бойы іздел, тауып өлтіреді.

Ресей тарихшысы Н.М. Карамзиннің мәліметі бойынша Витовттан қудер үзген Тоқтамыс хан ұлыстың орталығынан алыс жерлерде қанғырып, өзіне достар мен жақтастар іздейді. Бірақ, серік болар ешкімді таба алмайды. Осындай жағдайда Тұмен қаласының маңында Шәдібек ханының әскерлері кездесіп, тең емес шайқаста қаза болады. Ұлы князь Василий Дмитриевич Ордада көтеріліс бастау ниетімен, Тоқтамыстың балаларын өзіне, Москваға паналатады. Сібірде Тұмен маңында сол уақыттардан қалған қорған бар көрінеді. Сандаған ғасырлар бойы өлкенің мұсылман халықтары осы қорғанды Тоқтамыстың бейіті деп тәуіп етеді.

Осылай, Алланың рахымымен Едіге өзінің екінші жауынан құтылады.

Дәл күткендей, Ақсақ Темірдің өлімінен кейін Самарқандта Ұлы әміршінің тағына талас басталады. Оны пайдаланып, Едіге де қарап жатпай, Хорезмді олжалап алады дейді басқа бір дерекнамалар. Едігенің бұл қарекетінің дұрыстығын, көрегендігін, Алтын Ордадағы болашақтағы шым-шытырық оқиғалар да айғақтайды. Темірдің о дүниелік болуынан кейін, Самарқандта тақ үшін оғландар, сұлтандар мен әмірлердің арасында бітпес қырқыс басталып кетті. Тіпті, бұл қырқыс ашық айқастарға әкелді. Егер, такты Едігенің қарсыластарының біреуі басып алса, ол Сарайдан қуылуы ғажап емес еді. Ол Орданың астанасынан қуылған жағдайда, Едігеге уақытша болса да бас сауғалайтын орын керек. Сондықтан Хорезмді басып алу, алдын ала көп жыл бұрын ойластырған, іске асырылған әрекет іспетті.

Жошы ұлысында Темір Құтлықтың өлімінен кейін басталған тақ таласы Едігені Шынғыс хан тұқымынан мұрагер іздестіруге итермеледі. Ол таққа өзінің әділдігімен және қабілетімен белгілі болған және жасы жағынан үлкен Шәдібек сұлтанды отырғызды. Шығыс тарихшыларының бірі Натаңзи Шәдібекті тыныштық іздеген, қауіпсіз өмірді аңсаған хан

ретінде сипаттайды. Ол бүкіл өмірін рахатқа бөленіп өткізгісі келді. Едіге болса, мемлекетті нығайтуға күш салды. Ол бұрынғы дәстурлерді (тура) және жасақ зандарын қалпына келтіруге тырысты. Бұл Шәдібекке ұнамады. Ол жасырын түрде Едігенің кезін жоймаққа қарекет қылды. Оның мұндай арам ойын сезіп қойған Едіге оған ашық қарсы шықты. Шәдібек болса, тағын тастап Дербент әмірі Шейх Ибрагимді паналады және сонда қайтыс болды. Оның патшалық құрган уақыты 1400-1407 жылдар еді, - дейді Кеңес тарихшылары Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский (4, 239-240).

Осы тұста айта кетуге тиіспіз, күні бүгінге дейін Едігенің мемлекет кайраткері ретінде жүргізген мәмілегерлік шарапалары Жошы ұлысын нығайту жолындағы саяси және әлеуметтік негізге бағытталғанмен, тарихнамада әлі терен зерттеле қоймағанын ғалымдар айтып жүр (231, 11).

Алысты болжайтын саясаткер және мәмілегер Едіге Орданың күш-куатының, абырай-атағының бұрынғы қалпына толық қайта келмейтінін жақсы түсіне білді, өйткені елдің саяси да, тұрмыс-тіршілік жағдайы да құлдырау үстінде еді. Едігеге дейін елдің қуатын қалпына келтіруді мыңбасы Мамай да қолға алған еді. Бірақ, ол 1380 жылы Куликов шайқасында Дмитрий Донскойдан жеңіліс тапты да, билік басынан біржола аластатылды.

В.М. Жирмунскийдің пікірінше, Алтын Орданы басқаруды қолына алғаннан кейін, Едіге оның жалғыз да дара билеушісі болған. Ақсүйек мырзалар мен таққа таласуышы сұлтандардың жанталасқан қарсылығына қарамай, ол Алтын Орданың күшінде үшін көп күш салды. Мамайдың әрекетін жалғастырып, оны іске асырды, уақытша болса да Алтын Орданың саяси бірлігін қалпына келтірді. Мұны Витовтты Воркслада жеңуімен, Хорезмді басып алғымен және Москва княздығына жорығымен барша жүртты мойындаатты.

Шыңғыс тұқымы болмағандықтан Едіге хан сайланбайтын дәстүр бар, осыдан оның ел билеуші ретіндегі қарекеті тек өзінің жеке басының ерекшеліктеріне, қолбасшылық талантына, ержүректілігіне, мемлекет басқарудағы даналығына ғана тән қасиет деп қарау орынды.

Сонымен қатар, Едіге орыс княздықтарымен бұрынғы қарым-қатынасты ұстап тұрудың мүмкін еместігін де таразыға тартты. Бұндайда Едіге өзінің халықаралық істерін тек мәмілегерлік жолмен ғана жүргізуге бағыт ұстады. Есke алсақ, мәмілегерлік әдіспен ол бірнеше рет Алтын Орданы Ақсақ Темірдің басқыншылығынан қорғай білді. Осы тұстағы халықаралық жағдайға қарасақ, Ворксла шайқасынан кейін Владимир княздығы күшіне түссе, батыстағы Русь пен Литва княздықтары

күлдірай бастады. Днепр жағалауындағы соғыстан бас тартқан Едіге айтылған княздықтармен күш теңестіруге арналған әрекеттерді қолға алды. Басты-басты княздықтар арасындағы бітіспейтін алауыздықты, тіпті көбінесе ашық қырқыстарды тиімді пайдаланып, Едіге оларды Алтын Орданың қол астында бағыныштылықта ұстауға тырысты. Мұнда ол әжептәуір табысқа жетті және соғыс арқылы емес, саяси және мәмілегерлік жолмен.

Алтын Орданың бұғауынан құтылу мақсатымен 1395-1400 жылдары орыс княздары Орта және Төменгі Еділ бойындағы Бұлғар татарларының қалаларына бірнеше рет шапқыншылық жорық ұйымдастырыды. 1400 жылы Москва князы Юрий Дмитриевич Орта Еділге шабуыл жасап, Бұлғар, Жукотын, Қазан, Кременшук қалаларын басып алады. Шапқыншылықтың салдарынан татарлар мен басқа халықтарды күйзеліске ұшыратады. 1407 жылы Ордада күрделі оқиғалар болып жатқан кездегі 20 шілдеде, Твердің ұлы князы Иван Михайлович Еділ өзенімен жүзіп келіп, Орданы талқандауға әрекет етеді. Алайда Жукотында болған ірі шайқаста Едіге жеңіске жетіп, Тверь князы қашып құтылуға мәжбүр болады (247, 17).

Күшейіп келе жатқан Москва княздығы бірте-бірте өзінің мақсатын іске асыра бастайды, жан-жағындағы елдерді жаулап алу саясатын жүргізді. Оны сезген Едіге, өзінің саясатын одан да ширақ, әсіресе мәмілегерлік жолмен іздестіреді. Мәселен, Москва князы Василий Дмитриевич Литваға қарсы соғыс өртін тұтатты, оған көмекке Едіге өзінің бір мықты жасағын аттандырыды. Москва княздығы мен Литва арасындағы соғыс ұзаққа созылды, екі жақтан да мындаған жауынгерлер қаза тауып, адам қаны судай акты. Тарихшылар Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің пайымдауынша, бұл соғыс та тек Едігенің пайдасын көздеген секілді. Едіге кеменгер мәмілегер ретінде осындай «қақтығыстарды» өз елінің келешегіне ыңғайласпайтын.



Едіге жасактарының Москванды қоршауы. Миниатюра.  
XV ғасырдың басы.

Тарихнамада көрсетілгендей, Едіге 1409 жылы Шығыста да, Батыста да өте қарқынды саясат жүргізеді. Москва княздығымен дипломатиялық жолмен келісімге жете алмайтынын білген соң, ол әскерін жасақтап Москванды қоршауға алады. Бұл арада мынадай ерекшелікке көніл аударған

жөн. Едіге Москва княздығына қарсы жорыққа шыққанда оның әскерінің басты күші оның жасақтары емес, Едігеге қосылған Тверь князы Иван Михайловичтің әскерлері еді.

Едіге бұл жолы Москванды жаулап алуды мақсат еткен жоқ, оның үстіне Орданың ханы Болат сұлтаннан (1407-1410) жайсыз хабар алады. Алтын Ордада тағы да так үшін тартыс, ішкі қырқыс басталыпты. Болат сұлтан Едігенің жылдам Ордаға қайтуын талап етеді. Москвадан ол уақыттағы мөлшермен үлкен қаражат саналатын 3 мың рубль сыйлық алдып, Едіге Ордаға қайтып кетеді.

Осы оқиғаға байланысты тарихшылар арасында әртүрлі қисындағы пікірлер жүгірді. Бұған да қөніл аудара кетейік. Жасыратыны жоқ, Кеңес Үкіметі тұсында түркі нәсілдес ғалымдар отарлық езгі ықпалынан асып, мәселеге тереңдеп бара алмады. Ресейдің қазіргі кезде де қарауында отырған түркілік тарихшылар (ноғай, татар, башқұрт т.б.) бұны тереңдетіп қозғаудан бастарын аулақ ұстайды. Ресей аймағында тұратын қазақ, қарақалпақ тарихшылары да осындағы күйде, - деп жазады филология ғылымдарының докторы Ж. Асанов (248, 35).

Орыс елінің тарихшылары Л.Н. Гумилев, Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский, Ю.В. Мизун, Ю.Г. Мизун әділ пікір айтудан тайсақтап, «Едіге Москванды ала алмады» деп, бірауыз сезбен қайыруға тырысады (4, 396; 249, 226-227; 250, 160).

Отарлық бұғаудың зәрін татқан ғалым М.Г. Сафарғалиев Едігенің Москва халқын бағындыруға шамасы жетпеді дегенді шығармасына қыстырады (132, 185).

Жоғарыда аталған автордың бірі, академик Б.Д. Греков ойын алай-бұлай жүгіртіп, Едігенің Москва түбіндегі қол жеткен жеңісі Орыс княздары мен Литваниң дер кезінде әскери күштерін қоса алмағандығынан олар жеңіліс тапты, әйтпесе, Едігеге бұндай жеңіс XV ғасырдың басында қайдан келсін деп, - жуып-шайып, Ноғай жасақтарының әскери қабілетін кемітіп көрсетуге тырысқан (4, 400).

Бұл арадағы басты әңгіме Едіге Москванды күші жетпегендіктен ала алмады деуге негізделмесе керек. Егер Орда ханы оны кері шақыртпаған болса, Москва халқы сақылдаған сары аязда аштықтың құрбаны болып, баудай түсіп қырылары сезсіз еді. Шындыққа жүгінсек, Москва княздығы төлеген қаржы Алтын Орда халқының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға сезсіз көмек болғандықтан, Едіге Москванды шабуға онша құлыш қөрсете қоймағандықтан деу орынды.

Жылнамашылардың байыптауынша, Болат хан өзінің негізгі күштерін Едігенің бастауымен орыс жерін бағындыруға жібергендіктен оның

тағына қызығушы бақталастарының бірі Ордада мемлекеттік төңкеріс жасап, Болатты тақтан аластатьп және өлтіріп, өзін хан етіп жариялайтын сәт тудыны көксеген. Мұндай қаскөй әрекеттің дайындалып жатқанын Bolat ханның шабарманы Едігеге жеткізеді. Осыдан соң-ақ Едіге кейін қайтуға асығыс жинала бастады. Ол Москвандың айналасындағы ат тұяғы жететін аймақтарын жаулап, тұтқындарды тоғытып айдал, зор байлықпен еліне қайтады. «Жалғыз Москванды ғана құдай сақтап қалды», - деп жазады бұл туралы сол кездің Никон жылнамасы.

Едігенің орыс жеріне не себептен жорық жасайтыны оның 1409 жылы Москвалық ұлы князь Василий Дмитриевичке жолдаған грамотасында (жарлығында) анық көрсетілген. Едіге өзінің осы хатында Василий: «Сізден бұрынғы патшалар біздін адамдарымызды зор құрметтеп, күтіп алушы еді, Рұс жерінен бұрын ешкім де ренжімей аттанатын, бұл туралы «сен ең болмаса өзіңнің көнекөз кісілеріңнен сұрасаң етті», - деп нықтады. «Хан Темір Құтылық таққа отырған бетте – деп жазды одан ары Едіге, - сен өзіңнің ұлысына әміршілерінді тағайындағын, ал сен тағайындаған жерлердегі княздар «ханға ешқашан сәлемдесуге келген емес, ханның және оның сұлтандарының көзіне көрінген емес. Өзіңнің шонжарларынды, ақсақалдарын мен боярларынды және тіптен елшілерінді да жіберген жоқсын. Балаларың да, туыстарың да бір ауыз сөзбен келген жоқ. Оナン соң, Шәдібек сегіз жыл хандық құрды, оған да аталғандардың ешқайсысы келген емес... Ешкімді жібермедің: сонымен Шәдібектің бұл хандығы да өте шықты. Енді ғой Bolat сұлтан таққа отырды және оның хан болғанына да үш жыл өтті: өзің келмей қойғаныңмен түрмай, балаң да, бауырларынды да, аға бояринінді де жіберген жоқсын. Өзің ғой Ұлы ұлыстың басшысы, Ұлы князысын, ал барлық істеген қарекеттерің тұрақсыз және адам ұяларлық. Федордан Кашкаға дейін Ордаға деген жағымды әдет-ғұрып және адап ниет, соңдай-ақ игілікті істер орын алған еді».

Едіге князь Василийді осылайша өткен жылдар тәжірибесінен сабак алмайсың деп ұялта келе, сонымен қатар Алтын Ордаға адап қызмет өткен адамдарды да үлгі ете сөйледі. Хатта олардың ішінен боярлар Илья Иванович, Петр Константинович, Иван Микитич аталауды. Оларды жинап ақылдассан Рұс жері, сенің менмендігіңнен бүйтіп күйзелмес еді, - дейді Едіге. «Хан Жәнібекке кезінде салықты қалай төлеп едіндер, естерінде бар ма? Сонда, сендердің ұлыстарыңа ешкім тимейтін, шаруаларың тыныштықта өмір сүретін, олар «сенің өркөкіректігіңнен зәбір-запа шекпейтін», - деп шегелей түседі хатта.

«Біз сенің Ұлысынды өз көзімізben көрген емеспіз, тек әртүрлі сыйбыстар арқылы естіміз», - деп ренжіді Едіге одан ары. Осылай де-

генмен, «Орыс княздарынан немесе Литвадан қандай да бір жәбір көрсөндер, сенің өзің олардың үстінен жылда шағым айтасың және арыз хабарларынды жолдайсың, сөйтіп олардан қорғауды өтінесің және сен бізге ол турасында маза бермейсін».

Ия, көріп отырғанымыздай, Едіге Батый ханның кезінен бері қалыптасқан Алтын Орданың Рұсь жеріне үстемдік ету жүйесін қалайда сақтап қалу үшін күрескен. Бұл тарихта хатталған шындық. Орыстармен жағаласып жүріп, ол өзінің негізгі бақталастарын ығыстыруды да естен шығарған емес.

Көзі қырағыларға бұл хатты Едіге қынжыла отырып жазғаны көрініп тұр. Алайда, Москва князьындағы тәртіп өзгерістері, олардың Алтын Ордамен ара-қатынасы өзгеріске ұшырап, уақыт княздықтың пайдасына ыңғайланғаны Москва княздығы жылдан-жылға қүшейіп қуаттанып, тіпті бостандыққа талпына бастайды да, ал Алтын Орда керісінше өзінің құлдырау жолына түседі.

Бірақ мұнда да Едіге төзімділік көрсетіп, асып-саспайды. Алтын Ордадағы тұрмыстық және саяси жағдай қанша қындаса да, Едіге өзінің қажыр-қайратын одан сайын дамыта береді. Қазіргі тілмен айтсақ оның іс-қимылы бұл кезде тіпті үдей түскендей. XV ғасырдың басында, әсіресе 1408-1409 жылдары Алтын Орданың тәуелсіздігін, бостандығын сақтап тұру үшін, ол өте қажырлылықпен әрекет етеді. Соның өзінде ол өте сақтықпен қимыл жасаған. Жасыратыны жоқ, Едігеге қолдарынан ештеме келмейтін, талантты төмен, өз беттерінше және алысты болжап саясат жүргізе алмайтын, мемлекет қайраткерлері мен елдің басында отырған Шығыс тұқымынан шыққан дәрменсіз хандармен есептесуге тұра келді.

Сонымен қатар Москва және басқа орыс княздықтары қүшейіп келе жатқаны, Поляк-Литва қаупі де босатпай тұрғаны, бұрынғы Тоқтамыс ханның балаларының әлсін-әлсін шапқыншылығы да оны мазалауда еді. Оған қоса Орта Азиядағы үлкен де алып империяның басындағы Ақсақ Темірдің мұрагерлері де аумалы-төкпелі саясат жүргізіп, елдің шырқын бұзды. Батыста Москва, Поляк, Литва княздықтарындағы белсенді саясаттың тізгінін жоғалтып алмау үшін, Едігеге Алтын Орда сақ қимыл жасап, әр уақытта Шығыс елдерімен, әсіресе Орта Азия елдерімен қарым-қатынасты мейлінше жақсартып отыру қажет еді.

Турасын айту керек, Ақсақ Темірдің өлімінен кейін оның елінде басталған таққа талас пен тартыс, Едігенің дербес жүргізген саясатына пәлендей кедергі келтірген жоқ еді. Бірақ, бұл қырқыс көпке созыла бермесі айқын. Бір кезде бұны да тоқтату керек, көп ұзамай солай болды да. Бір сыйыргы қырқыс-тартысты бастарынан өткізіп, 1409 жылы

Самарқандтың тағына Ақсақ Темірдің ұлы Шаңрух отырғызылды. Ол өз ұлын, яғни Ақсақ Темірдің немересін, ғылым мен мәдениеттің тарихында атағы дара көрінген, атақты астроном Ұлықбекті Мәуранныхардың билеушісі етіп қойды. Самарқандта оған арналған үлкен жиын, тойдуман өтті. Мұны алдын ала естіген Алтын Орданың ханы Болат сұлтан мен Әмір Едіге Самарқандқа жасау тартқан елшілік жібереді. Шығыс елдерінде ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша, хан мен әмірдің елшілері бірнеше сұңқарлар мен жүйрік тазысы бар және басқа бай сыйлықтарымен жаңа билеушінің сарайына келеді. Шаңрух жауап ретінде Болат сұлтан мен Едігенің елшілеріне, хандар мен сұлтандарға арнап тігілген бас киімдер мен Шығыста өте құрметтелетін алтынмен көмкөрілген қымбат белбеулер сыйлыққа жіберілді.

Соның арқасында Едіге Орта Азиядағы ең қуатты елмен достық қарым-қатынас орнатады. Тіпті Самарқандтың билеушісі Шаңрух өзінің ұлы Мұхаммед Жоқыға Шыңғыс тұқымының бір қызын қалындыққа беруді сұрапты. Шаңрухпен достық қарым-қатынас орнату Едігенің мәмілегерлігінің үлкен бір табысы деп қарау орынды.

Алайда, 1410 жылы Едіге өзі таққа отырғызған Болат сұлтан өзінің қамқоршысына қарсы бас көтеріп, оны Ордадан аластатуға әрекет жасайды. Міне, осы кезде Едігеге 1405-1406 жылдары Хорезмді басып алғаны пайдасына жарап, отанынан запы көрген Едіге соған көшіп, Ургенішке келіп орнығады. Осыған қарамастан, ол елдің саяси-әлеуметтік өмірінде, тіпті Алтын Орданың құнделікті өмірінде де шешуші рөл атқарып тұрады.

Бірқатар мағлұмдардың баяндауына қарағанда, Едіге алдымен кемел талантты қолбасшы екендігін ұмытпайық. Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің деректерінде айтылатын соғыс кезіндегі оқиғалардан бір мысал. Сол, 1411 жылы Едіге Хорезмде тұрғанда, Тоқтамыстың литвалықтар қолдайтын ұлдарының бірі Жәлел әд-Дин Витовттың әскерінің көмегімен Алтын Орданың тағын басып алады да, Едігенің көзін біржолата құртуды өзіне мақсат етеді (4, 228-264). Осы істі орындауды ол өзінің дарынды қолбасшыларының бірі – Қаджулай ноянға тапсырады. Едігенің жауынгерлерінің саны аз екені де белгілі. Одан ойсырай женілуі мүмкін екенін алдын ала сезген Едіге ойланып жатпай-ақ жоспар құрады. Өзінің әскерін екіге бөледі де, бір жасағын Қаджулаймен шайқасқа қосып, екінші топтағы сарбаздарын тасаға тығып қояды. Бірінші жасаққа – шайқастың ең ауыр кезі келгенде, женіліген болып қашып шегінуге бұйрық береді. Жасақ Едігенің бұйрығын бұлжытпай орындаиды. Қаджулай жауынгерлері Едігенің әскері толық женілді деп ойладап, оларды

куып береді. Осындай қысылтаян шақта Едіге өзінің тасаға тығып қойған жасағымен, ойда-жоқта Қаджулай жасағына лап қояды да, оларды қырып салады. Қаджулайдың өзі де шайқаста қаза табады (247, 19).

Мұндай тәсілді кезінде пешенег әскерлері де, Шыңғысхан жасақтары да қолданған. Олардан мұны қыпшақтар үйренген. Эрине, соғыста жеңіске жету қолбасшының таланттына байланысты. Едіге мен Қаджулайдың шайқасы да солай өтті. Атақты Куликов шайқасында князь Дмитрий Донской көшпелілердің тәсілін қолданып, өзінің құшті жасақтарының бірін ағаш ішіне тығып қойып, Мамайдың әскеріне соғыстың қызған кезінде кірісіп, жеңіске жетеді. Дмитрий Донскойдың Мамай әскерін жеңуі осынау тәсілді қолдануынан болды, - дейді тарих көздері. Шешуші шайқаста әрқашан тың атты әскер басты рөл атқарды. Едігенің мәмілегерлік, ішкі және сыртқы саясатының табыстарына қарамай, Алтын Орда мен оның астанасы Сарайшық жағдайы жылдан жылға құлдырай берді. 1410 жылы хан Болат сұлтан қайтыс болады. Едігенің көмегімен хан тағы Темір Құтлық ханның баласы Темірге (1410-1411) бұйырады. Бірақ, ханға Едігенің істері жақпады. Кезінде Едігенің қызына үйленген Темір хан қолдаушысына қарсы шығады. Осыдан Едіге Хорезмге бой тасалағаны әлгіде айтылды.

Едіге Алтын Орданың астанасынан алыста – Ургеніште тұрған мезете, Сарайдағы жағдай тіпті шиеленісіп, Шыңғыс тұқымынан шыққан ханзадалардың өздерін хан тағына лайықпен дегендер арасындағы қырқыс шегіне жетеді. Бұған қайтыс болған Тоқтамыстың балалары да белсене кірісіп кетеді. Тоқтамыс ханның көп әйелдері мен қәнізәктерінен 13 ұлы бар еді, соның сегізі хан болуға тартысқа тұсті. Осы қырқыста Тоқтамыстың алты ұлы қаза табады. Басқа бір деректерге сенсек, бұлардың жаңын жәннатқа жіберген Едіге еді.

Жанды шайқас Жәлел әд-Дин мен Кәрімберді сұлтандар арасында өткен. Ең бір қызығы, осы таласқа әртүрлі мәмілегерлік жолмен мындаған шақырым алыста жатқан Москва княздығының құлшына кіріскені. Расын айтса, Кәрімбердінің 1408 жылдан 1412 жылға дейін Москвандың паналап, сонда тұрғаны себеп болған секілді. Осыдан Москва билеушілері оны өздерінің жақтасына санаса керек. Егер ол Алтын Орданың тағына отырса, Москва өзінің саясатын еш киындықсыз жүргізе алады. Сондықтан Москва князы қалай болса да Кәрімбердіні таққа отырғызуға мүдделілік танытты. Едіге мен Москва князының көмегімен Кәрімберді өзінің қарсыластарын жеңіп Алтын Орда тағын иемденеді. Бірақ, ол Москва патшасының күткеніндей емес, Едігенің саясатын қолдап шығады. Мұнымен қоса Кәрімберді алысты болжайтын саясаткер

ретінде Москвадан да қол үзгісі келмеді. Едіге мен Кәрімбердінің пайдалы жүргізген ішкі және сыртқы саясатының арқасында Шығыс Еуропа елдерінің қатынастары әжептәуір өзгерістерге ұшырайды. Польша-Литва мемлекеті мен Ұлы Владимир княздығының арақатынасы тенеседі. Осыны пайдаланып, Витовт ықпалын Алтын Ордаға қүшетуге тырысып, Орданың тағына өзінің жақтасы Кебекті отырғызады. Витовттың бұл жымысқы саясатына Едіге би тойтарыс береді. 1414 жылы ол Еділ бойына қайтып оралып, хан қылып Шекры-оғланды тағайындайды (кейбір деректерде ол Шыңғыс-оғлан деп жазылған - Ә.-Қ.).

Едігенің саясатының басын түсіп бара жатқанын байқаған Литва князы Витовт өзінің тәсілін күрт өзгертип, Алтын Ордаға қарсы қоюға орыс қалалары мен Шығыс Еуропа княздықтарын айдал салғысы келеді. Витовттың жымысқы саясатының алғашқы құрбандағы Елец қорғаны болды. Едіге оны 1414 жылы басып алып, тонап және өртеп жіберді. Витовттың саясатына қалайда қарсы тұру үшін, Едіге 1416 жылы Киевке қарсы, ал 1417 жылы Подoliaға қарсы соғыс ашты. Біздің ойымызша, Едігенің осы жылдардағы іс-қимылдарына дәл ашық пікірді Б.Д. Гревков берген сияқты. Оның сезіне қарағанда, біраз жылдар бойы, яки 1414 жылдың соңынан бастап 1418 жылдың басына дейін, Едігенің Шығыс Еуропадағы саясаты бір жағынан Поляк-Литва мемлекеттеріне деген өшпенділігімен танылса, екіншіден – Ұлы Владимир княздығымен бейбіт қатынасты дамытуы, - дейді. Әлбетте, Едігенің бұл саясаты да көпке созыла қойған жок. Үлкен тарихи тұлға және мәмілегер ол Алтын Орданың мойнына тас байланып қара суға батып бара жатқанын және оны тоқтату енді мүмкін еместігін жақсы түсінді. Ордаға ең басты қауіп Ұлы Владимир, былайша айтқанда Орталық Орыс княздықтарынан келмекші еді. Поляк-Литва мемлекетін басқарып отырған Витовт болса, Владимир княздығының күрт қүшеюінен қауіптене бастады.

Бұл жылдары Едіге Алтын Орданың жеке дара және толық билеушісі құзырымен өзінің дербес саясатын жүргізуге тырысып бақты. Оған бұл жолда ешкім кедергі келтіре алмады. 1418-1419 жылдары Алтын Орда мен Литваның орыс княздықтарына қарсы бірігуіне қолайлы жағдай туды. Бұл өзі Едіге мен Витовттың, Литва мен Алтын Орданың дәстүрлі саясаттарының жақсаруына байланысты еді. 1419 жылы бір кезде қарсыластары қорқып тұратын, ешқашан женіліп көрмеген Едіге Витовтқа өзі хат жазуға мәжбүр болады. Ол оған арнаулы елшілер мен сыйлықтар ұсынып, ұш түйе және жиырма екі тамаша сәйгүліктер жібереді. Иоан Длогуштың хабарлауынша, Едіге Витовтқа жазған хатында былай депті: «Қадірлі де құрметті князь! Сіз мынадай жағдайларға

көңіл аударсаныз, біз екеуіміз де өз өміріміздің күндерінің батуына таяп келеміз. Қалған күндерімізді бейбітшілік пен келісімде өткізек дұрыс болмай ма? Екеуіміздің арамызда болған шайқастарда төгілген қан жерге сіңсін, бір-бірімізді балағаттаған сөздерімізді жел ұшырысын, жаулық пен жеккөрніштілік отқа жансын. Біздің елдеріміздегі әлі де бүркырап жатқан екеуіміз салған өртті су бассын!»

Витовт та Алтын Ордамен жақындасуға қарсы емес еді. Бірақ, ол көп тәжірибелі, айлакер, тынышсыз Едігеге толық сенім арта алмады. Қысқасын айтсақ, Едігенің Витовтпен жақсы қатынас орнатқысы келгені өзінің нәтижесін бермеді. Ал, 1419 жылы Тоқтамыстың кездесіп тірі қалған ұлы Қадырберді ойда-жоқта пайда болады. Қазіргі уақытқа дейін Едігенің Тоқтамыстың ұлы Қадырбердімен соңғы соктығысуы туралы әртүрлі айтылатын әңгімелер көп.

Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің Алтын Орданың ыдырауы атты монографиясында Едіге мен Қадырбердінің соңғы кездесуі туралы тарихнамадан өзгешелеу деректер келтірілгенмен, мәселенің ұзын-ырғағы бір-біріне ұқсас баяндалады. Жоғарыда аталған автор ибн-Арабшахтың айтуынша, Едіге Қадырбердімен айқаста ауыр жарақттар алып, суға кетеді. Оның денесін Сейхун өзенінен тауып, соның жағасында қалдырады.

Бұл ибн-Арабшахтың бұрынғы бір шығармаларында айтылған мағлұмға қарап, оның Едігеге деген адаптациясына, соңғы деректі келінкіремейді. Осыны дәл Арабшах жазып қалдырды дегенге де сенгің келмейді. Соған қарағанда кітаптың соңғы жағына басқа бір автордың қол таңбасы түскен сияқты. Едігенің өліміне байланысты басқа да деректер ұшырасады. Осыларды там-тұмдап беріп көрелік.

Әл-Айнидың айтуынша, Едігені Тоқтамыстың ұлдарының бірі Қадырберді 1419 жылы өлтіреді. Осы деректе, Едігенің денесін Қадырбердінің бүйірлігімен аса жауыздықпен бөлшектеп шапқылап дала қалдырған.

Осы жерде ескере кететін бір жэйт бар. Татар тіліндегі «Едіге» дастанының тағы бір нұсқасында оқиғаны былай айтады. Әуелі Едіге Тоқтамыстың ұлы Қадырбердіні өлтіреді, ал оны Едігені, ханның нәкерлері өлтіреді. Дастаның осы тұстары зерттеушілердің пайымдауынша, шындықпен суреттелген секілді, мумкін тарихи шындық осыған жақын шығар.

Тереңірек ойластырсак, Едігенің қазасы жөнінде келтірілген деректер бір-біріне керегар емес. Бірақ, кімді-кім өлтірді, қандай жағдайда болды деп дауласу мұсылмандық қағидамен дұрыс та емес шығар. Бірақ

тарихи шындыққа жүгінетін ғалымдар үшін, зерттеуімізді жалғастырған орынды. Осыған орай ноғай халқының тарихы мен этнографиясына арналған шығармаларға тоқтай кету ләзім. Әлгіде айттық, 1419 жылы Витовтпен Едігенің арасындағы келіссөздер нәтижесіз аяқталды. Тоқтамыстың тірі қалған ұлдарының өшпенделілігін пайдаланып, Витовттағы бір рет Едігемен шайқасуды ойластырады. Витовттың көмегімен Қадырберді үлкен әскер жинап Едігеге қарсы жорыққа аттанған. Шайқас Алтын Орда жерінде өтеді. Бұл соғыста екі жақтан да көп адам шығынға ұшырайды. Осы соғыста Қадырберді өліп, оның жауынгерлері жанжаққа тарап кетеді. Бұл шайқаста Едіге де ауыр жаракат алады, оның әскері де бейтарап болады. Содан көп кешікпей Едігенің өзі де алған жаракатынан көз жүмған.

Басқа бір мағлұм, 1419 жылы Жайықтың жағасында, хандықтың тәтті дәмін жөнді татып үлгермеген элі жас, алдымен Тоқтамыс ұлы Қадырберді қаза болады. Дәл осы мезгілде, 1419 жылдың жазында 62 жасында, Едігенің де Жайықтың бойында, Сарайшықтан қашық емес, қазасы жетті дейтін пікірлер қолдауға тұрарлық. Бұл оқиға тарихта жан-жақты зерттеліп, өз бағасын алған... Сондықтан әңгімені ұзартпай-ақ қояйық.

Сөз орайында, Қадырберді мен Едігенің қайғылы қазасынан кейін Алтын Ордадағы так пен тәж Литва князының қолдауымен Ұлұғ-Мұхаммедеке бұйырған. Бұл кезінде Қазан хандығының іргесін тұрғызуға күш салып, оның шаңырағын көтеруге атсалысқан Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі. Қазан хандығының қыр-сырын зерттеуші, ұлағатты тарихшы М.Г. Худяковтың енбектерінде Ұлұғ-Мұхаммед мемлекет қайраткері ретінде жоғары бағаланған (81, 22-34; 82, 5-68).

Едіге бидің іс-эрекеттері замандасы Тоқтамыс ханның тағдырымен сабактас өрбитіні тарихнама мен халық эпостарында барынша көрініс тапқан. Әуелгі кезде екеуінің достығы, бара-бара бір-бірімен аталақ жауластығы ұрпақтарына дарып, ел бірлестігіне нұқсан келтіргені зерттеушілердің шығармаларында жан-жақты баяндалған. Оған бір-екі ауыз сөзді біз де қоса кетейік.

«Едіге батыр» дастаны Тоқтамыс хан Едігенің қыын дауларды әділ шешкенін естіген соң өз ордасына шақырыпты деп бастайды, бұл тарихи шындыққа жақын. Тоқтамыстың Едігені шын пейілмен жанына жақын ұстап, оған үлкен сеніммен үміт артқаны жырда былай беріліпті:

*Жауырыны жақталы,  
Түйме баулы, тартпалы,  
Ол қаракес тон берді.  
«Мұны үстіңе ки» деді,*

*Көкала жорға ат мін, деді.  
 Көнте белбеу бу, деді  
 Тұтам бауы сом алтын  
 Ақ сұңқар құс беремін,  
 Ұшан теңіз шүй, деді.  
 Қырымнан қыын дау келсе,  
 Төресін соның бер деді...*

Олардың бір-біріне дұшпандық көзқарасы да дастандарда әділдікпен жырланған. Қайсыбір тарихшылар, Тоқтамысқа қарсы Едігенің әрекеті әкесі Балтышақтың өлтірілуіне байланысты шықты десе, онда бұл окиға Темір Мәлік хандық құрган кезеңдерге (1370 жылдардың сонына) саяды, ол кезде Едіге жастығынан Тоқтамысқа қарсы шыға алмадыға тірдейді. Екінші бір ғалымдар бұл окиғаны Едігенің 1376 жылы Ақсак Темірге қашып келгенінен басталады деген уәж келтіреді. Тоқтамыс ханның өзіне жаулық ниетін байқаған Едіге қашып әмір Темірдің сарайынан бір-ақ шығады. Басқа бір ізденушілер жауластықтың негізін Алтын Орда ханы мен бидің бақталастығына жорып, жанжалдың басы деп, 1380 жылдардың аяғын көрсетеді. Қалай дегенмен де, хан мен «Бегілер begіnің» арасына сұық жылан жүгіріп, әуелгі басараздық кейіннен өшіспей бітіспейтін жауыздыққа айналып, 15-16 рет шайқасты бастарынан өткеріп, аяғында екеуі де басын жұтқаны аян.

Осы арада аз-маз тоқталып, Тоқтамыстың әмір деректерінен үзінді берейік:



Тоқтамыс хан.

М.В. Гореликаның реконструкциясы

*Тоқтамыс (туған жылы белгісіз — 1406 жылы қаза тапқан) — Алтын Орда ханы (1380-95), Тойқожа оғланның баласы, Жошы ханның ұрпағы. Ол XIV ғасырдың 70-жылдары аяғында елінен қашып, Әмір Темірді паналады. Әмір Темір Тоқтамысқа Отырад (Оңтүстік Қазақстан) мен Сауран аралығын (Сырдарияның бойы) берді. Тоқтамыс 1378-1379 жылы Әмір Темірдің кемегімен Сығнақты жаулап алды. Ол Мамайдың Құлік шайқасы кезіндегі (1380 жылы) жеңілісін пайдаланып, Орда тағына отырды. Тоқтамыс Алтын Орданың тағына Шыңғыс хан тұқымының тақ үшін 25 жыл бойы қырқысуларын жойды. Сонымен қатар Көк Орда, Хорезм, Астрахан иеліктері мен Мамай ордаларының басын қосып, қуатты Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салды. Египетпен байырғы достық қатынастарын қайта*

жандандыру мақсатымен оған елшілік жіберді. Ибн Диқменның жазбаларына қарағанда елшілік ńижраның 786 жылы (1384/85) келген. Египет сұлтаны Алтын Ордаға өз елшілігін 1386-87 жылы жібереді. Тоқтамыс Орданың қол астынан шықпақ болған Ресей жерлеріне қаңарын төкті. Ол 1382 жылы Москванды басып алды. Қаланы түгелге дерлік қиаратты. Ресейдің бірқатар қалалары мен жерлері осындай жағдайға тап болды. Тоқтамыс Москвандың күшеюінен сескеніп, оның бәсекелестері — Нижгород, Суздаль және Тверь княздықтарын қолдады. Әмір Темірдің билігінен біржолата құтылмақшы болған Тоқтамыс 1389 жылы оның иеліктеріне шабуыл жасады. 1391 жылы 18 шілдеде Құндызыша өзенінің бойында, 1395 жылы 15 сәуірде Тerek бойында Ақсақ Темір әскерлерімен болған шайқастарда оңбай женіліс тапты. 1397 жылы Едігенің қудалауына ұшырап Литваға қашты. 1399 жылы Ұлы Литва князы Витовтпен одақтасып Алтын Ордаға жорық жасады. 1399 жылы 12 тамызда Темір Құтлық пен Едіге әскерлерімен болған шайқаста женіліске ұшырады. Тоқтамыс Едіге жасақтарының қолынан қаза тапты дөлінген тарихнамада.

Басқа бір деректер, мәселен, Қадырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағындағы» «Тоқтамыш хан дастанында» Тоқтамыс ханды Едігенің баласы Нұр-әд-Диннің қалыда үйқыда жатқанда өлтіргені айттылады. Л.Н. Гумилев Тоқтамыс Сарайды басып алмак болған кезінде Шәдібектен женіліп, Тобылдың төменгі жағына қашып, сонда өлтірілді дейді (56, 164; 246, 705).

Енді үзілген әңгімені жалғастырайық. Алғашқы Әмір Темірдің 1391 жылғы Тоқтамысқа шабуылы кезінде Ноғай қосындарының Алтын Орда ханын жан сала қолдап, соғыспағанын кейбір тарихшылар Едігенің астыртын жүргізген жұмыстарымен байланыстыра түсіндіреді. Бұған қарағанда әуел баста Тоқтамыс сарайын тастап қашып шыққан Едігенің жақтастары оның ханға қайта оралуына тілекtes болып жүргендері шындыққа жақын тәрізді көрінеді. Г. Клавихо «История великого Тамерлана» деген еңбегінде, Едігенің дәуірі жүріп тұрған кезінде оның қарауында екі жұз мың атты әскері болған деп келтіреді. Еуропалық тағы бір автор — Л. Лянглэ Тоқтамыстың соғыста женілуі әскерінің ту ұстаушысы (байрақдары) Әмір Темірдің жағына сатылып кетуінен дегенді тіліне тиек етеді. Енді бір тарихшы, Әмір Темірдің қосындарында жол көрсетуші болып келе жатқан Едігенің ноғайларға күні бұрын хабар жіберіп, ел ішіндегі беделді адамдардың Тоқтамыстың әскерінен аулақ кетуін тапсырғаны айттылыпты. Едігенің мұндағы әрекеті Тоқтамысқа қарсы келіп, хан қыспағынан зәбір көріп жүргендерге қамқорлық болып көрінген секілді. Шынтуайтап келгенде, екі дау болып қарсыласқанда атағы зор ханнан гөрі елдің көңіл күйін тамыршыдай басқан бидің салмағы басым түскен тәрізді.

«Едіге» дастанының бір жерінде: Едігенің Тоқтамысқа қарсы әскер ертіп келе жатқанын естіген хан халыққа: «Ей, жұртым! Қойыңыздар сойыңыздар, қол қусырып алдына барыңыздар. Сізге тимес, менің үшін бұлмендер» деген сөздері оның ел ішінде сүйеніші азайғандығын,

шарасызығын әйгілеп тұрғандай. Әйтпесе, қарауында қалың жасағы бар хан алыстан келген жауды көре салып, қолын бұлай көтерер ме еді?...

Едіге жайындағы аныз, жырлардың кейбіреулерінде Тоқтамыстың соғыста сәтсіздікке үшырауы қарауындағы елдін ішінде жат пейілді адамдардың көп болуынан екені ашық айтылған:

*Тоқтамыс салды хабарды,  
Ногайга кел деп бұйырды.  
Едігедей ерменен ұрысуға ер деді.  
Тоқтамыстың сөзіне  
Жалғыз ногай ермеді.  
Бір адам еріп жүрмеді.  
Тоқтамыс жасаман торықты... (190, 75).*

Өз жұртынан қолдау таба алмаған Тоқтамыс байтағын тастап кетуге мәжбүрленеді, ол тарихнамадағы деректермен қабысады. «Едіге батыр» дастаны ханның басына түскен мүншама мүшкіл халді былайша толғапты:

*Арасат оты жсанғанда,  
Бура мұздан тайғанда,  
Буыршын бас көтеріп тұрғанда  
Ханнан қайрат кеткенде,  
Биге медет жеткенде,  
Хан қашып, би құганда,  
Хан Тоқтамыс қорланып,  
Байтағым деп зарланып  
Айтып жылай жөнелді...*

Жерін, жұртын тастап қашқан Тоқтамыстың елімен қоштасуы туралы жыр шумағы да өкінішке толы. Ол төрт құбыласы тең келген жұртының іштей іріп, ойраны шығып, енді қайта бүтінделмestей болғанын, бұрынғы сенімді серіктерінен айрылып қалғанына мұндануы да дәйектермен ұштасады.

*Ей, байтағым, байтағым,  
Бастатып сені алдырттым.  
Ал, аман бол, менен соң!  
Байтағымның ішінде  
Он сан менің ногайым,  
Сені тағы алдырттым.  
Он сан ногай ішінде  
Үш жуз алпыс отау қазағым,*

*Сені тағы алдырттым.  
Ал, аман бол, менен соң!...  
Байдалы туым, басты Ордам,  
Бастыга сені алдырттым,  
Ал, аман бол, менен соң!  
Еділ менен Жайыгым,  
Сені тағы алдырттым.*

Ал, аман бол, менен соң!..., дәп ханның ноғайлардан кетуінен хабар етеді.

Жыр шумақтарында көрсетілгендей, Едіге бидің мәмілегерлік көрегендігі, жағдайды күні бұрын болжап, тапқыр шешім қабылдай билетіндігі Токтамыс ханды құлатуға себепкер болуынан ғана байқалмайды. Әмір Темірдің Алтын Орда қалаларын қиратып, елін нәубетке ұшыратқанын көрген Едіге осынау қатігез жаугерден бойын аулақ салуға ұмтылады. Өзі Алтын Орданы он бес жылдай билептөстейтін қуат пен беделге ие болған кезде де Едіге Әмір Темірге қигаш келмей, араларында өрт тұтанып кетпеуін қырағы қадағалады. Темір Алтын Орданың қайта күшейгенін көре алмай, тағы да бір сойқан салуға оқталғанда, Едіге 1398 жылы оған елші аттандырып, сыйлықтаралғыларын қоса жібереді, сонымен қатар Әмірге бағыныштылығына мойынсұнады (260, 3-50; 257, 4; 263, 157-163).

Татар ғалымы Фатых Орманшының және академик Р. Бердібаевтың зерттеу еңбектерінде Әмір Темірдің Алтын Орданы 1403 жылы тағы шабуға дайындалғанын біліп, Едіге онымен тіл тауып, елді тағы бір қырғыннан аман алып қалғаны айтылады (247, 17-21; 229, 228-261).

Сонымен, Едіге туралы жырларды саралағанда, олардың шындықтан онша қашық еместігі байқалады. Мәселен, Ш. Уәлиханов жинақтаған нұсқасы тарихи оқиғалармен сабактас айтылған, өйткені, оны әу бастағы жырлаушы Алтын Ордадағы оқиғаларды көзімен көрген Сыпира жырау болуы мүмкін деп топшыланады. Екіншіден, Орда төңірегінде орын алған талас-тартыс туралы кезінде ел арасында айтылған аныз-әнгімелер, хикаялар, дақпырттар жырды шығаруға түрткі болған секілді. Тіпті, Едігенің абырай-атағы дәүірлеп тұрған шағында 1400-1411 жылдары Алтын Ордада болған араб тарихшысы ибн-Арабшахтың жазбаларына тұра осында жүргітқа жайылған әнгімелер негіз болғаны көрініп тұр (74, 361-362; 230, 427-429).

Зерттеушілердің еңбегінде тарихи Едігеге байланысты аса құнды дөректер жинақталған. Соның бірі – Едігенің өз мемлекеті көлемінде адамды құл қылып сатуға тыйым салғандығы. Ноғай Ордасында Едігенің «ел қамын жеген Едіге» деген данқының аспандап кетуі оның елін жаудың шабуылынан аман сақтап, бейбіт өмір орнатуға айрықша құш салуына

байланысты айтылса керек. Ежелден келе жатқан тәртіпті бұзып, тиісті салықты төлемей, бас асаулық көрсеткен орыс княздарын күшпен әрі айбарымен иліктіріп, жөнге салуы да Едіге бидің атағын арттыра түскені жоғарыда айтылды. Жұрт арасында айтылып келген «Сұлтан – тізгін, би - ауыздық» деген сөздерде терең мән жатқаны мәлім.

«Елге бай құт емес, би құт» дейтін нақыл да билердің ықпалы мен орны ерекше зор болғанын сипаттаса керек. Данышпан Шокан ел арасындағы билер сотының шешімі елдің қалыптасқан дәстүріне, салтсанасына неғұрлым жақын келетінін шығармаларында көрсеткен. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған кітабын С. Сейфуллин «Билер дәуірінің әдебиеті» деп атағаны да билердің жұртшылық тағдырындағы бірегей қызметін аңғартады. Руға, тайпаға бөлінген ноғайлар қауымында қандай да болмасын дау-таласта шешуші сөзді билер айтатын болғаны да көңілден шығады.

Халық естелігінде ұмытылмастай із қалдырған Едіге жөніндегі зерттеулерінде (Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, В. Жирмунский т.б.) өз пікір, тұжырымдарын айтқан. Бұл катарда бізге казак халқының ұлы ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың толғамдары ерекше маңызды. Қ. Сәтбаев Едіге туралы жырды 1927 жылы халық аузынан жазып алған, Москвада бастырғаны өткен тарауларда айтылды. Осы басылымға жазған алғысөзінде ғалым меруерттей ой моншактарын тізген десек те артық болмас. Халықтың бел ортасынан шыққан, елдің ескі әңгімелерін жан-жақты білетін Қ. Сәтбаев Едіге және жалпы би атаулыға қатысты бірсыптыра мәселеге кідірген. Тақырыбымызға тікелей қатысты болғандықтан, онда жасалған талдауларды келтіруді жөн көреміз.

Қанекең билер көтеретін жүктің тым ауырлығын ескерте келіп, олардың бойынан «топ бастайтын көсемдік, сөз бастайтын даналық, көптен үздік даралық, қажусыз еңбек, қайтымсыз жігер, мұқаусыз қайрат» табылуы зәрулік болған деп көрсетеді. Осы ойларын «ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар»... «Батаменен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер» дегендегі ноғайлар сияқты көшпелі елде қашан да ханнан гөрі бидің беделі «киелі» әрі басым түскен. Ханның арқа сүйеуі, жарасымы бимен табылады. Бисіз хан әлсіз, хандықпен қатар қырағы билік те бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресіне атын қалдырады», - деп жалғастырады әңгімесін академик. Бұл қай заманда да ескірмейтін өнегелі сөздер екенін көзі қарасты қауым түсінсе керек...

Қазақ халқының әйгілі хандары Қасым, Есім, Тәусекел, Тәуке, Абылай, Әбілқайыр... хандық үкімет пәрмені мен билердің біліктілігін үйлестірген қасиетті жандар деп атай келіп, «ел менгерерлік тілі

жок, еңсерерлік күйі жоқ, білім мен ойға, билікке ие болмаған, не ел ішінде рулардың көсемі – билерді ішіне тартып, қыбын таба алмаған... хандар хан болып та тұра алмайды. Ондайлардың құны жарлының лашығы сияқты, наразы көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді», - деп тұжырымдайды. Мұны айтқанда ғалым тек ертедегі Едігені ғана жеке-дара мысал етіп қоймай, мәселенің мәнін кеңірек, жалпы халық шындығына қатысты қамтып отырганы анық (256, 4-150; 260, 3-50).

К. Сәтбаевтың «Ер Едіге» жырын талдай келгенде түп қазық ойлары мынадай қорытындыларға жетелейді. Тоқтамыс хан мен Едіге бидің тартысы сайып келгенде «ханнан билік кетіп, биге медет жету» мен «хан қашып, бидің қууымен» тиянақталады. Мұнан егерде хан мен би екі бөлініп, таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашан да бидің жағына ауып отыратындығы байқалады. Әнгіменің ішіндегі ең маңызды түйіні осы болмак.

Бұл ойлардың дұрыстығын басқа да түрлі мысалдармен толықтырып дәйектеп айтуға болады. Ноғай халқы тарихының алмағайып, ауыр кезеңдерінде, ел үстіндегі хандар мен сұлтандардан бірлік, береке кетіп, жүртшылық дағдарған шақтарда билердің дуалы сөздері көп көмек берген екен. Мәселен, XVIII ғасырдағы Жонғар шапқыншылығы заманында қазақ билері елдің тұтастығы мен ынтымағын бекітүге мықты тірек болғаны әмбеге аян. Жонғар басқыншылары қазақ елінің қамсыз жатқанын, елді уысында ұстап отырган мықты ханның жоқтығын пайдаланып, ұрымтал сәтте бейбіт отырган жүрттың аз-тозын шығарып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» душар еткенде халықтың басын біріктіріп, күшін жинауға Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді төбе билердің қызметі қаншалық маңызды болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Тағы бір мысал. XVII ғасырда күштілерден зәбір көріп, қонысынан айрылып, босып кеткен ноғай халықтарының қатарға қосылуына Шейх-Мамайдың қарамағындағы Алты ұл ұлысының билерінің күш-қайрат жұмсағаны, соның арқасында Кіші жұз халықтары тарих сахнасынан жойылып кетпей аман қалғаны да жүртшылыққа аян.

Жартылай көшпелі ноғай рулары мен тайпаларының сөзін сөйлеп, мұддесін қорғаған билердің есімі мен ерен еңбегі ел аузында құрметпен аталаған келуі осындай себептерге байланысты ғой. Ру, тайпаға бөлінген елдің бірлігін бұзбау үшін, қандай мықты хандар да белгілі билермен санаған отыруға мәжбүр болды. Мұның өзі көшпелі халықтың қауымдық құрылышында билердің тұғыры әрі биік, әрі құрметті екенін көрсетеді. Ең дұрысы – хан мен билердің елдік мұраттар үшін ынтымақтасып, ежелгі қалыптасқан ата салтына сай «бір жағадан бас, бір женен қол шығарып» отыруы. Керісінше, хан да, би де алдындағы қасиетті парызын ұмытып, қарақан бастарының және сыйайлас тобының ғана

қамын ойлаган кездерде ел іші іриді, тәртіп бұзылады, береке мен татулық қашып, зұлымдық бас көтереді, халықты қасіретке ұшыратады. Ноғай халықтары тарихында орын алған «жағымсыз» өмір кешенінің сабактары осындай қорытындыға жетелейді. Енді Едіге ғұмырнамасын толықтыруды жыр-дастанға берейік.

## § 2. Едіге – жыр-дастандар кейіпкері

Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Еділ-Жайық бойын, Кавказ бен Қырымды ен жайлаған жүртшылық арасында «Едіге батыр» жыры көп ғасырлар тоғысында ауыздан-ауызға таралып айтылып келеді (74, 351; 190, 67-83; 229, 228; 257, 4; 263, 157-164; 266, 387-409). Бір ғажабы казактар, ноғайлар, карақалпақтар, башқұрттар, татарлар, көшпелі өзбектер, алтайлықтар айтып келген жырдың нұсқалары ғалымдардың назарын аудара бастағанына бір жарым ғасырдай уақыт өтіпті. Толық емес мағлұматтардың өзіне қарағанда, бұл кездері жырдың өлеңмен немесе қарасөзбен тараған қырықтан артық нұсқасы жүргішілікқа белгілі болады (248, 6-50). Сібірден Қырымға дейінгі аралықты алып жатқан бұрынғы түркі тілдес халықтар жадында жырдың ұзақ сақталған табиғаты, таралу зандылықтары, тарихи шындыққа жақын көркемдік қасиеті, сатылық белгілері зерттеушілерді қызықтырғаны ауыз толтырып айтуда тұрарлық.

Едіге жайындағы аңызды 1820 жылы «Сибирский вестнике» Сібірдің түлегі, жазушы Г.И. Спасский қарасөз түрінде жариялапты. Бұл – жырдың хат-қағазға түсін алғашкы нұсқасы секілді. Осыдан соң 1830 жылы ғалым А. Ходзько Қажы Тархан маңындағы ноғайлардан Едіге жайында бірнеше дүркін естіп, жазып алған өлеңдерін ағылшын тілінде «Парсының халық поэзиясы» деген кітапта бастырған. 1841-42 жылдарда Шоқан Уәлиханов экесі Шыңғыспен бірлесе отырып Сары Арқадағы Қыпшақ Жұмағұл ақыннан және басқалардан естіген жыр нұсқаларын қағаз бетіне түсірген (268, 224-225; 266, 388). Орыстың білікті ғалымы П.М. Мелиоранский жырдың Шоқан хатқа түсірген нұсқасына алғысөзін жазып, 1905 жылы «Сказание об Едигее и Токтамыше» (Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз) деген атпен кітап қылышп шығарады. Бұл басылымның маңызы жырдың ең толық нұсқасының тұнғыш рет жариялануындаған емес, эпостың тарихи шындықты елестету дәрежесі жөнінде. Бұл Едіге туралы аңыздың пайда болу, қалыптасу кезеңдері тұрасында десек көп қателесе қоймаспаз. Жырдың казак-ноғай нұсқаларының әуел баста бір түбірден таралуы мүмкіндігі жайында жоғарыда аталған ғалым құнды пікір білдірген-ди.

Көрнекті Кеңес дәуірінің ғалымы, академик В.М. Жирмунскийдің Шыңғыс пен Шоқан Уәлихановтар жазып алған нұсқасын ең сенімді шығарма ретінде қабылдауы да көнілге орнықты (74, 351-355; 260, 3-50).

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін асқан біліктілікпен ел арасынан жинап, көп томдық жинақ шығарған академик В.В. Радловтың «Едіге батыр» жырына ерекше көңіл бөлгени мәлім. Ол 1866-1872 жылдар арасында Барабы, Омбы татарларынан үш, телеуіттерден бір нұсқа жазып алышты. Оған қоса ғалым 1896 жылы Қырымның далалық өнірінде тұратын ноғайлардан тағы осы жырдың төрт нұсқасын тапқан. В.М. Жирмунскийдің айтуынша, олардың ішінен кейбір нұсқаларда жыр тұлғасы неғұрлым толық сақталған көрінеді. Жалпы алғанда, В.В. Радловтың түркі тілдес халықтар, соның ішінде ноғай мен қазак фольклорын әлемнің ғылыми жүргітшіліктеріне таныстыруды – есте ұстайтын пайдалы еңбек деп бағалайды жетекші ғалымдар (267, 35-121; 266, 388-389; 260, 3-50; 229, 228-261).

Ноғайлардың жыр-дастандарын зерделеген маман Н.А. Семеновтың 1880-1881 жылдары Каспий теңізінің Астрахань жанындағы елдерінен «Едіге» жырының толық мазмұнын жазып алғаны да айтуды қалайды (269, 469-481). Сондай-ақ, осы жырдың мазмұндамасының үлкен бөлігі М. Османов пен И. Березин жазбаларында баяндалған (270, 32-49). Кейде аударма, ал енді бірде мазмұндама түрінде Г. Ананьев, М. Алейников, А. Горячиндердің өлкетану еңбектерінде де жырдан мағлұматтар берілген. Бұл тоғытылған нұсқалардың тізбегінде ноғай нұсқаларының мәні ерекше зор екенін фольклорлық мамандар бірауыздан мақұлдарап отыр (229, 228-235).

Атақты орыс ғалымы патша заманында көшпелі елдердің рухани мұрасына жанашыр қамқорлығын көрсетіп, ауыз әдебиеті ескерткіштерін халықтан тер төгіп жинаған Г.Н. Потанинің еңбегі де бір төбе. Ол қазақ аныздарын, ертегілерін, эпикалық жырларын ерекше бағалап өткені оның нақты істерімен бағаланады.

Әсіресе, ол тарихи әнгімелер мен әпсана-аңыз арасындағы байланыс сырларын ашуға ерекше назар аударған. Ғалымның түпкі мақсаты түркі халықтарының фольклорындағы сарында, түбі ұқсас құбылыстарды кең көлемде салыстыру еді. Оның, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Едіге, Тоқтамыс туралы аныздардың әуел бастағы шығу негіздерін іздеуге ұмтылуы да таза ғылым шырқынан туған еді. Г.Н. Потанин «Едігенің» бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы бар төрт нұсқасын 1897 жылы «Тюрская сказка об Идыге» деген аңыз-әнгіме топтамасында «Живая старина» журналында жария етеді. Ең маңыздысы сол – ғалым Едігеге байланысты аныздардың арғы сарыны тарихта жасаған Едігеден көп бұрын халық қиялында қалыптасқанын айтып, оны екшелген үлгі-бейне кейіпкер деген пікірімен қоса ұсынады. Мұндай тұжырым әлем халықтарының фольклорын мол білгендіктен, көп салыстырмадан туған қорытынды екенін байқатады (229, 230; 266, 388; 221, 294-350).

Ноғай-қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауга өлшеусіз еңбек сінірген ғалымдардың бірі Э. Диваев та 1896 жылы Едіге туралы аңыздың қазақша бір нұсқасы - «Мырза Едіге батырды» орыс тіліне аударып, Ташкентте бастырып шығарады. Кейін бұл аңыз татар тіліне аударылып, «Шора» журналында (1917, №15-16) жарық көрді. Содан соң «Мырза Едіге батыр» аңыз-әңгіме түрінде қазақ тілінде 1922 жылы «Батырлар» кітабында шықса, 2006 жылы «Бабалар сезі» сериясына «Батырлар жыры» (жинақтың 39-томы) енді (271, 12-33; 272, 118-133; 266, 45-59).

Тағы бір ғалым И.А. Беляев 1903 жылы Қарақалпақстанда болған кезінде ауыл адамдарынан «Едіге тере» жырын жазып алады. Орысша аудармасымен қоса, бұл нұсқа 1917 жылы Ашхабадта басылып шығады (273, 95-125). Өзбекстанның Ғылым академиясының Қарақалпақ бөлімінің қорында шоғырланған «Едіге батыр» нұсқалары өз алдына бір төбе.

Едіге туралы жыр, аңыздардың Кеңес дәүіріне дейінгі жазып алу, жариялану тарихы бұл көрсетілгендермен шектелмесе керек. Едігеге қатысты мұраларды жинау, жариялау, зерттеу жұмыстары Қазан төңкерісінен кейін де аз-мұздап жалғанып жатты.

Қазақстан аймағында неғұрлым кең тараған «Едіге» жырының Шоқан нұсқасы Кеңес заманында әлденеше рет басылып, халық игілігіне айналды. Атап айтсақ, 1927 жылы Қ. Сәтбаев, 1933 жылы С. Сейфуллин, 1939 жылы С. Мұқанов «Ер Едіге» жырын алғы сөздерімен қоса бастырган еді.

Көшпелі өзбектер арасында Едіге туралы аңыз XX ғасырдың басында белгілі болған. Жырдың бір нұсқасы «Тұлымби» деген атпен 1939 жылы Хади Зарифовтың «Өзбек хрестоматиясында» жарияланады (266, 389).

Башқұрттарда бұл эпос «Идурай мен Мұрадым» деген атпен мәлім болған. Жырдың жеке бөліктегі Қазан мен Уфа баспаларында Кеңес үкіметінен бұрын жарық көрген. Кеңес Одағы тұсында башқұрт шешені М. Боронғоловтан жазып алғынған нұсқасының 1940 жылы «Октябрь» журналында басылғанын академик В.М. Жирмунский шығармасында көрсетеді (74, 353).

Түрік ғалымы Сағадат Шағатайдың айтуынша, Едіге жырының бір көлемді нұсқасын ол жас кезінде Қырым даласынан Туркияға ауып барған бір ноғайдан жазып алған еken. Галым бұл жырды 1953 жылы неміс тіліндегі аудармасына қосып жариялағанын есіне алады.

Кеңес үкіметі 1939 жылдан кейін «Едіге» туралы жырларды жариялауға тыйым салды. Оның артынша, 1944 жылғы Коммунистік партияның Орталық Комитетінің қаулысымен Едіге жыры қатты сынға алынғаны жоғарыда айтылды. Бұдан жарты ғасыр өткенде ғана Едігенің атын атау мүмкін болды.

Қазақстанда 1989 жылы «Ер Едіге» жыры «Жұлдыз» журналында (№7) басылды, сол жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Батырлар жырының» 5-томына енді (274, 79-96).

Ел аузынан Мәшүүр Жүсіп Көпейұлы жазып алғып, хатқа түсірген үлгісі ақынның «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» және «Қазақтың батырлық эпосы» атты жинақтарына қосылды (275, 77-83; 276, 14-20).

Жырдың Шоқан жазып алған нұсқасы негізінде Қазақстандық ғалымдар Е.Мағаун мен Ж. Асанов осы тақырыпқа арнап ғылыми зерттеу жумыстарын жүргізді және бірнеше ғылыми еңбек дайындағаны жүртшылыққа мәлім (27, 6-66; 277, 64-74; 261, 45-79; 248, 51-59).

1927 жылы Москвада Қ.И. Сәтбаевтың алғысөзімен жарияланған «Ер Едіге» жырының нұсқасы 1995 жылы Қазақстанда қайта басылғаны да көніл көншітерлік (278, 9-44).

Кеңес дәуірінде алғашқылардың бірі болып Едіге батырға байланысты аңыз-әңгіме, жырларды түгендеуге тер төккен тарихшы М. Тынышбаев. Бұның тақырыбымызға пайдалы жағын ескеріп, жырдың ғалым жинақтаған нұсқалары туралы мәліметті толық беруді жөн санадық: «Професор П.М. Мелиоранский Едіге туралы 8 түрлі аңыз-әңгіме, ертегі көрсетті,- депті осы ғалым - тарихшы:

- 1) 1820 жылы Спаскінің Сібір жақтағы қазақ арасынан тергені;
- 2-3) Шоқан Уәлихановтың жинағаны;
- 4) М. Османовтың ноғай арасынан тергені (бірнеше ертегіні құраған);
- 5) В.В. Радловтың Қырымнан жинағаны;
- 6) И.Н. Березин хрестоматиясындағы түрікпен жақтан алынған (Түрікпенниң дегенді П.М. Мелиоранский қате деп түсінеді);
- 7) В.В. Радловтың Барабы татар арасынан тергені;
- 8) И.А. Беляевтің Шымбайдағы қарақалпақ арасынан тергені;
- 9) 1922 жылы басылған Әбубәкір Диваевтың Едігесін қоссақ 9 нұсқа болады.

Осылардың төртеуі Қазақ арасынан, біреуі Құманнан, біреуі Ноғайдан (Астрахан маңы), біреуі түрікпен жақтан (Жәумітбек) Ерсарының бірінен шықса керек.

Аңыздардың біреуі Том татарынан, біреуі Әмудария құйғанындағы Қарақалпақстаннан шыққан. П.М. Мелиоранскийдің пайымдауынша Алтай үстіртіндегі «Күншығыс түрік» арасында бір ертегі Едіге баласы Мұраттың (Нұр әд-Дин – Ә.Қ.) жайынан сейлейді.

Сонымен, Қырымнан Алтайға шейін, Қызыл Шәріден, Ташкент, Үргенішке шейін, баяғы Жошы ұлысындағы жүрттың тұқымдарына Едігеге байланысты аңыз тегіс жайылған, осы ортадағы түрік тұқымына Едігे ертегісі әбден белгілі. Едігенің дәурен сүрген жері көбіне Еділ-Жайық маңайы, тарихтың көрсетуінше Едіге Маңғыт (Ноғай) және

балалары ногай арасында қалған еді. Сондыктан Едіге әңгімесі әуел ногайдан басталып, содан жан-жаққа өзге қөршілес елдерге таралған той деп В.В. Радлов айтады. Бұл сөзді П.М. Мелиоранский айтқанын көте деп білеміз. Еуропа тарихшылары, орыс тарихшылары қанша жетік болғанымен, жергілікті, отырықшы жүрттың жүрісі турасына қарай пішіп, көшпелі елдің салтын жете түсінбей, жоғарғы жүрттар бір-біrine туысқан болса да Қырымдағысын Қырымға тұсап, Қазандағысын Қазанға, Ноғайдағысын ногай жеріне бекітіп, қазақ, сібір татарлары, қарақалпақты орын-орынына жылжытпай матастырып байлағандай қылып қояды» - дейді, жарықтық М. Тынышбаев (279, 151-152).

«Өзгелер елемеген бір істі жалғыз-ақ Н.А. Аристов жазып кетті – бұл түрік тұқымдарының ата-тегі, ру, таңбалары, - деп ойын жалғастырады тарихшы. – Бұдан 7 жыл бұрын Гродеков олардың ұрандарын тізіп еді. Осынша қызық істерді көрсетіп отырып, Н.А. Аристов өзі жол тауып сөзін аяқтапты».

Аталмыш ғалым шығармасында Н.А. Аристовтың жазғандарын негізге алдып, түрік руларын былай атап көрсетеді:

1) Қырым татарының рулары – арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, алшын, байұлы, жағалбайлы, тама, қаңлы, ширин, барин, дхөрмен.

2) Астрахань ногайлары: найман, бағаналы, ергенекті, жағалбайлы, қоңырат, қыпшақ, кете.

3) Башқұрт: табын, қыпшақ, керей, таз (байұлы).

4) Қазанда: арғын, қыпшақ, тама, беріш (байұлы). Бұларды өзіміз тауып отырмыз (бұл арада М. Тынышбаев өзі туралы айтып отыр – Ә.К.).

5) Кавказда: арғын, шеркеш (біздің шеркесімізben олар бір жерден шыққан – бұған біздің толық дәлеліміз бар, - дейді М. Тынышбаев).

6) Қарақалпақта: найман, қыпшақ, қоңырат, әлім, шөмен, тама, жағалбайлы.

7) Еділдің орта ағымындағы Еділ татары көбінесе қыпشاқ тұқымынан. Осы айтылғандардың бәрі баяғы замандарда араласып жүріп, кейін Алтын Орда бұзыларда тоз-тоз болып жыртылып, біреуі онда, біреуі мұнда кетті. Бұл турада толық дәлелімізді жазбақшымыз; анық осындай болса да, 16-жылы Жетісудан Қытай қашқан қазақ-қырғыз осы тәрізді жыртылып, әр жерде қалғаны бізге анық белгілі.

... Бір Едігенің өмірін әрқайсысы әртүрлі қылып, өзді-өзінің тұрмысына қарай ыңғайласп атадан-балаға баяндап қалдыра берді. Сондыктан ертеде болған Тоқтамыс хан, Едіге, уақ Еркөкше, Еркосайы, тама Шора, Дериге тұқымы Орак, Мамай, Ормамбет бидің аттары қазақ арасында (әсіресе аттасы, руласы болған Кіші жүзде) осы күнге шейін ұмытылған жок. Сондыктан бұларды Қазан да, Қырым да, Ноғай да

ұмытқан жоқ...», - деп тарихшы М. Тынышбаев жоғарыдағы айтқандарын тұжырымдапты (279, 252-253).

Жалпы, 1841 жылдың алғашқы Шоқан нұсқасы түркі халықтары арасындағы Едіге туралы барлық жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы деп танылады. Ұлыымда бұл жыр Шоқанның классикалық нұсқасы деп аталған. Жыр сюжеті Едігенің әулие атасынан басталады да, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс суреттеліп, батырдың құсадан өлуімен аяқталады (266, 9-44). Сондықтан осы еңбекті жазып отырып, Едіге бидің жыр мен дастандардағы кейіпкерлік бейнесін көрсетуге талпынғанымызға Шоқан нұсқасы мен Ноғай Ордасының бұрынғы жүртіндегі туып-өскен, Маңғыстаулық атақты жыршы Мұрын Сенгірбекұлының еңбектерін қолайлыша санағанымызды да жасыра алмаймыз (266, 9-160; 280, 227-254).

Едіге – таза тарихи жыр емес, оның сабасында ежелгі батырлық эпостарға тән белгілер жеткілікті. Жырда таза фольклорлық сарындардың көптігі сезіледі. Қай-қай эпоста да батырдың дүниеге келуі өзгеше жағдайда өтеді. Бұл – батырлар эпосына тән басты құбылыстардың бірі. Мәселен, Шоқан нұсқасында Едіге әулие жігіт пен пері қызынан туды деп жырланады.

Едігенің би ретіндегі даналығы әртүрлі дауларға әділ төре беруі арқылы басталған екен. Бұл мысалдар дәстүрлі қазақ фольклорының үлгісімен берілгенімен, мұндай сюжеттік сарын әлемнің әр түкпірінде тұратын халықтардың аңыз-әпсаналарында бар. Бұл жырдағы Едіге шешіп беретін төрт даудың бірі – (баланы екіге бөліп беру) Інжілде кездеседі. Осындай дауды Інжілде Соломон (Сүлеймен патша) шешіп берген (266, 394).

Жырда кейіпкерді сақтандыру сарыны да қарастырылады. Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, оны сақтандыратын досы – Аңғысын. Ол Едіге Тоқтамыс Ордасынан бойтасалап қашарда тойдағы адамдардың аттарының үзенгілерін қызып қояды. Осындай сарын басқа халықтардың фольклорында да кездеседі. Мысалы, В.М. Жирмунский шотланд тарихи жырында Роберт Брюс осындай жолмен жауларынан құтылып кеткендігін айтады (74, 358).

Айтпақшы, осынау эпикалық жырда қысылғанда жөн табатын, адасқанда жол сілтейтін дана тағы бар. Сыпыра жырау толғайтын кейіпкер басқа да көптеген қазақ эпостарында бар. Мысалы, «Ер Тарғын», «Телағыс» жыры. Ноғайлардың аңыздары мен батырлар дастанында Сыпыра жырау ел бірлігін көздеген дана қарт болып көрініс тапқан. Сыпыраның бейнесі – қазақ, қаракалпақ, башқұрт, барабы, қырым татарларының эпостарына да ортақ тұлға болып келеді.

Батырлар жырының көпшілігінде кездесетін тағы бір ерекше құбылыс – «батырдың қалындық іздеуі». Жырда бұл көрініс Едігенің Сәтемір ханды іздеген жорығында келтіріліпті.

Эпостарда көп тараған сюжеттің бірі – «батыр күйеудің өз қалындығының тойында» кездесетін көрініс. Айталақ, Едігенің шатырга таз Көбекен болып жасырынып келіп, Қабантиын алыштың хан қызын зорлықпен алып келе жатқанын біледі. Бұл – Алпамыстың аулына диуана болып жасырынып келіп, Гулбаршынды Ұлтан құлдың зорлықпен алып жатқанында берілетін эпизодқа ұксас.

Жырда ертегілік дәудің кездесуі, батырдың оны үйқыда жатқан кезінде қыздың қемегімен өлтіруі – эпостағы тағы бір ұқсастық сарын.

Дүниежүзі халықтарының ертегілерінде жиі ұшырасатын құбылыстың бірі – баланың әкесінің кегі (не басқадай бір сырьы) тураалы бөтен адамнан естуі («Ер Төстік» ертегісінде, «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жырында, «Әзірет Әли мен Дариға қыздың күресі» дастанында т.б. кездесіп отырады).

«Едіге» жырының өзге эпостан ерен тарихи бедеріне оны қағазға түсіріп, орысша тәржімалап, алғаш рет зерттеген данышпан Шоқан бірден назар аударған еken. «Едігенің» Ш. Үәлиханов таңбалалаған классикалық нұсқасын жарыққа шығарған П.М. Мелиоранский де жырдың тарихпен байланысына орай бірталай нақты дерек айтқан еken. Ал «Едіге» жыры Кеңестік саясатқа жат деп табылып, оны зерттемек түгілі, еске алу немесе әлдеқалай атаудың өзіне тыйым салынған дәүірде ойлы да зерделі еңбек жазып, баспадан шығарған В.М. Жирмунский жырға өзек болған тарихи оқиғаларға білгірлікпен көніл қояды, жырдағы эпикалық кейіпкерлер Едіге мен Тоқтамыстың Алтын Орда тарихында нақты болған тарихи тұлғалар екендігін айғақтайды. Тек оларғана емес, жырды табандылықпен зерттеген, ол туралы пікір жазған оқымыстылардың барлығы да (Қ. Сәтбаев, С. Сейфуллин, М. Әуезов) «Едігенің» тарихқа қатыстылығына ерекше назар аударған.

Осы орайда екі түрлі мәселе туындаиды. Мұның біріншісі – «Едіге» тарихи жыр ма, әлде әдеттегі батырлық эпос үлгісі ме? Бұл сауал төңірегінде бірізділік байқалады. «Едіге» - түрік жұртының өткен тарихында болған нақты бір тарихи оқиғалар негізінде жасалған көркем туынды, яғни, тарихи негіздегі батырлық жыр. Осыдан келіп екінші, ең негізгі мәселе туындаиды. Ол – жыр мен тарихтың өзара қатынасы, шындық пен қиялдың ара салмағы, бір сөзбен айтқанда, эпостың тарихи негіздері туралы пікір (261, 45).

Біз байқағандай, көне ертегі-аныздарды жырлағанда аймағы мен географиялық ортасы көбіне-көп шартты бір-біріне ұксас болып келетіні.

«Едіге» жырында адамзат болмысымен саздалатын кейіпкерлердің мекен-тұрақ аясы біршама нақты көрсетіледі. Негізгі оқиға өрбитін географиялық орта – шартты немесе кең ауқымдағы ұлыс емес, ноғай жүрті; бұл ауыр, саны көп, қуатты жүрт Еділ бойын жағалай қонған. Дәлірек айтсақ, халықтың молынан ұйысқан жері де, оған орай билік басындағы Тоқтамыс ханның орда байтағы (жүрті) да Еділдің оң жағалауында, яғни батыс бетінде орналасқаны көрінеді. Еділдің сол жағасына, шығыс бетке өту – ұлыс шетінен кету сияқты. Едіге Тоқтамыс ордасынан қашып шыққан бойда, Еділден өтеді, «бір тіл алып кетейін» деп, арғы бетте күтіп жатады. Сонынан барған тоғыз ер Едігені: «Қайтып Еділ өт-сана» деп үгіттейді. Демек, жыр бойынша Еділ – Ноғай жүртінің шығыс шекарасы ретінде бейнеленеді. Шынтуайтында, Алтын Орданың онтүстік-шығыс шекарасы Сырдария өзені болатын. Ұлұғ ұлыс пен Әмір Темір мемлекетінің арасындағы әуелгі текетірес осынау Сыр бойындағы қалалар үшін қурестен туындағаны белгілі. Ол кезде Жайық бойы, бүкіл қазак даласы Алтын Орданың сол қанаты – Көк Орда атанғаны мәлім. Еділдің сол қабағы Ұлұғ ұлыстың күре тамырындай еді, Алтын Орданың атақты Сарайшық қаласының өзі осы шығыс жағалауда орналасқан тұғын. Бірақ та, жырда айтылғандай, Тоқтамыс ханның ордасы Еділдің батыс жақ бетінде болуы да шындыққа жақын. Жошы ұлысының үш жуз жылдық тарихында хан ордасы қыста Сарай қаласында (әуелде Бату салған Сарайда, кейін Берке салған Жаңа-Сарайда, Әл-Жадидте) болса, жаз шыға майдың жағдайына қарай Еділдің оң жағасына, кең жайлайға шығатын болған; Алтын Орда хандарының біздің заманаға жеткен жарлықтарында «Орда Танда (Донда) тұр», «Орда Узеде (Днепрде) тұр» деген ұғымдар ұшырасатыны тегіннен тегін емес. Жырдағы Едігенің Тоқтамыс ордасынан кеткенде Еділден өтуінің бір себебі осында жатса керек. Дастанда айтылғандай (шындығында да солай болуы мүмкін) Едігенің Тоқтамыстан қашуы – қыс көзі қырауда емес, жаз қунінде болған тәрізді. Ал Еділдің ұлыс шекарасы болып айтылуы – эпостағы дәстүрлі эпикалық тәсіл, ежелгі жырлардың барлығында да үлкен су немесе биік тау ел шетінде бейнеленеді.

Жырда Еділмен қатар Жайық өзені де аталады. «Еділ қәм Жайық менікі еді», - дейді Кең Жанбай. Едіге Тоқтамыстан кеткен соң «Еділ мен Жайық арасынан өтеді». Әдетте, қазақ эпосында «Еділ-Жайық екі су» - ноғайлардың атамекен жері ретінде елжірей сипатталады. Кейде құтты қоныс бейнесіндегі шартты ұғымға айналатыны да бар. Ал «Едіге» жырында бұлардың ата қоныс – атамекен ел-жүртіна қызмет атқаратыны айтылады. Мұндағы Еділ мен Жайық оқиға өрбитін, кейіпкерлер ғұмыр кешетін нақты географиялық орта ретінде жырланған.

Жырда сөз орайында аталып өтетін Есіл («Есілдің екі жағы қызыл жар»), Ертіс («Ертістің басы қара дөң») – өзендері де Ноғай еліне ете-

не ата қоныс болып баяндалған. Тоқтамыс хан жүртүмен қоштасқан кезде қимастықпен есіне алатын «Үш алпатты ұлкен су» - Алтын Орда шегіндегі үш ұлы өзен – Еділ, Таң, Үзе деп болжауға тиіспіз. Кең Жанбай қоян аттым дейтін «Жайықтың жағасындағы Аққөл» - оқиға барысында ешқандай қызмет атқармайтын, шартты атап деп санауға тиіспіз. Тіпті, әуел баста нақты болған күннің өзінде, Аққөл, Қаракөл сияқты атаулар эпоста айтыла беретін шартты көл-сулар. Ал Тоқтамыс хан қашып барып жататын Телікөлдің жайы бөлектеу. Бұл атаумен бүгінгі күнге жеткен көл – қазіргі Қызылорда аймағының солтүстік-шығысында, Бетпақдаламен шектес жерлер сияқты. Сарыарқа мен Сыр бойын жалғап жатқан бірден бір су көзі және Бетпақтан өтер бірден-бір сенімді сара жол – Сарысу өзенінен өтіп, Телікөлге жетіп жығылады. Сондықтан жаздығуні Еділ бойынан ғана емес, бүкіл Арқаның жонынан онтүстікке беттеген керуен, жолаушы атаулы ең алдымен осы Телікөлге жетуі табиғи заңдылықка саналады.

Жырда Телікөлге жеткен Тоқтамыс қорғалақтап, мұнда тұрақтай алмай, ары қарай, Қекілдінің көліне асады. Телікел шығыс тарапта Шу өзенінің жайылмасы болып есептелетін Ашықөл ойпатымен жалғасады. Күні кеше ғана, көгі мол, сұы көп заманда Шу өзені жайыла тасып, кей кездерде Телікөлге жетіп құйылады екен. Бірақ Шудың көбіне-көп тоқтатын жері – Ақжайқын көлі. Телікөл мен Айжайқын аралығында, Шудың жайылмасында тағы қаншама кішігірім көлдер жайғасқан. Соның бірі Қекілді деп аталуы ғажап емес. Телікөл, Қекілді көл кейінгі жыршылардың қосқан атауы деп те есептеуге саяды. Ал тағы бір деректе Тоқтамыстың Түмен қаласының маңында қазаға ұшыраганы жазылды (261, 46-47).

«Едіге» эпосында аңыздық немесе аңызға алыс-жақын өлкелерге тиесілі мекен атаулары да кездеседі. Баба Түкті Шашты Әзіз әулие перінің алтын шашты сұлу қызын Ағұн дариясының жағасында кездестіреді. Ешбір географиялық картадан мұндан атаулы өзен таппайсыз. Пері қызына қатысты эпизодтың мифтік сипатына орай, кейіпкердің онымен кездескен жері де мифтік атау негізінде құрылған деп шамалауға тиіспіз. Едіге жырындағы Ніл дария да ногай жырлары мен аңыздарында мифтік сипатқа айналған жәдігер. Ал шындығына келсек, бұл – кәдімгі Африкадағы, Мысыр елін қақ жарып өтетін атақты Ніл өзенінің атауы.

Нілдің географиялық атаудан, мифтік атауға айналуында да өзіндік сыр бар. Батудың мұрагер інісі Беркे ханның тұсында Мысыр елімен арада орнаған мәмілегерлік және достық қарым-қатынас Алтын Орда тарихының ұзына бойында ешбір толастамаған. Оның ең басты себебі, тек дін бірлігінде немесе, Мысырда Қыпшақ текті мамлұқтердің билікке жетуі ғана емес, Алтын Орданың халықаралық жағдайына байланысты

калыптастан еді. Берке хан тұсында басталған, Иран мен Жошы ұлысы арасындағы үздіксіз, қырғын соғыс кезінде Алтын Орданың одақтасы болған Мысыр аңыздық емес, үйреншікті алыс-беріс жұртына айналды. Мемлекеттік деңгейдегі дипломатиялық қатынастармен қатар, тұракты сауда ісі жолға қойылды, жүріс-тұрыс көбейіп, құдандалық жекжат дәстүрлік сипатқа ұласты. Алтын Ордадағы Едіге мен Тоқтамыс дәуіріндегі атышулы бұлғакта ұлыстағы қатерлі жағдайдан ыққан қаншама мың адам Мысырға қоныс аударғаны тарихтан тағы белгілі. Кейін бұлардың біразы еліне оралған, қайсыбірі сонда тұрып қалған. Алтын Орда дәуірінің атақты ақыны Сайф Сарайидің тағдыры бұған жарқын мысал бола алады. Яғни, эпостағы Едігенің атажұрты, туған жері Ніл дариямен байланысты көрінуі – белгілі бір тарихи деректерге жүгінгендіктен шығуы да әбден мүмкін.

Осы орайда еске оралатын тағы бір жэйт «Ніл дарияның басы, Құмкент шәйәрінің қасы» деген жырдағы тіркес. Құрылымда белгілі жалғыз атауы бар Құмкент қазактың Қаратаяның солтүстік бетінде, Созақ ауданының шегінде, яғни Ніл болса, Құмкентке қандай қатысы бар деген сауал туады. Мұнымен қатар, жырда Едігенің әкесі осы Құмкент жерінде (261, 48), ал зерттеуші С. Қондыбайдың айтуынша, Маңғыстау түбегінде Уштаған ауылдың шығыс жақ бетінде өмірден өткен (281, 348).

Осыдан аралары жырақ Ніл дарияның жанындағы Құмкенттен, не- месе Маңғыстаудан Шашты Әзиздің молаларының табылуы әрі олардың жер қашықтығына қарамастан бір-бірімен үндестік табуы – көне эпо- старда ғана ұшырасатын жыршылар мен айтушылардың қиялышан туындаған күбылыс деп шамалаған дұрыс.

Осы арада ескерілетін бір нәрсе, эсте аңыздық кейіпкерлердің туған жері ғана емес, моласы да әр тарапта болып шығады. Баба Тұкті Шашты Әзиздің жайы да солай. Бірақ қазак жерінде – Сыр мен Қаратая бойындағы қаншама қаланың ішінде Құмкент шаңарының Едіге есіміне қатысты аталуы Қадырғали бидің «Жылнамалар жинағында» оның арғы- бергі аталарының Мысырға, Құмкентке қатысты қарекеттері мен өмір кешендеріне байланысты жырға косылған секілді. Қ. Жалайыри жаңағы еңбегінде Едігенің аталары Мысырда, Еділ-Жайық бойында, ал Едігенің әкесі Құтлықия Құмкентте тұрды деп жазған болатын (56, 160-173).

Осы арада сәл-пәл үзіліске жол беріп, оқырманды жалықтырмая мақсатында, Едігенің арғы тегінің мифтік кейіпкерлерден шығуына тұрткі болған не нәрсе және оның не үшін қажет болғанын баяндай өтпекпіз. Ел аузында ғасырдан ғасырға сақталған аңыздық этимологиядағы Баба Тұкті Шашты Әзиздің есіміне қатысты ұғымды жіктесек: «Баба – қарт кісі. Тұкті – үсті-басы түк, яғни жұн. Шашты – басына шаш қойған», - деген сөз екен. Шын мәнінде, табиғат бұл әулиені осылай түкті етіп жаратқанға ұқсайды.

«Баба Тұкті Шашты Әзиздің саганасы қазір Құмкент жеріндегі Жылыбұлак басында тұр», - деп айтылады бір шығармаларда (288, 114).

Әйгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Оғыз, ноғайлы дәуірлерінен қалған аңыздар көбінесе адам, жер-су аттарына байланысты (Қорқыт, Қамбар, Баба Тұкті Шашты Әзиз, Жиренше, Асан Қайғы, т.б.). Солардың бәрі де тарихи шежіреге бай, толып жатқан эпостық, ертегілік сюжеттерге негіз болған», - деп жазған-ды (289, 75).

Баба Тұкті Шашты Әзиз! Бұл өзі кім шынында? Адам ба, пері ме, жын ба, әулие ме, жоқ әлде жай ғана сөз тіркесі ме? Ол туралы бала күнімізден естіп, оқып келеміз. Бірақ ешқайсымыз да жарытымды ештеңе айтып бере алмаймыз. Бұл қалай?

«Баба Тұкті Шашты Әзиз» діни, ескі ұғымда адамдарды желеп-жебейтін әулие. «Баба Тұкті Шашты Әзиз, баламды сізге тапсырдым» - деп айтылған жыры-дастандар сарынында. Бұл сөз тіркесі біздін есімізге «Қызы Жібек» дастанын ғана емес, әлмисақтан белгілі «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Едіге», т.б. бірқатар фольклорлық шығармаларды түсіреді. Олардың бәрінде де осы бір киелі есім батыр бабаларымызды желеп-жебеп жүрмеуші ме еді?! Желеп-жебегені былай тұрсын, тіпті олардың дүниеге келуіне де тікелей себепші болатынын қайтерсің. «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасына көз жүгіртіп көрелік:

*Сол арада Байбөрі  
Тыныштық қөңілі тілеоді.  
Су ішкелі бұрылып  
Бұлаққа таман жүреді.  
Қатарынан өткізбей  
Ііліп келіп ақ шеңгел  
Етегінен ілеоді.  
Ырым қып іши сүйініп  
Миығынан құледі.  
Бұл жерге келіп орнаган,  
Көпке маглұм болмаган,  
Баба Тұкті Шашты Әзиз  
Білсеңіздер бұл еді.  
Өзбек пenen қазақтың  
Қысылған жерде жар болған  
Ақиқат кәміл пірі еді.  
Енді өлемін дегенде,  
Бейшара шалға кез болып,  
Етегінен бұрап ап,  
Жібермей тартып тұр еді,*

деп Байбөрінің пірімен кездесуі суреттеледі (183, 151-252; 290, 205-211).

«Өзбек пенен қазақтың қысылған жерде жар болған ақиқат кәмілі пірі» Баба Тұкті Шашты Әзиз – Қобыланды батырдың қолтығынан демеуші. Жауға аттанғалы тұрған ұлын Баба Тұкті Шашты Әзиз пірге тапсырған батырдың алпыстан асқан анасы былай деп егілген:

*Ақ сұңқар құс мақтанса,  
О да бір күн кез келер  
Құсбегінің торына.  
Арғымақ ат мақтанса,  
О да бір күн кез келер  
Қазып салған орына.  
Іккылас ата, Шашты Әзиз,  
Осы кеткен қозымды  
Тек тапсырдым қолыңа.  
Қозымды жықпа орыңа,  
Жолықтырма зарыңа (183, 3-150)..*

Бұл жерде «Іккылас ата Шашты Әзиздің бір ғана атауы. Жырдың мазмұнына қарасақ, оны андау да аса қызын емес. Яғни, Баба Тұкті Шашты Әзиздің тағы бір аты «Іккылас ата Шашты Әзиз» болған сияқты (290, 206).

Баба Тұкті Шашты Әзиз! Бұл өзі кім шынында? Осы бір сауал санауды сан саққа жүгіртеді. Едігеге байланысты ойға оралған бір аңызды айтпай кетудің орайы тағы жоқ.

Бағзы заманда Баба Ғұмар деген кісі әулиелік қылып жүрген шағында бір қызға көзі түсіпті. Баба Ғұмардың көзі түскен қыз құдайдың құдіретімен жүкті болып қалады да, ұл туады. Ұлына Баба Тұкті Шашты Әзиз деп ат қояды. Халық жыры бұдан Едігені туғызғаны өткен тарапуларда айтылды.

Кітаптың басында аты аталған ғалым М.А. Құл-Мұхаммед Едігенің тұп-тегін Баба Тұкті Шашты Әзизден шығады деп нығарлап, өзінің жиып-терген ғылыми дәйектерімен даусыз қылып көрсетеді (58, 237-308). Ол айтқандарын нағымды көрсету үшін «Едіге» жырынан алып мынадай дәйегін алға тартады. Жырдың кейіпкері Едіге өзін таныстырғанда:

*«Атам атын сұрасаң,  
Ала тайлы Аңшыбай.  
Баба Тұкті Шашты Әзиз  
Аңшыбайдың баласы.  
Шашты Әзиздің баласы  
Парпария сұлтан хан еди.  
Өз әкемді сұрасаң –  
Құттықия бек еди,  
Өз атым – Едіге» (189, 236).*

Бұны нақты дерек деп қаперіне алған ғалым Едігенің Баба Тұкті Шашты Әзизден тарайтынын осылай шегелейді (58, 249). Сыпыра жырлаған «Қырымның қырық батыры» дастанындағы «Парпарија» толғауында Парпаријың экесі Баба Тұкті Шашты Әзиз әулие болған кісі деп айтылған (182, 207-226). Дастанда айтылғандай, өзінің салдырған мешіті бар, такуа адам болғанын баса көрсетіп, әлгі автор Шашты Әзиздің өмірінен тағы бір деректі нықтап, асылы, ол тек әулие гана емес, діни қайраткер де болған екен деп ойын тұжырымдайды.

Едіге биге байланысты қазақ эпостарындағы айтылатын аңыз-әнгімелерді зерделей келіп, М.А. Құл-Мұхаммед мифтік діни кейіпкер Баба Тұкті Шашты Әзизді Баба Туклас деп танып, оны К. Жалайыр шежіресіндегі деректермен ұштастыра қарастырады. Бұған Баба Туклас Мекеде патша болды дегенге сенім артып, Едігенің арғы тегі Баба Тұкті Шашты Әзизден бастау алады деген байыбын ұсынады (58, 250).

Едігенің мифтік кейіпкерлігіне қатысты басқа пікірлерді де шолып етейік.

Әйгілі ғұлама Ә.Х. Марғұланның еңбектерінде Баба Ата (ортағасырдағы бұқара арасында Ислам дінін үағыздаушылардың құрметті атағы) халықтың Баба Тұкті Шашты Әзизге қойған аты делініп, оның шын есімі Мұхаммед Бабай екені мазмұндалады. Баба Шашты Әзиз қазақ ауыз әдебиетінде жиі ұшырасатын мифтік бейне және ол туралы аңыздардың бірінде шын есімі Баба Туклас деп айтылатыны да ғалымның қаперінде болған. Академиктің айтуынша, экесі – Керемет Әзиз. Баба Тукластың өзі Меккеде туған, мұсылмандар арасында әулие танылған. Меккеге қажылық сапармен барғандар әуелі Мұхаммедтің, одан соң Әлім Мұзтазы Сейіттің, сонан кейін осы Баба Тукластың қабіріне соғып тәу етеді екен.

Енді бір әнгімеде Баба Тұкті Шашты Әзиз – Қожа Ахмед Иасаудің арғы атасы делінеді. Баба Ата Ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген сопы, Қорқыттың замандасы, VIII-IX ғасыр перзенті. Баба Ата күмбезі сол кісінің қабірінің басына тұрғызылған. Осыдан академик Ә. Марғұлан бұл аңызды тарихи шындыққа жақын деп санайды. Үшінші бір аңыз бойынша, оны М.Ж. Көпейұлы жазған, Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлу Қабанұлынан Едіге батыр туған (223, 34-43). Ал, «Едіге» эпосында Едіге би Баба Тұкті Шашты Әзиздің тікелей ұрпағы деп жырланады.

Академик Қ. Сәтбаев 1927 жылы «Ер Едіге» жырын халық аузынан жазып алғып, оған кіріспе сөзімен баспаға ұсынғаны әлгі бір әзірде айтылды. Қаныш Имантайұлы жырдың кіріспесінде Едіге бидің тарихта болған адам екеніне еш күмән келтірмейді, оның бейнесін жан-жақты суреттей келіп: «Едіге қазақ батырларының ішіндегі ең маңдайлыш,

аруагы күшті көсемі, сәулесі күшті шолпаны есебінде... Сыпыра жырау Едігені Шынғыс, Әз-Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды», - деп көрсетеді (158, 37).

Кезінде М. Әуезов те «Едіге батыр» жырындағы аңызға мән беріп, ойын ашық білдірген. Мұны әдебиет тарихы туралы еңбегінде былай жазады:

« - Бұрынғы өткен заманда Баба Тұкті Шашты Әзіз деген керемет абыз, көріпкел әулие адам болады. Жасы ұлғайып, қартайған шағына дейін баласы болмайды. Бала жоқтығын арман қылып Құдайдан перзент тілеп жүргенде тұс көреді. Түсінде: «Құбыла жакқа жүре бер» деген әуез естіледі. Шашты Әзіз жүріп кетеді. Жолшыбай бір бұлақ кездесіп, соның басында тынығып жатқанда, сол бұлаққа акқу кейпіне түскен перінің үш қызы келіп суға түседі. Шашты Әзіз барып олардың киімін жинап алады. Үш қыз жалынып сұрайды. Әулие бермейді. Ақыр сонында: «Таңдаған біреуімізді алып, қалған екеуімізді босат» дейді. Шашты Әзіз үшеуінің кішісі, Кенжекей сұлуды алып, қалғандарын қоя береді. Перінің қызымен ерлі-зайыпты кісі болып өмір сүреді. Қыздың тиерде әулиеге айтқан шарты бар еді. Ол шарты: басыма, аяғыма, өкпе тұсыма қарама деген. Қөпке дейін бұл шартқа шыдан жүрсе де, бір күні әлгі айтқан жерлеріне қарап қойып, өзге адамзаттан бітімі бөлек екенін көреді. Шашты Әзіз шартын бұзған, қыз мұны тастап ұшып кетеді. «Шімде балан бар: тоғыз жолдың торабынан тауып ал» дейді. Әулие іздеп жүріп, баланы тауып алады. Сол бала Едіге болады...».

Мұхан Едіге аңызын осылай мазмұндап алады да, одан әрмен Едіге баланың ер жеткенін, қой бағып жүріп, билік айтып ханның көзіне түскенін, оның оң тізесін басып кеңесші би болғанын баян етеді. Алғашында Тоқтамыс ханмен бірге болып, жорықтарға бірге аттанғанын, кейіннен араздасуы, ақыр сонында бірінің түбіне бірі жетіп мерт болғандарын әнгімелейді... (158, 38; 284, 34-43).

Қайсыбір зерттеушілер Баба Тұктіні ногай эпостарының басты қаңарманы етіп көрсетуге тырысады. Мәселен, ногай жазушысы И. Қапаев және басқалары Ноғай жұртының батырларын осы бабадан бастау алады деп пайымдап, бір қызығы, олардың бәрін де Едіге бидің ұрпақтары қылып баяндайды. Орыс тарихнамасында да Едіге тұқымдары Жұсіп (Юсуп) бектердің арғы тұбі Баба Тұкті Шашты Әзизге тірелетіні құпталған (88, 225; 89, 7-173).

Парсы жылнамаларына сүйенген академик А.С. Орлов 1945 жылы жарық көрген «Казахский героический эпос» атты кітабында: «... Мәлікпен болған ұрыста қолға түскен оның бас әмірі Балтышақты алдына алып келгенде Тоқтамыс оған егер өзін ұлы әміршім деп мойындаса осы лауазымын қалдыратынын айтады. Балтышақ бұдан қайсарлықпен бас

тартып, одан да өзіне өлім тілейді. Тоқтамыс оны өлтіреді. Ал Балтышак болса Едігенің әкесі еді», - деп жазады (290, 207-208).

Осы арада тағы бір жазбаны талдайық. Қазақ Қеңес энциклопедиясында: «Баба Ата – Қыпшақ пен Қарахандар дәуіріндегі (IX-XII ғғ.) ескі кент (яғни қала – Ә.-Қ.). Баба Ата – Түркістан мен Сайрамнан кейінгі әулие-бабтардың көп жиналған жері, Қыпшақ даласына Ислам дінін таратуда маңызды рөл атқарған кенттердің бірі. Оны ең алғаш өркендетушілер Ахмед Иасауи мен Едіге бидің аталары ҮІсқақ баб деген кісі (Отырар қаласындағы Арыстан бабтың туысы әрі замандасы) көрінеді. Халық аузында тараған лақап аты – Баба Ата. Ол ҮІсқақ бабтың ағасы, әрі Ибраһим – Қожа Ахмед Иасаудің әкесі болып келеді. Оның күмбезі Сайрам қаласында «Ибраһим ата» деген атпен белгілі. Бұл бабтардың ұлы атасы Баба Тұкті Шашты Әзиз – Қорқыттың замандасы (IX ғ.), - деп жазылған (285, 420). Мұнда Баба Ата шаңарын алмағанның өзінде, адамдарға қатысты мәліметтерде көптеген жансақтықтарға жол берілгенін аңғару аса қыынға соға қоймайды, - дейді журналист М. Жәмекұлы. Ол сөзін мынадай мәліметтермен толықтырады. «Біріншіден, - дейді М. Жәмекұлы, - Баба Ата, шынында да, Оңтүстік Қазақстанда Ислам дінін таратуда айтарлықтай рөл атқарғанымен, мұнда ҮІсқақ баб XI ғасырдың соңы – XII ғасырда ғұмыр кешкен Ахмед Иасаудің (1166 жылы қайтыс болған) арғы атасы болғанымен, Едігенің (1352-1419) атасы болуы нар күмән. Себебі, Едіге бидің ата-тегі әлі толық анықтала қойған жоқ, бұл турасында түрлі дау-дамай, пікірталастар болып келе жатқанына да талай жылдың жүзі болды...» (286, 5-152).

Міне, бұларды айта келе, ескеретін нәрсе, Едігенің ата-тегіне байланысты айтылатын діни-шежірелік аңыздарда – Баба Тұкті Шашты Әзизді Баба Туклас деп, оны Меккемен, Қағбамен байланыстырып, қабірін Меккеден немесе Созақ өнірінен шығару, оны әлде бір аңыздағы діни қайраткер Керемет Әзизге бала қылу немесе Қожа Ахмед Иасаудің ұрпағы ету сияқты қолдан жасалатын саналы-сауатты әрекеттердің кездесуі, кімді болса да таңғалдырмай қоймаса керек. Мұндайға, әдетте, дін уағыздаушылары барады. Олардың аузынан шықкан діни-шежірелік нұсқаларға ішінәра өзгеріс енгізіледі де, бағзы құрылымы ғасырлар бойына жалғасып, атақты адамдарды діни мифтік кейіпкерлермен байланыстырып отырады. Аңыздың бұл түрі XIV ғасырға дейін-ақ мифтік Баба Тұктіге байланысты қалыптасып кетуі әбден мүмкін, - деген ғалым С. Қондыбайдың пікірі шындықтан қашық емес сияқты (281, 344).

Тағы бір дәйек. Мұсылмандық шығармаларда көрсетілгендей, ҮІсқақ баб – Әзірет Әлидің (Хазірет Фали) ұрпағы, әрі Қожа Ахмед Иасаудің арғы атасы, VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырдың бірінші

жартысы аралығында өмір кешкен. Мұны Түркістандық ақын Сүлеймен Бақыргани (1186 жылы дүниеден өткен) «Ақыр заман кітабында»:

«*Исхак баба ұрығы*  
*Шайхы Ибраһим құлыны,*  
*Машайықтардың ұлығы*  
*Шайхы Ахмет Яссави», -*

деп көрсетеді (287, 166). Ал Ысқақ баб бастапқыда Сирия (Шам) елінде діни қайраткер, кейіннен жүз елу мың әскермен Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін басып алғып, Ислам дінін уағыздауға күш-қайратын сарып еткен кісі. Гұмырының сонына таман дінге біржолата беріліп, IX ғасырдың екінші жартысында өзі қызмет еткен Баба Ата қаласында дүние салды. Олай болса, Едіге биден бес жұз жыл бұрын ғұмыр кешкен Ысқақ бабты, оның атасы қылып таңу қисыны келмейтін нәрсе.

Едіге бидің ғұмырнамасын әрі қарай талдауды жалғастырайық. Қазактың тұнғыш тарихшысы К. Қосымұлы Жалайыр аталмыш шежіресінде: «...Едіге би Тоқтамыс ханның ұлысын өзі биледі. Оның хикаялары өзге дастанда әр жерде, кітаптарда белгілі болады. Ол да Еділ бойын жайлады, оның ұрпағы осы күнге дейін есімді ұрпақ болып өтті, көп мезгілден соң бұл заманда өте көбейгендер онан пайда болды. Бұл Едіге би алпыс үш жасында опат болды. Қадырберді (Тоқтамыс ханның ұлы – Ә.-Қ.) ханның ұрысында жарадар болды. Оны Барын-Сарай шәйт қылды»... – деп жазып, Едіге бидің Еділ бойында қаза тапқанын хабарлайды (55, 118-119). Бірақ зерттеушілердің байқауынша, Қадырғали бек Едігенің нақты өмір деректерімен таныс емес секілді, тек оның ата-тегіне қатысты аңыздарды ғана білген. Ендеше, К. Жалайыр Едігенің ақиқат тарихын білмей (1602 жылы) жазып отырса, кейінгі ғасырларда оған сүйенген қазак-ноғай шежірешілерінің де жаңылысусы мүмкін ғой.

К. Қосымұлы Едігенің ата-бабаларының тек шежірелік-аңыздық ба-ламасын пайдаланғандықтан, олардың алдындағылардың өмір сүрген жерлерін Оңтүстік Қазақстан жерлерімен немесе алыстағы Мекке, Шам, Сарсар, Антакия, Антиохия, Мадаин, Қастантине (Константинополь) қалаларымен байланыстыра сөйлеген. Едігенің арғы аталары қатарына жататын Баба Туклас есімі Қағбамен, Меккемен үштастырылады. Бірақ бұлардың дәйектері «Шежірелер жинағында» көрсетілмеген.

Мәселен, К. Жалайыр шежіренің бір жерінде Баба Тукластың үш ұлы болғандығын тілге тиек етеді. Оның екеуі Қағбада жерленсе, үшіншісі, сірә, кішісі – Тырма (немесе Терме) деп аталған баласынан туған Қарачи, Қарачиден туған Қадыр-Қия, яғни үш ұрпақ та Еділ-Жайықтың жерін құшады, ал соңғысынан туған Құттықия ғана Құмкентте жерленіпті (57, 117; 281, 346).

Едіге бидің шежіресінің екінші бір жерінде, тарихшы Қадыргалидың айтыныша, Баба Тукластың төрт ұлы болған. Олардың екеуі – Қағбада, үшіншісі – Үргеніште, төртіншісі – Қырымда (Өч-Утлуқта) дуние салған (57, 117).

Сонымен, тарихшы Жалайыр Едігенің ата-тегі туралы аңыздарды саралай отырып, бірде-бір рет оларды Онтүстік Қазақстан өлкесінде туды демейді. Еділ-Жайық та, Үргеніш те, Қырым да Алтын Орданың батыс өлкө кеңістігіне жататыны тарихнамадан мәлім. Қадыргали би Еділ-Жайық деп тек екі өзен аралығын алмаған секілді, ол кезде Еділ-Жайық бүкіл Дешті Қыпшақтың жалпылама атауы екенін қарастыруға алған сияқты.

Осыдан тарихи тұлғалар Құтлықия мен оның ұлы Едігенің Еділ-Жайық бойында, яғни Дешті Қыпшақ жерінде туып-өсу мүмкіндігін жокқа шығарғымыз келмейді. Едігенің тегі туралы айтылған пікір әртүрлі екені жоғарыда айтылса да, сез орайында «Едіге» эпостық жырына байланысты әңгіме қозғаудың тағы да қисыны келіп тұр. Бұл эпос Едігені мифтік кейіпкер етіп жырлайды. Тарихта хатталған Едіге би XIV-XV ғасырдың тоғысында абыродай-даңқы шарықтаған Ұлы Дағаның біртуар перзенті. Қарама-қайшылыққа толы ғұмырнамасына қатысты оның қадір-қасиеті, адами болмысы нақты шығармаларда аз қамтылғанмен, оның есесіне биге қатысты аңыздар мен эпостық жырлар жетіп артылады. Бұған бір ғана мысал. Едіге туралы Қашаған ақын «Топан» деген толғауында:

«Ногайлының елінде,  
Үш қиянның жерінде,  
Еділ мен Жайық кеңінде,  
Талай хандар шалқыған,  
Шалқыған хандар алқынған,  
Едіге ерді кем көріп,  
Тоқтамыс елі шарпылған», -

дейді. Өйткені, Тоқтамыстың сонынан ерген жұрт соғыс өртіне ұшырап, отқа шарпылғаны да рас. Міне, ақын осы тарихи шындықты еске салып отыр. Халық жадында Едіге – топ бастаған дара қолбасы, үздік дана шешен, қажымас еңбек, қайтпас жігер, мұқалмас қайрат иесі. Халық қиялышының төрөшісі болған атақты би, бес қаруын асынған батыр.

Бүгінгі зерттеушілердің бірқатары Едігенің әкесі мен ата-тегін Онтүстік Қазақстанмен, Қаратаудың терістік бетіндегі Созак, Құмкент шаңарларымен байланыстырады, бірақ осынау аңыздарды тарихнамадағы деректермен салыстырып, оның анық-қанығына жету жағы мардымсыз жүргізіліп келе жатқанын да айтуга тиіспіз.

Енді ұзын сонар әңгімені жалғастырып, «Едіге» жыры мен әпсаналарда әр қырынан көрініс тапқан аймақтық кеңістікті шолып

өтсек дейміз. Жырда өрістейтін, кейіпкерлердің тыныс орталығы яғни кеңістік аясы – аңыздық, мифтік емес, дәйектің шартта емес, нақты әрі белгілі географиялық орта екені аңғарылады. Бұл – тарихи Едіге өмір кешкен дәуірдегі Алтын Орда мемлекетінің иелігіндегі жерлер, Еділ өзенінің оң және сол жағы, Еділ мен Жайықтың ен бойы, төтелеп айтсақ қазіргі Қазақстан Республикасының батыс бөлігі, онымен көршілес жатқан Орта Азия мен Ресейдің онтүстік-батыс аймағы болмақшы.

Жырда кейбір атаусыз, шартты мекендер де бой көрсетеді. Нұрадын (дұрысы Нұр әд-Дин – Ә.К.) әкесі Едігемен ренжіскенде «жұртты екі бөліп алып кетеді. Судың екі жағында екеуі жатты» (261, 50). Жырдың мазмұны бұрынғы Тоқтамыстың, кейінгі Едігенің жұртты Еділдің оң жақ бетіне немесе батыс жағына орналасқанын, ал Нұрадынның сол қабакқа, яғни шығыс бетке өткенін баяндапты. «Бұл арада Еділдің аргы бетіне өтті деп нақты айтылмау себебі – бұдан бұрын ескерткеніміздей, эпос дәстүрінде үлкен су қашанда ел шекарасы ұғымын береді, яғни, әке мен бала екеуі екі ел болды деген сөз», - дейді Е. Мағауин (261, 50).

Жырдың бір жерінде айтылған Тоқтамыс жұртты мен Сәтемір (Ақсақ Темір) елінің аралығында «қырық күншілік шөл» жатыр. Едіге Ордан қашқаннан соң, үлкен қындықтар көріп, осы шөлден әзер өткен. Әлбетте, бұл да ежелгі аңыздарға тән дәстүр. Сонымен қатар, бұл арада, шындықтың ісі сес береді. Алтын Орда мен Ақсақ Темір ордасының аралығында жатқан шөл, әрине, Бетпақ дала.

Бетпақтан өту қай заманда да оңай болмаған. Ақсақ Темір өзінің Алтын Ордаға жасаған жорығында екі жұз мың әскерін Бетпақ даладан алып өту мәселесіне айрықша көніл бөлгені тарихи құжаттарда көрсетіледі. Атакты жауынгердің Көк Орданың ежелгі көш жолы болып табылатын Сарысу өзенін өрлең өткенінен хабардармыз. Содан кейін шаршап-шалдыққан жасақтарын Ұлытау өнірінде демалдышыртқаны бар.

Естеріңізге сала кетейік, Сыр бойынан, Орта Азиядан Арқағашығатын жалғыз сорап – Сарысу ғана болмаған. Ұзын аққан Сырдарияның қамысты, тоғайлы үйіктарында, Шу бойында қыстап шыққан қалың ел көктемгі қар сүймен қозғалып, әр тараңтағы жылға, ойпандарға құйылған қақ пен көлшіктерді сағалап, межелі жерге жазғытурым ертепек өтіп алады екен. Жырда айтылатын «Куы жоқ, құтанды жоқ, борығы жоқ», «жалтыр бөлек сулар» – көктемгі еріген қар суларының нәтижесі. Сәтемір ханның Едігемен бірге аттанған әскері онымен өкпелесіп, «көрген судан ішермін деп» орта жолдан кері қайырылғанда бұл көлдер түгел кеуіп қалған болып шығады, ақыры Сәтемірдің үш сан қолы түгелімен шөлден қырылады. Яғни, көне эпосқа тән сипатта, айрықша қатерлі болып көрінетін «қырық күншілік шөл» - аңыздық аймақ емес, нақты бір жер атауы, яғни Бетпақ-Дала екендігі күмән туғызбайды.

Едігенің рөлін көтеру мақсатында жырда Едіге Токтамыштан біржола кетерде, ханның тоғыз ерімен жауаптасқан сөзінде, оның бұрын Меккеге барып, тәуап етіп қайтқаны ауызға алыныпты. Алтын Орданың ұлы ханы Өзбек заманында мұсылманшылық қарқынды дамып, бүкіл ұлыс Ислам жолына біржола түскені мәлім. Осы кезден бастап, мұсылманшылықтың бес парызының бірі – қажыға бару ісі де жалпы жүртқа міндettі болмағанымен, билеуші топтың беделін көтеру үшін ұнамды қасиетке саналған дәстүрдің бірі болса керек.

Алтын Орда мен Мысыр арасындағы дипломатиялық және сауда қатынасы су жолы арқылы жүргізілгенін ескерсек, Ордада теңізшілік өнері де біршама дамыды дегенді құптауға тиіспіз. Едіге заманында Қырымдағы Кафа/Феодосия/ және Судак қамалдарында ұлken теңіз порттары салынған. Бұл қажылық жолындағы мұсылмандардың Мысырға жетуіне қолайлы, одан ары Меккеге құрлық және теңіз жолдары арқылы баруына мүмкіндік берген.

Ал Алтын Орданың бір бөлігі саналған ногайлар ордасының шегіне келсек, академик В.В. Бартольдтың айтуынша, бұл тараپтан Меккеге аттанған жүрт әуелі Маңғыстаудағы Тұпқараған түбегімен кеме арқылы Дербентке (қазіргі Дағыстан жері) жетеді екен, одан ары құрлық арқылы қажылық сапарын жалғастырады. Қайткенде де жырдағы Едігенің Мекеде болдым және Пайғамбардың басына тәуап еттім, күнәмнан тазардым деген сөздері – кейіпкердің өз тұлғасын көтеруі ғана емес; сол дәүірде Мекке, Мединеге барып, пайғамбар мен әулиелердің басына тәуап ету әдетке айналғаны Нұр әд-Диннің әкесімен араздасып айырылысарда айтқан сөздерінен де айқын көрінеді («Тәнірінің үйі Меккені – Үш айналсам, тынармын», - дейді Нұр әд-Дин әкесіне).

Қасиетті Меккеге бару, одан ары Мұхаммед пайғамбардың басына дұға ету турасындағы деректер жыр кейіпкерінің, сол заман адамдарының әлем, кеңістік туралы ұғымын ғана емес, олардың таза мұсылман дінді болғандығын ерекше бөліп көрсетеді. Яғни, «Тәнірінің үйі Мекке», Мұхаммед пайғамбар мен оның ізбасарлары Эбубәкір, Омар, Оспан және Әзірет Әлидің сүйегі жатқан алыс елдер шартты ұғым емес, кейіпкердің адами болмысын және діни наным-сенімін айқындайтын қолайлы мекендер ретінде үйлестірілген.

Осы тұста ескерілетін бір нәрсе – ежелгі санада толғанатын «Едіге» жырында пайғамбардың, әулие-әнбиелердің ұлты, руы туралы ұғымның ұшыраспауы. Олардың қай-қайсысы болса да, бүкіл мұсылман қауымына, қала берді адамзатқа ортақ сипатта бейнеленеді. Едігенің арғы атасы Баба Омар да, бергі атасы Баба Тұкті Шашты Әзиз де осындағы ұлттан, рудан тыс кейіпте көрінеді, тіпті, олардың шыққан жері, мекен-тұрағы да анық айтылмайды. Едігенің шешесі – перінің қызы; өзі елсіз иенде туа-

ды. Тек содан соң ғана ел, ұлыс жайы айқындала бастайды. Баба Түкті Шашты Әзиз жаңа туған баласын «жауырынына таңып», «Тоқтамыс ханның ауыр жұртына алып келеді». Бұл «Ноғайлының жұрты екен» деп айғақтайты жыр. Енді бір тұста бұл ел «он сан ноғай» аталады.

Әйтеір, «Едігедегі» ұлыс атауы – Ноғай Ордасы, яғни ноғай елі, ал «он сан» деген, «ауыр жұрт» деген анықтамалар ұлыс халқының көптігін, айбын, қуатын білдіреді. Бұл қуаты тасыған ел кейіпкерлер атынан бірнеше жерде «біздің жұрт» деп сипатталады. Яғни ноғайлар бетен емес, жырдың мазмұнында баяндалатын түрік халықтары (261, 50-51). Осының бәрі шындық ауқымға сыйып тұр.

Ноғай ұлысымен алыс та болса көрші ел – Едіге Тоқтамыстан қашқанда бас сауғалап баратын «Сәтемір ханның елі», ол Орта Азиядағы Ақсақ Темірдің империясы. Эпоста бұл елдің ешқандай дерекнамалық сипаты көрінбейді. Қырық күншілік шөлдің арғы жағында жатқан, ол анызыдағы жұрт кейіпті қаралады. Едігенің Әмір Темір ұлысында болуы туралы накты тарихи шындықты қаперімізде ұстасақ, бас кейіпкер ұзақ сапар шегетін, жат жерде жүріп, ақыры туған еліне оралатын дәстүрлі сюжеттің бір көрінісі деп кана ойлау дұрыс. Едігенің өзінің ата қонысын ұмытып кетуі, оның баласы Нұр әд-Диннің асық ойнап жүріп, әлдебір құбыжық шалдың жіліншігін сындыруы, соның нәтижесінде экесінің ғұмыры туралы естуі де қалыптасқан, аныздан-анызға көшкен құбылыс.

Жырда Сәтемір ханның елі мен ноғайлар арасындағы жаулық туралы айтылмайды. Тоқтамыс ханның Ордасынан қашып шыққан Едіге кек қайтару мақсатымен Сәтемір ханнан жасақ алып қайтпақшы болады. Алайда, Сәтемірдің қызын Қабантын Алыптан арашалап әкеле жатқанда дұрыстап қарсы алмады деп, ханның үш сан қолына ашу шақырып, қашан болса да осыларды қырамын деген қоқан-лоқысын көрсетеді. Ақыры Едіге Тоқтамысқа қарсы аттанғанда Сәтемір хан берген қалың әскер қыын сапарға шыдай алмай, орта жолдан қайтады; жырдың астарына қарағанда, Едіге әуелде көрген қакты қөлдердің құрғап қаларын о бастан сезеді, нәтижесінде Сәтемірдің жасақтары түгелімен шөлден қырылады. Сөйтіп, Сәтемір ханнан әскер алып Тоқтамысты шаппақ болған Едіге жұртына жалғыз баласымен (тарихи деректерде оның ұлдары көп болған – Ә.К.) ғана оралады. Едігенің айбынынан сескенген Тоқтамыс хан байтағынан безіп, бас сауғалайды, қалған жұрт жаңа патшаларын «қойын сойып, қол қусырып» қарсы алады.

Бір сөзбен айтқанда, «Едіге» жырындағы «Сәтемір ханның елі» шынайы тарихтағы тұлғасымен көрінбейді, жырда тек бас кейіпкердің тыныс алып, күш жинайтын, жалпы эпосқа тән үйлену рәсімін өткеріп, өзіне лайық бала сүйетін, бір басы екеу болып, ескі сертін орындау үшін жаңа сапарға аттандыратын шартты мекен қызметін ғана атқарыпты.

Жырда айтылатын ногайлардың тағы бір көршісі – Қырым жұрты. Бұл жақтан – «дау келетін, жау келетін» қатерлі ел. Токтамыс хан тара-бынан билік алған Едіге «дауды бітіретін, жауды қыратын» кейіпкер болып суреттеледі. Яғни, жырдағы Қырым – жаулық ниеттегі бөтен ел. Бұл – тарихи Едіге заманынан соң, Алтын Орда құлағаннан кейінгі дәуірге тән көрініс секілді. Жошы ұлысы ыдырағаннан кейін бұрынғы алып империяның шегінде Казан хандығы, Қырым хандығы, Үлкен Орда (Алтын Орданың ізі), Ноғай Ордасы, Кіші Ноғай Ордасы (Кази ұлысы), Қажы Тархан хандығы, Қазақ хандығы, Сібір жұрты аталатын дербес мемлекеттер ту көтергені белгілі (13, 165-167; 193, 3-16; 261, 51-52). Осы жаңа ұлыстар арасында әртүрлі деңгейдегі өзара дау-жанжалдар болып тұрды, әсіресе Қырым хандығы мен Үлкен Орда, Ноғай Ордасы арасындағы соғыстар жүйелі түрдегі жаулыққа ұласқанын көреміз. Егер де, Қырымнан жау келуі, дау келуі тарихи шындық аясында орын алған десек, Едіге дәуірінен кейінгі кез деп санауға жатады, яғни жырдың әуелгі нұсқасына кейіннен қосылған жамау деп білуге тиіспіз. Бұл арада, бұрынның шыққан «Едіге» эпосы Алтын Орданың анық ыдырау кезеңінен көрініс беретін «Ер Тарғын» жырынан өзгешерек жырланған. «Ер Тарғында» «қырық сан Қырым жұрты» - берекесі кетіп алауыздық жайлаған Ноғай жұрты сияқты байтақ елдің бір бөлшегі ретінде суреттеледі.

«Едігеде» көрініс беретін Ноғай ұлысының өз ішіне келетін болсақ, әлденендей бір ұлыстық, рулық бөлініс тұрасында дәйек келтірілмеген. Токтамыс – Шыңғыс хан әuletі, текті төре, яғни жалпы жұртқа ортақ әмірші. Едіге де рулық, қоғамдық топтан тыскары, әулие ұрпағы, ол да бүкіл елге ортақ батыр. Рас, жырда ірі-ірі Алшын, Арғын, Қыпшақ этнонимдері аталады. Бұл үш ру да кезінде Алтын Орда тарихында, одан кейін Қырым, Қазан, Ноғай, Қазақ тарихнамаларында әжептәуір орын алған киелі елдер. Жырда аталатын енді бір ру – Мұйтен, жұртқа белгісіздеу болғанмен, қазір Қарақалпақ халқының құрамында сакталыпты. Сондай-ақ кейір зерттеушілер Кенес («Кенестің ұлы») есімін – Кенегес деп алады, бұл да ежелгі түрік тайпаларының бірі екені айдан анық.

Алайда, осы аталған төрт-бес ру атауының барлығы да дербес ұлыстық құрылым емес, белгілі бір батырлардың шыққан тегін айқындастын сойы, қазіргіше айтсақ, фамилияғана (Алшын атасы Қекжалды мерген, Кенестің Кен Жанбайы мен Мұйтендерден шыққан екі бірдей Қосдәүлет, Арғындардың басы Қарақожа батыр, Қарақыпшак Қобланды). Жырда осы қатарда аталатын Есентай ұлы Құдайберді батыр, Ақбалтыр ұлы Уақ, Мәнжүр ұлы Шуақ деген сияқты есімдерден бөлекше сипатымен көрінбейді. Бұл да түсінікті. Жырдың байыптауынша, Ноғай жұрты біртұтас қалың ел. Сондықтан да осы біртұтас ел ішінде тұған бүлік пен ылаң жырдағы жүрек тамырларын шымырлататын үлкен реніш ретінде сипатталған.

Бастапқыда Тоқтамыс пен Едіге арасында басараздық тұтанғанмен ел бүлінбейді, Едіге қашып құтылады. Келесі кезекте тағы да ел бұрынғы қалпында, тек билік басындағы адам ғана өзгереді, Тоқтамыстың орнын, Алланың жазуымен, Едіге басады. Бірақ, ұлыс бірлігіне жарықшақ түскені жырдың оқиға өрбуінен анық байқалады, Тоқтамыс қаза тапқан соң билік басына келген Едіге өзінің ұлы Нұр әд-Динмен араздасады. Осыдан Нұр әд-Дин жұртты екіге беліп алып кеткені әлгіде баян етілді.

Жырдың тағы бір жерінде, Тоқтамыс тұсында біртұтас ұлыс болған Ноғай жұртты Едігенің заманында үш бөлек елге айналды. Бұл дербес жүрттардың мекен-турағы, рулық немесе басқадай бір тектік белгісі туралы айттылмайды. Бұлардың өзара ірге бөлісуі – аталмыш үш адамның (Едіге, Нұр әд-Дин, Қадірберді) өзара араздасуы мен жаулығына ғана байланысты сипатталған. Сондықтан да Едіге мен Нұр әд-Динге ажал келтіргеннен соң, Қадірберді сұлтан «қайтып келіп, жұрттына төре болды, өмірін сақтап қалды».

Осынау жырдың айтуынша, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы басараздық нәтижесінде бөлшектенген ел Қадірберді сұлтанның аркасында қайтадан «туы желпілдеп шығады», өзінің өуелгі күш-куатын сақтайды.

Ал тарихи шындық бұдан гөрі өзгеше баяндалған. Әмір Темірмен арадағы ұзақ соғысқа желеу болған – Тоқтамыстың өзі еді. Қираған, қырылған, жермен-жексен болған Алтын Орданың жаңадан ұйысусы, шын мәнісінде, «бұрынғыдай ел болып, туы желкілдеп» қайта көтерілуі – Едігенің қажырлы іс-әрекетімен байланысты өрбиді. Бұдан соңғы жерде ата кегін қуған, билікке ұмтылған Қадірберді сұлтанның барлық қарекеті елдің болашағы үшін үлкен кесел келтірді. Ақыры, Едігенің қазасынан кейін айбынды Алтын Орда шынымен іріп-шірудің зардабын тартты.

Әлбетте, қандай сипаттағы болмасын көне азыз-әнгімеде тарихи нақтылық бола бермейді, болуы шарт та емес. Бұл арада «Ноғайлының ауыр жұртты», «он сан ноғай» туралы байламдар – біртұтас ел, «біздің жұрт» деген ұғымды беретінін ескерейік.

Айта кету керек, Ноғайлы немесе біздің жұрт ұғымында «Алаш» атауы аталған. Тоқтамыс хан ел-жұрттымен қоштасқан толғауын: «Алаш та Алаш болғанда, - Алаштан хан болғанда...» - деп бастапты. Мұндағы Алаши – Ноғай жұртының ежелден келе жатқан төл атауы төрізді.

Жасыратыны жоқ, ғылымда «алаш» этнонимінің шығу төркіні мен мағынасы және тарихи аясы мулде аз зерттелген. Ежелден сүйеккө сінген, жалпы жұрт қабылдаған ұғым – «алаш» сөзі ұлттық атаумен парапар. XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысын, Алаш Орда үкіметін «Кеңестерге» қарсы қолданылған күш деп танып, мейлінше қудалау – «Алаш» сөзін де зандан тыс жағдайға тап қылды. Өткен ғасырларда қазактардың «киргиз» аталғаны сияқты, XX ғасырда Алаш

атауына тыйым салынды. Алайда, халықтың жүргегінде «Алаш» есімі ұмытылған жоқ, ескі жазбаларда, көкірек санада сакталды, ақыры күні туғанда қайтадан жарқырап айға шықты. «Қазақпен» қатар жасасып келе жатқан, бәлкім, одан да бүрын шыққан «Алаш» атауының жайжапсарын тексеруді – тарихшылардың үлесіне қалдырайық. Бұл арада біз «Алаш алаш болғанда, Алашта хан болғанда» сез тіркесінің сол қалпында ежелгі жырда қайталанатынына ғана назар аудардық.

«Едіге» жырында арнайы аталағып, бірер оқиғаға болса да іс-әрекетке араласатын кейіпкердің ұзын саны – жиырмадан асады. Бұл жерде жетекші орында тұрған бас кейіпкер – Едіге. Бұл Едігенің ес біліп, ер жеткен кезінен басталатын барлық ісі, жырдың ұзына бойына созылған қымылдар тізбегі Тоқтамыс есімімен, осы ханға қатысты жағдаяттармен тығыз байланыста баяндалады. Сондықтан, Тоқтамыс Едігеден кейінгі елеулі кейіпкер, тіпті жырдағы ең басты екі тұлғаның бірі деп санауға болады. Шоқан «Едіге би» деп атаған эпостың П.М. Мелиоранский бастырыған орысша нұсқасында «Сказание об Едигее и Токтамыше» деп берілуі де кездейсоқ емес. Жырдың бас кейіпкерлері Едіге, Тоқтамыс делинсе, жырдың негізгі сарыны осы екеуінің арасындағы талас-тартысты корсетеді, бұл эпикалық туындының нақты тарихи оқиғалардан бастау алғаны белгілі. Бірақ «Едіге» жыры, әлгі бір әзірде айтқанымыздай, шежіре емес, тарихи жазба емес, бейнелі сөзбен, ұққасты өлеңмен баяндалатын көркем шығарма. Деректі құжатқа негізделмеген, фольклорлық мұра. Және қатардағы мұра емес, әлемдік мәні бар үздік мұра. Осы ұлы мұраның қадір-қасиетін, өзіндік ерекшелігін танып білу үшін тарихи, этнографиялық, фольклорлық және салыстырмалы, сан-салалы зерттеулер жүргізілді (258, 53-57; 260, 3-48; 261, 45-79; 276, 14-20; 279, 151-157).

Ең алдымен халық жырының басты кейіпкерлері саналатын Тоқтамыс пен Едігеге назар аударайық.

Жырдың айтуынша Едіге туған кезде Тоқтамыс ногайлардың ханы болып отырған. Таққа қашан мінгені белгісіз, бірақ ол Едіге ер жетіп, билікке жетіп, жат жүртқа кетіп, батыр бала өсіп, кеулең қайта оралғанға дейін тақ пен тәжді түсірмеген. Эпостағы уақыт өлшемі қашанда шартты, алайда Тоқтамыстың ұзақ уақыт хандық құрғаны жырдан анық аңғарылады. Өзгеше бір қарекеті атап көрсетілмейді, бірақ жамандықтан ада, «арты ... қойшы» Едігенің әділ берген төрелігіне қаныққан соң, Тоқтамыс оны ордага алдырады, билікті де, әскер ісін де сеніп тапсырады. Арада біршама уақыт өткенде, ханымның өсегінен өзінен Едігені «әруағы зор» екенін естиді, тағы да сол ханымның нұсқауымен Едігені қапыда өлтіруге бел байлайды. Бұл айласын жүзеге асыра алмағаннан кейін, әзәзілдердің ақылымен Едігені алдаң қайтармақ болады. Бұл мақсатта іске аспайды. Арада қанша жыл өткені белгісіз, Едіге екеу болып ел

шетіне келіп кіргенде Тоқтамыс жұртын соғыстан тыяды: «Қойыңызды сойындар, қол қусырып алдына барындар; сізге тимес, менің үшін бұлмендер», - деп ақылын айтады. Жұртының тыныштығын ойлаған, өзі бас сауғалап елден безген Тоқтамыс әуелі Телікөлге, онда бөгелуге қорқып, Кекілдінің көліне келіп жетеді. Ханның сонынан қызы шыққан Едігенің ұлы Нұр әд-Дин Тоқтамысты осы жерде өлтіріп, басын кесіп алғаны жырда айтылған. Бірақ Тоқтамыстың бар ісі мұнымен тынбайды, ханның Кекілдінің көлінде жатқанда айтқан сөзін – «Бұл қатерден жан қалса, - Аллам иер ес болса, - Жұртыма басшы болып мен келсем...» - деген арман жолындағы белесін жалғыз ұлы Қадірберді (тарихи деректер бойынша Тоқтамыстың сегіз ұлы болған – Ә.К.) одан әрі жалғастырған.

Егер Тоқтамысқа қатысты нақты тарихи деректер сақталмаса, жырдағы Тоқтамысты белгілі бір тұлға негізінде жасалған кейіпкер деп тану қыын болар еді. Мәселен, эпикалық Тоқтамыс пен тарихи Тоқтамысқа нұскайтындағы дастанда даралық сипат, өзгеше бір ісімен немесе өзіне ғана тән қымыл-әрекетімен көріне қоймайды. Тарихтағы Тоқтамысты жан-жақты білген, соның негізінде оны эпикалық кейіпкер ретінде қарастырған зерттеуші ғана белгілі бір дәрежеде екі Тоқтамыстың ара-жігін ажыратса алуды мүмкін.

Едіге бейнесінің жасалу жолы Тоқтамыс ханнан мулде өзгеше. Жырда Едігенің дәстүрлі эпос ұлғісімен қабыспайтын, біршама бедерлі ғұмырбаяны бар. Әйтсе де, кейіпкердің нақты туған, өлген жылдары белгісіз, қанша жасағаны да бірізділікпен айтылмайды, бірақ картайып, егде тартып соғыста өлгені мәлім.

Жыр негізінде жасалған Едігенің мифтік өмір өткелдері мынандай. Едігенің экесі – Баба Тұкті Шашты Әзиз әулие. Шешесі – перінің қызы, есімі атамайды. Сәби алты айлығында іште кетеді, экесі жаңа туған ба-ланы кесімді мезгілінде уәделі жер – «Ніл дарияның басынан, Құмкент шаңарының қасынан», «жібек орамалға ораулы» жатқан жерінен тауып алады да, күнсіз туды деп атын Едіге қояды. Нәрестені арқасына таңып, Тоқтамыс ханның билігіндегі Ноғай жұртына алып келеді.

Баба Тұкті Шашты Әзиз Едігені үш жасқа келгенде қолынан жетелеп апарып, медіресеге береді, содан соң бар парызынан құтылдым санаپ, ғайып болады. Бұл турасында «Ғайып болды, ұшып кетті» делінеді жырда; ежелгі түрік ескерткіштерінде (Орхон жазулары) «ұша бару» - дуние салу мағынасында қолданылады, сондықтан Баба Тұкті Шашты Әзиздің ғайыпқа айналуын әулиелік жолымен басқа тарапқа кету емес, күні жетіп өлу мағынасында қабылдауға тиіспіз. Қайтсе де, Едіге үш жасында такыр жетім қалады. Содан «сегіз жасқа дейін окуда тұрды». Окудың мән-мағынасы туралы тағы айтылмайды: Едіге өзімен бірге

окитын тоқсан баламен күрескенде олардың бәрін жығады, бір қызығы, оқып, ойнап жүрген кезінде алғашқы төрелігін жасайды.

«Сегіз жасқа келген соң оқудан шықты, мал табамын деп біреудің қойын бақты». Яғни, панасыз, жетім бала езін өзі асырауға тиіс еді. Бұл кездегі Едіге көлденең адамдардың қөзімен «арты ... қойшы» деп сипатталады. «Үстіндегі киімі сондай тозған». Кейіпкердің бұл жағдайда қанша жүргені белгісіз. Едіге қой бағып, қорлық көре жүріп тағы да үш мәрте әділ төрелігін береді. Ақыры, төрт жолғы төрелігімен елге танылған Едігені Тоқтамыс хан өзінің ордасына алдыртады. Үстіндегі бар киімін жаңартып, бар билікті қолына ұстаратады.

«Едіге» жырында оның Тоқтамыстан алған мансап-дәрежесі мен қызметі накты атап айттылмапты.


Алайда, биліктің барлық тізгіні соның қолында болғаны Тоқтамыс ханың мына сезінен көрінеді: «Қырымнан дау келсе, - Ал, Едігем, соны сен бітір деді, - Қырымнан жау келсе, - Ал, Едігем, соны сен қыр деді». Едіге бейбіт күнде әмірші, соғыс жағдайында қолбасы болады, бір сезбен айтқанда: «дауды бітіреді, жауды қырады». Ордадағы Едіге билігінің қанша уақытқа созылғаны тағы белгісіз. Кейінгі оқиға дамуында ол өз аузынан айттылатын сездерге қарағанда, Едіге бұл кездерде әл-Омар (қожа) ханың қызына үйленеді, Меккеге барып тәу етіп қайтады. Енді абырай-мәртебе ғана емес, хандықтың бар тұғыры Едігенің қолында.

Ханымның айттып, ұғындыруы бойынша, Едігеден қатер күткен Тоқтамыс оны өлтірмекке бел буады. Алайда, той үстінде жасалмақ кастандық жәйін алдын ала біліп қалған Едіге сактық шарасын жасайды, ақыры өзін аңдыған тоғыз ер мен алпыс алыштың уысына түспей, сыйылыш қашып шығады. Сол бетінде Еділден өтеді, әйтсе де, қара үзіп ұзамай, «бір тіл алыш кетейін деп» күтіп жатқаны өткен әңгімелерде айтылды. Қуып барған Тоқтамыстың тоғыз ерінің арам пигылын сезген соң, Едіге әрі асып, Сәтемір (Ақсақ Темір) ханың құртына жол тартады. Жолда анан-мұнан құралып, он сегіз адам болады, сүйт жүріспен арып-ашып келе жатқанда, алыстан шатыр көрінеді. Едіге таз Қебеген болып шатырға барып, бұл – Сәтемір ханың қызын зорлықпен әкетіп бара жатқан Қабантын батыр екенін көріп, алыштың қырық қосшысына қосылып, қызмет істейді. Жол-жөнекей қыздың сырын біліп, жүрек тынысын табады да, арудың көмегімен Қабантын алышты қапысын тауып өлтіреді. Сөйтіп, жырдың баянында Сәтемір ханың ордасына қызын күтқарып, еңбегі сіңген батыр болып келеді.

Сәтемір хан ұлан-асыр той жасап, қызын некелеп, Едігеге қосады. Айы-күні жеткен соң Сәтемірдің қызынан Нұр әд-Дин деген шекесі торсықтай үл туады. Нұр әд-Дин он екі жасқа толғанда, асық атып ойнап жүріп, жіліншігін үзген бір қарт кісіден экесінің өз жүртynan

құылғанын естиді. Едіге оны қарттан естіген бойда ескі кек алу салтымен Тоқтамыстың еліне аттанады. Сәтемір ханның қосып берген үшсан әскері жорықтың қындығына шыдамай, кері қайтқан сапарында шөлден қырылғаны әлгі бір сәтте баяндалды.

Едіге мен Нұр әд-Дин ел шетіне келіп жетеді, әскер жиып үлгермеген Тоқтамыс хан ұрысуға әлі келмей, ордасын тастап, бой тасалап қашады. Қалған бейбіт ел қол қусырып, алдынан шығып, Едігенің билігін мойындейді. Едіге Тоқтамыстың көзін біржолата құрту үшін соңынан құғынға Нұр әд-Динді жібереді. Бұл екі арада Кең Жанбайдың азғыруымен, әуелгі мәмілені бұзып, Тоқтамыс ханның қолға түскең екі қызын бірдей өзіне әйелдікке алады. Қанжығасына Тоқтамыстың басын байлап келген Нұр әд-Дин өзіне тиесілі қалыңдығын әкесі алып отырғанын көргенде қатты қапаланады. «А!» дегенде Едігенің көзі шығады, «Иә!» дегенде қолы сынады. Бұдан соң Нұр әд-Дин жұртты екіге беліп, жартысын судың арғы жағына өткізеді. Арада біраз замана өткен соң әйелінің ақылымен Нұр әд-Дин қайтып оралады, әкесімен татуласады. Бұларды айтып отырған себебіміз, Едіге әпосындағы оқиғалардың түпнұсқасы бірізділікті байқататыны. Жырдың басқа бір нұсқасында былай айтылады: ... бұл кезде Тоқтамыстың жалғыз ұлы Қадірберді сұлтан қалған-құтқан жұртты қайта ұйыстырып ел қылады, өзі сол елге хан болады. Ата жауын іздел, ел шетіне келеді. Тапа-тал түсте ордаға кіріп, төрде жатқан Едігенің қеудесіне мінеді. Соқыр мүгедек Едігенің: «Кеудеме мінген кімсің?» деген сұрағына, «Қалған-құтқан ел болып, Қадірберді сұлтан хан болып, әуелгідей біздің жұрт туы желкілдеп шықты...» деген жауап береді де шығып кетеді. Бұдан соң Едіге де, оның баласы Нұр әд-Дин де құсамен өледі...



Едіге бидің күміс ақшалары.  
XIV ғасырдың аяғы.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### Ноғай Ордасының билері – Едіге ұрпақтары



Асан Қайғы.  
XV ғ.

*Еділ тоңса, кім кешпес,  
Едіге өлсе, кім бармас!  
Еділ тоңбас бұрын,  
Едіге өлмес бұрын!*

*(Халық аузындағы аңыздан...)*

Едіге 1419 жылы Тоқтамыс ханның ұлы Қадырбердімен өткен шайқаста қаза тауып, Маңғыт ұлысына оның ұлдары Мансұр, Қазы (кейір мәғлұмдарда Қажы Газиз – Ә.-Қ.), Наурыз билік етеді. Жазба деректерге қарағанда, Ноғай билеушілерінің ордасы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласында болған. Басқа бір мәліметтерге қарасақ, Едіге өлтірілгеннен кейін оның ұлдарының үшесі – Қазы, Наурыз және Мансұр Русь елін панаған да, Нұр әд-Дин мен Кейкуат Тоқтамыс ханның ұландарынан қашып, Башқұрт еліне өтіп кеткен (291,298; 96, 150-151; 99, 61).

Орыс және мұсылман елдерінің шығармалары Едіге бидің балаларының көп екенін де хабар береді.

Біз саралаған шетел тарихшыларының еңбектерінде Едіге бидің ұлдарының саны әртүрлі аталады. Мысалы, Қазан хандығының жылна- масында, оның отыз әйелінен 70 ұл туған, ал Румянцев мұражайының күнделігінде – тоғыз әйелінен 30 ұлы болды делінеді (292, 221). Араб тарихшысы ибн-Арабшах атақты «Бегілер beginің» белінен жиырма ұл шыкқаны, олардың бәрі де мемлекет басқарған қайраткерлер еді», - деп жазады (293, 343). «Едіге» дастанында оның өз аузымен 18 ұлы болғаны айттылады (182, 228-254). Жалайыри Қадыр-Ғали би «Жамиғ ат-тауарихта» Едіге бидің оғландарын былай жіктепті: «Нұр әд-Дин мырза, Қасым мырза, Сайд-Әли мырза, жас кезінде опат болған екеуінің аттары мәлім емес. Үл бесеуінің анасы бір еді. Омар Қожаның қызы, Бақтылы хатуннан туған еді. Сайд-Әли мырза да жасында өлді.

Кекуат [Кай-Кубад] – бұл Күбардин алибтің хатунынан туып еді. Ол Нұр әд-Динге тете еді. Мансұр би – бұл Құйыршық ханның қызы

Сүйду ханымнан туған еді. Қазы, Наурыз – бұл екеуінің анасы Қоңыратқауымының қызы еді, аты мәлім емес» (57, 163-165; 166-167). Одан әрі тарихшы сөзін жалғастырып: «Едіге биден соң Мансұр би болды. Ол атасының шаңырағында болды. Ол уақытта Едіге би тірі уағында Нұр әд-Дин мырза іш ауруы болып отыз жеті жасында опат болды. Мансұр би атасының ұлысын өзі биледі және қызырында оны Барак хан өлтірді. Онан соң Қазы мен Наурыз Барак ханмен соғыс қылды. Барак хан сол соғыста өлді. Ол ұлыста Мансұр бидің орнына Қазы би болды. Ол опат болғаннан соң Нұр әд-Дин мырзаның ұлдары Аббас, Уаққас, Хоразми бар еді. Нұр әд-Дин мырзаның ұлы Аббас би болды. Атасының інісі Қази би ұлысын ол биледі. Қырық тоғыз жасында Уаққас би опат болды.

Уаққастың ұлдары Мұса, Йамғұршы еді. Атасынан соң Мұса би болды. Ол ұлысты өзі биледі. Йамғұршы ағасының көзі тірісінде өзі би болды. Онан соң Хоразми би болды. Мұса Йамғұршымен бір анадан туған еді. Онан соң Йамғұршының ұлы Ағыш би болды. Сол ұлысты ол биледі. Онан соң Хасан би болды. Бірақ ұлысын Алшағыр (Тағир) мырза биледі. Хасан биден соң Мұса бидің ұлы Шидақ (Шайдак) би болды. Онан соң Шайх Мамай болды, Мұса бидің ұлы еді. Онан соң Мұса би ұлы Исмаил би болды. Содан соң билік бұл заманға дейін Исмаилдың ұрпағынан таймады. Бірақ өзгелері мәртебеден түсті» (56, 164-165). Сонымен, тарихшы Қ. Жалайыр Едігенің тоғыз ұлының атын атап, олардың бірсыптырасының аналарының атын көлтіреді.

Көрнекті Ресей тарихшылары В.В. Трепавлов пен М.А. Усманов шығармаларында Едіге бидің ұлдарының саны оннан аспағанын атап етеді (33, 90-97; 294, 83).


Ал енді бір деректерде Едігенің ұлдары деп Сұлтан Махмудтың, Мұбарак-шахтың және Қотыштың (бұның мұсылманша аты Құтлығ не месе Құтб әд-Дин болуы да мүмкін – Ә.-Қ.) аттары аталған (243, 180-182; 295, 153).

Қазақстанның халықжазушысы, белгілі шығыстанушы Қ. Салғараұлы «Қазақтың қылыштары» атты еңбегінде: «Едігенің өз кіндігінен бес бала. Олары: Нұреддин, Қазы, Мансұр, Қағбад, Наурыз. Осының соңғы екеуінің ұрпағы белгісіз. Бәлкім, ұрпақ қалдыра алмай ерте көз жұмды ма, ол жағы маған беймәлім» дегенді тіл ұшына алады (162, 102).

Кеңес тарихшысы М. Тынышбаев еңбегінде Едіге бидің бес баласының атын атап, түсін түстейді (96, 150), ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында бидің жеті ұлының есімдері көрсетілген, олар: Нұр әд-Дин, Қасым, Сайид Әли, Көкуат (Кей Куат), Мансұр, Қази, Наурыз (232, 345).

Қазақстандық ғалым М.А. Құл-Мұхаммед Шекті Мөңке биге қатысты мақаласында Едігенің кіндігінен туған үш ұлдың ғана есімін көрсетеді: «Нұраддин, Қасым, Сайид-Әли мырзалар» (58,251).

Көріп отырғанымыздай, Едіге бидің ұлдарының санын анықтауда зерттеушілер арасында бірізділік байқалмайды. Қолда бар деректерге сүйеніп, Едіге бидің ұрпақтарына қатысты генеалогиялық (ататегі) кестесін беруді үйгартық. Ең алдымен, Едіге мен оның ұрпақтарының ғұмырнамасын тиянақты зерделеген Кеңес тарихшысы М. Тынышбаевтың қолымен жасалған бидің генеалогиялық кестесіне үніліп көрейік (кестені қараңыз):



\* М. Тынышбаевтың жасаган кестесі, өзгеріссіз беріліп отыр (Ә.К.).

Бұған қоса зерттеуші Едігенің ұрпақтары жөнінде мынадай қосымша мағлұматын ұсынады:

- Едіге елгеннен кейін оның ұлдары – Нұраддин мен Қағбад Башқұрттарға кетіп, сонда қайтыс болғанға ұқсайды. Тоқтамыстың тұқымдарынан қашып орыстарға сінісп кеткен;

- Едігенің Мансүрдан туатын немересі Темір Қажы Тархандағы Қасым ханның немересі Кішік Мұхаммед ханның ордасында би болады. Қожас пен Оқас Әбу-л-Хайр ханның билік басындағы қызметкерлері есебінде жүреді. Бір себептермен Қожас немере ағасы Оқас биді (Нұраддиннің ұлы) өлтірсе, кейінірек Оқастың ұлдары Мұса мен Жаңбыршыдан Қожастың ажалы жеткен;

- Едігенің Оқастан туған шеберелері Мұса мен Жаңбыршы Ноғай Ордасында айтарлықтай рөл атқарды, әсіресе Мұсаның отыз ұлынан тараған ұрпақтарының беделі зор болды;

- Едігенің ұрпағы Орақ (Мұсаның ұлken ұлдарының бірі Әлшағырдан туады) атағы жер жарған батыр, әсіресе оның даңқы Сейдақ пен Шах-Мамай Ордада билік жүргізген тұста күшейді. Мұсаның тағы бір ұлы Шағым (дұрысы Шейх-Мұхаммед – Ә.Қ.) батыр Қазақ ханы Жәдікпен соғысып, Үргеніш қаласының маңында 1503 жылы қаза тапты. Ал Мұсаның енді бір ұлы Шейдақ немесе Сейдақ (Сейд-Ахмед - Ә.-Қ.) 1535 жылы Қазақтың ханы Ахмедті (бірсыныра дереккөздерде Қажы Ахмед деп жазылған – Ә.-Қ.) он бес ұлымен Сарайшықта ұстап отырған. Осы Қажы Ахмед ханды Орақ батыр өлтіреді;

- Шағым мен Сейдақ қайтыс болғаннан кейін, Ноғай Ордасының билігі інісі Шах-Мамайға көшеді. Шах-Мамайдан Орданы Қырым хандығымен жақындығы бар ағасы Жұсіп (оны орыс тарихшылары Юсуп деп жазады – Ә.Қ.) тартып алады. Осы Жұсіптің қызы Сүйінбике алғашында қазақтың ханы Жанәлидің эйелі еді, ол өлген соң Қазан ханы Сафа Герейге тиді, одан кейін Шейх-Әлиге күйеуге шыққан. Қазан қаласында Сүйінбике атына мұнара да түрғызылады. 1555 жылы Жұсіп бидің ажалына туажаты Алшы Исмайыл (орыс дереккөздерінде Измаил деп жазылған – Ә.Қ.) жетеді. Бұл Мұса бидің тоғызыншы ұлы. Осы Исмайыл Русь князьдарымен көп араласты, сауда-саттық жүргізді, сыртқы саясатында елшілер алмастырады, жалпы, Ресейлік саяси бағытты ұстаган. Исмайыл (1563 жылы) өлгеннен кейін, Ноғай Ордасында билікті оның ұлы Дін Ахмед жүргізді. Одан кейін Улкен Ноғай Ордасының биі болып Ормамбет отырды. Бұл эпостық жырларға арқау болған белгілі тұлға. Осы уақыттарда Азов (кейбір деректерде Азак – Ә.Қ.) теңізі жағалауын қоныстанған Кіші Ноғай Ордасының билігін

Орак батырдың ұлдарының бірі Қазы биледі. Бұл тарихнамада Қази ұлысы деп айдарланды.


Ноғай Ордасынан шашыраған кішігірім ұлыстары келешекте Қазак хандығына қосылады. Бір кездері олардың біi болған Естерек эпостық жырдағы «Ер Тарғынның» әкесі. Бұлар Едіге бидің ұрпақтары. Бұл кезенде ноғайдан қазақ бөлініп, өз алдына отау құрған еді. Әйтсе де, Ер Тарғынды ноғайлышың батыры деген орынды,-дейді М. Тынышбаев (96,150-151; 296, 78-79).

Бұлардың ішінен көп ұрпақ әкеліп, аты шулы батырларды, ел басқарған билерді, жестандай шешендерді берген Едіге бидің тұнғышы Нұр-әд-Диннен (1380-1417) туған Уаққас би (1398-1447). Оның ағасы Аббас биден (1396-1492) ұрпақ тарамаған тәрізді. Бұл 1447-1492 жылдар аралығында Маңғыт жұртының дана ақсақалы, төбе би i дәрежесінде жүрген. Ал інісі Уаққастың ұлдары Хоразми, Мұса, Жанбыршы, Хасан. Осылардың ішіндегі атақтысы Мұса хан (1427-1502 жж.), Ноғай Ордасын елу жылдай билеп-төстеген, оның отыз ұлы болған дейді тарих көздері. Осы арада, Мұса би Уаққасұлы Кіші жұздегі Алты аталы «Алым» ұлысның ұранға шыққан батыры, ері Шекті руының белгілі биi Бақтыбайдың арғы атасы болып келетінін еске сала кеткен жөн (99, 66). Тарих беттерінде әлгіде айтылған Уаққастың төрт ұлы, Мұса бидің «отыз ұлынан» сегіз ұланы және Фатима атты қызының есімдері түзілгенін көрдік (292, 221-283).

Тақырыбымыздың біr жақты болмауын ойлап, Ресейдің көрнекті тарихшысы В.В. Трепавловтың көп жылғы зерттеулеріне де көніл аударып, Ноғай Ордасын билеген Едіге ұрпақтарының генеалогиялық шежіресін оқырмандарға бере кетейік. Ғалымның шежірелік кестесі төрт бөлімнен тұрады:

- Алтын Орда мен Үлкен Ноғай Ордасын, Қырым, Астрахан және Өзбек хандығын билеген Маңғыт бектері (1-кесте);
- Маңғыт жұртынан (Ноғай Ордасы) шыққан билік әuletінің шежіресі (2-кесте);
  - Исмаил бидің ұрпақтары (2-кестенің жалғасы);
  - Шейх-Мамай бидің ұрпақтары (немесе оның Алты ұлының) шежіресі (2-кестенің жалғасы);
  - Кіші Ноғай Ордасы билері мен мырзалары (3-кесте).

**Алтын Орда – Улкен Ногай Ордасын, Қырым, Астрахан және Өзбек хандығын билеген Маңғыт бектері**



**Нүр әд-Дин** – Алтын Орданың begілербебі


**Темір** – Улкен Орданың begілербебі

**Уаққас** – Өзбек хандығының begілербебі


**Теніш** – Қажы Тархан хандығының begілербебі



**Бақи** – Қырым маңғыттарының Қараша begі (XVII ғасырға дейін).

## Маңғыт жұртынан (Ногай Ордасы) шыққан билік дүлетінің шежіресі



### Исмайыл бидің ұрпақтары



*Шейх-Мамай (Алтын) бидің ұрпақтары**Кіші Ногай Ордасы билері мен мырзалары*

Қази – Кіші ногайлардың биі

Сайын – Кіші ногайлардың мырзасы

Артынан қайталап жатпау үшін, Ноғай Ордасының билік жүйесіне қатысты мына жәйттерді айта кету ләзім. XV ғасырдың екінші жартысында Едіге ұрпақтарының ортаңғы легі билік құрған тұста Ноғай Ордасының аумағы айтарлықтай кеңейіп, қуатты мемлекетке айналды. Орыс дереккөздерінде Ноғай Ордасының билеушілері «бектер» (орыс құжаттарында «князь» аталуы 1502 жылы Уаққас бидің ұлы Мұса хан (Шығыс елдерінің шығармалары мен дастандарында ол көбіне «хан» аталаған жүр – Ә.Қ.) қайтыс болғаннан кейін басталады. Көп ұзамай інісі Хасан би де (1506-1508 жж.) дүниеден озды. Ұлыстың шығыс бөлігін Мұса мен оның інісі Жанбыршы бірлесіп басқарса, Хасан ұлыстың батыс бағытында билік жүргізіп отырды.

Бұдан соң «бек», «би» лауазымын иеленген Мұсаның ұрпақтары XVI ғасырда өмір сурген Әлшағыр, Сейд-Ахмед (Сейдақ, Шидак) пен Шейх-Мамай (Шейх-Мұхаммед) мырзалар екені белгілі. Жусіп және Исмайыл билердің тұсында Ноғай Ордасы саяси бытыраңқылыққа ұшырайды. Исмайылдан кейін билік басына келген, оның ұлдары: Дін-Ахмед (1563-1578), Ұрыс (1578-1590) Үлкен Ноғай Ордасын биледі. XVI ғасырдың соны мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде Дін-Ахмед ұлдары: Ормамбет (1590-1598), Естерек (1600-1619) және Исмайылдың немересі Дінбайдың ұлы Қанай билік етті (291, 298). Ноғай Ордасы дағдарысқа ұшыраған 1550 жылдары оның құрамынан Кіші Ноғай Ордасының негізін қалаушы Қази ұлысы бөлініп шықты. Оның қамтыған жерлері Солтүстік Кавказдың далалық алабы мен Еділ, Дон өзендерінің аралығы еді. Ұлыс «Кіші Ноғай Ордасы» аталды. Орданың аймағы әрдайым Қырым хандығының сыртқы саясаты мен Русь мемлекетінің Солтүстік Кавказ бағытында жүргізген қысымына ұшырап отырды. Үлкен Ноғай Ордасының соңғы билеушілерінің бірі Естерек би Москва билігіне тәуелді болғандықтан, Кіші Ноғай Ордасын әлсіретуге күш салғанмен, оны бағындыра алмады. XVI ғасырдың екінші жартысында Ноғай Ордасының шығысында және бір орда пайда болды. Ол Алтың (Шейх-Мамайдың алты ұлының қарауындағы ру-тайпалар) Ордасы немесе Жембойлық Орда деген атаумен тарих сахнасына шықты. Алты ұл ұлысы немесе келешектегі Кіші жүздің Алты аталы «Алым» ұлысы Арап өнірін қамтып, Хиуа хандығымен тығыз байланысқа тұсті. 1570 жылдары Алты ұл Ордасын Қазақ ханы Хақ-Назар өзіне бағындырады.

Кезегі келіп тұрғанда, Ноғай Ордасының билік жүйесін бірер ауыз сөзбен толықтыра кету жөн сияқты. Негізінен Ноғай Ордасында билік жүргізу құзыры Едіге ұрпақтарының қолында топтасты. Ордадағы бас билеуші бек немесе би лауазымын иемденгені әлгіде айтылды (291,

298). Ноғай ұлыстарының ішкі құрылымы, басқару жүйесі Шыңғыс хан империясының тәсілімен көшпелі мемлекеттер сияқты орта, оң және сол қанат болып қалыптасты. Шынтуайтында, осылай қоныстану – Шыңғыс хан империясының орналасуына сәйкестелінген. Мысалы, жау бір қанаттан тиіссе, алдынан екі лек тосқауыл қойылатын-ды. Ал ортадан киліксе, екі қанатпен кусырып қоршап алуға қолайлыш болған. Елдің орналасу тәртібі далалық өмірде әбден сыйналған тәжірибе десек, ал Ноғай Ордасының ішкі басқару жүйесі бұрын-соңды болмаған сонылықты (жаңалық) енгізді.

Олай дейтініміз, басқару жүйесіне негізделген би, нұрадын, кейкуат, тайбұға, қара-дуан, тоқа-дуан, мұндай атаулар ғұнда да, түркілерде де, Шыңғыс хан империясында да, тіпті өздері аралас-құралас, көрші отырған Алтын Ордада да бұрын-соңды кездеспейді. Бұл орайда айтайық дегеніміз, ноғайлар тың үрдіспен ерекше билік жүйесін өмірге әкелді.

Әлбетте, Ноғай Ордасының жоғарғы билеушісі би деп аталды. Оған халық құрылтайында сайлану арқылы қол жеткізетін. Бидің билік жүргізу мерзімі уақыт жағынан шектелмеген секілді. Билер тақтан не өліп, не қуылып қана кеткен. Әдетте, биді сайлаушылар рулар мен ұлыс өкілдері деп түсініп келдік. Ноғай Ордасының кейінгі кезеңін қамтитын деректер басқа құбылыстарды да еске салады. Дін-Ахмед би өліп, орнына оның інісі Ұрыс би сайланарда (1578 ж.) «барлық ұлыстың мырзалары және қолбасылары мен қара халық жиналды» деп жазады Ресей тарихшысы В.В. Трапавлов (33, 545). Демек, құрылтайға бүкіл халық жиналғаны шинайы демократиялық үрдістің нышанын байқатады. Басқаша айтқанда, ұлысбасы мырзалардың халыққа ықпалы күшті болғаны, сайып келгенде, солардың дегендері жүзеге асқаны көрінеді. Ноғайлардың төбе би Сарайшық қаласында тұрып, тек жазғы айларда жайлауға шығатын. Бидің құқы күшті болғанмен, шектеусіз емес еді. Маңызды мәселелер бойынша мырзалармен кеңесіп барып шешім қабылдайтын. «Биге кәрі мырзалар ағасындей, жас мырзалар экесіндей бағынды», - деген ғалым Б.-А.Б. Кочекаевтың сезі құптауға ылайық (101, 39).

Ноғай Ордасында жоғарғы лауазымды қызметкө тағайындау бидің құзырында болғанмен, ұлыстағы көші-қон жерін және мырзалар қарамағындағы ел-жүртты анықтау би кеңесінде шешілетін еді. XVII ғасырдың басында тайпа, руларды басқарушылардың беделі арта түскені байқалады (106, 21).

Биден кейінгі екінші қызмет иесі – нұрадын лауазымды тұлға. Бұл атаудың шығу төркіні Едігенің тұңғышы Нұр әд-Дин атымен байланысты екені дау тудырмайды. Оның негізгі міндеті – Орданың оң қанатын, яғни Еділ бойы мен Қырым жақ бетті жаудан қорғау.



Ноғай ауылдарының көші.  
А. Олеарияның суреті.

Дәстүр бойынша, Едіге Жайыққа көшкенде, оның ұлы Нұр әд-Дин жасағымен Еділдің жайылма сулы, оты шүйгін, әрі жайпак оң қанатын ұзына бойына жайлап жататын. Ноғайлар Қырыммен бәсеке бол, үргін-сүргінді ғұмыр кешкенін де жасыруға болмайды. Еділ жағалауы негізінде Нұр әд-Дин мырзаның иелік ететін жерлер еді. Ал тайбұқа Башқұрт және Сібір аумағын иемденсе, кейқуат Жем өзені бойына билік жүргізді. Осындағы аймақтарға бөліп басқарудағы басты мақсат Ноғай Ордасын біртұтас мемлекет ретінде сақтап тұру. Мысалы, XVI ғасыр сонында Сібір аумағын қолынан шығарып алған тайбұқалықтар өздерінің әулеттік рөлімен қош айттысты.

Ноғай Ордасының алғашқы кезеңінде: «Би өлген жағдайда ұлken ұлы әке орнына би сайланып, екінші ұл – нұрадын лауазымын иеленетін болған», - дейді бір зерттеуші (69, 140). Ноғай билеушілерінің алғашқы қарымы – Едіге мен оның ұлдарына қатысты айтылған бұл пікір, қазір біршама нактылауды қажет етеді. Ноғайларды алғашқы билеушілер кезінде билік жүйесі әлі бір ізге түсіп, жора-жолғылары анықталған коймаған тұғын. Ноғайлардың тізгіні Нұр әд-Дин ұлы Уаққас би қолына көшкен тұста, бұл іске біршама өзгерістер енгізілді. Уаққас өлгенде билік оның ағасы Аббасқа тиді, Аббас ұлкейген соң, тізгінді інісі Уаққастың баласы Мұсаға, Мұса қартайғанда – інісі Жаңбыршыға береді. Бұдан кейін Мұса ұлдары, алдыңғы сәтте, ағалық-інілік жолмен кезектесіп билеп тұрды. Ноғайлардың билік жүйесінде қалыптасқан жөн-жоралғы негізінде: билік ағадан ініге ауысып отыратын. Бұл жүйе «сарқылып» біткенде келесі буынның ұлкенине, яки ұлken ағаның ұлken ұлына ауысатын дәстүр бар. Жөн-жоралғы осылай болғанмен, құрылтайда бас қосқан халық таңдауы – бұл негізді өзгерітіп жіберген кездері де кездеседі. Ноғай Ордасының айнала төңіректегі мемлекеттік құрылымдардан басты айырмашылығы – билік жүйесіне Шыңғыс хан

ұрлактары қатыстырылмаған, жергілікті халықтың өзі құрып, өзі билеген саяси құрылыс болғандығында және оның тыныс-тірлігінде дала демократиясының озық үлгілері көрініс тапқаны таңғалдырмай қоймайды (106, 21-22; 33, 91; 297, 34-35).

Ноғай Ордасындағы үшінші лауазым иесі ретінде кейқуат қызметін атқарған адам танылды. Оның басты міндепті сол қанатты сыртқы жаулардан қорғау. Сол уақыттағы геосаяси құбылысқа жүгінsek, Ноғай Ордасының сол қанаттағы иеліктерін Орта Азия халқы қалқалап тұрғандай. Бұл қызметтің аты да Едігенің бір баласы Кейқуатқа тіреледі. Олай болса Едігенің Кейқуат атты ұлы өмірде болған кісі және Орданың шығыс жақ бетін билеген болып шығады.

Ноғай Ордасындағы тағы бір лауазымды қызметті тайбұға атқарған. Русь құжаттарында ол үнемі төртінші болып аталып келген. 1626 жылы Орыс патшасы ноғайларға арнаулы сыйлық жібергенде: биге – 54 рубль, нұрадынға – 36 рубль, кейқуатқа – 34 рубль, тайбұғаға – 28 рубль деп атақ-лауазымдарын нақпа-нақ көрсетіп жазған-ды (298, 440; 106, 22). Бұл арада бір ескеретін нәрсе, Ресей мұрағаттарындағы жинақталған құжаттарды сараптап, ғылыми айналымға енгізген тарихшылар бұл лауазымды қызметті атағаны болмаса, бұның шыққан төркіні туралы пікір айтпайды. Біздің ойымызша, «тайбұқа» - Сібір хандығына шайбанилер үстемдік еткенге дейінгі Керей хандарының әулеттік атауы секілді. Бұған қарап, «тайбұға» қызметі тек Сібір хандығына ғана қатысты пайдаланылса керек.

Ноғай Ордасындағы маңызды мемлекеттік істерді шешетін жиын «қарадуан» аталды. Бұл жиынның басы-қасында жүретін кеңсе басшысы да «қарадуан» делінетін. Ақсүйектер өкілінен тұратын бұндай алқалы топ жиыннанда орданың ішкі және сыртқы саясатын реттеуге тайпа және ру басылары қатыстырылатын еді. Бұл жиындарды XV ғасырдағы ноғай жырауы Қарға бойлы Қазтуған былай ауызға алады:

«Тоқсан баулы ногайлар  
Мәслихат тәбе басында  
Жиылып, кеңес құрады  
Темірдің төмен қасында.  
Жем өзенінің жағасы  
Мекен еткен қаласы.  
Он сегіз күн кеңесті  
Ногайдың сонда баласы» (149, 236; 296, 30).

Мәселен, Сейд-Ахмед (Сейдак, Шидак) бидің тұсында (1536 ж.) осы «қарадуан» туралы мәліметтер орыс құжаттарында тіркеліпті.

«Қарадуанда» елшілікті қабылдау, елшілікті жабдықтау, билердің шаруашылығы, қаржы ісіне жетекшілік жасаушылардың жұмысы, кеңселік қызмет атқару және салық жинаушы даруғалардың жұмыстары пысықталатын болған.

Кеңсе басшысы «қарадуан» бидің бірінші уәзіріне ұқсас міндет атқарды. Бұған мынадай мысал қелтіруге болады. Сейдақ би 1536 жылы Рұсь елшісін қабылдағанда өте күрделі халықаралық мәселеде «Барак қарақшылығы» туралы «қарадуан» егжей-тегжейлі түсінік беріп, орыс тұтқындарын қайтару мәселесінің қыр-сырын ашқан. Ресей мұрағаттарында сақталған құжаттарда: «қарадуан» бірде Москваға құн даулаған елшілікті бастап барып, 200 мың алтын төлем алып қайтқаны жазылыпты (106, 22; 291, 299).

Осы кеңсенің тағы бір жауапты қызметкері «тоқадуан» лауазымының иегері. Ол биліктің ішкі шаруасымен шұғылданып қана қоймай, биге баратаң елшілерге қабылдау кезіндегі рәсімдерді де түсіндірген. Мысалы, 24 қазан 1536 жылы Сейд-Ахмедке берілген қуәлікке сол тұста «тоқадуан» міндетін атқарған Шейх-Мамай мырза «Ұлы тоқадуан» деп белгі соғып, қол қойған. Кеңсе мүшелеріне берілетін би жарлықтары да осы «тоқадуан» арқылы жүзеге асқан. Оның билік дәрежесінің молдығы соншалық – Сарайшықтағы орыс елшілігінен келген жаушыны (елшілік қызметтегі) бимен ақылдаспай, өз еркімен қайтарып жіберген кезі де болыпты.

Орда жерін басып өтетін сауда керуендерінен салық жинау ісін «қарадуанға» бағынышты «тоқадуан» атқарған. Ал қаржы айналымына ордада «қазынашы» жауап берген. Соңғы лауазым иелеріне абыздар, бақсылар, моллалар және елден салық жинайтын даруғалар бағынды.

Сарай жанында Би кеңесі жұмыс істеді. Оның құрамында қарашалар, қызметтерінен кеткен бұрынғы ұлыс басшылары және рубасылары кірді. Ноғай Ордасында ұзак уақыт болған орыс елшісі Данило Губиннің Москваға хат арқылы: «Ірі рулардың қарашалары биді тастан кетті» (әңгіме Сейд-Ахмед би туралы болып отыр – Ә.К.) деген хабарынан қарашалардың – жергілікті ру көсемдерінің билік жүйесінің салмақты бір тармағы екенін аңғартқандай.

Ноғайлардың билік жүйесінде қарашалардың рөлі өте маңызды болды. Олар ру-тайпаның жоғары тобынан шыққан адамдар еді. Сонымен қатар «Қара ұлыс адамдары» деген топ та аталады. Бұлар Ноғай Ордасының басым көпшілік халқын құрайтын қарабайыр көпшілік болсадағы, «ұлыстағы артықшылығы бар адамдар тобы» деп аталатын кісілер мырзалардың және бидің негізгі тірегіне саналды.

Мырзалар «ұлысы барлар» және «ұлысы жоқтар» деп екіге бөлінді. Яғни, ұлысы жоқтары тұрмыстық, шаруашылық істерін ретке келтіру үшін

әскери қызметтер атқарды. Олардың әскери қызметке араласатын адамдары «некерлер» деп айшақталды.

Ноғай Ордасында мемлекеттік дін – Ислам діні еді. Ислам шариғат зандары көшпелі тайпалардың өміріндегі әдет-тұрып, дәстүр қағидаларымен қабыстырылып отыратын.

Алқалы жиында, биді төңіректеп жайғасуда үлкендік-кішілік жөнжосық тәртібі қатаң сақталды. Жарты шеңбер тәрізді бірінші қатарда кеңес мүшелері, билік тетігі қолдарындағы жоғары мансап иелері отырды. Екінші шеңберді бидің қызметшілері, сарай төңірегіндегі ақсүйектер мен іргелі қауымдардың рубасылары – қараашалар құрады. Көкейтесті мәселе туралы сез сөйленді, би бәрін де мұқият тыңдал, ұсыныстарды дауысқа қоятын. Әрдайым, шешім дауыстау арқылы макулданды. Ал келісім бермей, қарсы болғандар орындарынан тұрып, оңашаланып бөлек отыратын (106, 22-23; 299, 13-27).

Ендігі әнгімемізді Едіге биден өрбіген елінің үйітқысы – әрі батыры, әрі көсемі, әрі шешені, әрі Ноғай Ордасын жүз отыз жыл билеген ұрпақтарының ғұмырнамасына үçіліп, олардың іс-әрекеттерін, шамамыз жеткенше, баяндан өтейік. Бағасын оқырмандар бере жатар.

Тағы да Қадыр-Фали би Жалайырдың «Жамиғ ат-тауарихында» жазылған «Едіге би дастанындағы» оның ұлдары: «Нұр әд-Дин мырза, Қасым мырза, Сайд-Әли мырза...» делінетін деректерге сүйенеміз (55, 118; 57, 164). Нұр әд-Дин мен Кейқуат (Кай-Кубад) әкесі тірі кезінде билікке тартылып, Ноғай Ордасының алдыңғысы сол қанатын, соңғысы – оң қанатын басқарғандықтан, әрі Кейкуаттың Нұр әд-Динге тетелес екенін ескеріп, бұл екеуі Едігенің ұлдарының жасы үлкендеріне жататыны байқалады. Асылы, бидің тұңғышы ұлыстың сол қанатына, оған тетелес екінші ұлының – оң қанатты басқаруы Шыңғыс хан империясында қалыптасқан дәстүрді Ноғай Ордасының билік жүйесі де қабылдады деп қарауға тұрады.

Хош, сонымен баянымыздың төрінде Нұр әд-Дин мен Кейкуат тұрмақшы.

### §1. Нұр әд-Дин, Кейкуат

Жоғарыда аты аталған К. Жалайырдың шежіресінде Едігенің тұңғышы Нұр әд-Дин жөнінде: «Ол уақытта Едіге би тірі уағында Нұр әд-Дин мырза іш ауруы болып отыз жеті жасында опат болды», - дейді



Ноғай ауылдарының қысқы көрінісі

де, ал Кейқуат туралы: «Көкүат (Кай-Кубад) – бұл Кубардин алибтің хатунынан туып еді. Ол Нұр әд-Динге тете еді», - деп жазылыпты (57, 164). Осыған қарағанда Кейқуат жас жағынан Едігенің екінші ұлы болмақшы. Тарихшы ол жәнінде бөтен тіс жарып ештеңе айтпаған.

Басқа бір көмекслеу деректерге сенсек, Едіге өлгеннен кейін оның ұлдары Нұр әд-Дин мен Кейқуат Дешті Қыпшақта тұрып қалған да, ал Қази, Наурыз және Мансұр Тоқтамыстың тұқымдарынан қашып Русь жерін паналяған (33, 92).

Ахсикенти шежіресінің хабарлауынша, Кейқуат Жанбыршымен бірігіп Темір Мәлік ханың ұлы Поладты таққа отырғызыған адам және аталған тұлғалармен бірлесіп Тоқтамыс пен Манасқа қарсы жорық ұйымдастырады (54, 40-43; 33, 92; 106, 75-76). Бұл арада шежіре қателіктерге бой ұрады. Себебі, Полад сұлтанның Темір Мәлік Ұрыс хан ұлына жақын туыстық қатынасы жоқтығы ескерілмеген. Екіншіден, сұлтанның ата-тегін Әбілғазы шежіресі былай келтіреді: Полад ол Мин-Темірдің, ол Бадақұлдың, ол Жошы Бұғаның, ол Бағадур ханың, ол Шибан ханың, ол Жошы ханың, ол Шыңғыс ханың ұлы (301, 187; 33, 92). Бұған тағы мынаны қосса: Маңғыт мырзасы Жанбыршы Уаққас ұлы XV-XVI ғасырдың түлегі, олай десек, оқиға Тоқтамыс ханың қазасынан кейін жұз жыл өткенде орын алған, ал Манас болса бұл тарихтағы тұлға емес, аныз, жыр-дастанның кейіпкері екені белгілі.

Міне, бұдан шығатын қорытынды, оқиғаның шындықтан алшақ жатуы. Дегенмен де, Шыңғыс Дештіде Тоқтамыс ұрпақтары мен Едігенің ұлдарының арасында соғыс өртінің жи шығып тұрғаны, оған Кейқуаттың араласуы әбден мүмкін. Жылнамашы Ахсикентидің жазуынша, Кейқуат Сырдария өзеніне батып өлген, яғни бұл «Тұран» жері екені белгілі. Бұны қаперімізге алып, XV ғасырда Шыңғыс Дешті Қыпшақта Кейқуаттың Ноғай Ордасының сол қанатын билегенін, оның ұлысының Жем бойы мен Орталық Қазақстан жерлерін жайлағанын да жоққа шығаруға болмас. Оған тағы бір дәлел. Сол кезден бастап Орданың сол қанатын басқарған қызметкердің «кейқуат» лауазымын иемденуі де Едігенің екінші ұлы Кейқуаттың нақты өмірде болған тарихи тұлға екенін көрсеткендей.

Ноғай Ордасында үшінші дәрежелі лауазым «кейқуат» болғанын, оның шыңғыс шекараны қорғауға жауапты мырзаға берілетінін жоғарыда атап өттік. Бұндай шендік дәреженің Кейқуат есіміне орай пайда болғаны басқа пікір тудырмаса керек. Осыдан Едігенің Нұр әд-Диннен кейінгі ұлы Кейқуат Орданың шыңғыс шекарасын жаудан қорғап тұрған деп тұжырымдауға негіз бар (106, 76; 302, 62-64).

Тағы бір қызығы, ноғайлардың және қазактардың дастан-жырларында Едігенің осы ұлы жағымсыз кейіпкер ретінде суреттеледі.

Дастандардың бірінде Кейкуат Тоқтамыс ханның кіндігінен шыққаны, Едіге өз баласы қылып бауырына басқаны айтылған. Ол ержеткен соң Едігенің тұңғышы Нұр әд-Динді қастандықпен өлтіретіні, осы кінәсіна бола Едіге оны өлім жазасына кескені баяндалыпты (221, 313).

Мәшүүр Жұсіп Көпееев елдегі көне көз қариялардан жазып алғып, ғылыми айналымға енгізген «Ер Едіге» атты аңыз-әңгімесінде Кейкуатқа байланысты мынадай әңгіме түзіледі: «...бұл (Едіге – Ә.К.) Түркістанды шауып, талап жатқанда Тоқтамыстың бір құні жас босанып, бір ұл тауып жатыр екен. Ер Едіге соны көрген соң:

- Байғұс, мұсәпір балаңды өлтіріп алма, - деп, құлындаған құлық биені беріп кеткен екен. Сол биеден тұған құлын ат болып, құңнен тұған ұл азамат болып және сол балаңың аты Кейкуат болып, Едігенің қарт басқан кезі болып, жалғыз баласы Нұралы қайтып қарасын көрмestей болып кеткенін әбден біліptі.

Тоқтамыстың кегін Едігеден алу үшін Кейкуат атқа мінді дейді. Сонда Едіге мен Кейкуат кездесіп қалғанда Едіге сөйлеген екен:

- Әй, бәрекелді-ай!  
Қап, әттеген-ай!  
Кұлықтан тұған құлаша  
Ат боларын білмедім.  
Кұңнен тұған Кейкуат  
Жат боларын білмедім.  
Кұлық тұған құлаша  
Ат боларын білгенде,  
Кұңнен тұған Кейкуат  
Жат боларын білгенде,  
Ноқтада басын кеспес не ем,  
Жөргекте көзін теспес не едім, -

деген екен. Сонда Кейкуат: - Мен шаранада жатқанда шешеме: «баланды өлтіріп алма» деп құлық бие берген екенсің. Қартайған екен ғой деп корлап, саған қару жұмсамаймын. Қатын болсан, қүле-қүле жүрерсін, ер болсан, шабынан жарылып өлерсін, - деп жүре берген екен дейді» (266, 64-65).

Міне, осылардан бөтен жазба шығармаларда Кейкуат туралы жартымды ештеңе айтылмайды. Тарихшы В.В. Трепавловтың пайымдауынша, Кейкуат саяси сахнаның төрінде көп із қалдырмай, далалық жанжалдардың бірінде жас шағында көз жұмған секілді (33, 93).

Едігенің тұнғышы Нұр әд-Дин ноғай-қазақ жыр-дастандары, аныз-әңгімелері мен ертегілерінің сүйікті кейіпкері деу ләзім. Бұның есімі тарихнамада да аз-маз қамтылғанмен, жыр-дастандарда Едіге сөз болған жерде, Нұр әд-Диннің де аты қоса қабат айтылып отырады.

Нұр әд-Дин де інісі Кейқуат секілді, көп өмір сүрмеген. Қ. Жалайыридың айтуынша, 37 жасында әкесі Едігенің тірі кезінде қайтыс болған. Сондықтан оның туған, өлген жылдарын шамамен 1380-1417 жылдардың аралығы деп топшылауға иек артайық. Ауызша және жазба деректерде Нұр әд-Диннің шешесінің аты-жөні көрсетілген. Ш. Уәлихановтың еңбегінде оның шешесі болып, Тоқтамыс ханың қызы Жәнике аталған. Ал Самарқандидің мәлімдеуінше Жәникенің туған ұлының аты Сұлтан-Махмұд. Ноғай фольклорында, Нұр әд-Диннің шешесі Бұлғар қаласының белгілі адамы әл-Ғұмар қызы Айтола деп жазылады. Қадырғали би Қосымұлы Нұр әд-Диннің туған шешесінің аты – Бақтылы Омар қожаның қызы деп нықтайды (57, 164; 106, 71; 243, 180).

Едіге би өзінен туған екі ұлды билік тармағына койып, Алтын Орданың тізгінін уысында мықтап ұстағаны әлгіде айтылды. Ұлдарының қарекетіне сенген Едіге Алтын Орданың Шыңғыс тұқымдарынан шыққан хандарын ез қолымен сайлап, жақпағандарын ауыстырып отыратын еді. Екі беттегі шекарасын мықтап алған «Бегілер бегі» Әмір Темірдің (1391 жылғы және 1395 жылғы) ойрандарынан кейін, Алтын Орда хандығының әлсіреген тұсында, таққа оралған Тоқтамысқа (1396-1397 жылдары) мынадай шарттар кояды: «Еділдің бір жақ жағалауындағы жерлерді маған бер де, маған келген қара халықтан, жетім-жесірлерден алым (салық) талап етпе» (33, 76). Тоқтамыс бұл айтқандарға келісіп, шартқа мойынсұнып, Едігеге сұраған жерлерін береді. Еділдің он жағасына орнықкан Едіге ұлы Нұр әд-Динге сұрапыл соғыстан шаршаған әрі салық толемейтінін естіген жұрт шұбырып келе бастаған. Осыдан кейін Тоқтамыс қарамағындағы жұрттың саны алты есеге дейін кеміп кеткені айтылады (303, 37; 304, 61; 33, 76).

Едіге өзінің көрегендігімен Еділ бойындағы елін алым-салықтан босатып, Алтын Орданың шығыс жақ бөлегіне екінші ұлы Кейқуаттың билігін орнатып алған соң, енді Жошы ұлысының Мәуереннахр аймағында халқының бейбітшілігімен қатар санының өсуі және жайылым-шалғын жерлерін шұрайлы қоныстармен молайтуды көздейді. Бұған қоса Едіге жасөспірімдерді шет елдерге сатуды тоқтатқызды. Мұның өзі Сирия мен Египет елдеріндегі базардың асқындауына қойылған тосқауыл танылып, жұрттың көңіл-куйіне, түрмис-тіршілігіне жағымды әсер етті.

Осыдан біраз жыл өткенде, Қарақалпақ дастаны, Маңғыт жасақтарының Еділді кесіп өтіп, ұрланған жылқыларын қайтарып,

Тоқтамысты талқандағанын көтеріңкі шабытпен жырлаған. Бұны байыбында ұстаған кейбір тарихшылар, Едігенің ұлы Нұр әд-Диннің Тоқтамыстың ордасын шауып, өзін өлтірді деп хабарлайды (303, 38-39).

Жалайыр би де бұл оқиғаны былай хаттапты: «...Едіге Кішік ұлы Нұр әд-Дин қосымша әскер ертіп, қарауылды ғапыл қалдырып, әуелі Йетим баңадурді өлтірді, онан бәрін ғапыл қалдырып өлтірді, хан нөкерлері ғапыл еді, оларды да опат қылды. Барлық жан-жануар өліп, өзінің иесіне оралады!» (57, 161). Ал тарихи дереккөздер бойынша Тоқтамыстың 1406 жылы Едігенің немесе Шәдібек ханның қолынан ажалы жеткені түзілген (22, 202-203).

Бұны естерінде бек ұстаған Нұр әд-Дин мырзалары Рұсь княздарына жолдаған хаттарында аталарының Еділ бойын қылышы мен найзасының ұшынан қанын тамыза отырып, Тоқтамыстан тартып алғанын айтудан жалықпайтын. 1562 жылы Ноғай Ордасының биі Исмайыл Ресейге жазған бір жолдамасында Еділ мен оның Бозан сағасындағы жерлерді аталары Едіге мен Нұр әд-Дин мырзаның иелігіндегі қоныстар екенін есіне алады. Еділдің сол жақбетін жайлаған Едігеби алғашқы жылдардың өзінде-ак Маңғыт ұлысының шекарасын батысқа жылжытуға күш салады. Оған Исмайылдың 1560 жылы Рұсь патшасына жолдаған хаты куәлік еткендей. Мұның айтуынша, аталарының қонысы (Едіге мен Нұр әд-Дин) үш өзеннің бойына орналасқан: Еділ, Жайық және Жем. Шамамен, осы мезгілде географиялық ұғымдар енгізіліп, Маңғыт ұлысы екі қанатқа: оң мен сол болып бөлінеді. Ұлыстың оң жақ беті, батыс қанаты Нұр әд-Дин Едіге ұлына, ал сол жақ беті, шығыстағы жерлер begilerbektiң өзіне қалдырылады. Уақыт өте Ноғай Ордасы мемлекеттік сипат алып, орнықсан мезетте, Нұр әд-Дин аты да оқшауланып, ұлыс билеушісі және оң қанат жасақтарының әскер басшысы дәрежесіне көтерілді (305, 49; 33, 79).

Әкесі мен баласы арасындағы билік дәрежесін бөлісудің қағидалары да белгіленген, олар орыс-ноғай қарым-қатынасы түзілген құжаттардан анық көрінеді. Орыс патшасына жолдаған 1562 жылғы қатынасында Исмайыл би: «Еділ мен Жайық екеуі де менің аталарымның ежелгі қонысы, атамыз Едіге Жайықтың бойын жайласа, Нұр әд-Дин мырза Еділге қонған», - дейді. Бір қызығы, хаттарында Нұр әд-Дин жайлаған Еділдің бойындағы жерлерді ешбір айна-қатесіз көрсетіп отырган. Мысалы, «Еділдің бойымен оның бір сағасы Бозан өзеніндегі Қарашықтан Құлетқайыр жылғасына дейін 66 қоныс менің аталарым: Едіге би мен Нұр әд-Дин мырзаның иелігіндегі жерлер», - деп тізіп береді. Осыдан екі жыл өткенде жаңа сайланған би Дін-Ахмед Исмайыл ұлы Рұсь патша-

сы IV Иванға: «Бозанның екі беті де менің атам Нұр әд-Дин мырзаның қонысы еді», - дей келіп, осы жерлерді қайтарып беруді сұраған (33, 78).

Қорыта айтқанда, Алтын Орданың «Бегілер бегі» Едігенің жауапкершілігі мол, мемлекеттік істермен шұғылдануына орай, ата жұрты Маңғыт ұлысын, Шыңғыс ханың тәслімен, үлкен ұлдарына бөліп берген тәрізді. Билік басындағы ұлдарының жасы үлкені Нұр әд-Диннің орыны ерекше болғанға ұқсайды. «Едіге» жырының бір нұсқасында ол жұртын әкесі өлгеннен кейін биледі десе (306, 16; 307, 229; 222, 32), ғылыми басылымдарда Нұр әд-Дин Ноғай Ордасын 1426-1440 жылдары биледі деген тұжырым айтылған (132, 228; 308, 182; 101, 19; 309, 465; 310, 143). Ал ортағасырлық шығармалардың авторлары бір ауыздан Едіге (1419 ж.) өлгеннен кейін, Орданы билегендер Мансұр мен Ғази деп көрсетеді (33, 92). Бұған қарап, ғалымдардың басым көпшілігі Нұр әд-Дин билікке әкесінің көзі тірісінде араласқан деген пікірді жақтайды (33, 82).

Алайда Едігенің қартайған шағында тұнғышы Нұр әд-Динмен екеуінің ортасында саяси көзқараста түсініспеушілік байқалып, дау туғаны шығармаларда келтірілген. Бұл басараздықтың төңірегінде әртүрлі қарама-қайшы пікірлер орын алады. Солардың бір-екеуіне тоқталып өтейік.

«Едіге» эпосының татар тіліндегі нұсқасында Үлкен Орданың begilerbegi Шәдібекті (1400 ж.) хан көтергенде Нұр әд-Диннің үзілді-кесілді қарсылығына тап болады. Осы арада Едігені ашу қысып салтанағатты жиыннан мырзаны қуып жібереді. Ет қызыуымен Нұр әд-Дин Орданы тастанап, далаға лағып «қашаққа» айналып, Сығнақ пен Қажы Тархан арасын кезіп кетеді, - делінеді дастанның бір жерінде (239, 200-201). Бұған ұқсас пікірді Л. Лянгле шығармасы да баяндайды. Бұның жазуы бойынша, Едіге Пулад ханды (1410 ж.) тақтан тайғызып, ұлдарымен ақылласпай Темір сұлтанды хан көтергенде, Ордада жанжал шығады. Ұлдарының ойынша тақты Едігенің өзі, болмаса тұнғышы Нұр әд-Дин басып қалуы керек еді. Әкесіне тілін алдыра алмаған Нұр әд-Дин Едігеге қарсы соғыс ашпақшы да болады. Бірақ қанды қырғынды қаламаған Едіге би Хорезм асып, көзден таса кетеді. Бұл оқиғадан бір шындықтың ұшы көрінгендей. Өйткені, орыс жылнамалары да Едігенің Хорезмге ығысуын Темір Құттықұлы Темір сұлтанның хан сайлануымен байланыстыра баяндайды (311, 215).

Оқиғаның маңызды бөлегін ноғай фольклоры да жандандыра түседі. Едігенің Хорезмге кеткен тұсында Нұр әд-Дин өз алдына билік жүргізіп, Тоқтамыстың ұлы Қадырбердімен (1412-1419 жж. Алтын Орданың

ханы) қанды қырғын соғыс жүргізеді. Артынан ханмен бітімге келгенің, Алтын Орданың құзырын мойындаپ, ноғайлардың тәуелсіздігін жоғалтқанын, Нұр әд-Диннің Қадырбердіге қолбасыға тағайындалғаны дастанда ренішпен ауызға алынады (269, 454).

Тарихатта түзілген Нұр әд-Дин мырзага қатысты тағы бір деректі айналып өтуге болмас. Ол былай: Едіге би өзінің жиені (апасынан туған) Темір Құтлықты (1391-1399) хан сайлап, өзі оған беклербегі болып, Жошы ұлысын билегені мәлім. Осыдан бір жарым ғасыр өткенде, ноғайдың мырзасы Қажы Мұхаммед (Қосым) Мұсағұлы 1538 жылы сәүір айында Орыс патшасы IV Иванға елші арқылы хат жолдап, мынаны есіне салады: «Қарттарынан сұра, Нұр әд-Дин мырзаның Астархан хандығынан «алым» алып тұрғанын білетін шығар... Сол алымды енді маған төлеп тұрсын...» - деуі көп нәрсені анғартқандай (33, 83; 312, 208). Одан кейінгі жылдарда Ноғай Ордасындағы нұрадын лауазымындағы мырза қаржы мәселесіндегі құзырын патшадан сұрамай-ақ өздері шешіп жүрді және жыл өткен сайын оның мөлшері айқындала түсті.

Мысалы, 1560 жылы Исмайыл би IV Иванға жазған бір мәлімдемесінде: «бұрын Астрахан хандығында «қарасынай» деген алым жүрді. Оны біздің атамыз Нұр әд-Дин мырзага Темір Құтлық ханың ұлы тағайындаған болатын. Осыны есіңізге салып отырмын», - депті (НКС, д.6, л.198-198 об.). Сондай-ақ Ұрыс би 1577 жылдың қыркүйегінде IV Иванға жолдаған хатында: «Біздің атамыз Нұр әд-Дин мырзага Темір Құтлық хан қырық мың алтын беріп отырған. Ондағы мақсаты – көбейген жүрттан оның да пайдасы табылған шығар...» (НКС, д.8, л.51).

Сейд-Ахмед Мұхаммедұлы мырза 1587 жылдың көктемінде Федор Иванович патшаға жазған хатында былай депті: «Темір Құтлық ханың кезінде Нұр әд-Дин мырзага қырық мың алтын беріліп тұрған...» (НКС, 1587, д.2, л.26-27).

Айтылғандардан шығатын қорытынды: Едіге би кезінде Тоқтамыс ханнан Еділдің бір жақ бетін сұрап, ол жердегі жүрттан «алым» алмауды өтінгені әлгіде айтылды. Бұл аймақта Маңғыт жүртты да тұрғаны белгілі. Бұл мәселе шешілген соң Едіге би Еділ мен Жайықтың ортасындағы жерлерді Нұр әд-Диннің билігіне бергенге үқсайды. Ал Темір Құтлық Үлкен Ордада хандық құрған кезінде Нұр әд-Дин мырзаның қажетіне халықтан «қарасынай» алымын тағайындал,



Дон өзені

қырық мың алтын жинап тұрған. Нұр әді-Диннің бұл құзыры басқа хандардың тұсында да жойылған жоқ, тіпті әкесі Хорезмге (1411 ж.) ауысқанда да сакталып қалды. Бұған қоса, Дағыстан ногайларының «Едіге» зпосының айтуынша, Токтамыстың ұлы Қадырберді ханның тұсында Нұр әд-Дин мырзага Терек пен Сулақ өзендері бойындағы суармалы жерлер меншігіне беріліп, ол ханның бас қолбасшысы (бегілербекі) болған (269, 454).

Әлгі құжаттарды саралап отырғанда бір таңқалдырғаны, оларда Нұр әд-Диннің бек немесе би аталмауы, ол барлық жерде де «мырза» атағымен жазылып жүрген. Едіге бидің беделінің күшті болғаны соншалық, оның көзі жоқ болса да, батылы барып ешкім өзін «беклербекі» немесе «би» деп атайды.

Кавказ тауы бөктеріндегі жұрт Нұр әд-Диннің қол астында көп уақыт болмаған тәрізді. А.О. Рудановскийдің жазып алған аңызы бойынша, оның билігі кезінде ногайлар түрлі толқуларға кезігіп, өздерінің билеушілерін шыдатпаған, соның салдарынан шартарапқа бағыт ұстағаны байқалады (33, 84; 313, 301). Нұр әд-Диннің билігі жүрген Еділ бойы мен Солтүстік-Шығыс Кавказ жеріндегі дәйектер де мардымсыз...

Бұған қарағанда, Нұр әд-Диннің билігі қысқа мерзімде аяқталған, К. Жалайырдың отыз жеті жасында қайтыс болды деген пайымы шындықтан қашық емес секілді. Фалым М.А. Усмановтың пікірі де осыған саяды (294, 83). Бұдан өзгешелеу пікірді тарихшы Н.А. Семенов білдіреді. Оның айтуынша, Нұр әд-Дин кезекті бір жорықтан қайтқанда ескі жарасы ашылып, көп қан кеткен салдарынан қаза тапқан (269, 454). Оның жаны шыққан жері деп, Терек өзенінің солтүстігі мен орта тұсындағы қолтық аталады, жерленген жері – Еділ бойы. Нұр әд-Дин жерленген жерге кезінде топырақтан биік оба үйілген, ол кешегі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін «Нұрәділ моласы» аталып келген (314, 276). Ал Әбді әл-Ғаффар Қырымидың хабарлауынша, Нұр әд-Дин Тура (Оңтүстік-Батыс Сібір) жерінде қайтыс болып, Сарайшыққа әкеліп жерленеді. Тағы бір зерттеуші Б. Ишболдин ешбір дерексіз оны 1422 жылы өлді дейді. Біздің ойымызша, Қадырғали бидің Нұр әд-Дин мырза жөніндегі аз-кем дерекнамасы шындыққа жақын.

Енді Нұр әд-Динге арналған жыр-дастандарға да құлақ қояйық. Қазақ халқында Нұр әд-Дин (дастандарда «Нұрадын» атымен белгілі – Ә.Қ.) туралы екі жыр кездеседі: бірі халық арасынан Васильев жазып алған, онда Нұрадын, Мұса, Әлшағыр жалғаса баяндалады. Ал атақты маңғыстаулық Мұрын жырау Сенгірбекұлы ногайлардың жас батырына жеке дастан бағыштаған. Нұр әд-Диннің әруағы қастерленген «Қырымның қырық

батыры» эпосының ортасынан ойып, алтыншы орынды алуы Мұрын жыраудың еңбегі деу ләзім (106, 71; 315, 5; 316, 6; 317; 5).

Жыраудың төгілткен «Нұрадын» дастанында баласы мен анасының кездесуін бірнеше рет суреттегенмен оның шешесінің есімі аталмаған (318, 255-278).

Шоқан жазып алған «Едіге» жырының нұсқасына сүйеніп, бірқатар зерттеушілер Нұр әд-Диннің анасын Тоқтамыс қызы Жәнике деп береді. Жәникеден туған ұлдың аты Сұлтан-Махмуд екенін Әбді әр-Раззақ Самарқанди «Матла ас-садайн уә маджма әл-баҳрайн» («Бақытты екі жұлдыздың қосылған жері немесе екі теңіздің түйіскен жері») атты тарихи еңбегінде жазғаны да мәлім болып отыр (243, 180; 106, 71; 17, 368-369).

Ноғайлар болса өздерінің фольклор деректеріне иек артып, Нұр әд-Диннің шешесі Бұлғар қаласының белгілі кісісі әл-Ғұмар қызы Айтолы екенін жоғарыда айтып өттік. Алайда зерттеушілердің бірде-біреуі К. Қосымұлы Жалайыридың «Шежірелер жинағындағы» айтылған пікірге қулақ аспаған. Ол еңбегіндегі «Едіге би дастанында» Нұр әд-Дин мырзаның шешесінің аты Бақтылы, ол Омар қожаның қызы екенін тайға таңба басқандай етіп анық жазып кеткендіктен, бұл автордың пікірін негізге алу орынды болар (57, 1-64).

Мұрын Сенгірбекұлы жырлаған «Нұрадын» дастанында Нұр әд-Диннің екі ерлігі суреттелген. Бірі оның ындыс қалмақтарға жорығы да, екіншісі – Қызылбас (парсы) ханы Шайпазбен шайқасы. Ноғай жырларынан байқалатыны, оның өмір кешені ұлыстың онтүстік тарағында өтеді. Бәлкім, бұл оқиғалардың бізге жетпей қалған қырында Нұр әд-Диннің ғұмырнамасының бір белестері жатқан шығар, - дейді қазақстандық жазушы Ә. Сарай (106, 73).

Алтын Орданың begілер begі Едіге Тоқтамыс ханнан қашып Ақсақ Темірге барған соң, Ұлы Әмірдің оның балаларына Герат шаңарын билеуге рұқсат бергені тарихнамада түзілген. Ал Едіге Ақсақ Темірге 32 жасында 1389 жылы қашып келген болса, оның тұнғышы Нұр әд-Дин ол кезде 9-10 жастағы балаң жігіт. Гератты Едіге ұлдарына билетті деген әңгімеге дең қойсақ, оның ұлдарының ішінен Нұр әд-Диннен басқаларының жас шамасы ел тізгінін ұстайтындағы қабілеті жоқ еді. Осы тұста ол Гератта отырып, шығыс көрші ындыстармен, онтүстіктері көрші қызылбастармен қактығыстарға қатысқан болуы мүмкін. Жас мырзаның сол уақыттағы басынан өткен оқиғалары ноғайлардағы жырға арқау болған тәрізді.

Жоғарыда аталған парсы тарихшысы Самарқанди 1411 жылы Едігенің Темір ханмен келісе алмай Хорезмге кеткенін баяндайды. Ол жерде Хорезмнің билеушісі Едігенің ұлы Мұбәрәк-Шах еді. Едіге Хо-

резмге Жәникеден туған ұлы Сүлтан-Махмұдты ертіп келген (243, 180-182). Осы арада дереккөздер назарына ілікпей қалған жәйттер бар секілді. Нұр әд-Диннің Қажы Тарханнан жылына 40 мың алтын алуы бірде Темір-Құтлық заманы делиңсе, екіншіде Темір-Құтлық баласының тұсы деп көрсетіледі. Асылы, бұл оқиғалар Темір-Құтлықтың баласы Темірдің тұсы болса керек. Едігемен араздасқан Темір хан ногайлардан ажырамау үшін даңқы асқан Едігеден жасқанып, Нұр әд-Динді ресми түрде беклербектікке тағайындағанмен, ол қызметтің міндетін Едіг ұлына жүктеген. «Идегей» атты татар эпосында Едігенің өкпелеп Хорезмге кетіп қалатыны, Нұр әд-Диннің сәлем айтып, оны елге шақыратыны мейлінше шебер суретtelген. Араздасып кетсін, куылып кетсін, 1410-1411 жылдары Едігенің Еділ-Жайықты тастап, Хорезмге барғаны, ногайлардың тізгіні Нұр әд-Диннің қолына көшкені ақыкат.

Алтын Орда тәнірегіндегі бұндай алауызыдықты Тоқтамыс ханның балалары пайдаланып қалуға тырысты. Литва королінің қаруына сүйенген Кебек, орыс патшасынан қолдау тапқан Қадірберді, Ақсақ Темір тәсілінен сабақ алған Жәлел әд-Дин (Зегре) бір-бірін тақтан аударып, Еділ бойында аласапыран ұрыс салды. Бұлардың ішіндегі тез қимылдың иесі Жәлел әд-Дин сұltтан еді. Оның Хорезмді қоршауға алғаны да тарихнамадан белгілі.

Айтпақшы, ногайлар жырындағы Нұр әд-Диннің Қадырбердімен ұзақ соғысып, жеңісे алмай келісімге келулері, яки Нұр әд-Диннің Қадырбердіні «занды тақ иесі» деп мойындауы қисынға соқпайды. Бұл оқиғалар Нұр әд-Дин мен Жәлел әд-Дин арасында болған сияқты. Өйткені, Жәлел әд-Дин арасындағы үзіліске қарамастан 1412-1419 жылдары Алтын Орданы билеген тұлға. Жәлел әд-Дин Хорезмді қоршап, ала алмаған соң Едігемен келісімге келгенін, Едігенің оны хан ретінде мойындағанын Әбді ар-Раззақ Самарқанди жазып қалдырған. Бірақ бұл мәміленің ішкі сырыйның қандай нәтиже әкелгені белгісіз. Ал 1416 жылы Едігенің ногайлардан кетіп, өз алдына ұлыс билеп Қырымда жүргені тағы тарихаттан мәлім. Қалай дегенмен де Едігемен ногайлардан да, беклербек лауазымынан да біршама уақыт айырылып қалғанға ұқсайды. Осы уақытта оның орнына Нұр әд-Дин ғана отыруы табиғи заңдылық деп білеміз.

Алайда, тарихи және жыр уәждері Нұр әд-Диннің ногайларды дара билеп, Алтын Орданың беклербегі болғанына көз жеткізгендей сілтемелер жасағанмен, ногайлардың бірде-бірі оны би демей, мырза деп қана таныған. Едігенің көзі тірісінде оның лауазымын іс жүзінде аткарғанмен, Нұр әд-Дин «би» деп ресми түрде жарияланбағаны байқалады.

Демек, жас мырза Нұр әд-Диннің беделі би абыроидымен бой теңестірердей зор болған. Тіпті, аузымен құс тістеген билердің өзін көзге

ілмей, аттап өткен «Ноғай жырлары» Нұр әд-Динге алдыңғы қатардан ойып орын беруінің бір сыры осында болса керек.

«Едіге» жырының қайсыбір нұсқаларында Едігеден кейін Ноғай Ордасын Нұр әд-Диннің билегені айтылады. Оның би болған кезін 1426-1440 жылдар аралығы деп санайтындар да бар. Бірақ Қадырғали Жалайыридың ноғайларда Едігеден кейінгі би болған Мансұр, Ғази, Наурыз деп таңбалап көрсетуі, оның тарихнамамен мақұлдануы – Нұр әд-Дин әкесінен кейін ноғайларға би болды деген пікірге сенімсіздікпен қарауға мәжбүр етеді. Қадырғали би Жалайырдың зерттелген нұсқасында Нұр әд-Диннің іш ауруынан әкесінен бұрын қайтқаны айтылған. Басқа бір эпос нұсқауларына жүтінсек, кезекті жорықтан қайтып келе жатып ескі жарасы ашылып, қансырап өлгені баяндалады. Жантәсілім еткен жері Терек өзенінің терістік сағасы, жерленген жері Еділдің жағалауы делінеді. Қабірінің үстіне төбе ғып топырақ үйілгені, XIX ғасыр саяхатшылары төбені көргені және ол «Нұрәділ моласы» аталатыны жазылған екен. Ал Әбді ар-Ғаффар Қырымидің мәлімдеуінше, Нұр әд-Дин Сарайшықта тыныстауда.

Едігенің Нұр әд-Дин, Кейқуаттан кейінгі атақ-данқы жер жарған ұлдары – Мансұр, Ғазы және Наурыз.

## §2. Едігенің үш ұлы – Мансұр, Ғазы, Наурыз Ноғай ұлысының билері

Алдымен Едіге биден өрген, Маңғыт елінің ұйытқысы – Мансұр бидің ғұмырнамасына тоқтала кетсек дейміз.

«Бегілер бегінің» алғашқы мұрагері болып, Қайыршах ханның (көптеген деректерде Құйыршақ деп жазылып келеді – Ә.-Қ.) қызы Сүйдүм ханымнан туған Мансұр (1421-1427) жылдары Ноғай Ордасының би сайланады. Бұл Едіге бидің үшінші ұлы, туған жылы белгісіз.

Мансұр би – дәуірінің аса көрнекті қолбасшысы, мемлекет қайраткері, Алтын Орда хандарын өз қолынан таққа отырғызған билердің бірі. Тарих бетінде сақталған мағлұмнама тарифтерінде оның 1427 жылы Қайыр-шахтың ұлы Барақ ханмен болған соғыста қаза табады. Мансұрдың ұлы Темір би де Ноғай Ордасының атақты тұлғасы. Бұл әкелі-балалы билердің екеуі де дүниежүзілік тарихнамадан өз орындарын алған. Би Темірге алдағы әңгімелердің бірінде тоқталамыз.

Ноғай Ордасында әкесі Едігеден кейін билік жүргізген, алғашқы қазақ хандары Ұрыс хан ұрпақтарымен тайталасқан еgestі қан майданда ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен шешіскең атақты тұлғалардың бірі ретінде Мансұр тарих белесіне көтерілді. Алайда, ноғайлар мұддесін жан аямай алысып, қызғыштай қорғап жүргенмен, Мансұр әдеби жырдастандардан лайықты орын ала алмай, ноғай жырауларының аузына ілікпей, тіпті қаһарманы тұрсын, жай кейіпкер ретінде де бейнеленбеген кісі. Бұл сыр сандығы тарихнамада хатталмаған.

Зерттеушілердің айтуынша, 1419 жылдың өкпек желді күзінде жанындағы ақылшыларының «Еділ тоңсын» дегеніне пысқырмай, Увектің (Саратовтың) өткелінен қамыстан сал төсеп өткен Тоқтамыс ханның кенже ұлы Қадырберді бейгам жатқан ногайларға Самар аймағынан тиіскен еді. Бұл өнір – Ортанғы Еділ, Жайық, Елек, Ор, Самар өзендерінің тоғысы, яғни ағасы Нұр әд-Дин өлгеннен кейін Мансұр мырзаның иелігіне көшкен жерлер. Тұтқылдан тиіскен жауға төтеп бере алмаған жас мырза әкесі Едіге мен ногайлардың батырларына хабар жөнелтіп, өзі Қадырбердіден қашып, орыс жерін әзірше панаалаған. Қадырберді Електің қамысы қалың Үшбөрте сағасына бекініп алғанда, Сарайшықтан жасақтарымен артынып-тартынып Едіге де жеткен еді. Жас күнінен Қырым, Литва жерінде өсіп, қалың жынысты орман-тоғай жағдайындағы соғыс тәсілдерін жете менгерген ханның ұлы бетпебет ашық майданнан гөрі, жұмбақ тәсілді жасырын шайқасты қалаған Қадырберді, жалтара соғысып, Едігенің жасақтарын әлсірете бастады. Міне, осындағы қысыл-таяң жәйттің бірінде, Қажы Мұхаммед сұлтан тілегенге-сұраған дегендей Едігеге тап болады. Бұл Шайбан әuletінің сұлтаны, болашақ Сібір хандары Ибак (Ибрагим), Көшімнің арғы атасы еді. Өз елінде жолы болмай, алыстағы Королге (Польшаға) жол тартқан беті екен. Шежіреші Қ. Жалайыри оны: «Өзі жас Баңадұр, ұзын бойлы, бір бет (санлақ), оқтары ұзын», - деп суреттепті. Едіге оған қол ұшын беруді өтініп, егер осы шайқаста жолы болып, Қадырбердіні жеңіп шықса, Алтын Ордадағы хандық билікке қолы жететініне уәде етеді. Қажы Мұхаммед ұсынысты қабылдап, Едіге жасақтарына қолбасы болады. Ақыры ол кезекті шайқаста: «Қадырберді ханды алтын садағымен кесе атып құлатады. Содан кейін Ер Көкше де жығылады. Оны Ноқас Алтын батыр барып өлтірді» - деп жазады Қ. Жалайыри (35, 167-168).



Астрахандық ногайлар.  
А. Олеарияның салған суреті.

Осы соғыста Едігенің қаза тапқанынан оқырмандарды бұрын хабардар қылғанбыз. Оның Қажы Мұхаммед сұлтанға берген уәдесін Мансұр би орындал, Алтын Орда тағына отырғызады. Сөйтіп, олар «Бірі хан, бірі би боп жүрер еді», - деп баяндайды жаңағы тарихшы (56, 168; 106, 76-77).

Одан ері ойын жалғастырған Қадырғали би Қосымұлы: «Мансұр бекті Барак хан өлтірді. Және тағы Қажы Мұхаммед ханың ұлы Мұхаммед тек хан болды, оның ұлы Құтлық хан болды, оның ұлы Ибақ хан, оның ұлы Мұртаза хан, оның ұлдары: Жанкерей сұлтан, Ахметкерей сұлтан, Кучум хан. Қажы Мұхаммед ханың ұрпағы (осымен) аяқталды. Аты-жөні (намдары) белгілі болғандары осылар», - деп аяқтапты (56, 168). Бірақ осы арада тарихшы Қажы Мұхаммедтен кейін Алтын Орда тағына мінгендерді шатастырып, Кішік-Мұхаммедті хан сайлағанда, оларды бір аталақтан деп жаңылысқаны осы келтірілген шежіреден көрініп тұр. Шынтуайтында, Қажы Мұхаммед Шайбан әuletінен де, ал оған дейін Алтын Орда тағы ширек ғасырдан бері Тоқа-Темір ұрпақтарының қолында болатын. Қажы Тархан, Сарай, Увек (Саратов), Азақ осы әuletтің иелігіндегі жұрттардың қонысы еді. Ол жерде Шайбан ұрпақтарынан бұрын-соңды хан сайланбаған. Мансұр әкесінің есietін орындағанмен, көп ұзамай Қажы Мұхаммедті алмастыруға мәжбүрленеді.

Такқа Тоқа-Темір ұрпақтарының бірі Ғиас әд-Дин (Темір Құтлық хан – Шәдібек хан – Ғиас әд-Дин хан) отырды. Екі жарым жылдан кейін ол өліп, орнына Кішік-Мұхаммед таққа мінді (Кішік Мұхаммед Темір ханың ұлы, ол Темір Құтлықтың ұлы). Мансұр әкесі Едіге сияқты Маңғыт ұлысының би ері Алтын Орданың beglerbegi лауазымын иеленді. Ноғайлар болса Алтын Орданың бір ұлысы ретінде тарих сахнасына шығып, бірсыныра уақыт сол дәрежемен жүрді. Мансұр би заманында ноғайлар Алтын Орданы аттап, өз бетінше айналасындағы мемлекеттік құрылыммен елшілік қарым-қатынасқа барған жоқ. Екі бірдей тізгінді қолында ұстағанымен Мансұр да Алтын Орданы түгелдей билеп-төстеп кете алған жоқ, Тоқа Темір әuletінен шыққан хан тұқымдарымен санаспай тұра алмады. Әйтсе де, тақ мұрагерлерін Темір Құтлық хан ұрпақтарынан таңдауға тұра келді. Бұл арада Темір Құтлықтың Едіге қарындасынан туғаны да ескерілген сияқты. Койши, әйтеуір, Темір Құтлықтың ұрпақтарынан бірі тақтан кетсе, екіншісі осы әuletten келіп билік басына өрледі.

Ал соңғы хан Кішік Мұхаммед болса аузынан ана уызы кетпеген жас бала еді. Бұған көңілі толмаған Мансұр би Тоқа Темір ұрпақтарын Ұрыс хан әuletімен алмастырмаққа табан тірейді де, Барак сұлтанмен жақындаста бастайды. Мансұрга қызмет еткен Жан-Темір (кейір мағлұматтарда Кенегес Шекті Кең-Жамбай деп аталады) кенесшісі,

кеменгер қария: «Мұхаммед арбага өзі мініп, түсे алмайтындаі әлі сәби, демек өмірің тыныш деген сөз. Барақ оғлан болса, қайратты, адудын бура, арбаны өзі жүрген жағына сүйреп, сәті түскенде тапташ кетуден тайынбас», - деген ақыл береді. Мансұр би бұл сөзді кезінде құлағына да ілмеген (23, 210; 106, 78). Бидің бұлайша шешім қабылдауына себеп те жоқ емес-ті. Еділ ұстіндегі қара бұлт қоюлана түскен. Алтын Орда тағы үшін жанталасқан саяси күштерге ойын баласы Кішік Мұхаммед қарсы тұра алмасын Мансұр би сезген еді.

Барақ сұлтан, күш қайраты белуарынан, жаңада ғана атқа қонған оғлан еді. Ол Шығыс Дешті Қыпшақтағы ағайындарымен кетісіп, Ақсақ Темір ұрпағы Ұлықбекті сағалап жүрген. Бұрынғы Ұрыс хан иелігінің далалық өнірлерін, тіпті Шығыс Дешті Қыпшақ астанасы Сығнақты да өзіне қосып алған Ақсақ Темір ұрпақтарына бұл өлкені ұystan шығармай ұстайтын сенімді адам ретінде көрінді. Олардың да үміт артқандары осы Барақ оғлан болса керек.

1419 жылы Ұлықбек ауыр қол, қалың әскерімен Дешті Қыпшаққа сұғына енгенде, билеушілер пытырай қашты да, ешбір соғыссыз ол Барақ сұлтанға өлке тізгінің ұстайтып қайтты. Ол бар-жоғы билеуші, Ұлықбекке кіріптар хан болып Алтын Орданың тағын билеуге кіріскең еді.

Міне, Мансұр би Алтын Орда тағы төңірегіндегі күрделі жағдайды Барактың қолымен жөндеуді колайлады. Ол жасағымен, ұлысымен Сырдарияға қарай үдерес көшіп, Арап теңізіне жақын маңдағы «Қазақ айлағы» деген жерде Баракты өздеріне хан көтереді де, өзі оған бегілерберегі болып тағайындалады. Дешті Қыпшақтан шыққан осы бір қарама-қайшылығы көп, ірі тұлға туралы Әбді ар-Раззақ Самарқанди, Мирхонд, Хафиз-и Әброй, Әбді әл-Ғаффар Қырыми мағлұмдарынан XV ғасырдың бірінші жартысындағы Дешті Қыпшақ, Еділ-Жайықтың тірлік-тынысын шамалауға мүмкіндік береді.

Қазақ аймағында Шығыс Дешті Қыпшақ пен ногайлар бірі хан, бірі беглерберегі сайланып, тізе қосысуынан кейін көп ұзамай, немесе 1422 жылы Барактың Еділ бойын шаңдатып жүргеніне куә қылады. Сол жылдың 31 тамызында Құдайдат ханмен жаға жыртысып, оны қашуға мәжбүрлекен. Осыдан шамалы уақыт өткенде Барақ Русьтің Одоев өлкесіне тап берді. «Сол жылы жазда Барақ Одоевқа жаугершілікпен келіп, үлкен зиян шектірді, қаланы ала алмаса да, тұтқынды көп әкетті. Князь Юрий Романович Одоевский мен әскери қолбасы Григорий Протасьевич арттарынан қуып, біраз тұтқынды айырып алыш қалды» деп жазады орыс жылнамалары (319, 91-92). Мал-мұлкінен айырылып, тіршілік жағдайы құлдыраған Құдайдат 1423 жылдың ақырғы айла-

рында шаруасын түзеу мақсатымен Одоев шаңарына жорыққа аттанды. Бірақ бұл кезде күш біріктірген Литва, Русь княздары оны сақадай сай дайындықпен күтіп отыр еді. Құдайдаттың екі әйелі қолға түсіп, ханның қолбасысы, алып батыр Көкше мерт болады» (320, 372).

Ер Көкше қазақ-ноғай жырларынан ерекше орын алған белгілі тұлға (106, 78-79).

Күшіне түскен Барак пен Мансұрдың біріккен күштері Ұлық Мұхаммедке 1424 жылы соққы беріп, оны Еділдің Қырым бетіне шығарып жібереді. Женістің дәмін татқан Барак хан елші шығарып, өзінің демеушісі Ұлықбекке қымбат сый-сияпат жөнелтті. Ұлықбек те Тұрсын-оғлан, Түрік-барлас атты әмірін жіберіп, Баракты Алтын Орда тағына отыруымен құттықтапты.

Бірақ Барактың Алтын Орда тағын меншіктеуі ұзакқа бармады. 1426 жылы Ұлұқ Мұхаммед оны Сарай тағынан қуып, Сыр бойына қашырды. Сырға келе сала Барак өзінің бұрынғы қамқоршысы Ұлықбектен атасы Ұрыс ханның иеленген жерлерін қайтарып беруді талап етіп, бітіспес дауға килікті. Өздері жеңіліс тауып келіп отырғанда, Ұлықбекпен жанжалдасып жағдайды қиыннатқан ханға Мансұр беклербегі қарсылық білдіреді.

Әбді әл-Ғаффар Қырымидың пікірі бойынша, ақылшы дана Жан-Темірдің айтқаны дәл келеді, Барактың ендігі бар арманы Мансұр бидің соңына ерген ұлысын өзіне қаратып, дербес билік жүргізу еді. Мансұр биді жеті ай бойы аңдытып, кезекті бір тойдың үстінде сынықтан сылтау тауып, жеңдеттеріне өлтіртіп жібереді де, оның ұлысын өзіне қосып тынады. Ханның екпінінен қорыққан Мансұрдың екі бірдей інісі Қазы мен Наурыз ел-жұртын қалдырып, шамалы жасақпен Еділ-Жайық бойына тартты. Сөйтіп, өздері тастап шыққан Қажы Тарханда отырған Кішік Мұхаммедке қайтып оралады.

Барактың Ұлықбекпен жүргізген соғыстарын тәптіштеп жатпай-ақ қояйық. Хандықтан билері басын алып қашқан, қол астында қалған ногай жұртын мұрындықтаған, оларды ханның құзырына бағындырудың амал-айласын сұрағанда, кенесшісі алшын Хұдұтт: «Хорезм көліне» (Арал теңізіне) көшір деп кенес береді. «Қиян арқасына» ауған ноғайлар ашаршылыққа ұшырап, жұтап қалады. Барактың кенже інісі Бөлек-Болат сұлтан барлау жасап, олардың «Қайнар-Сағызға» тоқтағанын білді. Барак арам ниетін жүзеге асыру үшін жорыққа дайындалады.

Тегеуріні мықты Барактан сескенген Қажы Тархан ханы Кішік Мұхаммед пен Сарай ханы Ұлық Мұхаммед күш біріктірген сыңайлы. Қытай қыпшақ Сайид Әлиді қолбасы қылып, Баракқа қарсы үлкен жасақ шығарады. Ал жазым болған Мансұрдың сенімді адамдары

қыпшақ Айас бек, күрлеуіт Мағриб бек жырылып қашуға жол таппай, Барак жасағының сапына ілесуге мәжбүр болған-ды. Олар бар-жоғы 30 ер еді. Шайқас басталысымен Баракқа тап беруге уәде байласып келе жатқандарында, хан сезіктеніп, оларды әр жасаққа бөліп жіберді.



Ногай Ордасының батыры.  
XIV-XV ғғ. Авторы белгісіз.

мертіккен жас сұлтан жаяу соғысады. Шейх-Мұхаммед мырза қапысын тауып, оны шауып өлтіреді. Жігерленген «отыз ер» Баракты қайта іздейді. Ол қашып барып, бір биік дөңнің басына шығып үлгерген екен. Айас бек іздел тауып, басын шауып алып, Кішік Мұхаммед пен Қазы мырзаның алдына лақтырады.

Осы ерлігі үшін қыпшақ Айас бекке Сарайшықтың дәругалығы беріліп, жылына 30 мың алтын сыйлық тағайындейді. Баракты садақпен атып жаралаған күрлеуіт Мағриб бекті де ескерусіз қалдырмаған. Ол турали той-томалақта айтылатын жыр шумағы:

*Баракты атқан бармагым,  
Бал тілейді тамагым (106, 79-80; 22, 211).*

Біздің байқауымызша, Барак хан 1427 жылы опат болған. Бұл кездे Дешті Қыпшақтағы хандардың жерленетін жері Сарайшық қаласы еді. Барактың да денесі осы жерден тыныс алды деп шамалауға тиіспіз.

Көп кешікпей, Мансұрдың өзіне тетелес екі інісі – Қазы Кішік Мұхаммедке, Наурыз Ұлық Мұхаммедке беглербегі қызметіне тағайындалады. Едіге ұлысындағы қалыптасқан дәстүр бойынша ағалы-інілі екі беклербегі Ногай Ордасын бөліп биледі: Еділ-Жайық арасын Наурыз, Жайық-Жем арасын Қазы. Шайбан әuletінің тарихнамасы Ногай Ордасының сырт көршілері шайбаниларға барынша тынышсыз болғанын

атап көрсегеді. Бұлардың екеуі де билік басында он жылдай тұрды. Ақырында басараздықтан Қазы биді өз адамдары өлтіріп, жұрты Жұмадық ханға қашып барады. Ноғайлының тізгініндегі жүрт дүр ете қалысты. Наурыз Ұлық Мұхаммедтің он жыл беклербегі болып, ақыры онымен келісе алмай, Кішік Мұхаммедтің шашбауын көтерді. Наурыз би 1438 жылы Кішік Мұхаммедпен бірлесіп, Ұлық Мұхаммедті Үлкен Орда тағынан қуады. Наурыздың осы кезеңде Кішік Мұхаммедте қызметте жүргені итальяндық елші Иосифат Барбаро күнделігіне түсіпті (321, 140-151; 35, 448-480).

В.В. Трепавлов жазған «Ноғай Ордасының тарихы» 1440 жылғы орыс жылнамаларының: «Ұлы Орданың Махмет ханы өзінің ұлы князі Мансупты өлтірді» дегеніне сүйеніп, тарихшы әңгіме Наурыз туралы болса керек деп тұжырымдайды (33, 95; 322, 30-31; 106, 79-80). Бұл кезде Мансұрдың өлгеніне 11-12 жыл болған, ал ол кезде Еділ-Жайық бойында Наурыздан басқа ұлы би жоқ-тын. Ол Ұлы Орда, яки Алтын Орда ханы Кішік Мұхаммедтің қолынан жазым болғанға ұқсайды. Наурыздың Еділ бойында тұрғанын туыстары маңғыттар да жи есіне алып отырады. Мысалы, 1562 жылы және 1563 жылы Москва княздығына Ноғай Ордасынан түскен хаттарда «Наурыз бидің Еділ бойындағы Сарайы», «Наурыз бидің Бозан жағасындағы Сарайы» деп әлденеше рет жазылып, Бозан сағаларының Наурыз бидің иелігінде болғанын көрсетіп қояды (33, 95; 322, 30-31).

Енді Маңғыт жұртының Еділ мен Жайық арасындағы қоныс қылған мекендеріне ойысып, тарихи құжаттарда түзілген мәліметтерге жүгініп керейік. Бұл жөнінде білікті ғалым М.Г. Сафаралиев: «Барақ ханының өлімінен кейін Едіге Алтын Орданың шығыс бетін өзіне қаратты», - деп жазады. Алайда бұндай пікірге бірден ден қою әбестік болар еді. Өйткені, XV ғасырдың басында Жайық бойының далалық беті Алтын Орданың Шайбан тегінен шыққан Пулад ханының иелігінде еді. Әрине, бұл ханының Маңғыт ұлысының би Едігенің ықпалымен таққа отырғанын да ұмытпаған жөн. Пулад ханды 1411 жылы Тоқтамыстың ұлы Жәлел әд-Дин сұлтан тақтан аластап, жанын жәннатқа жіберген. «Полат өлгеннен соң, - деп жазады Әбілғазы баナадүр, - әкесінен қалған елдерді екеуі бөлісіп, ағалы-інілі болып, бір-біріне көшіп-қонып аласып, Жайықтың басын жайлап, Сырдың аяғын қыстап, татулықпен өмір өткізді» (323, 200). Олай болса, Шайбан ұрпақтарынан шыққан хандардың көші Маңғыт ұлысы үстінен қысы-жазы өтіп журді емес пе, кейде жаз жайлауы да бірге болған тәрізді. Ахсикентидің еңбегінде Пулад ханының Маңғыт билерін өзі отырған Жайық бойына шақырғаны да айтылыпты (54, 426).



Ногай ауылдары жазғы жайлауда. XVI ғ. суреті.

Демек, Маңғыт жұртының мекені Алтын Орданың сол қанаты саналған, Жошы ұлысының хандары бұл жерлерді толық өз қарамағында ұстап, жаз жайлауы – қыс қыстауы қылған. Сарайшық қаласы артынан Кішік Мұхаммед ханның билігінде болғаны да мәлім. Барақ ханды бұл аймақтан құғаннан кейін Кішік Мұхаммед пен Қазы би осы соғыстағы колбасы Айастың еңбегін бағалап, Сарайшыққа оны дәруга қызметіне қойып, қаланы басқартқаны әлгі біразда айтылып өтті (33, 95; 324, 90-94).

Яғни, Маңғыт ұлысы орналасқан Көк Орда хандығының жері еki билеушінің қол астына қараған – Шыңғыс хан ұрпактарынан өрбіген хандарға және Маңғыт ұлысының билеріне. Сол кездегі тарихнамада Еділдің аргы бетіндегі Дештінің жерінде Шыңғыс хан тұқымдарынан: Жұмадық хан Сарысу мен Жем өзендері арасын мекендеген; Махмұд қожа Қаганбекұлы (бұл, бәлкім Мансұр би хан көтерген Қажы Мұхаммед шығар) – Тобыл мен Есіл өзендері бойын жайланаған; Мұстафа

хан – Атбасар өзенінің сол жақ беті мен Есіл өзенінің оң жақ сағасын; Дәулет-шейх Ибраһимұлы – Ертістің сол жағалауынан Тобылға құтының сағасына дейінгі жерлерді иемденген еді. Осы аталған хан мен сұлтандар Жошының бесінші ұлы Шайбан ұрпақтары болып келеді. Бұдан бөлек, Алтын Орданың солтүстік-шығысындағы жерлерге Адап пен Кебек бектердің елі баркұттар иелік етті (326, 42-44; 33, 95-96).

Олай болса, Маңғыт жұрты XV ғасырдың бірінші жартысында хан, сұлтандардың және билердің атыс-шабысынан аулақ, бейбітшілік аясында өмір сүрді деп айта алмаймыз. Әлгіде көрсеттік, Барак ханың кезінде (1427 ж.) Мансұр бидің өлімінен кейін, оның елін «Қиян асыруға» ниеттегенінен ештеңе шықпай, ханың өзі де құдайдың қарғысына ұшырап, өз жасақтарының қолынан қазасы жетті. Ханды қазага ұшыратқандардың алдыңғы қатарында Қазы Едігеұлының аталуы да тегін емес. Қ. Жалайыридің пайымдауында, Қазы әкесі Едіге мен ағасы Мансұрдан кейін Маңғыт ұлысын үшінші болып билеген кісі. Қазының ноғайлардың тізгінін ұстағанын белгілі тарихшылар әл-Гаффар Қырыми, В.В. Трепавлов, М.А. Усманов та құптайды (324, 87-88; 33, 96; 294, 83). Тағы бір шығыс зерттеушілері Күхистани мен Қыпшақ-хан Ноғай Ордасының биі Қазидың билік құзырына жете мән беріп, қыр-сырын молырақ ашады. Қазы би әкесі Едігенің айла-тәсілдерін қолданып, биліктің тізгінін қаттырақ ұстаса керек, ал ол болса хан мен сұлтандарға, ру басы ақсүйектерге жақпай қалған (327, 141; 328, 390). Қазы би өлерінен бір-екі ай бұрын Жұмадық ханың begilerbegi\_кызметтін атқарғанда, оның ұлысы – Маңғыт жұрты ханың жеріне жақын орналасқаны тарих бетінде хатталған. Қазы би мен інісі Наурыздың қоныс-мекендері бір-біріне жақын орналасып, достық қатынаста болған, ал қайсыбір құжаттарда екі бидің аты бірге «Қазы-Наурыз» аталып, содан оларды бір кісі деп шатастырған ғалымдар да баршылық.

Айтылғандарға көніл қойсак, Наурыз Кішік Мұхаммед ханың ордасына орнығады, онымен бастапқы кезде Қазы би де жақын карым-қатынас орнатты. 1428 жылы Ордадағы биліктің тізгінін інісі Наурызға ұсташқан соң, Қазы өзіне лайықты лауазым іздел, оны Жұмадық ханың ордасынан табады. Бұл арада тегеурінді бидің іс-қарекеттері ақсүйектерге ұнамай, ақырында бидің өлімімен аяқталған. Тарихшы Масуд ибн Усман Күхистанидың байқауынша, биді өлтірмекші болған кіслер Жұмадық ханың ордасынан табылған, ал хан олардан сезіктеніп, батыл қимылдарға бармай, өз басының саулығын қарастырады. Осы оқиғадан кейін Маңғыт мырзалары ханды тастап шығады да, жас ханзада Әбу-л-Хайр Дәулет-шейхұлына қосылған (327, 141). Бұл жәйтті осыдан

өзгешелеу қылыш Қыпшақ-хан баяндайды. Оның айтуынша, Жұмадық ордасындағы аксүйектер Әбу-л-Хайр сұлтанмен оңаша сөз байласып, хан мен биді өлтіруге үәждеседі. Олар әуелі Қазы биді өлтірген, оған қарсы шыққан Жұмадық хан да Әбу-л-Хайрмен болған соғыста қаза табады да, ханзада оның елі мен жұртын басып алған, сөйтіп, «женіскер хан негізгі жұртқа (Өзбек ұлысы) кіреді» (328, 390). Осылай екі арыс хан мен би жарық дүниемен қоштасқан.

Қалай десек те, 1420 жылдың аяғына таман Маңғыт ұлысының қүшейіп өз алдына мемлекеттік бірлестікке бет бұра бастағаны байқалады. Батыс қанаттағы сияқты, Еділдің бергі жағасындағы Маңғыт билері де бас көтеріп, Алтын Орданың «Бегілер begi» лауазымын ұстал, оны қолдан шығармауға ат салысты.

Едіге өлгеннен кейін де оның ұлдары Ордадағы «Бегілер begi» құзырындағы билік сатысын мықтап ұстады. Оны біз мынадан байқаймыз: Мансұр би осы лауазымды Қажы Мұхаммед, Фияс әд-Дин, Кішік Мұхаммед және Барак хан кезінде ұстады; Наурыз – Ұлық Мұхаммед пен Кішік Мұхаммедтің тұсында; Кейқуат – Пулад ханның уақытысында; Қазы би – Кішік Мұхаммед пен Жұмадық ханның тұсында осынау билік тізгінің қолдарынан шығармады.

Жасыратыны жоқ, Ақ Орданың хандарын Маңғыт ұлысының билері өз қолдарымен тағайындалап, тұсіріп отырған кездері тарихнамада түзілгені осы еңбектің өн бойында баяндалып келеді.

Осы арада тағы бір еске сала кететін жәйт, Жайықтың бойын жайлаған маңғыттар (ноғайлар) Едіге бидің ұлдарынан Алтын Орданың (Үлкен Орданың) «Бегілер begi» дәрежесіне Еділдің шығыс бетінде қоныс тепкендерден көтерілді, ал Көк Ордадағы маңғыттар жергілікті хандарға тәуелді саналғандықтан, олардың бектерінің барлығы бірдей бұл ұлыстан салланған жағдайда бермегенге ұқсайды (33, 97).

### § 3. Аббас және Уаққас билер

Қадыр-Ғали би Жалайридың жылнамасында тағы мынадай мәліметтер келтірілген екен: «Ол (Қази) опат болған соң Нұр әд-Дин мырзаның ұлдары Аббас, Уаққас, Хоразми бар еді. Нұр әд-Дин мырзаның ұлы Аббас би болды. Атасының (яғни әкесінің – Ә.-Қ.) Қази би ұлысын ол биледі. Онан соң Уаққас би болды. Неше уақытқа дейін ол ұлысты сол биледі. Қырық тоғыз жасында Уаққас би опат болды» (57, 164). Осы мағлұматты қаперге алсақ, онда Нұр әд-Диннің үш ұлының аты аталады және бұлар Ноғай (Маңғыт) ұлысының белгілі билері деп танылады.

Осылардың ішінен көп ұрпақ экеліп, батырлар мен ел басқарған билерді берген Едігенің өзіне тартқан немересі, Нұр әд-Диннің қайраткер

ұлдарының бірі Уаққас «бегілербегі» және Қазы шейіт болғаннан кейін Алтын Орданың хандарын уысында ұстаған атақты би, әскери қолбасы.

Тарихнамада Уаққас бидің ғұмырнамасына қатысты мынадай сөздер жазылыпты:

Әмір Үаққас есімімен айдарланған би — Едігенің тұқышы Нұр әд-Диннен туатын немересі, шамамен 1398 жылы туып, 1447 жылы Шайбан аулеті Әбу-л-Хайр хан жансыздарының қолынан қаза тапқан. Басқа бір де-ректерге сенсек, Үаққас би өзінің туажаты Қазының ұлы Қожастың (Қажы Ахмедтің) қастандығынан көз жүмған (33, 233-234; 74, 437).

Соңғы дерек негізінен рас секілді. Өйткені, жоғарыда айтылды, Қазы бидің қазасы өзінің тужаттарының қолымен істелді деп, олай десек, Уаққастың өлімі де өз туыстарының қастандығынан болуы мүмкін ғой. Мәліметтерде Қожасты (Қажы Ахмед) өлтіретіндер Уаққастың балалары деп тарихнамада түзілгеніне қарағанда, олардың ортасында кектік оты әлдеқашан тұтанған деуге негіз бар (33, 100). Бұл әнгіменің жалғасы алдымызыда...

Жоғарыда аты атапған 17 жасар (1428 ж.) Әбүл-Хайр сұлтанды Турада (Түменде) хан көтеретін Үаққас би Нур әд-Динұлы еди.

Уаққас би Әбу-л-Хайр ханың Сырдария бойын жаулап алуына, хандықтың шеңберін ұлгайтына да бір кісідей атсалықсан-ды. Соңғы рет, ол ханмен бірге 1446 жылы Сығнақ қаласын шабуға қатысты, сыйлыққа ханнан Үзкент қаласының әмірлігін алады. Алайда, осы кезге дейін ауыз жаласып, ым-жымы бір екі дос арасына шайтан кіріп, сабындан бұзылады да, тіпті, кейін қағынан безген құландай бірін-бірі көрмей, жаулық ниетке көшеді. Соңынан, Уаққас би ханың нөкерлерінің қолымен өлтірілген деген әңгімелер желдей еседі. Осы қанды оқиғадан кейін Уаққастың балалары (1447 жылы) Әбу-л-Хайрды тастап, Еділ-Жайық бойындағы жүрттына оралады. Ал бұл, осы кезге дейін Уаққас биге арқа сүйеген Әбу-л-Хайр хандығы үшін де оңай соққы болған жоқ. Мұнан әрі Уаққастың ағасы Аббас би (1447-1481) Шығыс елдеріне біржола бет түзеп, Ноғай Ордасын нығайтуға күш салады. Кейіннен Мұса бидің және оның ұлдары Әлшағыр, Шидақ (Сидақ, Сейдақ, Сирақ, Сейд-Ахмед деп айтыла береді — Ә.Қ.), Шейх-Мамай (Шейх-Мұхаммед), Жаңбыршы билер тұстарында Ноғай Ордасы біршама күштейіп, құлашын Қырым жарты аралына, Еділдің батысы мен шығыстағы Қазақ хандығына қарай кең сілтеді.

Ноғай Ордасындағы бүкіл саяси билік пен тұрмыс-тіршілік тынысы, шын мәнінде, Едіге ұрпақтарынан шықсан Маңғыт әмірлерінің қолында болды және ел билігін тайпадағы жасы үлкендігіне сай мұрагерлік жолмен атқарып отырды. Алтын Ордадан бөлектенген бірқатар аймақтарда Шыңғыс хан тұқымынан қайсыбірін хан көтеру Едіге ұрпақтарының келісімі болмаса, жарамсыз деп танылатын дәстүр қалыптасты. Ұаққас бидін ұлдары көп деген халық аузындағы әңгімелерге қарамастан, оның төрт баласының аты ғана тарихатта тіркелген. Олары — атақты Мұса хан, Жаңбыршы (шығармаларда Йамғұршы деп жазылып жүр — Ә.Қ.), Хоразми және Хасан (кейде Асан деп те айттылады — Ә.Қ.).

Уақытсың Мұса мен Жаңбыршыдан басқа үлдары, асылы, әкесіндей өмес, билікке пәлендей араласа қоймаса керек. Өйткені, олардың есімдері жазбаша шығармаларда көп ушыраспайды.

Әмір Уаққас билік құрған мезетте (1428-1447) бұрынғы даңқы жер жарған Жошы ұлысы (Алтын Орда) ыдырап, жеке-жеке хандықтарға бөліне бастаған, Жайық бойындағы Сарайшық қаласы Едіге бидін үрпақтарының астанасына айналады. Мансұр, Уаққас, Мұса билер Еділ бойындағы хан сарайын ергізіп-тұрғызып, біраz уақыт қуатты билік жүргізген айтулы тұлғалар. Ноғай Ордасын Уаққас билеген кезден бастап, хан ордасы біржола Сарайшыққа ауысады. Уаққас би Өзбек ұлысының ханы Әбу-л-Хайрдың (1428-1468) замандасы. «Ол билеген тұста, - дег жазады халық жазушысы Ә. Кекілбаев, - Әмір Уаққасқа арнаған бір мақаласында, - Ноғай Ордасы, шамасы Әбу-л-Хайр билеген өзбек-қазақ көшпелі тайпалар бірлестігіне қараған болса керек. Соған сай Уаққас Әбу-л-Хайр сұлтанның Әшті Қыпшақтың бас тағын иемденуіне көмектеседі де, өз бас ақылшысы болады» (329, 141).

Қадырғали би Қосымұлының хабарлағанындей, Уаққастан кейін Аббас (1397-1490) өз ұлысы маңғыттарда төбе би сайланып (1447-1490), хан ордасындағы істерге араласпаған секілді. Сондықтан ноғайлардың шежіресі мен орыс құжаттарында Аббас аты бар, бірақ «Ноғай жырларында» есімі кеп атала қоймайды. Дегенмен, оның өз заманында белгілі тұлға болғанын Махмұд Вали жазбалары айқындай түседі. Ол Әбу-л-Хайрға қарсы топтың қатарында, оның мұрагер ұлы Шейх-Хайдар ханды өлтіру әрекетінің басы-қасында жүрген. Бала Мұхаммед Шайбани інісі Махмұдшах сұлтан екеуі Қараши бағадүрдің көмегімен Қажы Тарханға қашқанда, оның ізіне түсіп, хан балаларына аз күн қамқоршы болып, қашуға көмектескен Қасым ханға (Құтлық-Темір үрпағы) күш көрсететін де осы Аббас би еді (46, 362). 1470 жылға дейін Аббас есімі жылнамаларда аталады да, жоғалып барып 1490 жылдары қайта ауызға ілігүіне қарағанда ұзақ жасаған адам, - деген Ә. Сарайдың пікірі орынды секілді (106, 85). Аббас бидін үрпақтарының аты да аталмайды, соған қарағанда, кіндігінен тараған ұлдары болмаған тәрізді.

Ал Әбу-л-Хайр мен Уаққас болса – «Көшпелі Өзбек хандығының» іргесін көтерген ұландар. Қазақ тарихнамасында Уаққастың орны көмескілеу із тастаған да, ал Әбу-л-Хайрдың тұлғасы барынша әйгіленген. Сол себепті қырық жыл хандық құрған Әбу-л-Хайрдың таусылмас, анық-қанық ұзын-сонар тарихын жілкө тізіп әуре болмай, тақырыбымызға қажетті тұстарына ғана назар аудармақпыш.

Иелігі Жем мен Сарысу аралығында кең құлаш жайған Шайбани тұқымдары қыста Қызылқұмды қуалай Хорезм шекарасына дейін барып, кектемде Арқаға қайта оралатын. Жаз жайлауы Ақсақал-Барбы көлінің төңірегін түгел қамтитын. Бұлар Жошының Орда-Ежен мен Батудан кейінгі бесінші ұлы Шайбанның үрпақтары болатын-ды...

Ноғайлардың өз ішінен шыққан бүлікшілерінің қолымен Қазы бидің өлтірлгені әлгіде айтылғандықтан қазір оны қайталап жатпай-ақ қояйық. Қазыны өлтірген осы бүлікшілер тобы ноғайлардың ең шеткі аймалы, жер мойны жырап ұлысы Түмендегі Сары Шыманға қашады. Ібір-Сібірдің Жайдар-Жалқын деген жерінде (қазіргі Курган облысы) Жұмадық Шайбаниға қарсы ноғай-маңғыттардан жетпіс мың жасақ құрылады. Бұларды қуып, жазалаймын деп жүргенде Жұмадықтың өзі жеңіліп, қаза табады да, жасақтарының сол қанатын басқарған 16 жастағы Әбул-Хайр сұлтан тұтқынға түседі. Маңғыт қолбасыларының бірі Сары Шыман оны тұтқыннан босатып, Чимга-Тура (Түмен) қаласына дәруға қызметіне тағайындауды. Оны осындағы Омар би бүркіттің қызына үйлендіреді. Осы әйелінен шайбанилық сұлтан Шах-Бұтак сұлтан мен Қожа Мұхаммед атты екі ұл сүйеді (46, 354). Ал маңғыт Сары Шыманның ата-тегі және Едіге биге туыстығы жөнінде тарихатта ештеңе айтылмаған. Тек бізге белгілісі тарихшы Құхстанидың шығармасында: Жұмадық ханмен болған соғыста 16 жасар Әбу-л-Хайрдың Сары Шыманға тұтқынға түскені, оны аяған қолбасы астына ат мінгізіп, үйіне қайтарады... Сұлтан таққа отырғаннан кейін (1428 ж.) Сары Шыманды лауазымы жоғары қызметтерге қойып, сый-сияптың одан аямай, төрден орын бергені, бұның әмірлер мен сұлтандардың қызғанышын тудырғаны жазылыпты (327, 142-145). Мұнан кейін Сары Шыманның аты жазба шығармаларда кездеспейді де, онын орнына Өзбек ұлысы ханының қасында әрдайым Едіге үрпағы Уаққас Нұр әд-Динұлының жүргенін көреміз.

«Тарих-и Кипчаки» жылнамасы Чимга Тураның (Тураның) бүркіттердің ата қонысы екенінен хабар береді (46, 390). Аталмыш тайпаның әуелі Әбу-л-Хайрға, артынан Мұхаммед Шайбаниға еріп Мәуеренахр асқанын, XVIII ғасырдың екінші жартысында Ауған билеушісі Ахмедшах Дурренидің қол астында Майиан қалада орныққаны айтылыпты (106, 86). Сондықтан, Бүркіт тайпасы Маңғыттардың Ібір-Сібір жағында жүрген бір аталағы болса керек деген тұжырымға жол ашылады.

1428 жылы (хиджраның 833 жылы) Әбу-л-Хайр сұлтанды Жұмадықтың орнына ақ киізге салып хан көтерген қауым Дешті Қыпшақтың ру-тайпалары екені мәлім. Олардың би-басылары тарихи құжаттарда төмендегіше түзілген екен: «...Құл-Мұхаммед сейіт, Қара сейіт, Бозанжар би қият (Теңіз-Бұға-Жырқұтлы-Исатай бек-Өзбек ханнан бастап «сол қанаттың» билеушісі болғандар), Уаққас маңғыт, Шайх-Софы оғлан, Хасан оғлан шынбай, Тасбекіт оғлан ежен, Шад-Бахыт оғлан, Темір оғлан, Сатық би, Сүйінші би, Дәулет-Сұғы оғлан, Барак оғлан каанбайлы (Ұрыс ханды Сарай тағынан құған Шайбан Хан-

бай ханның үрпағы), Мұрат-Сұфы оғлан тағбұт, Мұхаммед би, Жақып дүрмен, Қара-Ғадай дүрмен, Тұлы-Хажы би құсшы, Мұрат-Сұфы отаршы, Дәулет-Қожа диуан құсшы, Шайхы-Сұфы найман, Ақ-Сұфы найман, Қара-Оспан найман, Сары-Оспан өкіреш найман, Жұсіп-Қожа өкіреш найман, Құдайберді тархан, Момын дәрөүш тұбай, Керей-Қожа баһадүр таймас, Сұфы бек чат (жалайыр), Қажы мырза чат (жалайыр), Жұмадық баһадүр тұбай, Сабыр-Шайхы тұбай, Жәдігер баһадүр тұбай, Қоңыrbай құсшы, Әбеке баһадүр қытай, Кебек би құсшы, Қожа баһадүр барак, Тершік би дүрмен, Пуладаҳ баһадүр қытай, Кебек би үйғыр, Хасан би үйғыр, Ішкі-Жабағы диуан үйғыр, Хасан би үйғыр, Бай-Шайхы үйғыр, Әбдімәлік қарлық, Тоңғашық-туілу Қожа найман, Хәкім-Шайхы құсшы, Ақша-Орыс құсшы, Темір-шайхы баһадүр кенегес (шекті), Құдағай және Оспан баһадүр үйсін, Қылышбай баһадүр үйсін, Тулкуджи би тұбай, Тіршік би дүрмен, Сары-Шыман маңғыт, Құтлы-Бұқа тархан, Иаглы (Жығалы)-Қожа қоңырат, Қожа-Лақ күрлеуіт, Шайхы Мұхаммед баһадүр үйсін, Бірім-Қожа баһадүр үйғыр, Бахты-Қожа үйғыр, Сафар-Қожа ішкі маңғыт, Қожа-Әмин ішкі маңғыт, Тәнірберді тұмен, Еңкі-Қожа дүрмен, Толын-Қожа тұмен мыңы, Орыс қоңырат, Омар найман, Толын-Қожа найман, Дәулет-Қожа Иурчи-қара» (46, 143-144; 106, 87).

Бұл арада Әбу-л-Хайды хан көтеруге ноғайлардың (маңғыттардың) билеуші тобының өкілінің – Нұр әд-Дин ұлы Уаққастың катысуын ерекше атап өту қажет. Ноғайлардағы Қазы би өліміне соқтырған бүлікті үйымдастырушылардың алдыңғы қатарында жүргендердің бірі Уаққас еді. Ал одан да маңыздырағы – Ноғай жұртының Дешті Қыпшақпен алғашқы жақындасуы болатын. Әбу-л-Хайды хан көтерген рулар мен рубасылардың жоғарыдағы тізіміне көніл қойсақ, қазақ халқының үйисуына мұрындық болған Найман қауымының XV ғасырдың бірінші жартысында орналасқан орнын анықтаудың да сәті түсіп отыр, - дейді жазушы Ә. Сарай (106, 87).

Демек, наймандар осы кезеңде түгелдей Шайбан әулетіне бағынып, Орда Ежен мен Тока Темір иеліктерінің аралығында Хорезмнен Қызылқұм арқылы тәменгі Сырмен жалғасып, Ырғыз-Торғайды басып өтіп, Тобылға иек артып, Чимга-Турадан (Түменнен) кері серпіле қоныс тепкен. Мұның сыртында Хорезм аймағы негізінен Шыңғыс ханның нағашы жұрты қоңыраттардың иелігі болғанымен, оның айнала төнірегіне үйғыр мен найман жұрты да топтасқан еді.

Атасы Шыңғыс хан ұлдарына үлес бөлгенде, Жошының ұлы Шайбан-ға төрт тайпа ел: Құсшы, Найман, Қарлұқ, Бұйрақ жұрты бұйырғаны тарихта түзілген. Қарлұқ келешекте негізінен түрікмен қауымын құрады. Бұйрактар қарлұқтардың «моуло» аталған бір тайпасына жа-

тады. Түркілер заманында олардың аты аталғанмен, белсенділікпен көзге түспеген жұрт. Асылы, Шайбан әuletінің негізгі тірегі наймандар мен құсшылардан құралған тәрізді. Шыңғыс ханнан қашып, Жетісуға Құшлік ханмен бірге ауып келген наймандардың жалпы саны бұл кезде біршама өсken сияқты.

Міне осы наймандар Хорезм маңына кеп тұрактап, Қызылқұм арқылы біргіндеп Дешті Қыпшаққа жайылғанға ұқсайды. Дүрмен мен құсшылар болса Тобыл бойын мекендеген тайпалар. Кейін дүрмендер – Дүрмен-Найман атанды. Қазір олар негізінен Өзбекстан жерінде қоныстанған. Құсшылар деп жүргеніміз – онғыт Алакұстегін жұрты, жағалтай құсты кие қылған Жағалбайлы тайпалары болуы да мүмкін...

Едіge би ұрпактарының белгілі үш тұлғасы – Наурыздың Ұлық Мұхаммедке «Беглер begі», Аббастың Ноғай ұлысына төбе би, Уаққастың Әбу-л-Хайрға «Беглер begі», яғни хандықтың қарулы күшінің қолбасшысы болуы – ноғайлардың ұлыстық құрылымын тереңірек зерттеуді қажет қылады. XV ғасырдың бірінші жартысында олар әлі толыққанды, ішкі-сыртқы саясатын өзі қарастыратын мемлекеттік бірлестікке жетпеген еді. Хандарға қызмет ететін әскери жасақ ретінде көбірек көрінеді. Олар Алтын Орда империясының кіндік ордасына қосылып кетпей, хан тағына жақын аймақта өз алдына жеке иелік құрып, оқшаулау отырды, – дейді жазушы Ә. Сарай (106, 88).

Қ. Жалайыри Уаққастың Шайбан әuletі Әбу-л-Хайрға ұлы би (Беглер begі) кезін былай көрсетеді: «Бұл Хайыр (Әбу-л-Хайр) ханның Нұрадын мырзаның ұлы Уаққас бимен шексіз көп достығы бар еді. Олар туралы «бір кесенің бір жағынан бірі әселді (балды) ішер еді, екіншісі екінші жағынан ішер еді» дейтін. Бір уақыт бірі хан, бірі би болып жүрген еді» (55, 120).

Әбу-л-Хайр хан Уаққас бимен бірлесе жүріп, Дешті Қыпшақтағы ұсақ ұлыстардың бәрін талқандап, ел тізгінін нықтаған соң, алдымен Есіл мен Тобыл арасын қоныс қылған шайбан Мұхаммед қожа ханға аттанады. Ол Ұрыс ханнан кейін Сарайда хандық құрған Ханбайдың ұлы Мың-Темірдің ұрпағы еді (46, 348). Соғыс 1430 жылы Тобыл өзенінің жағалауында өтеді. Әскері жеңілген Мұхаммед қожа ат арқасына жабысып қашып құтылмақ болғанмен, куғыншылар құтқармады. Әбу-л-Хайр хан атлас ағайыны екеніне қарамастан, оны өлім жазасына кесті. Ай десе аузы, күн десе көзі бар Мұхаммед қожаның қызы Ағамақ бикені мұсылмандық жолмен өзіне әйелдікке алады (106, 89).

Бұдан кейін Әбу-л-Хайр мен Уаққас Хорезмді бағындырды да, оба індетінен сессекіп, Дешті Қыпшаққа қайтып оралды. Кешікпей Махмұд пен Ахмед хандарды жеңіп, Сарыарқадағы хан ордасы орналасқан Ор-

дабазарды басып алды. Көп ұзамай Атбасардағы Мұстафа ханды да Әбу-л-Хайр иелігіне қосып тынды.

Әбу-л-Хайдың шапқыншылықтарының бәріне де Уаққас оның беклербегі, жасақтарына қолбасылық етті. Ол ханға он бес жыл тақымы күргемай еңбек етті, оны айналасын дірілдеткен айбарлы билеуші дәрежесіне жеткізді. 1446 жылы хан мен «беглербейінің» арасынан сұық жылан жүріп, Уаққас би қарулы жасағымен Атбасарда іші ыздан қайнап, амалсыздықтың күнін кешіп отырған Мұстафа ханға кетеді, оны Әбу-л-Хайрға қарсы шығарады. Бірақ бұл шайқаста тас-талқан болып женілген Мұстафа мал-жанын тастанап, Маңғыстауға қашты. Уаққас пен Әбу-л-Хайр ашу-ызаларын басып, қайта табысты. Асылы, Уаққастың мұндай іс-әрекетке баруына ханның кінәсі молырақ болған секілді. Қалай болғанда да, 1446 жылдың күзінде Сырдария жағалауына Әбу-л-Хайр жауышылық бастағанда, Уаққас оның жанынан көрінеді. Жорықтың нәтижесінде хан Сығнақ, Аркөк, Созақ, Аққорған, Үзкент шаңарларын бағындырады. Уаққасты да құр қалдырмай Сырдың жағалауындағы Үзкент қаласының билігін ұстатқаны мәлім.

Уаққас бидің ғұмырнамасын қамтитын мәліметтің ұзын-ырғасы осылай баяндалған. Қадырғали би: «Қырық тоғыз жасында Уаққас би опат болды» (55, 118) деп қысқа ғана тұжырым жасапты. Бұл біздің жыл санауымызша 1447 жыл болмақ. Бір қызығы, Уаққас есімі Еуропа жиһанкезі, поляк Матвей Меховский жазбаларына іліккен. Ол «Екі Сарматия туралы трактат» атты күнделігінде: «Ұлы жауынгер әрі ұлы ханның қызметшісі Оккас өлтірілді» деген мәлімдемесін тіркепті (130, 92-171).

Жазбаша мағлұмдарда Уаққас бидің өліміне байланысты алыпқашпа әңгімелер кездесіп жүр. Біреуі Мұстафа жағына шыққанынан қауіптенген Әбу-л-Хайр адам жіберіп өлтірген болса керек деген пікір өзге қисындардан гөрі шындыққа бір табан жақын көрінгенмен, Шайбан әuletінің тарихшылары ондай әңгімені аузына алмаған. Керісінше, Шайбан хандығын зерттеушілер оны Әбу-л-Хайр ханға адал тұлға ретінде суреттеуден тайынбайды. Өмір өткелдерінің бір белесінде қарсы келіп қалғандарымен, келіспеушіліктегі өзара қарым-қатынастарына көленкे тусірмеген секілді.

Бұл орайда дастандар шежіресін терең зерттеген академик В.М. Жирмунскийдің пікірі сыр сандығын ашқандай. Қажы Мұхаммед (басқаша аты Қожас) Уаққастың немере ағайыны, Қазы бидің ұлы екені еске алынады. Ғалымның әйгілі еңбегінің сілтемесінде «Уаққасты осы Қожас өлтіріп, ал Қожасты Уаққас ұлдары Мұса мен Жаңбыршы өлтірді» деп жазылғаны көп ойға түрткі салады (74, 434). Бұл әңгіме шындықтан алшақ емес секілді.

Әлгі жинаңкез М. Меховский 1517 жылғы еңбегінің бір жерінде: бұдан 70 жылдай бұрын Уаққас жұрты Шыңғыс Дешті Қыпшақты тастап, Сарай маңына қоныс аударды дегенді жазады. «Олардың кең жайылып өскені соншалық, қазір мал-жанды екі үлкен орда бол есептелінеді», депті автор (130, 171).

Уаққас өлгеннен соң, Әбу-л-Хайр хан оның орнына Ноғай Ордасынан «бөглербекі» тағайындамаған. Жоңғардың Темір тайшысының 70 мың әскерімен Қеккесенеде шайқасқан 1457 жылғы соғыста оның жасақтарын Бахтияр сұлтан (Хызыр хан ұрпағы) мен Ахмет сұлтандар басқарады және екеуі де осы шайқаста мерт болады. Ал Аққыстақта қайтыс болған Әбу-л-Хайр ханның соңғы жорығында қалың қолын Жұлдыз тархан, Хасан бек ойрат, Жалал оғлан, Сатылмыш найман, Сайдабек қонырат, Темір мажар, Тасбек қыпшақтардың демеуімен хан ұлы Күшкінші бастап жүрген (46, 360).

Аңдап қарасақ, булардың арасында ноғайлардың билері көрінбейді. Уаққастың орнына інісі Хоразми билік құруға тиісті еді, бірақ бұл жерден оның есімі кездеспейді.

Олай десек, ноғайлар мен көшпелі Өзбек хандығы арасында араздық оты тұтанған да, Уаққас жұрты Әбу-л-Хайр хандығынан іргесін аулақ салып, Еділ бойына жылжыған деп тұжырым жасауға негіз бар. Ноғайдың билерін енді ханға қарсы топтың қатарынан іздейміз. Осы салқындық Уаққастың ұлдары Мұса, Жаңбыршы кезінде тіпті айқындала түседі. Уаққас бидің өлген уақыты деп шамамен 1447 жыл айттылады. Өйткені, Әбу-л-Хайр ханның 1446 жылы Сығнаққа шабуыл жасаған кезінде жаңында Уаққас беглербекінің хан жасақтарын басқарғанын, сыйлыққа Үзкентті басқаруға алғанын ескерсек, ал 1451 жылғы ханның Ақсақ Темірдің ұрпағы Абдуллаға қарсы жорығында Уаққастың аты аталмауына қарағанда, оны 1447-1451 жылдар аралығында қайтыс болды деп топшылауға сияды (33, 100).

#### § 4. Мұса хан – Ноғай Ордасының дара билеушісі

Халық аузында осылай аталғанмен, Мұса Уаққасұлының Шыңғыс хан ұрпағы болмағандықтан «хан» дәрежесіне көтеріле алмағаны түсінікті. Дегенмен, жұрт оны ханға теңеп, хан ретінде тұтынып осылай атап кеткен. Шынтуайтында, оның Ноғай Ордасын ешкімге тәуелді болмай дербес билегені ақиқат.

Осыларды ескеріп, Мұса бидің ғұмырнамасын толыққанды баяндауға кірісейік. Алдымен оның ресми тарихатқа енгізілген өмір деректерінен үзінді беріп өтейік. Ол Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы мен Қазақстан тарихының энциклопедиялық анықтамасында көрсетілген:

«Мұса, Мұса мырза (тұган-өлген жылдары белгісіз) — Ногай ұлысының билеушісі. XV ғасырдың соны мен XVI ғасырдың бас кезінде Ногай Ордасындағы ықпалды саяси қайраткерлердің бірі болды. Мұса жөніндегі алғашқы жазба деректер «Шайбани-намеде» кездеседі. Онда Мұса мен оның інісі Жамғұршы Әбілхайыр (дүрысы — Әбу-л-Хайр — Ә.Қ.) ордасының негізгі жауларының қатарында аталады. Құрамына көшпелі өзбектер, қазақтар және ногайлар енген мемлекеттің ханы Әбу-л-Хайр қайтыс болғаннан кейін билік оның ұлы Шейх-Хайдарға өтті. Осы кезеңде ногайлар Мұсаның басшылығымен көтеріліске шығып, Жошы әuletінен шыққан Ибак хан, Жәнібек хан, Керей хан, Буреке сұлтандармен одақ жасасты. Олардың бірлескен қимылдарының нәтижесінде Шейх-Хайдар өлтіріліп, Әбу-л-Хайр иелігі бірнеше белікке белініп кетті. Ногайлар ежелден Арап, Каспий төңізі жағалауларында көшіп-қонып жүрген. Өзбектер арасындағы өзара қырқысты пайдаланған қазақтар батысқа қарай жылжып, ол арадан ногайларды ығыстыра бастады. Ногайлар Әбу-л-Хайр әuletінің қарсыласы Едігер (Жәдігер) ханмен одақтастық қарым-қатынас орната бастады. Бірақ бұл одақ ногайлардың Мұрындық хан мен Қасым ханның тұсында күшейе түскен қазақтарға қарсы құресте көмектесе алмады. Мұхаммед Шайбанидің Сауран тубінде қазақтардан женілгенін пайдаланып, Мұса онымен одақ жасасты. Бұл жақындауды қазақ ханы Мұрындықтың ногайларға қарсы 50 мың әскермен жорықта аттану да жеделдете түсті. Мұхаммед Шайбани ногайларға көмектесіп, Мұрындық ханның әскери женіліске ұшырады. Ногайлар мен өзбектердің бұл одағы Мұхаммед Шайбани мен Мұса қызының некелесуімен бекітілді. Шығыстағы жағдайды нығайтқан Мұса батыста да белсенді саясат жүргізді. 1480 жылы Мұса мен Сібір ханы Ибак Үлкен (Алтын) Орданың билеушісі — Ахмет ханды женіліске ұшыратты. Мұса Мәскеумен (Москва — Ә.Қ.) жақындасу саясатын жүргізіп, Москва билеушілерімен тұрақты достық қарым-қатынастар орната бастады. Ахмет ханға (Алтын Орда) қарсы соғыста Мұса ұлы князь Иван III-нің одақтасы болды. Мұса жөніндегі деректер қатарында «Мұса хан» жырымен аяқталатын Мұрын жырау жырлаған Едіге батыр жайлы жырлар топтамасы да бар. Жырда баяндалатын көптеген фактілер тарихи шындыққа жақындығымен құнды» (190, 99-107; 189, 615).

Біз мұрагаттарда сақталған шығыс және орыс зерттеушілерінің еңбектерін пайдалана отырып, осы арада Мұса бидің іс-қарекеттеріне теренірек талдау жасау орынды болмақ. Бұнда Мұса бидің Ногай Ордасын іргелі мемлекет бірлестігіне жеткізіп, оның мерейін тасытқанын да ескерген жөн. Оның атақ-данқы атасы Едігеден кем түспегенін, сыртқы саясатта жер шарының — Шығыс, Русь және Еуропа мемлекеттерімен Ногай ұлысының терезесін тен ұстағаны сонау құрделі заманда танғажайып құбылыс еді.

Жалпы Ногай Ордасы билері Уаққастың тұсында-ақ Әбу-л-Хайр хандығы «өзбектерден» іргесін аулақтай бастағаны 1440 жылдардың аяғына келетіні жоғарыда айтылды. Ал Уаққас би өлгеннен кейін, оның ұлдары аталмыш хандыққа, Әбу-л-Хайр ханның көзі тірісінде бағынудан бас тартқанын шет ел жиһанкезі Матвей Меховский «Трактатында» жазып қалдырған. Екіншіден, Манғыт ұлысының билері Әбу-л-Хайр ханды Жошы үрпағының басқа бір ұланымен алмастыруға да талпыныс жасаған. Уаққас бидің бұл арманы өзі өмірден озғаннан кейін, оның ізбасарларының қолымен атқарылады. Орыс тарихшысы В.В. Трепавлов Уаққас ұлдарынан шыққан билер жөнінде мынадай мәліметтер береді:

а) Уаққастың өзіне тетелес ағасы Аббас, ол Манғыт жүртінда 1470 жылдары билік тізгінін ұстады да, одан кейін көрінбей кетіп, 1490 жылдары қайтадан тарих саҳнасына шықты; ә) Хоразми Уаққас ұлы Қадырғали Жалайыр шежіресіне ілігіп, Өзбек хандығының қазақтарға қарсы жорықтарында көзге түседі; б) Мұса Уаққасұлы — Ноғай Ордасының құрылымын күштеп, елу жылдай оны билеп-төстеген атақты би, ағасы Едіге бидің нағыз мұрагері деп танылады (33, 100). Бұлардың қатарында Мұса ханнан кейін билік басына келген Жаңбыршы (қайсыбір мәліметтерде Іамғұршы деп аталады) мен Хоразми билердін аты аталмапты. Ал Қадырғали бек Қосымұлы «Йамғұршы ағасының көзі тірісінде өзі би болды. Оナン соң Хоразми би болды. Мұса Йамғұршымен бір андан туған еді», - деп жазып, Мұса бидің төнірегін кеңіте түседі (57, 164-165). Сол кездегі түсінікпен «бек» («би») ұғымындағы сөздер бірнеше мағынаны беретін: «ел басы» (тайпа, ру басқарушысы), ол тайпа, ру кенесінде сайланатын еді, ал «бек» немесе «бегілербегі» - әскербасы және «бilerdін begі» - ханның тағайындауымен жүретін лауазымды қызмет атағы. Осыдан Ноғай Ордасында бірнеше билердің қатар жүретіні таңғаларлық нәрсе емес. Олардың бірі ұлыс биі болса, тағы біреуі «Бегілер begі» атымен хан ордасында қызметте болған. Мәселен, Уаққас бидің қазасынан кейін Әбу-л-Хайр хан қалыптасқан дәстүр бойынша оның орнына манғыттардан «Бегілер бекті» (яғни әскербасын) тағайындау керек еді және ол қызметке жасы үлкен болғандықтан Аббас лайықты тұлға тұғын. Бірақ, Қ. Жалайыр аталмыш шежіресінде Уаққастан кейін «... (Уаққастан) соң Мұса би болды. Ол ұлысты өзі биледі» - деп, Мұсаның Ноғай Ордасын (ұлысты) билегенін тайға таңба басқандай етіп жазады (57, 164). Бұл шежіреге сенсек, Ноғай Ордасын Уаққастан кейін Мұсахан билеген болып тұр. Олай болса, Әбу-л-Хайр хан ордаға манғыттардан «Бегілер begі» тағайындаған тәрізді. Оған ренжіген Уаққас бидің ұлдары хан ордасын тастап, Дешті Қыпшаққа — Еділ бойына жылжуы бұны аңғартқандай.

Ал фольклорлық жыр-дастандарда отыз ұлды Мұса хан деп дәріптеледі. Бұған кейінірек тоқталамыз.

Мұса би (Мұса хан, Мұса мырза) Уаққасұлы шамамен 1429 жылы туып, 1502 жылы дүниеден өткен. Ол Ноғай ұлысын бүтіндей 1457-1502 жылдары билеген.

Ал біз әңгімелеп отырған атақты биге арналған «Мұса хан» жырының екі нұсқасы ғылыми ортада. Оның бірі Мұрын Сенгірбекұлы жырлаған «Мұса хан» да, екіншісі – 1905 жылы профессор Васильевтің Ақтөбе аймағы Қобда жерінен жазып алған нұсқасы (106, 91; 185, 12-28). Жасы 80-ге толып, кәрілік мінген Мұрын жырлаған «Мұса хан» эпосында ескі дастандарда айтылатын сарын жағынан бірізділік байқалғандай. Мұсаны «хан» деп дәріптеумен қатар, оның ерлігі қалмақтарға қарсы жорықтарымен көзге түседі. Шындығында, Мұса биді халқы хан орнына тұтынғанмен, ол Ноғай Ордасының биі және оның тұсында қалмақтар Алтын Ордаға жетіп соғыс өртін сала қоймаған тұғын. Шамасы, Мұрын жырау Мұса бидің тұсындағы қақтығыстарды қалмақтармен болды деп жаңылысқан секілді. Ноғай Ордасын дербес билеген Мұса «хан» дәрежесінде жүріп, ноғайлардың Орта Азия, Қазақстан, Алтын Орда

(Үлкен Орда), Қазан, Қырым, Қажы Тархан хандықтарының ішкі-сыртқы саясатына түгел араласқан сияқты. Бұның тұсында Ноғай Ордасы толық мемлекеттілік сипатқа жеткенін ауыз толтырып айтуға сияды. Мұнымен қатар Мұса бидің беделімен Орданың саяси билігі де ерекшеленді. Әсіресе, мемлекеттегі жоғарғы билік басында халық сайлаған бидің отыруы орта ғасырдағы Еуразия құрлығында қалыптасқан билік нышанына мұлдем ұқсамайды. Ол – Дешті Қыпшақта өмірге келген жаңа этностың (ноғайлардың) өзіне тән билік жүйесінің құрылымын дамытты. Мысалы, би лауазымы көне замандағы Үйсін тайпасында болғанын тарихи жәдігерлер растайды. Ал ел басқарудағы жаңа құрылым, яғни екі салалы үрдістің етек алуы ноғайлардың билік жүйесіндегі жаңалық. Бұл биліктің түрі К. Жалайыридың еңбектерінде көрініс табады: «...Атасынан соң Мұса би болды. Ол ұлысты өзі биледі. Ямғұрчи (Жанбыршы) ағасының көзі тірісінде би болды. Онан соң Хуразми би болды... Содан соң Ямғұрчының ұлы Ағиши би болды. Ұлысты сол биледі. Содан соң Хасан би болды. [Бірақ] ұлысты түгел Тағир (Әлшагыр, кейбір деректер бойынша Алшынғыр – Ә.К.) мырза биледі. Хасан биден соң, Мұса бидің ұлы Шийдак (Шайдак, дұрысы – Сейд Ахмед – Ә.К.) би болды. Онан соң Шейх-Мамай мырза ұлысты биледі. Бірақ өзі би болмады» - деп, Ноғай Ордасындағы лауазымдық қызметтердің ара-жігін ашып береді (56, 167; 55, 118-119). Қадырғали бидің осы айтқандарын қаперімізге алсақ, өзі би болып, әрі ұлысты өзі билеуі де, өзі би болып отырып, ұлысты інілерінің біреуіне билету де Ноғай Ордасында кеңінен орын алған жаңа құбылыс еді. Мысалы, тарихшы «Жанбыршы ағасының көзі тірісінде би болды» дегеніне қарағанда, жасы ұлғайған Мұса би Ноғай Ордасының билік тізгінінен еркімен бас тартып, інісі Жанбыршыны өз орнына билік басына қойғызған іспетті.

Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресінде» Мұса биге арнаулы тарау арнап, 1455 жылдың оқиғаларынан соң деп, Мұса би мен Қожастың (Қажы Ахмед) өзара жауластығын былай баяндапты: «Мосы (Мұса) би мен Қожас мырза екеуі жау болып, ұрысты. Қожас жеңіп, Мосы би қашты. «Қайда барсам, бұл өшімді аламын?» - деп, өз-өзімен және қасындағылармен кеңесті. Егер бұл іс бір кісінің қолынан келсе, Бұргенің қолынан келеді деп ойладап, Бұрге сұлтанның ордасына келді. Өзінің жағдайын айтып еді, Бұрге сұлтан: «Қош келдің, қолымнан келгенін ая-маймын, әкем хан болсын, сен есігіндегі ұлық биі бол», - деп жақсы қарсы алды. Төрт жағындағы елдің халқын шақырып, үлкен той жасады. Әкесі Иадкарды (Жәдігерді) ак киізге салып хан көтерді. Өзбек ішінде айтылатын: «Әбу-л-Хайр хан, Қазы би болды; Жәдігер хан, Мұса би бол-

ды», - деген сөздің мәнісі осыдан шықса керек. Одан соң сапар жарағын жасақтап, Мұса биді алдына салып, басшы қылыш, жорыққа аттанды. Қыс күні еді, кар қалың түсті. Бара-бара аттары арықтады, азықтары таусылды. Халық кері қайтуды үйғарды, бірақ сұлтан «қайтпаймын» деді. Бірнеше күннен соң әскер бұрынғыдан да жаман халге жетті. Мосы би бастаған бектер сұлтанға келіп: «Хәліміз жаман, атсыз қай жерге барамыз, биыл болмаса, келесі жылы келерміз, қайту дұрыс болар», - деді. Сұлтан: «Бүтін және ертең таңға дейін жүрелік, егер хабар тапсак, оған амал жасармыз, болмаса қайтартмыз», - деді. Ертемен жүріп келе жатыр еді, алдынан бір қыр көрінді. Қырдың үстіне шығып еді, қырдың астында бір шұңқыр жерде көп ел көрінді. Өздері аттарынан түсіп, хабар алып келіндер деп екі кісі жіберді. Олар барып бір кісіні ертіп келді. Одан сұрап еді, бұл Қожас мырзаның үйі болып шықты. Аттанаң барып, үйді қамап, мырзаны қолға түсіріп, өлтірді, елін шауып, көп олжа түсірді, қалғаны бағынды. Малай ханзада деген Қожастың қызы бар еді, оны Бұрге сұлтан алды. Ол қыс онда қыстап, жаз шыққан соң қайтып үйіне түсті» (51, 123; 333, 137-166). Бұл арада Әбілғазы Қожастың кім екенін айтпағанмен, оның «мырза» деген сөзінен байқалатыны, «мырза» деп тек билердің ұлдары ғана аталатындықтан, Қожас мырза Уаққасты өлтіретін Қазы бидің ұрпағы болмашы.

Міне осы оқиғадан кейін Мұса би ак киізге орап, Бұрге сұлтанның әкесі Жәдігерді хан көтереді. Бұл шамамен 1457-1458 жылдары болған еді. Мұса бидің өзі оған «Бегілербегі» қызметіне тағайындалады. Мұнан кейін Мұса би Әбу-л-Хайр өлген 1468 жылдан соң, көп ұзамай Сібір ханы Ибак, қазақ ханы Жәнібек, Бұрге сұлтан, Ноғай биі Аббас болып барып, Әбу-л-Хайдың мұрагері Шейх-Хайдарды өлтіріп, көшпелі Өзбек ұлысын таратып жіберді. Тақ мұрагерлері бас сауғалаپ, жан-жаққа қашты. «Мұса хан» эпосындағы Мұса бимен қылыштасатын Аланәзір түспалданған Шейх-Хайдар болса керек, - дейді ғалым Әнес Сарай (106, 94).

Мұса бидің атақ-даңқының аспандайтын шамасы 1470 жылдардан кейінгі уақыт. «Шайбани-наменің» авторы Камал әд-Дин Бинай оны Қыпшак даласының билеушісі деп атаса, Фийас әд-Дин Хондемир Дештідегі әмірлердің әмірі, - деп жазады (49, 67-83; 331, 274).

Орайы келіп тұрғанда, Ноғай Ордасының қоныстанған жерлеріне ат басын бұра кетейік. «Қазан жылнамасының» баяндауынша XV ғасырдың екінші жартысында Жайықтың шығыс бетіндегі ноғайлар Еділ мен Жайықтың арасындағы бос жерлерге көптеп көшіп келе бастаған-ды (332, 318-349).

Бұл шамасы Уаққас бидің өлімінен соң, Мұса бастаған ұлдарының Өзбек ұлысынан сыйтылып, Еділ-Жайық бойына қоныс аударуына бай-

ланысты тарих бетіне түссе керек. Мұны ноғайлардың «Мамай» дастанында жырланатын Еділдің Тасбұрын сағасынан Каспий теңізіне дейінгі аралығында Мұса ханның 12 ұлының Жидектің (Еділдің бір сағасы) жағасында туып-өскені де қосымша дәлел болғандай із тастайды (335, 13).

1489 жылдың жазында Мұса бидің орыс патшасы III Иванға жазған хатында: «...Жұртыймыз сіздерден алыстау қоныстанған еді, сондықтан қарым-қатынас үзіліп қалды. Қазір біз қарсыластарымызды жеңіп, атабаба жұртына қайтып оралдық» деп жазғанын тарихшы В.В. Трепавлов аузына алады (33, 108; 334, 18-19). Осы дереккөзден көрінетіні: Алтын Орда хандары Ұлық Мұхаммед пен Кішік Мұхаммед тұсында (1430-1480) ноғайлар шығыс Дешті Қышишакқа қоныс аударған. Ноғайлардың билері Уаққас, Аббас, Мұса, Жаңбыршы есімдері Алтын Орда тарихына байланысты деректерден көп кезікпейтіні осыдан болса керек, ал Орта Азия жылнамаларында ауызға жиірек ілігеді. Бұл кездерде Еділ-Жайық арасындағы «беклербегі» лауазымы Барақ хан шапқыншылығы тұсында әуелі Москва княздығына, артынан Қырым хандығына көштетін Мансұр ұрпақтарының қолында тұрақтаған еді. Мұса би және Ноғай жұрты оларды дүшпанына санап, аулақ журуге тырысқан-ды. Ал 1489 жылғы жазылған Мұсаның жоғарыдағы хаты 1481 жылы Кішік Мұхаммедтің ұлы Алтын Орданың соңғы ханы Ахмедтің өлімінен кейін, ноғайлардың ата мекеніне оралуына байланысты және орыстармен қарым-қатынасты жақсартуды көздеңген құбылыс тәрізді.

1492 жылғы орыс деректері бойынша, «Аббас Урух тауда (Айырық – Мұғалжар тауларының бір сілемі – Ә.К.), Мұса Ор өзенінің бойында, Жаңбыршы Жем аяғы мен Ақкөлде, «бес мырза» Қарғалы мен Елкете» деп көрсетіледі (33, 107; 106, 94).

Бұдан Ноғай Ордасының бес көші-қон мекені болғаны аңғартылады: Еділ-Жайық аралығы, Мұғалжар тауларының өнірі, Ор, Жем және Қарғалы-Елек өзендерінің бойы. Сөйтіп, ноғай билері мен мырзаларының қоңсы-қолаңы айқындала түскен. Осынау би-мырзалардың қоныстану тәртібіне қарап, Қажы Тархан мен Алтын Орда тағын әлі де уысынан шығармай тұрған Кішік Мұхаммед ұлдарымен тіл табыса алмаған кездерде Уаққас бидің ұландары Дешті Қышишакқа сұғына кіріп, аталаған мекендерді қоныс қылады. Ал Мұса бидің тұсында ноғайлар арқасын кең салып Арап теңізіне дейінгі жерлерді жайлаған еді.

Бір қызығы, Мұса би Шайбан ұрпақтарынан Бурге сұлтанның экесі Жәдігерді хан сайлап, өзі «Беглер begі» лауазымын иемденгенмен, ол дәрежені абырай тұтып, малдана қоймады. Ол «Беглер begі» қызметінен өзін аластаган Әбу-л-Хайрға көрсеткен қыры шығар. Әбліғазы бағадүрдің: «Әбу-л-Хайр мен Уаққас би қандай болса, Жәдігер хан мен

Мұса да сондай болды» - деп қанша дәріптегенмен, Жәдігер нөфайлар арқа сүйейтіндей мықты хандық құра алған жоқ (51, 123-125; 33, 102).

Шығыс тарихшыларының бірі Мунис Жәдігердің хан сайланған кезін 1457-1458 жылдар деп белгілейді. Олай болса автордың пайымы Әбілғазымен үндес келеді, яғни Жәдігерді манғыттар өздеріне хан сайлаған кезде Әбу-л-Хайр (1468 ж. өлді) әлі тірі болған. Ал Молла Шәди Жәдігерді Әбу-л-Хайр ханның ізбасары дегенмен, қолда бар дереккөздер ханның орнын ұлы Шейх-Хайдардың басқанын көрсетеді. Бір анығы Жәдігердің Әбу-л-Хайр ханнан кейін көп ұзамай қайтыс болуы. Бұлай дейтініміз, Шейх-Хайдардың қарсыластары қатарында Жәдігердің ұлы Бүрге сұлтан ғана аталады, ал әкесі жөнінде ешқандай хабар берілмеген (336, 244-253; 337, 56).

Әбу-л-Хайрдың немересі Мұхаммед сұлтан ержетіп, алды-артын таныған соң, алдымен Бүрге сұлтанның ордасын шауып, өзін өлтіріп жібереді. Бұл кезде Мұса бидің атақ-абыроны «Бегілер бегі» демесе де, жетіп жатқан-ды. Ол енді ешкімге жалтақтамайтын тәуелсіз, дара билеушіге айналды. Жұрт оны би демей, «би хазірет» деп ұлықтайтын болды. 1492 жылы Қырым ханы Менлі-Герей Мұсаға жолдаған елшілік хатында: «Сіздің бақытты хазіреттік құзырынызыға» деп дәріптеуі де осыны анғартқандай.

Бақшасарай билеушісі орыс патшасы III Иванға жолдаған хаттарының бірінде би созінің жөн-жосығы – ханның қаращасы деген ұғым дейді. Мұсаның беделінің жоғары болғаны соншалық Менлі-Герей III Иванға Мұса мен Жанбыршы жайында баяндай келіп: «Олар біздің де кәдемізге жарап қалуы мүмкін» деген лебізін білдіреді. Мұса өзінің би екенін, хандыққа таласы жоғын, оған дәрежесі де келмейтінін: «Менлі-Герей хазірет құзырына Мұса мырза мандайын жерге тигізе иіп, сәлем жолдайды. Ханға құлынан сәлем» деген сөздермен өрнектепті. Бұл жолдауда саясаттың нышаны жатқанымен, ол заманда хан ұрпақтарымен бақ таластыру құдайға күпіршілік етумен бірдей екені анғартылады (106, 95).

Сөз иіні келіп тұрғанда, Дешті Қыпшақтағы елдермен нөфайлардың қарым-қатынасына да көз салып етейік. 1470 жылдары Әбу-л-Хайр ұрпағы Мұхаммед Шайбани Сыр бойындағы Сығнакты басып алғып, жас ханзада атасының жұртын қайтару жолындағы құреске қызу кіріспін кетті. Мұса бидің саясатында ханмен бірлесу тұрды. Оған себеп табылғандай: атасының көзі тірісінде Мұсаның қызына ғашық болып, албырт жастықтың шеруімен жүрген Мұхаммед Шайбани ғашығына сағынышты хат жолдан, сүйгенін күшпен тартып алу үшін Мұса ордасына сәтсіз жорық жасағаны да мағлұм еді. Міне, дегеніне жете алмай, ғашықтың

отына оранып жүргенде, Сығнаққа Ноғай Ордасынан елші келіп, Мұса бидің оны хан көтеру ойы бар екенін мәлім етеді. Мұхаммед Шайбани сенімді нөкерлерін алып Ноғай ұлысына сол мезетте жолға шығады. Бұл оқиғаны айтушылар 1473 не 1474 жылға жатқызады (337, 44-90; 33, 105; 331, 274). Мұса би ханзаданы жақсы қабылдайды, өзінің таңдаулы қонысынан орын беріп, хан сайлау жамтығына кіріседі. Осы кезде көп қолмен қазақ жасақтарының Сығнаққа жақындан қалғаны естіледі. Қазақ ханы Мұрындық (кейбір декректер бойынша, Бұрындық) Әбу-л-Хайр ұрпақтарының маңғыттармен одак құрып, күшеюінен сескеніп, оларға тосқауыл қою ниетімен елу мың жасағын сайлап, оларға қарсы аттанған-ды. Сақадай-сай Мұрындық ханының әскеріне Мұхаммед Шайбани үш жұз нөкерімен Мұса қолбасының бастауымен ноғайлар қарсы тұрды. Осы шайқаста маңғыттарға би сайланған Уаққас бидің ұлы Хоразми кенеттен қазаға ұшырады. Мұсаның тегеурінді қарсылығына тап болған Қазақ ханы женісті аяғына жеткізбей, атының басын кері бұруға мәжбүр болды (49, 103-104; 338, 58-65; 33, 106; 331, 274; 47, 424-440).

Хоразми бидің азасынан соң жауларына тегеурінді тойтарыс берген маңғыттар Мұса бидің бастауымен Ноғай Ордасына оралып, Мұхаммед Шайбани сұлтанды хан сайлау науқанын бастап жіберді. Алайда маңғыт билерінің арасында кикілжің шықты, оның мәні: «бағзы заманнан бері маңғыттарға хан сайланған жаңа билеуші, оларды қолынан қақпайтың, толық еркіндік берсе ғана ханзаданың таққа отыруына жағдай жасаіттының ескертеді. Олай етпесе, өзі білсін, онсыз да күнімізді көрерміз деген уәж айтты» (49, 104). Ертөнді күнді ақыл таразысына тартқан Мұса да Мұхаммед Шайбаниды хан көтеруге құлшынбай бейтараптық ниет танытты.

Ноғай Ордасындағы осынау кикілжің басталған тұста, Қазақ ханы Мұрындықтың Сырдария аймағындағы қалаларды шапқаны туралы хабар жетіп, Мұхаммед Шайбани сұлтан Сығнаққа қайтып кетті. Сөйтіп, ол маңғыттарға хан сайланбай қалды.

Әлгіде баяндалды, көшпелі Өзбек хандығын (яғни Әбу-л-Хайр хандығын) алым-жұлым қылуға Едіге тұқымдары Уаққас, Аббас, Мұса, Қазақ хандары Жәнібек, Мұрындық, Шайбан ұрпақтары Бүрге сұлтан, Сібір ханы Ибақ (Ибрагим) қатысқаны белгілі. Тағы бір қызығы аталмыш жұрттың талап-тілектері бір жерден шыққандай табысып, ал максаттары бөлектенгенде, бұлар да ажырасып, көнілдерінен шықпаса жауласып отырды. Жер дауы, жесір дауы, барымта да әлсін-әлі отқа май қыздырып отырды. Мұса би бастаған ноғайлар батыс беттегі Қазақ ханы Жәнібектен, одан қалды Мұрындық, Қасым хандардан едәуір қысым көрді. Керей, Жәнібек кезінде қазақтар екі астанаға иелік етті.

Бірі – Сығнақ қаласы да, екіншісі – Жайық бойындағы Сарайшық. Қазақ хандығының екі хан билеген дәстүрі Шыңғыс хан заманынан енген екі қанатты (оң-солы) билік жүйесіне тән. Жаз жайлау төменгі Сыр, Сарысу, Қаратаяу, Ұлытауда тоғысып, қыс басы қырау түскенде Жәнібек Сарайшықтағы қыстауға көшіп отырды.

Бір қызығы, Қазақ хандары ноғайлардың билеріне «Бегілер begі» лауазмын бергісі келмеді. Едіге ұлы Мансұрды Жәнібек ханның әкесі Барак өлтіріп, Баракты ноғайлар өлтіріп, екі арада әжептәуір жанжал туған-ды. Жәнібек хан ноғайлармен достық қарым-қатынас орнатуға онша құлықты бола қоймады. Беклербегіден Ноғай мырзаларының құдерін ұзу үшін Жәнібек тұсында екі қанаттық билік жүйесін қабылдап, Керей ұлы хан, Жәнібек кіші хан боп, «Бегілер begі» қызметін өздері қоса атқарды.

Ноғай билері бір хандыққа «Бегілер begі» сайдынып, қалай да билік ноқтасынан айырылмауға күш салды. Шыңғыс хан қалыптастырған империяда қарадан шығып, хандық тақты иелену құқығы қаралмағанды. Шыңғыс ұрпағының қолынан алған «Бегілер begі» лауазымы сол олқының орнын толтырып тұратын. Мұса шайбан Бұргені қолдан хан жасап, «Бегілер begі» атағына өзі иелік етті. Ол өлген соң Мұхаммед Шайбани сұлтанды хан көтеруге ниет еткенмен, онысы сәтсіз аяқталды. Бұрынғы одактардан жалғыз ғана Сібір ханы шайбан Ибақ қана достық қолын созды. Міне, енді Ноғай ұлысы осы хандықпен одактастық қарым-қатынасты нығайтуға бет бұрыс жасады. Ибақ хан Уаққас бидің қызын алған, ноғайларға күйеу болатын. Бірақ бұл қатынасты жақсартуға кепіл бола қойған жоқ. Мысалы, Мұрындық ханның қызын алған Мұхаммед Шайбани өмір кешенін қазақтармен соғысуға арнады. Билік үшін таласта туысқандық та, бір емшекті емгені де есепке алынбайды десек артық айтқандық болмас. Сібір ханы мен ноғайлар арасында бағзы заманнан келе жатқан, тамыры терең жайылған туыстық, достық сақталған. Ибақтың арғы атасы Қажы-Мұхаммед ұланды алғаш хан көтеріп, әүлеттің бағын жандырған Едіге мен Мансұр билер екенін ұмытпаған жөн. Өз жұртына сыймай, ұлыстан ұлыс өтіп жүрген осынау оғлан Алтын Орда тағында ұзақ отыра алмағанмен, Едігенің демеуімен иелігіне қоныс алғып, кейін Сібір аймағына хан сайданды. Қ. Жалайыри бұл жәйтті өз деректерімен толықтырыпты: «Ол (Мұса) Айбақ (Ибақ) ханға Ақбекімді берді. Ол жолдың араларында бұл күнге дейін Қажы-Мұхаммед ханнан бері Едіге бидің нәсілімен құда» (57, 166; 106, 97).

Ибақ (Ибрагим) ханың ата-тегі төмендегідей: Шайбан – Баңадүр – Жошы Бұқа – Бадақұл – Мөңке – Темір – Бек-Қонды – Әли оғлан – Қажы-Мұхаммед хан – Махмудек хан – Ибақ (Ибрагим) хан. Алға жыл-

жып айта кетейік, Көшім хан Ибақтан шығады. Әбілғазы: «Көшім хан Тұран уәлаятында қырық жыл патшалық қылды, көп жасады, екі көзі көрмей қалды» деп жазады (51, 116). Тарихшылар Батыс Сібірді Тұран өлжесі деп мәлімет береді.

Осы өңірдің көне тарихы мен шежірелерін алғаш хаттаған ғалым Г.Ф. Миллер: «Есілдің Ертіспен қызылысар тоғысында ноғай нәсілді Он хан өмір сүрді. Чинги (Шыңғыс хан) оған қарсы бас көтеріп, Онды өлтірді. Оның Тайбұқа атты ұлына қамқорлық көрсетіп, жасақ құрап берді. Тайбұқа Об өзені бойындағы естектерді бағындырып, Тура өзенінен қала салуға рұқсат алды, сол қала бүгінгі Тұмен» деп жазады (339, 189-190). Бұл қала ноғайлар қоныс қылған дәуірде Чимга-Тура аталды, яғни «Қызыл қала» деген мағынаны береді.

Әлгі шежіредегі Он хан керейт Уаң хан екені белгілі. Зерттеуші Қызласов өз еңбектерінде Шыңғыс әuletіне қызметші (төленгіт) бол жүрген керейт Уаң ханының (Тұғырылдың) екі ұлының атын түзеді. Ұлдардың арасында Тайбұқа есімі кезікпейді. Дегенмен де, керейттің бір белегі осы өңірге келіп тұрактағаны күмән тудырмаса керек. Орыстың Ремизов жылнамасы Есіл өзеніндегі Қызыл-Тура, қазіргі Қызылжар қаласы туралы әңгімелей келіп, Он ханының ұрпағының есіп-өнген жері осы аймақ деп тұжырым жасайды. Он ханнан кейін керейт елін Иртышак, сосын Сарғашық деген кісілер билегені де тарих бетінде түзіліпті.

Біз әңгіме етіп отырған дәуірде Ибақ Тұменде хандық құрды. Елшілер арқылы Москваға жолдаған хатында ол өзін «Ноғай патшасымын» деп таныстырған (340, 43). Басқа бір шығармаларда оны «Сібір ханы» деп атаушылар да бар. Сібір хандығы 1495-1563 жылдар аралығында шыққан тегі белгісіз Тайбұқа әuletінің қолында болды. Оларды биліктен 1563 жылы қуған Көшім хан еді. Ол өзбек-ноғай жасақтарының қолбасы тайбұқа Жәдігерді және оның туыстарын өлтіріп, орталық қаласы Қашлықты басып алды. Жалпы тарихнамадан белгілісі, тайбұқалықтар жергілікті Сібір ноғайларынан бастау алады (340, 376-377).

Тұмен ханы Ибақ (Сайид-Ибрагим) есімі Ресей патшалығына 1469 жылы хан тағына отырғаннан белгілі. Ол орыс құжаттарында «Ноғайлы Ибақ» деп көрсетілген. 1481 жылы және 1493 жылы Ибақ хан орыс патшасы III Иванға өз атынан елші жіберген. Осы жәйттерден кейін «ноғай» атауы орыс іс-қағаздарына түсे бастады. Ресейде жасақталған «Татар ұлыстарының атауы» құжатында Ноғайлы ұлысы, Үлкен Орда, Казан, Астрахан, Сібір хандықтары ишк түйістірген тең дәрежеде қатар аталып жүрді.

Ноғай Ордасындағы би лауазымын атай отырып, мына жәйтке де көніл аудара кеткен жөн. Мемлекеттік бірлестіктердің басқару жүйесінде «хан» лауазымы халық арасында кең тарап, қалыптасқанмен, «би» атауы

қын қабылданды. Мәселен, III Иванның өзі «би» атауының мағынасын түсінбей Қырым ханы Менлі-Герейден «би» лауазымына түсінік сұрағанын, Менлі-Герейдің оған жауап дайындағаны тарихатта жазылыпты. Ноғайларға «куыршақ хан» тағайындау үрдісін алғаш енгізген Мұса би еді. Ибақтың өмір бойы Едіге әuletімен құда, үрпактарының нағашылы-жиенді болуы, сонымен бірге Ибақ жұрттының бір бөлігінің ноғай болуы – осынау дәстүрге негізделсе керек. Бар-жоғы мың салт атты жасағы бар Ибаққа он сан қарулы жасағымен Мұса мен Жаңбыршы билер оның тірегі бола білді. Ибақтың қол астындағы ұлыстың адам саны да, дәүлеті де ол кезде шектеулі еді. Ибақ ноғайлардың ішкі-сыртқы саясатына ықпал ететіндей дәрежеге жете алған жоқ, Аббас, Мұса, Жаңбыршы ешкімге тәуелсіз, өз биліктерін жүргізді. Орайы келгенде ортақ жауларына қарсы құш біріктіріп отырды. Ибақтың «ноғай ханы» лауазымы екі жаққа да қолайлы болған сияқты.



Ноғай жасактары жорықта...

Ноғай билері мен Тұмен ханы Ибақтың тарихта ізі таңбаланған бірігіп атқарған елеулі істерінің бірі – Үлкен Орданың (әлсіреген Алтын Орда тарихнамада осылай аталыпты – Ә.К.) ханы Ахмедтен тақты тартып алып, оны өлтіріп, көшпелі ордасын Орда-Базардан Сібірдегі Чимги-Тураға аударуы. Ол туралы орыс тарихшысы Ш.Ф. Мұхамедьярованың пайымдауынша, Сайд-Ибрагим хан (Ибақ хан) өз атынан 1481 жылы монета (ақша) шығарған (340, 377). Ал Архангельск жылнамасы бұл оқиғаларды былай баяндапты: «Сол жылды қыста (1480 жыл) Шайбан Ибақ хан Ахмед патшаның ұлысын шауып, көл-көсір байлық тиеп қайтқан. Ибақ патша 1000 қазағымен ноғайларға келіп, өзімен бірге қайындары Мұса мен Жаңбыршыны және олардың 15000 қазағын

ілестіріп, Еділдің жарлы-таулы бетінен өтіп, Донның сыртында отырған Ахмедтің ізіне түседі. Ол жасақтарын таратып, қыстауға тоқтағанда, қантардың 6-сы (1481 ж.) күні таңертең Ибақтың өзі арба үстіндегі жылжымалы ақ ордага басып кіріп, ұйқыдағы Ахмед патшаны өлтірді. Соғыс болған жоқ. Шайбандар мен ногайлар Дон мен Еділ арасында, Кіші Донецте, Азовқа жақын жерде Ахмед ордасын 5 күн талан-таражға салды да, қайтып кетті. Литвадан әкелген мал-мұлік, тұтқындар Еділден өткізіліп, Орда Базар мен Түменге айдалды. Сол жылдың жазында Ибақ Чимгур есімді елшіні Ұлы князь Иван Васильевичке жіберіп, болған жағдайды – Ұлы княздың ата жауын өлтіргенін үлкен қуанышпен хабарлады. Ұлы князь Ибақтың елшісіне құрмет көрсетіп, мол сый-сияпатпен еліне қайтарды» (341, 159).

«Қазан жылнамасы» болса, Ахмед ханды өлтірген Жаңбыршы деп жазды. Қырым ханы Менлі-Герейдің Литва князі әрі Польша королі Казимирге жолдаған елшілік қатынасында бұл оқиғаға «Обат мырза» да қатысты деп көрсетеді. Мырза лауазымына байланысты Абатты би ұлдарының бірі деп үстірт түсінік жасауға болмас. Абат есімді адам Едіге ұрпақтарының ішінде кездеспейді. Аталмыш Абат – Асан Қайғының ұлы Абат батыр шығар. Бұл әүлетте «мырза» лауазымы болған, - деп түсініктеме береді Қазақстанның белгілі жазушысы Әнес Сарай (106, 99). Әрине, ғалымның бұл пікірі әлі де нақтылай түсуді қажет етеді.

Алтын Орданың сілемі Үлкен Орданың (кейбір деректерде Тақыт елі деп жазылып жүр – Ә.К.) быт-шыт жағдайға түсүі Ноғай Ордасының шекарасын кеңейтті. Олар Еділ суының сол жағалауын ұзына бойын қоныстануға, билеп-төстеуге мүмкіншілік алды. Мұса би өз ордасын Еділге көшіргенмен, бұлініп-кираған Сарай-Батуға енбей, Богда сыртына, Хантөрткүл маңына жайғасты. Осыдан 100 жыл бұрын Куликово далаында Мамайды жеңдім деген Ресей жүрті бодандықтың бұғауынан әлі құтыла қоған жоқ-ты. Ресей княздары бұрынғыша Үлкен Орда ханы Ахмедке салық төлеп тұратын. Ахмед қүйрекен соң ғана олар шын мәнінде бостандықтың дәмін татты. Қарсыластарының жансақ қадамы Ресейге қашшалықты оң болғанын дәлелдегісі келгендей Москваниң ұлы князы 1487 жылы Қазанды жаулап алуға алғашқы жорығын бағтады. Мұса мен Жаңбыршы күннен-күнге күшіне түскен терістік көршіге көзқарасын өзгертіп, олармен санасуға қадам жасады. Ақыры, Ноғай Ордасының билері 1489 жылы Москваға қарым-қатынасты жандандыруды көздел, елшілік жіберді. Елшілік құрамында Батыс Сібір ханы Ибақтың да адамы болды. III Иванға Ноғай ұлысының төбе биі Мұсамен бірге інісі Жаңбыршы, оның әйелі Сыпсұлтан және Талас мырза елшілік хаттарын жөнелткен. Онда Мұса: «Біздің әкелеріміз бен

аталарымыз, Сіздің әкелеріңіз бер атапарыңыз арасында достық қарым-қатынас үзілмеген еді. Ал біздің кезімізде жұрттымыздың қиян көшіп, шет жайлауы себепті ондай барыс-келіс болмады. Қазір, құдайға шүкір, дүшпанымызды жеңіп, ата жұрттымызды қолымызға алдық. Бұрынғы кездердегідей қатынас болғанын қалаймыз!» - дей келе, бидің тұтқында отырған балалары мен Қазан жорығында патша әскері байлап әкеткен бұрынғы Қазан ханы Алегамды босатуды өтінген (33, 107-119).

Шілденің 26-да шықкан елшілік Москвадан рұқсат қағаз келгенше Қазанда кідіріп, Москваға тек 1489 жылдың қараша айында жеткен. Елшілік аттанған сәтте Жаңбыршы Қазанға іргелес Ақ Еділ өзенінің бойын, ал Мұса Қызылдарияны (Електі) жайлап отырған. 1490 жылы Москваға ноғайлардан екінші елшілік келеді. Бұл елшіліктен хат жібергендер Мұса би, Жаңбыршы мырза және Жаңбыршының ұлы Алаш мырза еді. Жаңбыршы хатында «екі ұлымды тұтқыннан босат» деп өтініш жасаған. Бұлар шындығында Жаңбыршының өз ұлдары ма, жоқ ұлсында тұратын адамдардың ұландары ма, ол жағы белгісіз. Бірақ бір нәрсенің басы ашық – өздерінің қолдауымен Қазан хандығына отырғызған Алегамды тұтқыннан шығарып алу саясаты болса керек. Бұл тұста Қазан ханы Москва князының ықпалымен сайланған Мұхаммед-Әмин еді. Ол Ұлы княздың бұйрығын қалт жібермей, Ноғай билерінің әр қадамын аңдып, дер кезінде оны құлағдар қылып тұратын. Ресей мұрагаттары қорларында Ноғай ұлсының ішкі жағдайын мәлімдеген екі жолдауы сақталған. Бірінде, «Сіздің (III Иван патшаның) айтуыңыз бойынша Айзахмет ұлына қосып Құдаш пен Қожықты Мұсаға жібердім» дей келіп, Ноғай Ордасынан келген адамдардан сұрап білген мына мәліметтерін хабарлаған: «Аббас би Урух тауда (Мұғалжардың Айырық шоқысы), Мұса Ор өзенінде, Жаңбыршы Жем бойында, бес мырза Қарғалы мен Елкете, Едисан (Жетісан) Аббас бимен бірге».

Қазан ханы Мұхаммед-Әминнің 1492 жылы шілденің басы немесе тамыздың аяғында Москва князына жіберген мәліметінен Ноғай Ордасында негізінен іргелі бес көші-қон қонысы болғанын аңғарамыз. Әсіресе, осы арада Едисан (Жеті рулардың) иелігінің аталуы біздің зерттеуімізге маңызы бар.

Құдаш пен Қожықтың Москвага жеткізген мәліметінде: Аббас пен Жаңбыршының Шағанда, Мұсаның Жемде қыстаганы хабарланған (340, 7-40). Құжатта құлақты елең еткізер тағы бір хабар бар: «Аббас пен Жаңбыршы Мұса бимен араз. Аббас пен Жаңбыршы Түменге адам жіберіп, Ибақ патшаны шақырып-ты» деген екішты әңгіме. Бұған қоса 1490 жылы Мұса, Жаңбыршы, Жаңбыршы ұлы Алаш мырзаның хаты-

мен бірге Москваға Әбулек хан деген біреуден елшілік келген. Онда: «Ұлы бидің ұлдары Аббас, Мұса, Жаңбыршы мырзалар, олардың ба-лалары мен ағайын тұғандары мені өздеріне хан етіп ұстап отыр» деп жазылыпты (340, 37). Бұл басқа емес, Жәдігер ханның ұлдарының бірі не Әбулек, не Әминек шығар. Он алты жыл хан тағында отырған Әбулектің билеген кезі 1465-1484 жылдар аралығы. Әңгіме оның інісі Әминек туралы болуы да мүмкін. Мұса би осы жылдары Ноғай Орда-сына тағы бір «куыршак» хан сайлаған-ды. Мұсаның бұл ісіне ағасы Аббас пен інісі Жаңбыршы қарсы шығып, хандыққа Тұменнен Ибақты шақырған секілді. Сөйтіп, 1490 жылдардың басында ағайындар арасына жік түседі де, Аббас пен Жаңбыршы Тұменге қарай ұзай көшіп, Ибаққа жақын келіп қоныстанған екен.

1497 жылды Мұса Москва княздығына жолдаған бір хатында: «Ағайындарыма өкпелеп, Түркімендерге кетіп едім, мұндағы туыста-рым сұрап қоймаған соң, ел ішіне қайтып оралдым» депті (334, 46-50).

1491 жылдан кейін ноғайлардың ұлы би Аббастың есімі ауызға ілікпейді. Шамасы ол осы тұста мәңгілікке жол шексе керек. Аббас сексен жасап, ұрпақсыз өтті деген көмескі мағлұматтар кездеседі. Сондықтан тәбе бидің қазасына байланысты тұма-туыстары Маңғыстауға көшіп кеткен Мұсаны түрікпендерден кері шақырып, еліне әкелген іспетті. Бұл кезде Едіге тұқымынан қалған ұлдардың жасы үлкені Мұса би болған сияқты дейді бірқатар зерттеуші ғалымдар (33, 117; 106, 100-101; 71, 82; 294, 83; 334, 46-50). Мұса би келген бойда Қазанға жаракталып, шабуылға дайындалып жатқан ноғай жасақтарын тоқтатады. Бұл Үлкен Орданың хандық тағынан дәмесі бар Ибақ пен інісі Жаңбыршының және олардың қолтығына су бүркіп жүрген Қазаннан қашқан ноғай билерінің әрекетіне үқсанқырайды. Русь князы III Иванмен достық қатынасты оңтайлауға бағытталған Мұсаның көрегендігіне кім қарсы шықсын, соғыс қимылдарынан шаршаған жасақтарға да керегі осы еді. Бұдан кейін Мұсаның атақ-абыройы өсіп, ұлыстың жасы үлкені ретінде ноғайларға тәбе би сайланады және Ибақ ханға «бегілер begi» қызметіне тағайындалады. Осыдан соң Мұса шет жақтағы мемлекеттерге жолдаған ресми құжаттарда «би» лауазымымен жазылды. Тұмен хандығына «тәуелді» саналғанмен, мың сан ноғай жасақтарын басқаратын Мұса «бегілер begi» Едіге атасының жолын ұстанды.

Ол-ол ма 1493 жылды Мұса мен Жаңбыршы Тұмен ханы Ибақ және оның інісі Мамықпен бірлесіп Ноғай-Сібір жасақтарын Қажы Тарханға бастады. Ондағы ойлары мұнан 12 жыл бұрын өздері жанын жәннатқа жіберген Ахмед ханның ұлдары билеп отырған Еділ бойындағы Үлкен

Орданың хандары – Шейх-Ахмед пен Сайд-Махмұдты тақтан тайдырып, билікті Ибақ ханның екі інісіне алып беру. Сөйтіп, Еділ мен Дон бойына да толық билік жүргізу еді. Алайда, ауыр қолмен төніп келген бұларға Қырым хандығы тарапынан уәделі күні әскер келмеген соң, ногайлар ат басын кері бүрді. Енді Ноғай билері өз жүрттарын Түменге қарай көшіріп, әзірge Улкен Орданы сақтап қалуға тырысты. Алға жылжып айта кетейік, 1495 жылы Тайбұқта тұқымдары Батыс Сібірде Ибак ханды өлтіріп, тақ билігін өздеріне қайтарып алады. Бұл әңгіме мұнымен бітпесе керек. Осы тұста Мұса мен Жаңбыршы ешкімнің көмегінсіз Улкен Орда ханын тақтан аластап, босаған орынға қуыршақ ханды тағайындауды қолдарына алды. Ибақтан кейін Улкен Орда хандығы Мамық сұлтанға бұйырады. Өйткені, тайбұқалықтар Ибақты өлтіріп, Түмен хандығын тартып алғаннан кейін, Мамыққа ол жақтан тақ билігі тимеген еді (33, 118; 106, 101; 343, 178). Бидің туған інісі Жаңбыршы бұрынғы қасастығын ұмытпай, Қазан хандығын шабуды көлденең тарта берді. Ноғайлардың мұздай қарулы жасақтары 1496 жылы Қазанға басып кірді де, Москва княздығы қойған оның ханы Мұхаммед-Әмин жанжағына бұрылмастан Москваға зытты. Қазан тағына қонжиган Мамық, жыл өтер-өтпестен ондағы шонжарлармен тіл табыса алмай, Еділ жағалап ордасына қайтты. Бұдан кейінгі оның тағдыры тарих бетінде хатталмапты.

Ал Мұса би бұл оқиғаға басынан араласпай, бойын аулак салған-ды. Оның ойынша, Мұхаммед-Әминді тақтан аластau деген сөз, орыс патшасымен жасасқан шартын бұзу деген еді. Сондықтан, би осы оқиға басталарда, Мұхаммед-Әминге көмекке екі мың жасақпен өз ұлын аттандырған болатын. Бірақ, бұның да Мұхаммед-Әминге қайыры тимеді (344, 167; 33, 118-119; 345, 242-243; 346, 26; 347, 50).

1502 жылдан кейінгі орыс патшасының құжаттарында, Қырым хандығының іс-қағаздарында Мұса бидің аты ешбір жерде жолықпайды. Бұған қарап, оның дүниеден озғанын осы жылмен межелеуге болатын сияқты. Алайда академик В.М. Жирмунский Мұса бидің өлген жылын шығармаларында 1507 жылмен белгілепті (74, 491).

Русь княздарының хаттамаларында бұған дейін мырза аталып келген Жаңбыршы 1502 жылдан бастап би делініп ұлықталған. Ағасы Мұсадан сәл-пәл ғана кішілігі бар Жаңбыршы (шамамен 1432 жылы туған), жасы ұлғайған кезде би сайланды. Оның өлген уақытын 1504 жыл деп белгілеген зерттеушілердің тұжырымын қабылдау орынды сияқты (33, 140; 106, 101-102; 71, 82). Ағалы-інілі екі арыс ноғай халықтарын айналасымен терезесі тең, ішкі-сыртқы істеріне ешкімді араластырмай,

өздері кесіп-пішетін, әскери жасағы мықты, төңірегіне саяси ықпалын жүргізе алатын мемлекет қайраткерлері. Бұлардың өздерімен бірге ұрпақтары да ноғай-қазақ жыр-дастандарының сүйікті қаңармандарына айналды.

Ноғай билеушілерінің ататек шежірелері шетел мұрағаттарында әжептәуір хатталған. Оның ең бастысы XVII ғасырда жазылған «Синодтық тізім» деп аталатын Ресей патшасы Василий Шуйский тұсында жасалған ресми құжат. Онда Ноғай билері мен мырзаларының аталық тараптамы тым-тәуір көрініс табады. «Орыс княздарының сойының (фамилиясының) шежіресі», «Юсупов княздарының атасойлары», «Генеалогиялық кестесі», оның сыртында орыс жылнамаларында бұл орайда кәдеге асар деректер жеткілікті, - деп жазады Ә. Сарай (106, 102).

Ресей ғалымдары В.М. Жирмунский мен В.В. Трепавловтың бұл тараптағы ізденістері де көңілден шығады. Кеңес тарихшысы Мұхамеджан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкенттен шыққан «Материалы к истории киргиз-казахского народа» еңбегінде Едіге бидің ұрпақтарының шежіресі жарияланған кестесі жоғарыда келтірілді. Эйтсе де, бұлардың бірде-біріне алып-қосары жоқ, тиянақты десек артық айтқандық болар еді. Олардың анықтайтын тұстары да жеткілікті. Мәселен, В.В. Трепавловтың «Ноғай Ордасы тарихы» еңбегіндегі шежірелік кестеде Мұсаның «отыз ұлының» 23-інің аты аталады, ал ғалым В.М. Жирмунский Мұсаның 5 әйелінің екеуінің ғана атын атап көрсетеді. Дегенмен бұлар құнды жәдігерлер қатарына саналады және зерттеушілерге таптырмайтын ғылыми деректерге толы.

Эпостардағы Уаққастың ұлдары Мұса мен Жаңбыршы Ноғай жүрті мен Дешті Қыпшақ халықтарының сүйікті қаңармандары болып келеді. Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батырындағы» «Мұсахан» дастаны арнайы аталмыш биге арналған десек, Жаңбыршы есімі де ноғай-қазақ дастандарында жиі ұшырасатын кейіпкер. «Жаңбыршы ұлы Телағыс» эпосы Жаңбыршының ұлына бағышталған. Бір ескеретін жайт, Жаңбыршы туралы дастанды жыраудың көмекшілері Мұрыннан үлгеріп жазып ала алмаған секілді. Тек 62 жолдық үзіндісі ғана қағаз бетіне түсіпті. Бұған пәлендей өкініш білдірсек те, тарихшы көзімен саралағанда «Қырымның қырық батырына» өз алдына дастан болып енген «Жаңбыршыұлы Телағыс» эпосы Ноғай Ордасындағы аталмыш қаңарманның орнын анықтауға септігін тигізетіні сөзсіз. Эпостағы Жаңбыршы бидің ұлы Телағысқа берген батасында ноғайлардың белгілі тұлғаларының аты аталады:

- Телагыс, балам сен, - деді, -  
Сенің әкең мен, - деді, -  
Өзіңнен өзге бала жоқ,  
Ага-іні және жоқ,  
Сен кетсең егер алысқа,  
Бұл дүниеге ие болып,  
Тұратын бізде шама жоқ.  
70-ке жасым толған соң,  
Үлкендік жетеп болған соң,  
Тоқсан баулы ногайлы  
Қызы тауып ала алмадың,  
Балам, өзің қолайлы.  
Кетемін дейсің сен, балам,  
Бегендейін қалмаққа,  
Қасыңда жоқ жолдасың.

Сонда Телагыс сөйлейді:  
- Ертемін, ата, мен деді, -  
Мұсадан туган отыз ұл,  
Орақ пенен Мамай жоқ,  
Карасай, Қази жас бала,  
Жүргүре онда шама жоқ,  
Бір бөлек әскер қол деді,  
Болмай ма жолдас сол деді (300, 62; 106, 91; 348, 263-265;

190, 379).

Өткен тараулардың бірінде көрсеткенбіз, қазақтарда «Мұсахан» эпосының екі нұсқасы бар екенін. Оның біріншісі – 1905 жылы ғалым Васильевтің Ақтөбе аймағы Қобда өнірінен жазып алған нұсқасы да, екінші біреуі – Манғыстаулық көмей жырау Мұрын Сенгірбекұлынан жазылып алынған нұсқа. Күш-қайраты кеміп, жасы ұлғайған кезде жырлаған Мұрынның эпосында мазмұны жағынан ұқсастық, бірізділік байқалғанмен, Мұсаханды марапаттауда тарихи шындықтың нышандары жеткілікті емес және Ноғай әлемінің тарихи тұлғалары мен қаңармандарын да түтелге жуық қамти алмаған. Дегенмен көніл көншітетіні, қазақ дастанында Мұса би «отыз ұлды Мұсахан» деп дәріптеледі. Бұл да ақиқаттан қашық емес. Бізге дейін Мұса бидің жеке басына қалам тартқан зерттеушілердің мағлұматтарында, оның ұлдарының саны мен есімі біршама көрсетілгенін, бұдан бұрын баспадан (2010 жылы) шыққан «Ұранға шыққан Бақтыбай» кітабында Кеңес дәүірінің тарихшысы М. Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы»

(орыс тілінде) еңбегіне сүйеніп, біршама дәйектермен толықтырып бергенбіз. Осы еңбекті жазу барысында да, академик В.М. Жирмунскиййдің, Ресейдің көрнекті ногайтанушысы В.В. Трепавловтың, Қазақстанның белгілі жазушысы Ә. Сарайдың ногайларға арналған шығармалары негізінде Мұса ұрпақтарының ғұмырнамалық деректерін толықтыра ту苏州 тырыстық.

Тарихшы М. Тынышбаевтың аталмыш еңбегінде Мұса бидің алты ұлының аты аталса (96, 150), біздің осының алдында шыққан кітабымызда Мұсаханның «отыз ұлынан» сегізінің аты-жөні көрсетілді, олары: Әлшағыр (Тағир), Шейх-Мамай, Сейд Ахмед (Шидак, Сейдақ, Сейдек, Сирақ, Шейдақ деп жазылып келеді – Ә.К.), Исмайыл, Шағым (Шейх-Мұхаммед), Жұсіп (Юсуп), Сұлтан Ахмед, Кел-Мұхаммед және Фатима атты қызы (99, 62-67).

Академик В.М. Жирмунский Мұса би ұландарынан он тоғызының атын атап, Мұсаханның әйелдерінің санын беруге де тырысканы еңбенең байқалады. Фалым оның бес әйелінен туған ұландарын (қыздары санаққа алынбаған – Ә.К.) былай тарқатады: «Көнедозы (дұрысы Құндыз болуы керек – Ә.К.) Шыңғыс хан әuletінен шыққан хандардың бірі Шайбан Ибақтың қызы әлде қарындасы, бұл бәйбішесінен: 1) Шиқым мырза, 2) Шейх-Мамай мырза, 3) Көшім мырза, 4) Достым мырза, 5) Жұсіп би, 6) Исмайыл би. Екінші әйелі қожаның қызынан: 7) Әлшағыр мырза, 8) Сейдақ би, 9) Тутай мырза, 10) Сұлтанай мырза, 11) Жауқашты мырза, 12) Мамай мырза (соңғы екеуінен тұқым жок). Ушінші әйелінен: 13) Ысқақ мырза. Төртінші әйелінен: 14) Ескендір мырза, 15) Темір мырза. Бесінші әйелінен: 16) Құтыйм мырза, 17) Құлыш мырза, 18) Құл-Ахмед мырза, 19) Жан-Ахмед мырза» (74, 430-431; 106, 102).

Орыс тарихшысы В.В. Трепавлов соңғы деректерінде Мұса бидің «отыз ұлының» жиырма үшінің аты-жөнін келтіріп, аңызда айтылатын «отыз ұлының» санына бір табан жақындай түседі. Олардың есімін өзінің жасаған генеалогиялық кестесінде ғалым былай келтіреді: 1) Сұлтан-Ахмед, 2) Әлшағыр, 3) Мамай, 4) Шейх-Мұхаммед, 5) Сейд-Ахмед, 6) Достым-Мұхаммед, 7) Қажы-Мұхаммед, 8) Шейх-Мамай, 9) Юсуф (Жұсіп), 10) Исмайыл, 11) Тутай, 12) Сұлтанай, 13) Жауқашты, 14) Ысқақ, 15) Ескендір, 16) Темір, 17) Құтыйм, 18) Құлыш, 19) Құл-Ахмед, 20) Жан-Мұхаммед, 21) Дырау, 22) Ақ, 23) Афай (33, 656).

Бұлардың ішінен: Әлшағыр, Шейх-Мұхаммед (Шағым мырза), Сейд-Ахмед (Шейдақ, Сейдақ), Шейх-Мамай, Юсуп (Жұсіп), Исмайыл Ноғай Ордасында би сайланып, саяси өмірге жіті араласқан ұландар. Олар жөніндегі азды-көпті мағлұматтарды осы кітаптың өн бойынан табатын боласыздар.

Жоғарыда көрсөтілген Ресей патшасы кеңсесінің реңми құжаты «Синод тізімі» Жаңбыршы ұлдары деп: Ораз-Әли, Ағыс (Телағыс) мырза, Қөгіс (қайсыбір мәліметтерде Қоғыс деп айтылған) мырзаны келтіреді, ал тарихшы В.В. Трепавлов ғылыми еңбегінде оның төрт ұлының есімін жазады: Алаш, Ағыс, Ораз-Әли (Оразалы) және Қөгіс (33, 656; 106, 102).

Ондаған жылдар бойы ағасы Мұсаханның көлеңкесінде жүріп келген Жаңбыршы, би ағасы мен Хоразми өлгеннен кейін, Нұр әд-Дин ұрпақтарының жасы үлкені екені ескеріліп, жасы үлгайғанына қарамастан Ноғай Ордасының игі жақсылары оны би сайлаған. Бұл кезеңде ноғайлардың сыртқы саясаты Мұсахан сзызып кеткен жолдан ауытқи қойған жоқ еді. Алайда Жаңбыршы орыстармен қарым-қатынаста ағалық-інілік саясатын ұтады. Мысалы, 1501 жылы Жаңбыршы Ресей патшасы III Иванға жазған хатында «ага» дегеніне қарағанда, өзінің Москвандың Ұлы князына кіші ұлық екенін аңғартқандай. Ал Қырым ханымен Мұса би сияқты Жаңбыршы өзін терезесі тен деп санамағанды. Өйткені, Мұса би «бегілербекі» лауазымын Жәдігер ханның қолынан алса, Жаңбыршы Ноғай билігін алғанда тек рубасылардың шешіміне сүйенді. Сондықтан, Қырым ханы Менлі-Герей қатынас құжаттарында оны мырза деп қана таныды (334, 52; 33, 140; 349, 467-474). Оны бұлай атауға басқа себептер де табылған секілді. Бұны бізге К. Жалайырдың шежіресі байқатқандай: «Йамғұршы (Жаңбыршы) ағасының көзі тірісінде би болды. Онан соң Хоразми би болды. Мұса Йамғұршымен бір анадан туған еді. Онан соң Йамғұршының ұлы Ағыш би болды. Сол ұлысты ол биледі. Онан соң Хасан (кейбір құжаттарда «Асан» деп жазылған – Ә.К.) би болды», - деп олардың билік басында аса көп уақыт болмағанын баяндапты (57, 165; 33, 140). Осы тұста тағы бір көзге түсетіні Ноғай Ордасындағы билік жүйесі екі тарапта жүргізілетіні – бек немесе би және ұлыс басқарушысы. Бұған Мұса, әкесінің ағасы Аббас және Мұсаның інісі Хоразми тұсындағы екі тараптағы билік жүргізу үрдісі қуәлік еткендей. Хан саясатындағы билеушілер «Бегілер бекі» яғни Уаққас пен Мұса, Әбу-л-Хайр мен Жәдігер хандардың жарлығымен тағайындалса, Хоразми Маңғыт жүртіның қалауымен сайланған. Жаңбыршы да билік басына халық сайлауымен келген тұлғалардың бірі. Мұса бидің картайған соңғы он жылында Жаңбыршының есімі онымен және «бес мырзамен» қатар аталағып отырады. Мәселен, 1503 жылғы Үлкен Орданың ханының жолдауы: «Жаңбыршы мырзаға және бес мырзаға...» деп басталса, Жаңбыршы мен бес мырзаның III Иванға жолдаған хатында Ресей патшасының қолында тұтқында отырған Жаңбыршы бидің қызы Қаракөзді Ноғай Ордасына

қайтаруын өтінген-ді (349, 456-461). Бұл кезде Ноғай ұлысының екі топқа бөлініп басқарылғаны да дереккөздерден байқалады. Осылардың басым көпшілігін «Бегілер begі» Жаңбыршы би басқарса, екінші тобы – маңғыттар Аббас бидің қарамағында жүрген секілді. Мұны мынадай мәліметтен көреміз. Мысалы, Қазан ханы Мұхаммед-Әмин ноғайлардың көші-қон мекендерін анықтап, III Иванға жазған хатында: «...Аббас би Електе,... Едисандар (Жетісан немесе Жетіру – Ә.К.) Аббаспен бірге...» - депті (334, 46). Бұл арада Едисан (Жетісан немесе Жетіру – Ә.К.) туралы мәлімдеме III Иванның Менлі-Герейге жолдаған жарлығынан да көрінеді: «Ноғайлар, Жаңбыршы мырза мен Жеті рулар Еділдің арғы бетіне етіп кетті», - деп жазады (349, 513). Осындағы «Жеті ру» (орыс тіліндегі XVII-XVIII ғасырлардағы құжаттарда «Едисан» деп аталады – Ә.К.) тайпасы XV ғасырдың аяғында Аббас би жұртында болғанын айғақтайды, ал Жаңбыршы Ноғай Ордасында би сайланған тұста, олар бұның қарауына өткен тәрізді, - дейді тарихшы В.В. Трепавлов (33, 142).

Мұнан ноғайларда тағы бір жаңа билік жүйесінің екшеленгені байқалып тұр. Осы кезге дейін Дешті Қыпшақтың шығыс бетіндегі Әбу-л-Хайр хан қарауындағы Өзбек ұлысында, Қазақ хандығы мен Сібірдегі шайбандарда Едіге салып кеткен жолмен Маңғыт ұлысы оң және сол қанаттарға бөлінетін еді. Осы дәстүрді берік сактаған халықтар (ноғайлар) – Маңғыт ұлысы мен Қыпшақ елінен қосылған басқа ұлыстар біртінде Қайық бойына қоныс аударғанда, оң және сол қанат деп барлық ноғай жұртшылығы Мұса хан тұсында екі тарапқа қолайлы мал жайылымына орай бөлініп мекендерген сияқты.

Міне, Жаңбыршы би болған кезенде, Жеті рулар мен бес мырзаның жұрты Ноғай Ордасының батыс болігіне өтті. Бұлар ұлыстың оң қанаты, яғни батыс қанаты деп халық азында аталды. Осыған орай, Қ. Жалайыридың билерді лауазымдық дәрежесіне сай «би», «бек» және «ұлыс билеушісі» деп айшықтауы орынды. Бұны, эрине, биліктің нақтыланған жүйесі деп санауға болмаса да, көшпенді халықтың өзіне онтайлаған биліктің бір нышаны ретінде қарастырған жөн шығар. Біздің қолымызда жеткілікті деректер болмағандықтан, жоғарыдағы «бес мырзаның» аты-жөнін анықтау мүмкін емес. Алайда, осыдан бұрын зерделеген ғалым-тарихшылардың ізденістерін сараптай келіп, тарихшы В.В. Трепавловтың тұжырымына қосылу ләзім. Өйткені, ол Ресей патшасы III Василийдің Москвадан бес мырзага жіберген жарлықтарына иек артып сейлекен. Осыған мына тұлғаларды жатқызады: Мұса бидің ұлдары – Сейд-Ахмед, Әлішағыр, Шейх-Мұхаммед (Шағым мырза), Жаңбыршының ұлдары – Алаш, Ағыс. Осы бесеудің Ұлы Москва княздығының жеріне жауашылық шабуылын тоқтатуға Ноғай

бійнің құзырына жататыны 1503 жылғы патшаның жазған хаттарында көлтіріліп, Ресейдің Елшілік кітабында тіркелген (334, 142). Бұдан кейінгі құжаттарда Жаңбыршы бидің аты аталмаған, осыған қарап, оның қайтыс болған уақытын зерттеушілер 1504-1505 жылдар шамасы деп топшылайды (33, 142). К. Қосымұлы Жаңбыршыдан кейін Хасанның бек болғанын, ал Ноғай ұлысын Әлшағыр Мұсағұлының билегенінен мәлімет береді. Москва княздығынан түскен 1506-1508 жылдардағы хат-хабарлар Асан бидің (орыс іс-қағаздарында Хасанды Асан деп жазып отырған – Ә.К.) атына жазылғанынан көрінеді (334, 55-65). Құжаттардың бәрінде Хасан би, Мұса мен Жаңбыршы Уаққас би ұландарының қатарында бірге аталып отырғандықтан, оның өмірде нақты болғанын және Хасанның билік басындағы кезеңі 1505-1508 жылдар аралығы деп тұжырымдалады (71, 82). Хасан бидің тұсында Үлкен Орданың құлдырауынан ноғайлардың Польша-Литвамен қарым-қатынасы асқыннады, оған, әрине, Москваның Ұлы княздығынан түскен жарлықтарындағы Литва корольдігына қарсы одақ ұйымдастыру ісі де отқа май құйғандай әсер еткен-ді (334, 65).

1505 жылдардан бастап Мұса ұлы Әлшағыр мырза тарих сахнасынан өз орнын алып, Ноғай Ордасында бас көтергендердің бірі. Литва корольдігынан келген елшілерді енді Әлшағыр бидің қызметшілері қабылдайды. Бұл тұста Мұсаның тағы бір ұлы – Сұлтан Ахмед бидің кісілерінің де аты шығып, оларға сый-сияпташ жіберілгенде: «Охмат солтану» (Ахмед-Сұлтан) биге үш тоғыз, қалғандарына жіберілген сыйлықты: Чагир (Әлшағыр), Шайдак (Сейд-Ахмед) Мұса ұлдарына, Ян-Магмет (Жан Мұхаммед), Ям-Мамай (Жан-Мамай), Исак (Ыңқақ), Шихгир (Шейх-Мұхаммед) және Осан (Хасан) мырзаларға делинген (350, 28-34).

XVI ғасырдағы Ноғай Ордасының аты шулы билеушісі Шейх-Мамай (Шейх-Мұхаммед) да орыс патшасына жазған бір қатынас қағазында езіне дейінгі билерді есіне алып, Уаққас, Мұса, Сейд-Ахмед дей келіп, Хасан мен Жаңбыршы билерді атамайды, біз білетінде, соңғы екеуі де Ноғай Ордасының он қанатының беделді билеушілері болғаны құжаттарда тіркелген.

Хасан бидің кезеңі, XVI ғасырдың басы Ноғай Ордасындағы «салиқалы» саясаттың қызып тұрған мезгілі, Ордадағы билікке таласқан қым-қуыт құрестің алдынғы қатарында Мұсаханның «отыз ұлының» атыс-шабысымен ерекшеленген уақыт.

Хасан би тұсында Ноғай ұлысын билеген Мұсаның үлкен ұлы Әлшағыр мырза Орда бинің тағын көксеп, реті келгенде биге жаулық ниетін де көрсетіп отыратын. Мысалы, 1507 жылы Москва княздығынан

Хасан биге және Жаңбырышыұлы Алашқа келе жатқан елшілікті ұстап, патша кеңесінің биге жолдаған құжаттарын тартып алып, оларды бидің қонысынан асыра қуып тастайды. Оның бұл бұзакылығы өзімен бірге туған көп санды аға-інілеріне сүйеніп істегені тайға таңба басқандай көрінеді, ал Хасан биде бұндай «көмекшілер» жағы жеткіліксіз еді.

1508 жылдың тамызында Сібірдегі шайбан ханзадасы Аққұрт (Ибақ ханның немесе Мамық ханның ұлы) Ресей патшалығына мәлімет түсіріп, онда Ноғай Ордасындағы билер мен мырзалар арасындағы бітіспес даудың қайта өршігенін хабарлапты (334, 79). Елшіліктің басқа бір мәліметтінде Хасанның билікті ұстап қалудағы жанталасын және Үлкен ноғайларда хан болып отырған әкесінің інісі Махмудектің (кейбір құжаттарда Мамық деп жазылыпты – Ә.Қ.) ұлы Ағалақ екенін айтады. Хан деп аталған Ағалақ тұлғасына келетін болсак, оның шыкқан тегі көмескілеу болғанмен, оның Қазанда хандық құрған Шах-Әлидің жақын туысы болып келетіні тарихнамада айтылады. Ағалақтың сұлтандықтан бірден Ноғай Ордасында хандық дәрежеге көтерілуі – Хасан бидің «бегілербергі» саллануымен қабысады. Өйткені осынау шендік дәрежесімен ғана би ордада толық билік жүргізе алатын еді. 1508 жылдан кейін Ағалақ ханның да, Хасан бидің де аттары құжат беттерінен көрінбейді. Шамасы олар не өліп тынды, немесе елдерінен бір жаққа ауып кетті деуге саяды (33, 144). Тарихи дереккөздерде Хасан бидің бірқатар ұлдарының аты түзілген. Олар, Хайдар (орыс құжаттарында «Асан бидің тұңғышы» және «Айдар» деп жазылған – Ә.Қ.), одан кейінгілері Ақ-Пулад, Қаракесек, Жан, Әли. Қайсыбір мәліметтерде бұларға Есім мен Қажы-Мұхаммедті (Қосым) қосады (312, 124; 33, 146).

Хасан биден кейін Ноғай Ордасының тізгінін Жаңбырышының ұлы Ағыс (бұл эпостарда Телағыс атымен белгілі – Ә.Қ.) ұстады. Бұны башқұрттардың жыр-дастандары мен К. Жалайыридың шежіресі растайды (55, 117-119; 352, 187). Оның билік басындағы қадамы 1508 жылдың жазында Қырым хандығына жорық жасау дайындығымен басталды. Ағыстың жаугершілік ниетін Мұсаның ұлы Сейд-Ахмед (Сейдақ), ноғайлардың қырық мырзасы және Қажы Тархан ханы Әбді әл-Керим Махмұдұлы қолдаған. Осынау қамданыстың қыр-сыры Қырым ханына белгілі болып, Менлі-Герей мен Қырымның діни басшысы Баба-Шейх Ұлы Москва княздығына хабар беріп, Ноғай Ордасының іс-қимылдарын жілке тізіп хабарлап отырды. Үлкен Орданы күйреткен Қырым ханы Менлі-Герей бұл маңайда маған қарсы келетін күш жок, Алтын Орданың батыс бөлігін ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстаймын

деп, дандайсып жүргенде, ойда жоқта, бөрік астынан жау шығып, әңгі-тәңкісін шығарды. Ағыс бидің іс-қымылынан хабардар Қырым ханы дереу жасақтарын атқа қондырып, бұзақы ноғайлардың сазайын бергісі келді. Қырым жасақтарының 250 мың қолын басқарған Менлі-Герейдің ұлы Мұхаммед-Герей еді. Бұлармен бірге Қырым хандығының қоластындағы Шырын, Барын және Маңғыт елдерінің бектері де өре көтерілді. Мәселен, маңғыттардың қолын Қажыке «Беглер begi» басқарды. Ноғай Ордасында жағдай тіпті басқаша қалыптастан еді. Жаз айы болғандықтан, ұлыстың көпшілік адамдары Еділдің оң жағына өтіп, жайлauларға тарап, жасақ саны екі есеге азайған кезде, Менлі-Герейдің әскері Ағыс би мен ноғай мырзаларына лап қойды. Мұндай тегеурінді шайқасты күтпеген ноғайлар жеңіліс тауып, бытырап жан-жаққа қашты. Қырымдықтарға керегі де осы еді, ноғайлардың ауыл-аймағын, мал-мұлкін іле зде қолға түсіріп, азан-қазанын шығарды. Тұтқынға түскен ноғайлардың қыруар адамын, табын-табын жылқылары мен түйелерін, қой мен өзге де жануарларын Перекоп өткелі арқылы Қырымға жиырма күн бойы өткізген. Ондаған ноғай мырзалары мен Ағыс би тұтқынға түсіп, адам төзгісіз азап шеккендерін орыс құжаттары хаттапты (353, 70-80; 33, 147).

Осынау халықтың басына қайғы-қасірет түскен зарлы заманда Мұсаның ұлken ұлдарының бірі Сейд-Ахмед ноғайлардың назарын өзіне аударды. Бұл бидің ғұмырнамасы мен іс-әрекеттері келесі тараудың еншісіне тиетін болғандықтан, әзірше осымен аялдай тұрайық. Әрі қарай әңгімені Мансұр бидің ұрпақтарымен жалғастырайық.

## § 5. Темір еді биіміз

Едігенің өзінен кейін Ноғай Ордасында (Маңғыттарда) билік тізгінін 1421-1427 жылдар аралығында бекем ұстаған Мансұр биден шықкан ұландарының тағдыр-талайын баяндасақ, бұлардың да ғұмырнамасы қили-қили оқигаларға толы. Бұны рет-ретімен таратып көрейік. Олардың атақонысы Жошы ұлысының оң қанатына жайғасқандықтан, әңгіменің негізгі желісі Қазан, Қажы Тархан, Қырым хандығымен, Үлкен Орда (кейде мұны Тақыт елі деп те атайды – Ә.К.) аймағындағы оқигалармен байланысты өрбиді.

Жоғарыда Едіге ұлы Наурыз бидің Кішік Мұхаммедте «бегілербегі» дәрежесінде қызмет қылғанын хабарлағанбыз. 1459 жылы ханның өз ажалынан өлгенін, ал Наурыздың одан 19 жылы бұрын жалған дүниемен қоштасқанын айттық. Маңғыттардың Үлкен Ордадан Шырын тайпасын ысырып тастап, қияттар, селжүқтар, қоныраттармен қатар жетекші рөл



**Улкен Борсық құмындағы қаздай тізілген  
керуен түйелері**

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты (71, 81-82). Міне, осы тұста Ноғай Ордасының батыс бөлігінде Мансұр ұлы Темір би саяси ортаға сурыла шығып, ел аузындағы эпоста «Темір еді биіміз» деп жырланатын халық сүйіспеншілігіне бөлениген қаңарман. Би Темірдің саяси додаға шыққан кезеңін де, ата-тегін де ешкім шығармаларда тап басып айта алмаған. Қайсыбір ғалымдар оны Мансұр ұлы Дін-Сұфыдан Тенсебай туды десе, ал орыстардың Елшілік кітабы бойынша Темір мен Дін-Сұфы бірге туған ағайындар, яғни Мансұр бидің ұлдары (354, 26; 33, 120; 236, 130). Соңғы мәлімет шындыққа жанасады. Темірдің билікке араласу кезеңі мен Ордадағы кикілжің жөнінде мынадай көмексілеу жазба деректер көзігеді. 1564 жылы Би Темірдің немересі Дивей (Тінікей) Москвандың Ұлы князына жазған хатында: «Темір би өзінің жұрты ноғайларда би болып тұрғанда жанжал туып, содан би атамыз... Астрахан патшасына қызметке ауысты», - депті (355, 230 об.). Шайбан хандығындағы дереккөздер оның 1460 жылдардың аяғында Қажы Тархан хандығында жүргенін баяндайды. Бұны жылнамадағы жазбалар былай түсіндіреді: «Әбу-л-Хайр хан өлгеннен кейін, оның он бес жасар немересі Мұхаммед Шайбани Қажы Тархандағы Қасым ханға (бұл Кішік Мұхаммед ханның немересі, Махмұттың ұлы болып келеді – Ә.К.) қашады. Одан сәл бұрын Кішік Мұхаммедтің екі ұлы Ахмед пен Махмұттың ортасында төбелес шығып, «Бегілер begi» Темір би Махмұтты жақтап, онымен бірге Қажы Тарханға барады да, онда Махмұтты хан сайлап, өзі «Бегілер begi» лауазымын атқарады. Би Темірдің бұл қызметін Кемел әд-Дин Бинай «әмірлердің әмірі» десе, тарихшы Махмұд ибн Уәли оны «Құрметті және Ұлы би еді», - дейді (33, 120). Міне, осы ордаға Мұхаммед Шайбани мен оның інісінің ұстазы әрі аталық қызметіндегі Қараشا баънадүр олардың әміріне қауіп төнгенін байқап, алып келген еді. Себебі, Әбу-л-Хайрдың

атқарғаны да мәлім. Фалым М.Ғ. Сафарғалиевтың байқауынша, маңғыттар Едіге бидің тұсында-ак Алтын Орданың «құыршақ» хандарына айтқанын істетіп келген еді. 1480 жылдардың ортасынан бастап олардың өзара бақталастығынан Едіге бидің ұлдары Нұр әд-Дин мен Мансұр ұрпақтарының арасында жік түсіп, жауулық басталады да, олардың дау-жанжалдары

мұрагері Шейх-Хайдар өлтірілгеннен кейін, Ибақ хан мен Аббас би одактасып жас ханзадалардың ізіне түскен болатын. Бұл одаққа артынан Кішік Мұхаммедтің ұлы Ахмед хан да қосылды. Бұлар Қажы Тарханды қоршағанда, оның ханы Қасым Махмұдұлы Би Темірді шақырып алғып, екі ханзаданы қалай да шаңардан алғып шығып, бой тасалай тұруларын тапсырған (356, 238-243; 49, 100; 52, 379-380; 47, 424-440).


Осыдан бірсызыра уақыт өткенде Би Темір Қажы Тарханды тастап, жұртының жағдайына орай, Үлкен Ордадағы Ахмед ханның қол астына өтеді. Бұл арада Темір бидін беделі бұрынғыдан да гөрі шарықтап, ханның «жакыраспас досы әрі ең жақын кенесшісі» аталады, ал сол кезеңдегі оқиғаларды жазып қалдырған Вологод-Перм жылнамасы оны «патшамен тең» деп бағалапты. 1478 жылғы Қазан айында Қырымдағы Шырын елінің begi Әминек Осман сұлтанына жазған хатында: «Ахмед хан Темір биді одан әрі жоғарылатқысы келетін көрінеді, олай етсе Қырымдағы жүртты қосып алғып, барлық билікті Темір ұстайды да, ол Қырымға нағыз қауіпті адам болады» - дейді (357, 182; 297, 32-37; 358, 136; 359, 265). Мәлімдемелерге қарап, Би Темірдің Үлкен Ордаға келген мезгілін 1477-1478 жылдар деп топшылауға болар. Қайсыбір мағлұматтарға сенсек, оның ордадағы «Бегілер begi» дәрежесі үлкен кезден ертерек басталған тәрізді. Себебі, 1470 жылды Польша-Литва бірлестігінің королі IV Казимир Ордаға елшілік жұмсап, Русь княздығына екі жақтан соққы берейік деп ұсыныс білдірген. Елші қызметінде жүрген «татар» сый-сияптын тапсырғанда: «Ахмед ханға, Темір биге және басқаларға королден сый» - деп ұсынып, Би Темірді Ноғай Ордасындағы игі жақсылардан бөліп, ерекше атаған еді. Және осынау жылнамалардың хабарлауынша, Темір корольдің ұсынысын қабылдайық деп ханды угіттеген көрінеді. Бірақ, құдай ондал, Русъке қарсы соғыс басталмай қалыпты, - дейді Ресейдің әйгілі тарихшысы В.Н. Татищев (360, 30; 361, 121; 362, 291). Би Темірге қатысты тағы бір әңгіме. Осыдан отыз жыл өткенде Орданың жаңа «бегілерберегі» Тәуекел би Темірұлы Литва князі Александр Казимирулына жазған қатынас қағазында: «Сіздің король әкеңіз менің әкем Темір бимен достық қарым-қатынас орнатып, екеуі бір-біріне елші жұмсап отырған», - депті (33, 121).

Әңгімені көп ұзартпай, Би Темірдің ғұмырнамалық шежіресін басқа да мәліметтермен толықтыратын кез келген іспетті:

Темір бидің туған және өлген жылдары жөнінде нақты деректер тарих бетінде сақталмағанмен, оның Ноғай ұлысында билік құрган кезеңдерін шамамен 1468-1486 жылдар деп айтып өтуге тұрады. Осыған орай тарихнамада және ауыз әдебиетінде сақталған жәйттердің бір-екеуіне на-зар аудара кетейік. Шалқиіз (Шалгез Тіленшіұлы) жырау Едігенің немересі

*Би Темірге арнайы екі толғауын бағыштаған еken, шайырдың тағы бір узік жырында Темірдің есімі аталыпты. Биді басқа Темірмен шатыстырытын шығармалардың кездесуі де бұл тұлғаны тереңірек зерттеуді талап етеді. Оны көбіне-көп XVI ғасырда батыс өнірді билеген Темір сұltанмен (Шыңғыс хан ұрлағы) шатыстырып жүргендер баршылық, - дейді халық жа-зушысы М. Мағауин (363, 174). Осыдан Bi Темір ғұмырнамасы хақында мына бір деректерді қосымша айта кеткен жөн. Ағылшын саяхатшысы, көпес Антони Дженкинсон Еуразия даласын сүзіп өткен сапарында, 1558 жылы қыркүйекте Темір сұltанның қабылдауында болғанын хабарлапты. Джен-кинсон бұл Темірді қуатты әмірші, дерекі, бірбеткей қырысқ адам ретінде суреттейді. Дәргейіне құлдық ұрып, тарту-таралғы беріп, тағым етпесем, мені тонап алуға жарлық бермекші болған еken деп есіне түсіреді. Байтақ далада тұрады, қамалы не қаласы жоқ, мені қамыстан өрілген, киізбен жа-булы, жарына кілемдер үсталған дөңгелек лашықта қабылдады, -деп жа-зыпты әлгі жиынгер (363, 168). Ал қазақтың алғашқы тарихшыларының бірі Әбілғазы баһадүр хан: «...Темір сұltанның ақылы аз, қылған істерінің бар-шасы жақсы, жауға батыр, әділ, өлгенніше кісі үйіне қонақ болып, ас ішпеген кісі еді» дегенді айтЫП, Темір сұltанға мінездемені тағы бір қырынан береді (51, 154). Бірақ, бұлардың айтып отырған адамы Едіге бидің ұрлағы Bi Темірге қатысы жоқ секілді.*

*Бір сөзді бір сөз қуалайды демекші, осы кезеңді шығыстанушылардың бірі былай уәж етеді: «Түріктердің 1578, 1583 жылғы женісті жорықтарының нәтижесінде Каспий теңізінің батыс жағалауы Ширван, Баку, Дербент Түркияның қол астына қараған еді» (364, 753-754). Бұл тұста шииттік Пер-сия мен сұнниттік Түркия арасында бітпес күрес басталған. Түріктердің Каспий теңізінің батыс жағалауына бекінуіне байланысты Орта Азия мен Түркістаннан Меккеге қажылыққа барушылар алдымен Манғышлаққа жетіп, одан әрі кемемен Каспийді кесіп өтіп, Түркия империясының қол астындағы жерлер арқылы ғана жүретін, - дейді академик В.В. Бартольд (365, 107-108).*



Доспамбет жырау. (1490-1523)

Ал тарих тұнғырының үңілсек, Шалқиіз жырау Темір биді қажылық сапардан тоқтату толғауы Дженкинсон мен Темір сұltанның кездесуінен жұз жылдай бұрын шығарылғаны анғарылады. Бұл арада бізді ойландыратын бір нәрсе, әңгіме қай Темір жөнінде қозғалып отыр? Біздің байқауымызша, Дженкинсон мен Әбілғазының айтып отырғаны бір адам тәрізді, ол Манғыстай түбегінде билік құратын Темір сұltан Пулад ханның ұлы. Эрине, бұл тұлға Едігенің немересі Мансұр бидің ұлы Темірден әмір сүрген уақыты мен жасы жағынан әлдеқайда қашық жатыр. Әйткені, Едігенің 1357 жылы туып, 1419 жылы қазаға ұшыраганы, ал Мансұр бидің Ноғай Ордасын 1421-1427 жылдары билегені дұрыс болса, және Bi Темірдің 1468-1486 жылдары Қажы Тар-хан мен Қырым хандығында «Бегілер begi» болғанын қаперімізге алсак, онда

әлті ағылшын жинаңгерінің әңгіме қылып отырған Темірі Мансұрдың ұлы Едігенің немересі деу қисынға соқпайды. Екінші бір ойдағы түткіл, бұл Темірдің жазба және ауыз әдебиетінде сұлтан аталуы. Егер «сұлтан» сөзі балама ретінде айттылмаса, онда ол Шыңғыс хан тұқымы, хан әuletіне жатады. Ал бізге керегі Темір би — Едіге үрпағы, би әuletі, былайша айтқанда, қара халықтың ортасынан шыққан тұлға. Енді әлгіде аталған сұлтан Темірдің ата-тегін іздестірейік. Әрине оны, дерегі мол Шыңғыс ханнан бастаймыз. Шыңғыс хан одан Жошы хан, одан Орда-Ежен, одан Сартақтай, одан Қоныша, одан Баян, Одан Сасы-Бұқа, одан Ерзен, одан Шымтай, одан Ұрыс, одан Темір-Мәлік, одан Темір Құтұлық, одан Пулад (Болад), одан.... Маңғыстау әміршісі деп аталатын Темір сұлтан шығады (7,490). Бұл Темір — біз іздел отырған Би Темір емес... Бізге керегі — Темір би Едігенің немересі, Мансұр бидің ұлы. Ол өз заманаусының ірі тұлғаларының бірі, әуелде Алтын Орданың соңғы хандарының бірі Ахмедтін (1460-1481) ұлық биі, әскерінің қолбасшысы. Кейіннен Үлкен Ногай Ордасының тәбе биі, яғни «Бегілер бегі». XV ғасырдың екінші жартысында Ногай Ордасы Қырым-Қазан-Руссия саясатында ерекше қызмет атқарған әйгілі тарихи тұлға. Алғаш Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» деген шығармасының алтыншы және жетінші кітаптарында ұшырасады (320, 421-561). Одан соң, патшалық Ресейдің зерттеуші ғалымы В.В. Вельяминов-Зерновтың Қасым хандығына арналған көлемді тарихи шығармасынан (366,245), сондай-ақ Кемел әд-Дин Бинайдың «Шайбани-намасынан» (49,67-109), В.Д. Смирновтың «Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII века» деген еңбегінен (121, 5-79), одан әрі Қазақстанның халық жазушысы М. Мағауиннің «Аласапыран» атты тарихи-роман трилогиясынан Би Темірдің кейіпкерлік тұлғасын көреміз (180, 3-416; 367, 422-493).

Темір бидің тек Алтын Орда, Ногай Ордасы маңындаған емес, Қырым, Қазан хандықтары алдында да беделі зор, байланысы күшті болғаны байқалады.

Бидің сүйікті қызы Нұр—Сұлтан, Қазан хандығында, Қырым жұртында ханым дәрежесінде, әуелі, Қазан ханы Ибраһимнің, ол өлгесін 1485 жылдан Қырым ханы Менлі-Герейдің бәйбішесі. Ол Ибраһимнен туған Қазан хандары Мұхаммед — Әмин мен Әбділ-Ләтифтің, Менлі-Герейден туған Қырым ханы Сақып-Герейдің анасы. Би Темір Москва патшасы III Иванмен хат алысып, қажет жағдайда елші алмастырып тұрды. 1480 жылдардың екінші жартысында жасы үлғайған би, ел ағасы ақсақалдың ата салтымен Меккеге қажылықта бармақшы болғанда, ол ниетінен Шалқиіздің (1465-1560) тоқтатқысы келгені мына жыр шумақтарынан көрініс табады:

Қара бас құспен шалдырып,  
Көк теңіздің устінде  
Көтеріп жеселken аштырып,  
Жүк тиедің кемеге,  
Ниет еттің Тәңірінің үйі Кебеге!  
Жүк тиесең, кетерсің,  
Ниет етсең, жетерсің,  
Жетсең, тауан етерсің,  
Етектеп жиган көп халқың,  
Сұлтан ием, кімге асмар етерсің!..

*Ашалай шалың ақталаң,  
Шемширлігің ноқталан,  
Шал сақалың жылаттың,  
Атаңнан қалған көп халықты  
Ер өзіңдегі соңратын  
Тек бір жардан құлаттың!*

*Қара басты ақ құспен  
Кендір баулы ақ желкен  
Көк теңізді жасал толқынга жектірдің!  
Қара сия, ақ қагаз  
Дестіге өнер төктірдің!  
Бұқ кеткеннен қайтпасаң,  
Ел, әйелің, сәбійң  
Көзінің жасасын төктірдің!  
Қабыргасын сөктірдің!*

*Едігеден туган үгымдың  
Мырзасы өзің болғансың,  
Атан құмас бұрасың,*

*Нәр ісіңде тұрасың..., - деп, бидің назарын халықтың  
көңіл күйіне аударады (369, 40). Осы толғаудың тағы бір жерінде арқалы  
жырау былай депті:*

*«...Темір еді биіміз,  
Теңіз еді халқымыз.  
Тебірлерге қалғанда  
Теңселер ауыр санды ногай жұртыңыз!»* - дегенді айта  
келіп, ойын былай тұжырымдапты:

*«...Ақ ала таудың алдында  
Ақ ала жылқы жусайды.  
Айналдырып қарасам,  
Сол жылқының ішінде  
Ат тапқандай бие жоқ.  
Жолың да болсын, ау, ием,  
Сен де кетіп барасың.  
Енді өзіңдегі соңратын  
Жұртқа бір лайық ие жоқ» (370, 34; 131, 258).*

Би Темірге ариған толғауында жырау өзінің ата-тегінен, қандай биге  
тәуелді болғанынан да хабар еткен:

«Тілениш ұлы Шалгездің,  
Иесі Би Темірдің тұсында,  
Бұлтқа жесте жазадады бұл мүйіз...» (131, 258; 369, 41).

...Темірдің жиені Мұхаммед-Әмин, 1487 жылды Қазанда хан тағына отырғанда жасы жиырмадан аспаған балаң жігіт, Москва князының көмегімен, Би Темірдің ықпалымен хан сайланған екен. Көшілік дереккөздерде Би Темірдің билік еткен тұсы деп 1468-1486 жылдар жа-зылып жүр, бұған келісуге болады. Өйткені, бидің өлген уақытын да тарихи деректер 1484-1486 жылдар аралығына жатқызады. Бұған қарап, Темір би 1422 жылды туып, 1486 жылды дүниеден өтті деп тұжырым жасау жөнге келеді. Темір Мансұрұлы дүниеден өткен шағында егде саналғанмен, тым кәрі емес тәрізді, себебі, соңғы құндеріне дейін ат үстінде, жорық жолында жүріпті. Өлерінен төрт-бес жыл бұрын, 1484 жылды Қырым хандығына жорыққа шыққаны да тарих бедерінен көрінеді. Артынша Қырым ханы Менzlі-Гереймен бейбіт келісімге келіп, оған жесір отырған қызы Нұр-Сұлтанды ұзатқан.

Ноғай әдебиеті мен тарихын зерттеушілердің бірқатарының айтуыша, Би Темірден кейін Еділдің оң жақ бетіндегі Ноғай ұлысында билік тізгіні інісі Қажыке (кейбір мәліметтерде Әзіке аталады) көшкен. Ол Темірдің ұлы Тәуекелмен билікке таласады, қара халыққа да зәбірі аз тимеген. Соған қарағанда Қажыке билік басында көп тұрмаған сияқты. Басқа бір мағлұмдарға сенсек, Темір бидің орнына өзімен бірге туған інісі Дін-Сұфының ұлы Жанқуат келген.

Мұндай үйғарым, Жанқуаттың Москва елшісіне берген сұхбатындағы сөздерден шыққан: «Бұрынғы Ұлы князь (III Иван) біздің атамыз Би Темірді қалай құрметтесе, бізді де сондай қылып бағаландар, біз соның жүртімыз» - депті (349, 74; 357, 182; 33, 124).

Төтесін айтсақ, Үлкен Ордадағы Сейд-Махмұд ханның тұсында (Ахмед ханның ұлы) Ноғай Ордасының «Бегілер begi» лауазымы Би Темірдің немере інісі Жанқуатқа көшкен сыңайлыш. Билік басында отырған Жанқуат орыс патшасы III Иванға ел арасындағы қарым-қатынасты реттеуде мынадай ұсыныс енгізген: «Кімнің жасы үлкен болса, сол «аға» ретінде жүрсін, мәселе шешкенде соған жүгінейік», - деген (349, 74). Бұл кезде Жанқуаттың інісі Қажыке (Қажы-Ахмед) Үлкен Орда хандығының бір белгінде хандық дәрежеге ие болған Шейх-Ахмед пен Сейд-Махмұдта «Бегілер begi» қызметінде жүріпті.

1490 жылдардың басынан бастап, Жанқуат есімі атала қоймайды, оның орнына тарихи құжаттарда Қажыке түзілген. Сол жылдың қыркүйек айында Үлкен Ордадан келген елшілер екі хан – Шейх-Ахмед пен Сейд-Махмұд атынан, маңғыттардан – Қажыке би, барлық

қарашалардың атынан иғі жақсылар Қырым ханы Менлі-Гереймен бейбіт келісімге қол жеткізеді. Бұл келісімге «құдайдай» сенген Қырым ханы қыскы шаруаның жағдайын көздел жасақтарын үйді-үйіне таратып жібереді. Осы сәтті пайдаланып, күш біріктірген ордалық ноғайлар Қырым тубегінде тыныш жатқан Барын елін тонап, одан ұзап Днепрдің бойын қыстап шығады. Ұлы орыс князы III Иван Менлі-Герейге берген уәдесін бұзбай Манғыт биі Қажыкенің Қырымды бірлесіп шабайық деген ұсынысын қабылдамай тастағаны тарихнамадан белгілі (349, 108-161).

1494 жылы Үлкен Ноғай Ордасында тағы бір келеңсіздік бас қөтереді. Шейх-Ахмед ханының Мұса бидің қызына үйленгеніне наразылық білдірген ноғайлардың бір тобы ханды тақтан қуады да, оның орнына Ахмед ханының екінші ұлы Мұртазаны отырғызады, ал Ноғай биі Қажыке хандықтағы «Бегілер begi» қызметін сақтап қалады.

Ноғай Ордасының иғі жақсылары аласапыранды ұйымдастыруышылардың бірі деп Қажыке биді айтады. Осыдан біршама уақыт өткенде, Ноғай Ордасында жанжал тағы өршіп, енді хан тағына Шейх-Ахмедті қайта әкеліп отырғызады. Бұған өкпелеген Мұртаза ашу үстінде елін тастап, Терек өзенінің бойына қөшіп кетеді. Оның артынан Қажыке би де солай қарай қоныс аударған. Бұл жөнінде Москвандың Ұлы князына елші И.Г. Момонов 1501 жылы мынадай мәлімет түсірген. Онда: «Мұртаза хан мен Әзіке (Қажыке) би «Төменде» тұрып жатыр, Төмен мен Черкестің арасы бір-біріне жаулық ниетте», - деген хабар жеткізіледі. Әрине, бұл арадағы Төмен деп отырғаны Сібірдегі «Түмен» жері емес, бұл Терек өзенінің бойындағы «Төмен» атты бір мүйісі (349, 211-358; 297, 33; 343, 178). Асылы жанжалдардың ызғары Үлкен Ордадағы Қажыкенің биліктен кетуін тездеткен тәрізді. Өйткені, 1502 жылы Ұлы Литва княздығының жылнамалық кітабында Ноғай Ордасының ұлы биі деп Тәуекел Би Темір ұлы тіркеліпті (350, 19-20). Тәуекелдің өзі де 1500 жылы наурыз айында Литвандың королі Александрға елші жұмсап, әкелеріміз Темір би мен Казимир король тұсындағы (1470 жылдардағы) достық ниетті жалғастырайық дегенді ұсынады және Қырым ханы Менлі-Герейді өздеріне жау санайтынын ескертеді. Бұған жауап ретінде Александр Казимирович те Ноғай Ордасына хат жолдап, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасқа құба-құп екенін білдіріп, Шейх-Ахмед хан мен Тәуекел биді өзінің достарына санайтынын айтып ағынан жарылады. Алайда Үлкен Орданың билеушілерінің Литва короліне саяси және әскери көмек беретіндей қауқары қалмаған-ды. Айналасымен қым-қуыт дау-жанжал, өзара атыс-шабыс Орданың тыныс-тіршілігін шайқалтып, ел ішінде аштық басталып кеткен тұғын. Әрине, бұл жайсыз хабар Бахша-Сарайдағы Менлі-Герейдің де құлағына шалынды. Өз

ағайындары Шейх-Ахмед пен Сейд-Махмұдты татуластырамыз деген ниеттерінен ештеңе шықпады, сілімтігі қалған Үлкен Орда (Тақыт елі) енді қырымдықтардың жемтігіне айналды. Олардың солтүстік бетіндегі (орыстардың онтүстік дала жақ беті) жайылым жерлерінде көшіп-конып жүрген ноғайлардың шекара дағы жүрттың мазасын алып жүргені қырымдықтарға ұнай қойған жоқ. Көп жылғы соғыста қалжыраған Литва корольдығынан алатын көмегі сарқылып, арасы сусықан тұста Үлкен Орданың билеушілері Шейх-Ахмед пен Тәуекел 1501 жылдың аяғында Москвандың Ұлы князына арқа сүйегісі келіп тілек білдіргенмен, Менлі-Гереймен қарым-қатынасын жоғалтқысы келмеген орыстар ноғайлармен одақ құрудан бас тартты және Қырымға қарсы бірлестікке шақырған ноғай елшілігі жөнінде Қырым ханына хабар беріп ұлгерді. Литвадан көмек жоқтығын сезінген әрі орыстармен одақ құра алмаған Ноғай жүртшылығы сиртқы жаулардан өз жерінде запа шеккені былай тұрсын, араларына жік түсіп, күш-қайраты сарқылған ноғайлар басқа аймақтарға көшуді бастанды. Әрине, бірінші қатарда көрші отырған қазак арасын таңдады. Сөйтіп жүргенде, хан мен бидің ортасын да қара сұықтың ызғары шарпыды, бұрынғы ұлан-ғайыр мемлекеттік бірлестік азып-тозудың шыңына шықты.

1501 жылғы маусымда басталған Менлі-Герейдің шапқыншылық жорығы, Үлкен Орданың, яғни Жошы ұлысының түбіне жетіп тынды. Маңғыт жүртшының билері Қажыке мен Тәуекел Қырым тубегіне қоныс аударуды ойластырды. Шейх-Ахмед ханды жақтаған бірсыптыра ел мұнымен бірге Литва королі Александр Казимировичке жол тартты. Онда барған ноғайлар литуандардың қалаларына таратыла жайғасып, сіңісп кеткендері де бар (368, 49).

Басқа бір тарихи деректерге тоқталсақ, 1501 жылы жазда Менлі-Герей Донның сағасындағы «Тихая Сосна» деген мүйісте жайбарақат отырған Шейх-Ахмед ханның ордасын қоршап, әлек-шәлегін шығарды. Оның шақыруымен тез жиналып ілеzeде атқа қонған ноғайлардың қалың қолынан алғашында Қырым жасақтары сескеніп, шегініс тартқанмен, артқы зардабы мол болды. Қырым әскерінің тегеурінді соққысы Шейх-Ахмед хан мен оның «Бегілер begі» Тәуекел Би Темірұлы Қажы Тархандағы ханның немере ағайыны Әбді әл-Керім Махмұдұлынан пана іздеді. Қажы Тархан ханы бұларға он мың әскер жасақтағанмен, Үлкен Орданың жағдайы жақсармайтыны белгілі болып қалды. Бұл аз дегендей, Ноғай Ордасының төбе би Жаңбыршы Ресей патшасы III Иваннан Үлкен Орда мен Қырым хандығы арасындағы жанжалға араласуышы болмандар деген үзілді-кесілді бұйрық алды. Бұндай жарлықты Ноғай Ордасындағылар патша сарайынан күтпеген еді...

Сайып келгенде, Үлкен Ноғай Ордасының халқы Менлі-Герей ханның атының табанының астында жанышталатын күй кешті. Қырымдықтар Сарайды өртеп, күйреткеннен кейін, Үлкен Орданың ханы Шейх-Ахмед ноғайлардан жәрдем жоқ екенін байқап, өз басын аман сақтаудың қамына кірісті. Көңіл күйі құлазыған, мазасыз өмірдің құрбанына ұшыраған, тоз-тозы шыққан ханның барап жер, басар тауы қалмай, әуелі Осман сұлтандығына қашқысы келді, әйтсе де, соңғы тұрағына Александр Казимирович тұрган Киев қаласын қолайлады. Ал Тәуекел би болса, дәрменсіз ханнан алыштап, Қырымға бет бүрдые, - деп баяндалады шығармалардың қайсы бірінде (349, 368-516; 68, 79-80).

Алтын Орданың түбі су құрдымға кетіп, Мұса би өлгеннен кейін, Ноғай Ордасындағы ауызбіршілік бұзылып, ноғай жұртындағы мырзалар орданың соңғы ханы Шейх-Ахмедті жақтаймыз деп бас көтергенде, оларды төбе би Жаңбыршы қолдамағаны былай тұрсын, ноғайларға қарсы шығып, мұндай әрекеттерін тоқтатуды талап етті. Бұдан кейін «жөнсіз» әрекеттерге жол берілмеді, дегенмен халықтың бірқатары Ноғай Ордасына оралып, орданың тыныштығына өз үлестерін қосуға талпыныс жасады. Бірақ іс онғарылмады. 1505 жылы Ноғай Ордасынан шыққан құрамында сексен адамы бар елшілік Литва королінің орталық қаласы Вильноға келді. Бұның құрамында Сейд-Махмұд ханның жесірі және татар (ноғай) мырзалары бар еді. Елшіліктің басқы мақсаты бұрын Литва корольдігін паналаған Ахмед ханның тұқымдарын іздеу болса, екінші мақсаты – ноғайларды қырғынға ұшыратқан Менлі-Герейге қарсы күш біріктіру және азып-тозған жұртын қалпына келтіру еді (33, 130). Алайда, елшіліктің тындырған жұмысы тиянақты болды дейтін мағлұматтар кезікпейді.

Әлгіде ат басын шалдырып өткенбіз, ноғайлардың Қырым түбегіне жылжып қоныстана бастағанын. Енді әңгімені әрі созсак, 1480 жылдар басында Ахмед хан ноғай-маңғыттардан жеңіліс тауып, қаза болғанда, оның «бегілербегі» Темір бидін (1481-1483 жылдары) Қырым ханы Менлі-Герейді паналауы түсініксіз еді. Зерттеуші К.В. Базилевичтің пайымдауынша, Темір Бақша-Сарайда шамамен 1486 жылы қайтыс болып, осында жерленгені айтылады. Бұдан кейін Қырым жұртындағы ноғайлардың «Бегілер бегі» болып Темір бидін немере інісі Жанкуат келгені-ді.

Қырым түбегінде ноғайлардың екі биі Қажыке мен Тәуекелдің табанының басқан іздері молырак тұскендіктен, олардың осы елдегі қарекеттерін әңгіме қылудың сәті түсіп тұр.

Үлкен Орданың күйреуіне сай, Қажыке би әуелі орыс патшасы III Иванға және Қырым ханы Менлі-Герейге қызмет етуге құлшының білдіргенмен, олардың ешқайсысы да маңына жуытқысы келмегенін

байқап, өзінің Меккеге қажылыққа бару үшін Қырымға келгенін айтып, достық ниетін нықтайды. Оның «ертегісіне» сенбесе де, Менлі-Герей Меккеге журуіне бөгет болмайық деп, дайындалуына екі ай мұрсат береді, ал екі ай өткенде өз ұлы Ахмед-Герейдің Қажыкені «бегілербекі» қызметіне тағайындағанын естіп, қолын бір-ақ сілтейді. Сөйтіп, Қажыке би Бақша-Сарайда тұрактап қалды. Қажыкенің билік басындағы қажырлы еңбегі көзге түсіп, келесі сайланған Қырым ханы Мұхаммед-Герей Менлі-Герейұлы оны «ұлғұ бек» лауазымына тағайындейды (297, 36; 33, 131).

Ал Тәуекел бидің Қырымдағы жүріс-тұрысына келетін болсақ, ол ханның балдызы (ханның бәйбішесі Нұр-Сұлтанның туған інісі – Ә.К.) болғандықтан, бірден тасы өрге домалаған. Алдымен 1503 жылдың басында ханның шақырымымен Қырымға келіп, хан сарайының есігін ашады. Ол жөнінде Менлі-Герей Ресей патшасы III Василийге 1503 жылды 4 ақпандың жазған хатында қайын атасы Темір бидің әруағын сыйлап, ұлына әкесінің халқын және базарын беріп, қарамағына қызметке алғанын мәлім етеді. Тәуекел «Бегілер бекі» Қырымның сыртқы саясатымен айналысады, Русь мемлекетімен, Литвамен қарым-қатынасты жақсартуға күш салды. Вильнодагы корольдің қызметкерлері Тәуекелді жақсы танысы ретінде, оның елшілікті басқаруын Қырым ханынан сұрап отыратын еді.

Ханның жарлығына орай Тәуекелге Қырым түбегінен «базар мен жүртты» болғанінен хабардар болған қайсыбір зерттеушілер, бұл арада Маңғыт қоңылары бұрыннан болған деп жорамалдағанмен, XV ғасырдың аяғында олардың санының көп болмағанын айтатын ғалымдар да бар. Олардың тубекке көптеп қоныс аударуы 1502 жылдан кейін, яғни Улкен Орданың қылышы-қылыш тағдырына байланысты орын алған еді. Бұл күнге дейін ноғайлардың ескі жүртты Қырым түбегінен аулақтау Днепрдің бойында қоныс тепкені мәлім. Алайда, онтүстік орыс даласының жүртты Улкен Орда құлаған тұста Қырым хандығының қол астына өтіп, оның халқы (ішінде ноғайлар да бар) енді Қырымға бағынды. Осынау ноғайлар Қырым түбегінде едәуір саяси күшке айналды. Дегенмен көші-қон қонысы, атамекені Днепр мен Перекоп аралығындағы шұрайлы жазыққа жайғасып бұрынғыша өмір кешкенді көкседі. Жасыратын несі бар, бұл жүртқа Менлі-Герей хан да, оның мұрагер ұлы Мұхаммед-Герей де сенімсіздікпен қарауын тоқтатпады. Оның да өзіндік себебі бар сияқты. Мықты әулеттік сипаттағы Мансұр бидің үрпақтары ноғайлардың негізгі тірегі саналып, олар өздерін тәуелсіз жүрт сезінді, реті келгенде ханның қойған қолшоқпарларына бағына қоймайтын (371, 86).

Шындықты түптесек, Қырым билеушілері ноғай билерін өздеріне үзенгісі тең жүрт қатарына іlestіре қойған жоқ. XIV-XV ғасырлар

тоғысында Қырым хандығының Ноғай Ордасымен пәлендей қарым-қатынасы көрінбейтіні осыдан. Үлкен Орданың ханы Ахмед Сібір ноғайларынан теперіш көріп, ел-жұрты мен мал-мұлкінен, жерінен айырылғанын көздерімен көрген қырымдықтар бұл елмен санасу керектігін түсінді. Қырым тубегіндегі Герейлердің Үлкен Орданың билеушілерімен қасастығына қарамастан, қырымдықтар Ноғай жұртына онша көңіл бөлгісі келмегенмен, Мұса би бастаған ноғайлардың тегеурінді іс-әрекеттері Қырым хандығын ойландырмай қоймаса керек. Қызып кетсе, мың сан жасақ шығара алатын Ноғай Ордасын қабілетті күш атасы ретінде танып, олармен жақындасады, іргелерін біріктіруді ойластыруға мәжбүр болды.

Алтын Орданың құлауымен келген жаңа күш иелері бұрынғы хандықты қайта құру ниетінен де қашқақтамай, Литва короліне қашқан Ахмед ханның ұлдарын іздестіре бастауы, қырымдықтарды бей-жай қалдырmasa керек. Менлі-Герей Ноғай Ордасымен тікелей байланысты қолайлы көрмей, Русь патшасына иек артумен келді. Ресей ақсүйектері де, Ноғай Ордасына тікелей байланысқа шықпай, Қазан хандығындағы ноғай мырзалары арқылы елші жұмсан, бұрынғы Үлкен Орданы қалпына келтіруін қолдамайтын ниетін білдіруге асықты. Өстіп жүргендे, 1502 жылы жазда ноғай жасақтары Ресейден қайтқан Қырым елшілігін шауып, мал-мұлкін тонап алады. Оның құрамында болған орыс дипломаты Қырымға жеткеннен кейін еліне хабар беріп, онда ноғайлардың Қырым хандығымен жауластығы жоқ, қырымдықтар Ноғай Ордасына тиісуден аман, - деген екіұшты мәлімет түсіреді (349, 472). Қалай десек те, Ноғай Ордасы мен қырымдықтар арасы күн санап бұзыла берді. Сол кездегі Ноғайдың төбе би Жаңбыршы өзінің еліндегі Шейх-Ахмед ханды жақтайтын мырзалардың Қырымға жауластықтарын токтатып, Менлі-Герейге достық ниетін байқатады. Сөз орайында айта кетейік, Жаңбыршы би ноғай мырзалары арқылы келмеске кеткен Ахмед ханның ұландарына көмек беруді үзілді-кесілді тоқтатты.

1503 жылы мамыр немесе маусым айының бірінде Қырымға Ноғай Ордасынан үлкен елшілік келді, оны бастап келген Мұса бидің ұлы Сұлтан-Ахмед мырза еді. Оларды Менлі-Герей жақсы қабылдап, Сарайынан сый-сияпаты мол қонақасы беріп, шығарып салды. Елшілік өз тарапынан Жаңбыршы бидің сәлемін жеткізді, достық қарым-қатынас жасауға шарт жасасып, бір-біріне тиіспеуге, жаулық ниетті қоюға уәждесті. Ноғайлар Қырым ханын мойындайтынын, оған қызмет етуге дайын екенін білдірді. Менлі-Герей де бұған ризашылық сезіммен, өзінің одактасы Орыс князына көтерінкі шабытпен хабарлаған. Бұл уәде-шарттың немен аяқталғанын көпшілік жоғарыда айтылған Қырым-Ноғай «қатынасынан» жақсы таныс болғандықтан қайталамай-ақ қояйық.

Бір-екі ауыз сөзбен Ногай бектерінің Қазан мен Қажы Тархан хандытына көзқарасын білдіре өтейік. Ногайлардың аталмыш хандықтармен қатынасы XV ғасырдың екінші жартысынан басталғаны мағлұм. Маңғыт жұртының Қажы Тарханмен алғашқы байланысы 1460 жылдардың аяғына таман Ибақ хан мен Аббас би қол бастап келіп, шаңардың ханы Қасым Махмұдұлынан тығызып жатқан Әбу-л-Хайдардың немерелерін шығарып беруді талап етеді. Сөз орайында, кейбір ізденушілердің Қажы Тархан хандығы ногайлардың қолымен түрғызылды дегені әділдікке сәйкестенбеген (372, 9). Дей түрғанмен, Еділдің төменгі жағын қыпшақ-ногайлардың XIV ғасырдың екінші жартысында қоныстانا бастағанын жоққа шығара алмаспыш. Татар халықтарының жырында XIV ғасырда маңғыттардың Еділді екі рет кесіп өткені ауызға алынады. Бұл шамасы Ұлық Мұхаммед пен Кішік Мұхаммедтің (1420-1440 жж.) өзара билікке бастарын сұғып, ел арасына іріткі салған оқиғасына қатысты ақыздалған тәрізді. Тарихшы Булатовтың байқауынша, Ұлық Мұхаммед өлгеннен кейін оның ұлы Якуб жұртын ертіп Қазан хандығынан кетіп, Қажы Тарханға барып орныққанда, оған ерген барша халық «қара-ногайлар» аталағыты (373, 189).

Дереккөздерде, Маңғыт жұртының төбе би Уаққас Қажы Тархан ханы Махмұдпен өле-өлгенше қас болды деп жазылған. Одан кейінгі заманда Мұса би Уаққас ұлы мен Қасым хан Махмұдұлы тұсында да жаулық ниет жалғасты. Бұдан кейін хан тағына отырған Қасымның інісі Әбді әл-Керім де шығыс бетте қоныстанған ногайларға деген қастандығынан бір жаңылыспады. Ұлыстың шығыс жағында отырған ногайлар үстерінен өткен орыс керуендерін тонап тұрды, әрі Қажы Тарханды панағысы келген Ахмед ханның ұландары – Сейд-Махмұд пен Бақтиярды шаңар маңына жолатпауға тырысып бақты. Ханның бүйрекіне сай лауазымды қызметке де ногайларды жолатпады. Фалымдардың байқауынша, Қажы Тарханда «бөгілербекі» дәрежесінде Қытай елінің кісісі Баба-Әли деген отырған (19, 114; 374, 39; 137, 114; 375, 166). Үлкен Орданың күйреуінен соң Әбді әл-Керім де өзіне одакқа жарайтын бірлестік іздел жанталасты. Орда хандары ішінен Шейх-Ахмедті қолайлы санап, соған жақындасуға талап қылып жүріп, Мұса биге жақындасқанын байқамай қалады. Сарай құлап, Ордадан Шейх-Ахмед ханның тәбесі көрінгенде, Әбді әл-Керім қуаныштан өзін қояр жер таба алмаған. Оны қақпа алдынан карсы алып, тәбесіне көтереді.

Алайда, Шейх-Ахмед Қажы Тархан шаңарынан оқшаулау отырып, ханмен алыстан сыйласып, ногай жасақтарын күтеді. Ноғайлардан жәрдем бола қоймаған соң, Шейх-Ахмед Литва корольдығын бетке ұстайды. Русь княздарына жеткен хабарға сенсек, 1502 жылғы шілдеде Үлкен Орданың

қашқан билері мен Әбді әл-Керім арасында дау туып, Шейх-Ахмед хан бастаған Орданың адамдары Литваға қоныс аударады. Осыдан кейін ноғайларға Қажы Тарханмен одак құрудың керегі болмай қалған. Сол жылдың күздінде ноғайлардың жоғарыда айтылған «бес мырзасы» Қажы Тарханға шабуыл жасап, төнірегін тонап кетеді (349, 380-452).

Ресей тарихшысы М.Г. Сафарғалиевтің мәлімдеуінше, шамалы үақыт өткенде ноғайлар Әбді әл-Керіммен мәмілеге келіп, ол Қырым хандығына жорықты бірге ұйымдастыруға уәде етеді. Бұдан кейін Қажы Тархан ханы ноғай мырзаларының бірін «Бегілер begі» қызметіне алып, оларға жылына қырық мың алтын төлеп тұруға келіседі.

Бұл тұста Ноғай мырзаларының жетекші рөлін айта кету орынды. 1504 жылы жазда қажытархандықтар орыс балықшыларын тонап, Еділден аластағанда, орыс патшасы III Иван, қарақшыларды жазаға тартып, балықшылардан тартып алған мұліктерін қайтарып беруді Ноғай Ордасының биі Жанбыршыдан өтінгеніне қарағанда, Қажы Тархандағы биліктің басты тармағы ноғайлардың қолында екенін сезген секілді (374, 39-40; 334, 54; 33, 134).

О заманда ноғайлардың қонысы Қазан хандығынан алыс отыргандықтан, араларындағы қарым-қатынасы онша дами қоймады. Ноғайлар батысқа қарай көші-қонын жылжыта бастаған кезеңде, Қазан хандығы құрылып, нығайып алған еді. Әрі оның алғашқы ханы Ұлық Мұхаммед Едігенің ұлы Наурыздың «сатқындығынан» әбден таяқ жеп, ноғайлардың атын естігеннен-ақ жаны түршігіп сала беретін. Себебі жоғарыда айтылғандай Наурыз әуелі Ұлық Мұхаммедте қолбасы бола жүріп, артынан оның бақталасы Кішік Мұхаммедке жасактарымен аусады, ал Ұлық Мұхаммед болса жүртінан, мал-мұлкінен жүрдай айрылып, қашып құтылған еді. Әйтеуір, Қазанға келіп жан сақтап, хандық дәрежеге қол жеткізді. Бұл кезде Қазан ханы ноғайлардан жәрдем күтетіндей, жарлы-жақыбай емес тұғын (71, 126-127).

Жалпы, Қазан хандығына ноғайлардың жақындасуы XV ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Бұл кезде Едіге ұрпақтары Мансұр би мен Уаққас ұландарының арасынан сұық жылан жылжып, ағайындар арасында араздықтың төбесі қылтиып көріне бастаған еді. Мансұрдың ұлы Би Темірдің ару қызы Нұр-сұлтанды Ұлық Мұхаммедтің немересі Ибақ (Ибрагим) хан әйелдікке алып, құдандалы-жекжаттықтың жолжөнекейі жасалған болатын. Осы Ибрагимнің ұлы Эли Қазандагы хан тағына көтерілгенде, мұнымен бақталас Уаққас ұрпақтары Мұса би мен Жанбыршы бастаған мырзалар Би Темір ұрпақтарына қырги-қабақ пифылын танытқан. Ол-ол ма Ибрагимнің Нұр-сұлтан бәйбішесінен туған ұлдары Мұхаммед-Әмин мен Әбді әл-Ләтиф аталмыш хандықты биле-

ген уақытта, қызғаныш оты лаулап, ноғай мырзалары – Мансұр би мен Уаққас ұрпақтарының арасы жаулық ниетке көшкен еді. Бұл аз десеніз, Ибрагим өліп, жесір қалған Нұр-сұлтан Темір би қызы Қырымдағы Менлі-Герейге күйеуге шығып, енді Москвандың ұлы княздығы мен Қырым жұрты Нұр-сұлтаннын тұған ұландарды қолпаштады. Мұның бәрін көкірек таразысынан жіті өткізіп отырған Үлкен Орданың билері, Мансұр би ұрпақтарынан ат құйрығын кесісіп, Қазан ханы Әлидің жағына біржола шыққан-ды.

Әлгіде баяндалды, Үлкен Орданың ханы Ахмед 1481 жылдың басында өлтіріліп, жұрты тоз-тоз болған мезетте, ноғайлар мен Қазан хандығының арасындағы қарым-қатынасы тұра жолға қойылып, Ноғай Ордасының билеушілері мен қазандықтардың Шығыс Еуропа бетбұрыс жасай бастаған тұғын. Ресей тарихшылары М.Г. Худяков пен Г.И. Перетятковичтің баяндауынша, 1478 жылы Қазан ханы Ибрагим қайтыс болып, ноғайлар Қазан саясатын қолдауға ынталылығын танытқан, әрі Үлкен Орданың күйреуіне байланысты екі жақ та бір-біріне деген көзқарасын өзгертіп, Дешті Қыпшақтың Шығыс Еуропа бетін бірлесіп иеленуге пиғылдарын көрсетеді. Осы тұста бақталас ноғай билеушілері Мансұр мен Уаққас ұрпақтары екі жарылып, бірі – Мұхаммед-Әмин Ибрагимұлын, екіншілері, яғни Мұсахан бастаған ноғай билері ханның ағасы Әлиді қолдады, - дейді тарих бетіндегі деректер (69, 151-152; 81, 45; 82, 40-63; 74, 439). Әкесі Ибрагимнен кейін Қазандағы хандықты билеген Әлиді орыс патшасының жандайшаптарының көмегімен, Мансұр тұқымдары тақтан кетіріп, орнына оның інісі Мұхаммед-Әминді таққа отырғызды. Бір жылдан кейін Мұса би бастаған ноғай қолы Мұхаммед-Әминді Сарайдан куып, Әлиді хандық таққа қайта отырғызғанмен, оны көп кешікпей Темір би ұландары Ресей патшасының көмегімен тақтан аластады. Бұған ерегіскең Әли Ибрагимұлы 1487 жылы Ноғай жасақтарының күшімен Мұхаммед-Әміннен хандық билікті тартып алады, бірақ орыс әскерлері басым түсіп, сол жылы Қазанды басып алып, Мұхаммед-Әминді қайта отырғызып, хан сарайын арнаулы күзетпен ұстайды. Әлиді отбасымен патша жасақтары тұтқындаپ, Ресейдің ішкі аймақтарындағы «Белоозеро» көлі маңына жер аударады. Ресей патшасының бұндай тегеурінді қимылдары ноғайларды ойландырып таstadtы, орыс мемлекетіне қатысты сыртқы саясатын өзгертуге мәжбүрледі (357, 206).

Ноғай мырзаларының бірнеше рет хат жолдап, елші жібергендеріне қарамастан, Жаңбыршының күйеу баласы Әли мен қызы Каракөз патшалық Ресейдің тұтқындан босатылмады, ал Ноғай Ордасындағы Қазан ақсүйектерінің әскери күшпен хандықты басып аламыз деген

қозғалысы нәтиже бермеді. Оның үстіне Ноғай Ордасынан елшілікті бастап барған Мұса бидің інісі Жаңбыршы орыстарда аманатқа ұсталды да, Әлиді күзетіп тұрған «Белоозеродағы» ханның қызметшілері дарыға асылды. Жағдайдың қындағаны сонша, орыс патшасы III Иван болса Ноғай Ордасындағы билерге Қазаннан қашқан бүлікшілердің бастығы Әлғазы бекті қалай да ұстап өлтіруге тапсырма берді. Истің насырга шабатынын сезген Әлғазы Сібір ханы Ибаққа барып, паналай тұруды көздеді. Өздеріне тегеурінді қарсылық көрсеткен ноғайлардан орыс патшасы да, Қазан ханы Мұхаммед-Әмин де сескенейін дегендей болды. Бұлардың ойлап-тапқан айла-шарғысы Ноғай Ордасынан Қазанға барған ноғай мырзалары мен ақсүйектерді жуасыту мақсатымен Мұса биге өтініш жасап, Әлғазы бекті, Бегіш пен оның ұлы Өтешті және діни өкілеттілігі бар Қасым сейдті Москваға шақырып, жағдай жасап, жалақы тағайындауды деп үгіттеуді сұрады. Бірақ та, олар патша құрған тұзаққа түскісі келмеді, орыстарға барудан бас тартып, Әлиді тұтқыннан босатуды талап етумен болды (334, 20-49). Ноғай Ордасын билеген ағалы-інілі екі тұлға – Мұса мен Жаңбыршының алдынғысы Москва княздығымен қатынасымызды жақсартайық десе, інісі Жаңбыршы бұл істе тек әскери күшке сүйенуді қолдады. Інісіне сөзін өткізе алмаған Мұса би бірсыныра уақыт Жаңбыршыға өкпелеп, Манғыстау түбегіндегі түрікпендерге кешіп кеткені оқырмандардың есінде болар. Осы уақыттарда Ноғай Ордасының төбе би Аббас дүниеден озып, Ноғай мырзаларының жасы үлкені Мұса биді Ордаға шақырып, ұлыс билігінің тізгінін ұстаратқаны белгілі. Мұса түрікмендерден келген бойда Ордада күрделенген істерді байыппен шешуді қолға алып, алдымен Қазанды шабуга Ибақ пен Жаңбыршы жинақтаған жасақтарды тоқтатады. Бұндай әрекеттің басы-қасында жүрген Қазаннан келген татар мырзаларының айдал салу ниеті екенін бірден іші сезген Мұса би еді. Дегенмен, Қазан хандығына қарсы ноғайлардың тынымсыз жорықтарының жаз басталса тоқтамайтынын айтып, Қазаннан Мұхаммед-Әмин Қырымдағы әріптесі Менлі-Герей ханды хабардар қылып тұрғаны мәлім еді.

Ноғайлардың күш-қуатын сақтауды көздеңген данышпан Мұса би Қазан хандығына ықпал жасауда ата-баба салтымен құда-жекжаттық ғұрыппен жүзеге асыруды ойластырады. Қайсыбір зерттеушілердің айтуынша, бұған Мұхаммед-Әмин де қарсы болмай, туыстық қарым-қатынас арқылы ноғайлардың шет аймақтарға барымташылық жорықтарын азайту мүмкіндігін қарастырған. Оған дәлел, Қазан ханы Мұхаммед-Әмин 1486 жылы өзіне әйелдікке Мұса ханның қызы Фатиманы сұратады, бұндай құда-жекжаттық қатынас бұдан бұрын да екі ел арасында болған-ды. Мысалы, Жаңбыршының қызы Қаракөз

Әлидің әйелі болса, Едігенің немересі (Би Темірдің қызы) Нұр-сұлтан Мұхаммед-Әминнің анасы. Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбу-л-Хайр Шайбани тұқымдарының бәрі де Маңғыт қыздарына үйленгені айтылып келеді (334, 28). Мұса бидің қызы Фатимаға құда тұсу ұсынысы биді көп толғануға тап қылды. Егер қызын Қазан ханына беруге келісім берсе, онда Жаңбыршы мен Әлидің көңіліне келуі мүмкін, әрі ноғайларға сатқындық жасағандық болып табылар еді, әрі орыстардың көз алдында екі түрік елінің туыстық жақындасуы да Москвандың ұлы князын ойландырып тастауы мүмкін ғой дегенді қаперінде ұстады. Осының бәрін жан-жақты қекірек елегінен өткізген Мұса би 1490 жылы ғана орыс патшасына хат жолдап, осы мәселе жөнінде пікірін білдіруді сұрады. Бұның алдында Қазан ханы Мұхаммед-Әмин де Ұлы князға әлсін-әлі елші жұмсап, Мұса бидің қызына үйленуге рұқсат сұраған-ды. Орыс патшасы Иван Васильевичтің екі жақты жауабы үш мемлекетті де қанағаттандыратын. Москва княздығы Мұхаммед-Әмин арқылы ноғайларды тұзакқа түсіруді ниеттенсе, Мұхаммед-Әмин төтенше жағдайда мың сан ноғай жасақтарына иек артуға мүмкіншілік алды, ал Мұса би де орыс патшасы мен Қазан хандығына арқа сүйеп, бұрынғы Үлкен Орда иемденген Шығыс Еуропа мен онтүстік орыс жерлерін ноғайларға қоныс қылуға талаптанған еді.

Алайда Мұса ойластырған бұндай келісімнің арты ұзаққа созылып, нәтиже бермеуге айналды. Сөйтіп жүргенде, тұқында жүрген Әли қайтыс болып, бидің ойында жүрген көлеңкелі бұлттар тарап, оның үйғаруымен қызы Фатима Қазанға ұзатылды.

Мұны естіген Қырым ханының бәйбішесі Нұр-сұлтан (Мұхаммед-Әминнің шешесі) Қазан ханын құттықтап, ұлына ризашылық ықыласын білдірді.

Бұған жалғап айтарымыз, Әлидің жесірі Қаракөзді (Жаңбыршы қызы) де орыс патшасының үйғаруымен Мұхаммед-Әминге қосады. Сөйтіп, осы құда-жекжаттықты пайдаланып, Ұлы князь ноғайларда өзіне қолайлы саяси одақ жасамақшы еді.


Алайда, орыс патшасы 1489 жылы Мұхаммед-Әминнің қарындасын Жаңбыршы ұлы Алаш мырзага қосуға қарсы шықты. Ондағы қойған талабы: Қазанды шауып, ноғайлар тонап алған мұліктің құнын қайтармайынша, қарындасында берме деген еді (334, 20-49; 349, 109-461).

Осы оқиғалардан соң Ноғай Ордасындағы алыпқашпа әнгімелер біршама бәсексігендей болды. Бұл әрине, Жаңбыршы мен Ибақ ханға (оның інісі Мамыққа) жақсы әсер ете қойған жоқ. Мамық бастаған Сібір-Ноғай біріккен қолы 1496 жылы Қазанды басып алды, бірақ бір жылдан кейін хандықты орыс әскери басқыншылардан тазартып, орны-

на Москвадан Мұхаммед-Әминнің інісі Әбді әл-Ләтифті әкеліп Қазанға отырғызғаны мәлім. Мұса би бұл іске араласқан жоқ еді, алайда, орыстың Ұлы князы жаңа ханды ешкіммен ойласпай әкеліп таққа мінгізген сәтте бидін ашу-ызасы қайнады. Мұнан кейін ногайлар екінші рет 1500 жылы тұтқыылдан Қазанды қоршады, жорықты бастап келген Мұса бидің өзі еді. Би мен Жаңбыршы Қазанның тағына Шайбан тұқымынан Ибак пен Мамықтың кіші інісі Ағалақ Махмудекұлын қолайладап, бірге ала келген-ді. Шапқыншылар, үш күн бойы қоршап, қарсыласқан қазандықтарды тізе бүктіре алмады, Қазанның жаңа ханы Әбді-Ләтиф күн сайын әскерді өзі бастап шығып, қаланы жан-тәнімен қорғады.

Женіске жете алмаған Мұса би, Жаңбыршы және Сібір ханзадасы Қазанды тастап кетіп қалды, - дейді дереккөздер (33, 135-138; 359, 294; 345, 253; 347, 59; 81, 57; 376, 48).

Ногайлардың Қазан хандығына жасаған екі жорығының да сәтсіз аяқталуы, олардың Еділ бойындағы сыртқы саясатын түпкілікті қайта қарауга мәжбүр етті. XV ғасырдың екінші жартысынан тәуелділікті мойындаған Қазан хандығын мұздай қаруланған орыс әскерлері күшпен қорғап, уысынан шығармай ұстаған саясаты өз жемісін берді. Мұны түсінген Ноғай билеушілері Мұса мен Жаңбыршы тәсілдерін өзгертіп, Москваның ұлы князы III Иванмен шартқа отырып, Қазанға шабуылын тоқтатуға уәде етеді. Бұл да саяси ойынның бір түрі еді. 1502 жылдың наурызында орыс патшасының елшісі Қырым ханы Менлі-Герейге Ноғайлар бұдан былай Қазан хандығына тиіспейтін болды дегенді жеткізсе, Ноғай Ордасынан Москваға келген елшілер өз билеушілері атынан Русьтің Ұлы князын мазаламайтынын ескерткен-ді... (349, 386).



Едіге би қолбасыларының ер тұрманы.  
XV ғасыр.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### Сейд Ахмед – Ногай Ордасының атақты биі



Ногай биі Сейд Ахмед  
Мұсаханұлы ұрпақтарының  
бірі Қалудан тараған  
Бактыбай батыр (1706-1767)

Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазда жайласаң,  
Бірін қыста қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске!..

(Асан Қайғы)

#### §1. Орда билері Сейд Ахмед пен Шейх-Мамай (Шейх-Мұхаммед) тұсындағы елдегі саяси ахуал

«Отыз ұлды» Мұсаханның аты белгісіз екінші әйелі қожаның қызынан туған алты ұлдың есімдері былай: Әлшағыр, Сейд Ахмед (Сейдақ), Тотай, Сұлтанай, Жауғашты және Мамай. Ногай Ордасының атақты биі – Сейд Ахмед Мұсаның Әлшағырдан кейінгі екінші ұлы болып саналады. Бидің ғұмырнамасы сан қылыш оқиғаларға толы десе де болғандай.

Тарихи мағлұматтарда оның туған және өлген жылдары, билік сатысына көтерілген уақыты, отбасына байланысты деректер көмексілеу болып келеді. Кіші жүздің шежірелерінде, ұрпақтан-ұрпаққа тараған халық аузындағы аныз-әңгімелерге дең қойғанымызда Сейд Ахмедтің ұлдарының бірі Қалу (кейбір шығарма, дастандарда Мәку деп аталып, жазылып жүр – Ә.Қ.) Шекті руындағы Айт пен Бұжыр ұрпақтарының арғы атасы. Кіші жүздің шежіресінде Қалу деп хатталғандықтан, бұдан бұрын баспадан жарық көрген «Ұранға шыққан Бақтыбай» атты кітабымызда осы мәселе төнірегінде біраз әңгіме жасаған едік. Шындығында, Кіші жүздің қай шежіресін алсаң да, ешбір жаңылыссыз былай беріліп келеді: Едіге би одан Нұр әд-Дин, одан Уаққас би, одан Мұсахан, одан Сейд Ах-

мед, одан Қалу, одан Бөлек, одан Айт пен Бұжыр... (99, 74-76; 377, 21-22; 378, 245-251; 379, 119-128; 380, 47-59; 381, 215-258; 381, 45-52; 382, 5-6; 383, 5-8; 384, 24-33; 385, 13; 386, 190-194).

Бұл дереккөздерді Сейд-Ахмед Мұса би ұлының өмірнамасын баяндауға орай, тағы бір шолып өтуді перзенттік борышымыз санадық. Ақ-қарасын айтуды зиялды қауымның еншісіне қалдырайық.

Алдымен, Сейд-Ахмед Мұсаханұлына қатысты қолға түскен дереккөздерді сөйлетіп көрійік. Оның есімі жазба шығармаларда әртүрлі: орыс мәліметтерінде «Шидак», отандық жазба құжаттарда «Шайдак», «Шидак», «Сирақ», «Сейдак», «Сидақ»..., ал біз жинақы турде Сейд-Ахмед (Сейдак) деп жазуды мақұл көрдік. Қазақ хандығының төл тарихшысы Қ. Жалайыри «Жамиғ ат-тауарихта» Сейд-Ахмедті (Шидак, Шайдак) Хасан Уаққасұлынан кейін Ногай Ордасының биі деп айшақтаған (387, 165; 35, 167). Эпостық нұсқада Сейд-Ахмед Мұса бидің екінші әйелінен туған Әлшағырдан кейінгі екінші ұлы деп жырланады (335, 13). Бұның билік басындағы кезеңі де тарихнамада әртүрлі жазылып жүр: бірінде 1521-1549 жылдар; екіншісінде – 1532-1549; үшінші мәліметтерде 1542-1549; тағы бірінде 1532-1540 жылдар (71, 82-83; 33, 186).

Ресей патшасының үшінші Елшілік кітабына көніл қойсак, Ногай Ордасы Сейд-Ахмед биден 1533 жылдың желтоқсанында, елшілер келген. Осы уақыттан бастап Русь патшалығы оны би деп таныған (312, 86). Қырым хандығы да оған елшілік келген уақыттан, яғни 1533 жылдың желтоқсанынан Ногай Ордасының биі Сейд Ахмед деп мойындағанын орыс елінің Қырымдағы елшісі И.И. Челищев хабарлаған (388, 20 об.). Осы тұста Ногай Ордасынан келген хат-қағаздарда Сейд-Ахмедтің қай кезде би сайланғаны айтылмағанмен, оның Ордада төбе би екені іс-қимылдарынан байқалады. Өйткені келіп түскен құжаттардағы оқиғаларға қарасақ, бидің әрекеттері оның есімімен тығыз байланысты баяндалады. Сол уақыттардағы оқиғаларды саралап келгенде, Сейдақтың 1533 жылға дейін-ақ би болғаны анықталғандай. Қосымша дәлелдерге жүгінсек, бұған дейін ногайларда Шейх-Мамай Мұсаұлы өз ұлысында билік жүргізген. Тағы бір айғақталатыны, Сейд-Ахмед ногайлардың мырзалары мен қарашалары қатысқан күрылтайында, жалпы халықтың қолдауымен би сайланған. Хан жарлығымен «Бегілербегі» лауазымына тағайындалмағандықтан, оның билік құзыры өзі басқарып отырған ұлыстан әрі аса алмайтын. Содан болар, бұрынғы билердің ұрпақтары мен туыстарының қайсыбірі оның билігін мойындай қоймауы. Реті келсе қарсы шығып, ел арасында бүлік шығарып отырған кездері де болған. Мәселен, мырзалардың хот-хотауымен ел арасында бүлік шығып, ақыры 1535 жылдың наурызында Жанбыршы ұлдары Ағыс пен Алаш бастаған отыз

мырза Сейд-Ахмедті тастап, Қажы Тарханға көшіп барып, қарсылықтарын жалғастыруға бағыт ұстады. Бұлардың алабұртаң қозғалысына қарсы шығу үшін биге де аяқ астынан жинақталып, жасақтарын сайлаң, елде қалған мырзалармен күш біріктіріп, Еділдің төменгі жағына көшіп кеткен бүлікшілерге жорық ұйымдастыру міндепті тұрды. Оның себебі де жоқ емес еді. Осыдан біраз уақыт өткенде Жаңбыршы ұландары Қажы Тарханның екі ханзадасымен би ордасы тұрган Сарайшыққа аттанғаны белгілі. Мұны естіген шаңар халқы биді тастап, шығысқа бет алды. Қарсы жақтағы мырзалар Сарайшықтан жұрттың көшіп кеткенін байқағаннан кейін, енді оларды іздеуге далалыққа бет бұрган кезде, Орданың шығыс жағының ұлыс би Шейх-Мамай жасағын қөтерді. Бұрын мінезі қатыгез көрінетін інісінің бұл әрекетіне риза болған Сейд-Ахмед оған женіл атты әскерін көмекке жібереді. Біріккен ногай жасақтарын көрген бүлікші мырзалар соғысты әрі жалғастырмай, Еділ бойындағы жұрттына қайтып оралған. Ногай Ордасындағы саяси дағдарысты шешу мақсатымен би мен ұлыс билеушілері мырзаларды жинап құрылтай өткізіп, сонда барлық ішкі мәселелерді талқылауға бел байлады. Ол үшін Сейд-Ахмед, Шейх-Мамай және Қажы Мұхаммед (Қосым) 1535 жылдың 20 сәуірінде бас қосып, екі айдан кейін, осы жылдың 20 маусымында құрылтайға жиналуға келіседі. Алайда мырзалар ортақ келісімге қол жеткізе алмады да, құрылтай нәтижесіз аяқталды, - деп жазады Русь патшасының Елшілік бүйріғы (312, 146-147).



Едігे би қолбасыларының жасақтары. XV ғасыр.

Осы күндердің бірінде Ноғай Ордасына Д. Губин бастаған Москва князының елшілігі келіп, орыс патшасының жарлығымен жыл сайын би, мырзаларға жіберіліп тұратын сый-сияптарын жеткізеді. Құрылтайдың шешіміне риза болмаған Сейд-Ахмед патша сыйлықтарын түтег өзіне қалдырып, әлгі елшіні аманатқа алғып, оған күзет қойғызады. Бидің мұндай қылышы және Орыс патшасының сыйлығынан құр қалған ұлыс бектері – Мамай, Шейх-Мамай және басқа да ноғай мырзаларының ызасын тудырады. Ашуга мінген Шейх-Мамай қасына кіші інісі Исмай-ылды ертіп, табындарын айдалап, бидің жайылым жерлерін таптарап өтеді. Мұнымен тұрмай сыйлық тимеген бидің жанындағы енші алған ұлдары, бірсыныра жақындары, қараша ұлысының атқамінерлері Сарайшықты тастап, өз беттерінше көшіп кетеді. Өзінің осынау қателігін түсінген Сейд-Ахмед ноғайлардың бұрыннан азуын басып жүрген Қажы Тарханға жорық жасау ниетін білдіріп, бірге аттануға мырзаларға жар салды. Осы жорықтан түскен олжаны сый-сияптарының да айтып қалды (бірақ, бұл арада би ақ патшадан келген сыйлықты бөлісу жөнінде әңгіме көтермейді). Орыс елшісі Д. Губиннің мәлімдеуінше, Мұса бидің қайсыбір ұландары жазда Шағанды жайлап отырған біге келіп жорықта бірге шығуға уәде бергенмен, мырзалардың басым көвшілігі Қажы Тарханды жаулауға аса құлышқан таныта қоймады.

Осы арада аз-маз үзіліс жасап, Сейд-Ахмед бидің тірнектеп жиналған ғұмырнамасынан үзінді беріп көрелік.

*Сейд Ахмед Мұсаұлы Едігенің төртінші үрпағы шамамен 1490 жылдардың аяғында жарық дүниенің есігін ашқан, 1551 жылы Бұқараада жалған өмірмен қоштасқан (106, 155). Ноғай Ордасында 1532-1548 жылдар аралығында билік құрды (99, 75; 384, 33). Бұған дәлел, Австрия дипломаты Сигизмунд Герберштейн мен Ресей тарихшысы Вадим Трепавловтың жазбаларында, Ноғай Ордасын 1530 жылдары Мұса бидің ұлдарының бірі, әлгіде аты аталған, Сейд Ахмед билеп, Сарайшық қаласын қыс айларында қоныс қылғаны айтылады. Бидің 1535 жылғы наурыз айында орыс патшасы Иван Грозныйға (IV Иван) «Бақытты Сарайдан» жолдаған хатын ғалым В.В. Трепавлов дәлел ретінде тілге тиек етеді (384, 33; 99, 75; 389, 74-76).*

*Бұның алдында Русь патшасының және Қырым хандығының Елшілік кітаптарында 1533 жылдың желтоқсанында Сейд Ахмедтен елшілік келіп, оны Ноғай Ордасының біи деп таныған. (312, 86; 388, 20 об.).*

*Осыған қарағанда, Ноғай Ордасының билері Сарайшықты қыс айларында қоныс еткен. Бұған тағы бір дерек. 1551 жылы мамыр айында еліне оралған орыс көпестері өткен қысты Жайық бойындағы Сарайшық қаласында өткізгенін, онда билік басында отырған Жусіп (Юсуп) Мұсаұлы екенін хабарлаған. Және олар алдыңғы жылы биліктен тайдырылып, Мәуреннахрга қоныс аударған Сейдақ бидің жасақтарынан қорқып, Юсуп бидің екі ұлы он мың әскермен Сарайшықты күзетіп тұрганын да айтып кел-*

ген (329, 288). Кейбір деректер бойынша, Сейд Ахмедтің (Сейдақтың) билік басынан аластатылуы шамамен 1548 жылы болған. Құжаттарда түзілгендей, Сарайшықтағы Ногай Ордасын осы кезеңде Юсуп бидің жақтастары басып алды да, Сейдақ Мәуреннахардағы Ургеніште бой тасалайды. Алға жылжып айта кетейік, осы қақтығыстың барысында оның Қалу (кейбір жазбаларда аты Мәкү делінеді — Ә.К.) өз жұртынан адасып қалып, Кіші жұздегі Жаманақтың (Шектінің) ұлы Шыңғыспен қауышады. Бұл кезде Қалу шамасы 7-8 жаста болса керек. Сонда ол 1542-1543 жылы туылған, ал ауыр науқастан 15-16 жаста қайтыс болғаны айтылған шежірелерге сенсек, онда анасының ішінде қалған ұлы Бөлектің туған уақыты шамамен 1558-1559 жыл деп болжамдауға лайық. Бөлек батыр Кіші жұздегі Алым ұлысының бір жұрты — Айт пен Бұжыр үрпактарының аргы атасы. Бұл әңгімені осы тарауда толықтыра туsemіз.

Ресейдің әйгілі тарихшысы Н.М. Карамзиннің бесінші кітабында Сейд-Ахмедтің тарих сахнасына шыққан кезеңі 1440 жылдардың басы деп жазылған (320, 402-403). Галымның шығармасында ол былай берілгендей: Русия княздарының құжаттарында Ногай Ордасының әміршісі Сейд-Ахмедтен 1447 жылы елші келгені, оның билігі Бозылық өзені мен Арал теңізіне (Көк теңіз) дейін, одан әрі Қара теңіз бен Кура өзендеріне дейін созылатынын, күші қара дауылға теңесетіні, сондықтан бұл бимен достық ниетті қалыптастыру қажет екені айтылады. Тарихшы кітаптың тағы бір жерінде Москва княздығынан Көк Орда, немесе Ногай Ордасының ханы Сейд-Ахмедтің ұлы Мазашының 1451 жылы олардан алым-салық пен қару-жарак беруін талап еткен жарлық түскенін мәлімдеген (320, 403). Алайда, Ресей тарихшысы Мұсаның ұлы Сейд-Ахмедті (Сейдақты) Едіге бидің ұлы Сейд-Әлимен немесе басқа біреумен шатастырган секілді. Біз әңгіме қылып отырған Сейд Ахмед (Шидақ, Сейдақ, Сидақ) мұнан жүз жылдай кейін туғаны жоғарыда көрсетілген мәліметтермен анықталады. Бұны да оқырмандардың есіне сала кеткен жөн.

Сейд Ахмед (Сейдақ) билік жұргізген тұстағы әңгімемізді, алдымен Ногай Ордасындағы сол кезеңде қалыптасқан күрделі әрі шымшытырық саяси ахуалдардан бастасақ дұрыс болмақ.

Әлгіде айтылғандай, Жаңбыршы Мұсаулынан кейін ногайлардың әкімшілік-басқару жүйесі туралы Қадырғали би Қосымұлы: «Хасан би болды, бірақ ұлысын Өлшагыр биледі», дегенді аузына алады (55, 118-119).

Ногай Ордасының тарихында екі тұлғаның бірі би болып, екіншісінің ұлысты билеу сияқты қосқанатты билік жүйесі қалыптасқаны белгілі. Мұның қайсыбір көріністері қазақ хандығының билік жүйесінде де орын алды. Мәселен, Керей мен Жәнібек, Мұрындық пен Қасым тұсында хандықты басқару. Олар бір мезгілде хандық дәреженің тізгінің ұстады. Кейінгі зерттеушілер олардың бірін «Ұлы хан» деп, екіншісін «Кіші хан» деп көрсеткенмен, аталған тұлғалар билік құрған кездегі шежірелер мен тарихи әдебиеттерде олай бөлу жок еді, екеуін де хан деп таныған-ды. Қалай міндет бөліскендері де тарихнамада көмексілеу. Алтын Ордада

білік жүргізген хандар мен «Беглер бегі» дәрежесіндегі кісілер Ноғай Ордасына да тән ерекшеліктермен саяси өмірге енді. Біздің пайымдауымызша, ноғайларға қатысты сөйлесек, Хасан елдің ішкі-сыртқы саясатын басқарған да, Әлшағыр шекара күзеті мен ноғайлардың әскер қосынына жауапты тәрізді. Ноғай Ордасының өзі әскери құрылымнан тұратын мемлекеттік бірлестік болғандықтан, екінші адамның ықпалы зор болған сияқты, - дейді ғалым Ә. Сарай (106, 124).

Жоғарыда айттылғанмен, осы арада Хасан би мен Әлшағыр би тұсындағы ноғайлардағы билік таласын бір шолып өтсек артықтық етпес.

Ноғайлардың әскери қосынын басқарған Мұсаханның үлкен ұлы Әлшағыр Ноғай Ордасының белгілі тұлғасына жатады. Алайда, ол ноғай эпостарына кейіпкер бола алмады, «Кобыланды батыр» дастаудың жағымсыз тұлға ретінде жырланады. Асылы, оның іс-қимылдары ноғайларда онша құпталада қоймаған.

Хасан билік құрған 1506-1508 жылдар аралығында орыс княздығынан «Асан биге» деген қатынас құжаттар келіп, хатқа атын жазғаннан басқа елеулі ештеге тындырмай Хасан би тарих сахнасынан етті. Ол Уаққас ұрпақтарының жасы үлкен соңғы буынының бірі еді. Есесіне Уаққас немерелерінің – жас ұрпақтарының ат жалын тартып мінген дәүірі шарықтады. Арғы бабасы Едігені былай қойғанда, өз атасы Мұсадан да өжет, шетінен көкжал қасқыр десе де болғандай еді.

Билікке қол жеткізуге тырысқан Мұсаның арландары Хасанды әкемізбен бірге туған аяулы аға буын деген жоқ, атадан қалған дәулет пен атақ-данқты арқасына таңып, би ұстанымына пысқырмай, бидің сезін аяққа жанышты. Бұлардың арасынан жұлқына шыққан арыстардың бірі Әлшағыр билікпен арбасты. Ол 1507 жылы Хасанға Москва княздығынан арнайы тапсырмамен келген орыс елшілігін Сарайшықтағы биге жолықтырмай кері қайтарғаны мәлім. Биліктен айырылу оңай шаруа емес, Хасан Сібір хандығына шағынып, Аққұрт сұлтанды ноғайларға хан сайлап, өзі «Беглер бегі» болу әрекетін жасап көрді. Бұл бидің қателігі еді. Ноғайлар төре ұландарына, яғни Шыңғыс хан ұрпақтарына бұрынғыша тәуелді болуды қаламады. Бұндай қадамды қолдамаған ноғайлар өре түрегеліп, Хасан биді Аққұрт сұлтанмен қоса көзін құртып тынды. Міне, осыдан ел билеуге қатысты қолынан іс келетін бөрілердің бір кезде тарих сахнасына шығуы да жүртқа қауіпті құбылысқа саналады. Ноғайлардың жас буын мырзалары шетінен айрықша қабілетті тұлғалар еді. Олар Ноғай Ордасының іргесін нықтап, өздері де абырой-атакқа бөленді. Бірақ олар біраз нәрсені де күйретті. Бұлардың бәрі де Мұса ханының тұқымдары, атап көрсетсек: Шейх-Мұхаммед (Шағым),

Шейх-Мамай, Қажы-Мұхаммед (Қосым), Дос-Мұхаммед (Досым), Жүсіп, Исмайыл. Бұлардың бәрі Сібір ханы Ибактың (Ибрагимнің) қызы Хандазадан туғандар. Екінші тобы, бұлар да, Мұса ханның ұрпақтары: Әлшағыр, Сейдақ (Сейд Ахмет), Тотай, Сұлтанай, Жауғашты, батыр мамай. Мұсаның інісі Жаңбыршы ұлдары Орақ батыр, Алаш, Ағыс, Көгістер де атадан артық туған, ешкімге бас имеген, нағыз жаужүректер. Аталған мырзалардың бәрі де Ноғай Ордасының тізгінің ұстауға лайықты тұлғалар. Хасан биден кейін Ноғай Ордасының билігі кімге тимекші деген ойлар да оларды мазаламай қоймады.

Ата-баба салты бойынша әрі жасы үлкен, әрі бәйбіше баласы Шейх-Мұхаммедтің (Шағымның) би болуы орынды болмақ. Бірақ ол не батырлығымен, не көсемдігімен көзге түсе қоймаған тұлға, Мұсаның кекжалдарының ойынан шыға қоймады. Буы бұрқыраған таластың бірінде Әлшағыр би сайланып кетті. Хандаза бәйбі sheden туған ұландар «ата салты» бұзылды деп, Әлшағырдың би сайланғанын жөнсіздік таныды. Әлшағырдың емшектес інілері Сейд Ахмет (Сейдақ) пен батыр Мамай да бұл шешімді қолдамайтындарын анық білдірді. Ал Жаңбыршы ұландары Орақ батыр, Алаш, Ағыс, Көгістер ашық қарсы шықпағанмен, Әлшағырдың билігін мойындағысы келе қоймады.

1508 жылы 7 тамызда Москва княздығына Ноғай Ордасынан елшілер келіп, Әлшағырдың би болғанын оның адамы Бәйбек ұлы князға жария етті. Аталмыш елшілікпен бірге Сейд-Ахмед, Мамай, Қосым мырзалар мен Аққұрт сұлтанның ұлы Ақдәuletтөн де адамдар келіп, князға достық қарым-қатынас сенімхаттарын табыс етті (106, 125-126; 390, 47-48).

Орданың бас биғанда емес, мырзалардан да елшілік келуі – бұрыннан қалыптасқан жөн-жосық және ноғайлар үшін оның тұрмыс-тіршілік маңызы да аз болмаған секілді. Олай дейтініміз, Орыс княздығы, әсіресе Москва базары ноғайлардың негізгі күнкөріс көзі. Орыстың атты әскері ноғай жылқыларынан таңдалғандықтан, мемлекет қаржысына көтерме бағамен сатып алынатын-ды. Аймақтық княздар да жасақ аттарына ноғай жылқысын қолданатын. Осынау жылқыға сұраныстар елшілер арқылы алдын ала жүргізіледі. Ноғай мырзалары сауданың тиімді бұл түрінен бас тарта қоймайтын еді. Орыс княздығы Ноғай Ордасының билері мен мырзаларына әлі де алым-салық төлеп тұратын-ды. Әңгіме етіп отырған мезетте бұл салықтың түрі «пошлина», ал кейінгі жылдары сый-сияпат немесе «поминка» деп аталды. Бұл негізінен орыс княздарының достық ниетін көрсетіп, елші жіберген мырзаларға арнайы жіберілетін сыйлық. Ал Ноғай Ордасында ыдырау сатысы басталған кезеңде, бұл сый-сияпат жалақы (жалованье) деп аталды да, орыс дипломатиясы оны ноғайларға ықпал етудің бір құралы ретінде карастырды.

Ногай Ордасындағы ішкі саяси жағдайдың XVI ғасырдың бастапқы жылдарында тіпті шиеленісе түскені де осы жерде айтылмақшы.

Әлшағырға қарсы жақтағы ногай мырзалары көп ұзатпай 1508 жылдың күзіне қарай «ата салтының бұзылуына жол бермейміз» дегенді желеу етіп, Ханзада бәйбішеден туған ұлдардың бірі Шағымды (Шейх-Мұхаммед) ногайларға би сайлап алды.

Осыдан ногайлар ішінде араздық өрті тіпті өршип кетті. Жаужүрек батырлар, шетінен өжет, кайраттары тасқын судай бұркыраған жас мырзалар әкелері дүниеден өтіп, ногайлардың жүгенін колға алуға тырысқанын сылтау қылып, айналасына тынымсыз шауып, еліне тынышсыздық әкелді. Мұсаханның екі әйелінен туған үйелмелі-сүйелмелі ұлдары бақталасты наизаның ұшы, білектің күшімен шешетін жағдайға дейін барды. Бұл екі жакка да абырой әпермейтіні, акыры бармак шайнаған опыкпен тынатыны анық еді. Бұдан кейін кайтадан би таңдау, би сайлауы өтері айдан анық. Елдің ынтасты мен мырзалардың абырой-атағы да сынаққа ілігетіні белгілі болды.

Жанбыршы ұлдарының арасында Орак беделді әрі атағы дүріллеген батыр болғанымен, Ағыстан асып кете алмайтын тұтын. Жанбыршы жұрты оның айтканын екі етпейтін. Ал Ағыс болса Алтын Орданың соңғы сілемі Такыт елін біржолата колтығына қысып, Рұсь патшасымен бірлесіп, енді Кажы Тарханға көз алартып отырған Қырым хандығынан есе кайтаруға құлышты еді.

Бұның ногайлардың көкейінен шықканы соншалық – калың жүрт мырзалар бастаған айғайға косыла шапты. Колбасында Әлшағырмен бірге туған емшектес інісі Сейд Ахмед (Сейдак), ногайлардың 40 мырзасы бұл әрекетке құлышының ұрып, айбарын біріктірді. Осынау жорыкты Кажы Тархан ханы Әбді ал-Керім де күптап, әскерін жасактады (390, 48-50; 106, 126).

Қырымдағы мұсылман кауымына дінбасы Баба-Шейх Москваниң ұлы князы III Василийте 1509 жылы 12-қыркүйекте жолдаған катынас қағазында: «Ағыс мырза біздін патшаны адамға санамайды» деген әнгіменің ұшын көрсетеді. Асылы, ногайларға атой салып, ұрандаған кезде Қырым хандарының шықкан тегіне ғайбат сөздер айтылса керек. Мұндай атыс-шабыстың немен тынғаны жоғарыда айтылған-ды.

...Мұсаның жасы үлкен ұлдарының бірі Шағым (Шейх-Мұхаммед) жаратылысынан жаугершілікті сүймеген, Құдай жолын місі тұқсан мөмін адам еді. Ағайындарының колдауымен маңғыттарға би сайланған соңда, біреуте әлімжеттік қылатын мінез көрсете коймады. Ол ешкімге орынсыз тиіспей, адудын мінезі бар інісі Әлшағырдан қашықтау бейбіт-

тыныш көшіп жүргенінен Қажы Тархан ханы Жәнібек өзінен-өзі күдік алды. Бұны неліктен Қырым хандығы шауып алмады? Ел-жұртынан айырылып, азып-тозып жүрген Ахмет ханның балаларымен неге жақындаспайды? Қайтсе де Шағым бидің Қажы Тархан шекарасында отырғанынан секемденді.

Жәнібек хан 1514 жылдың жазында Шағым ұлысын косып алуға ұсыныс жасап, Ноғай Ордасының жүгенін ұстаған мырзалар Әлшағыр би мен оның ұлы Кел Мұхаммедке, Сейдақ пен Мамай батырға елші жасақтап жөнелтеді.

Шыңғыс хан тұқымы, төре әuletі өзара билікталасында, экелі-балалы, ағалы-інілі бірінің қанын бірі судай ағызатын дәстүрлі жауыздыкты Қажы Тархан ханы да есінде ұстаған секілді. Шыңғыс әuletінде тек кана ана қанын төкпеген. Осыдан ноғайлар аралас-коралас жүргенмен, төре тұқымының билік жолындағы бір-біріне деген катал қылыштарын іштей қолдамаса керек. Ноғай билері мен бектері «бұл қалай болар екен» деген пайымды ұстанып, бір-біріне ақыл-кенес жолдап, тиянакты шешімге келе алмай, бастары даңға түседі.

Бұндай ахуалды Қажы Тархан билеушісі Жәнібек өзінше түсінді: тақтан түсіп, ел-жұртынан айырылған немере ағайындары – Ахмед ханның ұлдары Мұзаффар мен Хажыкенің аз ғана әскерін косып алып, бейғам жаткан Шағым ауылын бір түнде шауып алады. Қамсыз отырған Шағым би 20 адаммен қашып құтылды, ал оның 10 мын түтіні бар жұртын Жәнібек хан бастаған үш ағайын өзара бөліске салды.

Ноғайлы жұртынан Шағым биді шабуға Қажы Тарханға косылыс білдірген жалғыз ғана Әлшағыр мырза еді. Ол жасағымен артынып-тартынып Қажы Тарханға жеткенде, Жәнібек ханның Шағым ауылына аттанып кеткенін естиді. Сәл кешікпей Шағым ордасының ойрандалғаны жөнінде хабар да жетті. Қала жанында сакадай сай тұрған Әлшағыр жасактары женіспен оралған Жәнібек ханның алдын орап, «мен-сен» деп, егесіп калды. Әлшағыр осы арада Ахмед ұлдарына тиісті үлесті өзіне беруді талап етті. Хан ондай әрекетке барғысы келмеді.

Сапары сәтсіздікпен аякталған Әлшағыр бас ашуы ішінде Сарайшықка кайтып оралады. Кешікпей ел-жұртын Қажы Тархан ханына тонаткан Шағым би де Сарайшықка жетіп, бассауга сұрап, Әлшағырдың аяғына жығылады. Інісінің ракымшылығы түспей, Әлшағыр



Астрахан (Қажы Тархан) каласының сыртқы бейнесі. XVI ғ.

оны зынданға қаматады. Мұны көзімен көріп отырған Мамай батыр 50 жасағымен келіп, күшпен ағасы Шейх-Мұхаммедті зынданнан босатып, өзімен бірге ілестіріп алып кетеді. Ноғай Ордасының шекара әскерінің бәрі түгел қолында, қарулы күштің жетекшісі, әрі Орданың белгілі «нұрадыны» шапшаң мінезді, кесек қымылды Мамай батырға әзіл-аяң жүрмейтін тұғын. Кеше ғана он мың тұтіні бар жұртын пышақ үсті бөлісіп алған Ахмед ханның ұлдарды мен Шағым биді Терек өзені аңғарындағы Төмен жазығына шақыртып, елін ағасына қайтартқызып береді. Шағым би Ахмед ұлы Хажыкені хан көтеріп, өзі беклербек атағын иеленді. Екеуі бірлесіп Ахмед хан баласы Мұзффар сұлтан мен оның ұлдарының қолындағы малды қайтарып алып, өздерін Қажы Тарханға аттандырғаны тарихи құжаттарда тіркеліпті (390, 50-52; 106, 127-128).

Жасыратыны жоқ, Қажы Тархан ханы Жәнібек өзінің қастасы Шағымның аяқ астында қүшейіп кеткенінен секем алып, оның қырымдықтармен тіл табысуынан қорықты. Ол тағы да ноғайларға ат шаптырды. 1515 жылдың ақпан айында Әлшағыр Каспийдің көк тайғақ мұзымен ат тағалап өтіп, Қажы Тарханиан бір-ақ шықты. Ол жаңадан ірге көтерген Шағым мырзаның ұлысына аттануға буыншып-түйініп келген екен. Әлшағыр мырза осы келгенінде Жәнібек ханға жалғыз ғана талап қойды: хан қолтығына үйелесіп, Қажы Тарханды паналап отырған Мұзффар сұлтанның және оның ұлдарының мал-мұлқін тартып алып, өздерін қаладан шығарып жіберуді ұсынды. Жәнібек ол талапты орындаі алмайтынын айтады. Мұның арты өзін балағаттап сөккен Әлшағырмен араздасуға әкелген. Ашуға мінген Әлшағыр жасақтарымен атқа қонып, шаңарды құндіз-түні қоршауға алды. Құн көзі қырау, қақаған сұықта қамалды ұзак қоршап тұра алмай, тағы да түк бітірмей Әлшағыр Сарайшыққа оралады.

Қажы Тархан ханы Жәнібек Әлшағырмен пәтуаға келмейтініне көзі жетіп, енді Хажыкемен, Шағыммен жақындасуды қолға алды. Құні кеше ғана жауласып, бірін-бірі қуғынға ұшыратқан қарсыластардың қалай бүгін достасқандары түсініксіз. Осыдан сәл уақыт өткенде Шағым мырзаны Қажы Тархан ханы жаңынан көреміз. Дүшпандықтың елегінен өткен екі ұлыстың бір шаңырақ астынан көрінуі Қырым хандығы мен Ноғай Ордасы билеушілерін алаңдатпай қоймады. 1515 жылдың 3 тамызында Қырымның жаңа ханы Мұхаммед Герейдің Москва князына жолдаған хатында жасақтарын сайладап, Жәнібек хан мен Шағымға аттанғанын, бірақ олардың Еділдің шығыс жақ бетіне өтіп кетіп, Доннан кері қайтуға мәжбүр болғаны айтылыпты.

Жәнібек пен Шағым мырзаның Еділ-Жайық арасында көшіп-қонуы ноғайларды әбігерге түсірді. 1515 жылдың күзді мен 1516 жылдың кектемі

бастала ағайынды екі арыс Әлшағыр мен Шағым арасында қантөгіс соғыстың оты қайта жанды. Мұсаның екі әйелінен туған екі тетелес ұлдың қалың әскермен қашан, қай жерде бетпе-бет келгені туралы анық дерек тарих берінен көрінбейді. Тек, Қырым хандығының мәліметінде, «Шағым мен Әлшағыр соғысты» деген елеусіздеу хабар түскен.

Русь патшасының Елшілік бүйрекінде 1516 жылғы 10 сәуірдегі реєсми мағлұматтарына қарағанда, Әлшағырдың жанындағы інілері Сейд Ахмед (Сейдақ), Жанмұхаммед, Шейх-Мамай, Әлшағырұлы Орақ, Сейд Ахмед ұлдары Кел Мұхаммед, Жаугашты, небәрі 100 қаралы адам бол, ұлыстарынан айырылып, өздеріне пана іздел, Қырымға қашып келгені анықталады (390, 53-54). Қырым ханы Мұхаммед Герей езінің елшісі Дәүлеткелді Барлышев арқылы 1516 жылғы 22 сәуірде жолдаған хатында Москва князына: «Әлшағыр мен Сейдақ мырзалар бас болып, ногайлардың 12 мырзасы аяғыма жығылып, құлдық кіріптарлық жағдайға ұшырады» дег шабыттана баяндапты. Осы құжаттың бір жерінде мына сөздер жазылыпты: қырымдық Аппақ би мен Әлшағыр би жолдауынан байқалатыны, Әлшағырдың Шағымнан оңбай женіліп, қашып құттылғаны, оның 30 мың үйлі ұлысы Ноғай Ордасында отырғаны... Орда тыныштығын іздеғен Шағым мырзаның Әлшағырмен татуластыр дег Қырым ханы Мұхаммед Герейге адам жібергені, сөйтіп, Әлшағыр мен басқа мырзалардың ұлыстарына оралуына қолдау көрсеткені... (390, 53-56).

Қырым хандығына келген Шағым елшісінің әрекеттерінің қайсысы шын, қайсысы жалған екенін қазір бізге ажырату қын. Десек те, Шағым мырзаның Қырым ханының қарындасын алғып, ал ханның ұлы Әліп Герейге өз қызын беріп, құдандалы жеккет болуға құлшыныс танытқаны белгілі. Мұнымен қатар Әлшағыр мен Шағым арасында пәлендей үлкен келіспеушілік болмағанын, олардың ортасына от салып жүрген Қажы Тархан ханы Жәнібек екенін Қырымға барған елшілер байқаған-ды. Әлшағырдың қаласа өз жүртінда, қаламаса Еділ мен Днепр аралығына қоныстануына Қырым ханы келісім береді. Мұнан кейін Қырым ханы Мұхаммед Герей Москва князына «не себеп болғанын білмеймін, Әлшағыр менен қашып кетті» дег мәлімет түсіргенін қаперіне алған зерттеуші В.В. Трепавлов: «сыртынан келіссөз жүргізіліп жатқанынан қорқып», Әлшағыр ногайларға қашты дегенді аузына алады (33, 154; 106, 130; 353, 291-311). Сырт көзге қашақтар болып көрінгенмен, шындығында, ногайлардың мырзасы (би) Әлшағыр сәті түскенді пайдаланып, өз жүрті Шырын, Барын, Арғын және Қыпшақ ұлыстарына оралған. Бұған қарағанда өзінен женіліс тауып қашқан ағасы Әлшағырға інісі Шейх-Мұхаммед кешіріммен қарап, ұлысына оралуына кедергі

жасамаған тәрізді. Бұл мәселеде, ақыл тоқтатқан Шағым Ноғай Ордасына сырттан көз тіккен дүшпандарын да ескерді ме екен, әлде көрегендікпен Ноғай Ордасының біртұастығын қалады ма екен? Расында, бұл кезде шығыстағы Қазақ хандығы күшейіп, ат-арбасымен бес қаруын сайлап, есік қағып тұрған-ды. Өйткені, Сарайшық – Алтын Орданың «сол қанаттының» қадым заманнан астанасы болғаны белгілі. Осыдан қазақ хандары Сарайшықты өз қаласы санап, оны иеленген Ноғай Ордасын өз жұрты санады. Қазақ хандығының шанырағын көтеріп, уығын шанышқан Керей мен Жәнібек, бірі хандықтың шығыс бетін билесе, бірі батыс жағын басқарып, кейбір жылдары Сарайшықты қыстап та жүрді. Керей хан дүниеден озып, Қазақ хандығының тізгінін түгелдей қолына алған Кіші Жәнібек Еділ-Жайық арнасына қоныс аударып, елжұртын көшіріп әкелген-ді. Одан кейінгі Керейдің мұрагері Мұрындық хан да Сарайшықты екі астананың біріне санап, көшіп-қонатын негізгі қамалдарының бірі қылды. Ал Жәнібектің ұлы Қасым болса Ноғай Ордасын өзіне қосып алуды армандағы, онысы сәтсіз де болған жок.

Тарихи күжаттарға көз тіксең, қазактардың алғашқы жорығы сонау Мұрындық ханының тұсында-ақ 1508 жылы басталса керек, жаңа би сайланған Әлшағыр Мұсағұлы Еділден Жемге дейін барып, қазактардың алғаш бетіне тосқауыл қойып қайтқаны да мәлім. Бірақ Қасым хан тұсында қазактардың шапқыншылығы күшейіп, тегеурінді дүрбеленге ұласты. Ноғай Ордасы мен Қажы Тархан хандығының мәліметтеріне қарағанда, Қасымның «шанды жорығы» 1519 жылдың көктемінде басталған.

Ноғай Ордасындағы тегеурінді қарсылықты ұйымдастырушылардың басында Орданың Шығыс жағын билеген Шағым (Шейх-Мұхаммед) мырзаның тұрғаны ешқандай дәлелдеуді қажет етпейді. Алайда мағлұматтардың тапшылығынан ноғай-қазақ қатынасын жан-жақты баяндау мүмкін болмай отыр. Бұрынғы ноғай ұлыстарының Сыр бойын емін-еркін жайлап жүргенін қаперімізде ұстасақ, жер көлемі Жем өзені, Мұғалжары тауы арқылы Батыс Сібір хандығымен шектесетін. Ал тәменгі Сыр, Торғай, Ырғыз өзендері аймағы Шыңғыс ұрпағы Шайбандардың иеленген жеріне жататын.

Алдымен осы иеліктерді Қазақ хандығына қосып алған Қасым хан Ноғай Ордасының шегі Жемге таяп келіп, сұс көрсетті. Бастапқы шайқас осы Жем-Темір төнірегінде өтті деп пайымдау дұрыс болмак. Ноғай-қазақ қарым-қатынасын терең зерттеп жүрген қазактың көрнекті галымы Амантай Исин Қадырғали Жалайырдың шежіресіне сүйене отырып, «ноғайлармен соғыста» Қасым ханының туысы Үсек ханының ұлы Болат сұлтан ұлдарымен шәйит болғанын, Шағым мырзаның Жәдік

ханды бір баласымен Жылантөбеде өлтіргені туралы деректерін алға тартады (391, 52-114). Олай болса, ноғай-қазақ соғысының кең көлемде өрбігеніне көз жеткіземіз.

Жем бойында жеңіліске ұшыраған ноғай әскері Жайыққа шегініп, өзеннің екі бетін корғанысқа айналдырған тәрізді. 1519 жылдың маусым айында Қырымға әскери көмек сұрап Шағым мырзаның елшісі келгені тарихнамадан белгілі. Қырым ханы тайсактаپ, қолдап көмек беруден бас тартады. Оның берген үәдесі: Қазактарды токтатуға күші жетпесе, Еділдің батыс жағына өтіп, Дон мен Днепр аралығын қоныс қылуға қарсылығым жоқ деген уәжі.

Жем шайқасында ойсырай жеңілген ноғайлар Қасым ханның 300 мың жасағына қарсы тұра алмайтынына көздерін жеткізеді. Жайық өзені де қорған бола алмады. Қасым хан карулы күшпен Сарайшықты басып алғаннан кейін, Ноғай ұлыстарын да жайғастыруға кіріседі. Бірсыныра ноғай мырзалары Қазақ хандығының қарауына көшіп, тұрмыс-тіршілігін ыңғайластыруды ойластырыды.

Қасым ханды мойындамаған Шағым, Әлшағыр, Сейдақ, Жан Мұхаммед мырзалар еді. Олар Еділден өтіп, Қырым хандығына бағынуға мәжбүрленді. Қажы Тархан ханы Жәнібек болса, өткелдерді жауып, ноғай жолдарына тосқауыл қоюға жұмыстанды. Неше түрлі орынсыз талаптар қойып, баж салығын барынша көп алуға бағыт ұстағаны ноғайлардың жаңына мейлінше батты. Жылқы, сиырлар Еділді жалдап өткенмен, түйе, қой-ешкі малдары, адамдар мен үй-мұліктегі салменғана өткізілетін. Еділдің ұзына бойындағы бірнеше жерден өткізілетін салдар Жәнібек ханның құзырында болатын-ды.

Қажы Тархан билеушісі Жәнібектің шектен шыққан өктемдігі Шағым мырзаның ызасын тудырды. Ол ағысы қатты өзеннен өтіп алған соң қалың жасағымен Қажы Тарханға бас салды. Қала іргесіндегі үлкен шайқастың бірінде мырза ерлікпен каза тапты. Ағасына көмекке жетіп үлгерген Сейд Ахмед (Сейдақ) мырза хандықтың шаңын аспаннан шығарды. Ол Жәнібектің немере туысы Мұзффарға қосып жеті сұлтанның жаңын жәннатқа аттандырды. Жәнібектің өзі қаланың ішкі корғанын паналап, бас сауғалады. Сөйтіп, ноғай жасақтары Қажы Тарханды түгел талқандап, мал-мұлкін тонап алды. Әрі қарай Қырым хандығына жетті. Оқиғаны Елшілік бүйріғы 1521 жылы 22 сәуірде тіркепті. Соған қарағанда, Шағым мырзаның өлімі 1521 жылдың басында болған секілді (390, 60).

Осы тұста Жемнен Еділге, Каспий теңізі жағалауынан Қазан хандығына дейінгі кең аймақ Қазақ хандығының құрамына өтті. Сарайшық хандықтың астанасына айналды. Бірақ Қасымның да өмірі ұзакқа барма-

ды. 1521 жылы Қасым хан өз ажалынан қайтыс болып, экесі Жәнібектің жанына Сарайшыққа жерленген. Қасым ханның қазасынан кейін жаңа қоныс қазақтарға да құт әкелмеді, хандықтың басынан бағы тая бастады.

Аталмыш Елшілік кітабында (1521 жылдың 10 мамырымен таңба-ланған құжат): «Қазақ ханы Қасым осы қыста өмірден озды. Оның екі сұлтаны таққа таласып, құш сынасуда, бірақ хандыққа әлі ешкім отырған жоқ» деп жазылыпты (390, 61; 106, 131).

Дәлірек айтсақ, екі сұлтанның тақ таласы Кіші Жәнібек ханнан шыққан Қасымұлы Мамаш пен Әдік сұлтанның баласы Таңир арасында болған тәрізді. Бұл теке тірес ұзаққа созылып, ақыр сонында Мамаштың жеңісімен аякталады. Бірақ оның билігі ұзаққа созылмады. «Тарих-и Рашидидің» авторы мырза Мұхаммед Хайдар Дулати: Мамаш хан шайқастардың бірінде тұншықпа ауруынан өледі. Одан кейін Әдік сұлтанның ұлы Таңир хан тағына отырады. Ол қатыгез билеуші болыпты, қаталдығы өз шегінен шыққан соң, елі (саны төрт жұз мың адам бола тұра) одан безіп, жан-жаққа бытырап кетеді. Ханның қарабасы қырғыздардың арасында жалғыз қалды, мүшкіл жағдайда қаза тапты, - деп тарихшы сол кездегі Қазақ хандығының ахуалынан хабар беріп, хандықтың басына түскен қара бұлтты қабырғасы қайыса суреттейді (46, 222; 45, 306).

Енді бірер сөз «Қобыланды батыр» эпосындағы Қобыландының басты қарсыласы болып жырланатын Әлшағыр – ногайлардың Әлшағыры Мұсаханның ұлы туралы. Эпосқа сүйеніп, Қобыланды мен Әлшағыр бір заманың түлектері деп пайымдалып жүр. Ал шындыққа иек артсақ, Қобыланды XV ғасырда жасаған, шайбан Әбу-л-Хайыр ханның замандасы яғни Қобыланды батыр Әлшағырдан жарты ғасыр бұрын өмір сүрген тарихи тұлға.



Ногай аулындағы бір күн.  
Ортагасырлық сурет.

Алтын Орда ханы Кіші Жәнібектің тұсында Египетке елші басқарып барытын Қара Батыр, Ақсақ Темірдің жетелермен соғысатын шайқасына қатысатын Қараншы Батыр, Ұрыс ханның тағын қорғап, Тоқтамысты жаралы етіп, аттан құлататын Қаран Батыр, ақыры Тоқтамыс сұлтанның жағына шығып, оны Сығанақ тағына отырғызған Қараншы Батыр, Тоқтамыс Алтын Ордаға хан болғанда өзімен бірге ілестіріп әкетіп би қоятын Қара Батыр – бәрі бір адам, Қара қыпшақ Қобыланды батыр деп түсінген жөн,

дейді көрнекті қазақ жазушысы Ә. Сарай (106, 132-133). Зерттеуші Қобыландымен бірге Байтаққа қара қыпшақтардың біразы ілесіп келсе керек деген тұжырымын ұсынады. Қобыландының ел ауызында көп тараған лақап аты Қара Батыр, Қараншы Батыр, оның төл жүртінің Қара Қыпшақ аталуы соған байланысты болса керек деп әдеби шығармаларда жазылыпты.

Қысқасын айтқанда, Қобыланды батыр заманынан Байтаққа орнығып қалған Қара қыпшақтардың ұлысын Әлшағыр би Мұсаұлы Ноғай Орда-сынан аластаяға тырысқан тәрізді.

Ноғайлардың эпосындағы:

*Қазақ пен Ноғай айырылды,  
Қазақ сыртқа қайырылды.  
Ноғайлардың ну елі  
Күңіренді, қайғырды.  
Қара қыпшақ Қобыланды  
Қара орнынан айырылды,  
Ел қанаты қайырылды.  
Зор күн туды, зор кундер,  
Кетті құлқі мол құндер,  
Келе ме қайтып сол күндер!?  
Жылау, жылау, жылау күй,  
Жылаган зарлы мынау күй* (106, 462; 394, 349)

деген жыр шумақтары осы кезеңге байланысты шыққан. Мұндағы «Қобыланды» атауы ауызекі жырларда қайталана беретіні белгілі жағдай.

Сыпира жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпосында Токтамыстың өзі қолдаған Қобыландыдай батырынан айырылғаны, ноғайлардың қалың жүртін тастап шыққаны былай айтылған екен:

*Сап-сан жүре, сап жүре,  
Сай азамат қосылып.  
Жауды жайлай ала алман,  
Қара қапшақ Қобыландым,  
Сен секілді ерден соң...* (106, 452-462)

Басқа бір деректе кезігетін, Сыпира жырауға таңылып жүрген жыр жолдарында да жоғарыдағы пікірлерге үндес сөздер ұшырайды:

*Отыруши едік жайласып,  
Шалғынаға бие байласып,  
Құлын-тайдай ойнасып,  
Иіндесіп, сырласып,*

*Асылдан саба толтырып,  
Әзелде қымыз іше алман,  
Ногайлының ауыр жұрт –  
Сен секілді елден соң...,*

деп келеді (131, 220-221).

Бұлардың бәрін тәптіштеп келтіргендегі Әлшағыр би тұсында ел ішіне іріткі кіріп, айтыс-тартыс басталғанына қуәлік етеміз. Ноғайлардың бүлінуіне Әлшағырдың ел басқару қарекетіндегі төзімсіз шолақ саясаты себеп болғаны сөзсіз. Бұл мәселедегі келеңсіздікті ноғай жыраулары тілге тиек етіп, эпостарына косып отырған. Сондықтан эпоста Әлшағырды әрдайым жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген. Ресей тарихшысы В.В.Трепавловтың пайымдауынша, ноғайлардың би Әлшағыр қазақтармен болған бір соғыста 1530 жылдары қайтыс болған (33, 201-219).

Оның алдында, 1524 жылы Ағыс өліп, Ноғай ұлысының тізгіні Мамай батырдың қолына көшкен тұғын. Бірақ Мамай өзі ұлысында би болуды қалаған жоқ. Сондықтан ол Русь патшасының құжаттарында «би орнындағы Мамай» деп қана көрсетіліп келген. Ноғай мырзаларына лауазым дәрежелеріне қарай жылма-жыл сый-сияпат жіберіп тұрған Москвандың ұлы князы ноғайлардың ішкі жағдайын бес саусақтай білетін еді. Мамайдың би сайлануға таласпай, «би орнындаған жүргені» Орданың шығыс бетіндегі қазақтардың қалың жұртымен болып жатқан әрлі-берлі оқиғаларға араласуына мүмкіндік берді. Үш арықса ыдырап кеткен Қазак хандығының келте хандары тегеуінді қарсылық көрсете алмаса да, жанжақтарына жиі жорықтарға шығып бақтарын сынап жүрді. Әсіресе, Жәдік сұлтанның Тоғым бастаған «тоғыз сарысы» бұл істе табандылықпен күрескенмен, тағдырдың жазуымен бастарын ерте жұтқызды.

Ноғайлардың барлық мырзалары осы шығыс майданына қатысты десек артық кеткендік болмас. Ноғайлардың жасақтарына Мұса ұландарының Мамайдан кейінгі үлкені Сейд Ахмед (Сейдақ) басшылық етті. Құрылтай шақырып, би сайлауға мұрша болмағандықтан, жасы үлғайған Мамай батыр күресті ұйымдастыруды Сейдаққа тапсырған шығар. Әйтеуір, қазақтарды Моғолстан шекарасына қарай ысырып, женіспен оралған Сейд Ахмедтің абырай-атағы ноғайлар арасында Мамайдан басым тұскені байқалады.

Жазғы құрылтайлардың бірінде Сейдақ Ноғай Ордасына халық арасынан би сайланды. Оның би сайланғаны туралы нақты дерек болмағанмен, 1532 жылы деп айтылатыны жоғарыда баяндалды. Қалай десек те, оның 1533 жылдан бастап Москвандың ұлы князымен елші алмастырып, тығыз қарым-қатынас жасағаны орыс құжаттарында мұқият

хатталғаны тарихшы В.В. Трепавловтың еңбегінде жан-жақты көрініс тапты (33, 186-187).

Сейд Ахмед тұсы ноғайлардың барынша дәуірлеген кезі. Ноғай Ордасының шығыс бетіндегі – Қазақ хандығының орталығы мен батысы, башқұрттардың және онтүстік-батыс Ібір-Сібір жерлерінде Шейх-Мамайға қарасты ұлыстар жайғасты. Бұл аймақта Жаңбыршының ұрпақтары да қоныс тепті. Ноғайлардың батысындағы тобы Еділдің бойын жайлады. Бұндағы ұлыстар Мамай батырдың қарамағында тыныш өмір сурді.

Мамай ұлыстарының ішінде атақты мырзалар қатарына саналатын Қажы Мұхаммед (Қосым) Мұсағұлы, Әлшағырдың ауыздары алты қарыс ұлдары Кел Мұхаммед пен Орақ батыр. Батыс топтың Мамай батыр бастаған мырзалары Сейд Ахмед биге бағына қойғысы келмей, өздерінше тұрмыс-тіршілік құрып, орыстар шекарасында тұратын мешерлерге жиі шабуылдайтын, кейде, тіпті, Еділдің он жақ жағасына өтіп, орыстардың да мазасын алып тұрды. Оларға қарсы тұруды орыс патшасы қырымдықтарға тапсырып, өз басын сауға салмай сырттай бақылап отыратын. Эсіреле, ноғайлардың күш-қайраты тасыған жас батыры Орақ ешкімге десте бермей әлсін-әлсін орыстарға тиіспіл қоятын-ды. Зықылары шыққан орыс княздары Ноғай Ордасының батыс жақтағы беделді мырзаларымен тіл табысуға тырысты. Орақ батырмен қатар бұлардың басықасында Мұсаның ұлы Исмайыл, Қырымнан Ноғай Ордасына қоныс аударған жас, албырт және қайраты тау суындағы тасыған Бақи мырза да (бұл Едігенің ұлы Мансұр бидің шөбересі) болды. Аталған мырзалар Орыс пен Қазан хандығының шекарасына жақын қонып, орыстармен сауда-саттық ісін дамытуды ойластырган іспетті. Дәстүрлі орыс базары 1530 жылдардың ортасында ноғайлардың мындаған жылқыларын сатып алатын бірден-бір тоқшылық көзі еді. Сондықтан, батыс жақ беттегі ноғай мырзалары Сейдақ бимен ақылласпай-ақ сауда-саттық қарекеттерін өздері атқаруға тырысып, Ордадан оқшаулау тәуелсіз өмір кешеніне бағыт ұстады. Осы кезеңдері батыс ноғай ұлысына Мамайдың орнына билікке келген Қажы Мұхаммед (Қосым) те, одан кейінгі Орда біi Исмайыл мырза да орыс патшасымен қарым-қатынасты барынша дамытуға жұмыстанды. Мұсаның кенже ұлдарының бірі Исмайыл мырза Ноғай Ордасының атақты биі әрі батыры Шейх-Мамайдың өзіне де, оның ұлдарына да бағынғысы келмейтін райын байқатты (312, 91-237).

Осы тұста Қажы Тархан хандығы да Еділдің теңізге құяр сағасындағы Бозаннан, шөбі шүйгін құнарлы аралдарынан айырылды. 1535 жылғы мамыр айында Сейд Ахмед бидің бес жасар Қаңарлы Иванға жіберген

хатында: «Темір Құтлық ханның балалары бүкіл отбасы-отанымен бізге бас иді. Қазақ ханы Қожа Ахмед 15 ұланымен менің қолымда отыр» деп мәлімдеуі шындыққа саяды (390, 69). Осы хабарында Сейдақ өзіне қосылған қазактардың санын үш жұз мың деп көрсеткен. Қырым хандығы да ноғайлардан қалтырап-дірілдеп отырганын, қазандықтар да олардан қаймығатынын аузына алады. Сейдақ Бұқара хандығы мен Ташкентке елші жұмсақ, оның ақыры құдандалы-жекжаттыққа ұласып, Бұқара ханының мұрагері Кестенқараға өзінің қызын беретінін айтыпты (390, 73).

Сейдақ бидін кеменгерлігі Ноғай Ордасын басқару жүйесін реформалаудан басталыпты. Ресейдің белгілі тарихшысы Вадим Трепавлов 1537 жылмен таңбаланған құжатқа сүйеніп, оның: «Қазір мен хан орнындамын, Шейх-Мамай қалға, ал би орнында Қошым...» деп көрсетуіне орай, Сейд Ахмедтің басқару жүйесін нақтылауы сол жылы өткен құрылтайдың шешімімен бекітілген болса керек деп есептейді. 1535 жылғы реформада ноғайларда бұрын-сонды болмаған «қара дуан» лауазымының дүниеге келуі және осы адамның елшілікті бастап Москваға баруы – Орданың басқару жүйесінің тиянақталғанына көз жеткізгендей (390, 58; 106, 146). Осындағы «хан орны», «би орны» тіркестері Шыңғыс хан заманында қалыптасқан ата-баба салтына жол сілтейді. Бұрын ноғайларды би басқарып келсе, енді олар Мұса биден бастап, ханға тәуелділіктің пүшпағын кесіп, өзіндік мемлекеті бар елге еліктең, биді «хан» санады, «қалға» тәк мұрагері – екінші дәрежедегі тулға. Шынтуайтында, қалға лауазымы Қырым хандығының басқару жүйесінен алынған, хандықтың астанасын қалғаға бағынышты қылған. Әу баста бұл дәреже Мамайға арналды, бірақ ол бас тартқан соң, Шейх-Мамайға (Шейх-Мұхаммед) бүйірді. Ноғай Ордасындағы үшінші лауазым иесі «Бегілербегі» атанды, оны Қажы Мұхаммед (Қосым) иеленді. Оның орынбасары «Бегілербегі қалғасы» деп айшақталды. Бұл лауазымға Жұсіп Мұсаулының тағайындалғанын көреміз. Мұнымен қатар Орданың батыс шебін қорғаушы «нұрадын» деп ұлықталған. Бастапқыда батыс жақ беттің «нұрадыны» Мамай, «қалғасы» Орак батыр болды. Ал шығыс тарапта Шейх-Мамай иелік еткендіктен, ол «қалға» лауазымымен қоса «кейқуаттықты» да қоса атқарды.

Бұл атальмыш лауазымдық билік дәрежелері Шыңғыс хан империясының билік жүйесіне жақын болғанмен, ноғайлардың өзіндік сипаттамасы болғанын әліптейді. Мәселен, қос қанатты биліктің екі жағына Едіге бидің ұлдары Нұр әд-Дин мен Кейқуаттың аттары қойылды. Орданың екі қанатындағы ұлыстарды кезінде Едігенің осы екі ұлы басқарған-ды. Бір жағы Орданың он қанаты «нұрадин», сол қанаты «кейқуат» атал-

ды. Бұған сәйкес орнықкан дәстүр бойынша Орданың батыс жақ беті (яғни оң қанаты) биден кейінгі екінші биліктің иесіне, «нұрадин» лауазымы ноғайлардың атақ-абыройына бөлөнген Мамай батырға арналуы тегіннен-тегін емес еді. Эйтсе де, әлгіде айтылды, Мамай мырза бұл лауазымға қызықпады, содан бұл дәрежені Қажы Мұхаммед (Қосым) тұтынды. Бұған дәлел ретінде Қажы Мұхаммедтің IV Иванға жолдаған хаты, онда мырза: «Сен өзіңің көне көздерінен сұрап біл де, Нұрадин мырзаның сыйлығын енді маған беріп тұрғаның жөн», - деп жазады (312, 208). Ноғай Ордасының әуелгі кезінде ноғайлардың оң жақ бетін екі нұрадин басқарды, біріншісі – ага нұрадин оны Мамай батыр, екінші нұрадин – Қажы Мұхаммед, бұл әскербасы қызметін атқарды (305, 43-61).

Орданың шығыс беті (яғни сол қанаты) Шейх-Мамайдың билігінде еді, бұл лауазымдық дәреже «кейкуат» деп ұлықталды, кезінде бұл билік тармағы Мамайға ұсынылған тәрізді. Ол Жаңбыршы ұлы Ораз Әли мырзаның мына сөзінен байқалады: «Жұсіп би кезінде мен «кейкуат» болғанмын... Бұл қызметті бұрын Шейх-Мамай би де, Мамай мырза да атқарған еді», - дейді (312, 311). Сонымен, Ноғай Ордасының билік жүйесінде биден кейін екінші орында нұрадиндер тұрды, кейкуат лауазымы үшінші орынды иеленді. Сейд Ахмед бидің тұсында екінші орын, жасыратыны жоқ, кейкуат әрі қалға саналған Шейх-Мамайға жүктелді.

Мұндағы тағы бір билік жүйесіне көніл аудара кетейік. Ол Сарайшықтағы Ноғай Ордасының кеңесі – хандық жүйенің үлгісімен жасақталып, кеңсе басқарушысы «қарадуан», оның орынбасары «тоқадуан» аталды. Бұлар кеңседегі іс-қағаздарды жүргізуің тәртібін белгілеп, оның бірден бір орындаушысы ретінде қызмет атқарды (106, 147). Әуелден Ноғай Ордасының елбасқаруда хандық жүйеге ұмтылғанын байқаймыз. Дей тұрсақ та, ноғайлардың жоғарғы билеушісін қызмет бабында ұлықтауда бірсыныра қындықтар туса керек. Шет жүрттарға жолданған ресми қатынас қағаздардың бірінде «хан орныдағы Сейд Ахмед» делинсе, екінші біреуінде бұрынғы дәстүрмен «Би Сейд Ахмед» делинген. Ноғай Ордасы билеушісінің IV Иванға (Иван Грозный) жолданған елшілік хаттарында «тағым етем» деген сөз тіркестері жоғалып, бұрынғы Алтын Орда хандарының дәстүрімен «Би Сейд Ахмедтің жылы лебізі» деген сөздермен басталатын болды. Мұнымен бірге Сейдақ би орыс патшасына өзін «патша әрі аға» деп атауды ұсынған. Қалыптасқан дәстүр бойынша Москваниң ұлы князының елшілері Ноғай Ордасының биінің қабылдауында болғанда бас киімдерін шешпейтін, енді Сейд Ахмед би де өз елшілеріне Москваниң ұлы князының алдына барғанда бөріктерін басынан шешпеуді тапсырыс қылды.

Әуелде Орданың билік жүйесінің қанаттарына кірмейді деп саналған Башқұрт ұлыстары, кейін ноғайлардың кіріптарлығына ұшырағаның ғалым В.В. Трепавлов тілге тиек етсе (398, 3-6; 397, 3-72), башқұрттың белгілі ғалымы Р.Г. Кузеев, бара-бара олардың алым-салықты Ноғай Ордасының қос қанатындағы үш бірдей билік жүйесіне (биге, нұрадинға және кейқуатқа) төлегенін, сөйтіп, башқұрттардың жан-жақтан қыспаққа түскенін қынжыла баяндайды (399, 8).

Бастапқыда «тайбұқа» дәрежесін иемденген лауазым иесіне башқұрт және Сібір аумақтарын басқару тапсырылды. Сайып келгенде, Едіге ұрпақтарының алғашқыда үш (би – нұрадын – кейқуат), кейін төрт (би – нұрадын – кейқуат – тайбұқа) сатылы әuletтік басқару жүйесі Ноғай Ордасының соңына дейін жүргізілді. Мұндағы басты мақсат – Едіге мирасқорларының басқаруындағы елдің тұтастығын сақтап қалу еді. XVI ғасырдың соңында Сібір аумағын билігінен шығарып алған тайбұқалықтар өздерінің әuletтік құзырынан айырылады.

Бертін келе нұрадын, кейқуат, тайбұқа ұлыстарындағы халықтар бірнеше иеліктерге ұсақталып, мырзалардың дәрежелері бойынша басқаруға рулар беріліп отырды. Мұндағы тағайындаулар бидің құзырында болды. Қарамағындағы жұртын анықтау би кенесінде шешілетін. XVII ғасырдың басында әuletке жатпайтын, қара халықтан шыққан рубасылардың да саяси ықпалы күшіне түскені байқалады (400, 83-84).

Тоқ етерін айтсақ, ноғайлар ежелгі түркі-моңғолдың әдет-ғұрыптарына тән жер аумағын үш ұлысқа бөлді: Орданың сол жақ қанатын, яғни Жайық пен Жем арасын жайлаған Шейх-Мамай бауырларымен қазақтардан қорғауға міндеттенді, ал батыс беттегі шепті Қажы Мұхаммед, мамай батыр, Кел Мұхаммед пен Орақ ел-жұртын Қырым хандығынан қорғады, ал олар қайсысыр уақытта Солтүстік Кавказ жақтан келетін жауларға тосқауыл қоюшы еді. Орданың орта тұсын қоныс қылған Сейд Ахмед би Арал теңізінің жағалауынан Жайықтың жоғарғы сағасымен Орал тауының етегіне дейінгі жерлерді басқарды.

Ноғай Ордасы Сейд Ахмед бидің тұсында жүйелі билік түзген мемлекеттік бірлестікке аяқ басты. Мәселен, Орданың батыс қанатындағы ноғайлар Еділдің сол жағалауындағы Белжамин (қазіргі Қызылжар ауданының орталығы), Сарай (Астраханнан 60 шақырым, Актұба өзенінде), Сарай әл-Жәдид (Волгоградқа қарама-қарсы), Увек (Саратов қаласы), Еділдің орта тұсындағы Биляр, Бұлғар қалаларында қысталап, Каспий теңізі мен Қазан араларын қоныс қылды. Бидің өзі орталық Жайықты өрлең, Сарайшық, Теке (Орал), Байтақ (Хобда), Иман (Үфә) қалаларын қысталап, Ақ Еділдің бойын жайлады. Шығыс қанат –

Жемді бойлай жайылып, Тобылға дейін жетті. Негізгі тіректері Ор (Ор өзені), Қорған аймағы, Нұрадағы Татағай еді (400, 83-84; 106, 147-148).

Едіге бидің тұсындағы ата-баба салтымен Сейд Ахмед бидің басқаруындағы Ноғай Ордасы толысқан жылдары көбінесе Жайық бойында көшіп-қонып, Тәменгі Еділдің сол жағалауын да жайлап жүретін. Бертін келе, Ноғай Ордасының шығыс жақ бетінде жер аумағы тарылғанда, бидің Жайық жағасымен көшүі де азайды. 1561 жылы Москвадағы ұлы князға жолдаған хатында Исмайыл би: «Жайықта үш ай, Еділде тоғыз ай тұрамын» деп жазатыны бар.



Орыс-казак жасақтарының ногайлармен шайқасы. А. Орловскийдің суреті.

Заманында Едіге Жайық бойын жайлғанда, оның ұлы Нұрадын Еділді қоныстанатын болған. Сол дәстүрмен Еділ жағалауы Едіге ұлының есімімен аталған мемлекеттегі екінші жоғары дәрежелі лауазым иесі – нұрадынға тиесілі болды. Кейіуге иелігі мемлекет аумағының шығыс бөлігінде, Жем өзені бойында билік жүргізгені жоғарыда айтылды. Асылы, ногайлар осы мезетте Еуразия даласындағы шешуші құшке айналғаны сөзсіз. Мамайдың Қажы Тархан, кейін Қырым хандығын, Сейдақтың Қазақ хандығын күйретіп, бел алған кезін қайсыбір зерттеушілер – Еділдің тәменгі сағасындағы Москва княздығына қарсы құрылған одақ деп таныды, оның ұйытқы тобы ногайлар болды деп пайымдайды. Әйтсе де, осы кезең ногайлардың күшейгенін, Москвандың ішін жиып тартылғанын көрсетеді. Русь патшасы алым-салықтан жалтармай, өзі-өз болғалы Сарайшықта елші Данила Губинді тұрақты ұстап,

Орданың талабына бас иіп отырды. Қажы Тарханда Ноғай Ордасының елшісі Танабай деген кісі тұрғаны да белгілі. Алайда, ноғайлардың Москва княздығына қарсы ашық одақ құрған әрекеті көрінбейді. Керісінше, солтүстіктері қоршілері «достық ниетін» байқата жүріп, ноғайлардың бірлігіне жылан жүгіртіп бақты. Оның айқын көрінісі – Жаңбыршы ұлдары Алаш пен Ағыс (дастандарда Телағыс атымен белгілі) балаларының 30 мырза бол, 1535 жылы наурыз айында қатып жатқан Еділ мұзының үстімен Қажы Тархан хандығына өтіп кеткені мәлім. Оларды қууга сөгілгелі жатқан мұз қолбайлау қылды. Сыртқа тепкен мырзалар тарапынан қарсы әрекет күтіп, Сарайшықтағы Сейд Ахмед би бір ай қорғанып тұрды да, мал төлдей бастағанда жазғы жайлауға көшіп кетті. Ол кетісімен Алаш пен Ағыс балалары Сарайшықты қоршауға алды. Бұлардың жаулық ниетінен қорыққан Сарайшық тұрғындары Жайықтың сол жағалауына қашып құтылды. Бұл хабар құлағына шалынған бойда Сейдақ би «ертауыл» (жаушылар) жасағын жіберіп, Алаш пен Ағыс ұландарын Сарайшықтан қууды кейқуат Шейх-Мамайға тапсырды. Ол теп-тез аттанып барып Сарайшықты қоршаудан босатып, бүлікшілерді Қажы Тарханға дейін қуып барып, Алаш мырза мен Ағыс балаларын шығарып беруді талап етті. Бірақ бұлардың талабына Қажы Тархан ханы Әбді Рахман пыскырып та қараған жоқ. Артынша, 1535 жылдың көктемінде Қосым, Мамай, Исмайыл, Кел Мұхаммед және Орақ батыр бастаған мырзалар Қажы Тарханға келіп, хан Әбді Рахманды серт беруге көндірді, - деп жазады зерттеуші ғалымдардың бірі (401, 84-98). Зерттеуші келіссөздің мағынасын ашып айтпағанмен, Алаш мырза мен Телағыс балаларын тұтқыннан босату екені түсінікті.

Сейдақ би Қажы Тарханда елшісі Танабайды ұстай отырып, Алаш мырза мен Ағыс балаларын келіссөз арқылы қайтарып алуды ойластырыды. Елшісі арқылы Жаңбыршы тұқымдарын шығарып беруді, болмаған жағдайда тұрысатын жерінді айт деп Әбді Рахманға қолқа салды. Би: «Егер айтқанға құлақ аспасаң, өзінді Қажы Тарханға барып ұстаймыз, не қала іргесінде қырылып өлеміз» деп те қорқытып көрді. Қажы Тархан ханы би талабын орындауға келіскенде, Жаңбыршы ұландары оның екі ханзадасын ұстап, далалық қосқа бекініп отырып алды. Онымен қоймай, екі інісін жасақтап, ноғайлармен соғысам деп кіжініп жүрген Қырым ханы Ислам Герейге хабар салды. Мұның бәрі сырт жақтан көмек алуға бағытталған «саяси ойын» екені белгілі. Қажы Тархан ханы көмек сұрап Москва князына қонырат Есет биді жіберген-ді. 1535 жылы маусымда Сейдақ би Шаған өзенінен өтіп, Қажы Тарханға беттеді. Басқа мырзалар да өз жасақтарын солай қарай бағыттады.

Ногайларға батыл әрекетке баруға тұра келді. Еділден әскер өткізу үшін және Қажы Тарханды әрі құрлықтан, әрі өзеннен шабуылдау үшін Кел Мұхаммед пен Орақ мырзаларға сумен жүзетін жабдықтарды (қайық, кеме) дайындауға жарлық берілді. 1535 жылғы 17 қазанда Москвадан шығып, қараашаның басында жанында Иван Клушин деген орыс елшісі бар Есет би қаланы қоршап жатқан Мамай жасағына кез келіп, кері қашты. Мұз қатқанда Сейдақ жасақтарымен Еділден өтті. Мұның соңы шабуылға ұласып, Қажы Тархан тағынан Әбді Рахман тайдырылып, оның орнына орыстарға қарсы ниеттегі Дербісәліні таққа отырғызумен аяқталды (401, 84-98; 106, 148-149). Нәтижесінде, Қажы Тархан хандығы ногайларға 60 мың алтын төлейтін болып келісті.

Сейдақ би Шағандағы ордасында 1536 жылдың 20 маусымында, 1537 жылы да осы айда Құрылтай өткізді. Ақпарларда құрылтайдың «мерекеге үйлестіріп» шақырылғаны да айтылған. Соған қарағанда бұл мереке ораздан кейінгі «құрбан айт» күндерінің бірінде болса керек. Бұл құрылтайларда мырзалар арасында лауазым алмасу, көші-қон бөлісу мәселелері реттелгені айттылған.

Қажы Тарханды ынғайларына көндірген ногайлар енді Қырым хандығын әлсіретуді қолдарына алды. Оның басты құралы ел арасына іріткі салу. Қырым негізінен төрт тайпа елден тұрды: Мансұр, Шырын, Арғын, Қыпшақ. Шырынмен бұтақтас Барын деген аз ғана халық болды. Бірақ олардың жеке-дара аталмауына қарағанда, шырындармен бірігіп кеткен сықылды, - дейді зерттеуші-ғалым Ә. Сарай (106, 149).

Қажет жағдайда Орданың оң қанаттағы (батыс жақ беттегі) Арғын мен Қыпшақ ұлыстары 3 мың жасақты шығаратын. Мансұр мен Шырын сол қанатты (шығыс бөлікті) құрады. Мансұрлар – 2 мың, шырындардан 5 мың жасақ дайын тұратын. Қырымға өзгелерден ерте келген шырындар Солхат қаласына арқа тіреп, өздеріне бекініс қылып ұстады.

1523 жылы Қажы Тархан шайқасында Мұхаммед Герей өлген соң, Қырым хандығының тағына Мецлі Герейдің ұлы Саадат Герей отырғанды. Мұхаммед Герейдің ұлы Ислам Герей жастығына орай әке тағы үшін күресе қоймады, әлі бұл кезде Қырымның сыртқы беті шиеленісіп жатқан-ды. 1532 жылы Осман түріктерінің сұлтаны Саадат Герейді алдап шақырып алғып, тұтқынға алды да, Қырым тағына бұрынғы Қазан ханы Сақып Герейді ұсынды. Ол қандастық жағынан ногайларға жақын. Сейд Ахмед би оның қызын алған күйеу еді де, Орақ батыр Сақып Герейдін апасынан туған жиені, яғни жаңа сайланған ханның інісі Сафа Герейге Мамай батырдың қызын берген құдандалы жеңжат болып келеді. Тұысқандық жағынан ешқандай кемістік жоқ. Сақып Герей Қазанға хан бол, тағын інісі Сафа Герейге әпергенге дейін, 1523 жылы Мұхаммед Ге-

реймен бас біріктіріп, Москваны ат тұяғына таптатқан қаңармандардың бірі. Әңгіменің бір пүшпағы осында жатса керек. Тоқ етері, бұл тұста Ноғай Ордасы мен Қырым хандығында пәлендей бақталастық көрінбейді. Бір ғана мазаны алғып тұрган мәселе, 1523 жылы Қажы Тарханда ноғай батырларының қолынан Мұхаммед Герейдің ұлы Ислам Герей о дүниелік болған еді. Осы тұста Қырым мансұрларының арасынан Бақи мырза ат құлағында ойнап, сұрырыпты шықты. Ол Мансұр Едігеұлының әйгілі беклербегі Би Темір ұлы Хасаннан туған көкжал. Шешесі Менлі Герейдің қызы болатын. Әп дегеннен Бақи мырза Ислам Гереймен қайта-қайта қақтығысып, ақыры батыс қанаттағы ноғай мырзаларының арасында қоныс тепкен. Бақи 1537 жылғы маусым айында Еділден жасырын өтіп, Перекоп түбегінде отырған Ислам Герейді тұтқылдан шауып, оны ұстап алғып жаңын жәннатқа жібереді. Сейтіп, Қырымның да, ноғайлардың да басты жауының көзі құрыды. Батыс шекара күзетіндегі Әлшағыр ұлы Келмағамбет (Кел Мұхаммед) IV Иванға жолдаған хабарламасында Бақи мырзаны жұмсап, Ислам Герейді өлтірткенін мойындасты (390, 82; 106, 150).

Енді бір мезгіл Қазан хандығының сыртқы саясатына дең қойсақ, Ноғай Ордасы мен қазандықтардың қарым-қатынасы сырт көзге жаман болмағанға ұқсайды. Қазан тағында отырған Сақып Герейдің інісі Сафа Герейді 1531 жылы жергілікті бектер тақтан аластаған соң, қайын атасы Мамай батырдың қолына келіп, панағаған еді. Оның орнына Орыс патшасы Шейх Әулие ұлы Жанәлиді әкеліп таққа отырғыздады. Ол Москва ұлы князының рұқсатымен 1532 жылдың күзінде Жүсіп мырзаның қызы Сүйімбике аруға үйленген-ді.

Мұны естіген Сейдақ би Қазан бектеріне жолдау салып, олар бұдан бұрынғы Сафа Герей ханға істеген арам ниеттерін көрсететін болса, онда Қазанды жасақтарымен таптайтынын ескертеді. Осы кездегі ноғайлардың сыртқы саясаттағы ара салмағын осыдан-ақ шамалауға болатын секілді. Алайда, Жанәли хан мен Сүйімбикенің жұптастығы ұзаққа бармады. Сүйімбике бала көтермеді, күйеуімен қарым-қатынасы да сәттілік таппады. Сүйімбике күйеуін сүймейтінін айтып, әкесіне сәлем жолдапты. Осыдан соң Жүсіп мырза Қазан бектерінен ханды орнынан алғып, қызын қолына әкеп беруді талап етеді. Қазандықтар мырзаның сөзін екі еткен жоқ. 1535 жылдың қыркүйегінде бектер Жанәлиді өлтіріп, орнына Сафа Герейді қайта таққа отырғызды. Ханның бірінші әйелі Мамайдың қызы, ал жесір қалған Сүйімбикені бесінші әйел етіп алады. Сүйімбике болса қалаға қамалмай, өзіне үйреншікті әдетпен далалық жерде тұрғысы келді. Оған Қазан іргесінен ақ киізден басылған үйлерден отау жасақталды. Ханның жаңа әйелінің енші ұлысы – Жүсіп

мырзаның қол астындағы ноғайлардың біразы Сүйімбикенің қасынан орын алды.

Бұдан гері Орданың шығыс тарабындағы саяси жағдай күрделірек қалыптасты. Бұл бағыттағы қарекеттерді Қ. Жалайыридың «Жамиғ ат-тауарих» еңбегіне сүйеніп берейік. Оның айтудынша: «...Жәдік хан Қасым заманында белгілі еді. Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен бірге шейіт болды. Оның қабірі Ургеніштегі Бақырғы атада жатыр. Сонда жерленген еді. Жәдік ханның көптеген әйелдері мен күндери болды, оның балалары да көп еді. Оның аса әйгілі даңқты ұлдары: Тоғұм хан, Бекей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің шешесі Абайхан begіm еді. Тоғұм хан, оның ұлдары «тоғыз сары» деп аталды. Мәлік сұлтанның баласы Башыбек сұлтан тоғыз сарымен бірге Жағат уәлаятының шекарасында шейіт болды, (сол ұрыста) әйгілі әрі даңқты отыз жеті сұлтан шейіт болды... Әдік сұлтан балаларын Бес ұл (Беш оғұл) деп атайды. Бұйдаш хан Барак ұлы Дәруіш ханмен соғыста өлді. Сонда Бұйдаш ханмен бірге түгелдей Бес ұл ұрпақтары 24 сұлтан қаза болды.

Бес ұлға патшалық тимеді, алайда бірнеше ұлдары уәлаяттарда кіші (келте) хан болды, бірақ аты шығып, әйгілі болғаны жоқ.

Бұрындық хан, оның ұрпақтары мәртебеден түсіп қалды.

Ахмед ханды Өзбекияда Ахмат хан деп атайдын еді, ол да біраз уақыт хан болды. Шейдак (Сейдак) бекпен болған соғыста шейіт болды. Орақ мырза шейіт қылды» (57, 168).

Бұған Ноғай Ордасының би Сейд Ахмедтің 1535 жылдың 23 мамырьмен таңбаланған: «Қазақ ханы Қожа Мұхаммед хан 15 ұлымен бізде тұрып жатыр, менің қазақтарымның саны 300 мынға жетті» деген хабарын қоссақ, сол кездегі шығыс Дешті Қыпшақтағы ұлыстар жағдайы біркелкі анықталатын сияқты.

Қолда бар деректерді сараганымызда Қожа Мұхаммедтің 1534 жылдың аяғында немесе 1535 жылдың қысында Сейд Ахмедке кіріптар болды деп санау орынды сияқты.

Бұлай десек, 1534 жылдың күзінде кейікат Шейх-Мамай қазақтарға жорық жасап, Қожа Мұхаммедті қолға түсіріп, ұлысымен қоса Ноғай Ордасына айдал келіп, Сейд Ахмед биге табыстаған болуы керек. Келесі жылы Сарайшықты Ағыс балаларынан азаттаған соң, ноғайлар Сібір хандығын бағындыруға аттанған. Мұндағы деректерге сенсек, 1495 жылы Ибақты өлтіріп, Тайбұқа әuletі тақты қайтарып қолына алған. Ноғайлар Сібір хандығын қолдан шығармау үшін кезегімен Махмұтек балалары Мамық, Ағалақ және Мамық ұлы Ахметті күштеп бірінен соң бірін таққа отырғызғанмен, олар Сібір жұртын менгеріп кете алмады. Ақыры ноғайлар олардың жұртын өздеріне қосып тынды.

1535 жылды Сейдаққа Бұқара ханы Убайдолладан да, Ташкент билеушісі Сүйініш қожадан да елшілер келді. Бұлардың мақсаты әскери одақты қөздеген іспетті. Оңтүстіктен Шайбани ұлдарының қысымына төтеп бере алмаған Тоғым хан Сібір хандығының шекарасына жақындап барған сыңайлыш. Бәлкім, басқару жүйесі нашарлаған хандықтың тағын басып алуды да қөздеген шығар. Бұған дейін Жағатты Шағатай немесе Жетісу өлкесіндегі бір өнір деп түсініп, Тоғымды құйреткен Моғолстан ханы Әбді Рашид делініп келді. Батыс Сібір чад (жаад) тайпасының қонысы болғандықтан, бұл тарап Жағат аймағы аталған. Негізінде, Тоғым 37 сұлтанымен осы Жағатта Шейх-Мамайдан құйрей женілген. Бұл бас көтере алмластай ауыр женіліс еді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «930 (1523/24) жылды миллионға жеткен қазақтан 944 (1537/38) жылды үш жерде еш белгі қалмаған», деп жазуы осы кезеңнің аңы шындығына жақын (45, 306-307).

...1523/24 жылдары қазақ ханы Таңир Сейдақ, Шейх-Мамай, Орақ жасактарынан құйрей женіліп, Дешті Қыпшақта табан тірең алмай, Қырғыз қашқанды, Қасым ханның жас ұлы Хақназар сұлтан ноғай батыры Шейх-Мұхаммедтің тәрбиесінде еді. Жас сұлтанды 1538 жылды Шейх-Мамай Қазақ хандығының тағына өз қолымен отырғызыды.

Ноғай Ордасының сыртқы жағдайы кемелденгенмен, оның ішкі жағдайы қоюмды емес-ті. Аяқ астынан әлеуетті Сейдақ би ноғайлардың тізгінінен айырылып, өзіне қарасты жұрттымен Хорезмге қоныс аударды. Бұл жайлы бірде-бір дереккөз ләм деп ауыз ашпайды. Орыс дереккөздерін тіркейтін елшілік кітабында 1537-1548 жылдар аралығында оқиғалар түзілмепті, Ноғай ұлысы ұшті-қүйлі жоғалып кеткен сияқты. Ноғайлы аңыздары да жақ ашып, тіс жармайды. Москва княздарына қатынаған ноғай елшілері айналаны иекпен жасқап, төбе би Сейдақтың елден кетуіне байланысты мәлімет таратпаған. Сөйтіп, бұл кездегі ноғай мәселесі жұмбақ болып тарихнамаға енді. Әйтеуір соғыс өрті тұтанбағанға ұқсайды, төтенше оқиғалар болса – шеті шықпауы, тарихшылардың аузына ілікпеуі мүмкін емес.

Әйтсе де тарих бетінде мынадай әңгіме түзілген екен. Ол ағалы-інілі Сейд Ахмед би мен Шейх-Мамайдың басараздығы. Мұны кейбір тарихшылар Қазақ хандығына байланысты өрбіген, Ташкентпен ауыз біріктірген Шейх-Мамай ағасы Сейдақты Дешті Қыпшақтан аластаған деген пікірді баса айтады. Оның басты себебі ретінде Шейх-Мамайдың қайын інісі Хақназар сұлтанды (Шейх-Мамайдың әйелі Қасым ханның қызы, аты Бұлдыр) қазаққа хан қойдырып, Сейдақ пен інісінің арасына түтін салып, бидің Мәуреннахрга қоныс аударуына тұрткі болған деген алып-қашты әңгімелер.

Қазақ ханымен туыс Ноғай Ордасының әскери қолбасшысы, эрі шығыс беттегі ноғай ұлыстарын басқарған Шейх-Мамай балдызымен (Қазақ ханымен) бірігіп, ноғайлардың биі Сейд Ахмедті (Сейдақты) Сарайшықтан отбасымен кетірген секілді. Сейдақ інісіне қарсыласуға дәрменсіз болады да, Хорезм, Ургенішке қоныс аударған тәрізді. Ноғайлардың бірнеше бүлігін басынан өткөрген пайғамбар жасына жақындаған би ат тұяғынан шаң борайтын дүрбеленге баруға жүрегі дауаламады, - деп түсіндіреді Ноғай Ордасындағы саяси шиеленісті түбіріне жете зерделеген ғалым Ә..Сарай (106, 154).

Оның ұстіне бұл кездे күшейіп алған Шейх-Мамай Қазақ хандығын жүртінан ығыстырған, Сібір мен Башкирияны басыбайлы бағындырып тынған еді. Откенді әріден бастасақ, Сібір ханы Ибақ (Ибрагим) 1495 жылы өлтіріліп, оның ұрпақтарын тақтан аластаған жергілікті тайбұқалықтарға Шейх-Мамай бұрыннан тісін басып жүрген-ді. Бұның да сәті түскендей болды. Бұған қоса айтарымыз, Ибақтың немерелері, Мұртаза ханың ұлдары Ахмед Герей мен Көшім, Қасымхан ұлы Хақ Назармен бірге Шейх-Мамайдың ордасында (Ор өзені бойында) тәрбие алып, бірге ережеткен ұландар. Олар Шейх-Мамайдың айтқанынан шыға қоймаса керек-ті. Аталмыш сұлтандармен тізе қосқан Шейх-Мамай 1535 жылы Сібірді жаулап алып, екі-үш жылдан кейін Көшімді хан тағына көтерген, ал балдызы Хақ Назар сұлтанды башқұрттарға билеуші етіп қойғызды, ол осында 1537 жылы қазақтарға хан сайланғанша отырды.

Мұның бәрін ой көрігінен өткізген Сейд Ахмед атақты атасы Едігенің жолын ұстанды. Би бабасы бір кездері ұлы Нұр әд-Диннің жағымсыз әрекеттеріне өкпелеп, Бұқараға қоныс аударған тұғын-ды. Сол сияқты Сейдақ та отбасы мен ел-жүртін ертіп Мәуреннахрга бет алды, кейінрек Бұқара мен Ургеніш маңына жайғасты. Тарихи деректер Сейдақпен бірге Хорезмге 30 мың ел қөшті деңенді келтіреді



Ноғай билерінің орыс патшасына шерт беру  
сәтінен корініс.

(106, 154). Шамамен бұл оқиға 1548-1549 жылдарға жататын тәрізді. Олай дейтініміз, Орыс бүйрігіның кітабына 1548 жылы 1-қараша күні № 40 құжат тіркелген, бұл хат Ноғай Ордасының би Шейх-Мамайдан түскен. Бұны әкелген Сары мырза Қараши би – Қытай Мәлік Баршын бидің ұлы. Онымен бірге елшіліктің құрамында 80 адам және 30 шабарман болыпты. Елшілермен бірге Москва княздығының базарына 450 адам 16 мың бас жылқыны айдалап келген. Елші әкелген құжат: «Қазір әкемнің жұртына (яғни ата-жұртында) би боп отырдым», - деп басталыпты (390, 85). Елшілік кітабында Шейх-Мамайға қоса Жүсіп мырза мен Қосай (Қосым) мырзаның хаттары да көрсетілген. Орыс патшасы IV Иванның (Қаңарлы Иванның) 1548 жылы 13 қарашада және 1549 жылы 2 қантарда Сары мырзаны, 1549 жылы 17 қантарда Дербіс сұлтан мен Сары мырзаны қабылдағаны, олардың Москва княздығымен достық қарым-қатынаста болатындығына ант бергендері және 1549 жылғы 2 ақпанда Дербіс сұлтан мен Сары мырзаның Москвадан елдеріне қайтқаны тіркелген (390, 85-86). Бұл елшілікке жауап ретінде Москва княздығынан Иван Федцовтың 1549 жылы 5 ақпанда Ноғай Ордасына аттанғаны Елшілік кітабында 1549 жылғы 2 ақпанда № 41 құжат болып тіркелген (390, 87). Бұларды тәптіштеп жазып отырғанымыз, Шейх-Мамайдың билік басына келгенін 1548-1549 жылдармен шектелетінін айтту. Жасы жеткен Шейх-Мамай 1549 жылғы жаз айында өз өлімінен дүние салған. Бұған дәлел орыс патшасының елшісі Иван Федцовтың 1549 жылғы 25 қыркүйектегі және 3 қазандағы хабарламасы (№ 42 және № 43 құжаттар).

Осы құжатта елші Шейх-Мамайдың қайтыс болғанын, оның орнына Ноғай Ордасында Жүсіптің би сайланғанын, 29 тамызда өзін қасына Есіркеп атты елшісін қосып, Жүсіп бидің шығарып салғанын жазған. Мұнымен қатар елші ногайлардың көші-қон қонысынан да әжептәүір мәлімет береді. Оның айтуынша, Жүсіп бидің тұрағы Сарайшық пен Жайық бойы, Исмайыл мен Қосым (Қажы Мұхаммед) мырзалар бала-ларымен Еділдің бойын жайлайды, Оразалы (Ораз Әли) – Жемде, ал Шейх-Мамай мен Қосай (Қарасай) мырза Жайықтың арғы бетіндегі жерлерге иелік етеді деп хабарлайды (390, 88-89).

Тарихи құжаттардың бірінде Шейх-Мамайдың қабірі Ноғай Ордасының шығыс қанаттарының бірі саналатын Ор бекінісінің іргесінде, Ырғызға құятын сағасында деп беріледі (106, 154).

1549 жылғы 3 қазандағы Федцовтың тағы бір хабарламасында орыс елшісі Үргеніштен Сейдақтың ұлдары Ноғай ұлыстарына әлсін-әлсін шабуыл жасап, ауылдарын тонап, малдарын қуып кетіп отырады деп мәлімет түсірген (390, 89).

Сол дәүірдің көзқарасымен ой елегінен өткізіп қарасақ, Едіге ұрпақтары Сейд Ахмед пен Шейх-Мамай Ноғай Ордасының шекара шебін дамытқаны да байқалады. Қырым, Қазан, Қажы Тархан, Сібір, Қазақ хандықтарын бас идірген Ноғай Ордасы кең байтақ шарайна-да шарықтау шегіне жеткен іргелі мемлекеттік бірлестікке айналғаны көрінеді. Оның Еуразия құрлығында Орыс патшалығымен тіресе ала-тын құшке жеткені дүниежүзілік тарихнамада айшықталған.

Ноғай Ордасының осынау ірі тұлғасының бірі Сейд Ахмед би Мұсаұлы 1551 жылы Бұқарада шамамен 61 жасында дүние салған, ал оның інісі Шейх-Мамайдың 1549 жылы ноғайлардың атамекен жүртynда кайтыс болғаны әлгіде айтылып өтті.

Тарих бетіндегі мәліметтерге жүгініп, Едігенің төртінші ұрпағы Мұсаның 23 ұлының аты-жөні түзілгенін бұрын айтып өткенбіз, соның бірі ноғайлардың айдынын аспанға асқақтатқан Сейд Ахмедтің кінді-гінен алты ұл өрбіген. Бұлардың аты-жөнін Ресей ғалымы В.В. Трепавлов былай келтіреді: Сүйіндік, Жауғашты, Мамай, Ислам-Ғазы, Атай, Кел Мұхаммед. Бидің басқа балалары жөнінде ауыз толтырып айтартылған мәғлұмат кездеспейді. Ноғай мырзаларының тізімін бергенде жаңа-ты В.В. Трепавлов олардың қатарынан Мамай мырзаны (туған, өлген жылдары белгісіз) атын бөліп атапты. Ғалымның көрсетуінше, Мамайдан төрт ұл туған, есімдері: Жақсысаат, Сайын, Мұхаммед, Ахмед. Тізбеде Жақсысааттың Хан атты ұлын, Мұхаммедтің ұлы – Айса және Ахмедтің ұлы – Би деген есімдерді тіркейді (33, 658).

Ал Кіші жүздің барлық шежірелерінде айтылып, жазылып жүрген Сейд Ахмедтің Қалу (кейбір деректерде Мәку деп аталып келеді) де-ген ұлы туралы орыс құжаттарында ешбір мәлімет кездеспейтіні қызық. Атальыш тұлға элі күнге дейін ғылыми-тарихи көпшілік еңбектерде аныз-әнгіме түрінде жазылып келеді. Бұған ешқандай дәлел жоқ деп айтуға Құдайдан қорқамыз. Аныздың түбінде бір шындықтың жатуы мүмкін рой. Қазіргі замана шындығымен санассақ, Қалудан тараған ұрпақтардың көптігі сондай мындаған сандарға жетіп жығылады. Оны біз бұдан үш жыл бұрын баспадан жарық көрген «Ұранға шыққан Бақтыбай» атты кітабымызға енгізіп, бірсыныра баяндап кеткенбіз. Осы арада Сейд Ахмед ұрпақтарына тағы бір тоқталып, тақырыбымызды толыққанды қамту үшін бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Мұнымен қатар, Кіші жүздегі шежіреде айтылып, жазылып жүрген «Алым» ұлысының Шекті руынан тарайтын Айт пен Бұжыр ұрпақтарының аргы атасы Қалу Сейд Ахмедтің ұлы (Едіге бидің ұрпағы) екеніне шамамыз жеткенше оқырмандардың көзін жеткізгіміз келетіні шындық.

Мұсахан атакты Едіге бидің шөбересі болса, Сейд Ахмед оның тәртінші ұрпағы да, Қалу – атакты бидің бір бұтағына саналады емес пе?

Тарихнамада тіркелген мәліметтерге қарағанда Сейд Ахмед мырза «котыз ұлды» Мұса ханың ержүрек ұландарының бірі, атақ-абыройы да ерте көзге түсken. Атқа міне ұлыс басқарды, артынан әскери қолбасы, мұнымен қабат жоғары лауазым иесі, одан кейін 16-18 жылдай Ноғай Ордасының төбе биі болса, оның алған әйелдері де, олардан туған ұлдары да көп болуға тиіс. Сейд Ахмед Орданың шығыс бетінде тұрып, орыс жұртымен етене араласпағандықтан және басқа да себептермен отбасының (әйелдері мен балаларының) аттары қағаз бетіне түспей қалғанға ұксайды. Оның есесіне, Мұса бидің ұлдары Әлшағырдан, Шейх-Мамай, Жүсіп (Юсуп), Исмайылдан және Едігенің Мансұр ұлынан тараған ұрпақтары толығырақ қамтылып, Рұсь тарихнамасынан лайықты орын алған (391, 6-40).

Хош, сонымен, қазақтың ауыз әдебиеті мен Кіші жүздің шежірелерінде айтылып, жазылып келген Қалудың тағдыр-талайына тоқталудың реті келген тәрізді.

## § 2. Шекті руындағы Қалу Сейдақұлының ұрпақтары

Сейд Ахмед бидің кіндігінен алты ұл тарады деп құжаттарда түзілгенмен, оның ұлдарының көп болғаны дау тудырмаса керек. Сейдақ би ноғайларға да, қазақтарға да белгілі тұлға, аса қастерлі қымбат есім. Ол Ноғай Ордасында отыз жылдың үстінде билік басында жүрген ноғай-қазақ жырларының мәйегі болатын тұлғалардың бірі бола тұрып, әпостық шығармалар мен көркемдік туындыларда айрықша көзге ұра қоймағанмен, халық жадында ұзақ сақталған кеменгердің бірі.

Атальыш тарихи тұлға ұзақ уақыт ауызша аңыз-әңгімеге арқау бола келе, басқа сарында жырланды ма екен, немесе бізге жеткен ноғай-қазақ жыр-дастандарының қазіргі нұсқасы қалмақ шапқыншылығы кезінде қалыптасып, Сейд Ахмед бидің (1490-1551) ерлік, өрен істері, бәлкім, соңғы дастандардан түсіп қалды ма екен? Сейдақтың өмір сүрген кезеңі мен жырлануы арасында үзілістің алшақтығынан, әрі оның ғұмырының соңғы он жылдығы Бұқара мен Үргеніш маңында өткендіктен, оның өмір деректері көмескіленіп, үрім-бұтағының атаулары да бүрмаланған тәрізді.

Жоғарыда айтылғандай, ноғайлардың осынау әйгілі биінің есімі 1511 жылдан (бұл кезде Сейдақ 20 жастар шамасында болса керек) тарих сахнасына шықты. Бұл Әлшағыр Мұса ұлының (Сейд Ахмедтің ағасы) би болған, қазақ-ноғай соғысының шарпуы басталған кезең. Бірақ бұл қактығыстар жөнінде тарих бетінде пәлендей дерек сақталмаған. Қазақ

хандығының тарихынан белгілісі, 1511 жылы Мұрындық хан бастаған қазақ жасақтары ногайларға қарсы аттаныс жасап, ногайлардың елеулі күші тез арада Жем бойына тартылды. Бұл кезде Мұсаханұлы Мамайдың өз қонысы, иелігі бар атағы шыққан батыр еді. Сейдақ пен Телағыстың да күш-қайраты жетісіп, кемелденген кезі болатын. Ал Орақ болса – әлі қабырғасы қатпаған, бозбалалығын тастамаған албырт жас мырза. Төртеуі де ел қамын жетін дарабоз тұлғалар. Аталған қақтығыста ногайлардың батырлары басым түсіп, қазақ жасағы жеңіліске ұшыраған сыңайлы. Осыдан соң Мұрындық хандықтан біржола бас тартып, қазақ арасынан шығандап, Самарқандтағы аса дәулетті қызы Михр-Сұлтан ханымның қолына кетуі – осы жеңілістің ашы дәмін татқаннан кейін болған.

Ауыздарынан от шашқан жас батырлар Сейдақ пен Жаңбыршы ұлы Ағыс осы соғыста айрықша ерлікпен көзге түсіп, майдан шебінен абырайданқы артып ордасына қайтты. Қазактардан жеңіспен оралғанына жігерленген осынау батырлар жыл өте Қырымды шабуға үзенгілес серіктестеріне ұран тастап үлгерді. Ноғай Ордасының жас батыры Сейд Ахмедтің бастауымен қырықтан астам жас мырзалар құлышыныс танытып, сақадай сай атқа қонды. Елеуреген жас батырларға Қажы Тархан ханы Әбді Керім де атты жасақпен қолдау көрсетуге дайын отырған-ды.

Жорыққа шыққан мырзалар ел-жүртімен Еділдің оң жағалауына көшіп шығып, аттанысқа дайындықты пысықтап жатқанда, Қырым хандығының мұрагері – қалға Мұхаммед Герей 250 мың сарбазымен ногай ауылдарының үстінен бір түнде жайдай түсті. Қамсыз бейғам үйқыда жатқан жас мырзалар іле зде қарсылық көрсетуге әлсіздік танытып, көбісі өлім құшты немесе тұтқынға түскені әлгіде баян етілді.

Бұл жойқында зардал шекпеген Сейдақ батыр ауылдары. Олар Еділден іле-шала кері өтіп, қазақ шекарасына жетіп үлгерген-ді. «Жау жоқ деме, жар астында» деген қағида дұрыс келіп, ногайларға аяқ асты кезіккен бәледен тез күтқару үшін Мамай батыр жасақтарын ертіп атқа отырды. Ол өзінің арғы ниетін дабыра қылмай, Сейдақпен қана күш біріктіріп, қырымдықтар Валахияға жорыққа кеткенде, Қырымды тасталқан қылышп, тұтқындағы ногайларды босатып, қолды болған малмұлікті де еселеп қайырып әкелді. Қырымдықтар аңысын андып жүріп, 1515 жылы Еділдің оң жағалауына көшіп шыққан ногайларға тап бергенде, карауыл қойып сауысқандай сақ отырған ногай ауылдары алдырмай-жұлдырмай Еділден кері қарай өте шықты.

Мұса ұлдары Мамай, Әлшағыр, Сейд Ахмед қожа қызынан, бір эке, бір шешеден туған қандас ағайын екені осы кітапта айтылды. Басқа емес, Мамай мен Сейдақтың бас болып Телағыстың намысын жыртуы осыған орай туындаған.

Бірқатар деректер бойынша Телағыс (Ағыс) Жаңбыршы ұлы 1523 жылдары қайтыс болған секілді, себебі осы кезден бастап оның аты құжаттарда жолықпайды (106, 134-139).

Енді үзілген әңгімемізге қайта оралып, Сейд Ахмед бидің ғұмырнамасын толықтыра түсейік.

Сейд-Ахмед би Сарайшықтан үрім-бұтағы және ұлыстарымен (біз парақтаған шығармаларда 30 мың шаңырағымен деп айтылып жүр – Ә.Қ.) Ургеніш маңына қоныс аударғанда жолдың ұзақтығынан көш аяғы бір-екі жылға созылғанға ұқсайды.

Мәуреннахрға көшіп бара жатқан Сейд Ахмед ұландары Ноғай Орда-сына жиі-жіе шабуыл жасап, олардың шеткі аймақтағы малдарын құып кетіп отырғаны орыс құжаттарында түзіліпті. Оны 1551 жылы мамыр айында Москва княздығына оралған саудагерлер өткен қысты Жайық бойындағы Сарайшық қаласында өткізгенін, онда би орнында Жүсіп (Юсуп) Мұсағұлының отырғанын хабарлаған. Мұнымен бірге олардың айтуынша, алдыңғы жылы биліктен тайдырылып, Мәуреннахрға көшкен Сейдақ бидің жасактарының шабуылынан қорықкан Юсуп бидің екі ұлы он мың әскерімен Сарайшықты қорғап тұрған (329, 288). Бұны әлгіде келтірдік...

Ұзын-ырғақты көшу барысында, Сейд Ахмедтің Қалу (қайсыбір шежірлерде Мәку деп жазылып келеді) есімді ұлы көштен не адасып қалады, немесе тұтқынға түсіп, Кіші жүздегі Алты аталы «Алым» ұлысындағы Шекті (шежірлерде Жаманақ атымен де белгілі – Ә.Қ.) руының Шыңғыс атты баласымен қауышыпты. Бұл кезде Қалудың жас шамасы 7-8 де болса керек. Олай десек, ол 1540 жылдың басында туылған, ал өлген кезінде 15-16 жаста екені шежірлерде айтылғанына қарап, анасының ішінде қалған оның ұлы Бөлектің туған уақытын 1559 жылы деп шамалауға тұрады (99, 75). Бізге жеткен басқа бір әңгімелер бойынша, Исмайыл мырзаның азғырғанына еріп, Қалу жорықтан келе жатқан Орақ батырды опасыздықпен өлтіріп, елінен қашып шығады, қаңғырып жүріп Кіші жүздегі әлгі аталықтың Шыңғыс атты адамына кездесіп, оған «киімді» бала болып, атын өзгертіп ататегін Шектінің Шыңғысынан бастатқызатыны шежірлерде тіркелген. Келешекте осы Қалудан туған Бөлек батыр Кіші жүздегі Шекті руының бірнеше аталығының бастауында жүреді. Қолыңыздығы кітаптың авторы да Қалу Сейдақ ұлынан тарайтын болғандықтан, бұл аталық туралы қолға түскен шежірлер мен тарихнамада түзілген дереккөздерді егжей-тегжей саралап шығып, өз ойын тұжырымдамақшы. Шежірлерде және тарихатта көрсетілген осынау аңыз түрінде келтірілген оқиғаларға сену-сенбеу әркімнің өз

ар-ожданына байланысты болмақ. Ал біз сықылды пакырлар үшін Кіші жүздің шежірелерінде сақталған Қалу атты бабамызға қатысы бар аныз-әңгімелерді жинақтап, оқырмандарға ой тастаудың артықшылығы жоқ шығар деген ниет. Бұның басты мақсаты – Алтын Орданың атақты біi Едіге ұрпақтарының бірі Сейд Ахмедтің Қалу атты ұлының Кіші жүзге кіретін Шейх-Мамай бидің алты ұлының қарауындағы «Алым» ұлысына жататынын айтту. Басқаша айтқанда, Кіші жүздегі «Алты аталаы Әлім» тайпасына жататын Бес Шектінің қайсыбір ұрпақтары Сейдахмет ұлы Қалудан тарайтыны тайға таңба басқандай Кіші жүздің шежірелерінде айтылып та, жазылыпта келетін ешкімді таңғалдырмаса керек.

Бізді аса біr қызықтыратыны, жазу-сызуы онша дами қоймаған көшпендердің жүргегінде ұялап, жадында сақталатын шежіресінің ешбір жазба деректерден кем түспеуі. Мәселен, Ноғай Ордасындағы Шейх-Мамайдың Алты ұлының қарамағындағы Шектілердің (Лақаб аты – Жаманақ болса керек) шежіресінде түзілген біr баласының аты Шыңғыс, бұл әлгіде айтылғандай жапан түзде Сейд Ахмедтің Қалу немесе Мәку атты баласына кездеседі ғой. Қалудың тағдыр-талайы шежіреде де, тарихнамада да әртүрлі жазылып, әркил қысындармен хатталып жүр.

Кіші жүздің шежірелеріне сүйеніп Қалудың ата-тегін былай келтіруге негіз бар. Қалу (Мәку) ол Сейд Ахмедтің ұлы, ол Мұсаның ұлы, ол Уаққастың ұлы, ол Нұр әд-Диннің ұлы, ол Едігенің ұлы.

Шежіреде Қалудан туған Бөлекті ақсүйектен туған, ататегі әруақты жан десе, қайсыбір оны Жаманақтың (Шектінің) ұлы Өрістен тудырады да, Қалуды атамай кетеді, үшінші біr шежіреде Бөлек батырды босағада жүрген басыбайлы құлдың ұлы деп көрсетеді. Сөйтіп, бұның да ататегін көмекілеп жібереді. Өйткені, Қалудың ататегі көмекіленгеннен кейін, әрине, Бөлектің де тегі белгісіздеу болып айтылады ғой. Қалай десек те, бұлардың тегі шежірелерде түзілген аныз-әңгімеге тоғысады, ал ол шындыққа жетелейді. Ток етері, Кіші жүздің Алты аталаы «Алым» ұлысындағы үлкен аталақтың – Қабақ пен Тілеудің арғы атасы Қалу екені анық. Оның Сейд Ахмедтен шығатынына біz күмән келтіре алмаймыз. Ал Тілеу, Қабақтың тарихы анықталған жэйт, оны ешкім де даудамайға салмайды. Бұған біr-екі дәлелді осы арада бере кетейік.

Қазақстандық белгілі ғалым, профессор М.А. Құл-Мұхаммед Кіші жүздегі Шекті Мөңке би Тілеуұлының ғұмырнамасын саралай келіп: «Шекті шежіресіндегі Қалудың экесі – Сирақ (дұрысы Сейд Ахмед, лақап аты Сейдақ, Шидәқ, Сирақ), оның экесі Ноғайлының ханы Мұса хан еді. Мұсаның ұлы Сирақ», - деген деректі Қадырғали Жалайыридың

«Жамиғ ат-тауарих» шежіресінен алғанын айтады. Ғалым одан әрі ойын былай жалғастырады: «Қырымның қырық батыры» жырында «Мұса хан атты жыр бар. Осы және Мұса ханның ұрпақтарына арналған өзге де жырларда оның отыз ұлы болғандығы айтылады. Соның ішінде, қарға бойлы Қазтуған жырында: «Мұсаның отыз баласы, расын оның сұрасақ, Қалу менен Сары еді», - деген жолдар бар екенін еске салады. Мұны кездейсоктық деу қыын. Себебі, «Жаңбыршыұлы Телағыс» жырында осы деректер: «Мұсаның отыз баласы, белгілі құдай ұрыпты. Ең кенжесін сұрасаң, Қалу менен Сары еді», деп қайталанатынын тіліне тиек етеді. Демек, Қалу өмірде болған, нақты тарихи тұлға. Қалу Мұсаның ұлы емес, немересі болуы да ғажап емес», - деп М.А. Құл-Мұхаммед ойын түйіндейді (58, 251). Сөйтіп, профессор Шекті Мөңке бидің ататегін былай таратыпты: «Мөңке би – Тілеу – Айт – Бөлек – Қалу – Сирақ (Сейд Ахмед – Ә.Қ.) – Мұса хан – Ұаққас би – Нұр әд-Дин мырза – Едіге би» (58, 251; 59, 18 – 22). Жырда айтылатын Сары мен Қалудың алғашқысы, «Сары» деп отырганы Мұсаның ұлы Жұсіп (Ресей тарихнамасында – князь Юсуповтар әулеті) Ноғай Ордасын 1549-1555 жылдары билеген, інісі Исмайылдың қолынан қаза тапқан, ал Қалу деп отырганы, бұл Сейд Ахмед бидің (1532-1548 жылдары Ноғай Ордасын билеген) ұлы.

Қалу туралы тағы бір тын деректі Қарашиб-Черкес автономиялық Республикасының халық жазушысы Иса Қапаев береді. Ол өзінің «Өлмес дала» (орыс тілінде – «Бессмертная степь. Историческое эссе») атты еңбегінде (Астана қаласындағы «Аударма» баспасынан 2008 жылы орыс тілінде жарық көрді) былай келтіреді:

«Ноғай дастандарының барлығы дерлік Ордадағы оқиғаларға тоқтала отырып, Орақ пен Исмайылдың басараздығына назар аударады. Олардың көпшілігінде Исмайыл бидің айла-шарғысы, жауыздығы мен қатыгездігі баса жырланған. Ол бірде ақыл-есі кемістене өзінің туажаты Қалудың қолына кару беріп, Орақ батырды өлтіруге жібереді. Орақ мешітте намаз оқып отырганда Қалу оны өлтіреді. Осыдан кейін Исмайылдың қанды қолы Қалуды өлтіруге жұмсалады, ал бірақ Қалу қашып шығып Қырым ханын паналяған. Ұлдарының өміріне қауіп төнгенін сезген Орактың әйелі ұлдары – Қарасай мен Қазиды шеркестерге қашырады. Дастанда Қобанға келген Орақ батырдың ұландары данқ пенabyroifai ие болып дәүірлеп тұрды деп жырланады. Орақ батырды пір санайтын Қырым ханы, Қалудың ақылымен Қарасай мен Қазиды сарайға шақырады, бірақ та, қастастықтың дәмін жүтқан ержүрек батырлар хан сарайына барудан бас тартады» (88, 491-492).

Міне, осыларға қарап, Сары да, Қалу да өмірде болған тұлғалар деп тұжырымдамақпыш.


Бұл жэйтке көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы профессор С. Бәйменше де көңіл аударып, пікірін білдіреді: «Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан шежіренің жеткізуінше, Жаманактың (Шекті) Шыңғыс, Бәубек, Өріс және Мәку (Қалу) атты ұлдары болған. Осы Мәкуден (Қалудан) Бөлек туған. Арғы тегі түптеп келгенде, ноғайлының Мұса ханымен, Орақ, Мамай, Алшағыр, Сидақ (дүрысы Сейд Ахмед – Ә.Қ.), Қарасай, Қазилармен қандас. Сол Бөлек батыр Айт, Бұжыр, Шоң деген перзенттер көрген. Айттан – Қабақ, Тілеу туған. Тілеудің бес ұлы болады. Олар – Есіркеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет және біз айтып отырған Мөңке» (403, 322-342).

Кіші жүздің Шекті елінде Қалудан туған Бөлек батыр туралы мынадай өлең жолдары да сақталған.

*Сұрасаң атамызды - батыр Бөлек,  
Тірескен аспанменен бір бәйтерек.  
Бәйгілі ұлы қиқу жерлерінде,  
Талайлар паналаган көлеңкелен, –*

деген халық аузындағы сөз Бөлектің текті жерден шыққанын паш еткендей, - дейді Шекті ұландарының бірі, белгілі қоғам қайраткері Оразбай Әділбайұлы.

Осы арада мынадай дерекке де жүгіне кетейік. Мұны дарынды ғалым, аз ғұмырында қазақ филологиясына мол олжа қалдырған Құлмат Өмірәлиев (1930-1985) айтады. Ғалым Шал ақын Құлеке ұлының мол қазынасын зерттеп жүргенде (Мұрағат қорында: 4-нөмірлі материал ішіндегі құжаттар деп көрсетілген) «Батырлар туралы және Шал ақын» деген жинаққа көзі түседі де, оны қағаз бетіне түсіреді. Онда былай жазылған екен: «1605 жылдар шамасында Атығай (Арғынның бір бұтағы) ішінде Құдайберді, Бәйімбеттей атақты батырлар: Мендеке, Тілеке//Жантелі, Жәпек болғанын, Тілекенің Құлеке (Шал ақынның әкесі) деген інісі болғаны, Құлеке қартайғанда 12 жасар баласы Төлегенді ертіп Үйсін еліне кеткен жесірді іздел барғаны, Кіші жүзде Бөлек (Қалу ұлы) батырмен соғысқаны, бала Төлегеннің Үйсін қызбен айтысқаны, қыздың «бала да болсан, ақылды екенсің, сенің атың Шал болсын» дегені айтылады» (450, 91).



Ортағасырлық Хорезм хандығының сыртқы көрінісі.

Көне жазба әдебиеттерде бұдан өзге Кіші жүздегі Бөлек батыр туралы мағлұматтар ұшыраспайды. Бұл келтірілген деректің бір құндылығы Қалу ұлы Бөлек батырдың жас шамасын анықтауға мүмкіндік беретіні. 1605 жылдар шамасында Бөлекті Арғынның ішіндегі Мендене, Тілеке батырларымен соғысқанда 35-40 жаста десек, онда Бөлек батыр 1565-1570 жылдары туған деп болжауға келеді. Бұл, әрине, Қалуды 1570 жылға дейін өмір сүрді деп топшылауға тұрарлық. Тарихи құжаттарға жүгініп, әкесі Сейд Ахмед Хорезмге (Ургенішке) 1548-1550 жылдары қоныс аударғанда, Қалудың жасы 10-11-ден аспады дегеннің өзінде, Бөлектің 1560 пен 1570 жылдардың аралығында туғаны ақықаттан алшақ жатқан жоқ. Бұған қарап та Қалудың ұлы Бөлектің нақты тарихта болғаны айғақталады.

Тағы бір қисынды деректі Кіші жүздің, оның ішінде Алты атала «Әлім» ұлысының шежіресін кеңінен зерделеп жүрген зерттеушілер Ж. Дәуренбекұлы мен С. Құттыбайұлы «Алты атала Әлім» еңбегінде келтіреді. Олар Қалу және Бөлек жөнінде мынадай құнды мәлімет береді: «Жаманактың (Шектінің) үлкен ұлы Шыңғыс жылқы қайырып жүріп, өлім халінде талықсып жатқан балаң жігіттің үстінен шығады. Аузына су тамызып, есін жиғызып ауылына алып келеді. Шыңғыс бала тауып алғанын хабарлап, оны сұтке шомылдырып, асықты жілік ұстатьып өзіне бала қылыш жеке үй тігіпті. Балаң жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпапты да, араларында Мәку атала бастапты. Оған Зеріп атты ақылды қызы алып береді, бірақ көп ұзамай жігіт дертке ұшырап қатты науқастанады. Жігіт ауру мендей бастаған соң өлерін біліп Шыңғысқа бар шындығын айтады. Өзінің атының Қалу екенін жасырмайды. Әкесінің аты – Сирақ екен. Сирақтың әкесі атақты ногайлының Мұса ханы екен. Оның бәйбішесінен Сирақтан басқа Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Тоқалдан Мұса ханның жеті баласы болады, үлкені – Ысмайыл екен. Мұса хан өліп Орақ хан болып тұрғанда Ысмайыл бастаған қасастар Орақты айламен өлтіреді. Ысмайыл хан болу үшін енді Орақтың ұлдары Қарасай, Қазидан құтылудың жолын ойлайды. Сөйтіп жүргенде алыс жүртта ілім іздең оқудан қайтып келе жатқан Орақтың үшінші ұлы Айдындылмаш елге жақындағанда жас Қалуды ертіп Ысмайыл алдынан шығады. Жол үстінде Айдындылмаштың садағын алдап түсіріп, оны Қалуға беріп, өлтіртеді. Енді Қалуды өлтіру үшін Қырымнан жаугершіліктен қайтқан Қарасай, Қазиға хабар жібереді. Қалу өзінің алдауға түскенін біліп және кінәсін түсініп, басының ауған жағына кете барады. Ол кезде Ногайлы елімен Кіші жүздің елі қатар жатқан қоңсылас жүрттар ғой. Міне, осы Қалуды Шыңғыс тауып алған.

Өз басынан кешкенді айтып берген Қалу өлім алдында жатып әйелінің жүкті екенін, одан ұл туса атын Бөлек деп қоюды аманат етеді. Сейтіп, Қалу Зеріпке үйленгеннен кейін алты айдан соң қайтыс болады. Зеріп босанғаннан кейін Шыңғыс баланың атын Бөлек қояды, өзіне тен көріп, Жаманақтың бір ұрпағы деп қабылдайды» (405, 21-23).

Авторлардың бірі білікті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері С. Құттыбайұлы «Ата-анаң – аскар биігің» деген еңбегінде (баспадан 2010 жылы шыққан) көп жылғы ізденістерін қорытындылап былай жазады:

Қазақ елінен шыққан алғашқы ғұлама тарихшы 16-ғасырда ғұмыр кешкен Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жамиғ ат-тауарих», яғни «Шежірелер жинағы» атты еңбегі Қазақ халқының мәдени және рухани тарихында бірегей еңбек болып табылады», - деп ататек ізденушісі Қадырғалидың шығармасына оң бағасын береді (407, 5). Әрі қарай С. Құттыбайұлы Едіге бидің шежіресін Қ. Жалайыридың еңбегіне сүйеніп пайымдағаны байқалады:

«...Сонау 16-ғасырда жазылған осы еңбекте біздің арғы бабамыз Едігенің ататегі дәлме-дәл соқырға таяқ ұстаратқандай былай келтіріліпті:

Әуелгі бабасы Әмір Әл-Момын Әбу Бәкір әл Садық разы Алланың төрт ұлы бар еді. Екеуінің кішіі – ұлысы оның аты Мұхаммед атты еді. Шамда патша еді. Оның ұлы Сұлтан Кайб атты еді, ол да Шамда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Хамит еді, ол Сарсарада патша болды. Оның ұлы Сұлтан Қайдар еді, ол да Сарсарада патша болды. Оның ұлы Әбу-л-фана еді, ол Антахияда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Мұхмед еді, ол Антахияда патша еді. Оның ұлы Сұлтан Сәлім еді, ол да Антахияда патша еді. Оның ұлы Сұлтан Садық еді, ол да Антахияда патша болды. Оның ұлы Сұлтан Әбу-л-хақ еді, ол Мадинада патша болды. Оның ұлы Жалаладдин еді, ол Константинде (Константинополь) патша болды. Оның екі ұлы бар еді, бірінің аты Баба Туклас (Баба Тұкті Шашты Әзиз) еді. Баба Туклас Қағыбада патша болды. Баба Тукластың белгілі үш ұлы бар еді. Бірінің аты Аббас, Қағыбаның оң жағында, бірінің аты Абдрахман қожа еді. Ол да Қағыбада жатыр. Үшінші ұлының аты Тырма атты еді. Бұл Тырма (Терме) Еділ-Жайықта (Хасил) қаза болды. Оның ұлы Қарачи атты еді. Ол да Еділ-Жайықта қаза болды. Оның ұлы Ислам-Қия, ол да Еділ-Жайықта қаза болды. Оның ұлы Құтылу Қия еді. Құмкентте қаза болды. Оның ұлы Едігеби (Алла оған раҳмет етсін)». Осыларды айта келіп, Сәкен ойын былай жалғастырады: «Біздіңше Едіге бидің ең толық, әрі нақ шежіресі осы», - деп нықтай түседі де, Қабақ пен Тілеудің ататегін береді: «Едіге, одан Нұрадын, одан Шарапаш, одан Аббас, Габбас. Енді Аббастан Мұсахан, оның бәйбішесінен төрт ұл: Орақ, Мамай, Алшағыр, Сирақ. Сирақтан Қалу, одан Бөлек, одан Айт, одан Қабақ және Тілеу...» (407, 5-6; 405, 43-87).



Ногайлардың көші-қонынан көрініс

Жазушының бұл айтқандары жоғарыда көрсетілген ғалым М.А. Құл-Мұхаммедтің және бірқатар шығыс зерттеушілерінің пікірімен үндес шығады. Біз осының алдындағы ғылыми еңбектерімізде: Кіші жүздің Шекті руының батыры Бақтыбайдың, Шекті Мөңке бидің ғұмырнамасына орай Едіге бидің және оның ұрпактарының шыққан тегін жан-жақты талдап, оған қоса «Замана перзенті» атты кітабымызда өз ой-ұшқынымызды жете білдіргендіктен қазір қайталап жатпай-ақ қояйық (99, 82-87; 408, 13-64).

Демек, Едіге бидің ұрпағы саналатын Қалу Сейд Ахмед би ұлын Кіші жүздің Шекті (Жаманак) руынан тарайтын Айт пен Бұжырдың арғы атасы деуге негіз бар. Қайталап жатсақ, кешіріммен қараңыздар...

Сейд Ахмед бидің ұрпактарына орай тағы бір ғылыми дәйектің бетін ашайық. Оның авторы қазақтың белгілі журналисі, әрі ататек жүйесін байына жеткізіп зерттеп жүрген М. Неталиев. Оның «Кіші жүз шежіресі» шығармасындағы мына әңгімесіне құлақ асайық: «Кіші жүздің Әлім атасы жайлы айтылып та, жазылып та жүрген азыз-әңгімелер, болжамдар аз емес. Олардың қай-қайсысын алып қарасаңыздар да, түп-теркіні бірдейге жуық болып басталады да, талдана, тармақтала келе бір-бірінен алшақтап, әр қияға тартып кетеді. Әрине, кей-кейде 7 атаның орнына 17 аталақты, тіпті болмаса одан әрі теренде, 70 атаны да тармақтауға тұра келгенде, қарама-қайшы, бір-біріне керегар пікірлердің туындастыны әмбеге аяң ғой... Бұл атаның арғы тек шежіресінде де, әр автордың талдауында да

елеулі алшактықтар бар», - деп, автор пікірін ашық ұстанып, әркім өз сөзіне өзі жауап береді деген қағидаға мойынсұнады (406, 216 – 258).

Одан әрі жылжып, шежіреші мынадай мағлұм ұсынады: «...Кіші жүздің 25 рудан тұратын аталағын – 12 ата Байұлы, 7 ата Жетіру және 6 ата Әлім құрайды. Әлімнің бір баласының аты Жаманақ (Шекті) екені жоғарыда айтылды. Осы арада айта кететін бір даулы мәселе бар. Бір шежіреші Жаманақтан – Шыңғыс, Бәубек, Өріс және Мәку туған десе, енді біреуі: Жаманақтан – Жақайым, Өріс, Бәубек және Мәку туған дейді. Мақул. Ал осындағы Мәку Жаманақтың баласы ма, жоқ па? – дейтін сұраққа жауап іздесек, келесі шежіреде (М.Тынышбайұлында) тумаған болып шығады. Ол айтады: «Мұсадан – Алшағыр, Шоғым, Сейдак, Шақ-Мамай, Сары Жұсіп, Алшы, Смайыл. Сейдақтан (Сейд-Ахмедтен) – Мәку (немесе Қалу) туған»... - деп келеді де, М. Неталиев одан әрі Қалудың ұрпактарын таратып жатпайды (406, 244).

М. Неталиев шежіресінде халық арасынан жазып алғып едім деп, мынадай деректі де көпшіліктің назарына ұсынады: «..Мәку інісі Сөре екеуі жаугершілік заманда елінен қашып шығады да, Сөре жолшыбай кездескен Табын жұртында қалып қояды. Ол бір байға жалданып, еңбегі үшін ақысына бір жаман қара тоқты алады. Сол тоқтысы мыңғырған бір қора қойға айналса керек. Содан ол – Сөре тұқымы Каракойлы Табын атанған деседі. Ал Мәку Жаманақтың үлкен ұлы Шыңғысқа тап болып, соның қарамағында қалып қояды да, есімі Мәку емес, Қалу атандып, Шыңғысқа бала болады. Сондықтан Мәкуді (Қалуды) Жаманақтың туған баласы деу қате», - дейді шежіреші (406, 244-245).

М. Неталиевтің одан арғы әңгімесі С. Құттыбайұлының айтқанымен сабактас өрбиді. Жаманақтың (Шектінің) төртінші баласы деп есептелетін Қалу қайтыс болғанда әйелі Зеріптің ішінде қалған ұлына әкесінің өсіетімен Бөлек есімі беріледі. Бөлектен – Айт, Бұжыр, Алатай деген үш бала туған, соңғысынан ұрпақ тарамаған. Бір кезде үш Шекті (Шыңғыс, Бәубек, Өріс) атанған ел бертін келе, Бөлектен туған Айт пен Бұжырды қосып, Бес Шекті елі атанады.

Айттан – Тілеу, Қабақ, Шоң... Бұжырдан – Назар, Шүрен, Жокей (Жекей), - деп шежіреші М. Неталиев жоғарыда берген мағлұматтарын тиянақтай түседі (406, 251-253).

Едіге эпосын көп жыл зерделеп, осы тақырыпқа докторлық диссертация қорғаган, Қалу ұрпактарының бірі, Ақтөбелік ғалым Ж. Асанов «Тілеу Айтұлы туралы» мақаласында атасы Қалудың (Мәкудің) ататегін көрсеткен-ді:

«Баба Тұкті Шашты Әзиз – Құттықия – Едіге – Аббас – Ғаббас – Шәдіре – Мұса – Сидақ – Орак, Мамай – Мәку – Бөлек – Айт – Тілеу,

Қабақ» (409, 379). Зерттеушінің еңбегінде кейбір жаңсақтықтарға жол берілгенімен, Тілеудің арғы тегі Қалу мен Бөлекке, одан бара-бара ноғайлының Едіге биіне тірелетіні тарихаттағы түзілген мәліметтерге сәйкес келеді. Фалым әңгімесін әрі қарай жалғастырып: «Тілеудің арғы атасы – Ноғай Ордасының билеушісі Мұса. Мұса мен Жаңбыршы бірге туған. XV ғасырда Алтын Орда ыдырап, жеті хандыққа бөлінген де Мұса – Ноғай Ордасын, Жаңбыршы – Астрахань хандығын билеген. Бұл да тарихта айқын жазылған ақықат. Мұсадан: Сейдақ, Орақ, Мамай, Алшағыр туған. Сейдақтан Мәку (Қалу), одан Бөлек, одан Айт пен Бұжыр, Айттан Тілеу мен Қабақ туған. Сарышолақ шығарған атақты «Тілеу – Қабақ» әні осы кісілерге арналған. Жаңбыршыұлы Телағыс та хан болған. «Телағыс» дейтін эпостық жыр да бар. Ал әйгілі «Орақ – Мамай» жыры баршага мәлім. Міне, Тілеудің арғы аталары туралы осындай мәлімет бар. Ал, Тілеу мен Қабақтың бергі ұрпақтары – Қалдыбай хан, Әзберген хан, мың жылдығын болжаған Мөнке би, Сары Шонай, Қаражігіт, Мырзагұл билер мен Сарышолақ шайыр, Бақтыбай, Көтібар, Есет, Қарағұл, Ерназар, Бекет батырлар», - деп ойын тиянақтай түседі (409, 380 – 381).

«Алшын шежіресін» бірнеше рет аударып-төңкөріп саусағын талдырған шежіреші әрі ғалым Т. Үсенбаев осынау көлемді еңбегінде Бөлек аталығына әдейі бір бөлім арнап, оны былай атапты: «Әлім – Жаманақ – Шыңғыс – Қалу (Мәку) – Бөлек». Автор осы тақырыпты әдейі нақтыладап аша түседі:

...Әлім – Жаманақ (Шекті) – Шыңғыс – Жақайым – Қалу (Мәку)... Қалу Шыңғыстың тауып алған киімді баласына саналады. Бұның ұрпақтарын «Қыр Шектісі» деп атаған (410, 3-19). Шығарманың авторы ноғайлардың биі Сейдақтың ұлы Қалудың тағдырына байланысты әңгімесін төмендегіше жалғастырады. Бұның тарихи құндылығын және Кіші жүздің бес Шектісіне тікелей қатысы барын қаралғанда алғып, ұзақтығына қарамастан мәтіннің мазмұнын (автордың айтуын өзгерпестен) толық беруді макұл көрдік.

Хош! «...Сонау өткен заманда қазақтың бақуатты бір байы экесіне ас жасап, үш жүздің адамдарын асқа шақырыпты. Сол асқа Жаманақтың үлкені Шыңғыс атамыз қатыспақшы болып күндік жерді бетке алғып жолға шығады. Тұс ауғанда намаз оқу үшін жол шетіне бұрылып шығып, кідіреді. Жол шетіндегі ағаштың көленкесіне келсе, үйіктап жатқан 8-10 жас шамасындағы бір баланың үстінен шығыпты. Намазын оқып болған соң, баланы оятып алса, ашығып, шөлдеп, талықсып қалған екен дейді. Аузына торсығынан су тамызып ішкізіп, шөлін қандырып, есін жиғызып жөн сұрайды. Бала: «Әке-шешем де, жанашыр ағайын туысым

да жок, тұлдыр жетіммін», - дейді. Шыңғыс баланы атына мінгестіріп ала кетеді. Ас жасалып жатқан ауылға жақындағанда, екінді кезінде, Шыңғыс баладан: «Атың кім? Егер басқа қамқор болар ешкімің жоқ болса, онда маған іні боласың ба? – деп сұрайды. Бала: «Атым Мәку, Сіздей ағам болса, арманым болмас еді», - дейді. Сонда Шыңғыс: «Ендеши, екеуміз келісіп алайық. Мен алдымыздың көрінген ауылға асқа бара жатырмын. Осы жерден түсіп, сен де сол ауылға өз бетіңмен барып, көппен араласып тамақтанып, қонатын бол, көп ішінде сенің кім екенінді ешкім білмейді, тамаққа тойып алып ұйықтап демал. Ертеңіне асқа жиналған көп елдің бір шетіне шығып: «Жаманақ деген кісінің баласы едім, Шыңғыс, Өріс, Бәубек деген ағаларым бар еді. Менің жастау кезімде ауылымызды жау қалмақтар шауып, малымызды барымталаپ алышп, мен жау қолында тұтқын болыш кетіп едім. Қазір есейген соң қалмақтардан қашып құтылып, елге келе жатқан бетім осы еді. Қадірлі халайық, араларыңызда сол менің туыстарымды білетіндерініз бар ма, бауырларыммен табысуға көмектесініздер?!» - деп сұрау сал. Сол кезде мен де бір шеттен: «Уа, жамағат! Сонау бір жылы жау қалмақтар бүйқыт жатқан ауылымызды төтеннен келіп шауып, мал-жанымызды олжалап кеткенде ішінде Мәку деген інім де кетіп еді. Егер тірі жүрсе, есейіп елін табатын уақыт жеткендей болды. Араларыңызда ол туралы білетіндерініз бар ма?! Болса, куанышты хабарын айтышп, сүйіншісін алыңыздар», - деп жар салармын. Бірақ көптің ішінен біреулер ініңдің қандай белгісі бар еді деп сұрауы мүмкін. Сонда мен не айтамын, талбоянда қандай белгі бар еді?» - деп сұрапты. Сол кезде бала (Мәку) жейде көйлегін шешіп, арқасындағы алақандай менін-қалын көрсетіпти. Сонымен екеуі макұлдастып, екі бөлініп жүріп ауылға келіпти...

Әдеттегідей ас беретін бай ауылы үш жұзден келген адамдарды арнайы тігілген үлкен ақбоз үйлерге орналастырып, көліктерін жайлап, өздеріне ас әкеліп қызмет етіп жатты дейді. Үш жұзден келген игі жақсылар ас иесіне: «Алла қабыл етсін, әруақтарға тиे берсін! – деп, он тілектерін айтышп, аталы сөздер бастап, тәлім-тәрбиелік өсиетті ғибратты әңгіме-дүкен құрып отырды дейді. Сыйлы қонақтарға сапырылып сары қымыз құйылды, табақ-табақ ет тартылды дейді... Міне, осы көптің бірінің ішінде, Шыңғыс айтқандай, Мәку де бар еді...

Ертеңіне кешегі екеуінің үәдесі бойынша, Шыңғыс бір шеттен, Мәку бір шеттен, әрқайсысы өзінше бірі інісін іздел, екіншісі бауырын (агаларын) іздел жар шақырып сұрау салып, көпшілікке хабар таратыпты. Хабар бірден бірге жетіп таралып, Шыңғыс пен Мәкуге естіліп, олар сол жерде кездесіпти. Шыңғыс «інісінің» арқасында алақандай мені

бар екенін айтып, көптің көзін жеткізіп, «інісін» сол жерде құшақтаң бауырына басыпты дейді. Астан кейін Шыңғыс «інісін» (Мәкуді) ауылына әкеліп, ауыл-аймақты жиып, той жасап өзіне бала етіп алышты. Арқасында қалы-мені болғандықтан оған «Қалу» деп қайтадан ат қояды. Себебі тал бойында мені-қалы бар баланың атын «Мендібай», «Қалдыбай», «Қалдыбике», «Қалу» т.б. қоймаса, мені-қалы өсіп кетіп, ол баланың өміріне зиянын тигізеді деген халық арасында ұғым бар еді. Қалу (Мәку) мінез-құлқымен де, тындырымды ісімен де жаңа тумаларына, ағайындарына жағымды болады. Оған құда түсіп, Зеріп деген бір қызды әйелдікке алып береді, отау тігіп өз алдына бір шанырақ етіп шығарады. Зеріп екіқабат болып, қуаныштары қойнына сыймай нәресте қүтіп жүргенде, тағдыр Қалудың ғұмырына тосқауыл жасап, жігіт ауыр дерктек ұшырап қатты науқастаныпты. Ол аурұ мендей бастаган соң, елетінін білген болуы керек, Шыңғыс әкесіне оңашада шындығын ақтарып айтыпты дейді: Әкесінің аты – Сирақ, оның әкесі Ноғайлы Мұсахан Едіге батырдың төртінші ұрпағы (шөпшегі). Мұсаханның бәйбішесінен Орақ, Мамай, Алшағыр, Сирақ, ал тоқалынан Ысмайыл (Әнжі Ысмайыл деп аталған алаяқ еді дейді), Шамай, Арыстан, Қабылан, Аймамбет, Саймамбет, Қонақ – он бір баланың бірі Сирақтан туғанын айтыпты дейді.

Мұсахан қайтыс болғаннан кейін, Орақ хан болып тұрғанда, «Әнжі Ысмайыл» өзінің жақтастарымен бірігіп, қундестікпен Оракты айласымдықпен өлтіреді. Ысмайыл өзі хан болу үшін енді Орактың ұлдары Қарасай мен Қазиды да өлтіріп, құтылудың жолын іздейді. Сөйтіп жүргенде ілім-білім іздел алыс жүртта оқып, оқудан еліне қайтып келе жатқан Қарасай мен Қазидың інісі Айдындылмаш елге жақындағанда Ысмайыл Мәкуді ертіп алып, оның алдынан қарсы алған болып шығыпты дейді. Бірге келе жатқан жолда Айдындылмаштың садағын алдап алып, Мәкуге беріп, аңқау інісін ту сыртынан Мәкуге атқызып өлтіртеді. Енді Ысмайыл сүм Мәкуді өлтіру үшін Қырымнан жаугершілкten қайтып келе жатқан Қарасай мен Қазига: «Айдындылмашты Мәку өлтірді», деп шұғыл хабар жібереді. Сонда Мәку осы хабарды өзінің басқа бір жақтас жанашырынан естіп, алдауға түскенін түсініп, кінәлі екенін енді біліп, бас сауғалап, өзін өлімнен құтқару мақсатында елінен қашып бет алды құла дүз кете барады. Сол кеткеннен кетіп, ашығып, талықсып жатқан жері осы еді дейді. Оның үстінен Шыңғыс атамыз шығып, Мәкудің өлмей аман қалуына себепші болған екен дейді.

Осы хикаяны айтып болып Қалу (Мәку) әйелі Зеріптің екіқабат екенін, ұл туса атын Бөлек деп қоюды аманат етіп тапсырыпты дейді. Сөйтіп Қалу (Мәку) Зеріпке үйленгеннен алты ай өткенде дүниеден

өтілті. Бұл хикаяны кезінде Шыңғыстан басқа ешкім білменті. Өлер алдында иманын үйіріп отырған молда сөзге келмей, ауыр хал үстінде жатқан Қалудан дінін, тегін сұрап отырыпты. Қалу молдаға дастархан шетінде жатқан сүйекті ымдағ көрсетіпті дейді. Оның осы ымынан Қалу (Мәку) ақсүйек тегінен екенін молда түсініпти.

Жесір қалған Зеріп, Қалу өлгеннен кейін ұл туып, оның атын әкесінің өсінетіне сәйкес Бөлек деп қойып, Жаманақтың Шыңғысының бір ұрпағы деп санапты...», - деп зерттеуші Тенізбай әңгімесін аяқтайды (410, 245-247).

Кіші жүздің Шекті руынан тарайтын Қабақ Жангелді аталағынан шыққан, өз ататегін жарты ғасыр сараптаған аяулы азамат Мұсағали Матқанов Қалудың да ата-бабасын баяндай келіп, оның ұрпақтары Шектілердің бір аталағы Айт пен Бұжырдың арғы атасы Қалуға тіреп, мына мағлұматты ұсынады:

«Тарихтан белгілі Мұсаның бәйбішесінен – Орақ, Мамай, Әлшагыр, Садық, Загипа; тоқалынан – Арыстан, Қоблан, Смайыл, Жаманил, Аймамбет, Саймамбет, Қонақ деген балалары болған.

Ер жеткен соң екінші әйелдің балалары бәйбішеден туылған балалар арасына іріткі салып, Оракты өлтірген. Сирақтың балалары Қалу мен Сарыны азғырып, Орактың баласы Айдындылмашты атып өлтірткізгенді. Бірақ, балалықпен арандатушылар сөзіне алданғандарын сезінген, Қалу мен Сары елден безіп, қаңғып кеткен. Әлім еліне іліккен Қалу Жақайымға бала болады да, Сары Табын руының ішінде Шөмішті қарақойлыға кірме болыпты дейді бізге жеткен ел аузындағы шежіре.

Сол Қалудан – Бөлек – Айт, Бұжыр тарайды. Ал Сарының ұрпақтарынан Лабақ тарады деген дәлелге негіз бар. Қалудың Шекті еліне сіңуін әнгіме етсек: Жаманақтың ұлken ұлы Шыңғыс өлім халінде жатқан балаң жігітті тауып алғып, есін жиғызып, аулына алып келеді. Шыңғыс бала тауып алғанын хабарлап, оны сүтке шомылдырып, қолына асықты жілік ұстатьп, баласы ретінде бөлек отау тігіп беріпті. Жігіт өзінің аты-жөнін, шыққан тегін айтпай, ауыл-үй арасында Мәку атасып кетіпті. Мәкүді Зеріп атты қызға үйлендіріпті. Көп ұзамай ауырып, ауруы мендей бастағанын сезген Мәку Шыңғысқа бар шындықты айтыпты...

Атының Қалу екенін, әкесінің аты Сирақ екенін жасырмай баяндап, өзінің басынан кешкен оқиғаларды айтады. Қалу өлім алдында жатып, әйел Зеріптің жүкті екенін, оған ұл туса атын Бөлек қоюды аманат етеді. Зеріп босанып ер бала туады, атын Бөлек қояды. Кейін Зеріпке Өріс неке салған, Бөлектің Өрістің баласы деп атануы да осыдан. Осы деректерге сүйеніп, Жаманақтың төртінші баласы – Маку (Қалу), одан Бөлек баба-мызы болып ары қарай жалғаса береді» (411, 4).

Бөлек батырдың бәйбішесінен – Айт пен Бұжыр; Жекей атты тоқалынан – Ақмалай, Олжабай, Шағатай, Бұғыбай, Жаңабай. Жекейден туған бес ұлының ұрпағы кейін шешесінің атымен «Бес Жекей» аттып кетті, өздерін «Шектіміз» дейді, осы автор.

Тектінің тұяқтары саналатын Бөлек Қалуұлынан тараитын Айт пен Бұжыр ұрпақтары қазір мыңдаған саналады. Соңғы екеуінің тұқымдарынан шетінен батыр мен би, көсемсөздің шеберлері, беделді, атақты бақ қонған адамдар шыққаны тарихи жазбалардан көрінеді. Айттан бастау алатын Тілеу мен Қабак, Бұжырдан – Назар, Шүрен, Жекей ұрпақтарының ата қонысы негізінен Ақтөбе облысының аймағы мен Арап тенізінің екі жақ жағалауы болып табылады. Олардың бір-екеуінің есімін атауды перзенттік борышымыз санадық.

XVII-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген ұландардың атақтылары Сарышолақ шайыр шырқаған «Тілеу-Қабак» әнінде басты кейіпкерлер қатарында аталыпты. Әп дегеннен ауызға ілігетіні, 1681 – тауық жылы қазақ пен қалмақ арасындағы екі жүз жылдық тарихы бар соғыстың бір кезеңінде Сайрамға (ойраттарға) Батыс өлкеден қол бастап барған Тілеу Айтұлы және Кіші жүздегі оның ет жақын бауырлары Қалдыбай, Жолдыаяқ, Тайлақ батырлар туралы ел ішінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ақиқат пен аңызға негізделген әңгімелер көп. Солардың бірінде қолбасшы атанған Тілеу батырдың жеті мұындағы қол жинап, Тәуке ханның алдынан өтіп, Сайрам соғысына қатысқаны, 1684 жылы ел тәуелсіздігі үшін аскан ерлік көрсеткен батырдың ат үстінде шейіт болғанын батырдың ұрпақтарының бірі Қанатбай Елеусізұлы толғана жазады (404, 3-160; 406, 252). Бертінгі замандағы осындай жайсандар Әзберген хан, мыңжылдығын болжаған Мөңке әулие, Сары Шонай, Қаражігіт, Мырзағұл билер мен Бақтыбай, Көтібар, Есет, Карагұл, Ерназар, Бекет сынды батырлар болса, Бұжыр аталығынан XX ғасырдың мәдениеті мен тылымын аспанға көтерген Ахмет, Құдайберген Жұбановтар, Айттан – халық жазушысы Тахаи Ахтанов шыққан (406, 253).

Калу ұрпағы Тілеудің жеке басына тоқталсақ, батыр үш әйел алған. Бірінші әйелінен Есіркеміс, Әлдеберді, Жолдыаяқ, екінші әйелінен (Сыр бойының қызы дейді) – Жақсымбет туған. Тілеу 39 жасында қаза тауып, Жақсымбеттің анасы елдегі әменгерлік дәстүрге бағынбай, баласын алғып, Түркістан жаққа көшіп кеткен. Ал үшінші әйелі Тілеуді: «Адамның нағыз сұнқары, мінгені аттың тұлпары» деп бағалап, онымен көңіл қосқан, ақылына ажары сай қырғыз Ақкісі деген жарықтықтың Сұлу атты ару қызы екен. Бұл әйелінен байтақ қазақ жұртына әулие атанған сәуегей, аскан ойшыл, философ Мөңке би туған. Ол тұрасында

қадым заманнан белгілі тарихи оқиғалар мен аңыз-әңгімелер халық арасында жеткілікті.

Мөңке Тілеуұлы (1679-1756) – өз заманында билікке араласқан қоғам және саяси қайраткер, айтулы ақын-жырау, әйгілі би, болжампаз данышпан. «Мөңке би айтыпты» дейтін сөздер ел аузында кеңінен таралған. Соның бірін осы арада келтіреік. Мұны кезінде ғұлама ғалым, халық ағартушысы Ахмет Байтұрсынов халыққа үлгі-өнеге ретінде айтқан екен. Әңгіменің түп-төркіні мынадай:

«Бір судың бойына бай ауылы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе керек. Байдың астындағы асая байтал солардан үркіп кетіп, тулаған кезде байдың басындағы бәркі ұшып түседі де, одан сайын осқырына тулаған байталдан оның өзі құлап, лезде жан тапсырады. Байдың елі балалардан құн өндіру мақсатында жиналдып, кінәлі деген адамдарын шақырады. Бірақ бірнеше құн айтысып-тартысқанмен жиналғандар дауды шеше алмайды. Сонда тайға мінген жеті жасар бала жетіп келіп: «Билікті маған берініздер, мен-ақ шешіп берейін» - депті. Үлкендер жағы: «Ақыл – жастан!» деген сөз бар емес пе, сөз билігін берейік деп келіседі. Әлгі бала: «Менің айтар билігім мынау. Ердің құны – жүз жылқы. Бұл істе тентек тек балалар ғана емес, тентек – төртеу болып тұр. Әуелі ойнап жүрген – бала тентек, екінші оны құған – бай тентек, үшінші үркіп тулаған – байтал тентек, төртінші – ұшып түскен бөрік тентек. Осы төрт тентекке жүз жылқы болінуі керек! – дейді. Дау солай аяқталады. Міне, сол бала үш жүзге мәлім, есімін ел-жұрты ардақтаған Мөңке би екен» (406, 253-254).

Мөңке сәуегей алдағы үш жүз жыл шамасындағы болашақты да болжап кетіпті, ол кешегі Кеңес дәуіріндегі кезенге дөп арналғандай:

*Өзім атты балық шығады,  
Бармақтай зат тауды жығады,  
Ұсул жадит деген кітап шығады,  
Бай құрып, бақсы азады,  
Кек көбейіп, бишара озады.  
Түрлі-түрлі халық болады,  
Күндіз түні жарық болады,  
Бұқараны құм алады,  
Төрт көлді су алады.  
Құ кесектен үйің болар,  
Құбылмалы биің болар,  
Ежірей деген ұлың болар,  
Бежірей деген қызың болар,  
Адырай деген әйелің болар,  
Кекірей деген келінің болар.*

Жарықтық, Мөңке әулие болашақ үрпақтары жайлы былай толғаныпты:

*Тапқанын олжаса дейді,  
Әлнам білгенді молда дейді.  
Бір-біріне қарыз бермейді,  
Шақырмаса көрши көршіге кірмейді.*

*Кебір жерге теңеледі,  
Әйел ерге теңеледі.  
Көл теңізге теңеледі,  
Сиыр өгізге теңеледі.*

*Кер заманның кезінде сұы тартылар,  
Қарап тұрган жігітке қызы артылар.  
Әйелі базары болар,  
Еркегі қазанибы болар.*

*Көлдің сұы бітін, табаны қалар,  
Аттың жүйрігі бітін, шабаны қалар.  
Жігіттің ақылы бітін, амалы қалар,  
Астықтың басы кетін, сабаны қалар.*

*Әйелдің ұяты кетін, ажары қалар,  
Әулиенің әрудагы кетін, мазары қалар.  
Адамның жақсысы кетін, жаманы қалар,  
Жақсының атагы кетін, азабы қалар,  
Ақылы жоқ санасыздың заманы болар.*

*Ішкенің сары су болады,  
Берсек имің ішпейді,  
Бірақ адам оған құмар болады.  
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады.  
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады,  
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.  
Бетіңнен алып түсетін інің болады,  
Алашұбар тілің болады.*

*Халықтың қанын сорған адамдар болады,  
Қабагын түйіп қайыр тілейтін адамдар болады,  
Қиналғанда шапагаты жоқ жақының болады.  
Ит пен мысықтай ырылдасқан,  
Еркек пен қатыны болады.*

*Сарылып келіп тосасың,  
Құны жоқ қағазды судай шашасың.  
Соның бәрін көресің,  
Көріп бәрін өлесің,*

- депті (381, 53-54).

Мөңке бидің есімін ақын, жыраулар, көсемсөзді шешендер де ілтипатпен атап отырған. Бұны Сары Шолақ шайырдың тілімен айтсақ:

*Tілеудің ұлы Мөңке еді,  
Алты Алашқа бас болған.  
Қара мойын серке еді,  
Қыында көңіл сілтеді.*

Калу ұрлағының бірі Кіші жүздегі Мырзагұл би Шыманұлы (XIX ғасыр) үлкен бір жиынды, Көкжар жәрмеңкесін ашуға өзінің атақ-абыройының жететінін дәлелдеу үшін:

*Қарадан хан болған Әзберген, Қалдыбайым бар,  
Ұранга шыққан Бақтыбайым бар,  
Үш жүз жылды болжасаған Мөңке ғулием бар,  
Қыдырыды үш көрген Сәңкібайым бар,  
Төрт құбылам тең емес ne?  
Осы жиынды ашу маган қол емес ne?*

- деп жәрмеңкені ашуға қол жеткізген екен (481, 55-56).

Калу мен Бөлектің тұқымдары

- Қабак үрпақтарынан бүкіл исі қазаққа мәлім қарадан хан болған Қалдыбай мен Әзберген, аты бүкіл Шекті елінің ұранына айналған Бақтыбай батыр шықты.

Жас батыр Бақтыбайдың 13 жасында (1718 жылы) әйгілі Тама Есет батырдан бата алып, Шекті елінің жасақтарының басында, аты 23 жасында ұранға айналуы бұның да ататегінің осал емесін байқатады. Қазақ тарихынан орнын ойып алған, аттары ел аузында аңызға айналған Көтібар, Ақтан, Жылқыламан, Жанқожа, Есет Көтібар ұлы, Қайдауыл, Қарағұл, Елтізер, Жәлімбет және басқа батырлар жауларына «Бақтыбайлап» шауып, қамал бұзған, жекпе-жекке шыққанда, жауларының пысын басқан. Бұған дәлел ретінде Шекті елінде сақталған мынадай жыр шумақтарын кездестіреміз:

*«Біздің ел отырады Хобда жайлап,  
Жанында жайылады бота-тайлақ.  
Әлімнің наиза ұстаган батырлары,  
Жауына аттанады «Бақтыбайлап» (381, 24).*

Ел аузында сақталған осынау жыр-дастандарда терен сыр жатқаны баршаға мәлім.

Төлесұлы Бақтыбай батыр 1706 жылы, яғни мұсылманша жыл қайтарумен санағанда ит жылы туыпты. Ол 13 жасында өзінің ұстаз батыры Есет Көкіұлынан бата алып, 1718-1767 жылдар аралығында, жоңғар басқыншыларына, түрікмен жәуміттеріне, патшалық Россияның отаршылдық саясатына қарсы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының бел ортасында жүрген қаңарман. Оның есімі Алты аталы «Алым» ұлысының Жаманақтан (Шекті) тараған сарбаздарының ұранына айналған. Бес Шектінің жауынгерлері жауларына қарсы аттанғанда: «Бақтыбай! Бақтыбай!» - деп күнірене ұран тастайды екен.

Қасиетті батыр бабамыз Бақтыбай 1767 жылы қаңтар айында сыртқы жауулармен болған шайқаста қаза тауып, қазіргі Ақтөбе облысы Байғанин ауданында, Жем өзенінің бойындағы Оймауыт аулындағы «Қарасақал әулие» қорымында жерленген. Оның мазары мемлекеттік қорғаудағы тарихи ескерткіштер санатына ілінген. 1998 жылы қыркүйектің 24-26 күндері Республика деңгейінде оның туғанына 300 жыл толуына орай Шалқар ауданының Бозай ауылында садақа беріліп, батырдың басына соңғы жобамен салынған сәүлетті кесене тұрғызылды. Осындай кесене (ескерткіш) Ақтөбе қаласының бір қорымында бой көтергені де көңіл аудараптық (410, 250-251; 99, 88-346; 412, 515-518; 413, 121-122; 414, 258-287).

Қалудың ұрпағы саналатын Кіші жүздің Шекті еліне белгілі Қабақ руының Қарабас, Жапақ аталығынан тарайтын Бәсен ұлы Көтібар да атақты батыр, қазак халқының тәуелсіздігі жолында еселеп тер төккен тұлға. Оның бәйбішесі Адай руының қызынан алты ұл туады: Сарбөле, Сатай, Шынтемір, Матай, Есет, Дәрібай, Тінәлі. Соңғысынан – Арыстан батыр туды. Атышулы Көтібар батыр XVIII-XIX ғасырдың тоғысында, 80 жасап, дүниеден озды.

Оның айбарлы ұлдарының бірі, тәуелсіздік тұғырын аңсаған Есет Көтібар ұлы 1803 жылы туған, 1889 жылы 86 жасында дүние салған. Есет батыр бір елдің басшысы, тұра би, әулиесі ғана емес, бүкіл Алышын ұрпағының ақылшы – би, арқа сүйеген данасы болғаны тарих бетінде хатталған. Оның орасан кеменгерлігі, мәмілегерлігі Тауман Төреканов ағамыздың «Дала Геркулесі» атты еңбегінде жан-жақты көрініс тапқан.

Көмей ақын Сегіз сері, Қалудан туған Бөлек батырдың ұрпағы ел қамын жеген Көтібар дүниеден өткенде, мынандай жоқтауды толғаған екен, оны да осы арада бере кетсек әбестік етпес:

*«Кешегі өткен Көтекем,  
Алишин елі ішінде,  
Әлімнен шыққан ұланды,  
Сырымның жосолын құганды,  
Шекті-Табын агасы,  
Бәсен батыр баласы,  
Аргы тегі Ер Бөлек  
Қасиетті бабасы.  
Бөлектен туган Қабақтың  
Қабыл болған тәубесі»,*

- депті (381, 52).

Тағы да шежіреге жүгінейік. Қалудан тараған көп ұрпақтардың бірі Бұжыр аталығы. Бұдан – Назар, Шүрен және «Бес Жекей» ұландары. Назардан: Құбатай, Қосым, Бәйімбет, Есентемір, Жақсылық, Сәңкібай, Айдар, Жортпас. Шүреннен: Жартыбай, Төлеп, Көшкінші, Жаман, Аман, Кешубай. Бұлар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында тұрады. Атақты төкпе ақын Нұрпейіс Байғанин осы Шүреннен шыққан ұрпақ.

Бұжыр аталығынан XX ғасырда әдебиет және қазақ музыкалық аспаптарының құлағында ойнаған ағайынды «қос жүлдyz» Құдайберген және Ахмет Жұбановтар халық мақтанышы. Бұжыр ұрпақтарының ата-тегін жаңа замана түрғысынан зерттеуді қолға алса құба-құп болар еді...

Ғасырлар тоғысында тағы бір тарихи дерекке көз тастайық. Елдің қоғам қайраткерінің бірі, әрі ақын, әрі жазушы С. Құттыбайұлы Шекті ұрпақтарына арнап «Бөлек мырза» дастанын жазды. Ол автордың «Қырық жол» атты кітабына кірді, ондағы мынадай жыр шумақтары ойға еріксіз оралып, жан - жүйенде толқытады:

*«...Сол Бөлектен  
Қырық батыр, отыз би,  
Шыққан екен,  
Шырқат шайыр, елді сүй!*

*Арындаған ақын болмас арқасыз,  
Болмақ емес жеке, дара елсіз би.*

*Би, батырды елі итерген ерлікке.  
Нелер етсін қозғалмайтын жер-нұкте,  
Аударатын айдындарды жесел күтпе,  
Жер-ана да багынады теңдікке.*

*Теңдік іздең  
Ірге қосқан бабалар,  
Шайқатылып шашу шашқан аналар.  
Теңдік іздең  
Құлан құлан жарадар,  
Үзіп бұйда елге тартқан қара нар...  
Бек Бөлектен Айт пен Бұжыр тараган.*

*Айт, Бұжырды нар деп қалай айтпаймын,  
Бастап кеттім бір бетімнен қайтпайын.  
Ұзын балам,  
Бабалардың жүрттына,  
Барал десең  
Деп айтпасынын,  
Қайт кейін» -*

деп толғанады Сансызбай шайыр (414, 284-285).

Дастанның тағы бір жерінде жастардың зердесіне осы ақын мынадай тағылым тастайды:

*«...Ата-бабаң батыр, биден – асылдан,  
Аз тұшынып, көбінесе ашынған.  
Қан, тер сіңген Қазақия жерінде,  
Бейіттері моншақтайын шашылған.  
Тілеу, Қабақ, Назар, Шүрен – арыстар,  
Бақтыбай би, дүр Көтібар, Арыстан.  
Мөңке, Дастан, Есем, Бекет, Ерназар,  
Байрақ, Қайрақ, Тұяқ желмен жарысқан...» (414, 285).*

Қалуға байланысты тағы бір мәлімет. Қазақстанның белгілі тарихшыларының бірі, профессор Хамит Маданов және басқа зерттеушілер «Кіші жұз шежіресі» төңірегіне қалам тартып, Алты ата «Алым» ұлысына кірген руларды талдай отырып, Жаманақ (Шекті) руына жаттын аталықтарды Жақайым, Баубек, Өріс, Мәку (Қалу) деп таратады. Одан әрі ғалым: Мәкуден – Бөлек. Бөлектен – Айт, Бұжыр туған - деп көрсетеді (379, 119-123; 415, 245-251).

Осынау деректерінің бір жерінде автор: «Бөлекұлы Бұжырдан – Назар, Шүрен, десе, басқа бір жолында: «Әлімде «Шекті» атанған Өріс пен Мәку ұрпақтары: Кішкене, Қабақ, Тілеу, Назар, Шүрен рулары – Бес Шекті», - деп қысқартып жібереді (415, 125).

Сайып келгенде, Кіші жұздегі қай шежірені алсақ та, Алты атала «Алым» ұлысына жаттын Жаманақ (Шекті) аталығының бір баласы Қалу болып шыға береді. Одан Бөлек батырды туғызады. Бұлардың

арғы тегі Сейд Ахмед (Сейдақ), шамамен 1532-1548 жылдары Ноғай Ордасының астанасы Сарайшықта билік басында отырганы, оның әкесі атақты «Бегілер begі» отыз ұлды Мұса хан (1457-1502 жылдары) Ноғай Ордасының төбе би, одан әрісі әйгілі Едіге би (1396-1419) Ноғай Ордасының шаңырағын қолымен көтерген тұлға екені кітаптың өн бойында баян етілді.

### § 3. Алшын тайпасы және Шектілер

Алтын Орданың мемлекет қайраткері, атақты Едіге бидің және оның атышулы ұрпақтарының қолымен жасақталған Ноғай Ордасының тарихында Алшын мен Шектілердің елеулі рөл атқарғаны белгілі. Енді бір мезгіл осы айтылғандарды зерделеп, Алшын тайпасына ру ретінде кірген Шектілердің мән-жайына тоқтала кету ләзім. Ашығын айтсақ, Алтын Орда тағында Өзбек және Жәнібек хандар отырган тұста Алшындар оның төңірегінде болып, ханнан кейінгі жоғарғы «Бегілер бектің» лауазымын иеленіп, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына қомақты үлес қосқаны тарихнамадан мәлім (106, 218).

Көне тарихи мағлұматтарға ден қойсақ, Қажы Тархан қамалының іргесінде тұратын Кондырау ноғайларынан терілген азыз-әңгімелерде Әмет есіміді адамның «Хамат» аталып, оның өмір белестерінен азмаз хабар берілген. Алтын Орда жұрты мұсылмандықты Берке хан кезінде қабылдағанмен, оның біржола тұрақтауы Өзбек хан дәүіріне жататыны да қадым заманинан аян. Осынау Кондырау ноғайларының айтуынша, Хамат-ата немесе Хамат хазірет Қажы Тарханда алғаш рет мешіт тұрғызыпты. Мешіт тұрғызып жатқанда құрылышылар «Құдай жолына» деп, тұғырға кәпірдің баласын салып жіберген. Мұны естіген діндар Хамат жарықтық: «Қап, Қажы Тархан-ды орысқа қолдан беретін болдық-ау», - деп қаймығыпты. Келешекте сәуегейдің айтқаны айна қатесіз келіпті-міс. Кезінде Өзбек хан Қажы Тарханның билігін Әмет әмірге алып береді, кейін мұрагерлік жолмен онда ұлы билеуші болған. Ол орыс құжаттарында қате хатталған Салчей (немесе Салчен) атты адам екенін Ш. Уәлиханов пен академик Ә. Марғұлан пайымдайды. Бұл кісі Ақсақ Темірдің




Жалаңтөс бақадур  
(1576-1656)

қолынан жан тәсілім тапсыратын Сәмет Хамат ұлы болса керек деген алып - қашпа әңгімелер кезігеді.

Өзбек пен Жәнібек хандардың күйеу балалары Ахмет пен Әмет, және Әметтің (немесе Хаматтың) ұлы Сәмет Тоқтамыспен сыйыса алмай, Дешті Қыпшақты сағалап ойысқан сықылды. Академик Ә. Марғұланның айтуынша, Иса бектің ұлы Ахмет Дешті Қыпшаққа, дәлірек айтсақ, Ордабазарға өзгелерден бұрын «қашып шығып», дербес Қазақ хандығының іргетасын қалаушылардың бірі болғанға ұқсайды. Шамасы, Алтын Орда төңірегіне қайтып оралмай, Ұлытауда қалып қойған Ахметке Тоқтамыспен сыйыса алмаған інісі Сәмет ел-жұрттымен көшкенге саяды. 1391 жылы Тоқтамыс ханға Ұлытау арқылы жорық жасаған Ақсақ Темір Ахмет пен Сәметті дінсіз, пүтқа табынушылар деп дарға асқаны тарихи деректермен қабысады.

Осынау деректерге қарағанда, Әмет және Сәметтерге еріп барған алшындар Алтын Ордадан жырақтау түрған Ұлытауда, Ордабазар аймағында тұрақтап қалса керек. Өйткені, тарихнамада тіркелген мәліметтерде, Жошы ұрпақтары Орда-Ежен, Құйынжи, Баян, тіпті, Ұрыс хан кезінде де «сол қанат» тайпалары арасында Алшын қауымы аталмайды. Алшындардың жазба құжаттарға алғаш ілінуі 1426 жылы – Бақар ханның тұсы. Оның Құдұд есімді кеңесшісі Алаш қауымынан екенін орыс тарихшылары Кляшторный С.Т. мен Сұлтанов Т.И. жазып жүр (22, 210; 106, 219).



Жалантөс бағадұр салдырған Самарқандағы  
«Тіллә Қари» медресесі

«...жоқшылық кімді де жуасытады...». Осыны қаперінде ұстаған, Бақар әртүрлі айламен қыстың қақаған боранында Мансұрдан қалған елді Арап тенізінен «Киян арқасы» аталатын алыс жерге көшіреді. Жүтқа ұшыраған халық ашаршылыққа тап болыпты. Асылы, осындағы Алшын

Осыған байланысты тағы бір әңгіме туындайды. Бақар хан ноғайлардың биі Мансұрды өлтіргеннен кейін, жұртты (ішінде алшындар да бар) оған мойынсұнудан бас тартады. Бұларды қалай ауыздақтаймын деп ақыл сұрағанда әлгі кеңесшісі Құдұд қадым заманнан келе жатқан қағиданы ханның есіне салады. Оның мән-мағынасы:

Күдүд өзге бір жақтан келген адам емес, Ахмет пен Сәмет әмірлердің қарауындағы алшындардың ішінен шыққан тәрізді.


Алшындардың басқа бір тобыры Барактың қысымына шыдай алмай азып-тозып, ебін тауып, Жайықтан өтеді де, Кішік Мұхаммед ханнан, Едігे ұлдары Қазы мен Наурыз мырзалардан пана іздейді. Бұларды хан «Қайнар-Сағыз» өзені жағасына орналастырады. Бұл оқиғаны Барак хан біліп қалып, көп әскермен ноғайларға аттанғаны және оның Мансұр бек жасақтарының қолынан қаза тапқаны осы кітаптың алдыңғы тараула-рында айтылды.

...Қажы Тарханды Өзбек, Жәнібек заманында алшындар билеп-төстесе, 1396 жылдан бастап Тоқтамыс Қараталда өлтіріп, тағын тартып алатын Темір Мәліктің ұлы Темір-Құтлық алшындарға жақын журді. Тоқтамыс ханнан құғын көрген Алшын қауымы мен Темір-Құтлық жасақтары бір кездері тізе қосып, күш біріктіргені де хақ. Ал, 1480 жылдары алшындарды Алтын Орданың соңғы ханы Ахмедтің қарауынан көреміз. Бұларды Астрахан, Сарай, Сарайшық төңірегіндегі алшындардың бір бөлегі деуге саяды. Батыс беттегі Үлкен Орданың төбе би Темір Мансұрұлы, эпостық есімі Би Темір «Беглер begі» болған кезде, 1485 жылы Литваның ұлы кня-зы әрі Польша королі Казимирге жолдаған хатында, Тақыт еліне (Үлкен Орда) тарту-таралғы жібергенде төмендегі жайларды ескеруді өтінген: «Бізде патшалардың бабаларынан құрметтеліп келе жатқан Алшын тай-пасы және оның ұлы адамдары бар...» (390, 34).

Мұнан байқалатыны, «Алшынның жолы үлкен» деген аталы сөз қадым заманнан қалыптасқан. Бұл сол кездегі Тақыт елінің құрамында алшындардың көптігін және олардың іргелі ел екенін аңғартқандай.

Алтын Орданың соңғы әскери әрекеттерінің бірі деп, 1480 жылғы Ахмед ханының Руське жорығы жазылышын жүр. Бұл оқиға Ресей тарихында «Уграда аңыс аңдасу» деп бедерленген. Қарсылас екі жақтың әскері бетпе-бет кездесіп, бірақ соғысты қаламай, кері қайтады. Міне, осы жорықта Ахмед ханың жасақтарының негізін құраған алшындар мен оның батыры Алау екені тарих бетінде тузыледі.

1486 жылы 9 маусымдағы (III Иванның) Қырым ханы Менлі-Герейге жолдаған хатында: Үлкен Орданың ханы Мұртаза мен Темір бидің адамы Алаудың орыс елшілерін тұтқындалап, үш жерге бөліп, жасырын ұстап отырғанын хабарлаған (390, 35). Ал 1493 жылы Орбаттан (Перекоп) III Иванға жолдаған елші Константин Заболоцкийдің мәліметінде Ноғай Ордасында аштықтың орын алуы салдарынан адамдарының Руське аттануға қамданғанын, оған Алау батырдың ұлы Баташ әмірдің тосқауыл қойғанын: «Ахмед ханмен Руське жорықка шыққанда не бітірдіңдер», одан да Днепрге қарай аттанайық деп үгіттегенін хабарлайды (390, 42).



Жалаңтөс бақадүр салдырған  
«Ширдор» медресесі

Сөйтіп, ойда-жоқта Алшын тарихы үшін аса маңызды тұлғалар – Алау батыр мен оның ұлы Баташтың аттары аталады. Шамасы, алшындар осы кезде Қырым хандығының шекарасы Орбаттың (Перекоптың) сыртында, яғни Донның Азаққа (Азов теңізі) құятын сағаларына жақын далалық аймақтарын қоныстанса керек.

Тарихшылардың «Бейбарыс қыпшақтары» шығармаларында

atalatyn Don men Dnepr aralysyн mekendeytіn on bіr taypanың eң әuletтіcі duрут (dөrt) deuіne қарap, olardы Alshynnyң belдi atalyғының bіrі Tөrtқara dep topishylaуғa negіz bar. Duруттың – tөrt boluының өзі kүmэнді derек dесek, ekіnші bіr maғlұmatтарда duрут жүртys Қotan ханның elі dep aityлады. Buл ханның 40 мың adamyмен Venгriяғa kеткені de tарих betіnen kөrіnedі. Sonдықтан tөrtқaranы Караборолыдан iзdegen жөn, - дейді zertteуші E. Saрай (106, 221). Aсылы, tөrtқаралар: Қaramашақ, Каракесек, Қarasақал, Қarakete – bastapқыда «tөrt қара» odaғын құrasa керек. Alshyndarдың eң үлкен atalyғы bolғандықтан Қaramашақ «Tөrtқara» atauыn алғan sияқты. Olar Hoғай bi Сeйдақтың қaramaғыnda болып, 1548-1550 жылдары Сeйд Aхmedpen bірге Yргenішке (Хорезмге) қoныс aударғандар oсы alshyndar dесek kөp қatелесе қойmaspyz. Эrinе, buл pіkіrdің aла-bүртan тұстары da болуы мүмкіn.

Bіr сөзді bіr сөз қуалайды демекші, iніcі Шейх Mamайғa өкпелеп, Сeйдақ bi 1548 жылдың aяғында өзіne қaрасты eл-жүртymen Хорезмge aуып, artынан Bұқara aumaғын қoныстанған-dы. Сeйдақpen bірге alshyndar да oңtүstіkке aуysқan sekіldі. Bіr ұrpaktyң өmіr keshenіn өtкіzіp, Bұқara ханы Өbdі әл-Әzizdің жасақтарын basқarғan Alshyn-bektің, onың artынан Самарқандтың әйгілі өmіr Жалаңtөs бақадүрдіn alshyndarдан шығуы tegіnnен-tegіn emes. Bұndай maғlұmdar жазба de-rekterde, shежіrelерde saқtalыptы. «XVI ғасырдың aяғы Шығай хan заманында 40 мың үйлі alshyndar Keңimek, Жизак, Нұrata, Aқtaу, Самарқанд, Bұқara aymaғын қoныs қylады. Sol kездегi Bұқara әmіr Сeйткұлды alshyndarдың жәne Bұқara men Самарқандтың bіrkataр uәlаяttarynyң билеушіcі dep tanығan. Сeйткұl өlгенде сүyегіn

Нұратада тауындағы қорымға жерлепті. Оның орнын басқан ұлы көзсіз батыр, дарынды қолбасшы Жалаңтөс (1580-1656) еді», - деп айтылған тарихнаманың бірінде.

1643 жылы Есім хан ұлы Жәнгір ханың жонғарлармен болған соғысында Жалаңтөс батыр Самарқандтан 20 мың қолмен келіп, ханға қосылып жонғарлардың тас-талқанын шығарады. Бұны Орбұлақ шайқасы дәлелдейді. Жалаңтөс батыр өз қаражатымен, құлдар күшін пайдаланып Самарқандта екі ғажайып ғимарат тұрғызған. Олары 1619-1635 жылдар аралығында салдырыған «Шир-Дор» медресесі мен 1646-1659/60 жылдары салдырыған «Тилля-Кари» медресесі еді. Самарқандтың шайыры Мавлено Ширқожа Жалаңтөс батырды мақтап шығарған жырынан үзінді «Шир-Дор» медресесінің кірер бетіндегі маңдайшаға жазылған. Батырдың өзі Самарқанд қаласы іргесіндегі «Махтум-ағзам» зиратында жерленіпті» - дейді ғалым С. Толыбеков (416, 99-100; 106, 222).

Сейітқұлдан 11 ұл туған, бірі – Ақша да, екіншісі – Жалаңтөс. Ақшадан Бәйбек, Бәйбектен әйгілі Кіші жұздің Әйтеке би (1666-1722) туады. Әйтекенің жан дүниесі Нұратада тыныс алуда.

Тарихтың түбіне тереңірек үңілсек, Алшындардың түп-тамыры да алыста жатқаны байқалады.

Үстіміздегі дәуірдің VI ғасырында әлемді дүр еткізген Түрік қағандығының негізін қалаған Ашина түріктері екені көне дүние тарихынан мәлім. Ғалымдар ортасында Ашина атауының бастапқы мән-мағынасы төнірегінде пікірталас тоқталмай келеді. «А-шина» қытай, монғол сезінің қосарлануынан шыққан, «А» - қытайша «қасиет дарыған» деген мағынаны береді, ал «шино» - монғолша «бөрі» деген сөз, сүйтіп аталмыш атау «Қасиет дарыған бөрі» деген ұғымды білдіреді екен. Көне парсы тілінің маманы И. Шервамидзенің нанымды зерттеуі көптен қалыптасқан бұл түсінікті өзгертуге мәжбүр қылады. «Ашина» парсының «asina» сезі. Ол «көк» деген мағынаны береді дейді ғалым. Өйтсе, «Ашина түріктері» деген «Көк түріктер» деген сөз. Қазір ғылыми әлемде осы түсінік басымдылықты көрсетеді. Мұны мойындаушылар көп те, карсы дау айтушылар жоқтың қасы.

«Көк» сөзі түрік тілінде түспен бірге аспан ұғымын да білдіретіндіктен, «Көк түріктер» кейде «Аспан түріктері» деп айтылып қояды (417, 329). Соңғы екі ғасырда Түрік әлемін зерттеушілер «Ашина» («Бөрі») атауын «Алшын» сөзімен байланыстыра іздестіреді (мысалы, ғалымдар Е.Е. Малов, С. Аманжолов). Ал қазіргі қазақ ғалымдары бұл тенденстіруді онша қолдай қоймайды да, «Алшын» сөзінің мағынасын «жас шөп», «матаның қиқымы» деген ұғым, оның «Ашина» немесе «Қасқыр бөрісі» деген ұғымға қатысы жоқ деп түсіндіруге тырысады. Басқа бір тарих-

шылар Ашина түріктерінің шыққан тұп-тамыры белгісіз, Түрік әлемінде елеулі із қалдырганмен, келе келе тарих бетінен жоғалған нәсіл деп қарастырады. Сондықтан олардың ұрпақтарын іздеп әуре болудың қажеті жоқ пікірлерін алға тартады. Асылы, бұл пікірмен келісе қою қысынсыз. Ашина түріктерінің «Көк түріктердің» ұрпақтары, біз әңгіме қылып отырған алшындар екені, олардың ұрпақтары жоғалған емес, казақ топырағында қадым заманнан жасап, Кіші жүздің Алшын аттас тайпасын құрады, олардың «Алым» және «Байлы» ұлыстарының негізгі руларының жинақталған атауы ретінде қолданылып келе жатқаны айдан анық.

«Ашина» сөзінің тілдің ішкі бауындай орнығуына сәйкес «Алышын» атауы да халық арасында дау туғыза қоймаса керек. Түрік әлемінде бұл ұғымда бой көрсете қоятын алшындардан басқа бірде-бір ру-тайпа есімдері тарих бетінен көрінбейді, - дейді қазақ жазушысы Ә. Сарай өзінің «Көнеліктер» атты зерттеу жұмысында.

Сөйткен автор: «...Ашина түріктерінің байырғы ататек шежірелерін-дегі анық-қанық деректер де олардың басқа емес, алшындар екеніне көз жеткізеді» - деп сенімді қайырады (417, 330).

Олар өздерін Ғұнның ерекше бір бұтағы Ашина, яки «Көк түрік-тенбіз» деп масаттана атайды екен. Байырғы ата-баба қоныстары Ка-спий теңізінің терістік тарабына жатса керек. Аныздарға сенсек, бірде ашиналардың елдерін жау шауып, адамдарын қырып кетеді. Кеудесінде шықпаған жаны бар 10 жасар бір ұл балағана тірі қалады. Жау оның да аяқ-қолын кесіп, өлімші ғып сабап, беліне дейін батпаққа батырып кетеді. Сол маңдағы бір қанышық қасқыр ғаріп баланы батпақтан шығарып, емшегінің сүтін беріп асырайды. Келешекте қанышық балаң жігіттен буаз болады. Оның тұқымының қайтадан өрбитінін сезген жаулары жиылышып келіп жігітті өлтіреді. Буаз қанышық қолға түспей, қашып құтылады, күндіз бұғып, тұн жортып, мандайды күншығысқа бағыттап, қашып отырып Гаочан (казіргі Түрфан) өңірінен бір-ак шығыпты. Гаочанның солтустігінде бір таудың үнгірін паналап, босанып адам тәрізді 10 ұл табады. Олар ержеткенде айналасындағы көршілерінен бойжеткендерді алып, отау көтереді, біртінде ел қатарына қосылады (418, 224-225).

Байырғы руларының атын өшірмеу үшін он ұл өздерінің ордасын «Ашина» атап, дүниеге келтірген аналарының құрметіне орданың төбесіне қасқырдың терісінен «бөрілі байрак» байлайды. Сондарына ерген жауынгер жасақтарын «бөрілер» (қытайша «фулий») деп атайды. Сөйтіп, бөрінің тұтқан Ашина қауымы тарих деген сыр сандыкты тепкілеп ашыпты. Алғашқыда «Аспан бөрілері» атанған қауым Алтай түріктеріне қосылып, алыс-жақынға «Көк түрік» атымен белгілі болады.

Ежелгі бабалары Каспий теңізінің батысын мекендерген, рулық есімі «Ашина» («Көк аспан») атанған бұл қауым туралы көне тарихта негізге аларлықтай дерек жоқ. Алайда біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта Аral теңізі мен Еділ өзені аралығында батыс қырыры Дөң өніріне дейін созылған «Қима мәдениеті» атты археологиялық деректер қалдырған қауым жасағаны рас. Олар аумағы 300-400 шаршы метрдей үлкен жертөле тұрақтарын салумен ерекшеленген-ді. Біздің дәуірге дейінгі екінші мыңжылдықта олардың қомакты бір бөлігі Алдыңғы Азияға өтіп, 12 қала салыпты. Солардың бірінің есімі Қима еді, - дейді Ұлы тарихшы Геродот (419, 67-94). Қоныс аударып көшіп барған бұл жаңа жұрт Ассирия, Лидия жылнамаларында «Алаз, Алаш» атымен белгілі болған. Сондай-ақ Қима қаласы мен Қима мәдени ошағынан ежелгі қимақтардың ізін табу да онша қындыққа соқпайды. Олардың туған топырақтан жырақтамай байырғы қоныстарын тастамаған тобы үстіміздегі дәуірдің I, II ғасырларында Алаз (Алаш), Алазон атауымен Азау (Азов) теңізінің төнірегінде көшіп-қонып жүргені көне тарихнамаларда бедерленіпті.

Көлденең көк аттыдай тартылған бұл деректен «Алаш» қауымының біз шамаланғаннан көп әрі тарих тереңіне бой салғанын аңғарамыз. Демек, өтпелі құбылыстың белді-белесті бір кезеңдерінде «Алаш» атанған халық дүниеге келген. Қазақ топырағының батысындағы әйгілі «қима мәдениетін» солар өмірге келтіруі де дау туғызбайды. Бұған қарағанда М. Тынышбаевтың Азаулық Ализан, Алазон тайпаларын Алышындармен байланыстыруы да негіzsіз емес сиякты. Алышын, Алаш атауларының беріде ғана сырт тұлғасы сәл өзгергенімен, арғы тубі бір этноним болуын жоққа шығармайық. Алаш – «кала» деген түсі де, әртүрлі нәсілден құралған құрама дегенді де білдіретінін де ұмытуға болмас. Ендеше Ашина яки Көк аспан «әр түрлі халықтың құрамының» бір бұтағы болуы да әбден ықтимал (417, 331; 420, 46-48; 419, 241-252; 424, 546-547).

Үстіміздегі дәуірдің II ғасырының сонында алазондардың батыс бағыттағы жерлерін яки Еділ-Жайық арасын ғұндар жаулап алған еді. Ашина-Алышын түріктері өздерін таза ғұнбыз демей, Ғұнның бір бұтағымыз деуінде осындай сыр жатқан тәрізді.

Десек те, Каспий (Хазар) теңізі сыртындағы ашиналардың ордасын кімдердің күйреткенін анықтайтын мағлұмдар тарих бетінде онша кездесе қоймайды.

Сол сиякты ашиналардың Гаочанға жылжып келген уақытын да анықтау мүмкін болмай отыр. Бір белгілісі ғұндардың Шығыс Түркістан топырағына жаңа дәуірдің 265 жылдарынан кейін ғана көптеп қоныс аударғаны байқалады, соған қарап, ашиналардың Гаочанға асуын

да сол уақыт дең пайымдауға болатын шығар. Ерте замандарда Түрік әлемінде өзінің арғы тегін андармен байланыстыру дәстүрі сакталғаны бұрында айтылып жүр. Ашиналардың өздерін Бөрі-анадан таратуы сол үрдістің жалғасы демекпіз. «Кобыланды батыр» эпосындағы кейіпкер Күртқа – «Бөрі Ана» деген сөзді анғартады. Ендеше Ашина-Алшын қауымының ұлы анасының есімі де Күртқа танылады. Түрік әлеміндегі эпостарда «Ораздының ұлы өсер, Жиырлының қызы өсер», «Ораздының он ұлы», «Ораздының он конағы» деген тіркестердің жиі ұшырасатының қарап, олардың әкелерінің есімі яки аяқ-колы кескіленген мүтедек баланың есімі Ораз болуы мүмкін деп болжауға негіз береді. Сонымен бірге шежіредегі он ұл туралы деректі де аттап өтуге болмайды. Оның көнжесінің аты ғана белгілі – Ашина. ал қалғандары кім?... – дейді ғалым Ә. Сарай (417, 331-332).

Фасырлар өткелінде бөрі-анадан туған он ұлдан тараған «кек түріктер» он аймакты мекендеген. Одан сәл кейін өзге жүрттардың құрамдарымен 12 аймакты қамтыпты. Орхон бітіктас жазуында Білге қағанның жалпы Түрік әлеміне жар салған ұранында «өз бұдыным» деген арнау сөзі – осы қауымға бағышталып айтылса керек. Демек Түрік империясының үйіткі тобы Кыпшак-Оғыздар «Кек түріктер» негізінде калыптасқаны осы арнаудан көрінгендей.

Енді Түрік қағанатындағы алшындарға байланысты бірер сөз.

Түрік қағандығы әкімшілік құрылымдары үш беліктен тұрады. Шығыс қанаты Телес атанып, билеушісі «шад» лауазымын иеленді. Ол әкімшілікке негізінен Теле қауымының тоғыз-оғыз (үйгыр), тунло (жерей), баегу (байұлы), аде (адай), байси (акси), күн (көн) тайпалары бағынған еді.

Сары (Хуанхэ) өзеннен Қаратеніз арасындағы алып өнірді мекенде-ген түрік тайпаларының басын косып, іргелі ел еткен қағандар туралы да, қағандықтың өрлеуі мен күйреуі туралы көне тарихи әдебиеттерде біраз жазылыпты. Ашина-Алшын ұрығынан шыккандар Шығыс, Батыс қағандықтарында, Карлықта, Түркеште, Хазарда, тіпті Дунай болгарла-рында билеушілер тобын басқарған-ды. Түрік қағандығының іргетасын алғаш қалған көсемі Бумын 552 жылы өледі. Оның ісін айбынды мұрагерлері Кара қаған (552-553), Мұхан қаған (553-572) және Таспар қаған (572-581) жағастырды, қағандық ол тұста дамуының шырқау шегіне жетіп, айнала төңірегін калтыратып-дірілдетіп тұрды. 563-567 жылдары түріктер Орта Азиядағы Эфталит мемлекетін (ак ғұндарды) талқандады. 571 жылты Иран шекарасына килігіп, қағандықтың батыс ше-ккарасын Эмудария өзеніне әкеп тіреді. Осы кезде Византиямен елшілік

(Маниах пен Земарх елшілігі) қарым-катаинас орнатты. Қағандықтың бағытас астанасы Сүябка қөшірілгеннен кейін, Естемимен бітім-шарттарға қол койысан Земархтың елшілік жазбалары Түрік қағанатының жаңа беттерін ашуға көмектесетінін көреміз. Жаужүрек түріктер 571 жылы Қаратеніздегі кемерлік Боспорды да бағындырып үлгереді (428, 8-39).

Бұдан кейін Ашина түріктері туралы жазба деректер көп үшінраса қоймайды. Бірсыныра зерттеушілердің оларды жоғалған әulet қатарына қосуы осыдан болса керек. Әрине, бұл асығыс жасалған пікір еді. Қағандықтың билеуші әuletтіне тікелей бағынышты жүрт, яки қағандықтың үййткы тобы «ішірекі бұдын» атанғаны Орхон жазуындағы бітіктастан анғарылады (21 баған). Қылшак-Кимак тарихын жан-жакты зерттеген ғалым Б.Е. Көмеков Қазакстанның солтүстік батысында. Орал тауының онтүстік етегінде отырған «андар аз-қыфчак» жүртіна назар аударып. В.Ф. Минорскийдің оларды «ішкі қылшактар» деген пікіріне қосылады және оны құптастының білдіреді (422, 65; 432, 146-348).

Басқаша айтканда, екінші түрік қағандытының үййткы тобы ізевін жоғалып кеткен жок еді, олар Ноғай Ордасының батыс жак бетінде орын тепкен. Кейінгі тарапта хандық құрғандар сол баяғы ержүрек «көк түріктердің» Ашина әuletтінің ұрпактары еді.

Ұзакка созылған үзілістен кейін, Аксак Темір тұсында карсы жактың әскери қолбасылары арасында Алшын бағадүрдің есімі ауызға ішінеші. Әмір Темірдің ғұмыр деректерін жинақтаған шежірешілердің хаттауынша, Моголстан ханы Ітияс Кожаның Аксак Теміртеге карсы ауыр колын бастап Алшын батыр барған, одан атышулы Әмірлін әжептәуір телерін көргені жазылған (423, 108).

Тарихшылардың пайымдауында, бұл батыр қырғыздар арасындағы «Жоо кесек» деген руының адамы секілді. Бұған коса осы мезгілде алшындардан Каракесек есімі де калқып шыкканға ұксайды. Аксак Темірлін Ұрыс ханға карсы (1376-1377) шапқыншылығында Сығnak каласын Каракесек оғлан корғағаны да жазба деректерде сакталыпты (423, 108).

Ұрыс хан жасактарында алшындардың болғаны туралы мәліметтер шығыс зерттеушілерінін енбектерінде көрініс табады. Ұрыс ханының төртінші ұлы Кайыршакұлы (көптеген шығармаларда Құйығринақ есімімен белгілі) Барак ханының ең сенімді кенесшісі Алшын тегі Құлұл деген бек болғаны, ханға бағынғысы келмеген Ноғайлы жүртін «Киян арқасына» көшіру сынды амал-шарғы осы кенесшінің ақылымен жүзеге асқаны, әлті әзірде баян етілді.

Ноғай Ордасына катысты тарихнаманың баска бір бетін парактағаңда, алшындардың түпкі атасы Қарақырғыздар деп жазылғаны көзге ұрлып тұр. Бұған қарағанда, алишындардың тым ескі елемес екені байқалғандай.

Ежелгі мекені – Алтай өңірі сияқты. X ғасырда Алшын жұрты қыпшақтарға (Қаңлы құрамында) қосылып батысқа қарай ауады. Бір бөлігі Мысырға дейін жеткен-ді. Онда Мәмлүктер әuletінің үстемдігін орнатуда қыпшақтар айтарлықтай рөл атқарған. X-XII ғасырларда Қырымдағы Қыпшак, Коман, Печенек арасында Алшындар көп болған деген мағлұм тағы бар. Одан бергі кезеңдерде Алшынның кейбір рулаты Ноғай Ордасының іргетасын қалауға да атсалысқан. Олардың азын-аулық бөліктері Өзбек, Қарақалпак, Башқұрт, Татар, Ноғай ішіне сіңісп кеткен тәрізді (425, 109).

Алшынның Қарақырғызға жақын екенін және олардың Байұлы (негізінен Жағалбайлылар) тайпасының XII-XIV ғасырларда Қара теңіз бен Азовтың солтүстік бетін, Русь даласының онтүстік және онтүстік-шығысын жайлағанын, ал Қарекесек руы мен Жетірулардың одан берірек аймақтарда қоныстанғанын (Ноғай батыр өлгеннен соң), 1300 жылдары Еділ мен Жайық бойына көшірілгенін Кеңес тарихшысы М. Тынышбаев жазып қалдырыпты (420, 36-52). Осы зерттеуіш: «Оба өзенінің екі сағасы – Шұлым мен Томның жағасында Беріш және Берішкөл деген жерлер бар. Берішкөлден шамалы жүргенде Алшем өзені басталады, ал аталған аймақтың бәрінде де түркітің Қызыл тайпасы қоныстанған, оның құрамында Улкен және Кіші Ашын деген рулар кездеседі. Олай болса, бұлар біздің Алшын тайпасын еске түсіргендей...», десе (420, 30), Қазак тарихына арнаған еңбегінің тағы бір жерінде: «Алшындардың жекелеген рулары мен аталықтары Қырымда, Қазан татарларының, башқұрттардың, ноғайлардың арасында да журді. Ал орыс патшасының Қазанды (1552 жылы), Қажы Тарханды (1554 жылы) жауап алғаннан кейін, алшындардың бір жұрттан екінші елге ауысуы XVI ғасырдың ортасына таман саябырлағаны байқалады. Олай десек, алшындар атальмыш халықтардың арасында XVI ғасырға дейін де болды ғой. Қазактағы Кіші Орда қазіргі кезде бүкіл қырғыздың (қазақтың) бестен екі бөлігін құрайтынын ескерсек, бұлардың барлығы дерлік алшындар екені күмән тудырмайды. Ол тұста алшындардың «үлкен ноғайлардың» қарауында жүргені де байқалады. Орыс тарихшысы С.М. Соловьевтің айтудынша, Ноғай Ордасының биі Жүсіпті орыс бағытын ұстаган інісі Исмайыл 1555 жылы өлтіргеннен кейін, алшындардың бір бөлігі қырғыздарға (қазақтарға) өтіп кетеді», - деп тұжырымдайды (433, 94). Ноғайлардың Ормамбет (Ораз Мұхаммед) биі өлген (1598 жылы) соң алшындардың көп жұрты қырғыздарды (қазақтарды) панаулауға мәжбүр болды. Одан бір 20-30 жыл өткенде шығыс беттен, Сібірден бері қарай қарымды жау – жонғарлар 1643 жылы Еділге жетіп, алшындар қоныстарын тастап, онтүстік-шығыска ойысты, сөйтіп, Жем өзенінің бойын қуалай жайғасады...

Қазактардың жонғарларға қарсы 1725-1726 жылдардағы (дұрысы 1727-1729 жылдар – Ә.К.) ұлт-азаттық соғысында Алшыннан құралған жасақтар басты рөл атқарды. Бұны олардың ханы Әбілқайыр баһадүрдің бүкіл үш жүздің әскерін басқарып, жонғарларды қазақ жерінен түбегейлі қуғанынан-ақ байқауға болады...», - деп ойын түйіндейді М. Тынышбаев (96, 94-102).

Бұл айтылғандарды Шәкәрім қажы да қостап: «Бұрынғы кезде Алакышын деген ел болған, қытайша «Пома» дейді, ол қырғызбен нәсілдес. Алшын сонан шыққан болар», - депті Ш. Құдайбердіұлы (426, 410-421).

Қашқардың солтүстік-батысындағы Алтай тауларының шығыс бетінде қазірге дейін қырғыздардың Каракесек, Дойыт деген рулары тұрып жатқаны айтылады. Олар ежелден көрші, қандас жүрттарат. Бұндай рулар атауы қазақтың Кіші жүзінде де кездеседі. Демек, алшындар бағзы заманда Алтай тауын жайлады дегенге жетелейді. Асылы, алшындардың түп-тамыры Қарақырғызға жақындай түспекші...

Кіші жүздегі бірсыныра шежіре қазақ ішіндегі Алшын ұрпағын Алау батырдан таратып жүргені де белгілі. Алау батырдың лақап аты «Арғымак» деп аталатыны да бар. Бұл үғым бүкіл Алшынның ұранына айналған-ды.

Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасқаны тарихтан мәлім. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарын ел арасында «Кіші жүз – Алшын» деп атайды. Оның құрамына 12 ата Байұлы (Адай, Алшын, Жаппас, Алаша, Байбакты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Шеркеш); Жетіру (Табын, Тама, Кердери, Керейт, Жағалбайлы, Телеу, Рамадан); 6 аталау Әлімұлы (Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете, Шөмекей, Шекті) енеді, - деп көрсетеді қазақ ғалымдары (150, 110-152; 427, 540-541).

Қазақ жерінде (Еділ, Жайық, Араг өңірі) мекен тепкен Алшын тайпасы кейін осы атаулармен, яғни «Байұлы», «Әлімұлы», «Жетіру» деген атпен айшықталған. Қорыта айтқанда, бір кезде көп, әрі күшті болған Түрік текстес Ғұн (Күн) жұртының ыдырауынан қазіргі Қазақ жерінде Оғыз, Қыпшақ, Қарлұқ деген үлкен-үлкен бірлестіктер пайда болса, Қаракырғыздан бөлініп шыққан Алшын тайпасы да өз алдына дербес отау тігілті. Бұлар Ғұннан бастау алғандықтан, Жетісу, Сырдария аралығын алып жатқан Үйсін, Қаньлы тайпаларымен тығыз байланыста өмір кешті. Төсі жайлауда, басы қыстауда тоғысып жатты. Түбі бір Түрік нәсілдес жүрт қайтадан бір одакқа біріге бастады, оны келе бара «Алаш» деп атағаны да ешкімді таңқалдырмайды.

«Алты алаш» деп Үйсін, Қанлы, Оғыз (Найман, Керей, Уақ), Қыпшақ, Арғын (Қарлұқ), Алшын (Қарақырғыз) одағын атайды», - дейді тағы бір шежірелік шығарма (425, 33-34; 429, 502-504).

Осы арада тағы бір ескертетін жэйт, Қазақ хандығының құрамындағы Кіші жүздің Алшындарының Ноғай Ордасынан бастау алуы бір төбе әңгіме. XV ғасырдың аяғында, мүмкін сәл кейінрек те шығар, Ноғай Ордасынан бөлінген Алшын тайпаларының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Осыдан Кіші жүз қазақтары жұрт арасында «Кіші жүз – Алшын» деп ширатылған. Оның құрамы 25 рудан тұратынын тарихшы X. Арғынбаев атап көрсетеді (430, 20-21).

Ал қазақ ғалымы С. Аманжоловтың пайымдауынша, Кіші жүздің құрамына 33 ру-тайпа кіреді екен. Оны ғалым былай береді:

- |               |                  |                            |
|---------------|------------------|----------------------------|
| 1) Алшын      | 12) Кердері      | 23) Сұнақ                  |
| 2) Алтын      | 13) Масқар       | 24) Қарасақал              |
| 3) Алаша      | 14) Керейіт      | 25) Шемекей                |
| 4) Арғын      | 15) Тама         | 26) Шекті                  |
| 5) Әлім       | 16) Табын        | 27) Серкеш//Шеркеш         |
| 6) Беріш      | 17) Терістанбала | 28) Тана                   |
| 7) Адай       | 18) Оңтаңбала    | 29) Қызылқұрт              |
| 8) Жұй        | 19) Таздар       | 30) Шихлар                 |
| 9) Есентемір  | 20) Рамадан      | 31) Кете                   |
| 10) Жаппас    | 21) Телеу        | 32) Байбақты               |
| 11) Қаракесек | 22) Төртқара     | 33) Қарауылкесек (431,10). |

Кіші жүз ру-тайпаларын осылай атай отырып, С. Аманжолов олардың сан жағынан да, тарихи мәні жағынан да біркелкі емес екендігін ескертеді. Автор А. Левшиннің, Н. Аристовтың пікірлеріне сүйене отырып, бұлардың көпшілігі-ақ тайпа бірлестігіне жатпайды, жатса да олар ру, не рудың тармағы болуы мүмкін деп өзіндік сырын ашады.

Аталған тайпаларды салыстыра келіп, ғалым қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл ойнаған Үш жүз тайпаларының ішінен Кіші жүздің Алшын, Шекті, Шемекей, Адай руларын баса көрсетеді (431, 17-19; 429, 506).

Ал Қазақ Совет Энциклопедиясындағы анықтамада: Кіші жүз тайпалары мен рулары... шаруашылық және географиялық жағынан... Қазақстанның батыс бөлігін мекендерегін айтылыпты. Батыс Қазақстан ежелден-ақ қазақ халқы этногенезінің негізгі орталықтарының бірі болды. Мұнда көне заманда Сармат тайпаларының одағы, ал монгол шапқыншылығынан кейін Ноғай Ордасы орын тепті...

Кіші жұз Ұлы жұз бен Орта жұзден кейінірек құрылды. Кіші жұз халқының көпшілігі бұрын Ноғай Ордасының құрамына кірді. Олардың ішінде, мәселен, Алшын сияқты үлкен тайпа да болды. Сондықтан да Кіші жұзді кейде «Кіші жұз – Алшын» деп айшықтаған...», дегені баса көрсетіліпті (155, 362-364).

Бұл төңіректе бір-екі рет «жұз», «ұш жұз» деген сөздер ауызға ілікті, оның мән-жайын түсіндіре кету артықтық етпес. Бір қызығы, тарихи бұлақтар мен шежіре баяндарында «ұш жұз», «жұз» туралы айтылып, жазылып жүрген ұғымдар біз байқағаннан әлдеқайда көп. Біз олардың барлығын дерлік қамтуды алдымызға мақсат етіп отырған жоқпыз.

Алайда, осы келтірілген мағлұмдардың өзінен-ақ «жұз» немесе «Ұш жұз» өзгешелігі туралы қөптеген жағдайды аңғаруға болатыны сезіледі. Корытындылай айтқанда, олар төмендегіше тиянақталады:

«Жұз» – казақ хандығы болып қалыптасудан бұрын, Дешті Қыпшақ дәуірінде сахнаға шыққан құбылыс тәрізді. Оған біріккен ру-тайпалардың бәрі бірдей бір атадан емес. Жұз – көне түркі тіліндегі «дұз» (дала) деген сөзден шыққан ұғым іспетті. Қазакта «құла дұз» деген сөз кездеседі. Ол «құла дала», «айдала» деген мағынаны береді. Бұл сөз «Жұз» араб тілінде «бөлік» дегенді де аңғартады дейді, - шежіреші З. Сәдібеков (425, 126-127). Әлбетте, «жұздің» пайда болуына жұз-жұзден құралған жасақтарға байланысты шыққан ұғым дегенді де құптауға лайық. Оның бір тарабы ретінде аймақтық ұғымға – «дұз» («дала») сөзін қоссақ бірін-бірі толықтырып тұратындағы әсер етеді. «Жұз» ойрат (жонғар) тілінде, біртұтас нәрсенің бөлігі деген ұғымды да аңғартады екен.

Жұзді Жошы заманында Майқы би ойлап тапты деген пікірі де басым. Сол кездегі ру-тайпалық ұлыстарды басқарған билердің ішіндегі атақ-абыройы мен лауазымы жоғарысы Майқы би еді. Ол Дешті Қыпшақтағы түркі-монғол жұртында мейлінше құрметті, сенімге ие болған дарабоз тұлға. Осыдан оның артында: «Түгел сөздің тұбі бір, тұп атасы Майқы би», - деген қанатты сөздер қалған.

Майқы би Шыңғыс ханды ұлы хан (қаған) етіп сайлаған он екі бидің бірі әрі даңқтысы еді. Оны Шыңғыс қаған да қадір тұтты, ел билеудегі ақылшысы болды. Ал Шыңғыс хан алыс сапарға аттанғанда өзінің орнына ел басқару билігін тек Майқы биге тапсырып кететін болыптымыс. Шыңғыс қағаннан кейін ол Жошы ұлысындағы Дешті Қыпшакты яки әскерінің он қанатын басқарған.

Мемлекеттік, әскери құрылышты жақсы білген би сол кездегі Дешті Қыпшакты басқару ісін жақсарту мақсатында ұланғайыр жерді алып жатқан империяның ішкі-сыртқы маңызды істерін өздеріне тән жағдайға байланысты шешу үшін биліктің тізгінін «жұз» арқылы бөліседі, соның арқасында ел бірлестігі қарекеттерін асқан білгірлікпен жүргізген.

Жұзге (аймаққа) бөлу, ондағы рулардың ежелден келе жатқан қандастық, қоңсы-қонысының, тұрмыс-тіршілігінің, дәстүрлерінің сыйбайластығына орай жасақталған. Мұнымен қатар Майқы би әр жұзге ұран мен таңба және олардың нокта ағасын белгілеп берген. Ұран мен таңба жұздер ішіндегі тайпалар мен рулардың басын біріктіріп, олардың одағын нығайтуға бағытталған еді.

Мысалы, Ұлы жұзге Үлкен немесе «нокта аға» етіп Жалайырды, Орта жұзге Арғынды, Кіші жұзге Алшынды белгілейді. Қазақ әдебиетінің майталман жазушысы С. Мұқанов «Халық мұрасы» кітабында атақтығалым Н.Я. Бичуриннің (Иакинф) еңбегіне сүйене отырып: «... біздің дәуіріміздің 635 жылында қазіргі қазақ даласында, түркі тілдес көшпелі сақтар өздеріне шабуыл жасап, тыныштық бермеген қытайларға қарсы үш орда құрған:

Үйсін жерінде – Ұлы орда,

Есіл мен Ертіс бойында – Орта (Солтүстік) орда,

Балқаштан Каспийге дейін – Кіші орда болып топтасқан. Н. Бичуриннің ойынша, қазақ жұздері осы үш ордадан басталған. Мен бұл пікірді қолдауға бейіммін», - депті Сәбен данышпан (434, 28).

Дегенмен, «жұз» қосыннан көп, бүтін бір аймақтағы ел, сондықтан жұз жасақтан гөрі «құла дүз», «дала» мағынасына жақынырақ келеді. Ал «нокта ағалықтың» мән-жайы қашан басталды десек, ұлықтықты белгілеу Шыңғыс хан мен оның мұрагерлерінің дәуірінде қалыптасқаны даусыз, себебі ол да бытыраңқы елдегі билікті жақсартудың бір жүйесі болған сыңайлы.

«Қазақтағы үш жұзге Үйсін, Қыпшақ, Алшын тайпаларының отырған жері негіз болды. Мәселен, өзбек, қырғыз, қазақ деген бөліністер XV-XVI ғасырлардаған пайда болған... Ру бастамалары... мен тайпалардың «үш жұзден», - мың жылдай бұрын туғаны ескерілмейді», - депті профессор Ә. Коңыратбаев осы мәселені сараптауға қатысты бір еңбегінде (435, 138).

Тоқ етері, қазақтың «құла дүзі» (құла даласы) Шығыстан Батысқа қарай үш аймаққа бөлінгені туралы мағлұматтардың жеткіліксіздігінен ғалымдар арасында әртурлі пікір қалыптасқаны жасырын емес. Тарих бетінде үш жұздің жер жағдайы, қоныстануыбы лай берілген:

Бірінші бөлік – Ұлы жұз (дала). Ол Жетісу жері – шығысы Қаратал өзені, батысы Шу мен Қаратаяу, Балқаш өңірі. Бұған Қаратаяудан Шыршық, Ангрен, Сыр, Арал өңіріне созылған бұрынғы Қаңлы даласы қосылады.

Бұл даланы ежелден Үйсін мен Қаңлы елдері мекендеген. Олар көне Ғұнның тұстасы деп баяндалады. Кейін бұл өңірге шығыстан Жалайыр тайпасы келіп қоныстанды. Осы үш үлкен тайпалардың негізінде Ұлы

жұз (Үлкен орда) құрылды. Ұлығы Жалайыр елі болды. Ұлы жүздің таңбасы «Жалау» яки «ту», ұраны «Бактияр».

Екінші бөлік – Орта жұз (дала), бұл негізінен Қыпшақ даласы. Мұны кейін Оғыз Қыпшақ, Дешті Қыпшақ аймағы атады. Ол жерлер Шыңғыс тауынан Торғайға дейін созылды. Қаратал өзенінің он жағы, Сырдарияның орта ағысы, Балқаштың солтүстігі, Алтай мен Сарыарқа өндірі. Бұл аймақты Ғұннан тараған Оғыз, Қыпшақ, Қарлұқ елдері мекендеді. Олар Үйсін мен Қаңлыдан көп кейін пайда болған. Ол үшеуінің ұрпақтары Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Арғын тайпалары еді. Бұларға кейін Монғол жасақтарымен бірге келген Қоңырат елі қосылды. Шыңғыс ұрпақтарының нағашы жүрті қоңыраттар Монғол жерінде тұрганда Найман, Керей, Уақтармен көршілес өмір кешті.

Осы алты тайпаның негізінде Орта жұз (Орта орда) қалыптасты. Орданың (жүздің) нокта ағасы деп Арғын руы белгіленді.

Ұраны – «Ақжол», таңбасы «ОО» көзтаңба болды. Ұранды қадым заманнан Арғындарға таңған.

Үшінші бөлік – Кіші жұз (шеткі дала) немесе Алшын даласы. Ол Сырдың төменгі ағысы, Арап теңізі мен Еділ, Жайық, Жем өзендерінің бойы. Бұл даланы Шыңғыс хан заманынан бұрын шығыстан батысқа қарай Қыпшақ-Қаңлыға қосылып көшіп келген Алшын тайпасы жайлады, олардың түбі – Қарақырғыздар екені жоғарыда айтылып өтті.

Алшындарға жергілікті жерде өмір сүріп келген Адай, Кете, Кердері, Шекті, Шөмекей, Беріш деген рулар қосылды. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Керейдің бір тармағы ауып келіп «Кердері» деген атпен Алшынды паналяған.

Бұл бөліктің (орданың) ұлығы болып Алшын тайпалары белгіленді. Себебі олар сан жағынан өзгелерден көп басым еді.

Ұраны – «Арғымак», таңбасы «→» найза. Арғымак Алшынның биі – Алау батырдың лақап аты деп аныз-әңгімелерде айтылады. Алшын одағы «Байұлы», «Әлімұлы» (немесе «Алым» ұлысы) және «Жетіру» деген үш үлкен құрамнан тұрады.

Жүздердің ұлы, орта, кіші деп аталуы, ондағы тайпалардың көнелігіне қарай белгіленген сияқты. Бір әңгімede ол атая Жошы балаларының әке ұлысындағы орнына қарай аталған деген пікір жолығады (425, 126-130).

Осы айтылғандарды қорыта келе жүзге бөлінуде тек қазақ халқына тән ерекшеліктерді атағымыз келеді:

Біріншіден, «Үш жүздің» қауымдастығы Түркі әлемін құраушы үлкенді-кішілі отыздан астам халықтың ішінде тек қазақ халқының құрылымындаға кездесетіндіктен, оны аса көрнекті ерекшелік деп қаруға тиістіміз.

Екіншіден, «Уш жұздің» қалыптасуында да белгілі бір қағида, ресми мәні барлығын байқатқандай. Бұл құрылымның кең-байтак қазақ жерінде соншама көп (200-ге жуық ірілі-ұсақты ру-тайпалардың болуына қарамай), екі жұз, төрт жұз, бес жұз емес, тек «үш жұз» болып қалыптасуына үш қанаттық көне дәстүр салты енгізілген тәрізді. Бұл «үштік одақ» ежелгі Римде үш адамның (мемлекет қайраткерлерінің) өзара бірлесіп мемлекет басқаруынан туындаған сияқты. Ол «үштік» бір адамның екеуіне қарсы өзінше бұзып-жарып әрекет жасауын немесе екі адамның бір адамды жалғыз қалдырып, өзінше шешім қабылдауын тежеуге бағышталған, яғни демократиялық қағидаларды сақтауымен өзгешеленген.

Үшіншіден, қазақ «үш жұзінің» тағы бір өзіндік ерекшелігі, әр жұздің құрамына енген ру-тайпалардың арасында да, жұздердің өз арасында да біртектілік, этностық ортақтық байқалмайды. Олар өз алдына әр кезде әртүрлі ортада қалыптасқан ру-тайпалардың кейінгі кездегі табиғи-географиялық, мәдени-шаруашылық, саяси-экономикалық, тұрмыс-тіршілігіне байланысты бастары қосылған, өзара қоғамдастық одақ яки бірлестік деп түсінген жөн.


Осынау айтылған пікірдің тағы бір дәлелі – «үш жұз» жүйесінің қалыптасу мерзімінің тарихта сақталмауы, яғни келтірілген мағлұматтардың әртүрлі уақытқа (VII, IX, XI, XVI ғғ.) мензеуі. Қазақ ру-тайпаларының бәрі бір кезде, бір жерде пайда болмай, әрқайсысының өзіне ғана тән шығу себептері мен аталақтан руға, рудан тайпаға өту, сөйтіп біртіндеп іріленіп, дамуына байланысты қалыптасқаны байқалады.

Тағы бір өзгешелігі, халықтың этностық даму барысында топтасқан «үш жұз» қауымдастығының бір-бірімен өзара жақындығы мен айырмаышылығы үшеуіне бірдей тән, немесе бұлар кейінгі дәуірлердің жемісі. Ал, мындаған, миллиондаған жылдарға созылатын олардың о бастағы шығу тарихына баратын болсақ, ол туралы біркелкі мағлұмат беру мүлдем мүмкін емес. Асылы сан алуан қазақ ру-тайпаларын және олардың басын қосып, үш топқа, жұзге, одаққа біріктіріп тұрган «үш жұз» қауымдастығын тегіне, нәсіліне қарап ажыратудан гөрі Түркі тайпаларының этностық дамуының нәтижесі деп қарастыру орынды болмақ.

«Жұзге бөліну» деген әдет-ғұрып – ескіден қалған жаман әдет дейді кейбіреулер. Бұгінде сол ата-баба салтын «трайбализм» деп ат қойып, айдар тағып жүргендер де барышылық. Бұның басты себептерінің бірі – «Уш жұздің» құрамына кіретін сан алуан ру-тайпалардың шығу, қалыптасу тарихын, табиғатын білмеуден секілді. Тіпті, «қазақ – үш жұзге бөлініп, тұтастығын сактай алмай келе жатқан халық» деген керегар пікірлердің кездесуі де осыдан болса керек.

Біздің ойымызша, қазақтардың аргы заманнан үш жұзге бөліну құбылысы елді, жерді қорғау қажеттілігінен туған табиғи зандылық деп қабылдал, еліміздің әрбір саналы азаматы «үш жұздің» және олардың күрамдарының қалай, қашан және қай жерде қалыптасу тарихынан хабардар болғаны ләзім. Әрбіріміз о баста қырық рудан құралған ел екенімізді, солай бола тұрса да өзара шоғырланып, әр текті рутайпалардан Үш жұзге айналып, біртұтас халық болғанымызды білмек адамгершілік парыз екенін есте ұстаған жән.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының өзіне тән үлттық сипатының калыптасуында маңызды рөл атқарған саяси, тарихи-әлеуметтік, рухани-мәдени, әкімшілік-әміршілік, демо-графиялық жәйттердің қатарында ата-баба салған сара жолдың негізі «Ұш жұз» - «Ұлы жұз», «Орта жұз», «Кіші жұз» қауымдастырының ұмытылмағанын қалар едік, - дейді академик Ә. Қайдар (429, 522-524).



## **Арал теңізіндегі Барса-Келмес аралының жалпы көрінісі. 1848 ж.**

Осыған орай аталмыш рудың жай-жапсарын баяндаудың артықтығы жоқ секілді. Әлгі әзірде Шекті руының арғы түбін бақылаған соң, оның Алшын тайпасының бір бұтағы саналатын Кіші жүздің Алты аталы «Алым» ұлысындағы шектілердің адам саны көп, көне заманнан келе жатқан іргелі тайпалардың бірі екені де айтылды.

Аты осы кітапта бірнеше рет қайталанған Кеңес дәүірінің тарихшысы, Алаштың арысы М. Тынышбаевтың (1879-1938) «Қырғыз-қазақ

халықтарының тарихы» деген еңбегінде шектілер туралы мынадай әңгіме жазылыпты: «Үстіміздегі дәуірдің VI ғасырының орта шенінде Жетісуды Алтайдан келген түріктер жаулап алған. Сол кездегі Қытай тарихының деректері бойынша VII ғасырда Чу өзенінің батыс жағында Шемен, Шемген тайпалары қоныстанады. Оларға 654 жылы қытайлықтар шабуыл жасап, қамалдарын қиратып, 30 мың адамын өлтіреді. Олардың салын білу үшін жаулары өлген жасақтардың екі бірдей құлақтарын кесіп алған. Осы кезде Батыс түрік ханының әскерінен 40 мың жасақ Шемен тайпасынан жасақталғаны жөнінде мәлімет берген. Ал 742-744 жылдары Шемендер Қарлұқ және Ұйғырлардың біріккен әскерінен жеңіліс тауып, күн батысқа қарай қашады» (94, 117-244; 420, 34-37).

Ал М. Қашғаридың «Диуани Лұғат ат-турки» (шығарма 1073 жылы аяқталған) және Юсуф Хас Хаджиб (Баласағұни) «Құтадғу білігі» (1069-1070 жылдары жазылған) кітаптарында Шу өзенінің бойында Шекті тайпасының тұратыны айттылыпты (177, 144-176; 436, 190-200, 212-222; 437, 94-107; 420, 34-41).

Махмұд Қашғари (XI ғ.) «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбегінде көне шектілер жөнінде мынадай мағлұм қалдышыпты.

«... Зұлқарнайын (Александр Македонскийді шығыс жұрты осылай атаған – Ә.К.) Арғу еліне жеткенде қатты жаңбыр жауып, жол адам жүре алмайтын ми батпақ болып кетіпті. Соңда Зұлқарнайын парсы тілінде «Айн чекіл аст – Неткен батпақ» депті. Кейін осында қорған салдырып, «Шігіл» деп атапты. Сонан бастап осы қорғанда тұратын Түрік тайпасы да Шігіл атандып кетіпті. Оғыздар сол өңірде өмір сүріп, ұдайы шігілдермен қақтығысып қалып отырған. Олардың арасындағы өзара дұшпандық күні бүтінге дейін жалғасып келеді. Оғыздар Шігілге сіңген түріктердің басқа тайпаларын да Шігіл деп атайды. Олар Жейнұннан Жоғарғы Шынға дейін жасайтын түрік тайпаларының барлығын Шігіл деп атайды.

Қашқардағы бірнеше қыстақта тұратын Түрік тайпалары да Шігіл деп аталағы. Осылардың барлығы бір-ак жерден таралған», - деп М. Қашқарі шектілердің (шігілдердің) арғы тұбін қозғап өтеді (436, 217-218). Бұған қарағанда, Түріктің Шігіл (Шекті) тайпасының тарихы әріде жатқанға үқсайды.

Кіші жұздің ішіндегі үлкен тайпалардың бірі – Қаракесек тобының (бұған Әлімұлы, Шемекей және Кете рулары кіреді) ұраны – «Дөйт» аталағы. «Алым» ұлысының бір руы – Шекті (шығармаларда «ішек», «шеклі», «шігілі», «шеткі» болып әртүрлі жазылып келеді) аталағы. Оңтүстік-батыс Қашқар мен Алтай тауларының шығыс бетінде қазіргі кездері де Қарақырғыз руларының ішінде Қаракесек және Дөйт (Төйт)

аталықтары кездеседі және олар бір-біріне туыс халықтар көрінеді. Және бір қызығы Қаракесек пен Дөйт атты рулардың Кіші жүз қазактарында да, қарақырғыздарда да бар екені былай тұрсын, бұлар бір-бірімен тығыз байланысты екені байқалады, - дей келіп М. Тынышбаев ойын былай жалғастырыпты: «VII ғасырда Алтайдан Шу өзенінің бойына қоныс аударған түріктердің ішінде Шемен немесе Шемекей тайпасының үлкен бөлігі болғандықтан, солардың атымен Шу өзені аталса керек. Бұған қоса, Алтайдағы Телес көлінің онтүстігінде Шу немесе Шуй атындағы өзен болған, Шу атты жазық дала да кездеседі. Бұл географиялық атаулар Алтай өңіріндегі Шеркеш өзеніне жақын орналасқан» (420, 34). Бұдан екі ғасыр өткенде (550-740 жылдары) бұл тайпалар бірлестігі онтүстік-батыс Түрік мемлекетінің негізгі құрамын жасақтады. Эйтсе де, түркі нәсілдес халықтар 742-744 жылдары қүштейіп алған ұйғырлар мен қарлұқтардың жемтігіне айналып екіге бөлініп кетті. Олардың басым көпшілігі батыс бетке қашты да, ал басқа бір бөлігі тауларды асып, Қашқарда қоныс тепті. Қазіргі Қазақ жеріне жеткен бөлігі Сырдың төмөнгі сағасы мен Арал теңізінің шығыс бетіне жайғасты. Осындай себептерден бе екен, әйтеуір, Қаракесек руының адамдары Қырым мен Қазан, башқұрт арасында көп кездесе қоймайды, ал Кете руының адамдары Қажы Тархан маңайындағы ноғайлар мен түркімендер арасында төбе көрсетті. Осығалымның: «Әлім жұрты дәуірлер тоғысында өмір кешеніне кешірек келген сияқты, әрі атауы мұсылман өкілдерінің қажылық лауазымымен байланысты шыққан», - деуінің жөн-жобасы келмейтін тәрізді. Біздің ойымызша, «Әлімдердің» атауы басқаша ұғымды беретін тәрізді. «Әлім жұрты» сол кездегі Мұсаханның ұлы Шейх-Мамай бидің алты ұлының қарауындағы ру-тайпалар бірлестігінің жинақы аты болса керек. Қалыптасқан дала «табиғатына» сай жұрттың тыныштығын қамтамасыз етіп, шекарасын күзетіп, мал-жанын қорғаған қарамағындағы елге жер-су, қоныс берген иелік адамдары олардан салықтың бір түрі «алым» алатын болған. Бұндай алымды Алтын Орданың дәруғалары Русь княздарынан да алып отырған-ды. Ұлыстың атауы да осыған орай қойылған секілді. «Алым» ұлысы бірнеше рулардан құралған бірлестік бара-бара олар Шейх-Мамайдың Алты ұлының қарауында болуына байланысты Алты аталы «Алым» руы аталып кетсе керек. Бұл ұлыстың ішінен ірі рулардың атағы шығып, ал әлсіз, саны аз рулар ірі руларға қосылып, өз аттарын жоғалтқан сияқты. Келе бара «Алым» ұғымы өзгеріске ұшырап, адам атына айналып, Алты аталы «Әлім» тайпасы болып шыққаны көрініп тұр.



**Арал теңізі. Құланды түбөгіндегі Құл ауылындағы атақты  
Құл батырдың жаңғыртылған кесенесі.  
2010 ж. Фотосурет Б. Есенжоловтікі.**

Тағы бір есте ұстайтын жэйт, Кіші Ноғай Ордасындағы «Жембойлық» ұғымы. Оның түп-тамырына үңілсек «Алты ұл», «Алым» ұлыстары сияқты әкімшілік-ұлыстық құрылымды еске түсіреді. Осыны қаперімізге алсақ, Алты аталы «Әлім» тайпасының құрамын Шейх-Мамайдың (Шейх-Мұхаммедтің) алты ұлына қарасты жүргіттың көвшілігін Шекті руының адамдары құраған.

Қазақстанның көрнекті жазушысы, ғалым-зерттеуші Ә. Сарай қытай жазбаларын, ноғай-қазак жыр-дастандарын және орыс тарихындағы құжаттарды ақтарып, шектілердің географиялық орналасқан аймағын, Ноғай Ордасы шығыс бетіндегі «Жембойлық», «Алтыұл» және «Алым» ұлыстарына кіретін осы рудың аталықтарын, олардан шыққан белгілі адамдардың аты-жөнін келтіреді.


«Шекті – қазақ жүргіндағы ең ежелгі тарихи қауымдардың бірі», - деп бастайды әңгімесін Ә. Сарай (106, 223-236). Осыдан шығар, рудың аты да мәліметтерде біркелкі аталмайтыны дейді ғалым. Ғалымдардың соңғы деректерінде XVIII ғасырдың басынан Кіші жүздің Алты аталы «Алым» ұлысы Шекті руы деп жазылып, осы атау тарихнамада орныққан сияқты.

Сөз орайында, «шекті» ұғымы мен оның тарихына да сөз бере кетейік. Шектілердің де түп-тамыры «Көк түріктөр» сияқты қасқырдан аныздалыпты. Көне қытай жылнамасында: ...туцзюелердің арғы аталаres Согодан (Енисейдің жоғарғы ағысындағы сянь билер бірлестігі)

шыққан, Сого (сақалар) сионнулардың солтүстігін мекендерген. Олардың тайпа көсемінің есімі Абанбу, 17 ағайынды екен. Иштеріндегі Ичжинишиду есімді біреуі қасқырдан туған екен. Банбу (Абанбу) қатарлылардың барлығы ақылсыз болғандықтан ұлыстары жойылған. Ал қанышықтан туған Нишиду (Ичжинишиду) басқалардан өзгеше жігерлі болған, боран соқтырып, жаңбыр жаудыра алады екен. Ол екі әйел алыпты. Аңыздардың айтуынша олардың бірі «жаз» тәнірінің қызы да, екіншісі «қыс» тәнірінің қызы болса керек. [Әйелінің бірі] құрсақ көтеріп, төрт ұл тауыпты. Төрт ұлдың біреуі ақ қазга айналып кетіпті, біреуі Афу Енесай мен Цзянь өзендерінің аralығында мемлекет құрып, ол мемлекет Цигу (Қыргыз) деп аталаپты; енді бірі Чучжэ (Ұлы Кем) өзенінің бойында мемлекет құрған; тағы біреуі Цзяньсыңчұжжәши тауын мекен етіпті – бұл олардың үлкені екен. Осы тауда Абанбұдың жұрттынан аман қалғандар да өмір сүрген, ол жерде ауа райы суық әрі дымқыл болған. Үлкен ұл от шығарып қалғандарына жылу беріп, асырап-баққандықтан, қандастары түгел аман қалыпты. Сонымен олар бірауыздан үлкен ұлды өздерінің басшысы етіп, оған туцзюе деген атақ береді. Ол Надулю шад еді. Надулю он эйел алған, олардан туған ұлдардың барлығы шешелерінің тегімен аталғанды. Ашина – Надулюдың кіші ұлынан туған. Надулю қайтыс болғаннан кейін, он эйелден туған ұлдар өз араларынан көсем таңдамақ болып, бір бәйтеректің түбіне келіпті. Сөйтіп олар: «осы теректің басына қарай кім биік секірсе, соны көсем сайлайық» деп уәделесіпті. Ашина [аталған] ұлдардың ішіндегі ең жасы кішісі бәрінен де биік секіреді, сөйтіп, қалған ұлдар оны елбасы етіп сайладап, оған Асянь шә атағын береді. Бұл аныз алдыңғы біз айтқаннан сәл-пәл өзгеше. Қалай десек де, сайып келгенде бұлардың арғы түбі бәрібір қасқырдың үрпағы саналады.

[Ашинаның] үрпағы Тумэнь («он мың» деген ұғым) аталады. Тумэньнің кезінде тайпалары айтарлықтай көркейген, сондай-ақ олар шекара аймаққа келіп, әртүрлі жібек маталарын сатып алып, Чжунгомен қарым-қатынас орнату ниеттерін білдірген...», осылай деп түрік тайпасының географиялық аймагы мен шыққан ортасынан хабар беріледі (438, 119-120).

Алайда, қытай тарихшылары түріктерді қырғыздармен нәсілдік жағынан жақындастыра отырып, мынадай жәйтке мән бермейді. Жоғарыдағы аталған көк түріктердің атасы Нишиду бөріден таратылған, ал қырғыздар болса ит тотемді (яғни итке табынатын) халық. Демек, Нишидудың ұлдары бөріге (қасқырға) табынған. Олай болса түріктер қырғыз нәсілдес емес. Алтай аймағының археологиясы мен тарихын әжептәуір зерделеген, Хакасия Республикасының еңбек сінірген ғалым қайраткері Л.Р. Кызласов Цигуді (түріктерді) – «Чики» деп түсіндіреді. Зерттеушінің бұл пікірі қисынға соққандай.



Күмбез



Қошқар тас

Көне заманғы «Шикилер» (атауы өзгеріске ұшырап, «шектілер» ұғымына сәйкестендіріледі) бөріден туған төрт ұлдың бірі секілді. Әлгіде айттық, олардың атауларының мән-мәтіні ғасырлар тоғысында әртүрлі бағытта «Шики», «Шікел», «Шегіл», «Шекіл», «Шігіл», «Шекті», «Қосішек», «Шекті», «Шеткі», «Шеклы» аталып жүр. Қалай десек те «Шекті» атауынан ұзап кете алмай, осы ұғым келешекте Кіші Ноғай Ордасының көп санды руы болып қалыптасып, тарихнамадан өз орнын иемденгенге үқсайды.

Көне Қытай жазбаларында аталмыш тайпаның қоныстанған жері Афу (Абакан) және Цзянь (Енесай өзенінің жоғарғы сағасы Ұлы Кем) жағалары, қазіргі Тыва Республикасының аймағы. Қытай тарихшыларының көрсетуінше, Батыс Түрік бірлестігінің алғашқыларының бірі Мұқан қағанның заманында түріктер Шикилерді бағындырып, өз қағандығына қосып алады (438, 320; 106, 226; 439, 437). Орхон ескерткіштерінің толық атласында Шиклі тайпасы үш бітіктас жазуында былай көрсетілген (26 баған): «Жиырма алты жасымда Шиклі халқы қырғызбен бірігіп жау болды. Кемді (өзен) кешіп, шиклерге қарсы аттандым. Орпенде соғыстым. Әскерін шаншыдым» делініпті Екінші Түрік қағанаты Білге қаған тұсындағы оқиғада (440, 259; 441, 14-68).


Бітіктас жазуынан байқалатыны, Шиктер мен қырғыздар бір тарапта түрғанмен, есте бір халық емес. Білге қағанның шиктерге жорығы 710 жылы, ал қырғыздарға жорығы 711 жылы болғаны қытай тарихнамасынан мәлім болып отыр.

Үйғыр қағандығының «Могойн Шинэ-ус» бітіктас жазуында бұл қауымға қатысты мынадай ескерткіш жолдар кездеседі: «...сонсоң Бағыс жылы (750 жылы) мен Шиктерге жорық жасадым. Екінші айдың


14-ші жүлдізында Кем (өзені) аңғарында соғыстым. Оларды күйреттім. Сол жылы Отыкеннің батыс бөктерінде Тез өзенінің жоғарғы ағысында боз ордамды тіктім». Осынау ескерткіш жазбаның 11-бағанында 753 жылғы оқиғаларды баяндайды: «Шиктерге Ұқық (Тұтық) бастаған мыңбасыларды жібердім» десе, Ұйғыр қағаны қырғыздарға елші жіберіп тұрып: «Сіздер өздерінің бүлік шығарып қоймай, Шиктерді де бүлікке қосылуға зорлап көндіріп отырсыздар», - деп айып тағады (442, 31-82).

Білге қағанның екінші бітіктас жазуы таңбаланған ескерткішінде: «Жағма, Алум-Шикил иелігін Құтлық Білге сенгун мен Ұрсу Құтлық тархан сенгунге бердім» деп мәлімдепті. Хан қағандықты өзімен бірге құрған серіктеріне билейтін елін бөліп бергенде, Алум-Шикил жұрты Ұрсу Құтлық тархан сенгунге тиген екен. Демек, шектілердің аты белгілі алғашқы билеушісі осы кісі болған деуге негіз бар. Шиктердің Ұйғыр қағандығына бағынудан бас тартқаны осы мезгілде байқалады (442, 47).

Бітіктас ескерткішіне атауы қашалып жазылу бақты кез келген тайпаның бағына бұйырмаған. Бұл жағынан Шектінің жолы болған деп айта аламыз. Сондықтан, аталмыш қауым зерттеуші ғалымдардың назарында үнемі болып келеді.



Қойтас



Саганатам

Қырғыз қағандығының оты сөнгөн соң, шектілер Шығыс Түркістан аймағына ойысқандарына қарағанда, Алтай тауындағы жана хандықпен тіл табыса алмаған тәрізді. Қалай дегенмен де, 981 жылғы Қытай империясының өкілі Ван Янь-дэнің Тұрған бектігіне сапарнама күнделігінде бұл өнірге белгісіз Чжунь-юнь тайпасының аты жазылыпты. Еуропа ғалымдары Дж. Р. Хамильтон, П. Пелье Чжунь-юньді осы өнірде түрік заманынан белгілі Чу-юг (Шемек) қауымының жаңаша таңбалануы деп топышыладап, оны Шікіл тайпасына жатқызады (106, 227).

Әңгіме болып отырған дәуірде шікілдер Ыстықкөлдің онтүстік және шығыс жағалауын қоныстанған-ды. «Ыстықкөлдің айнала төнірегінің



Құлпытас

Қырғыз, Қыпшақ, Оғыз, Шігіл, Ырғак, Парук тайпаларын жаткызыпты.

Қараханидтердің құрамына кірген, қарлұқтардан кейінгі үлкен тайпаның бірі – шігілдер. Бұлар Тараз бен Үстықөл айналасындағы далада көшіп-қонғаны әлгіде айтылды. Араб тарихшыларының деректерінде: шігілдер киіз үйлерде тұрған, бастарына киізден істелген қалпақ киген; баққан малдары – сиыр, қой, жылқы, ал өздері күн, жұлдыз сияқты т.б. пірлерге табынған. Олардың құрамын қоныстарына қарай үш топқа бөлген: 1) Барсаған қаласынан сәл арырақтағы Кум қаласын мекендеген шігілдер; 2) Тараз айналасындағы қалаларда тұратын шігілдер; 3) Қашқарды мекен еткен шігілдер (177, 146).

Осыдан түркітанушы Э.Р. Тенишев: «Түркі тілдерін салыстыра келіп, М. Қашқари негізгі тіл деп Шікіл тілін таниды. Бұл иә Қараханид мемлекетінде шікілдердің сан жағынан көп болғанын, не ол ортақ тіл болғанын айғақтайды» деп жазады (439, 11; 446, 437).

Қараханид мемлекетінде Шікіл тілінің кең қолданыста болуы В.В. Бартольдқа олардың қағандары осы Шікіл тайпасынан шықты деп қорытынды жасауына негіз берді. Кейін бұл пікір төнірегінде недәүір таластар орын алды, оларды теріп жатуды қажет санамадық...

IX ғасырда Шікіл есімі көптеген түркі тайпаларының ортақ атауына айналды. Сұлтан Мәлік Шахтың Мәуреннахра жорығында оның әскер күші негізінен осы шікілдерден құралған-ды. Ал оғыздар

кезінде, Әмударияның шығысындағы түркілердің бәрі Шікіл аталды (443, 75; 106, 228).

Шығыстанушы В.В. Бартолытің пайымдауынша, Селжук империясы өз-өзіне келіп, билік тізгінін қолдарына алған тұста Оғыз атын Шікіл тайпасы басып кеткен. XII ғасырдағы белгісіз автор осыларға иек артып, Оғыз генеалогиялық жүйесін беріпті. Яфесұлы Түріктен Тутел, Шікіл, Барысхан және Илақ тараған дей келіп, Оғыздың бұл тізімге ілікпей қалғанын баса айтады. «Бәлкім, Шікіл оғыздардан өзге Түрік тайпаларының тұп атасы саналған шығар» деген ғалым пікір айтыпты.

Бұл тұстағы шікілдердің беделінің асқаны соншалық, олар Фирдоуси эпосына да іліккен:

*Гүрчар патшага жеткізді күзетши,  
Үрейленіп, қалтыраган Шікілді, -*

дей келіп, оған әкесінің майдандас досы 30 мың Шікіл әскерін және тараздан, оғыздан, халладждан жасақталған 30 мың атты жасақты бергені жырланыпты (106, 228).

Қарахан мемлекеті қидандардың (қара қытайлардың) соққысынан құлаған соң, Шікіл тайпасының тұрмыс-тіршілігінен хабар үзілді-кесілді тоқтап, тарих бұлаңына килікті. Шікілдердің орнын Қарлұқ, Қаңлы, Қарақытай, Найман, Түрікмен тайпалары басты. Шікілдердің көвшілігі осы тайпаларға сіңіп, қалғандары Дешті Қыпшақ аймақтарына көшкен секілді. Кейін Шікіл қауымы тарихының көмескі тұстарына Оғыз ақыздарының жинағы «Қорқыт ата кітабы» («Кітәби дәдәм Қорқыт») әжептәуір сәуле түсіргендей. Кітапта түзілген X-XII ғасыр аясындағы оқиғаларды Оғыз-Шікіл қарым-қатынасының жаңғырығы деп қараган жөн. «Салор Қазанның (Қобыланды жырынан таныс қаңарман) үйінің тоналуы», «Қанбура ұлы Бамсы-Бәйрек туралы жыр», «Бекіл ұлы Амран туралы жыр» бөлімдерінде Оғыздың басты қарсыласы ретінде Шөклі жұрты суреттеледі. Ғалымдардың пайымдауынша, осындағы Шөклі басқа тайпа емес, Шікіл, Шекті қауымына ұқсайтын сияқты...

Шектілер жөнінідегі дәйекке тікелей қатысы бар Қорқыт атанаң жасампаздық ісі мен өнегесін бірер сөзбен айтып өтейік. Қорқыт баба тақырыбын ұзақ жылдар зерттеген академик Ә. Марғұлан төмендегідей пікір айтыпты:

«Қорқыт – тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен Оғыз-Қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөйлеген сөуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түрік тілдес елдердің көбіндебар. Бірақ қазақ халқы ескі Оғыз-Қыпшақ тайпаларының


тарихи қонысына мирас, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, ән-күйлер қазак пен түркімендерде көбірек жолығады» (448, 135; 447, 116).

Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша, Қорқыт ата - сегізінші ғасырда шектілер арасында Сыр бойында өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыттың анасы Қыпшақ тайпасынан, әкесі Қарақожа оғыздарынан екені мәлім. Міне, сондықтан да Қорқыт сол кезде Сырдария бойын жайлапан оғыздар мен шектілер арасында екі жаққа бірдей ел ағасы атанған. Данышпан қарттың ұзақ жылдар бойы ел басқарған көсем болғанын, өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар. Ал оның тенденсі жоқ күйші-композитор болғандығын халық жадында сақталған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны», т.б. музикалық шығармалары дәлелдегендей. Қазак арасынан шыққан атақты күйші-бақсылар, ақын-жыраулар өздеріне Қорқыт атасы пір-ұстаз тұтқан. Олар өлең жырларын бастар алдында, алдымен Қорқыт атасың есімін ауызға алуды пәрвоз деп білген:

*Жыраудың үлкен pіri Қорқыт ата,  
Бата алған барлық бақсы асқан ата.  
Таңғалып жүрттың бәрі тұрады екен,  
Кобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.*

Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәнгі жасайтын жерүйік іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы құрессуши, өлім дегенді білмейтін ғажайып қайсар жан ретінде суреттеледі. Әйтсе де ол өмірінің аяқталар кезінде «өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ұлы күйші, кеменгер жырау өзі ізdegен мәңгілік өмірді шынында да тапқан секілді. Қорқыт атасың жан тебірентерлік сиқырлы күйлері, ұлағатты ғибрат сөздері, әрбір жолы өнеге ұйтқысына айналып кеткен өлең-жырлары ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра, мәңгілік қазына ретінде ауысып, мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келе жатыр», - деп толғанады қазактың қөрнекті ғалымы Н. Келімбетов (447, 116-117).

Қорқыт – жыр мен күйдің атасы, ерте кезде оғыз, қыпشاқ және қаңыл тайпаларын басқарған данышпан кісі бейнесінде VIII-IX ғасырларда-ақ аңыз кейіпкері болған жан. Қорқыт ата жөніндегі жыр-дастандар алғаш Дешті Қыпшақ пен Сыр бойында туып, халық эпосының дәстүрі бойынша сан ғасырлар бойы ауызша айттылып келген. Тек XVI ғасырда ғана Қорқыт есімімен байланысты бұл дастандар қағаз бетіне түсірілгенін де есте сақтау ләзім.



Арал теңізі. Құланды түбегіндегі құландар. XVIII ғ. аяғы.

Корқыт жырындағы әсем түрде суреттелетін атақты алыптар Қазанбек, Бамсы, Домруыл хикаялары, Сырдария бойында оғыздарда ерте заманнан айтылып келе жатқан әпсаналар. Мәселен, «Салор Қазан» жырындағы оғыздарды шапқан Шөклі (Шекті) патша десе, тарихшы Әбілғазы бақадүр Бешене елінің Тоймадық ханы дейді. Шөклі, Тоймадық – Бешене елінің әр кездегі хандары болуы ғажап емес.

Жырдағы Шөклі елін баяндағанда олардың «лас дінді», «ала атты», «шекпендерінің артқы етегі кесілген» деген этнографиялық нышандарға мән беру қажет сияқты. Өйткені, Бешене елінің бір бөлігінің оғыздардың тепкісіне шыдай алмай Еділден өтіп, Дон асып кеткені тарих бедерінде түзілгітті. Олар туралы Византия билеушісі Константин Богрянародный аса күнды деректер қалдырыпты. Шығармасының бір тұсында былай деп жазады: «Естерінізде болсын, бешенектер елдерінен куылғанда, өздерінің қалауымен олардың бір тобы байырғы жұрттарында қалып, уздармен (оғыздармен) аралас өмір сүріп келеді. Олардың киім киістері де ерекше. Өздерінің негізгі жұрттынан бөлініп шыққанын білдіру үшін шекпендерінің жеңі мен етегін шолтитып кесіп тастаған». «Салор Қазан...» жырындағы «шекпендерінің артқы етегін кескен» Шөклі

(Шекті) жұрты мен К. Богрянародный бешенелерінің киім ұқсастығы – олардың бір жұрт екеніне сенімді куәлік еткендей.

921-922 жылдары Дешті Қыпшақтың батыс өлкесін кесіп өткен араб саяхатшысы Ахмед ибн Фадлан да «теңізге ұқсаған судың» төнірегінен бешенелерді көрген. «Олар қара шашты, сақалдарын қырған, гуздарға (оғыздарға) қарағанда кедей» деп айшықталған бешенелер Шалқар көлінің (қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы – Ә.К.) төнірегінде отырған ел сықылды (106, 230).

Жоғарыдағы мәлімдемелер Шікілдердің (Шекті) қырға шығып кеткен осы бір тобын Бешене жұртымен тығыз байланыстырады. «Салор Қазан...» жыры оғыздардың жауласқан жауын Шеклі (Шекті) елі деп және қауым шежіресін жазған тарихшы оғыздардың ұстасқан дүшпанын Бешене жұрты деп көрсетеді.

Оғыздарға да сәл тоқтала кетейік... Оғыздар Кавказ өніріне қоныс аудармай тұрған кезде олардың түбегейлі мекені Қаратай өнірі, Бөгөн, Шаян және Арыс өзендері болған. Араб ғалымы Әбу Исах ibn Мұхаммед әл-Фариси әл-Истахридің (850-934) географиялық еңбегінде Келес даласын мекендеген оғыздар қонысы туралы құнды деректер кездеседі. Саяхатшының шығармасында: «Келес даласында, Ангрен мен Шыршиқ аңғарында, Шатқал және Уғам жоталарының баурайында оғыздар қыпшақтармен және басқа түркі тілдес топтармен аралас мекендеген», - деп жазылған (447, 116-117).

Оғыз тайпалары, сондай-ақ, Сырдарияның төменгі сағаларын да мекен етсе керек. Әл-Истахридің айтуынша, Сыр бойында тұрған Оғыз тайпаларының ең басты қалалары Янги-Кент (Жаңақент), Жент, Өзкент (Өгізкент), Баршынкент (Қызы қала), Сұткент болған. Оғыздармен қатар Сырдарияның екі бетін ала Қыпшақ тайпаларының құрамында Шігілдер немесе Шеклілер де өмір сүрген. Олардың маңызды қалалары – Сығанақ, Сауран, Отыrap, т.б. кенттер еді. Демек, ноғай-қазақ халқының рухани тұрмыс-тіршілігіне оғыздардың тигізген ықпалы да аз болмаған. Кейінірек XI ғасырдың орта кезінде оғыздардың бірсыппыра топтары қыпшақтардың тепершінен Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға ауысып кетеді. Ал ата жұртында қалып қойған Оғыз тайпалары Ноғай Ордасын, Қазақ хандығын құрысуға қатысып, солардың этникалық құрамына біржола сіңіп кеткені тағы мәлім.

Бұлардың шыққан түп-тамырларына теренірек көз тастасақ, тағы бір шындық ашылады. Бір ғажабы, Сыр бойын жайлаган оғыздардың терістік батысында Кенгерес (немесе Кенегес, Кенгірес, Кенрес атала берген – Ә.К.) деген ұлыстың болғанын бізге Орхон ескерткіштері

жеткізіп отыр. Ұйғыр қаганы Ел-Етміштің Тәс бітіктас жазуында (752 ж.) осы тайпаның аты қашалады, онда: «Беріш тайпасы мен Қадар, Қасар сонда келді. Менің ол елім Кенгірестен еді», делініпті (442, 27). Осы арада еске сакталуға тиістісі, аталмыш ұлыс Құлтегін ескерткішінде «Кенрес», ал Ел-етміш жазуында «Кенгірес» деп қашалыпты. Қауым жөнінде ой бөлісken зерттеушілер оларды Оғыз бешенектерінің бір тармағы шығар деп болжайды. О баста Кенрес, Кенгірес аталған тайпа келе-кеle қазақ ұғымына орай Кенегес болып, Шекті руының бір бұтағы ретінде қалыптасқан. «Салор Қазан...» дастаны мен Әбілғазы шежіресіндегі бірі Шеклі, екіншісі Бешене деп айтылып отырған бір қауым Шекті елі деп танылуы орынды болар.

Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында «Салор Қазан» оқиғасы Сырдың төменгі сағасында өтті десе, Оғыз жырларында Шеклі жұрты «Грузияға өтер асуда» деп көрсетіледі. «Қорқыт ата кітабына» енген азыздағы жырлар XIV ғасырда жинақталған-ды. Бұл кезде түріктер қазіргі отаны – Анадолыда тұрып жатқан еді. Жырдағы оқиғаларды ноғайлар өздеріне етene таныс Кавказ өніріне қарай икемдегені де көзге ұрып тұр. Десек те, Бешене елінің негізгі жұрты Дон өтіп қоймай, Мұнанай (Днепр) асып, Балқанға да жеткені мәлім. Олардың қайсы бірінің ата-бабасының туған топырағына қайтып оралуын да, не Шалқар Шекті-Бешенелерінің қайсыбір жылдары Еділден өтіп, Донды жайлап еліне қайтуын да жоққа шығаруға болмайды. Көшпелі қауым тұрмыстыршілігінде бұл жиे кездесіп тұратын құбылыс.

Айтпақшы, Шектінің Татыран тармағынан өрбитін ұрпақтарының тарихы да назар аударапты. Шежіреші жырау Татыран Қарасақал Ерімбет «Дариға қызы» дастанында оның шыққан тегін Қатірен патшаның қызы деп көрсетіпті. Мұндағы Қатіре басқа емес, Татран екені байқалады. Бұл қауымның аты «Игорь жасактары туралы жырға» да енген. Олар Киевпен бақталас Чернигов княздығының оңтүстік аймақтарында тұрған. «Княздықтың өзінде, дұрысырағы оның оңтүстік шебінде, Черниговке бағынышты елдер, «Жырда» аталғандай, «Могут, Татран, Шылбыр, Топчак, Ревуг, Ольбер тайпалары қоныстанған» (449, 88). Мұнда қате жазылып «могут» – боут немесе баяттар «ольбер» деп отырғаны елбөрілер болса керек, - дейді Ә. Сарай (106, 231-232).

Өстіп жүріп, тарих қойнауынан Шектінің Татыран аталағын тауып алдық. Данагөй Қарасақал Ерімбеттің аңыз күйінде ойында сакталған Қатірен патшасы осы Татыран болу мүмкіндігін жоққа шығармайық. «Игорь жасактары туралы жырда» көрсетілетін Чернигов татырандары Алтын Орда заманында Ноғай көшпенділері Еділ-Жайыққа ойысқанда (1300 жылы Ноғай өлгеннен кейін) шектілер арасында орнықкан тәрізді.

Осылай, тарихтың бір шатқалы Тоқтамыс, Едіге, Сыпыра жыраулармен қатар ноғайлардың Кенегес қауымынан шыққан Тоқтамыс ханның кеңесшісі, Кен Жамбаймен де ойда-жоқта кезіктіреді. Бір анығы «Ер Едіге» жырының басты тұлғалары Едіге, Тоқтамыс, Сәтемір (Ақсак Темір), Сыпыра, одан кейінгі кейіпкерлері Тоган, Айсаұлы Ахмет – бәрі де табанының ізін қалдырыған атактары жер жарған кісілер десек, Жамбай да өмірде болған кеменгер. Жарықтық Мұрын жырау Сыпыраны Тоқтамыстың жыршысы десе, Жамбайды Тоқтамыс ханның кеңесшісі қылып көрсетеді. Мұрын нұсқасында кеңесші болса, «Едігенің» ноғайлар жырлайтын нұсқасында Жамбайды Тоқтамыс ханның шашбауын көтерген, жын-тойларының сәнін келтіретін «сарай ақыны» деп, руын Кенегес (Кенгеріс) деп толғаған. Мұрын нұсқасында шыққан тегін жасырып жүрген Едігеге шынын ханға айтқызуға ақыл қосса, ол қашып кеткенде қайтармақ боп артынан қуып барғаны да жырға арқау етілген. Ал ноғайлардың «Едіге» жыры нұсқасында Жамбай бастан-аяқ оқиғаларға қатысып, әкелі-балалы Едіге мен Нұрадының арасына от жағып, араздастырып жүрген сұрқия адам кейіпінде суреттеледі. Жасыратыны жоқ, ноғайлардың «Едіге» жыры Тоқтамыс пен кеңесшісі Жамбай ақынды қатар қойып, оны жағымсыз кейіпкер ретінде қалыптастыруға тырысқан. Оған таңғалуға да болмас. Өйткені, Тоқтамыс хан және оны жақтаған Жамбай Едігенің атак-абыройын аспанға шарықтататын ноғайларға жағымды кейіпкер бола алмайтыны айтпаса да түсінікті фой...

«Едіге» жырының ноғайлар нұсқасы Жамбайдың руын Кенегес деп көрсетуі, оның Шекті қауымының өкілі екеніне көз жеткізгендей. Тарихи бел-белестердің бір кезеңінде олардың елеулі тобы қарақалпақтарға қосылып, ықпалды жұрт болғанмен, Кенегес әргі-бергі ортағасырлық әдебиеттерде «Кенегес Шекті» деп таңбаланатыны Шекті руының белді бір аталығының бастауы деп түсінген жөн. Мәселен, «Бейбарыс қыпшақтарының» қатарында аталатын он бір тайпаның бірі – Кангароғлы (Қарабөрікті) басқа емес, осы Кенегес қауымына ұқсайды. Әу баста алшындармен қатар Дон-Азау аймағын мекендерген бұлар 1230-1240 жылдардағы Бату ханның қанды жорығынан (қыпшақтарды екінші реті бағындыру жорығы) кейін Сарай шаңарының маңына топтасқан секілді.

Бірді айтып, бірге кете бермей тоқетеріне келсек, монғол шапқыншылығына дейінгі шығыс Дешті Қыпшақты мекен қылған бешенелерді «Кенегес», «Кенегестерді» Шекті деп түсінген жөн дейді зерттеушілердің бірсызырасы (106, 224). Аударылыс-төңкөріліс заманында ұлы дүрмекпен көшкен олар Дон даласында қоныс салып, «Бейбарыс қыпшақтары» қатарында «қанғароғлы» атымен белгілі болған-ды. Бұл шектілер Алтын Орда басқару жүйесінде, әрдайым, «он қанаттан»

орын алды, яғни Еділдің оң жақ беті. Өзбек, Жәнібек хан тұсында Сарай маңына топтасып, шұрайлы қоныстарды иеленгенмен, Бердібек ханың тұсындағы қым-куыт аласапыранда қият Мамай «Беглер begіge» бағынды. Өздерінізге белгілі, Мамайдың атын шығарған да, өшірген де Күлік даласының шайқасы еді ғой. 1380 жылы Шекті батырлары да «Күлік» шайқасының дәл ортасында жүрді. Шайқас басталар алдында соғыс тәртібінің катал қағидасына сай батырлар арасында жекпе-жек болатын. Мамай жасақтарынан жекпе-жекке Бешене батыр шықты. Оның ірілігі адам таңғаларлық – орыс тарарапынан оған қарсы шығуға ешкімнің батылы бармапты. Ақыры, намысты бермеу үшін шыбын жаңын шүберекке түйіп, Пересвет Чернец деген орыс батыры шығып, жекпе-жекте екеуі де қаза табады. Осындағы Бешене батырды Шекті қауымынан деп тұжырымдалады. Бәлкім, оның есімінің орнына руының аты шығып, Ақжонас не Ер Кенес батыр аталуы да ғажап емес. Ол екеуі де Бешененің Кенегес аталағынан делінеді зерттеушілер еңбегінде (106, 232).

Ноғайлар тарихына байланысты мына бір жәйттерге де тоқтала кетудің сәті түсіп тұр. Ноғайларды атақты шайыр Мұрын Сенгірбекұлы «90 баулы ноғайлы» деп жырласа, түрік тарихшысы Э. Челеби «140 рулы ноғай» деп көрсетеді, ал В.В. Трепавлов XVI-XVII ғасырдағы ноғайларға қатысты әдеби шығармалар мен шежірелерді актарып-төңкеріп, олардан 139 рудың атын кездестіргенін жазады (33, 490; 315, 5; 106, 232). Мұнымен қатар Ноғайлардың өзінде ұлыстық дәрежеге жеткен ірі ру бірлестіктерінің де болғаны мәлім: Едішкөл, Тоғыз, Бұджак, Алтыңұл, Едисан (Жетісан) т.б.

Мәселен, осындағы Алты ұл ұлысы кейбір құжаттарда «Алты ұл Ордасы» деп хатталғаны әлгіде айтылды. «Алты ұл» ұлысының сырт көзге түсетін кезеңі Мұсағұлы Исмайылдың Ноғай Ордасында билік жүргізген 1555-1563 жылдары деп айтылып жүр. Олар Жемнің екі жағын қоныстанған «Жембойлық» ұлысының орны. Зерттеушілердің кейбірі «Алты ұл» ұлысы жембойлықтардан бөлініп шықты деген тұжырымдарын да ұстанады. Бұның анық-қанығын айқақтау үшін қолда бар мағлұмдарға жүгінейік. Шынтуайтына келсек, ноғайлардың тізгінін қолында көп жыл ұстаған Сейдақ би інісі Шейх Мамайға өкпелеп, Мәуреннахрга қоныс аударғанда, онымен бірге алшындардың ере кетуі ноғайлар мен Алшын жұртының ара жігін ашқандай. Исмайыл ылаңынан аман қалудың бір амалы – жиналып іргені бекіту еді. «Алты ұл» ұлысы да осы тұста қалыптасқан секілді. Кейін ол «Алты аталағы Әлім», әрі жүре оның бір жұрты көбейіп Шекті атанады. «Шекті көп пе, шегіртке көп пе», - деген ел аузындағы дуалы сез оларға қатысты шықса керек. Бұл Шекті ұрпағының көбейгенін күәландырады.

Орыс елшілігінің құжаттары «Алты ұл» ұлысының қоныстанған жерін үнемі Жем өзені деп хаттағанмен, бұлардың батыс шекарасы Жеммен шектелген де, кейін шығысқа сұғына кіріп, Шалқарға (қазіргі Ақтөбе, Қызылорда облыстарының аймағы) дейін, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жақ бетіне жайылған-ды. Олардың көші-қон қонысы осы төніректе екенін, 1628 жылы Қажы Тарханнан шыққан жазалаушы топ (отряд) Жем-нен бес күншілік жерден таптық деп мәлімдеуі анықтай түседі.

«Алты ұл» ұлысын басқарушылар Шейх-Мамайдың алты ұлы екені бұрында айтылды. Ноғай Ордасын Ұрыс билеген тұста (1578-1590) аталған ұлысқа Шейх-Мамайдың екі ұлы Бек пен Ақназар мырзалар жетекшілік етті.

Сол кездегі заңдан бір де кем емес дәстүрлі қағидаға сай қарауындағы адамдар Ұлыс билеушілеріне (мырзаларға) тәуелділік танытып, жайылым жер, көші-қон, көл-өзен суларын пайдалану, қорғаныс жасақтарын ұсташа үшін, «алым» (салықтың бір түрі) төлең тұруға міндепті болғаны әлгіде баян етілді. Келе бара осы Жембойлық «Алты ұл» ұлысы (орыс-шасы «Улус Шести братьев») – «Алты аталаы Әлім» тайпасына айналатынын көреміз. Сайып келгенде, бұлардың арғы атасы «Әлім» болып, Ұлыс аты адам есімін шығарды. Шындығында, «Әлім» адам есімі емес, бұл Шейх-Мамайдың алты ұлының қарауындағы әртүрлі рулардан құралған жүрт деп білу жөн. Қолда бар құжаттарда оның алты ұлының (орыс деректерінде «Улус шести братьев») аты былай түзілген: 1) Хан, 2) Қасым, 3) Бай, 4) Ақ, 5) Бек, 6) Би (33, 658). Міне осылардың билеген ұлысы және жайлаған қонысы келешекте алты аталақты құраған жүрт Кіші жүздің бір үлкен тайпасына айналады. Бұлардың жөн-жосығы жоғарыда айтылғандықтан, қазір қайталап жатпаймыз.

Әлгіде баяндадық, Мұсахан ұлы Исмайыл биден (1555-1563) өрбитін ұландар: Дін-Ахмед би (1563-1578), Ұрыс (орыс құжаттарында Урус княздары) би (1578-1590) кезінде осы «Алым» ұлысын Шейх-Мамайдың ұлдары Бек пен Ақназар (кейде мұны қысқартып бір сөзben Ақмырза деп атаған) мырзалар биледі. XVI ғасырдың аяғында «Алты ұл» ұлысы Ұрыс бидің ұлы Жан Арысланмен одақтасып, әуелі Ормамбет (мағлұмдарда Ораз-Мұхаммед деп те жазылады) биді (1590 жылдардың аяғында), көп ұзамай Дін-Мұхаммед биді өлтіреді. Ал Естерек Дін-Мұхаммедұлы (1600-1619) билік құрган тұстың бастапқы кезеңінде «Алты ұл» ұлысының адамдары билік басындағыларды тастанап, Есет (Елек бойы) өзеніне ұзап көшеді. Сол жақта отбасыларын қалдырып, өздері қайтып келіп Ормамбет бидің ұландарымен шайқасады. Бұл арада Алтыұлдықтардың қолдары басым түседі, жүртімен Жем бойына қайта оралады.

Мұнан кейін «Алты ұл» ұлысы 1622 жылы қалмақ ханы Хо-Өрлүктің жасақтарынан алғаш рет жеңілістің ацы дәмін татып, Қажы Тархан манында отырған Қанай бидің қол астына өтуге мәжбүрленеді. Малы-жаны мол Алты ұл ұлысына Қажы Тархан өнірі тіршілік көзіне таршылық етіп, оның үстіне орыс пен қалмаққа бағыныштылықтың арасынан ұлкен айырмашылық жоқ екенін байқап, ұлыстың бас көтерген иғі жайсаңдары бұрынғы ата қонысына қайтып оралуды көкседі. Осыдан болар Хо-Өрлүкпен келіссөз жүргізіп, қалмақ ханының шарттарына көнуге бейімделеді. Хо-Өрлүк те кет әрі болмады, өйткені, оған да билік жүргізіп, алым-салық жинайтын ел керек еді. Шәйнек (Шәйтерек) мырзаның қарауындағы «Алты ұл» ұлысының көпшілігі қайтадан Жем бойына көшіріледі. Ұлыстың қалған бөлігі қай жер тиімді екенін ойластырып, аңысын андау үшін Сұлтанай мырзаның қарауындағы алтыұлдықтарды Қажы Тархан манына қалдырып кетеді. Сөйтіп, «Алты ұл» ұлысы екі бөлініске ұшырайды.

1625 жылы 20 қазанда Қажы Тарханда құрылтай өткізіп, орыс әкімшілігі ногайларға басшы сайлады. Кейқуат болып Дін Мұхаммед ұлы Жан Мұхаммед, тайбұқалыққа «Алты ұл» ұлысынан Сұлтанай мырза тағайындалды. «Алты ұл» ұлысының шағын бір жұрттымен Қажы Тархан іргесінде қалған тайбұқа Сұлтанай 1626 жылдың 19 ақпанында Шәйнек мырза басшылығымен орыс патшасының қоластына өтеді. Тайбұқа Сұлтанай Жемге кеткен «Алты ұл» ұлысының сол тұстағы жайжапсарынан да хабар алып отырды.

Ойраттардың Далай, Манғыт, Батыр тайшылары Алты ұл ұлысын өздеріне қосып алу мақсатында Шәйнек мырзамен кездесіп, келіссөздер жүргізген. Ол кезде «Алты ұл» ұлысының Жемге кеткен адамдары Каракүм мен Борсыққұмды қоныс қылып, Жемде қалған Шәйнек мырзаның жұрттынан 15 күншілік жерде отырған-ды. Осындай аумалы-төкпелі заманды пайдаланып ағасы Испандиярдан Түркістанға қашқан Әбіш (Әбілғазы) хан алтыұлдықтармен тұрмақшы боп, Шәйнек мырзага келген екен. Ургеніштегі Испандияр ханнан елшілер келіп, Әбілғазыны шыгарып беруді талап етеді. Алайда Шәйнек мырза Әбілғазы сұлтанның өтінішіне орай, оның ногай мырзасының қолында қалуына қарсылық етпейді. Осы тұста Ургеніштен Сүйіндік Кожа бастаған үш қожаның аулы тоғыз мың адамымен көшіп келіп, Алты ұл ұлысын толықтырады (390, 294-302).

Сұлтанай мырза 1627 жылдың наурыз айында ұлы Мамай, інісі Шамамбет, Әли, Жүсіп мырзалар қасындағы отыз адамымен және әйелдерімен Жемдегі Шәйнек мырзага қашып барыпты. Олардың сонынан 100 атқышымен жұзбасы Илья Потребинский Қажы Тарханнан құғынға шықты деп мәлімделеді орыс шенеунігінің құжаттарында (390,

297). Сол уақыттағы орыс патшасының деректері Шәйнек пен Сұлтанай мырзалардың Үргенішпен қарым-қатынастарын жақсартқанын және Ташкенттегі Тұрсын ханмен олардың байланыс жасауға ниеттенгенін хабарлайды (390, 293-302; 106, 234).

Қажы Тарханнан шыққан орыс жасақтары «Алты ұл» ұлысының адамдарымен 1628 жылы «Жемнен бес күншілік» жерде Қарааzekte шайқасып, оларды Найман көліне дейін жеткізе құған. Осыдан соң «Алты ұл» ұлысы таулы жерлерді паналауға мәжбүр болғаны (Мұғалжар таулары туралы айтылып отыр) баяндалыпты. Ұлыстың адамдары Үргенішке не Қазақ ордасына қарай кетейін десе, екі ортада көлденен жатқан жалпақ қалмақтардың үстінен өте алмай қаймыққандары да Елшілік бүйріғының құжаттарында түзілген (390, 303-320).

1628 жылы жазылған Елшілік журналында: «Сол жылдың күздінде 40 мың қалмақ Қазақ ордасына шабуыл жасады. Қазақ ордасының ханы оларды ұрып-соғып кері куып тастаған. Екі мың қалмақ Жем бойындағы тауларға қашып кетті» деген мағлұмат тіркеліпті (390, 309-310). Бұған қараганда жоғарыда келтірілген оқиғалар Алты ұл ұлысындағы саяси жағдайды дөп көрсетеді.

Өз жұртын жат қолында қалдырмай, алып-шығып Қазақ хандығының Кіші жұз құрамына қосуға «Алты ұл» ұлысын билеген ноғай мырзалары бар күшін салғаны айтуға тұрарлық. Мырзалар саясаткерлік танытып, қалмақ тайшыларымен ортақ тіл тауып, орыс патшасына бағынған ноғайлардың соңғы сілемдеріне тойтарыс бере отырып, ұлысқа қараған рулардың басын қосып, Жем сыртындағы сулы, нұлы далаға аусады...

Кіші жұздегі Алшын шежірелік жүйесіне Байұлының да енүі осы кезден бастау алған тәрізді. Кіші жұз шежіресінде Алшын атымен үш ұлыс – «Алтыұл» ұлысы, Бай ұлысы және Жетісан ұлысы ұйысады. Жұздеген жыл көші-қон, тағдыр-талайы және тұрмыс-тіршілігі бір тарапта өрбіп, тату-тәтті өмір кешені жалғасып келеді.

Мұның бір қырынан ғана мысал келтіре кетейік. Тәуке хан заманында Төрт қара мен Тама руларының арасында жесір дауы ушығып, хан алдына жүгінуге келгенде, Орта жұздің атақты биі Қаздауысты Қазыбек мына даналық сөзін айтқан екен:

«Рамадан, Телеу Кіші жұздің үлкені,  
Арғы тегі белгілі Арғымақтан тараган.  
Кердери, Табын, Таманы қорғат келді Кіші жұз,  
Алшыннан бөліп оларды, жасаудың жүрген жаланы.  
Жагалбайлы, Керейтің Құдуармен туысқан,  
Қынышылық заманда олар да күнге жараган.  
Құдуардан қос қожса өсіп-өніп көбейген,

*Байсары, Адай үрпагы қосылып оң мен солыннан.  
Осы айтылған Жетіру қай рудан аз еди,  
Атапары тұысқан, бөлінбей жүрсе тобынан.  
Барлығы да бауырлар, қашып келгендер емес,  
Өз отанын ойрандаپ, босып келгендер емес.  
Кіші жуздің бәрі Алышын атагы бар жсауынгер,  
Кызылбастан өңгеріп алып келген құл емес», -*

деуі Кіші жұз руларының ежелден достық қарым-қатынасын паш еткендей әсер етеді (106, 235).

Көңіл қойып тындар қулақ болса, мұндай дана сөздердің жас буынға берері аз емес... Қорыта айтсақ, Ноғай Ордасындағы Шектілердің тағдыр-талайы әжептәуір осы кітапта баяндалғандықтан, әңгімені осымен әзір дөғара тұрайық...



**Сейд Ахмед бидің кезіндегі күміс ақшалар. Сарайшық. XVI ғ.**

## ЖЕТИНШІ ТАРАУ

**Ногай билері – Жүсіп пен Исмайыл тұсындағы Орданың жағдайы**



**Ногай биі Жүсіп (Юсуп).  
(1550-1554)**

Сырдан төмен кең қоныс –  
Еділ, Жайық, Жем, Сагыз,  
Елек, Қобда саласын,  
Мекенденіп кетіпти  
Кіші жұздің баласы.

Темірдің басы құба бел,  
Сол жақта қалды бөлініп,  
Әлім аға бөлек ел.  
Еділдің басы – Мыңтөбе,  
Жайықтың басы – Орал тау,  
Електің басы – Есембай,  
Қобданың басы – Мұңалжар,  
Қонысқа солай тараган.  
Елдің көбі қалды бер жақта,  
Азы өтті ар жақта,  
Нарынның анау бойына,  
Ішкі Ордага-хан жаққа...

*(Кашаган жырау. Атамекен (455, 75-76).*

Тақырыбымыз толыққанды болу үшін Ногай Ордасының билері Жүсіп (орыс тарихнамасында Юсуф деп жазылып келеді) пен Исмайылдың билігін баяндамас бұрын, Мұсахан әuletінің қос жұлдызы – қос батыр – Қарасай мен Қазиды әңгімелеп кеткен жөн саналмақ.

«Қырымның қырық батырын» жырлаған ақындар мен жыраулар эпос кейіпкерлерінің қай кезенде туғанын, өмір кешендерін жақсы білген, оқиғалардың хронологиясын да дұрыс сақтаған. Дастандарда тарихи шындықтан аз-кем ауытқушылық болғанмен, ешбір мұрагаттарда кездеспейтін көнекөз мағлұмдар аз емес. Мысалы, «Қарасай, Қази» жырында олардың анасы мен әйелдерінің аттары ылғи нақ аталып отырған: Мамайдың бәйбішесі Ақтерме, тоқалы Қарахан сұлу, қарындасты Қибат, Орақтың аналары Шолақ қатын мен Қараулектің есімдері. Ондаған атауларды еш жаңылыспай жадында ұстайтын шежірелі дәстүрдің үрдісімен тәрбиеленген ногай-қазақ жырауларына сүйсіне қарайсың, - дейді қазак жазушысы Ә. Сарай (106, 155).

«Қарасай, Қази» мен «Орак, Мамай» дастандары құрылымы, мазмұндамасы жөнінен бір-біріне үқсас жырланған. «Орак, Мамайда» негізінен Орақтың батырлығы айтылып, Мамай қосалқы кейіпкер ретінде қатынасады, ал «Қарасай, Қази» дастанында Қазидың Қондыкер, Батырхан қалмактарға жорығы паш етіліп, Қарасай сол оқиғаларға қуәлік етуші, оның нөкерлерінің бірі сияқты суреттеледі.

Уақыт өте келе кейінгі жыраулар батырлардың өмір кешендері астарлас жатқандықтан, ұмытылмай есте қалсын дегендей, Мамай мен Орақты, Қарасай мен Қазидың аттарын қатар қойып жырлаған. Немесе әуелі әрқайсысы жеке-жеке қысқа мазмұнда жырланып, артынан толықтырылып, үлкен дастанға айналуы да ғажап емес. Әйтеуір, эпос мазмұны көңілге жылы әсер қалдырғандай.

Міне, осынау батырларды қос-қостап жырлап, тағы бірде батырларды қандас жақын, ағалы-інілі туыс ретінде көрсету кезінде кейір жаңсақтыққа да жол берілген. Мысалы, дастаның «Орак, Мамай» туралы бір нұсқасында оларды Мұсаханның ұлдары деп таңбалаган. Ал анығында, Мамай – Мұсаның ұлы, Орак – Мұсаның немересі Әлшағырдың бел баласы емес пе? «Қарасай, Қази» эпосында бұл екі батыр Орак ұлдары деп айтылады. Шынтуайтында, Қази Орақтың ұлы, ал Қарасай болса, Шейх Мамайдың перзенті.

Бұлай десек, оқиғаларды тұзуде эпос пен тарихнама арасында аз-кем алшақтық кездескенмен, халық аузындағы жыр-дастандарға сүйене отырып, тарихи оқиғаларға жақындей түсеміз. Әйтпесе, ногайлар тарихының бір ұштығы көмекілене берер еді.

Эпостағы кейіпкерлерге аз-маз ат басын шалып өткен сон, енді тарихнамадағы Қарасай мен Қазидың ғұмырнамасына барлау жасау орынды болмақ.

Қази Қарасайға қарағанда жастау болса керек. Өйткені дастанда Қази жетіде, Қарасай сегізде деп жырланыпты. Әкеден жас қалған Қази Орақұлы Еділдің сол жақ бетіндегі әкесінен мұрага қалған жерде өсіп-өніп, ержетеді. Бозбала кезінде әкесі із салған Қарауыл төбеде батыс шекара құзетін атқарады. Оның Келмағамбет, Жанай деген Орақпен бірге туған немере ағалары болды. Ол кезде бұл өнір ногайлардың нұрадыны Мамай Мұсаханұлының билігінде еді. Мамай, Қосым, Келмағамбет, Иスマйыл мырзалармен бірігіп жаз бойы Қазан іргесіне дейін көшіп-барып жүрген-ді. Немере ағасы Келмағамбет (Кел Мұхаммед) ногайлардың ірілі-уакты құрылтай жиындарынан қалмайтын, Орыс патшасымен өз алдына қарым-қатынас жасайтын дәрежеге жеткен көшелі мырзалардың бірі.

Буыны қатая бере Қази Мамай батырдың солтүстікке жасаған жорықтарына қатысып күш сынасты. Бұл қарекетке кезінде әкесі

Орак, оның інісі Келмағамбет те атсалысқан еді. Бертін келе бүкіл ногайлар бірігіп, Әбді Рахман ханды тақтан қуатын Қажы Тархан шапқыншылығына Қази да қатысты деген қауесеттер кездесіп қалады.

Ноғай Ордасының төрт тарабында бірдей жеңіске жеткен ноғайлар тосын оқиғага (1547 жылы) тап болып, ұйқысын шайдай ашқан. Ноғайлармен құдандалы жекжат Қырым ханы Сақып Герей бастиарына бұлт үйірілгенде өзі де, інісі Сафа Герей де Мамай батырдың ығында жүретін. Осылан қарамастан Қырым ханы ешкімге сездірмей 1547 жылы ойда жоқта Қажы Тарханды басып алды. Бұл тұста оның Ноғай Ордасындағы сыйбайлас адамдары Мамай да, Орак та дүние салған еді.

Сақып Герей хан Қажы Тарханды басып алған бойда, қаланың жүртүн күшпен Қырымға көшіре бастады. Онымен де шектелмей, ұрпақтан ұрпакқа мирасқа берілетін үрдіспен, ешкім қайтарып ала алмайтын қылыш жерге шарт жасап, отырықшылыққа көшіндер деп Еділ, Жайық, Жем, Қобан, Дон, Днепр бойындағы басқа жүртқа да жар салды.

Шынтуайтында, Сақып Герей халыққа жер бөліп, бұрынғы көшікөндө тоқтатып, отырықшылық үрдісті енгізуге бетбұрыс жасады. Осыдан киіз үйлер туырлығынан кесіліп, ел жаппай үй салуға құлшына кірісті. Бұның алдында, ол Қазан тағынан айырылып Мамай батырды паналап жүрген кезінде, 1521 жылғы Москва княздығына сәтті жорығы ескеріліп, Осман сұлтаны тақта отырған Саадат Герейді ығыстырып, Қырым билігін Сақып Герейге алып берген болатын. Сондықтан да, ол Істамбулмен тығыз байланыста жүрген-ди. Қырым ханы солардың жөн-жосығымен елді отырықшылыққа үйрете бастаса керек.

Жасыратыны жоқ, ноғайлар Қажы Тархан жау қолына тұсті дегенді есітісімен, 12 мың әскер жасақтап жолға шықты. Қолды болған Қажы Тарханды қайтару үшін Жұсіп ұлы Әли мырзаны көмек сұратуға Осман сұлтанына аттандырады. Қырым жарты аралына тар мойын Орбат (Перекоп) өткелі арқылы енетін де ары қарай жылжитын. Сақтық үшін Орқазылғандықтан өткел осылай аталған-ды.

Әли мырзаның жасақтары канша талпынса да, Орбаттан арғы жағаға өте алмады. Өткел бойын шекара әскерлері зеңбірікпен атқылап, ноғайлардың быт-шытын шығарды. Әли азғана жасақпен қашып құтылды да, қалғандары тұтқынға тұсті. Орыс патшалығының дереккөздері: Сақып Герей тұтқындарды жаппай қырып, бас сүйектерінен Орбат өткелдерінің екі жақ босағасынан мұнара көтерді деп жазады. Бұл бүгінгі ғана шекара емес, қадым заманнан Қырым жүртүнің қақпасы болатын. Бас сүйектен қаланған мұнараның ертеден-ақ танабы тұрса керек.

Ел арасында 1548 жылы Сақып Герей Қажы Тарханды қорғау үшін зеңбірек пен шамқалдар жіберіпті деген хабар шығып, ноғайлардың

тағы да зәре-құтын кетірді. Әли мырза он мың жасақпен олардың жолын бөгеуге Қырымға аттанып кетеді.

Туласын айтсақ, Сақып Герейдің жүртты Қырымға отырықшылыққа шакырған үндеуі талайлардың басын шырғалаңға салып қойды. Қалай десек те, ногай мырзаларының бастауымен елдің Қырымға көшуі жиілеп кетті.

Атасынан қалған мұраны – батыс шекараны жан-тәнімен күзеткен Қази мырзаға Үлкен Ноғай Ордасынан билік те тез арада тие қоймады. Жас батырдың еңбегі еленбей Сейдақ пен Шейх Мамай билер кезінде де, енді Жүсіп билікке келгенде де, оның атын ешкім ауызға ала қойған жоқ. Билік оны айналып өте бергені рас еді. Күш-қайраты тулаған қарымды батыр Қази 1540 жылдардың аяғында Үлкен Ноғай Ордасын тастап шығып, Еділ-Жайықтан біржола іргесін алшақтады.

Әкесі Орак дәүірінен бірге көшіп-қонып, әке орнына саналған Исмайыл билік қолына тиіп, батыс тарапқа нұрадын болғанда, Қазиды тағы да ескермеді. Оның үстіне әкесі Орактың қазасы Қалу мен Сарының қолынан жеткенін білді, бірақ олар ұстаптай жоғалып кеткеннен кейін, жауыздықты ұйымдастырушылардың бел ортасында Исмайыл жүргенін сезіп, онымен өле-өлгенше өштесіп өтті.

Осы көшкеннен Қази Қырымға емес, Қобанға тартты да, Қабарда-Шеркес нарттарымен (мырзаларымен) бастас қонды. Әкесі Орактың осы жүртпен баяғыдан-ақ қатынасы үзілмегені де ескерілсе керек:

*Орбаттан шығып шеркестермен ойнаган,  
Оралды өтіп, машкірттермен жайлаган...*

Орақ батыр сен бе едің? – деген А.И.-М. Сиқалиев келтірген жыр шумағы осыған куәлік еткендей (90, 85). Олай болса, жана қоныс – Қазига бала күнінен таныс жұрт, әкесінің достары Қабарда мырзаларынан қолдау тапты. Аталмыш ногай зерттеушісі еңбегінде Қазидің қонысының аумағын былай нақтылайды: «Үлкен Ноғай Ордасы құрамынан Қази ұлысы – Кіші ногайлар бөлініп шықты. Алғашқыда Қази ұлысы қазіргі Пятигорск (Бештау) маңын мекендеп, Кума, Маныш өзендеріне дейін аяқ созды. Артынан Қазы ұлысы Қобаннан Қара және Азовқа дейін, Маныштан солтүстік Қырым, Днепрге дейін, шығыста Терек өзеніне дейін жетті» (90, 37).

Енді бірер жыл өткенде Қази ұлысы Қабарда игі жақсыларының көмегімен елеулі саяси күшке айналады. Бұлай десек, ногайлардың тұрмыс-тірлігіне Солтүстік Кавказ билері де араласқан секілді.

1554 жылы нұрадын Исмайыл бірге туған ағасы Жүсіп биді өлтіріп, Ноғай Ордасын өзіне қаратып тынғанда Қазидың зығырданы тіпті

қайнап кетті. Әкесінің кегін қайтармак үшін Еділдін арғы бетіне Жұсіп бидің Жұніс, Ибраһим, Ел, Ақ, Баран, Жан, Әли, Махмұд – сегіз ұлы дымын шығармай бір шаңырақтың астына жиналды. Бұны күтіп отырған Қырым хандығы да қол ұшын созып, іле зде көмекке келді. Жасағын та-стай сайлап алған Қази батыр да Жұсіп ұлдарының ортасынан көрінді. Қажы Тарханның орыстар қуып шықкан бұрынғы ханы Жаңбыршы да Қырымды сағалап, Азудан ебіл-себіл қүйінде осында жеткен-ді. Жаңбыршының бар мақсаты – Қажы Тархан тағын өзіне қайтару де-сек, Жұніс пен Қазидың мақсаты – көктемгі еріген қар суымен арнасынан асқан Еділден жасақтарын сал арқылы машақатсыз өткізіп алу еді. Ниеттері бірікпеген екі жақ Қажы Тархан іргесінде сөзге келіп қалды да, күшіне сенген Жұніс пен Қази Жаңбыршы әскерін тоз-тоз қылып, қуып жібереді. Тағына жармасқан жауын мұқатқаны үшін Қажы Тарханның ханы Дербісәлі Жұніс пен Қазидың жасақтарын Еділден ың-шыңсыз өткізуге барынша атсалысты.

Мұнымен тұрмай, 1555 жылғы мамырдың аяғында Жұніс пен Қази жасақтары Сарайшыққа лап қойды. Қаланың күзетінде тұрған кейкуат Қосай (Қарасай) батыр ойда жоқта тұтқынға тұсті. Ноғайлардың атышулы батыры Қосайда (Қарасайда) Қазидың өші жоқ еді, оның іздегені – арамза Исмайыл би. Ал Исмайыл болса Жайықты бойлай қашып, іс-түссіз талтырмай кетті. Қази Исмайылдың сонына түсіп, індете куғанмен, Исмайыл қатын-баласын жау қолына тастап, Қамаға тартып ұстаптайды. Бидің отбасы мен барлық мал-мұлқі Қази жасақтарының қолына түседі.

Қази көп жанды тұтқындалап, үйір-үйір жылқы мен түйені айдап, өз ұлысына оралды. Жұсіп балалары болса Ноғай Ордасының астанасы Сарайшықты иеленіп, Жайық бойында тұрып қалды. Сарайшықта олар Жұсіптің ұлкен ұлы Жұністі би сайлап, қолға түсken Қосайды (Қарасайды) байыбына жетпей ашу үстінде өлтіріп жібереді. Алайда, бұл жеңістің нәтижесі ұзакқа созылмады, Қама жағасында әскерін жасақтаған және орыс патшасынан көмек алған Исмайыл би Сарайшыққа шабуыл жасап, Жұсіп балаларын астанадан қуып жіберген-ді, ал Қази қолға түспей құтылып шығады.

Қазига жаулық ниетінен айнымаған Исмайыл Қабарда нарты Темірұйықпен қарым-қатынасқа шығып, ұлы Дін Ахмедке қызын әперіп, қабардалармен құдандалы-жекжат бола кетті. Дегенмен Қазидың жолын бөгеуге бидің дәрмені жетпеді. Қази Темірұйықтың жауы шеркештердің биі Пшеапшоки Кайтукиннің қызына үйленгеннен кейін (1562 жылдың аяғы), қарым-қатынасы орыс патшасымен ушыға тұсті.

Қабарда нарттарының оң қырына іліккен Қази ұлысы күн санап күштейе берді. 1560 жылдардың ортасында Қази ұлысының ықпалы бұрынғыдан да

артып, күш-жігері ширады. Сейтіп, 60-жылдардың аяғында Кіші Ноғайлар Ресейдің оңтүстік аймақтарына шабуылдарын ұдетті. Қази ұлысының жауашылары Улken Ноғайлардың би Исламайылдың да Ордасына әлсін-әл тиісіп, биді біраз әбігерге түсірді. Жауларынан әдіс-амалын асырган Кіші Орда би Қази Улken Ноғайларға алдырмай-жұлдырмай, ебін тауып құтылып кетіп жүрді. Исламайыл би Москваға әлсін-әлсін елші жұмсақ, хат жолдап, Қазиды жазалауды әк патшадан өтінді. Бидің Кіші ноғайлардан қорғану үшін, тіпті, Сарайшыққа 1000 атқыш (стрелец) жіберуді сұраған кездері де болғанын тарихнама түзіпті (106, 159; 465, 5-7).

Орыс патшасының жұмсауымен Дондағы орыс казактары Кіші Ноғай Ордасына шабуыл жасап, ұлысқа біраз машақат келтірді. Алайда, көршілерден (шеркеш нарттарынан) көмек алған Қази ұлысы іргесін сөктірmedі. Ол кездегі саяси жағдайға назар аударсақ, Қабарда мырзалары орыс патшасы IV Иван (Қаңарлы Иван), Исламайыл би, Темірұйықпен күш біріктіріп, Қази ұлысын әлсіретуге тырысқаны тарихнамада айттылған. Кіші Ноғайларға Пшеапшоки бастаған Шеркеш нарттары, Қырымның ханы Дәulet Герей және Осман империясының сұлтаны Бірінші Сүлеймен көмек ниетін ұсынғаны мәлім (465, 7). Оларға арқа сүйеген Қази батыр әуелі Қабардадағы темірұйықтарды, Улken ноғайларды талқандауды, сосын орыс патшалығының оңтүстік аймағындағы Қажы Тархан қамалына жорық жасауды көздеді. Бірақ 1576 жылды наурыз айында Қабарда темірұйықтарына жорық кезінде батыр қаза табады. Бұл оқиға тарих бетіндегі мынадай мағлұматтармен анықталады. Қази қасына ерген Қырым хандығының сұлтаны Иман Герей бар жасақтарымен Темірұйықтың ордасына шабуыл жасап, үлкен олжамен кері оралып қайтып келе жатқанда, түнде қабардалықтар білдіртпей келіп, бұлардың құзетшілерін өлтіреді де, мініс аттарын босатып қуып жібереді. Таңертең ала кеуімде Қазиды жаулары жатқан жерінде бас салады, өзімен бірге екі інісі, бірнеше ұлдары қаза табады. Қабардалықтар Иман Герей сұлтанды тұтқындалап, Қази жасақтарының бірін қалдырмай өлім жазасына кеседі. Мұны естіген Қазидың кенже ұлдарының бірі Хан жан сактау мақсатымен Қырым асып Керіш қамалына қашады. Сол жылдың тамыз айында азып-тозған Иман Герей тұтқыннан Қырымға оралыпты. Оны босатқан Қабарда билерінің бірі Алғазұфанды темірұйықтар ұстап алып, дарыға асады.

Қазидың өлімі Қырым ханы Мұхаммед Герей екіншінің де жанына батады: «Патша болмаса да, билігі дара Қырым хандығының тас қамалы еді, Қази қол бастап жорықтың басынан көрінуші еді, енді ондай батырдың орынын кім толтырады», - деп хан қайғырыпты (465, 7). Міне, қас батырдың тағдыры осылай аяқталады...

Әңгіменің желісін бұзбай, мынаны да айта кетейік. Қази әкесі Орактан үш жасында қалды деген фольклорлық жырда кездеседі. Алайда, Қалу мен Сары Жүсіптің оны 1549 жылы өлтіргенің қаперімізде ұстасақ, ал оның Үлкен Ноғай Ордасынан бөлініп шыққан кезеңін 1552 жылмен шектесек, онда Қазидың бұл тұстағы жасын 18-де деп топшылауға ниеттенеміз. Сонда Қази 1534 жылы туған болып шығады ғой және Қарасайдың (Қосайдың) дастанда Қазидан бір жас үлкендігін есепке алсақ, онда Қосай батыр 1533 жылы туған деп санауға тиіспіз. Бұдан шығатын қорытынды Қази Оракұлы 1534 жылы туып, 1576 жылы 42 жасында қаза тапты деуге сияды. Алға жылжып айта кетейік, орыс құжаттарында: «1639 жылдың аяғы немесе 1640 жылы Москваға Қосай балаларынан елші келіп, әкесінің қайтыс болғанын айтып, олардың да әкесі Қарасай сияқты орыс патшасына қызмет еткісі келетіні», - тіркеліпті (465, 16). Бұған қарағанда, Қази ұлысының соңғы биі Қарасай, Үлкен Орда биі Қанаймен бір мезгілде дүние кешкен секілді деп орыс тарихшыларының жазғаны тағы бар (465, 16-17). Бұны қаперімізге алсақ Қарасай батырдың Қазидан кейін біраз дәуір өмір сүргендігі байқалады. Бірақ бұл ақиқатпен жанаспайтын секілді...

XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық шығармалар Кіші Ноғай Ордасының мырзаларын Қосайдан шықты деп көрсетеді, осыдан болар қазірге дейін аңыз-әңгімелерде Кіші Ноғайларды «Қосай тұқымдары», «Қосай ұлдары» деп аттай береді. XIX ғасырдың өзінде де «Кіші Ноғайларды Қосайдан таратып, «Қаспұлат-ұлы, «Наурыз-ұлы» және «Сұлтан-ұлы» аталақтарына және ауылдарға бөліп жүргені де мәлім (466, 119; 467, 170; 465, 17).

Ал Қосай (Қарасай) Шейх Мамайұлының аты 1549 жылдан бастап Ноғай Ордасының құжаттарында ұшырасады. Орыс тарихшысы В.В. Трепавлов оның дұрыс есімі «Қасым бин Шейх-Мамай» деп көрсетеді. Бұл атау азан шақырып қойған есімі болса керек. Бірақ ноғайлардың Ресеймен жазысқан хаттарында оны еш бұрнамаламай ылғи «Қасай мырза» деп атайды.

Қазақ, Сібір хандықтарымен іргелес өнірде кейқуат міндетін атқарған Шейх-Мамай аз уақыт би (1548-1549) болса да, Ноғай Ордасының шығыс қанаты мен ортаңғы ұлыстарын біріктіріп, жаңа бірлестіктің батысына жауапты лауазымды – нұрадын тізгінін үлкен ұлы Қосайдың қолына ұсташқан-ды. Ал шығыс беттегі кейқуаттық дәрежені Қосайдан кейінгі екінші ұлы Би мырзаға берген. Осыдан кейін Шейх Мамай әuletінің көші-қонысыбылай белгіленді: би Шейх Мамай Сарайшықта, нұрадын Қарасай (Қосай) Жайықтың басты сағасы Теке-Шағанда, кейқуат Би мырза Ор өзенінің бойында (кейінірек Ор бекінісі). Мәселен, Теке-

Шаганнан Рязан кияздығына аттанған жасақтар әуелі Орақ қарауыл (орыстар Переволоки атаған) құзетінен, не уақ Көкше батыр құзететін Увек (Саратов) арқылы өтетін болған. Бұл өткелдерде Еділден әрліберлі өткізетін қайық, кеме, салдар үзіліссіз қатынады. Еділдің ұзына бойындағы өткел қызметін бақылайтындар ногайдың борлақ (бурлак) тайпасының ұландары еді. Бұлар баяғы Еділдегі Бұлғар хандарының тұқымдары, кейін ногайларға сіңіп кеткен.

Әкесі өлмей тұрып-ақ, 16-17 жастағы Қарасай ногайларды орысқа қарсы үгіттеп, қол жиып, жорыққа шақырды. Ол өжет адамға тән мінезбен, айтқанынан қайтпайтын бірбет қасарыспа батыр болып өсті.

Әкесі Шейх Мамай адам салып та, аяқтай өзі барып та, ұлын бетінен қайтара алмады. Сонынан ақ сүтін берген анасы Ұланды жұмсады. Ұлан қазақ ханы Қасымның қызы еді. Осынау асау батырды қатерлі сапардан тоқтатқан шешесі Ұлан бәйбіше болса керек.

... «Қарасай, Қази» эпосында Қарасай Әділ сұлтанға еріп, Қондыкер қалмақ еліне жорықта жеңіліске ұшырап, қолбасылары Әділ сұлтанды тұтқында қалдырып, қайтып келе жатқанда алдарынан Қази бала шығып, Қондыкерге қайта шабуылдал, жер асты жолы арқылы барып қалмақтың қамалын алады. Қази алған қалмақ қамалы Бақшасарай іргесіндегі «Қырық ер» бекінісіне ұқсайды. Қырыммен Қази қақтығысқан емес, Қарасайдың оларға жорық жасағаны рас. Ал енді қалмақтың Батыр ханына қарсы жорыққа анасы Қарасайды жібермей, Қазиды жібереді. Қарасай осы оқиғалардың тұсында ғана көрінетін кейіпкер ретінде бейнеленеді. Әу баста бұл батырлар бөлек-бөлек жырланып, кейін дастандарда біріктірілгені әлгіде айтылып өтті.

Осы біріктірuler кезінде жырларда бір-біріне қабыспайтын қателіктерге де жол берілген. Қарасай, Қази Орақ өлгеннен кейін туатын егіз ұл болып жырланады және олардың арасы бір жас, тетелес ұландар. Олардан бір жас кіші Қибат қыздың туған анасы белгісіз. Дастанда Шолак қатын бара-бара Қараулек бәйбішеге айналады (184, 3-34).

1549 жылы әкесі Шейх Мамай өліп, орнына Жұсіп би болғанда, Қарасай (Қосай) Жұсіптің жоғын жоқтады. Би оны ногайлардың кіндігі саналатын Сарайшықты жаудан қорғайтын қарауыл құзетіне қойды. Жұсіп би неше жылдай қатар қоныстанып, ым-жымдасып қалған батыс тараптағы мырзалардың тең аралығын сақтау мақсатында Жанбыршы ұлы Ағыс батырдың інісі Оразалыны осы бетке кейқуат қойып, Жемге көшірді. Бұрын Жем Шейх Мамай ұландарының ата қонысы саналатын.

Кең байтақ шұрайлы жайылымдарды еркін жайлап, кең қонған Шейх Мамай ұландары бұған ат тоқымын алып тұлағанмен, ағалары Қарасайдың ықпалынан шыға қоймайтын. Әйтсе де мәмілеге көнбей,

қоқан-локы көрсөткен Шейх Мамайдың үш ұлы Сейд Ахмед би көшкен Хорезмге бет бұрды. Тарих бетінде бұл ұландардың аты тіркелмепті.

Осыдан кейін Орданың шығыс жақ бетінен қауіп төне бастағанына таңғалмасақ керек. Бұл кезде Сейдақ әлі тірі болатын. Сейд Ахмед балалары мен Хорезмге барған Шейх Мамай ұландары құш біріктіріп, еңсе көтере бастаған-ды. Тұған інілерінің бір-бірінен енші айыруы, жарты ғасырдай бауыр басқан ата қонысының қолды болғаны Қосай батырдың жүйке тамырын әлсіретіп жіберді. Ол кейқуат лауазымын әкесі тірі кезінде де атқарған-ды. Қызметін қиғанда кім біледі, тумалары бөлініп, ел асып кетпес пе еді? Осы тұста Орданың біртұтастығынан гөрі жеке бастың қамын ойлаған келте билер шыға бастады. Қарасай да екі аяқты, жұмыр басты пенде емес пе? Кім біледі, лауазымға қызықты ма екен? Қөрші отырған қандас, мұңdas Қазан, Қырым, Қажы Тархан жұртынан, орысты артық көретін қықым мырзалар төбе көрсетіп бақты. Кешегі аты шулы билердің ұлдарының біразы, орысты тізеге жаншып таптаған Алтын Орда хандарының ұрпақтары дүние үшін ақ патшаның нөкеріне айналып, шен-шекпен тағынып, алтын-күміске оранғанына мэз болғандары да кездесті. Москвада үш жыл тұрып, орыс тақлетіне көшкен Дербісәлі сұлтан патшаның қолтығының астына кіріп, Қажы Тархан хандығын иемденген-ді. Оны айтасыз, орыстан қатын алып, атын-затын өзгертіп, дінін тастал шоқынып кеткендер де барышылық. Бет терісі бұлк етпей, орысша-қазақшаны араластыра соғып, елші болмаса да елші жанындағы тілші болып жүргендері қанша ма? Осынау жалпақ даланы қонышынан басып, орысқа дымын шығармай, ешкімнің жетегіне ермей жүргендері – Жүсіп би мен Қосай батыр. Бұл екеуінің үстінен домалатқан ағайындарының арыз-шагымдары бір үйдің төбесін жапқандай еді. Қарасайдың одактастарын таба алмай, Жүсіп биден ажыраспауы осыдан болса керек. Қанды шенгелді IV Иван патшаның Қазанды төңкериу пигылды Сарайшыққа 1549 жылдың аяғында белгілі болып, бидің қатер бұлтын аластай үшін жан-тәнін салғаны Қарасайға мәлім еді. Шынту-айтында, би мен Қарасай ноғайлардың қарекетімен, Қазан хандығын қалайда сактап қалу істерімен айналысты. Олардың Москваға жұмсаған елшілігі бірде-бір рет бұл мәселені айналып өткен емес (340, 94-99).

Бидің бір құжатында: «Қазанмен татуластырайын, алым-салық алып берейін, тек биыл жорық жасама. Мен арнайы барып, Қазан жұртымен сөйлесемін. Сөзімді ілтипатқа алмаса, не істесен де еркінде», - деп жазылды (340, 94). Алайда Жүсіп бидің бедел салған бұл қарекеттерінен ештеңе өнбеді. 1552 жылдың күзінде IV Иван Қазанды 150 мың әскермен қоршады. Жүсіп 200 мыңға дейін қол жиып, 1553 жылды Ресейді шабуға

дайындалғанда, інісі Исмайылдың кесірінен ойын іске асыра алмады. Ол орысты шабу ногайлардың құнінен бұрын өлу екенін дәлелдеп бет бақтырмады, осыдан соғыс өрті тұтанбай, ошағында сөнді. Бұл Жүсіп биге де, оны қолпаштаған Қарасайға да атақ-абырой әперменегені айтпаса да түсінікті.

Ақ патшаға соғысты тоқтатқан Исмайыл жағы өз алдына бір топ, жорықтан дәмелілер екінші тобырды құрап, текетірес күйге түсті. Бастаған қарекетін аяқ асты еткеніне намыстанған Жүсіп би інісі Исмайылға күш көрсетуді ойластырыды.



Қазанды қорғау

Орда би Жүсіп пен нұрадыны Исмайыл жақтастары бетпе-бет келгенде Қарасай батыр ағайынның азарынан гөрі безері қағидасын ұстап, бекер қан төкпеу үшін соғысдан бас тартып, ара ағайынға мәміле сөз айтып, екі жақты келістіруге тырысты. Жүсіп бұрынғы өзіне тілекtesінің бұнысын сатқындық санап, шырт сынды. Би майдан даласын тастап, әп-сэтте Сарайшыққа оралды да, із тастанмай Қарасай інілерін нысананаға алды. Ағайындарының бірімен бірі алысып жатқанын көрген Исмайыл да шұғыл қимылдан, ағасы Жүсіпті жазым қылды. Бұны көрген Жүсіп ұландары Қырымға жол тартты. Бұл қанды оқиға, тарихшылардың айтуынша, 1554 жылы болған тұғын.

Еділдің оң жағына шыққан соң Жүсіптің үлкен ұлы Жұніс Исмайылдың ескі жауы Қазимен тіл табысып, Сарайшыққа жорық жасауға дайындалды. Қажы Тархан ханы Дербісөлі жанындағы орыс елшісі Петр

Тургеневтен ілезде хабар алып, көп әскермен Сарайшыққа жол тартты. Исмайыл Қарасайды аз жасақпен астананы қорғауға қалдырып, өзі Жайықтан әрі асты. Оған ендігі жерде Қарасайдың қажеті болмай қалды, сөйтіп, аңқау батырдың басын өлімге байлаң кетті.

Қосайдың (Қарасайдың) қалай өлгенін дастандардан білеміз. Сөйткен Қарасай батыр 1549-1555 жылдар аралығында Ноғай Ордасы тарихында өшпес із қалдырып, жалған дүниеден қас-қағымда өте шықты. Осынау ноғайлардың басына қара бұлт төңген ауыр кезеңде жұртының жоғын жоқтап, қасірет-қайғысының басында жүрген ерен ердің атақ-дақпырты халық арасында өлмей, аруағы бүгінгі ұрпақтарын желеп-жебеп жүр.

Кезегімен өліп, уақыт шіркін Ноғай Ордасының билігін Мұсаның кенже ұлдарының бірі Исмайылдың қолына жеткізгенін тарих күәландырады. Оның қанды оқиғалармен үштасқанын жаңа ғана айтып өтсек те, Жұсіп бидің тағдырын тағы бір рет шолып өту керек сияқты.

Қарадан шығып хандық дәрежені тұтынған атақты Едіге бидің шөбересі Мұсаның әйелі Сібір ханы Ибақтың (Ибраһим) Ханзада есімді қызынан туған ұлдары – Жұсіп пен Исмайыл, екеуі де билікке икемі бар нағыз әрекет, іс-қимылдың иелері. Бұларды егіз десе де болғандай тете-лес аға-іні, Жұсіп Исмайылдан бір жасы ғана үлкен.

Жұсіп Ноғай Ордасы билерінің арасындағы көзі ашық, діни сауатты, ізгі ниеттегі такуа адам еді. Оның орыс патшасы IV Иванға жолдаған қарым-қатынас қағаздарынан бұл жай аңғарылғандай: «Мынау жарық жалған келеді, кетеді. Біздің кітапшылар: өлімнен құтылу жок дейді. Бұл уәж біздің Құранда, Сіздің Інжілде жазылған. Сіздің кітапшылар Інжілге сүйеніп, өмір – тірлікте, о дүниелік өмір жоқ десе, бұл дүниеде азып-тозбайтын, өлмейтін ізгі атақ екенін өзің де жақсы білесің», дейді бір күжатта (340, 90). Міне, Жұсіп бидің хаттары осы сарындағас бол келеді. Н.М. Карамзин оны «кемел ойдың иесі» десе, Түрік сұлтаны оны аса жоғары бағалап «билердің биі» деп атағаны мәлім (66, 76; 320, 60-605).

1549 жылдың басында Шейх Мамай дүние салғанда, орнына би сайлауда дау-дамай ұшыраспады. Бәрі де бірауыздан Жұсіпті биге лайықты деп үйғарды. Оның Ноғай Ордасына көшбасшы болған кезеңі, төрт жасында таққа келген, қанішер жауыздығымен атағы шыққан Қаңарлы Иванның 19-ға толып, жан-жағына көз алартып, жау іздеп, ауыздығымен су ішіп, аласұрып тұрған шағына дөп келеді. Жас князь атын шығару үшін неге болса да дайын еді. Оның алғаш нысананаға алғаны Қазан хандығы. Н.М. Карамзин IV Иванның Қазанға жорығы 1552 жылы болды деп, 1549-1551 жылдардағы сәтсіз жорықтары туралы ләм-мим деп

ауыз ашпайды да, тек 1552 жылғы аса қатал қанды жорығы туралы майын тамыза әңгімелейді (320, 606-619).

Төртінші Иванның 1552 жылды 150 мың әскермен үшінші рет жасаған жорығы тамызда басталып, қазан айының 2-інде Қазанның құлауымен аяқталады.

Жоғарыда Жүсіп бидің Қаңарлы Иванға хат жолдап, Москва мен Қазанды татуластыруға тырысқанын айтқанбыз. Екі араға мәмілегерлік жасаған да осы Жүсіп би болатын. Оның жөн-жосығына карасақ, Қазан ханы Сафа Герейдің әйелі атақты Сүйімбике ару Жүсіптің қызы еді. Сафа Герей 1549 жылды өлген соң, екі жасар Өтеміс Герейді хан жарияладап, шын мәнінде, ұлы ержеткенше хандықты Сүйімбикенің өзі билеп тұрды. Қазан Сүйімбикенің басшылығымен Ресей патшалығынан үш жыл қорғанды. Ақыры оны тұтқындалап, патша жасақтары үш жасар баласымен Москваға жер аударып, алып кетеді. Н.М. Карамзин патшайымды хан сарайынан алып шығып, кемеге отырғызған қайғылы сәтін былай суреттепті: «Патшайымды тұтқын ретінде Москва патшасына шығарып беретінін естіп, Сүйімбикеге қосылып бүкіл Қазан боздап жылады... Кеме тұрған Қазанка өзеніне дейін қала халқы оның сонынан ілесе жүрді. Сүйімбике күймемен айлаққа кеп тұсті. Сонынан оның ұлын көтеріп жүрушілер келді. Өні аппақ боп қуарып жүдеген, шайқалып ағымен азар тұрған Сүйімбике кемеге шығып, жағалауда анталаған еліне екі бүктеліп сәлем етті. Халық дауыс салып, жер құшып жылады» (320, 604).

Қазан қырғынынан сәл бұрын 1551 жылы қырқүйек айында Жүсіп би Москваға елші ғып Байбақты батырды аттандырған-ды. Сол жылдың 14 қазанында Қаңарлы Иван патшага табысталған хатта: «менің тізімге алынған сарбаздарымның саны – үш жүз мың. Сегіз ұлым бар, оның әрқайсысында он мыңнан астам адамы бар» деп мәлімдеп, патша ағзамды ықтырғысы келген Жүсіп би болатын (340, 99-100).

Тағы бірде Жүсіп би: «Сен, менің сөзіме құлақ аспай, Қазанға тағы да әскер шығарыпсың» деген сөздерін келтіріп, Москва патшасын біраз тығырыққа салуға ниеттенген сияқты. Хатқа түскен бұл мәліметті егжей-тегжей тексерген орыс зерттеушілері оның даурықпа сөз екенін



Сүйімбике Жүсіп би қызы.

көрсетуге тырысады. Жасыратыны жоқ, бұл мәлімдеменің арты бос, ноғайларда 380 мың әскер ол кезде қайдан болсын. Жүсіпте ондай әскер болған емес, Қази Қобанға, Сейдақ, Шейх Мамай ұлдары Хорезмге ауып кеткен кезі ғой. Олардың жеке бастары кетпей, ұлыстарымен көшкені де мәлім. Әсіресе, жан саны мол Шейх Мамайдың үш ұлының бірден кетуі – Ноғай Ордасы халықтарының санын мұлдем азайтып жіберді. Бұл кездегі Ноғай Ордасы жасактарының санын 70-80 мың адаммен мөлшерлеуге болатын шығар. Қаңарлы Иван Қазанға 150 мың әскермен келгенде, Қазанды қорғаушылардың саны 33 мың ғана болыпты.

Үәдесіне берік, ізгілікті жан Жүсіп би IV Иванмен жасасқан сертін бұзып, Қазанға көмек бере алмады. Қазанды қорғауға катысқан үш мыңдай ноғайлар Сүйімбикенің еншісіндегі патшайымды қорғаушы жасауылдар тәрізді...

Хош, сонымен Қазан хандығы 1552 жылдың 2-ші қазанында құлады, орыс патшасы Қаңарлы Иван нөкерлері, діни қызметшілерімен қаланы аралап шығып, Благовещен шіркеуінің 3-ші қазанда орнын белгілейді, сәйтіп, оның алғашқы іргетасы қаланады (320, 619-620).

Осынау тар жол, тайғақ кешу барысында Жүсіптің емшектес інісі Исмайылдың пиғылы мен бет пердесі ашылды. Ізгіліктің аясындағы періште «алтын көріп, жолдан тайса», қуыс кеуде пакырға не жорық? Билік, байлық деген арбаушыға бой бермеген жұмыр басты пенде де некен-саяқ. Бұл шамада Москваға Жүсіптен гөрі Исмайылдың елшілері жиі қатынауға көшті. Исмайыл бір хатында ағасы Жүсіптің әлсін-әлі көруен салып, Бұқарамен сауда-саттықты ұлғайтқанын, ал өзінің Москвамен ғана қатынас жасасқысы келеттінін айтып, 1551 жылдың 26 мамырында жолдаған хатында: «Әкеңмен уәделесіп, сөз байласқанмын, сол уәдем – уәде, сол сөзім – сөз. Басқалар құсанап ақыл үйрету – маған жат. Қондыкер сұлтаны (Түрік сұлтаны – Ә.К.) бізге адам жіберіп, Қондыкер, Қырым, Қажы Тархан, Ноғай Ордасы бол бірігіп, саған қарсы соғысуға үндейді. Ақ патшамен араз емеспін, мен соғыспаймын дедім» деп өзі ғана орыстарға дос екенін, басқаның бәрін құбыжық ғып көрсетуге тырысады (340, 97).

Жүсіп інісі Исмайылдың Қажы Тарханды аларда да орыстарға жәрдем еткенін артынан білді. Жақтасы Қосай батырды жанына ілестіріп, Исмайылға шұғыл аттанды. Бетпе-бет келгенде Қарасай ағайын арасындағы қан тәгісті қаламаған сон, аға мен іні «мен-сендесіп» тарасып кеткені әлгіде сөз болды.

Осындағы шиеленіскең жағдай үстіне Еділ бойындағы Исмайыл ордасына құпия тапсырмамен орыс елшісі Микула Бровыцин деген келе қалады. Мақсаты Қажы Тарханды алардағы екі жақтың іс-қимылдарын


үйлестіру еді. Исмайыл су қайықтарымен келе жатқан орыс әскерін Пере-  
волоки өткелінен қарсы алып, екі жағалаудан шабуылды болғызбай, орыс  
жасақтарын Қажы Тарханға аман-есен жеткізуге міндептенеді. Исмай-  
ыл шабуыл жобасын макұлдап қана қоймай, соғыстың сәтті аяқталуына  
sert беруге тиісті. «Сертті қатты дауыстамай, сыйырлап айтсын» деген  
тапсырма да жоқ емес еді (33, 264). Артынан Исмайыл берген сертін  
орындаған, орыс жасақтарын қарсы алуға бармай қойды, өйткені, Ноғай  
Ордасында «жан алысып, жан беріскең» қанды шайқас басталып кеткен-  
ді. Оның Жүсіп бидің өлімімен тынғаны тарихнамадан мәлім.

Әйтеуір не керек, орыс әскері 1554 жылы 2-ші шілдеде қан шығармай,  
еш адамын жоғалтпай, Қажы Тарханды алды. Ежелден Түрік ұрпақтары  
коныс қылған арна сулы Еділдің ұзына бойы Ресей меншігіне ақи-тақи  
көшіп тынды.

Мұнан кейін Исмайыл 1554 жылы өз ағасын «қақтығыста өлтірткізіп»,  
би тағын иемденді... Нұрадын ғып Арсыланды, кейқуат қылыш Қарасай  
батырды отырғызды.

1555 жылы қантарда Ресей патшасы ноғайлардың жана басшылары  
– би, нұрадын, кейқуаттың елшілігін салтанатпен қа-  
былдап, құрметпен шыға-  
рып салды. Ал наурызда  
патшаның астыртын құпия  
тарсырмасымен И.Т. За-  
грязский деген жансызы  
Исмайылды қорғаған болып  
екі ортага жол салды. Пат-  
ша ағзамның ендігі мақсаты  
Қырымды алу, ол үшін Ноғай  
Ордасының билеушілерімен  
жеке-жеке уәждесіп, одак-  
тас болуға шақыру еді. Ис-  
майыл мұндай аса маңызды  
мәселені мырзалармен  
ақылдасып шешу үшін 7-ші  
шілдеге құрылтай шақырды. Осы тұста Жүсіп ұландары Сарайшықты  
басып алып, басына төнген кательден құтылуды ойлаған Исмайыл жер  
түбіндегі Кама өзеніне қарай ат басын бүрдь.

Анығында, Исмайыл анасының ақ сүтін бірге емген бауырының  
қанын төгіп, жан-жақтан жауын көбейтті. Ноғайлардан Жүсіп ба-  
лаларымен бірге Шейх Мамай ұлдары, Бөлекболат бастаған Қосым



Ноғайлардың әшекей бұйымдарын жасауға  
арналған құралдары

ұландары өре көтеріліп, айдаланың шаңын аспанға көтерді. Бұларға Қажы Тарханның бұрынғы ханы Жаңбыршы мен Қази батыр қосылды. Оларды Исмайылға қарсы куреске шақырған Жүсіптің үлкен ұлы Жұніс мырза еді. Жүсіп бидің сегіз ұлы: Жұніс, Ибраһим, Ел, Ақ, Ба-ран, Жан, Әли, Махмұд түтелдей Еділдің сыртқы беті Қырымға етті де, Сарайшықты басып алып, ашу үстінде жазықсыз жан Қарасай батырды өлтіріп жіберді. Әлгіде айттық Қарасай (Қосай) шамамен 1533 жылы туылған деп, олай болса батыр 22 жасында, 1555 жылы көз жұмған деп топшылауға негіз бар. Алайда Қарасайдың өлімі жөнінде бұдан бетен де пікірлер кездесетіні жоғарыда көлтірілді.

...Жанын сақтауға тырысқан Исмайыл ақ патшадан Еділдің өткелдерін әскермен бітеп, қара басын қорғауға пілтелі мылтық пен үш зеңбірек жіберуді етінді. Досы Исмайылдың айтқанын екі етпей, Еділ бойындағы өткелдерді қорғау үшін Григорий Кафтыревтің әскери тобын жұмсады, ал Ноғай Ордасының астанасы Сарайшықты күзетуге мұздай қаруланған 50 атқыш жібереді.

Еділді жүзіп өтудің де қындығы мол, жалпиған қара су. Жайшылықтың өзінде о жағасы мен бұжырағы бір шақырым, қардың суы жиналған көткемде арнасы жайылып, үш шақырымға дейін созылатыны тағы бар. Өткел деп, ағаш салмен өзеннен өтетін тұстарын ғана атайды. Кафтырев жасақтары барлық өткелдерді бақылауға алып, көш-

керуен түгілі, адамдардың өзін аяқ бастырмайтын. Оның үстіне Донның Еділге құяр сағасында 1548 жылдан бастап орыс княздарынан қашқан «казак» деген отырықшылар пайда болып, төрт-бес жерге бекініс салып, табандап жатып алды. Үстерінде әскери киімдер, асынғандары орыстың қару-жарафы. Бұны көрген Жүсіп бидің балалары Қырымға да сиыса алмай, қайда баарын білмей сандалды. Олар рұқсат сұрап Қажы Тархан хандығының жеріне барып жүріп, хандықтың кеңесшісі, орыс өкілі Леонтий Мансуровқа жолықты. Патша өкілдері – Воевода Иван Черемисов пен Михайл Колупаев орыстың билеу жүйесін енгізуге тапсырма алып, Қажы Тархан ханы Дербісөліден қалай



Едіге бидің тоғызының ұрпағы  
Москва мырзасы. Григорий  
Дмитриевич Юсупов

күтіларын білмей отырған-ды. Сұрағанға тілеген дегендей бұларды Еділден өткізіп алды да, Жұсіп балаларына ханның көзін құртуды тапсырды. Бұл тұста Еділ сағасындағы аралдан жаңа қала Астрахан бой көтере бастаған, хандықтың орталығы сонда көшірілген еді. Еділді бұзып-жарып өткен Жұсіп көкжалдары қаладан Дербісәлі ханды тақтан тайдырып, қуып тастады. Сөйткен олар, Қажы Тархан хандығының біржола түбіне жеткенін байқады ма екен?

Еділден өтіп, Сарайшықтың іргесіне төніп келген Жұсіп балаларына Исмайыл ағайындарын салып, мәмілеге келуге шақырды. Атамекенінен айырылып, бастары қыспаққа түсken Жұсіп ұландарының көнбеске лажы жоқ-ты. Жаңа қонысқа көшіп, жайғасқан Жұсіп балалары, бұрынғы ашуызаны ұмытқандай еді. Бастьарындағы қайғы-қасіретін ұмытсын деді ме, әлде Еділ бойын жайпай иемденген орыс жасақтарына қыр көрсетуі ме, әйтеуір, би оларға көші-қон жерді Еділдің ұзына бойынан бөлді. Ал бұл жерлерге бағзы заманнан нұрадын Арсылан мен Ақ (Ахмед) Шейх Мамай ұлдары бауыр басып қалған-ды. Қонысты босатпаймыз деп, олар да атқа қонды. Кескілескен соғыс үш күнге созылып, адам шығыны көп болды дейді, көнекөз деректер. Патша өкілдерінің берген ақпаратында «соны шайқаста нұрадын Арсылан өлді» делінген жазу бар. Бірақ кейінгі деректер ол мәліметтің қате екеніне көз жеткізеді. Женіліске ұшыраған Шейх Мамай ұландары Қазақ хандығына бой тасалайды.

1557 жылғы 27 шілдедегі хабарында Исмайыл би патшаға: «Менен бөлініп кеткен немере інілерім бұл қүнде Еділ сыртында Қырым ханының қолтығына еніп, менімен соғысуын қойған жоқ. Екіншілері Қазақ хандығына кетіп, менімен жағаласып жатыр... Сарайшықтың егіндігін су алды. Мал өлді, ашпыз. Бір кеме астық, тұқымдық бидай жіберсеңіз» деген мәлімдеме жасалты (340, 113).

Бұндай кішкене ғана мағлұмат Ноғай Ордасындағы саяси ахуал мен тұрмыс-тіршілікті көз алдына елестетеді. Осының өзі-ақ Ноғай Ордасының құлдырау кезеңінен біршама хабар бергендей.

Ноғайлардағы орыс елшісі Елизар Мальцев Ордадағы қым-куыт оқиғаларды жіпке тізеді. Өзінің ата қонысынан айырылып, шығысқа кейқуат болған Арсылан ағайынды бір-біріне айдалап салып, арандатумен күнін өткізіп жүрген Исмайыл бидің көзін құртуға біржола бел буады. 1557 жылдың 23 маусымында Жұніспен тізе қосқан нұрадын мен кейқуат Шағанда жайлауда отырған Исмайылдың ордасының үстінен түседі. Исмайыл қарсылық көрсетпей, кеудесін сүйретіп далаға қашып шығады. Оның мал-мұлкін, катын, бала-шағасымен Жұніс, Арсылан екеуі бөліске салады. Женіліске жеткен Жұсіп балалары үшін құрылтай шақырып, Жұністі би көтереді. Ноғай Ордасындағы билік жүйесі тағы да өзгеріске ұшырайды (340, 116).



**Москва мырзасы Абдул Юсупов  
(Жүсіп бидің ұрпағы).**



**Москва князы Елмурал Юсупов**

Исмайыл басқа жаққа кетпей Қажы Тарханға бағыт ұстады да, патшадан көмек сұрады. Бидің басына қатер төнсе, қамал-қорғанға кіргізіп алу, жәрдем сұраса, әскери көмек беру сияқты патшаның жарлығы бар-ды. Іле зде атқыштар тобы жасақталды. Исмайылдың екі ұлы Дін Ахмет пен Ұрыс Жүсіп балаларын екі жақтан қыспаққа алғып, Жұніс бидің інісі Әлидің қазасына жетті. Ноғайларға орыс атқыштарының көмекке шыққанын көріп, кейкуат Арсылан Исмайыл жағына ауып кетті. Қырымға қашпақ болған Оразалының тоғыз ұлы да Қажы Тархан түбінде Исмайылдың жасағына кезігіп, кіріптарлыққа түсті.

Ноғайлардың бұл қасіреті аздай, жұт деген екінші қасірет тап болды. Жығылғанға жұдырықтың кебін кигізді. Жұт жалқы келмеді, қосағымен

келіп, 1557-1558 жылдарың қысында, жүртты титықтатты. Бар малынан айырылып, таяғын ұстап қалған ел жаяу-жалпы бет-бетіне бости. Сай-саланың өн бойы өлікке толды. Ноғайлардың басым көпшілігі Қажы Тарханнан пана іздеуге шұбырды. Әскери бастықтар оларды қалаға кіргізбей, айуандықпен далага қуды. 1558 жылы осы оқиғаларды көзімен көрген ағылшын жиňангері Э. Дженкинсон «өзара қырқыстан, аштықтан, обадан» 100




**Қирапан Сарайшық  
қаласының қазіргі көрінісі**

мың адамның өлгенін айта келіп: «Мұндай сұмдық бұл елде бұрын-соңды болып көрген емес, Ноғай жері жайылымға бай еді, қазір ит үрмestей жым-жылас», деп жазыпты (118, 67-215). Тарихшы Н.М. Карамзин жиежи сілтеме жасайтын князь А.М. Курбскийдің «Москва ұлы князінің тарихы» (1573 жылы жазылған) атты еңбегінде: «Кұдайдың кәріне (ноғайлар) ұшырады. Төбеден төнген аптаптан қуандыштық болды. Өзен сулары тартылып қалды. Жерді үш сажын қазғанда ауыз шаярлық су тансаң таптың, таппасаң о да жоқ. Соның салдарынан Волганың арғы жағындағы теңіздің күмындей көп халықтан 10 мың жасақ жинарлықтай ел қалды» деген аянышты жолдар кездеседі (320, 636).

...Титығына жеткен қындықтан құтылудың амалын іздеген Жұніс Жүсіпұлы 1558 жылдың көктемінде Қажы Тарханға келіп, патша қол астына өтуге өтініш білдірген. Патша шенеуніктерінен көмек болмаған соң, сол жылдың 5-ші маусымында Москваға жетіп, IV Иванның қабылдауында болады. Осы арада ол 1561 жылдың 10-шы мамырында жарық дүниемен қоштасып, сүйегі Сарайшыққа жеткізіледі (106, 168).

Өзінің қарақан қара басына көмегі тигенмен, Ноғайлы елін аштық жайлап жатқанда, арқасын кеңнен салған Иван патшага жазған жолда-масында Исмайыл: «Сенімен дос болам деп, елдің бәрінен көз жазып қалдым. Сенен айырылмаймын деп, алдымен бірге туған төрт ағамнан, Ордамның әйгілі төрт патшасының ұрпақтарынан айырылдым... Сенімен серттескен үәдемді жүтпаймын деп, немерелерім мен өз ұлдарымнан да көз жаздым. Жүсіп би ағам, әке орнындағы әкем еді, одан да, аталас ел-жүртym мен балаларымнан да айырылдым. Сен «орыс» болдың деп көзімнен шұқып кетті» деген қасіретке толы мазмұндағы хаттар жазып, 1563 жылдың қараша айында бұл би де дүние салды...



Ноғай әйелдерінің қолынан шықкан текемет және  
сырмак-көрpe

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

### Ногайлардың соңғы билеушілері



Ногай жасақтары шайқаста.

*...Он сегіз жыл атысын,  
Ормамбет бидің өлген жер,  
Он сан ногай булген жер,  
Орта бойын сырлаган  
Оқ жаңбырдай жауған жер,  
Мұсылмандың басынан  
Дәреже қайтып ауган жер!  
Қырық таңбалы Қырымның,  
Он таңбалы Ұрымның,  
Он екі баулы өзбектің,  
Бұрынғы он сан ногайдың,  
Кетейін десе жәнн таппай,  
Адыра қалған, Үш қиян  
Кол үстасып жүрген жер*

(Мұрат Монкеұлы. Үш қиян (455, 85-86).

Жел құған қаңбақ сияқты қалтылдап-дірілдеп тұрған Ногай Ордасының құлдырау кезеңінде билік басына келгендер Исмайыл Мұсаханұлының ұландары еді. Бұлар Шыңғыс хан тұқымдарынан сайланатын Алтын Орданың хандарын өз қолымен қойып, өргізіп-тұрғызған атағы жер шарыға мәлім Едіге бидің бесінші ұрпағына жататын Исмайыл бидің ұрпақтары болмақ.

Тарихи деректер бойынша, Исмайыл би қартайған шағында (туған жылы белгісіз), 1563 жылдың қыркүйек айында жарық дүниемен қоштасқан. Осы жылдың 26 қазанында Москваға келген Ногай Ордасының елшісі Келдіораз мұндай жаманат хабарды жеткізбеген тұғын, ал 1563 жылы 22 желтоқсанда оған қосылған Үлкен Ногай Ордасының елшісі Исмайылдың өз ажалынан қайтыс болғанын, оның орнына ұлдарының бірі Дін Ахмедтің би сайланғанын патша сарайына жеткізген еді (33, 296). Осыдан кейін тақ билігі Үлкен Ногай Ордасы құлап біткенше Исмайыл ұрпақтарының қолынан бірде-бір рет ауытқыған емес. Дін Ахмед билігі 1563 жылдан 1578 жылға дейін созылып, онан кейін оның інісі Ұрыс би (1578-1590), одан Ормамбет (дүрысы Ораз Мұхаммед) Дін Ахмедұлына (1590-1598), одан Дін Мұхаммед Дін

Ахмедұлына (1598-1599), одан Естерек Дін Ахмедұлына (1600-1619) жалғасқаны тарих бетінде түзілген.

Исмайылдың енінен он төрт ұл туды деп айтылғанмен, көрнекті орыс тарихшысы А.А. Новоселький онын жеті ұлының атын атап, түсін түстейді. Олары: Мұхаммед, Дін Ахмед, Ұрыс, Дінбай, Құтлыбай (Құлбай), Ханбай, Жанбай. Шамасы Құтлыбай мен Жанбайдан тұқым тарамаған секілді. Бұл ғалым Исмайылдан тараған ұландарды бес аталығына дейін жіктең жасаған кестесінде, олардың генеалогиясын XVII ғасырдың 40-жылдарына дейін береді (бұның біз осы кітаптың қосымшасында бердік). Соның өзінде де автор кестеде көрсетілген Исмайыл ұрпақтарының толық түсірілгеніне құдіктенетінін жазыпты (73, 440-446; III қосымша). Ал Ноғай Ордасының тарихын егжей-тегжей зерттеген белгілі Ресей ғалымы В.В. Трапавлов Исмайылдан туған он ұлдың атын былайша береді: Мамбет (Мұхаммед), Дін Ахмед, Ұрыс, Дінбай, Құтлыбай (Құлбай), Ханбай, Жанбай, Ибрагим, Құрбан-Әли, Би-Құтлұғ. Тарихшы осылардың бесеуінен ғана ұрпақ таратып, олардан шыққан ұлдары мен немерелерінің атын атайды (33, 657). Бұның өзінде де автордың мәліметтеріне сын көзben қараған жөн.

Енді Дін Ахмед, Ұрыс, Ормамбет би тұсындағы Ноғай Ордасының саяси аужайынан хабар бере кету сұранып тұр. Бұл тұста ноғайлар Ұлы немесе Үлкен Ноғай Ордасы, Кіші Ноғай Ордасы, осылардың өзі бірнеше кішігірім ұлыстарға, атап айтқанда, Жетісан, Бұджак, Жембойлық деп ыдыраپ жатқан кезеңі еді.

Үлкен Ноғай Ордасының мекені Еділдің «арғы бетінде» қалды да, Кіші Ноғай Ордасына Қази Орақұлы билеген халықтар мен олар орналасқан жерді, яғни Солтүстік Кавказ аймағын және Қырым жарты аралын жатқызады. Үлкен Ноғай Ордасын Исмайыл ұрпақтары билесе, Кіші ноғайларға Қазидың жұрты жататыны орыс мәліметтерінде 1540 жылдардың аяғынан бастап айшықталады.

1561 жылы 10 мамырда Жұніс мырза Жүсіп би ұлы өлген шамадағы орыс патшасының құжаттарында Үлкен Ноғай Ордасының мұрагері өлді деп жазылыпты (33, 312). Осыдан бір жыл бұрын Исмайылдың тұңғышы Мұхаммед (Мамбет) те дүние салып, ендігі ұлдарының үлкені болып Дін Ахмед мырза қалған-ды.

Дін Ахмед таққа мінісімен Орданың ішкі мәселелеріне қол сұғып келген, орыс елшілерін тәртіпке шақырды. Бұған дейін әкесінен бастап ноғай мырзалары Қаңарлы Иванның елшілік жолдауын бастарынан беріктерін алып, тік тұрып тындалап, мандайларын жерге тигізіп тағзым етуші еді. Енді Дін Ахмед орыс елшілерінен алыстан аттан түсіп, би

ордасына жаяу келуін талап етті. Ақ патшаның жолдауын ат үстінде отырып тыңдауды шығарды. Бұл келесі жақтың наразылығын тудырып, елшілердің ақ патша жолдауын оқымай, экелген сыйлықтары мен жалақыны бермей, қайтып кетуі сияқты дау-шараны туғызғаны да бар. Мұнымен тұрмай, Ресей елшісінің қызметкерін таяққа жығу, елшілерге тігілген киіз үйлерді тартып алып, баспанасыз қалдыру оқиғалары да Ноғай Ордасында кездесіп қалып жүрді.

Ноғайлар Ресеймен достық қарым-қатынасты жүргізгенмен, түпкілікті бодандықты қаламағаны мәлім. Өйткені, Ноғай Ордасы – жері, шекара межесі, билеушісі бар дербес мемлекет еді. Сондықтан, шетел елшілерінің барлық рәсімді сақтауы, Орданың ішкі тәртібіне бағынып, бір ізben кіріп, бір ізben шыққаны абзal. Еркін жүріп қалған өзге жұртқа оны ұқтыру оңайға түспеді. Жаңа би алған беттен қайтпаған соң, IV Иван бұған да түсіністікпен қарағандай ниет білдірді. Бидің пәрменін қайтару мақсатында орыс патшасы Ордаға арнайы елшімен 15 мың алтын жіберді. Көп ұзамай Дін Ахмед Қабарда нарты Темірұйықтың қызы Малхұрбы әйелдікке алып, әп-сәтте Қаңарлы Иванмен бажа болып шыға келді. Дін Ахмед өзі істей алмаған қарекеттерді пайымдал, жездесіне Малхұрбы салып орындағып отырды. Тізесін басып келген Ресейге өкпесі қара қазандай тау қызы оның елшілеріне қырғидай тиді (33, 313).

Дін Ахмед 1565 жылдан бастап Қырым хандығымен қарым-қатынасты жандандырды. Табанға қадалған тікендей болып тұрған Еділ мен Қажы Тарханды орыстар иемденіп, ел арасының бүлініп тұрған мезгілі еді. Бұл арада орыс патшасының күзеті Еділден ноғайлар тұрмак, шыбын өткізбеуді қолға алған еді. Қадым заманнан ел арасына түскен сауда жолы, қара сүрлеу болған өткелдер орыс әкімшілігінің қолында шоғырланған-ды.

Қырым хандығын Кіші Ноғай Ордасы дегенмен, бұл тараптағы саяси ахуал Осман сұлтанының өкілі Кафа санжақбі Қасымның келісімінсіз шешілмейтін тұғын. Ол Дін Ахмедтің Қажы Тарханды орыстардан тартып алу туралы ұсынысын құптады да, Ыстамбұл әп-сәтте бимен байланысқа шығып, жорыққа әзірлікті бастап кетті. Әйтсе де, мәселе сөз бүйдәға салынғаннан кейін, 1569 жылдың қысында Кіші ноғайлар биі Қазимен жолығуға Улкен Орда өкілдері Кафаға барып, келіссөз жүргізіп қайтты. Қази жасақтарды азық-тұлікпен жабдықтауды мойнына алып қана қоймай, Қажы Тарханға Кіші ноғайлардан құрылған жасақтарын жіберуге уәде етті.

Осы серттің ақиқаты 1569 жылдың көктемінде Қажы Тархан жорығына мұрындық болды, бірақ мұздай қаруланған орыс әскерінің қарсылығына тап болып, жорық сәтсіз аяқталды.

Осыдан кейін, екі жақ екі жылдай үнсіздікке басты. 1571 жылы Қырым ханынан ноғайларға құдалар келіп, Дәulet Герей ұлы Алып Герейге Дін Ахмедтің қызының қолын сұрады. Оның арасында Москваға қарсы одақ ұйымдастыру шаралары да өзек болды.

Мұның бәрі бір-бірімен сабактасып жатқан қитұрқы саясат еді. 1570 жылы Осман портының тағына Сәлім отырып, оған Қаңарлы Иванның елшісі құттықтау айтып барған сапарында император орыстардың Түрік халықтарына қысым көрсететінін, бағынышты болған хандарды зорлап шоқындыратынын елшінің бетіне салық қылып, Қажы Тархан мен Қазанды қайтарып беруді мәселе етіп қойған-ды. IV Иван сұлтанның бірде-бір талабы орындалмады деген сөзден аулақ болу үшін Қабардадағы орыс бекінісін тастап шығып, ал Қажы Тархан мен Қазанды қайтару туралы әңгімені құлағына да аспады.

Осман сұлтанының талаптарын іргеде бой көтерген Қырым ханы әлсін-әлі Қаңарлы Иванның есіне елшілер арқылы салып, егер мәселе шешілмесе ноғайлардың жорыққа шығатынын хабарлайды. Айтса айтқандай, 1571 жылғы көктемде Қырым тарапынан шыққан 100 мың ауыр қол жер солқылдатты. Ресейдің оңтүстік аймағында оларды патшаның күғын-сүргіні мен Москвада ату жазасынан қашқан бояр ұлдары қарсы алды (бұлар бояр Белев, Құдияр Тишинков, Окуль Семенов, Колужан Ждан, Федор Лихарев, Юдинков ұлдары және Серпуховтың Русині, т.б.). Қашқындардың бастығы Құдияр әскердің бәрі немістермен соғыста, патшаның өзі ерекше жасақтарымен Серпуховта қалғанын, IV Иванның атып-асқан зорлығынан елдің аз-тоз болғанын, патшаның бұл кезде Москванды қорғайтын халі жоқ дегенді мәлім еткен еді.

Патшаның қолбасшылары Оқадан шығып үлгермей, ішкі жағдайынан толық хабардар Дәulet Герей Серпуховтың төбесінен түсті. Иван патша жасауылдарымен Москванды тастав қашты. 24 мамырда (1571 ж.) Дәulet Герей Москванды коршап үлгерді. Кремль алынбайтын ерекше қамалды. Оған босқа алаң болмай, ноғайлардың біріккен қолы Москвандың айналасына өрт қойды. Құдайдың кәрі ме, әлде көмегі ме, белгісіз, осы сэтте адам айтқысыз дауыл көтерілді. Өрттің жалыны аспанға шапшып, Қырым әскери көз алдында отқа оранған Москваға кіруді қаламай, қала



Тобыл қаласы XVII- XVIII ғғ. тоғысында.

жанындағы Коломнаға шегінеді. Бас-аяғы үш-терт сагатта өрт Москва-ны жалмап өтті. Ысқа булықтан Кремль қабырғалары ғана сорайып-сорайып тұрды. Осы өртте 120 мың орыс жауынгері мен мұжығы өлді, бала-шаға, қатын-қалашты қоса есептегенде 800 мың адам шығын болды, деп көрсетеді орыстың атақты тарихшысы Н.М. Карамзин (320, 693-695).

Дәулет Герей Ресейдің оңтүстік облыстарын жалпағынан жайпап, қажеттісін олжалап, дүние-мұлкін сыптырып-сирып әкетті. Москваға оралуға беті шыдамаған IV Иван қала маңындағы Братовщиноға кеп тоқтағанда, Дәулет Герейдің екі жауышы айдан салып осында жетті. «Қазан мен Қажы Тархан үшін елінді өртеп, таптадым. Осы істің жолында байлығым мен ақшамды шашудан аянбаймын. Мен сені барлық жерден: Серпуховтан да, Москвадан да іздедім, сонда сенің тәжің мен басынды алу үшін іздедім. Сен іннен інге тығызып, қолға түспей кеттің, ұтың да, намысың да жоқ, сен осыдан кейін ұлы патшамын деп қалай мақтанаңың?» - сынды ханның жарлығын оқығанда, IV Иван тізе бүгіп, басын жерге ұрып, тағым етті. Қажы Тарханды қайтарып беруге ант-су ішті (320, 695).

Алайда берген уәде орындалмады. Қырым ханы 1572 жылдың 1 тамызында 120 мың жасақпен екінші рет жорыққа аттанып, Москва іргесінен бір-ақ шыққанмен оны ала алмай, жеңілістің аңы дәмін татып, кері қайтады.

Бұл жорықтарға ноғайлардан 30 мың эскер қатысты, оның 15 мыңы Ұрыстың, 15 мыңы Ормамбеттің қарауындағы жасактар еді. Ноғайлардың 30 мың атты жасағы Қырым ханы Дәулет Герейге қосылып, Москванды ат тұяғына таптатқаны үшін орыс билеушісі ноғайлардан кек қайтаруға талаптанды. Өздерінің карулы күші аздық еткендей, бұл жолы соғысқа Еділ казактарын қоса жасақтады. Жорық барысы Қажы Тархан әскери басшылығымен жасырын жүргізілді. Алдымен орыс казактары 1573 жылы жасырынып келіп, Сарайшықты жаулады. Алайда қалада үлкен қирап-бүлінушілік болған жоқ. Ал 1576 жылы орыс казактары Сарайшықты алып қана қоймай, хандар мен билердің молаларын қиратып кетті. Сарайшық қатты зардап шегіп, көпке дейін қалпына келмеді. Ноғай жұртының киелі астанасын қапыда алдырған Дін Ахмед қайғыдан науқасқа шалдығып, 1578 жылдың мамыр айында дүниеден озды да, орнына тетелес інісі Ұрыс би сайланды, - дейді жазушы Ә. Сарат (106, 179).

Бұл кездегі Ноғай Ордасының көсемдері: Ұрыс би; Ақ және Бек Шейх Мамай ұлдары; Діnbай, Ханбай Исмайыл ұлдары; Сейд Ахмед пен Кішік Мұхаммедұлы; Ораз Мұхаммед Діnbайұлы; Ұрыс бидің үлкен ұлдары еді (33, 315-320). Мырзалардың көпшілігін Исмайыл тұқымдары құрады, барлық оқиғалар осы мырзалар төңірегінде өрбіп жатты.

Аталмыш мырзалар Ноғай Ордасының сыртындағы жүрттарға да

ауыз сала бастады. Мәселен, 1576 жылы башқұрттарға билік жүргізген Дінбай әрі би, әрі нұрадын деп жарияланса, бидің үлкен ұлы – Ораз Мұхаммед – нұрадын Ұрысқа тенелді, бидің екінші ұлы Дін Мұхаммед – Ұрыстың Хан атты ұлына бара-бар деп танылды (33, 315). Міне, Ордағы көсемдердің аужайы осылай іріктелген-ді.

Қырым ханы Дәulet Гереймен қатынас жақсарғаннан бері ноғайлардың кейбір ауылдары Қырым жайлап, сол жақта қыстап қалып жүрді. Еділ-Жайықтағы ата қонысынан ауып сол тарапқа бауыр басып, сіңісе бастағандары да жоқ емес. Бір қызығы сол, жаңа сайланған Ұрыс би оларды қайтарып алуға әрекет жасамады. 1580 жылдар шамасында Еділ-Жайық арасынан елдің көшіп кеткеніне көзі жеткен Ұрыс та Қырымға аууға ниеттеген іспетті.

1585 жылы Ұрыс би Ресейге қарсы одак құруды қөздел, Бақшасарай ханына елші жіберді. Мұның арты Қырым ханы Ислам Герейдің Ұрыс бидің қызына үйленуімен жалғасты. 1586 жылдың қантарында Ұрыс би мен нұрадын Дінбай Бақшасарайға келіп, Ыстамбұлға барып Түрік сұлтанының алдын көргісі келетінін, қажет жағдайда оның қоластына көшуге дайын екендіктерін білдірді. Бұл басталғалы тұрган қарым-қатынасты жасырын түрде жүргізу үшін, Қырым ханы Ноғай Ордасының екі басшысының бірдей Ыстамбұлға сапарын мақұлдамады, олардың сенімхаттары мен елшісін алып қалып, сұлтанмен жолықтыруға уәде етті. Сұлтанға олармен бірге Қырым ханы да өз елшісін аттандырып жіберді. Бұл мәмілегерліктің тоқетері: 1588 жылдың көктемі түсे Қажы Тарханға бірлесе жорық жасап, оны ноғайларға қайтару еді.

Жүргізіліп жатқан саяси ахуалдың әсері болса керек, Ноғай Орда-сында сырт көзге оғаштау көрінетін түсініксіз жағдайлар орын алды. Ұрыс бидің жаңадан тағайындаған нұрадыны, Ұрыс бидің әу бастан-ақ үзенгісіне ілескен немере інісі Сейд Ахмед (Исмайылдың үлкен ұлы Мұхаммедтің баласы) аяқ астынан тулап, Орда саясатына жатпайтын істерге бой ұрды. Ол ең алдымен Қаңарлы Иванның мұрагері Иван Федорович патшаға өзінің Ұрыс бимен араз екенін, реті келсе патша қызметіне ауысқысы келетінін мәлімдеді де, ұсынысының қалай шешілтінін күтіп жатпай-ақ, Қырым тарабына қоныс аударды.

Ресей тарихнамасы Ноғай Ордасының екінші басшысының осы қарекетін Ұрыс биге бас араздығынан деп бағалағанмен, біздің ойымызша, бұл ноғайлардың Қырымға жоспарлы түрде аяқ салуының басы болса керек деп топшылауға тұрарлық.

1502 жылы Менлі Герей талқандаған Тақыт (Алтын Орда) елінің сілемдері ру, тайпа көсемдерінің басшылығымен бұл кезде Қырымның

солтүстік даласын қоныс қылып, мал жайылымына орай көшіп жүрген еді. Кейбір жылдары ноғайлар Орбат (Перекоп) мойнағының сыртындағы Самар, Мұйіс, Қойсады да қоныс қылып жүретін. Негізінен бұл төңіректе өзгелерден ертерек бауыр басқан Мансұр Едігеұлының ұлысындағы тайпалар топтасқан-ды. XVI ғасырдың аяғында оларға басшылық жасаған баяғы Би Темірдің шәбересі – Есеней мырза болды. Оның қарамағына кірген жұрт: Тәнірберді қыпшақтары, Мансұр, Орақ, Мамай, Қосай, Тоғыз, Едіжек ұлдарына қарасты ұлыстар мен Жембойлық едисандар (жетісандар) еді.

Өзге жұрттар осыларға қосылып, біртіндеп Қырым жаққа қоныс аудара бастады. 1587 жылы бұл тарапқа көшіп келгендер арасында нұрадын Сейд Ахмед пен оның ағасы Кішік мырза Мұхаммед ұлдары да бар еді. Бұлар болса Еділ өзені бойындағы батыс шекара күзетіндегі мықтылар. 1589 жылы Улкен ноғайлардан он мың шаңырақ бөлініп Қырым жаққа көшіп келді. Оларды бастап келгендер Зормамбеттің ұлдары Арслан, Мұхаммед; Ұрыс бидің ұлдары Саты, Хан, Жан Арсылан (340, 188-189). Ұрыс би ұландарының басым көпшілігінің Қырым тарапынан бой көрсетуін, эсте, экесімен араздығынан деп қараваға негіз жоқ. Бұны жұрттың ынтасы мен ноғай мырзаларының жоспарлы турде Қырым түбегін игеру ниетінен туындаған қарекеттер десе де болғандай.

Нұрадын Сейд Ахмед Қырымдағы Түрік елшісі Сүлейменнің қабылдауында болғанда, Балы-Сарайдың жанындағы Келмүйіс өнірін қоныстануға рұқсат сұрапты, ал Ұрыс бидің ұлы Саты мырзаны Ыстамбұлға жіберудегі басты мақсат – Осман империясына өттіді реттеу болса керек. Алайда бұл ниеттері Кіші Ноғай Ордасындағы қайсыбір мырзалардың қырысқынан аяқсыз қалды.

Улкен Ноғай Ордасының белді бір бөлігінің Қырымға ауып келуі және олардың Қырым хандығы мен Түрік мемлекетіне жік-жапар болуы, Орбат сыртындағы далалық аймақтарды иемденіп және Қырымның шұрайлы жерлерінен қоныс сұрауы, әрине, Кіші Ноғай Ордасындағы мырзаларға ұнай қойған жоқ. Кіші ноғайлардың басшысы Қази бұл кезде дүние салған-ды. Билері Жақсысәт мырзалардың демеуімен Улкен Ноғай Ордасына шабуыл жасауға бел буды.

Улкен Ноғай Ордасының Қырым хандығымен сөз байласып, османдармен әмпай-жәмпай болып, билері мен мырзалары Түрік мемлекетінің қызметшілеріне айналғанда бастауы Кіші Ноғай мырзаларының қышыған жеріне шок басқан-ды. Улкен ноғайлар Қырыммен де, Түрікпен де нәсілдес жұрт ретінде тіл табысып отырғанмен, мойынға кіріптарлық қамытын іletін «бодан» деген сөзді үш ұйықтаса түсіне кіргізбеді.

Түріктерге де осы ойларын ашық жеткізген-ді. Бұларды ниетінен қайтара алмайтынын түсінген Жақсысәт би амалдың жоғынан Үлкен Ордаға қарсы жасақтарын тақтап, атқа қонады.

Осынау елдің Орбат мойнағы сыртындағы жосықсыз қақтығысында нұрадын Сейд Ахмед пен Ұрыс бидің ұлы Саты мырза қаза табады. Үлкен Ноғай мен Кіші Ноғай арасындағы алауыздықты жойып, мәмілеге келтіруге талай рет қүш салған Ұрыс би енді қарап отыра алмай, буынып-түйініп үзенгіге аяқ салды. Кіші Ноғайдың би Жақсысәтті қолға түсіріп тұтқындалды. Ал 1590 жылы кезекті бір шайқаста Ұрыс бидің өзі де қаза тауып, жалған дүниемен қоштасты. Сүйегінің қайда жерленгені қазірге дейін белгісіз қалып отыр (33, 328; 106, 180).

Ұрыс өлген соң да, Үлкен Ноғай мен Кіші Ноғай жанжалы тылмады, бидің кегін қайтару жолындағы жанжалдар үзбей қайталанып, 1596 жылға дейін созылды. Ел арасы бүлініп, бірге туған қандас бауырлар жат емес, енді бір-біріне жау танылды. Ноғайлардың билеуші тобы арасындағы дау-дамайлары Орда құрамындағы жұрттың тағдырына әсерін тигізбей қоймады. Тұрғындардың басым көвшілігі ата-бабасының туған жерін қимай, қүйзеліске түсіуі айтпаса да түсінікті еді.

Ток етері, Ұрыс бидің ноғайларды Қырыммен, оның арғы жағындағы қандастары түріктермен жақындастырысам деген арманы жүзеге аспады. Ресей патшасының жансыздары Ұрыс би мен туажаттары арасына отсалып, ноғайларды Ресейдің ата жауына айналдыруға тырысты.

Ұрыс би өліп, оның орнын басқан Ораз Мұхаммед (көвшілік мәліметтерде Ормамбет атымен белгілі) тұсында Ноғай Ордасының құлдырау үдерісі жалғасып, жұрттың азып-тоза бастағанына күе боламыз. Оған байланысты халық аузында мынадай жыр шумақтары да сақталыпты:

«*Ормамбет би өлгенде,  
Он сан ногай булгенде...  
Қазақ пен ногай айырылды,  
Қазақ сыртқа қайырылды...*»

Ноғайлардың басын құрауға қүш-қайратын сарықа жұмсаған осынау әз-әулие би өлмегендеге, ноғайлардың іргесі бүтін, басы түтел, ажырасудың шерлі күйлері шертілмес пе еді? Жаңағы жыр мазмұнынан осындау аужай аңғарылғандай. Ал тарих бетіндегі жазуларға зер салсақ, Ормамбеттің жұрт ойлағандай тұлға бола қоймағанын көреміз.

Ормамбет би – Қажы Тархан хандығын жаулауға орыс патшасының шашбауын көтеріп, жыртысын жыртқан тұлға. Ноғай дастандарында лағнет жаудырылған Исмайылдың немересі, Дін Ахмед бидің тұңғышына

саналады. Бұл Дін Ахмедтің үйелмелі-сүйелмелі 15-16 ұлымынң бірі. Олардың 11-інің атын хатқа түсіріп, орыс тарихшысы В.В. Трепавлов пен белгілі қазақ жазушысы Ә. Сарай былай көрсетеді: «Ormambet (Ораз Мұхаммед), Dіn Mұхаммед, Естерек, Байтерек, Шайтерек, Жастерек, Бектерек, Шаштерек, Кішік, Шейх-Хусейін, Назар-Мұхаммед» (33, 657; 106, 181). Кеңес тарихшысы А.А. Новосельский Исмайыл бидің генеалогиялық кестесін бергенде, Дін Ахмедтің тоғызы ұлымын атапты, олары: Ормамбет, Дін Мұхаммед, Байтерек, Естерек, Кішік, Шайтерек, Жастерек, Бекмамбет, Тохтар-Әзи (73, III қосымша).

Бұның алдында би болған немере ағасы Ұрыс орыстармен алдыңғы салта елші жүгіртіп, әмпай-жәмпай болып, Қажы Тархан әскери басшылығына – Ресейге адалдыққа ант еткенмен, бидің артынан оны орындауынан гөрі, бұзуы көп болғаны байқалады. Ақыры Ұрыс бидің патшалық Ресейге теріс лиғылды адам екенине көздері жеткен патша ағзамын қолшоқпарлары, енді Ормамбет Дін Ахмедұлын қолпаштауға кірісті.

Орыс шенеуніктеріне күдайдай сенген Ормамбет ақ патшага төмендегідей мәтінде хат жолдағап: «Ағалы-інілі, ұлкен-кіші баршамыз сенің ығындан шықпаймыз, бізді өзіңің құлым деп біл» деген ықыласын байқатады (33, 322). Эйтпесе Ормамбетті бұған үгіттеген ешкім жоқ, атасы Исмайылдың жолын куып, орысқа жалпылдауды бастаған өзі еді.

Мәселен, 1579 жылы Ұрыс би Москва патшалығына Жанбақты, Жантемір деген елшілерін жұмсаған-ды. Бірақ оралатын уақыты болса да, орыстар жағы қайтармай жатқан тұста, ноғайлар да орыс елшілерінің жолын бөгеді.

Би жарлығын тындаған Ормамбет орыс елшілерін қайтарып қана қоймай, «ағамның бүйрығына қарамай, елшілерінді қайтардым» деген хат жазып, мемлекеттік құпияны жария еткен. Бұл әрекеті сатқындыққа саналатын. Құдайдан сұраганы жерден табылып, Ормамбеттің осынау карекеттері орыс патшасына пайдалы іс болды. Онсыз да келіспей тұрған Ноғай Ордасының ішкі жағдайын ушықтырудың сәті түсे кеткендей.

Осыдан соң Ресей патшалығы ноғайларға жолдаған хаттарына елеулі өзгерістер енгізді. Енді жолдауын: «Ұрыс би мен Ормамбет және өзге мырзаларға» деп бастайтынды шығарды. Сөйтіп, ноғайлардың билік жүйесіне кірмейтін, ешқандай құзыры жоқ, бірақ өзгелерге қарағанда патшага бір табан жақын тұрған мырзаныңabyroйы орыс әкімшілігінің алдында жоғарылай бастады.

Қалыптасқан салт-дәстүрге орай орыстардан сыйақы алу Едіге дәүірінен басталып, 180 жылдай ноғайлардың өмір кешенінде орныққанды. Орда би орыс княздығына сый-сияпат тарту ететін мырзалардың

атақ-дәрежелерін көрсетіп, тізім жолдап жататын. Осынау тізімді алғып, орыс елшісі қыруар дүниемен артынып-тартынып ордаға жететін. Би оларды өзі бөліп отырушы еді. Сыйлық тарату төңірегінде реніш, арызашағым көбейген соң, орыс елшілері атаулы жалақы мен сый-сияпatty әр мырзаға жеке-жеке әкелетінді шығарды. Бұрын Ноғай Ордасына бір елші келетін болса, енді жиырма шақты елші келіп, әр мырзаның жайлалау, қыстауын ізделеп сабылып жүретін. Патша елшілігінің қызметшілері осынау әбігерді қынышылыққа балаған жок, құлышына атқарысадын. Елшілер патша ағзамның жеке жолдауын, ақшалай сыйақысы мен сый-сияпат тапсырып, оңаша сөйлесуге де мүмкіншілік алатын. Ресей шекарасына шабуыл жасамаған, онымен қарым-қатынасын түзеген мырзалардың алатын тарту-таралғысы молырақ болатын. Ал қырғи қабақ көрсеткендерді шөміштен қысатын-ды. Мұнымен қоймай, мырзалар ақ патшаға адалдықтарын білдіріп, сенімхаттарын жолдап отыратын. Азын-аулақ сыйлықтың дәмін татқан ноғай мырзаларының кеудесіне орыс ықпалы сынаулап ене бастады.

Айтпақшы, бұл сый-сияпattyң жөн-жосығы онан да зор, бірі-біріне сөз тасып, мырзаларды атыстырып-шабыстырып, араздастыруға жол ашатын бұның тағы бір «қасиет» барын қайтерсін. Келген елшінің әр мырзаға нені айтып, нені айтпауына дейін патша кеңесі реттеп отыратын аужайы тағы бар.

Осыдан, жалақы, сый-сияпат таратудың мақсаты – ноғай мырзалары арасында араздық ұшқынын тұтатудың басты құралы екені түсінікті. Ресей елшілігі Ноғай Ордасының басшысы Ұрыс бидің беделін түсіру үшін оған сыйақыны кем белгілеген кездері де жок емес. Бұған дәлел бидің орыс патшалығына жолдаған наразы хатында: «Менің кіші ініме менен көп беретін болдындар, биыл маған тиесілі жалақы мөлшерін кемітіпсіндер. Намыстан өле жаздадым», - депті (33, 323).

Ресей әкімшілігі Ұрыс би мен Ормамбеттің арасына сына қағудың небір құйтырқыларын ойлап табудан жалықпағаны сол кездің қайсыбір құжаттарында көрініс тапқан.

Ресей патшасының жансыздары жас Ормамбетті қолтықтап, Ұрыс биге қарсы айдал салудың амал-айласын қанша жүргізгенмен, Ормамбет жасы үлкен, немере ағасын сыйлап, қарсы шыққан жок. Оның орыстармен жылды қарым-қатынасына саусақ арасынан қараған Ұрыс би де төзімділік танытып, мәселені ушықтырмауға тырысты.

Ұрыс би 1584 жылғы құрылтайда жаңа «тайбұға» лауазымын белгілеп, Ормамбетке Орда тізгінің бір пүшпағын ұсынды. Тайбұға – би мен батыс шекара басқарушысы нұрадыннан кейінгі үшінші дәрежедегі шен. 1582 жылды Сібір ханы Көшім тағынан айырылды, То-

был мен Ертіс бойын орыстар жаулап алған соң, ондағы жұрттың басым көпшілігі Ноғай Ордасына бет бұрған-ды. Аталы-немерелі Ибак (Ибрагим) пен Көшім бұндағы халықты ұзақ билегенмен, әуелгі кезде олардың Тайбұға әuletіне бағынышты болғаны ұмытылмаса керек. Бұл қызмет осы әүлеттің әруағына бағышталып енгізілген еді. Тайбұғалыққа қолы жеткен Ормамбет онсыз да малы-саны көп өз иелігінде енді бұрынғыдан да бетер іргеленіп, Ноғай Ордасындағы ең бай, ірі ұлысқа айналды.

Ресей патшасының ноғайларға деген көзқарасы өзгерген бір тұста, Ормамбет Ұлы Ноғай Ордасы 40 түмен, Кіші ноғайлар мен Қырымды қосса 100 түмен жұрттың алға тартып: «Осындай жұртпен қол кетерсек, не болары бір құдайға ғана аян» деп патша сарайын қорқытқан кезі де болыпты-мыс (106, 183).

Жоғарғы Еділ, Жайық, Самар бойын жайлаган Ормамбеттің жұрты келсөң-кел дейтін қара күшке айналғаны да тарихаттан мәлім. Оның айналасына топтасқан мырзалар төменгіше көрінеді: інілері Дін Мұхаммед, Байтерек, Естерек, Шайтерек, Кішік, Жастерек, Хұсейін, Бектерек және Қосым (Қажы Мұхаммед) ұлы Дінәлі, Ливон соғысының қаңарманы Құтымұлы Тоқтарәли, Ағыс ұландарының басшысы Каракұл мырза.

Әлгіде айттық, 1590 жылы Ұрыс би кіші ноғайлармен болған бір қақтығыста қаза тауып, кезекті құрылтайда Орда тізгіні Ормамбетке ауысты. Би таңдауда мырзалар арасында дау-дамай туа койған жоқ. Ноғайлардың бас тұлғасы саналған Ормамбетті Москва княздығының кеңсе күжаттары да ақ патшаның қалауы екенін жазады.

Тоқетері, Ормамбет 1590-1598 жылдар аралығында Ноғай Ордасының бас билігінің тұтқасын ұстады. Оның тұсында ноғайларда өткен оқиғалардың ауызға алғандай ірілері де кездеспейді. Бұған қарал Ормамбет билігінің алғашқы жылдары – қой ұстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныш, мамыражай дәуір кезең деп халық арасында бағаланып келді.

Осы арада Ормамбеттің қызмет бабын асыра сілтеген кездері болғанын да еске сала кеткен жөн. Оның төбе би тізгінің ұстай отырып, Ордадағы лауазымды шендерді жатырлас інілеріне бөліп беріп, Ұрыс пен Шейх Мамай ұландарын билік басынан аластатуы ерекше көзге ұрады.

Ұрыс бидің өзі сияқты, ұлдары да Ресей патшасының озбырлығына қаны қас шетінен өжет жаужуруктер еді. Ұрыстың үлкен ұлы Хан Кіші Ноғай мырзаларының қолынан қазасы жеткен эке кегін қайтарам деп жүріп, аңғалдықпен жұрттынан айырылып, өзі жазым болды. Әulet билігі енді ағасынан да өткен жанкешті Жан Арсыланның қолына қөшті. Жасы кіші болса да аға орнына жүріп, Ұрыс бидің Түркия қол астына ету карекеттерін жалғастырып, Ыстамбұлға барып-қайтып жүрген Саты

мырзаны Кіші Ноғайлар қапыда өлтіріп кетеді. Экес кегін қайтара алмай қиналып жүрген Жан Арсыланға ноғайлардың тізгін тимей, іштен тынып жүретін. Алайда жай жүрмей, Орданың бар билігін қолына жинап алған Дінахмет ұлдарына қарсы топты басқарып, ұлысымен Сарайшықтың маңын торып жүретін-ді. Әдетте, бұрынғы билер қыста Сарайшықта отыратын. Еділ казактары астан-кестен қылып бұлдіріп кеткен астанаға Ормамбет би жоламай, 1586 жылы орыстар іргесін жаңа көтерген Самара бекінісінің төңірегінен ұзап ешқайда бармады. Жоғарыда айтылған ноғайлардағы мамыражай тыныштық Жан Арсылан ес жиып, ірге нығайтқанға дейін созылған және ол ұзаққа бармады. Жан Арсылан билікке араласуымен ноғайлардағы дүрбелен өрши түсті.

Ел үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, жандарын шүберекке байлағандардың қолы жетпеген билікті орыстың қолтығына кіріп, бұқпантайлап Ормамбеттің иемденуі ноғай мырзаларының ашу-ызасын келтірді. Орда билігін тартып алуға тырысқан Жан Арсылан 1598 жылы Самардың бойында отырған би ауылына тұтқылдан тиіп, Ормамбет пен Сібірдегі хандығынан айырылып, ноғайларды паналап жүрген Көшім ханды өлтіріп жіберді. Бұл ноғайлардың төбесінен түскен жайдың оғындай әсер етті. Мұндай төтеше қанды оқиғадан кейін жаңа би сайлауға байланысты қарсылас өзге топтардың мүдделері ескеріліп, мәмілеге келу амалдары қарастырылуға тиіс еді. Алайда мұндай кемел ой иелері ноғайларда сарқылып біткен тәрізді. Осынау аласапыранда, Ормамбетті жоқтаған елдің көз жасы құрғамай жатып, өзге мырзаларды Құрылтайға шақырмай, ұялас туажаттары Ормамбеттің орнына тез арада Дін Мұхаммед Дін Ахмедұлын би сайлап ала қойғаны байқалады (106, 184).

Сонымен жаңа билік иесі тағы да Исмайыл ұрпақтарынан тағайындалып, өзге ноғай ұландарының ызасын туғызды, дүмпу қайта басталды. Бұл жолы Жан Арсыланға Исмайыл бидің ұлы Дінбай балалары мен Қази ұлысының ноғайлары дем беріп, қолтығына су бүрікті. Жан Арсылан бастаған бүлікшілер Дін Мұхаммедті өлтіріп, бидің малмұлқін тонап әкетті. Іле-шала биліктен қол үзіп қалған, алақандары қызып отырған Шейх Мамайдың Алтыұл ұлысындағы (Алты аталы «Алым» ұлысы) ноғайлар да Дін Мұхаммед жүртіның қалған-құтқанын иемденуге лап қойды. Бұл кезде Ормамбет ұлысының баскөтерер тұлғасы нұрадын Естерек тұғын. Ол Қажы Тарханға жаушы шаптырып, патшаның шекара әскерінен көмек сұрады. Отқарумен жасақтанған атқыштар жетіп үлгеріп, Ормамбет әuletі бір күйреуден аман қалды.

Енді Жан Арсылан «Алтыұл» ұлысының жетекшісі Шэйім мырзаға жүртін ілестіріп, Башқұрттардың шығыс бетіндегі Есет, Миас өзендеріне қарай бағыт ұстады. Дінбай ұрпақтары болса Жемнің шығыс

сыртына шығып қонды. Жан Арсылан ел-жұрттын аталмыш өзен бойына орналастырған соң, Үлкен Ноғай Ордасына жорық жасауға ат басын бұрды. Алайда ол орыс патшасы мергендерінің (атқыштар тобының) тырнағына ілікті, тұтқындалып Москваға айдалды.

Жан Арсылан Қажы Тархан әскербасына берген жауабында Ордадағы тынымсыз бүліктің басты себебін былай түсіндіріпті: «Ноғайлардағы дәстүр бойынша, ағаның үлкен ұлы би болады, одан кейін оның інілерінің бірінің үлкені таққа отыруға тиіс. Қазір менің кезегім». Эйтсе де, ата-баба дәстүрі бойынша Жан Арсылан Дін Мұхаммедпен билікке таласқанмен, Ормамбет ұландарымен таласуға құзыры жоқ еді. Ноғайлардағы бағзы заманнан қалыптасқан жөн-жоралғыны бұзған алдымен Жан Арсыланның өзі.

Араға жыл салмай Ноғай Ордасы екі бірдей биді – Ормамбет пен Дін Мұхаммедті өлтіріп шектен шықты, бидің орнына 1600 жылы Естерек Дін Ахмедұлын көтерді. Ақ патшаның ұйғарымымен оны ақ кигізге салып би көтеру рәсімі Қажы Тарханда өткізілді. Бұл кезде ноғайлардың саны үш еседей кеміп, мырзалар да ұсақталып, ел-жұрты азайып қалған-ды. Нұрадындық лауазым кезегімен Кішікке (1600-1604), Шайтерекке (1604-1619) көшті, кейқуаттықты Жастерек (1600-1620) атқарды, тайбұғалық қызмет Ормамбет ұлы Қара Кел Мұхаммедке (Қара Келмамбет) 1604-1622 жылдары жүктелді. Бұлардың барлығы да Дін Ахмед ұлдары немесе немерелері, эйтеуір бір отбасыдан шықкан ұландар. Бұлардың сыртында Ормамбет ұлдары – Әли, Арыслан, Би (Би Мұхаммед); Дін Мұхаммед ұлдары – Ақсақ Кел Мұхаммед (Келмамбет), Орак, Қарақозы Мамай, Жұсіп (Сары Жұсіп); Дін Ахмед ұлы Байтерек балалары – Қази, Әли, Ақ; Дінбай ұлы – Қанай және Естерек ұлдары ноғайлардың бетке ұстар қаймақтары тұрды. Сөз орайында тағы да айта кетейік Орак батырды 1549 жылы өлтіретін Сары Жұсіп Дін Мұхаммедұлы Дін Ахмед бидің немересі. Осы Сары Жұсіп пен Сейд Ахмед бидің ұлы Қалудан Орақтың қазасы жеткені жоғарыда айтылды.

Сайып келгенде, Ноғай Ордасында Дін Ахмед ұландары билік пүшпағын уысында ұстады, мал-жан барлық билік солардың қолына көшті. Мұнан соң Еділ-Жайық арасында бірсыныра уақыт тыныштық орнағандай әсер қалдырды. Естерек би Ресей бағытын ұстап, ел басын біріктіруге тырысқаны, патша ағзамға ұнай қоймады. Ноғайларды біржола құрту үшін оған ішкі бүліктерді жалғастыру қажет еді. Осы мақсатпен 1604 жылы орыс шенеуніктері Москвадан Жан Арсыланды Қажы Тарханга әкеліп, сырттай бірін-бірі аңдысып отырған Естеректі бас биге, ал Жан Арсыланды оған бағынышты би тағайындалап, ноғай

мәселесін ушықтырып жіберді. Бұндай қос биліктен Ордада бүліктің шығатының сезсе де, орыс шенеуніктері қасастықтың ұрығын өздері әкеліп септі.

Ресейдің іріткі саясатын сезген Жан Арсылан ақылға салып, әзілігемен бармады. Патша саясатына қанық Жан Арсылан Естерек бидің ықпалымен Қажы Тархан түрмесінде біраз ұсталып барып, артынан босатылғанда, «кешікпей кезекті би осы болады» деген қауесетке де қынбады. Ноғайлардағы саяси ахуалға араласпай, Башқұрт пен қазақ арасындағы өз ұлысы - жағалбайлыларға жүріп кетті. Алдында Ноғай Ордасының солтустік-батыс аймағында құлаш жайған Жағалбайлы қауымы Жан Арсыланға тірек болғаны, олардың кейін осы топыракқа қоныс аударғаны да тарихнамадан белгілі.

Естерек бидің тұсында 1608 жылы Ноғай Ордасында құрылтай өтіп, даулы мәселелер қаралды. Онда мырзалар мен тайпалық көсемдердің иық теңестіріп, дала зандарына сай құзырлары астарласып жатқаны байқалды. Шынтуайтында, ноғай мырзалары ру, тайпа басшыларының келісімін алмай ештеңе шеше алмайтын жағдайға жеткен-ді. Құрылтайда ру жетекшілерінің билік-беделі қаралып, төмендегідей шешімге иек артты: жер, су бөлу мәселесі жөнінде ел-жұрт биге, қала берді мырзаларға бағынады. Осылардың шешімінсіз ұлыс адамдарының өз бетінше жер-су бөлісуге, көші-қон мекенін иемденуге тыйым салынды. Сөйтіп, тайпа көсемдерінің құқығын шектеу әрекеті талқыға түсті. Ұлыс аймағын, олардың қоныстарын белгілеу би кеңесінде шешілетін болды. Ру, тайпаның ішкі құрылымы, қарамағындағы жүртттың ата-баба салтын сақтау қағидалары олардың көсемдерінің құзырына берілді. Осыдан XVII ғасырдың басында ру басылардың рөлінің арта түскені байқалғандай (291, 299).

Құрылтайдың мұндай шешімінен кейін жүрт отырған орындарынан қозғалып, бытысып кетуге аз-ақ қалды. Мысалы, Қара Кел Мұхаммедтің қарауындағы наймандары, Жастерек пен Естеректің қоныраттары Қара Келмұхаммедтің жеріне қоныс аудармақшы. Ал Жан Мұхаммед (Дін Мұхаммедұлы) иелігіндегі «қыпشاқ ағайындар» нұрадын Шайтеректің меншігіне көшпекші. Сөйтіп, бидің ұсынысы бойынша құрылтай рулық қауымдастықтар өз мырзаларының аймақтарына қайтарылсын деген атусті шешім қабылдады. Бұндай келенсіз-діккә қарсыластар да табылып жатты. Қара Кел Мұхаммед болса наймандарынан айырылғысы



Калмак жауынгері.

XVII ғ.

келмеді, қоңыраттың рубасылары Жастеректі тастанап, Естерекке қайтып оралудан бас тартты, ал қыпшақтар Жан Мұхаммедтің қарамағында қала беруді өтінді.

Би шешіміне қарсы шыққан бірсыныра жұрт Еділден өтіп, Қырым бетке ауа бастады. Түлен тұрткендей Орданың нұрадыны да, кейқуаты да яғни Ормамбет пен Дін Мұхаммед ұлдарының ұлыстары Еділ-Жайықты тастанап кетті. Еділ-Жайық арасын Естерек пен Жұсіп би ұрпақтары ғана қоныстанып қалды. Царыциниң қарсы бетіндегі Естерек иелігінде баржоғы «бес үй ғана болды», деп жазылады В.В. Трепавлов келтірген бір деректе (33, 39).

Ақыры, 1613 жылы Естерек би де Қырым бағытын ұстап, атамекенін тастанап көшіп шығады. Қайран, Еділ-Жайық арасын там-тұмдаған ел жайлағанмен, біріктіруші күштің жоқтығынан қаңырап бос қалғаны әдеби шығармаларда, жыр-дастандарда толғанатынын айтады Ә. Сарай (106, 186).

Елін тастанап Қырым мен қияға бағыт ұстаған ноғайлар бірде Терек маңын қысталап, кей жылдары Қобан сұына ұзай қонып жан сақтады. Ал бос қалған Қажы Тархан іргесіне арқаны сырт салып Есет, Миас өзендеріне шығандап кеткен Ұрыс бидің ұрпақтары Хан, Жан Арсылан, Саты оралды. Діnbайдың Қанай, Рахманқұл есімді ұландарының ауылдары да осы жерлерге жайғасты.

Қырым бағытына өткендердің Кіші Ноғай Ордасы мен Қырым хандығына қосылуын қаламаған орыс әкімшілігі оларды байырғы мекендеріне қайта көшуге угіттеп бақты, ақшалай қаражат та бөліп көрді. Алайда, ноғайлар орыстар ұсынған жерлерге қайтып оралудан бас тартты. Сөйтіп жүргенде, 1619 жылы Естерек би өлді, нұрадын Шайтерек аттан құлап жан тапсырып, ноғайлардағы билік біржола құрып бітудің аз-ақ алдында тұрды.

Сілімтігі қалған Үлкен Ноғай Ордасының соңғы билеушілерін әңгіме қылсақ, олардың бас аяғын жинап, бір ізге түсірудің өзі қияметтің қыны екені осы тарауды құрастырғанда көрінді.

Жоғарыда айтканымыздай, Ноғай Ордасы дағдарысқа ұшыраған 1550-1560 жылдары оның құрамынан Кіші Ноғай ұлысының негізін қалаған Қази би бөлініп шықты, оның қамтыған жерлері Солтүстік Кавказдың далалық өнірі мен Еділ және Дон өзендерінің аралық аймағы еді. Бұл ұлыс кейінрек «Кіші Ноғай Ордасы» аталып, Орданың аумағы Қырым хандығы мен Москва княздығының солтүстік Кавказ бағытындағы жүргізген саясатының құрбаны болғаны жоғарыда айтылды. Үлкен Ноғай Ордасының билеушісі Естерек жұрты бұл кезде ақ патшаның қысымына ұшырап, бодандықтың қамытын біржола киген-ді.


Улкен Орданың қолбасылары әлсін-әлі Кіші Ордаға жорық жасаганмен, оны бағындыра алмады. XVI ғасырдың 50-жылдары Ноғай Ордасының шығысында жаңа бір Орда тағы пайда болды. Ол Алтыұл Ордасы (Шейх Мамайдың алты ұлының атымен байланысты) шыққаны тарихтан мәлім. Бұлардың есімдері күжаттарда былай берілген: Хан, Қасым, Бай, Ақ (Ахмед), Бек, Би.

Осынау Алтыұл ұлысы Арап өніріне қарай етек жайып, Хиуа хандығымен (түркімендермен) жі қатынас жасай бастады. Алайда, бұл Орданы 1570 жылдары Қазақ ханы Хақ-Назар талқандап, өзіне қосып алғаны тағы белгілі (291, 299).

Ал Кіші ноғайлар (Қази ұлысы) Еділдің оң жағалауына шығып, келешкте Қырым хандығының қоластына көшеді. Міне, осы сәттен бастап, яғни XVI ғасырдың аяғымен біз әңгіме етіп отырған XVII ғасырдың басында Дешті Қыпшақ аймағындағы ру-тайпалар бір-бірімен арасын, сапырылысып кетті, арасын-құралас өмір сүрге мәжбурленді.

Бұл жайында жазба деректер мен жыр-дастандар жеткілікті. Деректерге қарап, кең көлемде ел-жүртты қамтыған аласапыран Еділдің төменгі және ортаңғы ағысынан шығыска және батыска қарай төрт мәрте жүргені анықталады. Аталған төрт көштің соңғы екеуі Азов теңізі маңына қарай жылжып, сол жерде ноғайлар біржола турақтап қалған еді.

Оның бастапқы кезеңі, яғни ноғайлардың бір-бірінен ажырасуы Еділден шығыска қарай жылжуымен қатар, Алтын Орданың күйреуінен кейін басталса керек. Бұл әрекеттер жайлы Ноғай Ордасында туған жазба және ауыз әдеби ескерткіштері баяндайды. Мұны қыргыз, қарақалпақ, өзбек елдерінің мағлұмы да құптайды. Мәселен, қарақалпақ ауызша шежіресінде мынандай жолдар сақталыпты:



**Қалмақ таңбалары.** (П. Небольсинның «Очерки бытка калмыков Хошоутского улуса» кітабынан. СПб. 1852).

*Мүйтен, қоңырат, қытай, қытшақ,  
Кенегес, маңғыт-ақ пышақ,  
Алты рұлы қарақалпақ,  
Бөлініп өзбектерден кетті жырақ (291, 301).*

Бұл жерде «өзбек» аталған жұрт Алтын Орданың ханы Өзбекке қараған ел (бұрынғы «Дешті Қыпшақ» аймағы) еді.

XVI ғасырдың 70-80 жылдары Еділдің ортаңғы ағысын қоныстанған ноғай халықтары өзара тығыз байланыста болғаны белгілі. Қарақалпақ деректеріне қарағанда, оның халқы бірталай уақыт қазақ хандығының құрамында тұрған (451, 45-46). Біз бұны шамамен XV ғасырдың аяғына жатқызамыз. 1743 жылы Қарақалпақ елшілері Ресейге барғанда өз елдерінің тарихын былайша баяндапты: «...қарақалпақтар ноғайлардан тараған, ноғайлармен бірге осы уақытқа дейін Қазан хандығы мен Астрахан хандығының аралығындағы Еділ бойында өмір сүріп келеді. Осы жерден 1483 жылы орыстар Қазан хандығын жаулап алуына байланысты 260 жыл бұрын қоныс аударып, Еділдің сол жағалауына өтіп, біртіндеп Арап тенізіне дейін жеткен» (452, 72; 453, 123-124). Орыстардың Қазан хандығын бағындыруы осы тұста емес, XVI ғасырдың 50-жылдарында еkenі тарихнамадан мәлім. Басқыншылық жорықтардың етек алуына байланысты Қазан хандығына кіріптарлық түпеу үшін, Қарақалпақ жұрты қазақ жеріне қоныс аударған. Басқа тайпалармен бірге Қазак және Қарақалпақ халықтарының көші-қон қозғалысы Ноғай Ордасындағы саяси-экономикалық дағдарыстарға байланысты жүрді. Жерін тастап шыққан ноғай ауылдары оңтүстіктен-шығысқа, оңтүстіктен-батысқа қарайғы бағытта жылжып отырған. Башқұрт шежіресіндегі «юмат» тайпалары «сансыз көп ноғайлар» деген топты құраған да осылар. Хижраның 953 (1546) жылы бұл халықтар Қобан мен Еділдің орта ағысы аймағына қарай көшкен-ді (213, 29-38).

Басқа бір мағлұмға жүгінсек, қарақалпақтар, шамамен XV ғасырда Ноғай Ордасынан бөлініп, көшіп кетеді. Бұл жайында 1945 жылы Қарақалпақ тарихын зерттеуші ғалым Т.А. Жданко 86 жастағы Б. Мирзаевтан жазып алған, онда «Қыпшактар ноғайлардан бөлінген кезде, бірінші болып қара қыпшақ (қарақалпақ) тобы бөлінсе, олардан Қаракұмда тұратын жабы қыпшактар жекеленіп шыққан...» (451, 46) деп, қарақалпақтардың аргы тегіне жол сілтепті.

Ноғай ұлыстарының ыдырауы және ондағы халықтың қазақтармен қосылуы жөнінде Ноғай Ордасының билеушісі Исмайыл да 1557 жылы Москваға мынандай мәлімет түсірген: «Менің жақын-жықтарым Жайықтың аргы жағалауында халқымен қойды және олар қазақ

хандарымен байланыс жасауда». Бұның айтуындағы, ру-тайпалардың өзара жақындасуындағы басты себеп – олардың бір-бірімен туыстас жүрт болғандығынан. Осыдан Ноғай Ордасының соңғы билеушілері қазақ хандығының басшылары жүргізген саясатты қолдады және қазақтарға келіп қосылған этникалық топтардың олармен нәсілдес, қандас болғандығынан қосылу үдерістері қыншылықсыз жүрді, - дейді қазақ тарихшысы А. Исин (291, 301-303).

Дегенмен, XVI-XVII ғ. Ноғай Ордасындағы өзара қақтығыстар ұлыс халықтарын әлсіретті, олардың қыр сонынан қалмай басқыншылық жүргізген қалмақтарға қарсы тұруға дәрменсіздігі көрінді. Осыған орай, 1626 жылы нұрадын қызметін атқарған Қара Келмамбет (Қара Кел Мұхаммед) мырза өткен оқиғаларды былайша есіне алады: «Әкеміз Ормамбет би қайтыс болғаннан кейін Ұрыс және Діnbай мырзалар ұлыстың бірталай адамдарын сонынан ертіп, Бұхара мен Үргеніш жеріне қарай көшіп кетті», депті.

Бірсыныра ғалымдар зерттеген шығармаларда және 1921 жылы 56 жастағы Дөненбай Асанұлының жазбасында ноғайлардың кейір топтары қырғыздардың құрамына қосылғандығы да айтылады. Осындағы мәлімет Қайдуллаттың ұлы Жалдықабтың (аты азызға айналған Ұзынқалпақтың шөбересі) еңбегінде де кездеседі. Ол «қыпшақ жұрты ыдыраған» кез деп XVI ғ. аяғы мен XVII ғ. басындағы оқиғаларды келтіреді. Тағы бір шекірде былай делінеді: («Ormambet хан билік құрған тұста Тағайға екі адам қашып келген. Олар – Жалайыр мен Көке. Жалайыр қазақтарға қашып кетті. Тағай өзінің туысқан қарындасын беріп, Көкені үйлендіреді. Ол қыздың аты Нағал еді») (291, 303). Осынау мәліметтерге қарағанда, Ормамбет хан, Ормамбет би қазақ халқының жырларында ел билеуші белгілі тұлаға, ал орыс деректерінде Ормамбет 1598 жылы қайтыс болғаннан кейін Ноғай ұлысының ыдырағаны жазылды (291, 303).

Ақиқатқа жүгініп, XV ғасыр басында Едігенің тұрақты 200 мың әскер ұстағанын шетел саяхатшысы Фюи Гонзалес де Клавихо жазғаның қаперімізге алсақ (110, 211), Үлкен Орданың билеушісі Естеректің тұсында, ноғайлардың барлық құштерін біріктіргенде 60 мың ғана жасақ шығаратын жағдайы болғаны, XVI ғасырдың сонында Ноғай Ордасы халқының мықтап кеміп кеткенін байқатқандай. 1608 жылдың қараша айындағы Ноғай елшілерінің мәліметтерінде Үлкен Ордада Естерек бидің «балалары мен немерелері», «ұлыс адамдары 40000» деп көрсетілген (205, 213), ал қалмақ шапқыншылығына тап болар кезенде Қанай биге небәрі 10 мың адам ғана бағыныштылық танытқан (454, 36-41).

Қалмақтар ноғайларды қазақтардан бөліп тастағандықтан (1629-1631 жылдары), Ноғай Ордасына қарасты жұрт Еділ мен Жайық аралығындағы ата қоныстарын тастап кете барды. 1629 жылғы мағлұмдардың бірінде, Ноғай билеушілері қол астындағы ұлыс адамдарының тек батыстағы Қази ұлысына және Қырымға ғана емес, сондай-ақ, «Ургеніш пен басқа да мемлекеттерге» кетіп қалуынан қауіптенетіні жазылыпты. Ол ол ма, 1611 жылы Естерек бидің өзі Ноғай Ордасынан бөлініп шығуға ойы бар екенін орыс елшісі Прокофи Вражскийге құлаққағыс қылады (229, 20). Естерек би өзінің ағайындары нұрадын Байтерек пен Шайтерек мырзаларға өз ұлыстарынан орыс қатынасына қызметші адамдар шығармаса, Естерек өзі бастан, ұлыс адамдары мен қазақтарды ертіп, ұлыс құрамынан шығатындығын ескерткен. Мұнымен қоса, Жүсіп ұрпақтарының кейікүт билігіне үміткерлігін қолдайтынын да айттыпты (299, 21-28). Тайбұқалық шені бар Қара Келмамбет мырза XVII ғасырдың 20-жылдары ұлыс адамдарының (қара бұқараның) қарауынан кетуін тоқтату мақсатында Москва патшасынан әскери көмек сұрағаны да анық.

1604 жылы патша сарайына хат жолдаған Естерек алыстағы Қырымға жорық жасағысы келмейтіндігін ескертіп, өзі кетсе «ұлыс жеріне ол жоқта Қази ұлысы немесе Қазақ ордасы, сонымен қатар, қалмақтар келуі мүмкін» депті (218, 136; 291, 304).

Ноғай ұлыстарының осылай шайқалуы, ыдырауы көрші елдердің халқын толықтыруға себін тигізді. Шығыста – қазақтардың, оңтүстікте – Бұқардың, батыста – Кавказдың және Қырымның, солтүстік бағытта – орыстардың санын өсірді.

Ноғай Ордасы саяси бірлестігінің осал тұсының бірі – оның өзіндік шаруашылық, тұрмыс-тіршілігі нәр алатын ортасының әлсіздігіне тіреледі. Мемлекет астанасы болып саналатын Сарайшық қаласының өзін Шыңғыс хан әuletінен шыққан хандар меншігі есебінде қарастырды.

Дей тұрсақ та, қазақ халқының атадан балаға айтылып келген ел аузындағы әңгімелерінде, жыр-әпостарында қазақ-ноғай бір тұған қандас жұрт екендігі айдан анық. Бұның бәрі ноғай-қазақ халықтарының ауыз әдебиеті, ән-күй өнері мен тарихнамасында жан-жақты көрініс тапқан. Тіпті, кейбір қазақ шежірелерінде үш жүзді Келмамбеттен (Кел Мұхаммед) Ақ Келмамбет, Қара Келмамбет, Ақсақ Келмамбет деп таратынын қайтерсін. Мұндай ата-тек шежірелерде аталған есімдер халық арасында басшы немесе батыр ретінде аңызға айналып отырған. Мысалы, қазақ тарихында Қобыланды батыр, Майқы би, Ер Қосай, Ер Кекше, Ер Тарғын, Алау батыр, т.б. кездеседі... Бұл тұлғалар ноғай әпостарында да бар. Ал жоғарыда аталған Келмамбеттер қазақтар арасындағы ноғайларда Қара Келмамбет (Ормамбеттің ұлы), Ақсақ Келмамбет

(Ормамбеттің інісі Дін Мұхаммед мырзаның ұлы) аттары кездеседі және олар XVII ғасырдың 20-шы жылдары Ноғай ұлыстары ыдырағанға дейін билік құрған белгілі тұлғалар (291, 304). Осыдан болса керек ноғайлардың жыр-дастандарында ата-қонысына деген сүйіспеншілігі, жандарының бауырластығы әрдайым басты тақырыбын құрайды. Ата мекенін жоғалтпау үшін ноғай билеушілері неше түрлі іс-әрекеттерді жасаған. 1576 жылы Дін Ахмед бидің тұсында Башқұрт уәлиі Дінбай шен-шекпен дәрежесі жағынан бимен теңестірілді, ал Ұрыс би кезінде Дінбайға батыс шекара жауапкершілігі жүктеліп, нұрадын қызметі қоса беріледі. 1586 жылы қаңтарда Ұрыс пен Дінбай елшілері Бакшасарайдан Түрік сұлтанына келіп халқымен, жер аймағымен оның қол астына өтуге ынталылығын білдіреді. Дінбай мен Ұрыс бидің түріктермен тізе біріктіру саясатын жан-тәнімен қолдағандағы мақсаты – ата жұртты аман сақтап қалу еді. Олардың кейінгі ұрпақтары Тінікей (орыс құжаттарында – Дивей), Қанай, Рахманқұл Дінбайұлдары және Ұрыс бидің ұлы Жан Арсылан елдің, жердің біртұастығын сақтау үшін Ресейге қарсы топтың басында түрді. Өстіп жүріп, Дінбай мен Ұрыс ұрпақтары өрескел орысшыл болып кеткен туажаты Ормамбеттің қанын төкті.

Қанды оқиғалардан кейін ноғайларға Қажы Тарханнан орыс атқыштары шыққанын естіген бойда, Дінбай ұрпақтары Жемнің сыртына көшіп шықты. Бұларды тәптіштеп жазып отырған себебіміз, ақиқаттан айнымаған Қазтуған Сүйінішұлының толғауларына осы оқиғалардың арқау болғаны:

*Сап-салтыншақ анау үш өзен,  
Сап аулы менің ордам қонған жер,  
Жабагылы жасас тайлақ, жардай атан болған жер...*

Мұндағы үш өзені: Еділ, Жайық, Жем. Аталмыш үш өзенді кезінде ноғайлардың жайлағаны ақиқат. Жырдың бір шумағы тіпті Жемнің шығыс бетінде жетелейді:

*Мұсылман мен кәуірдің  
Арасын бұзып дінді ашқан,  
Сүйінішұлы Қазтуған.*



Қази ұрпақтарының бірі  
Қазы-Герей. 1842 ж.

Мұндағы кәүірі орыс екені бесенеден белгілі. Атасы Дінбайдың Ресей патшалығына қарсылығын жастайынан көріп өскен Қазтуғанның көзқарасы жырда айқындала түскен.

Еділ-Жайық арасын 1608-1613 жылдар аралығында Ормамбет бидің інілері мен ұлдары тастап шыққан, оларға қосылған Есет, Ор, Жем сыртында жүрген Ұрыс пен Дінбай ұрпақтары Қажы Тархан аймағына келіп, қазіргі Қызылжар (Краснояр), Володар ауданындағы Бозан суының бойына қоныстанды. Құт-берекеге толы Бозан өзенінің көрінісі қаз-қалпында Қазтуған жырында баяндалыпты, оны да бере кетейік:

*Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаган,  
Бақасы қойдай шулаган,  
Шырмауығы шөккен түйе татырмас,  
Балығы көлге жылқы жасатырмас,  
Бақасы мен шаяны  
Кежідегі адамга  
Түн үйқысын татырмас... (455, 33-34; 106, 188-190).*

Бұл шумақтағы «ботташық» Бозан бойында өсетін тамыры құнарлы шеп, өнір түрғындары арасында әлі де осылай аталады.

Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиянында» бұл өнір былай суреттеледі:

*Қабыршақты, Қарасу,  
Қанатымды залым қияр деп,  
Қарға бойлы Қазтуған  
Қайғыланып көшикен жер, -*

деп көрсетілген (455, 81-82).

Жыраулардың пайымдауында, Қазтуғанның ата қонысы Қабыршақты, Қарасу. Әлбетте, осыған ұқсас жер аты әр жерде кездесуі де мүмкін ғой. 1576-1586 жылдарда Қазтуғанның арғы атасы Ноғай Ордасында нұрадың қызметін атқарып, батыс шекараның қауіпсіздігін мойнына артты. Нұрадынға қарасты қауым Сарай-Бату мен Сарай әл-Жәдид (Жаңа Сарай) аралығын қоныстанған. Яғни Қазтуған Еділдің төменгі сағасында, Ақтөбенің Бозанға құяр тоғысында дүниеге келді деуге негіз бар (106, 189).

Бір кезде Дінбай ұландары орыс шенеуніктерінің жазалауынан секемденіп, Жемге барып, Ор өзені бойын жайлағаны, Еділ-Жайықтан жүрт көшкенде, Қажы Тархан әскери шенеуніктерінің ықпалымен Бозан бойына қайтып оралғаны да тарих бетінде түзілген екен.

Қажы Тархандағы патша қызметшілерінің бір жағынан үгіттеп, екінші жағынан күштеуімен Қырым бетке ауған Ормамбет інілері мен ұландары

да Еділ-Жайыққа көшіп келген-ді. Естерек би мен нұрадын Шайтерек өлгеннен кейін олар қарсылас екі топқа бөлініп кетті. Бірінші топты кейқуат Жастерек Дін Ахмедұлы басқарды. Оның қарауындағылар Естерек пен Дін Мұхаммед ұландары мен ұлыстары. Ал екінші топ тайбұқа Қара Кел Мұхаммед Ормамбет ұлына бағынды. Қарамағындағылары Ормамбет балалары мен нұрадын Шайтерек жүрті еді. Жастерек тобы малды-жанды, іргелі ел, бұлар жер дауын сылтау етіп, 1619 жылдың ма-мырында қарсыластарына тұтқылдан тап берді. Бұның боларын сезіп, тайбұқа Қара Кел Мұхаммед ат тізгінін беліне байлап, бес қаруын ба-сына жастанып күтініп отырған-ды. Жастерек жасақтарын жүртіна беттепеді, алайда Дін Мұхаммед ұлы Қарақозы-Мамай атыс-шабыстың қызған кезінде тайбұқаның інісінің қолынан қаза тапты, сөйтіп, кейқуат аулы қара жамылды.

Қажы Тархан шекарасының әскербасылары жағдайды Москваға дер кезінде хабарлағанмен, Елшілік басқармадан (Посольский приказ) «араласпаңдар, не болса, о болсын» деген нұсқау түсті. Қажы Тархандағы әскери қызметшілер А.А. Хованский мен А.М. Львов нұсқауды асқан білгілікпен жүзеге асырды. «Олардың бір-бірімен араздығын отқа май құйғандай үрлеп, бетпе-бет шайқасуға дейін жеткізіп отырдық... Үм-жымымызды сездірмей екі жаққа да жасырын барып, бір-біріне айдан салудың арқасында, олар біржола құрып бітудің аз-ақ алдында тұр» деген мәлімдемелерін Ресей Елшілік басқармасының көне мұрағаттарынан алып тарихшы В.В. Трапавлов жария қылды (33, 402-403).

Жауласқан екі топқа да патша щенеуніктегі көмекке деп атқыштар жіберіп айдан-салып отырған. Орыстан қарулы құшпен жәрдем алдым деп ойлаған әлгілер бір-бірін өршелене шабады. Ал әскери атқыштар жағы ешқандай оқ шығармай, шөп басын қымылдатпай отыра берген-ді.

Ноғайлардағы 1619-1620 жылдардағы атыс-шабысқа Діnbай ауылы араласа қоймады. Олар бес мың үй болып Қажы Тархан іргесін жайлайды. Бұл уақытта Діnbай ұлысының жетекшісі Қанай мырза еді. Ол Қазтуғанның үшінші атасы Тінікейдің (Дивейдің) туған інісі. 1622 жылдың қысында әскери шекараның қызметшілерінің қолдауымен би тағын басқан еді. Қанай би мен нұрадын Қара Кел Мұхаммед Ормамбетұлы сол жылдың сәуірінде Москвага елшілерін аттандырды. Ақ патша Қажы Тархандағы қызметшілерінің көnlігे қонымды ұсынысын бекіте салды. Елшілік сәтті аяқталып, 1622 жылдың 10-шы қарашасында Қажы Тарханда Қанайды ақ кигізге салып, би көтерді. Ол осы тізгінді 16 жыл бойы қолында ұстады. Қанай ноғайлардың соңғы биі, одан кейін би сайлау дәстүрі жоғалды да, елді патшаның

тагайындаған қызметкерлері басқаратын болды. Мұны Қазтуғанның «Мадақ жырындағы»:

*Билер өтті, би соңы,  
Би ұлының кенжесі,*

- деген жолдар шындыққа дөптейді.

Қанай 1638 жылдың орта кезінде, жаз айында дүние салды. Оның орнына Тінікей (Дивей) ұлы Абдол (Қазтуған жыраудың төте атасы) ұсынылды. Бірақ оны патша кенсесі енді ноғайларға би сайлаудың қажеті жоқ деп бекітпей тастады.

Қанай би туралы орыс патшасының мұрағаттарында құжаттар жеткілікті, Қазтуғанның атасы Абдол, туған әкесі Сүйініш туралы да де-ректер ұшырасады (340, 355-356). 1645-1646 жылдың (29-шы қазаны) аралығын қамтитын шолу құжатында Абдол да, Сүйініш те Жетісан ұлысының билеушілері деп түзіліпті. 1645 жылдың қыркүйегінің 13-ші жүлдзызымен таңбаланған мәлімдемеде олардың Жем бойында отырғаны айтылса, 1646 жылды Жетісанның үш мырзасы, ішінде Абдол да бар, Дендер тауы тұсынан Жайықтан өтіп, Нарынның шет жағына орналасқаны баяндалыпты. Аталған құжатта олардың Қажы Тархан барып, орыс әкімшілігінің қол астына өтуді сұрағаны да хабарланады (340, 356).

Қазтуғанның ноғайлардан кетуі туралы мағлұмдарды оның өз сөзімен берген макұл шығар. Оның ең бастысы Қазтуғанның «Туган жұртпен қоштасу» толғауы:

*Қайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың.  
Қайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жүрт! – дейді.*

Ноғай ғалымы А.И-М. Сиқалиев Қазтуғанның «Жембойлық» атты ұзақ толғауы болғанынан хабар етеді. Жембойлықтар ноғайлардың бір ұлысы бола тұра қалмаққа қарсы аттаныстарына қосылмай, қайта олармен ауыз жаласып, өз жұртына жасаған опасыздығы да дастанға арқау етіліпті:

*Алдаспан мен мақсым (ішімдік) танса,  
Бұжембойлық дегенің  
Алты атасын сатады.  
Әлемге әлек келгенде,  
Алып ногайлым арқа бойында  
Қан төгілсе өлгенде,  
Бұжембойлық тұганым  
Атандай шеке беріп жсатады... (90, 49-50; 106- 191).*

Екінші бір аса маңызды маглұм Мұрат Мөңкеұлы шығарған «Қазтуған» жыры. Осынау көлемді толғаудың мазмұндық құрылымы айрықша десе де болғандай. Мұрат тоз-тоз болған ногайлардан безінген Қазтуған жырау толғауын байыбына жеткізіп, оның артында қалған мұрасы ұмытылып қалмасын дегендей, «Қазтуған» дастанына түгел қосады. Мұрат ақын толғаулардың мән-мағынасын өзгерпестен беріпті, мәселен:

*Еділді қоныс етпеніз,  
Жағалай қалмақ алады.  
Жайықты қоныс етпеніз,  
Сыдыра біткен көкжисек  
Кәпірлер қала салады...  
Астарханды қоныс етпеніз,  
Шаңарын оның алады (131, 676),*

дегені түгелдей Қазтуған сөзі.

Қазтуған толғауларынан үзінді алып, жыраудың мұрасы деп, Мұрат Мөңкеұлы енгізген шумақтар аз емес. Оның бірін Мұрат ақын былай келтіреді:

*Мен неткенмін, неткенмін,  
Курайлы жүріп кеткенмін.  
Тайсойған мен Дендерден,  
Сағыз бенен Жемдерден  
Құралайдай шұбырын,  
Гүлеп те жесіп өткенмін.  
Ойылдың Тамдықоліне  
Бір түстеніп кеткенмін.  
Маңғыстаудың ойына  
Етек-жесім жыртылып,  
Ақ қырауда жеткенмін.*

Сөйтіп, жарықтық, Мұрат ақын Қазтуғанды Маңғыстау жеріне жеткізіп салады...

Орыстан опа таппай, қалмақтан қашып-пысып жан созған Абдолла, Сүйініш мырзалар орысқа берілуден басқа амал жоқ деп шешкені сияқты, Мұрын жырау да Жемде ногай мырзаларының он сегіз күн кенесіп, бір мәмілеге келе алмай, бет-бетіне бытырағанын, Қарғабойлы Қазтуғанның өзге ногайлардан жырылып Шам аспақ болып, Оқ-Балқанға бет түзегені де өзі толғаған дастандарда айтылғанын Мұрын жырау құптаиды.

Ногай Ордасының соңғы кезеңіне қатысты мәліметтің бас-аяғын жиынтықтай келгенде, 1638 жылы Қажы Тархан іргесіндегі Бозанды тастап шыққан Қанай ауылдары Тайсойған, Дендер арқылы Жем-

ге қайта өткені тарих бетінен көрінеді. Бұл ара қалмақтарға екі-үш күншілік жер тұғын. Қанай ұлыстарының олармен араласа қонған кездері де болған. Қазақ хандығына ноғайлар үшін жол жабық дегенмен, Маңғыстау арқылы Үргеніш, Бұқар асу мүмкіндігі жоқ емес-ті. Ноғайлардың билеуші мырзалары құраған топтың дені Қырым тарабын қолайлағаны да жасырын емес. Абдолла мен Сүйініш Бұхараға ұзамай, Қажы Тарханға барып орысқа берілуді жөн санағаны әлгіде айтылды. Ата, әкелерінің бұл шешімімен келіспеген Қарғабойлы Қазтуған ағайындарымен Жемде ажырасып, Оқ-Балқанға ұзаған деген әңгіменің де жаны бар.

Демек, бұл оқиға 1645-1646 жылдары болған тәрізді. Шыңғыс хан тұқымынан шыққан, құғынға ұшыраған Әблілғазы бағадүр қалмақ тайшысының шақыруымен Жемге барып, қонақтап жүргенде Маңғыстаудың осы тұстағы тұрмыс-тірлік жағдайын өз көзімен көріп, «Түрік шежіресі» кітабына енгізген екен. Ол Маңғыстау аймағында 100 қаралы Түрікмен шаңырағы барын, басқа өнірінің құлазып бос жатқанын жазып кетіпти. Маңғыстаудың дарабозы Мұрын жырау Әблілғазы жазбаларымен таныс адамдай, өлкенің тарихи баянын қаз-қалпында айнитпай суреттейді. Жемнен Оқ-Балқанға дейінгі бір айлық жолда қалмақтың жол торыған жасактарынан басқа жан баласы кездеспейтінін де тілге тиек етеді.

Оқ-Балқанға жетіп, бұлаққа малдарын суарғанда, су лайланып кетіп, Қазтуғанның астындағы нары суға қанбай қалады. Әлгі жануар ботасын тастап, боздаған күйі бұрылып алып кері салады. Содан Жем бойына жеткенше Қазтуғанға қайыру берменгі делінеді дастанда. Ел арасын бүлдірген ноғай мырзаларына қарағанда мал екеш малдың да туған жерді қимағанын қыистыра суреттеген эпостардың философиялық мәні көркем шығарманың сәнін келтіріп тұр. Қазақ әдебиетінде бұндай сюжеттер талай жырланды. Бұл қазақтың төл тарихының ақиқаты десе де болғандай, - деп қазақ жазушысы Ө. Сарай ағынан жарылады (106, 192).

Енді, орыс тарихнамасындағы түзілген құжаттарға назар салып, сол тұстағы Ноғай Ордасындағы саяси ахуалды тарихи тілмен баяндайық.

XVI ғасырдың аяғында Ұрыс би Кіші ноғайлардың (Қази ұлысы) қолынан өліп, артында он бір ұл қалды, оның алдыңғы екеуі Үлкен Ноғай Ордасы саясатының басы-қасында жүрді. Бұл кезге дейін-ак Үлкен Орда орыстарға кіріптарлығын мойындал үлгерген-ді. Ол орыс патшасының мына құжаттарынан байқалғандай. 1590 жылғы 15 мамырда орыс елшісі А.И. Звенигородскийді Исфаханға аттандырып, оған патшаның нұсқауын тапсырғанда: «...Егер Аббас шах ноғайлар жөнінде сұрай қалса, Ормамбет би мен нұрадын Дін Мұхаммедтің және де басқа

мырзалардың біздің қоластымызда екенін баса айтарсыз», - депті. Ал Иран патшалығына жіберген елшіге де 1598 жылғы мамыр айында осындаи нұсқау беріліпті. Бұл Ораз Мұхаммед (Ormambet) бидің уақытына дөп келеді (33, 382). Тарихшы А.А. Новосельский Ормамбеттің Ордадағы билігін 1591 жылы қаңтар айында Бақшасарайға елшілер келген кезден бастап санауды жөн көреді (73, 37). Мұнымен келіссек, оның билік құрган кезеңін 1690-1698 жылдар арасымен шектеу ләзім. Ормамбеттің кезінде айтартықтай төтенше оқиға тіркелмеген. Бірақ Ордада мынадай жәйт болғанға ұқсайды. Үлкен Орда биінің жасақтары орыс әскерлеріне қосылып, Шейх Мамай ұландарына қарасты Алтың ұлысының шапқыншылығын тоқтатуға байланысты жасаған әрекеттері.

1598 жылды Ормамбет қаза болған соң, оның орнына інісі нұрадын Дін Мұхаммед сайланады, ол өз орнына нұрадындікке Байтерек Дін Ахмедұлын ұсынған (305, 54).

Ноғай Ордасындағы айтыс-тартыс, атыс-шабыс енді Ормамбет бидің өліміне байланысты өршіген тұғын. Бидің қазасы Ұрыстың тұқымдарынан жетсе, Дін Мұхаммед пен Байтеректің өлімі де өз туажаттарының қолымен жасалды. Бұл оқиғаларды жіті бақылап отырған Қажы Тархандағы әскери әкімшіліктің қызметкерлері бір-бірінен қанды кек алу дәстүрінен болса керек деп оқиғаны жуып-шаяжды.

Мырзалардың басараздығынан Ормамбет би, Дін Мұхаммед би, нұрадын Байтерек Дін Ахмед ұлы мен Ұрысұлы Саты Мұхаммедтің тәндері қанмен жуылып, өз қандастарының қолынан қаза табуы, оларды жауластыруға әкелді. Бұл арада бір ескертетін жәйт, Саты мырзаның өлімі Үлкен Ноғай Ордасындағы жанжалдан емес, Кіші Ноғайдың би Жақсысәттің қолынан мерт болғаны дереккөздермен анықталады.

Дін Мұхаммед өлтірілген соң Дін Ахмедтің басқа бір ұлы Естерек Ордадағы билікке таласты, оған қарсы жақтан Ұрыстың ұлдарының бірі Жан Арсылан араласты. Орыс патшасының қолдауымен билік тізгіні 1600 жылдың басында Естерекке бұйырғаны әлгіде хатталды.

Ұрыс бидің үлкен ұлдарының бірі саналатын Хан Қази ұлысындағы мырзалармен болған шайқаста бүкіл жұрттынан айырылып, өзі Ормамбет бидің тұсында қаза табады да, саясат биігіне інісі Жан Арсылан көтерілген еді. Албырт батыр Жан Арсылан Естерекке қарағанда өзін биге лайықтымын деп санап, енді жаңа сайланған бимен айқасқа түсті. Міне, осынау мырзалар арасындағы бақталастық, билікке қатысты жанжалдар Үлкен Ноғай Ордасының берекетін әбден алды, көрші отырған орыс патшасының да зығырданын қайнатты (73, 38-39). Бұны жіті байыптаған және өз пайдасына жаратып қалуды көздең орыс патша-

сы Борис Годунов Қажы Тархандағы әскери әкімшіліктің басшыларына Ноғай Ордасындағы мырзалар арасында ушыққан тұтінді үрлеп отыруға тапсырыс береді.

Айтпақшы, Ноғай Ордасындағы соңғы үш бидің – Ұрыс, Ормамбет, Дін Мұхаммед тұсындағы оқиғаларға тоқтала кетсек, өйткені, билік таласы осылардың арасында өрбіді ғой.

Ұрыс би Исмайылұлының айтуынша, оның тоғызы ұлы болған, ал 1581 жылғы орыс мәліметтеріне сенсек оның он ұлының аты Ресей құжаттарында тіркелген. Билікке араласатын үлкен ұлдары: Хан, Жан Арсылан және Саты. Басқа бір орыс жылнамасында Ұрыс бидің ұлдарының аты екі реттен жазылып, былай келтірілген: Есенкелді, Арыслан, Айса және Балта Барак. Тағы бірінде – бұлдардың аттары бір рет аталыпты, бұған сенсек олар: Ақ, Сақал (немесе Ақсақал), Қабылан, Құл Мұхаммед, Бөрі, Назар Мұхаммед (33, 385). Ал татар-ноғай шежіресі Ұрыс бидің ұлдарының Жан Арсылан мен Ақ мырзадан басқалары деп, мыналарды атайды: Ир Иштеряқ, Ирчобан, Яман, Иштыряқ, Карисары, Тимеркулата (458, 84).

Ормамбет Дін Ахмедұлына келетін болсак, 1581 жылы патша сарайына өзі жеті ұлым бар деп хабарлап, алты ұлының атын қағазда көрсетеді: Назар Мұхаммед (әкесі би сайланғанша қайтыс болған), Қара Кел Мұхаммед. Бірсыныра құжаттарда аттары екі реттен кездесетін ұлдары: Әли, Арыслан, Би Мұхаммед, Мамай, Сейд Ахмед. Басқа бір орыс жазба деректерінде аттары бір реттен берілгендегі: Ақ Мұхаммед, Жан Мұхаммед, Құл Мұхаммед, Қасым (немесе Қасай), Сұлтан Мұхаммед, Хан және Ғайып Заман, - дейді Ресей тарихшысы В.В. Трапавлов (33, 385-386).

Дін Мұхаммед Дін Ахмед ұлдарының тізімі XVII ғасырдың бірінші жартысындағы екі жылнамада былай аталған: Жан Мұхаммед, Орак, Қарақозы Мамай, Жусіп, Жұніс, Жаббар Мұхаммед, Сұлтанай (немесе Сұлтанаш); жазба деректерде бір рет аталатындары: Арсулан, Ақ, Мұса, Жаңбыршы, Жәнібек және Жан (33, 386). Осы арада бір ескертетін нәрсе, Ақсақ Кел Мұхаммедтің аты құжаттарда бір-ақ рет кездескенмен, ол келешекте Дін Мұхаммед әулетінің басында жүретін ірі тұлғалардың біріне саналады.

Үлкен Ноғай Ордасындағы бұліктің дем берушілерінің қатарында Ұрыс пен Дін Ахмедтің ұрпақтарынан басқа Дінбай Исмайылұлының ұландары Тінікей, Қанай, Рахманқұл жүргені байқалғандай (33, 386).

Жасыратыны жоқ ноғайлардағы, жанжалдың тууына, дау-дамайдың өршуіне Жан Арсылан басқарған Ұрыс ұрпақтары көбірек «үлес» қости. Сол кездегі орыс патшасының құжаттарында Ормамбетті, Дін

Мұхаммедті, Байтеректі өлтірген Жан Арсылан деп берілген (218, 131). Ормамбет би мен Жан Арсыланның бір-біріне өшпенделілігі шежірелерде сақталғанын татар тарихшысы М.И. Ахметзянов та келтіреді (144, 52).

Кайсыбір уақытта мырзалар арасындағы қастандық оты шектен шығып ушығып, қан төгіске әкеліп отырғаны да анық. Улken Ноғай Ордасындағы Ормамбет пен Дін Мұхаммед билердің қазасынан кейін билік басына келген Естерек Дін Ахмедұлы тұсында да бұндай жаға жыртысу Ұрыс пен Дін Ахмед ұрпақтары арасында жалғасқан, жалынның бір үштығы Естерек биді де шарпыған еді. Оның тұсында Дін Ахмед бидің ұрпақтарына Жүсіп бидің ұрпақтары қосылып қарекет қылса, Ұрыс пен Дінбайларға Шейх Мамайдың Алтыұлының ұлысынан Бек пен Ақ (Ахмед) мырзалар тума-туыстарымен найза-қылышын суарып көмекке келді. Осыдан Ұрыс мырзаларының күшейгені соншалық, Жан Арсылан 1580 жылдардың аяғында елеулі алапатқа айналып, Қырым мен орыстың шеткі аймағы Речь Посполитына шабуыл жасайтында күйге жеткенді. Бұған қоса Ұрыс ұрпақтарына Қажы Тархан маңындағы жартылай көшпендей жүрттар да қолдау көрсетуге дайындалған (218, 105; 73, 56).

Осынау өшпенделік, бірін-бірі ату-асу Едіге ұрпақтары Маңғыт ұлысында кешелі-бүтінді басталған жоқ, оның тұп қазығы Ұрыс бидің кезінде-ақ қағылған тәрізді. Бақталастық пен так таласының шарықтау шегі XVI ғасырдың аяғында тіпті өрши түскені байқалады. Мұны 1613 жылы Естерек биесіне алып: «Біратадан тұған Исмайыл ұлдарының өзара қырқысы Ұрыс би мен Дін Ахмед бидің ұландары арасында жалғасын тапты, алғашқы дау-дамай Ұрыс пен Дін Мұхаммед билердің тұсында-ақ басталған еді», - деп қынжылыпты (205, 176; 33, 387). Олардың ашықтан-ашық шайқасқа шығуы Ормамбет бидің кезінде дегенмен, бұл би өзінің қашық-жақын туыстарының басын қосып біріктіргендей қарекет жасап көрді. Қолынан дәрмен келмеген ол 1594 немесе 1595 жылы өткен құрылтайда ноғай мырзаларына: «Біздің бәріміздің басымыз қосылмады-ау» деп налыған тұғын. Қанай Дінбайұлының сөзіне құлак салсак, сырт көзге Улken Ноғай мырзаларының басы біріккен сияқты болғанмен, Ормамбет бидің өлімінен соң Орданың бүлініп, құлдырауы шектен асқандай. Бүліншіліктің хронологиясы 1604 жылғы 23 қарашадағы Қажы Тарханда әскери шептің кеңесінде өткен жиналысында патшаның ресми өкілі С.С. Годуновтың (патша Б.Ф. Годуновтың немере інісі) Естерек пен Жан Арсыланның атына жазылған грамотада былай айқындалады:

«- Сіздердің араларында қазіргі кезде бірлік жоқ, сондықтан екі жағынан да қантөгіс орын алды;



Ноғайлардың ас жайтін табактары  
XIV- XV ғғ.

- Ұрыс бидің (1578-1590) ұрпақтары Дін Ахмед бидің (1563-1578) тұқымдарына соғыс жариялад, Ормамбет би мен Дін Мұхаммед биді өлтіріп, ұлыстарының азтозын шығарды, адамдарын өздеріне қосып алды. Онысымен қоймай, Дін Ахмед бидің ауылын талқандауға Қази ұлысын да жүмылдырды;

- Сіздер, Дін Ахмед тұқымдары, Ұрыс бидің ұрпақтарынан кек қайтарамыз деп жүріп, Жан

Арсыланның інісі Саты мырзаны өлтірдіңдер;

- Бұған қоса Жайық пен Еділ казактары бірігіп Жан Арсылан ауылдарын шауып, елдің берекетін қашырды. Онымен қоймай Жан Арсылан Ұрысұлы мен Раманқұл Дінбайұлын патша қызметкерлеріне ұстасып жіберуге дейін барды...» (218, 99).

Айтылғандарға назар аударсақ, Үлкен Ноғай Ордасындағы қырқысты көзімізben көргендегі күйге түсеміз. Оқиғалардың дені Ресей патшасының 1600 жылғы қыркүйекте Иранға жіберген елшілердің нұсқау-жазбасында: «Ноғайлар Ордасында Дін Ахмед би мен Ұрыс бидің ұлдарының арасында соғыс болған, оған Алты ұл ұлысының мырзалары да қатысқан. Жанжал Ормамбет би мен Дін Мұхаммед бидің өлімімен аяқталды...», - көрсетілген хабарламаға сай келеді (33, 387).

Ноғай Ордасына арналған жылнамаларда: «Ұрыс ханнан кейін Ормамбет би болады, оған Ұрыстың ұлы Жан Арсылан қарсы әрекет жасады. Ақыры ноғайлар екіге бөлінді – бір жағы Хан Дін Мұхаммедұлына қарады, қалғандары Жан Арсыланға бағынды; соғысы соғыс бастады; Сақмар өзенінің бойында екі жақ кездесіп, қантөгіс салды; осы соғыста Ормамбет биді өлтірген», делінген (458, 84; 144, 52). Бұдан бірсыныра уақыт өткенде Жан Арсылан бастаған Ұрыс ұландары Дінбай тұқымдарын қосып алып, Дін Мұхаммед биді өлтіріп, ұлыстарын, мал-мұлкін талан-таражға ұшыратқаны да мәлім.

Ағайындардың өзді-өзімен алысқан бей-берекетсіздіктері талапай альды аңсал отырған көрші ұлыстардың делебесін қоздырмай қоя ма? Бұған бірінші болып сақадай-сай отырған Ресей патшалығы қозғалса керек. Бұлардың бетін қайтару үшін Жайықтың аргы жағынан Жан Арсыланның жақтастары яғни Шейх-Мамайдың Алтыұл ұлысының атты жасақтары

Еділ жағалауындағы Үлкен Орданың шеткі аймақтарына атой сала кіреді. Жан Арсыланның екпінінен қорыққан Дін Мұхаммед бидің ұландары Қажы Тархан мен Москвадан әскери көмек келгенше соғысты бастамауды үйғарды. Патша Қажы Тархан шекара шебінің әскери әкімшілігіне от-каруларымен жарақталған сарбаздарды тез арада аттандыруды, Ұрыс, Діnbай, Шейх-Мамай ұландарына шайқасты тез арада тоқтатуды, ал Естепек биге оларды тәртіпке шақыруға тапсырма берді (299, 26).

Жанжалға Ресей патшасының араласуы Ордадағы тәртіпсіздікті әзірше болса да тоқтатты, Ұрыс бидің мырзалары іле зде әскерін майдан далаһынан шығарып, шығыс жаққа бет алды. Бұл оқиғаны 1611 жылы Естепек би былай есіне түсіреді: «Ноғай Ордасын... Алты ұл жасақтарынан Москва мемлекеті қорғады...» десе, 1611 жылы Төменгі әскери қорғаныс шебінің басшысы патша сарайына: «Жан Арсыланмен біріккен Алтыұл ұлысының Шәйім (Шейх-Мұхаммед Қасымұлы Шейх-Мамай немересі) мырзасы Есет өзеніне (Орталық Орал) ауылдарын қондырып, өздері Үлкен Ноғай Ордасына соғыска аттанып бара жатыр. Бұдан кейін олар Есет өзені мен Миастың арасын (солтүстік Башкирия) қоныс етпекші», - деген мәлімет түсірілті (459, 169). Осы қақтығыстың аяғында Діnbай ұландары Алтыұл ұлысына көшеді. Жан Арсылан орыс жасақтарының қолына түскісі келмей, елінен қашқанмен андаусызда Қажы Тархан шекарасындағы орыс мергендерінің қармағына ілігіп, Москваға тұтын болып жөнелтілгені осы тараудың бас жағында баяндады.

Тағдырындағы жазуымен 1600 жылы Үлкен Ноғайлардағы бидің орны бұрын нұрадын болып келген Естепектің қолына тиді. Ол кезде Ноғай Ордасы бей-берекетсіздіктің салдарынан бытырап, төгіліп-шашылып, ұлыс-ұлысқа бөлініп тынған-ды. Бұрынғы аймақтық құрылымы да қыскарып, Еділ мен Жайық арасындағы азғана жерге үйлиққан еді. Шетел зерттеушілері А. Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келькежелердің пайымдауынша, айқай-үйқайдың әрекетінен ноғайлар алапат қүшінен айырылып, құлдырау күйіне түскен. Бұл XVII ғасырдың 30-40 жылдарына тура келеді. Бақсынасу мен тақсынасудың құлдығына айналған ноғай мырзалары бірін-бірін құрту жолын қалады, орталық билікке бағынбай, өз беттерінше өмір сұруге бағыт ұстанды. Ресейдің белгілі тарихшысы А.А. Новосельскийдің тұжырымдауынша, бұл тұста атақ-абыройы жер жарған Едіге бидің мың санды ұрпақтарының тарих сахнасындағы маңыздылығы құрып бітуге айналған еді. Ордадағы соңғы санатқа Дін Ахмед бидің ұландары ілігіп, 1600-1620 жылдары билік осылардың қолына топтасты (73, 57). Әuletтің атақтылары – Ормамбет пен Дін Мұхаммед ұлдары орыс патшасы Борис Годуновқа өтініш жолдап, Естепек



**Ноғайлардың ағаш ұстасы істеген кебеже (сандық) XVII ғ.**

рек Дін Ахмедұлын Үлкен Ноғай Ордасына би сайлап, оның інісі Кішікті нұрадин тағайындауды сұрайды. Көсемдері Жан Арсылан түрмеде отырғандықтан Ұрыс би мен Дінбай ұрпақтары бұндай шешімге мойынсұнатының сездірді. 1600 жылды Қажы Тарханға келген орыс шенеуніктері биді таққа отырғызудың қалыптасқан

үрдісін жалғастырмақ болып, патшаның шешіміне орай биді «ақ киізге» салып көтеруге рұқсат етеді. Бұл бұрын-сонды Ноғай билеріне (Шыңғыс хан ұрпағы болмағандықтан) қолданылмаған дәстүр, жалпы жүртқа, мырзаларға түсініксіз жэйт еді. Дегенмен, күні бойы ойласқан беделді мырзалар тобы Естеректі ақ киізге орап би көтеруге, Кішікті нұрадин сайлауға келісімдерін берді (33, 390).

Естерек бидің кезінде Үлкен Ноғай Ордасындағы саяси ахуал күрделене түсті. Ол қанша тырысқанмен Орданың құлдырау үдерісі тоқталмады. Патша ағзамның өкілдері титықтаған елді әрі қарай жарға итеріп, оларды құртудың айла-шарғысын қарастырды. Ұлыс адамдары мен мырзалардың игі жақсылары елдің тәуелсіздігін сактау үшін бастауын тау-тасқа қанша ұрғанмен ештеме өндіре алмады. Естерек бидің де адал ниеті осы жолға жұмсалғанын зерттеушілердің бірсыптырасы атап өтеді (89, 27; 73, 57).

Ноғай Ордасындағы лауазымды билеушілердің ықшамдалғанын, халық санының күрт азайғанын ғалымдар былай көрсетеді. Ноғай Ордасының елге белгілі мырзалары: Ормамбет бидің ұлдары Әли, Арсылан және Би Мұхаммед еді; Дін Мұхаммед ұландары – Ақсақ Кел Мұхаммед, Орақ, Қарақозы Мамай, Жұсіп мырзалар; Дін Ахмедұлы Байтеректен – Қази, Әли, Ақ (Ахмед); Дінбайұлы Қанай би мен Естерек балалары. Патша тағайындастын жалақы алушылар тізіміне (1601-1618) аталған мырзалар осы ретпен жазылғаны құжаттармен анықталады (33, 390).

Ресей патшалығы Үлкен Ордадағы араздасуши екі жақтың да іштей әлсірегенін байқап, 1604 жылдың жазында бүлікші мырзаларды татуластырудың әрекетін жасауға кіріседі. Осы максатпен Қажы Тарханға бара жатқан патшаның немере інісі С.С. Годунов пен шекара әскери қызметкері – боярин М.Б. Сабуровқа қосып Жан Арсылан Ұрысұлы аттандырылды. Бұлар келісімен Естерек биді келіссөзге шақырды. Алайда би қашқақтап, ноғай мырзалары Еділге жақындағысы

келмейді, ол жаққа барса орыс казактары мен Қази ұлысының адамдары күн бермейді, әрі мен кәртайған адаммын және Орда мырзалары Қажы Тарханға барғанымды мақұлдамай отыр деп, орнына нұрадын Шәйтеректі жібергісі келетінін айтып хабар салады. Оның сыртында, би неге менің қарсыласым Жан Арсыланды әкелген деп Қажы Тарханға келмеу себебінің сырын ашады. Бұған қарағанда Естерек би орыс патшасының мұндай пифылынан секем алған тәрізді, әрі ұлыс мырзалары патша шенеуніктерінің ішкі пікірін білгенше бидің Ордада тұра тұруын қалаған еді. Мұнымен қабат нұрадын Қара Кел Мұхаммед мырза егер би орыстарға барып табынатын болса, онда ол ұлыстарын Жайыққа көшіретінін айтып, наразылығын сездірген. Құрылтайға жиналған мырзалар: егер патша қызметкерлері қарсы жақтың адамы Жан Арсылан мырзаны әкеліп бізге таңатын болса, оған биді жібермеу керек деп даурығады. Ақыры, Орданың белгілі адамдары нұрадын Шәйтеректі С.С. Годуновпен келіссөз жүргізуге жібермекші болып шешті. Алайда С.С. Годунов пен М.Б. Сабуров би келмесе, нұрадынды қабылдамайтынын ескертеді.

Сонында би Қажы Тарханға баруга келісті. Естерек би қасына он бестей белгілі мырзаларды, төрт сейдті және жұзге жуық Орданың игі жақсыларын ертіп, 1604 жылғы 21 қарашада Қажы Тарханға жетті. Екі күннен кейін би аталған патша өкілдерімен келіссөз бастады. Оған Москвадан әкелінген Жан Арсылан мырза да қатысып отырды. Патшаның тапсырмасымен сез алған шенеуніктер биге: патша ағзамның үйгаруы бойынша қарсы жақтарды татуластыруға келгенін, бұдан былай Ногай Ордасында екі бидің қызмет атқаратынын айтты. Патша өкілдері Естерек би Ордада бәрінен жоғары лауазым иесі, оған Жан Арсылан би бағынышты екенін айтуды да ұмытпапты (125, 74; 218, 85; 33, 391).

Іштеп тынған би бұған көнгендігін білдіргендей пифыл танытады, бірақ «қасқыр мен қойды бір қораға қамағаннан не табады», деп ойындағысын айтып тастады. Осы арада С.С. Годунов Жан Арсыланның бұрынғы істеген кінәларын әліпке тізіп, егер олар келе-шекте қайталанатын болса патша ағзамның кәріне ұшырап, қылыштың жүзінен өтуі мүмкін екенін де ескертеді (218, 96-97).

1604 жылғы 23 қарашада Қабылдау үйінде С.С. Годунов, Қажы Тархан әскери шебінің бастығы, Естерек пен Жан Арсылан билердін басы қосылған келіссөздер жалғасты. Жан Арсылан биді ұлықтау ресімі де осы үйде өткізілді, бірақ оның көңілі жабырқау күйінде қала берді. Әрине, оған Естерек биге бағынышты болатыны ұнай қоймаса керек. Эйтсе де, Жан Арсылан би айналасындағыларға өзінің патша ағзамның шешіміне риза екенін қақсаудан жалықлады. Келіссөздің

соңында мырзалар Құдайға құлышылық етіп, бірге намаз оқыды, Естерек пен Жан Арсыланға патша ағзамның сыйлығы – әрқайсысына алтын жалатқан қанжар тапсырылды. Бұдан кейін екі би құшактасып, бірін бірі қолтықтап, ак патшага ризашылықтарын білдірді (218, 100-101; 33, 391-392). Дей тұрса да, Жан Арсыланның қабағы бір ашылмай-ак қойды. Сәлден кейін, ол әскери шептің бастығынан Естерек биден бөлек көшіп-қонуға рұқсат сұраганы белгілі, оған бидің: бәленің бәрі бөлек-бөлек көшіп жүргеннен басталған жоқ па деген жауабы. Қорғаныс бастығы Естеректі қолдады да, Жан Арсыланға бимен бірге көшетінін мойындауға тұра келді. Бұның бәрі билердің серттесуімен жүзеге асырылатыны айтылды.

Жан Арсыланның құлазыған көңіл-күйін байқаған патша қызметкерлері оған келешекте Үлкен Ордадағы биліктің тиетін айттып жұбатып жатты (218, 109-111). Патша ағзамның уақытша істеген шараларының бәрі билердің көңіліне қаяу түсірді және тез арада Ноғай Ордасында тыныштық орнай қояды дегенге сену қын еді.

Келіссөз аяқталысымен Естерек би әскери шептің қызметкерлерімен онаша кездескенде-ак, Жан Арсыланның бүйрегі Кіші Ноғайларға бұрып тұратынын мәлім етті. Орыс шенеуніктері биге патша ағзамның тапсырмасы деп, атты әскер жасақтап оны Қази ұлысына, Қырым мен Польшаға қарсы соғысып жатқан Ресей әскеріне көмекке аттандыруды бұйырды. Жасақ аттандыруға қарсылығы жоқ екенін айта тұрып, би олардан бір топ атқыштарды жіберуді ұсынды, себебі, еркіндікке бойы үйреніп алған Ұлыс адамдары биді онша тыңдай қоймаса керек-ті.

Естерек би Ордасына оралып, Еділ мен Жайықтың арасындағы көші-қонын өзгерте қойған жоқ. Жан Арсылан биге келетін болсақ, келіссөзден кейін ол ешжерден төбесін көрсетпеді, ешқандай әрекетке араласқан жоқ, осыдан оның аты да Ресей құжаттарынан көрінбейді. Артынан, оның қолы бірінші билікке жетпек түгіл, Естерек бидің «қамқорлығымен» Қажы Тархандағы түрмеге қамалды, ал 1614 жылы Ордадан аластатылып, Қазанға жіберіледі, осы жерде мырзаның қайтыс болғанын тарихшы В.В. Трапавлов «Ноғай Ордасы» еңбегінде жазады (397, 52).

Үлкен Ноғай Ордасында әртүрлі «жүріс-тұрыс», «қозғалыстар» орын алып, 1608 жылы құрылтай шақырылғаны мәлім, онда мырзалардың пікірталасын Естерек би әскери шептің өкілі Прокофий Вражскийге сол жылғы қарашада мәлім қылады. Онда мына мәселелер қаралса керек:

Біріншіден, ноғай мырзалары басқарған ұлыстың игі жақсылары елеулі құшке айналып, олар бұрынғыдай бидің айдауымен жүргуте наразылық білдіретіні. Құрылтайдың шешімімен ондайлардың жерін, малын тартып алып, ұлыстан шығарып қаңғытып жіберуге келіседі.

Құрылтай қараган екінші мәселе, Қара Кел Мұхаммед мырзаның арызы еді. Бұрынғы өткен құрылтайдың үйгаруымен мырзаға тайбұқалық қызмет тиісті, кейқуаттық Жастерек Дін Ахмедұлына бұйырған-ды. Бұған қарамастан Жастерек өз дәрежесін Жұсіп бидің немересі Темір Махмұдұлына береді де, аталмыш мырза елден тайбұқаның алымын жинап жүрсе керек. Сондықтан құрылтайдың шешіміне сәйкес Қара Кел Мұхаммед бұрынғы қызметі тайбұқалықты, ал Жастерек кейқуаттық лауазымды атқаратын болып келісті.

Үшінші мәселе, Ордадағы бұліншілік кезінде, мырзалар қарауындағы жұрт бір жерден екінші аймаққа көшіп, аласапыран күйге түскен. Мысалы, Қара Кел Мұхаммедтің қарауындағы наймандар Жастеректің қол астына ауысса, Естеректің азылары оның ұлы Мұхаммедке, ал қоңыраттары – Қара Кел Мұхаммедтің қарауына өтпекші. Жан Мұхаммед Дін Мұхаммедұлының қоластындағы қыпшақтар әлгі қозғалыста нұрадин Шайтеректің елі болып шығыпты. Құрылтайдың шешімі бойынша әр ел бұрынғы мырзаларына қайтарылмақшы. Дегенмен, бұл шешім тайбұқа Жастерек пен ұлыстың қөшілік игі жақсыларының көнілін көншітпеді. Қоңырат қауымы Естерек бидің қоластына қайтпай, Қара Кел Мұхаммедтің қарауында қала беруді қолайлады (205, 167-184).

Осыдан болар кейбір беделді мырзаларды Құрылтайдың үйгарымы қанағаттандыра қойған жоқ, өйткені, ешкім отырған жылы орнын сүйтқысы келмеді, мырзалар болса билеп-төстеп отырған жұрттынан айырылғысы келмеді. Бұның бәріне кінәлі деп, енді Естерек биді күстаналады. 1608 жылдың жазында нұрадын мен кейқуат (Ormambet пен Dіn Aхmet ұландары) ұлыстарын ертіп батыс аймақтарға көше бастады, бірсыныра ногайлар Қырым асты. Жайық бойындағы Естеректің қасында кейқуаттық лауазымды қүтіп жүрген Жұсіп бидің балалары ғана қалды. Сайып келгенде, Орданың аумағы адам айтқысыз тарылды. Ештарапқа қосылмай өзімен өзі қалған тек бұрынғы кейқуат Жастерек ауылдары еді.

Көшкен жұрт биге бағынатындарын мойындал, малдың қысқы жағдайын ойлағандықтан деп ант-су ішкенмен, сыртқы көздер ногайлардың биге бағынбайтынын, ойларына не келсе соны істейтіндерін байқаған тұғын. Мұндай жағдайда бидің қолынан келетіні Ордадан сыртқы жаққа



Ногай етікшілері жұмыс үстінде. XVII ғ.

көшіп кету, не орыс жасақтарын шақыртып, бұлінген жұртты тәртіпке шақыру еді. Алайда, орыс әскерінен қайыр болмады, өйткені, олардың өзі Ресейдегі ереуілшілермен алысып жатқан - ды. Тап осы кезде, Үлкен Ноғайлардың іргесіндегі Қажы Тарханды бұзакы Хворостинин деген князь басып алып, Ресейден оны бөліп әкетуге әрекет жасапты.

Мұны естіген ноғай мырзалары Қырым хандығына ауысқанды қолайлы санады. Нұрадында өткен кеңесте олардың бірсыпыралары «Дмитрий патшага», яғни II «Лжедмитрийге» бағынып, Қажы Тархан маңайына көшейік» деген ұсыныс тастады.

Естерек би бастапқы кезде Василий Шуйскийге берген антынан ауытқымай, бүлікшіл Хворостиннің Лжедмитрийге серт бер деген уағызын қабылдамай қойды. Ақыры би орыс патшасынан қысылған жағдайда ешқандай көмек ала алмайтынын сезіп, көкірегі құлан таза күйге түседі. Ресейге Польша корольдігі шабуылға шықты деген хабарды алысымен бидің көңілі соңғыларға ауды. 1611 жылдың шілдесінде орыс елшілері келгенде би бұрынғыдай патша жарлығы оқылғанда бас киімін шешпеді, оның артынша Польша елшілігін қабылдап, өзі де оларға елші аттандырғаны мәлім. Кейіннен мырзалар бидің Польша королі Сигизмундпен олармен ақылдаспай серттескенін естіп, бетіне салық қылып басты (205, 192-214; 299, 9-20).

Бұндай дүрбеленді күтпеген Естерек би ноғайларды тәртіпке шақыруға дәрменсіздік танытты, одан қашқан ноғайлар орыс шекараларына шабуылын үдетіп жіберді. 1611-1612 жылдары Москва княздығының шеткі аймақтары ноғай атты жасақтарының тұяғына тапталды. Қошпендердің сарбаздары Тула мен Самараның маңына топтасты, Саратовты өртеп жіберді, Сарыке-ағай бастаған ноғайлар жетімың (кейбір деректерде он екі мың) қолмен нұрадын Шәйтеректі Рязань княздығын жаулап алуға аттандырады.

Бұліншіліктің кезінде би Стамбулмен де, Исфаханмен де қарым-қатынас жасауға тырысып көрді, Кіші Ноғай Ордасымен де жақындастырылады, көкседі, бірақ ауыз толтырып айтартықтай нәтиже шықпады.

Ресейдегі дүрдараздық 1613 жылды аяқталып, патша сарайының хабарлауынша, Романов әuletінің алғашқы қарылғашы Михаил Федорович таққа мінді. Естерек те қарап қалмай, тездетіп елшісін аттандырып жаңа патшага сый-сияпатымен құттықтау жіберді, өткен-кеткендерге кешірім сұрап, алдағы уақыттарда ноғайлардың ақ патшага адал қызмет ететінін нықтайды (33, 396). Бидің берген серті мен аталы сөзі аяқсыз қалды. Оған себеп мыналар еді.

1613 жылды Үлкен Ордаға біріккен қалмақ қолы шауып, лажсыздан Естерек би Қырымға ауды. Екіншіден, Қажы Тарханға Ресейдегі

қозғалыстың басты атаманы И.М. Заруцкий баскесерлерден жасақ сайлап келіп, патшадан ала алмаған өшін ногайлардан қайтаруға шүйлікті. Атаман И.М. Заруцкийдің арам ойы Қажы Тархан маңындағы орыс казактары мен ногайлардың басын қосып, Ресейдегі булігін жалғастырмакшы екен.

Атаманның көкейін тескен ногайлардың атты жасақтары болса керек, биге төрт мың әскер жіберіп, мырзаларды Теректен Қажы Тархан маңына күштеп жылжытты. 1614 жылдың наурызында Естерек би, Бәйтерек пен Дін Мұхаммед ұландары И.М. Заруцкийге ант беріп, аманатқа бидің ұлы Әмет пен жақыны Дін Мұхаммедұлы Орақты береді. Атаман мұнымен де тоқтамай Қажы Тархандағы Жан Арсыланды түрмеден босаттырады, осыдан соң ел арасындағы әңгіме қайта гүілдеп, жақында бидің де тактан кететіні тарап үлгереді. Бірақ аманат алысымен атаман Жан Арсыланды түрмеге қайта тықты да, Үлкен Ноғай Ордасының адамдарымен тез тіл тауып, көшпенділерге қонаққа барып той-думанның қызығымен жүріпті (73, 89; 33, 397).

1614 жылы мамыр айында И.М. Заруцкийге қарсы патша әскери шықты деген хабар алысымен ногай би Естерек атаманмен барлық байланысын үзіп, патша ағзамға достық ниестін танытады, әрі осы жылдың аяғы мен 1615 жылдың басында қарауындағы мырзалармен қосылып патша ағзамға адалдыққа ант береді. Патша қайда жіберсе де жасақтарымды алып жетем деген уәдесін де жарияладты. Бірақ бұл кездегі ногайлардың жағдайы мәз емес-тін. Азып-тозған Үлкен Ноғай Ордасының мырзалары Естерек бимен бірігіп, 1616 жылдың 4 қазанында патша елшісі А.С. Нормацкийге серт беріп, оның рұқсатынсыз соғыс ашпауға, шекарасына тиіспеуге уәде етеді. Бұлардың артынша кейқуат Жастерек пен Дін Мұхаммед әүлетінен Жан Мұхаммед патша өкілімен осы тақылеттес шартқа қояды.

Сонымен, 1617 жылға қарай Ресей мен Ноғай Ордасы арасында тыныштық орнағандай болады. Ноғайлардан Москва базарында сатылатын жылқылар әкелінді, бидің өтінішімен олардың шекарасын қорғайтын қару-жарақпен атқыштар тобы құрылды. Бірақ тыныштық, мамыражай ұзаққа созыла қоймады.

XVII ғасырдың басындағы Үлкен Ноғайлардағы тұрмыс-тіршілікке көз тастасақ, Қажы Тархан маңында көшіп жүрген Ұрыс пен Діnbай ұрпақтары екені анықталады. Олардың беделділері: Хан, Жан Арсылан, Саты Ұрыс би ұландары, Діnbайдың ұлдары – Қанай мен Раҳманқұл. Бұлар би мен нұрадын арасындағы дау-дамайға араласпай өз бетінше өмір кешіп, Үлкен ногайлардан қашықтай бастаған-ды. Ресей патшасы оларды ішіне тартып, жер бөліп бермегенмен аталмыш мырзаларға сый-сияпатын аямады. 1616 жылы Естерек би патша ағзамның ырқына

көнбей бүлікшілердің бастығы атаман И.М. Заруцкийді қолдаған шақта, Ресей шенеуніктері Дінбай ұлдарына бидің жайылымын таптаңдар де-ген де, олар бұл іске құлшына кірісken еді.

Осылай, Үлкен Ноғай мырзалары бірін-бірі мұжи түсті, ал бұлардың басы бірігіп, қарулы күшке айналғаны патша ағзамға керек емес тұғын.

Тарихшылардың байқауынша, 1610 жылдардың ортасына қарай ноғай мырзалары үш топқа бөлінеді. Бұлардың жай-жапсарын орыс елшісі П. Третьяков 1617 жылғы маусымда Естеректің өз аузынан жазып алады. Бұған қарағанда, нұрадин Кара Кел Мұхаммед бастаған Ормамбет ұрпақтары нағыз мықтыларға саналады, Ұрыс пен Дінбай ұрпақтарынан басым түсті. Олар басқарған жүрттың бәрі де бидің ұлыстарынан ықпалды көрінді. Естерек бидің қоластында әлсіз әрі саны аз ұлыстар ғана топталыпты.

Айтпақшы, Естеректің бір тындырған ісі – Орақ Дін Мұхаммедұлын Қажы Тарханнан аманаттан алып шығып, орнына өзінің ұлы Оразалыны тапсырғанмен, одан бидің ұлыстағы беделі өскен жоқ. Дін Мұхаммед ұландарына беделі кеткен би нұқсан келтіргеннен басқа пайдасы тимеді делінеді ғылыми шығармаларда. Тарихшы А.А. Новосельский Естерек бидің генеалогиялық кестесін жасап, жеті ұлының тізімін беріпті. Олары: Сайн (Ақ Сайн), Жан, Би, Атай, Оразалы, Әмет, Мамбет (Мұхаммед) мырзалар (73, 223-337).



Ноғай кедейлерінің жаз айларында отыратын үйі – шошала (қакыра).

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

### Ноғай Ордасының ақырғы демі

(қортынды сөз)



*Қазақ пен Ноғай айырылды,  
Қазақ сыртқа қайырылды.  
Ноғайлының ну елі  
Күңіренді, қайзырды...  
Зор күн туды, зор күндер,  
Кемті күлкі мол күндер,  
Келе ме қайтып сол күндер!?.  
Жылау, жылау, жылау күй,  
Жылаган зарлы мынау күй...(394, 349).*

Ноғай жауынгери. XVII ғ. басы

Кезінде ноғайлардың көш басшысы Едіге би екі жұз мың атты жасақ ұстап, Шыңғыс тұқымдарынан шыққан хандарды билеп-төстегенді. Орыс княздарын қалтыратып-дірілдетіп 200 жыл бойы алым алып тұрғаны да белгілі. Соңғы ноғай билеушілерінің алауыздығынан елжұрты аяқ асты болып күйрекеніне намыстанған мырзалар тесік тау өтіп, әр тараپтағы бағытта аз-тоз болып пана іздегендері қынжыларлық жэйт. Бұл тарихи оқиғалар XVII-XVIII ғасырлардың улесінے жатпақшы.

Төрт жұз жылдық тарихы бар Ноғай ұлысының соңғы билері Естереек Дін Ахмедұлы мен Қанай Дінбайұлының тұсындағы Үлкен Ноғай Ордасының саяси ахуалы адамның жаны түршігерлік жағдайға тап болды десек көп қателесе қоймаспыш. Бұны қазақтың халық жазушысы Ә. Сарайдың тебіренген мына сөздерімен айтсақ та жеткілікті:

«Кеше, бүгін боп өткен жағдай болса, бұл оқиғаны жаза алмас едім. Қолым қалтырап, қалам тербеуге дәтім де бармас еді. Арада 350 жылдай уақыт өтіп, ол күндердің ыстық-суығы басылған соңғана салқын ақылмен өзіме тоқтау айтып отырғандаймын. Сауырына қарға қонбаган арқалы жұртты жоғалтып, оның ғажап тарихының соңғы бетін жабу онай емес» еken дейді (106, 194). Кеменгер бабамыз Едігенің өз қолымен іргетасын қалаған Ноғай Ордасының тарихын жаза отырып, Әнекен Сарай айтқан күйге біздің де түскенімізді жасыруға болмас.

Жалған дүниедегі шар айна тынымсыз айналып, Алтын Орданың ханы Берке өлгеннен кейін, Доннан Дунайға дейінгі ұлан-байтақ аймақ

қолбасы Ноғайдың қарамағына көшкені осы кітаптың бастапқы тарауында айтылды. Ноғай батыр Батумен қатар қол бастап, Алтын Орданың бес ханы тұсында бас сардар қызметін атқарды. Атақ-данқы жер жарған бауадүр 1273 жылы Византия императоры Михаил Палеологтың өгей кызы – Евфросияға үйленді. Польша, Венгрия, Болгария, Сербияны және кейбір орыс княздықтарын қол астында тырп еткізбей ұстады. Бұл елдер Ноғаймен одақ құруға тырысып бақты. Орыс жылнамаларына сенсек 1276 жылғы Ноғай В.В. Волынский, А.Д. Галицкий, Мстислав княздарға елші жіберіп, оларды тәуелді ел ретінде танитынын хабарлап, литвандарға қарсы жорықта шақырған. 1288-1291 жылдары орыс княздары Мстислав пен Данилович Ноғайдың Польшаға жасаған соғысина қатысады. Ноғай «хан» аталмағанмен, Батый жаулап алған Доннан Днепрге дейінгі жерлерді уысынан шығармай, Алтын Орданың Беркеден кейінгі хандары – Мөңке Темір, Туда Мөңке, Төле Бұқаға ықпал жасап отырды. Оның билігімен Төле Бұқа тақтан тайдырылып, орнына Тоқты отырғызылды. Беделі шарықтап тұрған Ноғай қолбасыдан құтылу үшін Тоқты хан оған қарсы екі жола жорық ұйымдастырды. 1300 жылы Бұқа өзенінің жағасындағы екінші шайқаста Ноғай әскері женеліп, қолбасы тұтқынға түсті де, ханның құзырымен өлім жазасына кесілді. Осыдан кейін оның кол астындағы халықтардың көпшілігін Каспий маңына қоныс аудартады. Міне, Ноғай Ордасының түп-тамыры осы кезден бастау алады деуге саяды (456, 392-395; 457, 69-70).



Джон Кэстель салған Орск қамалының сыртқы көрінісі.  
1784 ж. Литография.

Алтын Орданың қолбасы Ноғай ұлысының халықтары түркі тілдес тайпалар мен Маңғыт руынан құралған еді. Бұлар Дешті Қыпшактағы ескі жұртпен етene араласып, олардың әдет ғұрып, дәстүрін қабылдаған болатын.

Осы еңбектің өн бойында баяндалғандай, Ноғай Ордасында жоғарғы лауазымды би атқарды, негізгі халқы «ұлыс адамдары», «қара халық», «қараашалар» деп аталды. Жеке ұлыстарды ноғай мырзалары басқарды. Қазан мен Қажы Тархан хандықтарын Ресей қосып алғаннан кейін, XVI ғасырдың екінші жартысында Ноғай Ордасы бірнеше мемлекеттік бірлестіктерге ыдырап кетті. Алдыңғы Кавказда (Қазы ұлысында) Кіші Ноғай ордасы, Жем өзені бойында Алтыңұл (Жембойлық) ордасы құрылды. Ноғайлардың басым көпшілігі Исмайыл бидің тұсында Үлкен Ноғай Ордасы аталағып, 1557 жылы Ресей патшалығына кіріптарлығын мойындады.



Ұлы қолбасшы А.В. Суворовтың Ейск қаласында ноғайлармен бітім шартына қол қойған кезінен. А.Ф. Морозов репродукция жасаған сурет.

Қалмақтардың шабуылынан кейін 1634 жылы ноғайлардың бірсыprasы Еділдің оң жағалауына көшіп, Кіші Ноғай Ордасымен бірікті де (бұны «Қазы ұлысы» деп атады) Қырым хандығына тәуелділігін танытты. Қази Оракұлына қарасты ұлыстар Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы даладан Донға дейін жайыла қоныстанды. Кейінрек Ноғай Ордасының аумағында Бұджак, Едишкөл, Жембойлық, Едиссан ұлыстары бой түзегені осы кітапта айтылып келді. Бұрын Үлкен Ноғай Ордасына караған ұлыстар (XVII ғ.) Каспий маңындағы жерлерді, Еділден Терек өзеніне дейінгі алқапты жайлады. 1770

жылдардың басында Едиссан, Бұджақ, Едишкөл ұлыстарын Ресей патшасы бағындырып тынды.

XVIII ғасырдың соны мен XIX ғасырдың басында Кіші Ноғайлардың біраз бөлігі бұрынғы ата қонысы – Азов маңына (Доннан Кубаньға дейін) ауып, кей бөлігі Бухарест бітімінің шартына (1812 жылғы) сай Түркияға көшті. 1860 жылғы дерек бойынша көшіп келген 180 мың ноғайларды Түрік үкіметі Кіші Азияға қоныстандырған.

Ноғайлардың басынан өткен тарихи кезеңдерді көркем әдебиетте тәгілте суреттейтін «Едіге» эпосы мен «Қырымның қырық батыры» дастандарының бірнеше нұсқасы осы мезгілдерде дүниеге келді. Оларда Едіге би мен Ноғай Ордасының құрылуы мен ыдырауы, Алтын Орда ханы Тоқтамыс тұсындағы жанкешті оқиғалармен байланысты жанжақты көрініс тапқан. Кейін бұл эпостар түркі тілдес халықтар арасында кеңінен тарағаны мәлім.



Едіге ұрпақтарының бірі,  
Башқұрт дивизиясының  
командирі, ноғай мырзасы

Ахлов Ахлау.

Көшпелі тұрмыс құрған ноғайлар мал есірді. Қобан ноғайларының бірқатары жер өндеумен айналысқаны да тарихнамада түзілген. Қолөнер кәсібі, әсіресе, бөз өндіру ісі ноғайларда кең қанат жайған. Көшпелі ноғайлар киіз үйде, отырықшылары Солтүстік Кавказ бен жергілікті орыстар сияқты өздері салған жер үйлерде тұрды. Тұрмыс-тіршілігінде мал өнімдерін пайдаланды. Солтүстік Кавказ ноғайларының ұлттық киімдері сол жердің халықтарына ұқсас келеді. Ерлер жейде, шалбар, бешпент, папах, башлық, бурка, тон киғен. Әйелдер ұзын женді, кең етек кейлек, бешпент, қыста тон киіп, зергерлік бұйымдар тағынған. Аяқ киімдері (етік, башмақ, шарық) тери мен киізден жасалды. Ресейдің отарлау саясаты әсерінен 250 жыл ішінде ноғайлардың үштен екісі әртүрлі халықтарға сініспе, ұлттық сипатын жойып тынды...

Ноғай Ордасының көлемі кеңейген тұста оның халқы Еділден Ертіске дейін, Каспий мен Арал теңіздерінен Төменге (Қара теңізге) дейінгі жерлерде көшіп-қонып еркін жайлады. Орданың орталығы Жайық сағасындағы Сарайшық қаласы болғаны да жоғарыда баяндады.

Осыларды айта отырып, Ноғай Ордасының іріп-шіріп, тарих бетінен кеткен кезеңдеріне де тоқтала өтейік...

Зерттеушілердің айтуынша, 1619 жылдың көктемінде Естерек би ез ажалынан өлді, көп ұзамай нұрадын Шэйтerek аттан жығылып бұл да

жарық дуниемен қоштасты. Үлкен Ноғай Ордасындағы жоғарғы билік лауазымдары бос қалды.

Қажы Тархандағы әскери шептің хабарлауынша сол жылдың аяғында Ұлыс тағы да қак жарылды, бір жағы кейкуат Жастерек Дін Ахмедұлына бағынса, екінші тобы тайбұқа Қара Кел Мұхаммед Ормамбетұлы қарамағында қалды.

Әрқайсыны өз алдына отау тігіп дербестікке үйренген мырзалар құрылтайға жиналмай, би сайлауын өткізбей-ақ жер-суды өзара бөліске салды. Бұл кезде екі жақтың да жұрты Еділдің бойын, Жайық пен Жемді қоныс қылды. Патша жансыздарының мәліметінше, би мен нұрадының жоқтығын өз пайдасына шешіп алуды қөксеген екі жақтың – Ормамбет пен Дін Мұхаммедтің тұқымдары бірін-бірі тұтіп жеуге дайын тұрды. Соғыс өргтін бірінші болып тұтатқан кейкуат Жастерек жағы еді. 1619 жылдың мамырында Дін Мұхаммед пен Естерек ұландарының атты жасақтары қарсы жақтың аулына бас салды, бірақ тайбұқа Қара Кел Мұхаммедтің ыждағатты қымылдарының арқасында Жастерек сарбаздары женіліп, әскер басы жан сауғалап әрең қашып құтылды. Шайқаста Қарақозы Мамай Дін Мұхаммедұлының қолынан тайбұқаның інісі Мамай шейт болады да, енді жанжал, қуырдақтың қөкесін түйе сойғанда көрерсін дегендей, тіпті өршіп тұсті. Қантөгіс үдең, Ормамбет бидің үрпақтары өздерінің бір атадан шыққан қандастары (бәрі де Дін Ахмед үрпақтары) Дін Мұхаммед мырзаларын қанжоса қылды. Осыдан кейін Ноғай Ордасында атыс-шабыс, бірін-бірі өлтіру, тонау шектен шықты, - дейді Ресей тарихшысы В.В. Трепавлов (33, 402).

Орыс патшасы мен Еділ бойындағы оның жандайшаптары сырттан бақылап, Ноғай Ордасындағы оқиғаларды отқа май құйғандай, әлсін-әлі үрлеп, қай женгенің менікі деген қағиданы бекем ұстанды. Оларға керегі де осы еді. Ресей патшасының Қажы Тархандағы әскери шебінің басшылары А.А. Хованский мен А.М. Львов патша ағзамға Ноғай ұлысындағы оқиғаларды бүге-шігесіне дейін қалдырмай жіпке тізіп дер кезінде хабарлап отырды. Мұның бәрін саралай келе патша сарайы «ноғайларға тиіспендер» деген әңгімeden арыға бармады. Ноғайларды бір-біріне өшіктіру мақсатында патшаның әскери өкілдері екі жағына да атқыштар тобын жіберіп, «шок-шок» деп қойып



Ноғайлардың көне әндерін орындаушы Қайырбек Мәжитов.

отырды. Оны білмеген қарсылас ногайлар патшадан әскери көмек алғанына мәз болып, көк түтінді от жалынға айналдырып бірін-бірі қан сорпа қылды. Ал патшаның жіберген атқыштары соғысқа кіріспей, екі жақтың барынша әлсірегенін күтіп жайбарақат отыра берді. Олардың күткендері – әлсіреп, аз-тоз болған ногайлар өздері келіп, мойындарын қамытқа тығып, шенеуніктердің аяғына жығылып, бодандық сұрау болса керек. Әскери шептегі шенеуніктерге ақ патшаның рұқсатынсыз ногайларда би сайлаудың өткізбеуді де тапсырып қойған еді.



М.А. Санглибаев. Кеңес заманындағы ногайлардан шыққан офицер-жігіт.

Ресейге жолдаған құжаттарында Ноғай Ордасының ендігі биі кім болмақ деген мәселе күн тәртібінде тұрды. Би лауазымына лайықты адамдарды қарсылас екі жақ та ұсынып жатты, олары: Жастерек Естерекұлы мен Қара Кел Мұхаммед Ормамбетұлы. Бұлардың біріншісі Ордада кейкуат қызметін, екіншісі тайбұқалықты атқарып келген-ді. Саралай келгенде, Қажы Тархандағы әскери шептің басшылары Қара Кел Мұхаммедті қолайлады, әрі бұны Қырым ханы Жәнібек Герейдің қолдайтында ескрілгенге ұқсайды. Осының алдында Ноғай ұлысында бидің орны бос қалғанын естіген Қырым ханы патшаға Қара Кел Мұхаммедтің лайықты екенін сездірді. Мұнымен тұрмай Ресейге Бақшасарайдан тағы бір ұсыныс түседі, онда Қырым ханы нұрадиндікке Қанай Дінбайұлын тағайындауды қолдапты.

Қажы Тархан шебіндегі әскери басшылар Қырым ханы Жәнібек Герейдің мұндаидар түп-тамыры теренге жетелейтін сырына күмәндана қарады. Өйткені, тайбұқа шеніндегі Қара Кел Мұхаммед Ормамбет бидің ұрпағы және Дін Мұхаммед ұландарына жаулық ниеттегі адам, олай болса, би сайланып алған тайбұқа ертengі күні ұлысын ертіп батыс бетке қарай жылжымайтынына кім кепілдік қылады? Патша ағзамның қызметшілерінің ойынша, сәті түскен күні олар Жем бойынан өтіп алып, Шейх Мамайдың Алтыңул ұлысына қосылып, Хиуа хандығының қоластына кіріп кетуі де мүмкін ғой. Олай десек, Ресей патшасы қоластындағы шаш етектен пайдасы бар бодандарынан айрылып қалмай ма? Осылардың бәрін ой елегінен өткізген жарықтық патша ағзам Қанай мырзаны биге лайықты деп тауыпты. Бұнысы Ресей патшалығына қолайлы тұлға тәрізді.

1619-1620 жылдардағы Ресейдегі бұлік кезінде бұл мырза бес мын жасақтарымен Қажы Тархан төңірегін қорғап, ақ патшаға өзінің тілекші екенін танытқан еді. Ол әрі Ресей саясатын қолдайтын адам, оны жақтап, қызмет етуге даяр екенін бүрын да көрсете білген. Тіпті, Қанайдың бір ұлы Қази мырза мойнына крест тағып, атын Михайлға өзгертіп, поляктарға қарсы патша жасақтарының қатарында соғысқа да қатысыпты. Сондықтан, Қажы Тархан әскери шебінің бастықтары патшаға қолайлы кісі деп, Қанай мырзаны 1620 жылы Ордадағы бос тұрған би тағына ұсынды. Оған мынандай себептердің болғаны байқалады:

Біріншіден, Қанай тірі жүрген ноғай мырзаларының жасы үлкені; екінші жағынан, мырзаның саны жағынан көп Шейх Мамайдың Алтыңғыштың ордасымен қарым-қатынасы да жаман емес. Қажет жағдайда, оларды патша ағзамға иліктіруге ықпал жасай алады; үшіншіден, ол ағайын-тумаларымен Ресей саясатын қолдап жүрген кісі; төртіншіден, мырза шыққан Дінбай ұрпақтары Үлкен Ноғай ұлысындағы басқа мырзалармен көк желкін жаулық ниетті қаламайды.

Ал Қажы Тарханның әскери шебіндегі шенеуніктердің нұрадын жөнінде ойлары шартарапқа ойысқан. Оларды талдай келіп, лауазымға бүрынғы тайбұқа Қара Кел Мұхаммед мырзаны ұсынады. Естерек би өлгеннен кейін аталмыш екі мырза да осынау пікірді құптаپ, лауазымдарын өзара бөлісіп қойғаны тағы мәлім болды (73, 142-144).

Сөйтіп, Қанай мырзаның тасы төрге домалап, ноғай жұртының ниеті де оған ауып, Ресейге хат жолданады, онда патша ағзамның бір ауыз сөзі жетпей тұрғанын да сездіріпті. Ал Қара Кел Мұхаммед мырза Қырым ханының пікірін естімегендей, өзіне Тәнірі бұйыртқан тайбұқалық қызметін атқарып жүре берген-ди.

1622 жылдың көктеміне қарай Ормамбет бидің, Ұрыс бидің, Дінбайдың ұлыстары бір-біріне жақын қонып, Құдайға шүкір, айтыстартыссыз өмір сүріп жатқандай тыныс білдіреді. Сол жылғы сәуірде Москваға Қанай би, нұрадын Қара Кел Мұхаммед пен олардың ағайын-тумаларынан жан-жақты дайындықпен елшілер келіп, Орданың жоғарғы лауазым қызметтерін атқаруға аталмыш мырзаларды бекітуге патша жарлығын шығаруды сұрайды. Ресей патшасы да мырзаларды құптайтынын танытып, жарлыққа қоса би мен нұрадиннің жалақыларын тағайындалап, сыйлықтарын дайыннатқызып, Қажы Тарханда биді мерекелік жағдайда ұлықтауды әскери шептің басшыларына тапсырады. Биді ұлықтауға қатысу үшін Ноғай Ордасынан 1622 жылы 10 қарашада екі жұз мырза Қажы Тархандағы қонақ қабылдайтын үйге түседі. Келген мырзаларға патша ағзамның жарлығы оқылып, Қанай би мен Қара Кел

Мұхаммедтің нұрадын қызметіне бекігенін хабарлады. Бидің құрметіне намаз оқылып, артынша оны, бұрынғы Естерек би сиякты, ақ киізге салып көтерді. Іле-шала шептің бірінші әскербасысы бидің құрметіне патша жарлығымен қонақасы береді, ал келесі күні екінші әскербасы биді қонақ қылды. Үшінші күні мырзалар жиналдып, патша ағзамға адалдығын мойындалат, құран ұстап ант қабылдады. Құрметті жиынға Дін Мұхаммед, Естерек, Байтерек, Ормамбет, Ұрыс, Діnbай ұрпақтарының белді-белді мырзалары түгел қатыстырылды.

Сонымен, мырзаларға он жол ашылды, ауызбірлік пен ынтымақ уағыздалып, олардың басы біріксе Ноғай Ордасы бұрынғыша гүлденетінде айтылып жатты. Жиналғандардың бәрі бір аталықтан Мұсаханның кенже ұлдарының бірі – Исмайыл биден тарағаны да пысықталып, Ресей патшасының қол астында бірліктегі өмір кешуге шақырылды.

Шамалы уақыт өте, айтылғандардың бәрі құрғак уәде екені анықталды. Нұрадин Қара Кел Мұхаммед қызметіне кіріспей жатып-ақ, Қанай ұлысымен жауласып жүргендерін ескертіпті. Әскери мырзалардан бидің көшіп-қонатын жайылым жерлерінен нұрадин ұлысын аулақ ұстауды өтінген. Ен дұрысы, би Қажы Тарханда отырса, ал нұрадин далалық аймақтарды қоныс қылса деген де ұсыныс енгізіледі.

Ноғай ұлысындағы бай адамдар би мен нұрадинге өздерін бағынышты сезінбей, емін-еркін ұстайтын-ды. Ал бидің мырзалары ұлыстың басқа және нұрадиннің адамдарына «жоғарыдан» қарап, Дін Мұхаммед пен Естерек бидің ауылдарын жиі-жиі тонап, малдарын куып кетіп отырған. Қарсы жақтың адамдары бұған наразылық білдіріп, жасақ шығарып кек алуға көшкен. Осыдан аз уақыт толастаған Ордадағы тыныштық тағы бұзылды.

Бұл тұста Москва мен Қажы Тарханда отырған шенеуніктер де қарап қалмай, ант беріп уағдаласқан ноғайлардағы бүліншіліктің алдын алуға тырысып бақты. Дау-дамайдың арты соғысқа ұласса, ұлыс адамдарының алыс-жақын елдерге көшіп кетуінен қорыққан әскери шептегі шенеуніктер, енді бұрынғыдай емес тұрақты атқыштар ұстал, бүлікшілерге күш көрсетуді қолайлады.

Ноғай Ордасында қалай да тыныштық сақтауды көздеген Ресей патшасы 1625 жылғы 20 қазанда Қажы Тарханда кеңес өткізіп, жаңа кейқуат пен тайбұқаны тағайыннады. Олардың басшылары болып Дін Мұхаммед әулетінен Жан Мұхаммед және Алтыңұл аулының көсемдерінің бірі Сұлтанай мырза отырғызылды.

Десек те, Ноғай ұлысындағылар «Қанай адамдары» және «нұрадин ауылдары» деп екі бөлек аталып жүрді. Бұлардың біріншісіне, кейқуат қарамағындағы Ұрыс би мен Діnbай ұрпақтарының ұлыстары жат-

са, ал екіншісін – Ормамбет, Дін Мұхаммед, Естерек, Байтерек, Жастерек ауылдары мен Алтыңул ұлысының бірсыпыра рулары құрады. Айтылғандардың ішінен ең мықтылар саналған Дін Мұхаммед ұландары мен Алтыңул ауылдары Ордадағы биліктің тұтқасын ұстағаны байқалды. Алайда, кейбір деректер бойынша тайбұқа Сұлтанай мырза Ноғай Ордасындағы тынышсыздықтың тәртіпке түспейтінін сезіп, көңілі құлазып 1627 жылдың наурызында Жайық бойындағы жұртына қайтып кетеді, ал кейінде Жан Мұхаммед өз орнын нықтап қүшайте береді, оның қарауындағы ұлыстар Қанай бидің көзі тірісінде-ақ 1631 жылдан бастап, «кейікуаттықтар» деп аталғаны мәлім.

Көріп отырғанымыздай, XVII ғасырдың бастапқы 20-30 жылдарында сілікпесі шығып, тек құр сүлдесі қалған Үлкен Ноғай Ордасында билік басындағы мырзалар жиі ауысып, бірін-бірі тонап, жұрттың берекеті кеткен уақытта «қара халықтың» игі жақсылары мырзаларға ой-пікірлерін тұра айтып, жол сілтеп, керекті жерде билік басындағыларды тындармай, өзінше қарекет қылатын дәрежеге жеткен еді. Осыдан Қара Кел Мұхаммед қарауындағы наймандар, Байтеректің қыпшақтары және басқа жұрттың ру басылары өз халқының жағдайына ерекше көңіл бөліп, тығырықтан шығудың жолын қарастырды. Тіпті, кей уақытта мырзалардың жөнсіз атыс-шабыстарынан бойларын аулақ салып, олардың бассыздықтарын бетінен басуға дейін барған.

Қанша айтсақ та, ноғай мырзаларының жүтгенсіздігі бір толастамады, әр саққа бөлініп, бірін-бірі тонады, мал-жандарын барымталады, үйлерін өртеп әлек-шәлеккे түскендері былай тұрсын, ұлысындағы қара халыққа да маза бермеді. Әрі-беріден соң бірінің қанын бірі ішті, бұл ұлыс халқының наразылығын тудырмай қойған жоқ. Мәселен, 1626 жылы Ұрыс бидің тұқымдары Естерек бидің аулына шабуыл жасап, әулеттің үлкендерінің бірі Мұхаммед мырзаны өлтіріп кетті. Осы төңіректе би мен нұрадин арасына жік түсті. Қанай бидің өз ұлысы да қақтығыс пен шайқастан запы шекті. 1620 жылдың аяғында Қанай би орыс шенеуніктеріне елін ашаршылық пен қайыршылық жайлағанын айтып шағынды. Еш жақтан көмек ала алмаған би Еділ мен



Ресейдін халық әртісі Асият  
Кұмратова ногайлар ішіндегі  
Қоңырат руының қызы.

Қажы Тарханнан алыстап, шығысқа қарай жол тартайын десе, алдынан кесе көлденең Алтыңүл аулының батырлары мен қалмақтар шығып, әрі қарай жібермей адамдарын тұтқындал, әлек-шәлегін шығарды.

Ноғайлардың мұндай мүшкіл халін көзімен көрген би, нұрадын, кейқуат 1629 жылы Қажы Тархандағы әскери шептің қызметшілері арқылы патшаға өтініш жолдап, Ноғай ұлысын қарамағына алып басқаруды сұраған. Алайда патша ағзам өзінен-өзі құрдымға кетейін деп тұрған Орданың өтінішіне құлақ аспады, - дейді кеңес тарихшысы А.А. Новосельский (73, 149). Ноғайлардың жағдайы күрделене түсті, мырзалардың өзара жаға жыртысы тоқтамады, аралары күн санап шиеленісе берді.

Орданың беделді нұрадыны Кара Кел Мұхаммедтің бел шешіп кіріскең іс-әрекеттері онды нәтиже бермегі, Ноғай ұлысы мен Қырым хандығын жақындастырам деген қарекеті де онғарылмады, әрі беріден соң өзі ұлыстарынан айырылып, орыс шебіндегі атқыштар тобын паналауға мәжбүрленді. Бимен жақындасып, татуласам деген ниетінен де ештеме шықпады, 1631 жылы Естерек ұландарымен болған бір шайқаста Қара Кел Мұхаммед басын жұтып тынды.

Осы кезде Ордаға шығыстан тағы бір пәле жармасты. Жайықтың арғы бетінен қара құрымдай қаптаған қалмақтар азып-тозған ноғай

ұлыстарына тап беріп, Еділ бойында тыныш отырған халықты қырып кетті. Ендігі ноғайлардың сүйенетін жалғыз пірі – орыс шебіндегі әскери жасактар. Қажы Тархан маңындағы соларға жақындауды немесе Еділдің оң жақ бетіне өтіп, қалмақтардан қашығырақ тұруды арманадады. Бетіне қаратпай, жергілікті халықтан жасактар қосып алған қалмақтардың күшейгені сонша, 1633 жылы жан бағып бейбіт отырған кейқуаттың аулына тиісті. Олардан жан ұшыра қашқан Жан Мұхаммед ұлысын бастап, Еділдің батыс бетін паналады. 1634 жылы қаңтарда қалмақ жаушылары Қанай бидің ұлысын қорشاуға алды. Жан сақтауды көздеген бидің адамдары тайшылардың әскеріне төтеп бере отырып, Қырымға қарай жосылды.



Ресейдің енбек сінірген әртісі  
Дженнетхан Құмратова ноғай  
ішіндегі Қоңырат руының қызы.

Шамалы уақыт өткенде, ногайлар өздерінің мемлекеттік құрылымынан, ата мекен қонысынан жүрдай болып, туған жерінен аластатылды. Ноғайлардың қоңсы-қолаңы Еділдің оң жақ бетіне көшірілді, олардың бұрынғы ата жұрты қалмақтардың қол астында қалып, аймақ «Қалмақ» атала бастады (460, 105). Ресей зерттеушілері ногайлардың атамекенін тастан шығуының басты себебі «қалмақтардың кесірінен» дегенді тарихнамаға орнықтыруға атсалысқанын айтуда ләзім. «Қалмақтардың жиі шабуылы», «қалмақтардың кесірі», «қалмақтардың қара құрым жасақтары тықсырды», «Ногай жұртын батысқа ысырды» деген сөзді мырзалардың да, ұлыстың басқа адамдарының да аузына салып отырды. Мұнымен кабат ногайлардың дастандары мен жырлары да бәленің бәрін қалмақ тайшыларына (қалмақ қолбасылары) аударып бақты. Осынау себептер орыс патшасының Қажы Тархандағы әскери шептің құжаттарында, әсіресе Елшілік бүйрықтар тіркеген кітабында бадырайта жазылып келді.

Алайда, ақ патшаның әскери шенеуніктері бәленің бәріне қалмақтар кінәлі деп көрсетіп, өздері судан таза, сүттен ақ, ештемеге араласпағандай көрінгенмен, олардың ногайларды батысқа сілтеп, қынадай қырылғанына немесе олардың Ресей патшасына тәуелділігін мейлінше құптап отырғанын жоққа шығаруға болмайтынын тарихи құжаттар нықтай түседі. 1634 жылғы қалмақ-ноғай соғысының төнірегіндегі оқиғаларды көркем шығармаларда тек қалмақтардығана басты жау қып көрсетуі осыдан шығар (461, 302-303).

Шынтуайтында, ногайларды сыртқы жаққа итерудің нақ басында патшаның Қажы Тархандағы әскери шебінің басшылары жүргені қаперге алынбайды. Ноғайлардың ата қонысына басып кіріп, әкесінен қалған мұрагердей тайрандал жүрген орыс пен казак мұжықтарының балық аулайтын суға, шұрайлы жерге, егін салатын құнарлы аймақтарға таласып, ылғи ұрыс-керіс жасап жүргендегі ескерілмейді. Орыс патшасының қарулы жасақтары мен жаңа қоныстанған мұжықтары ногайлардың жылқыларын қуып алып, реті келгенде кісілерін де тұтқындал отырғаны қаперге алынбайды.



Қарашай-Черкес  
Республикасының халық ақыны  
Келдіхан Құмратова ногайлар  
ішіндегі Қоңырат руының қызы.

Еділдін арғы бетіндегі Қази ұлысында да осында жайсыздықтар орын алғып келді. Мырзалар осыларды жіпке тізіп, шептегі әскери шенеуніктерге мәлім қылғанмен, олар «қыңқ» етіп қозғалмады. Бұған дәлелдер патша үкіметінің Елшілік бүйрықтары құжаттарында анық жазылған: «Қажы Тархан маңындағы орыстар ноғайларға орынсыз тиісіп келеді, жылқыларын ұрлайды, құштеп әйел-балаларын, қыздарын тартып әкетеді, бұзакыларға сендердің тараптарынан тексеру мен тәртіпке шақыру жоқтың қасы...» деп хатталғанын айтсақ та жеткілікті. Орыс көршілерінен жиырма жыл бойы көрген теперіштері және босқан қалмақтармен бірігіп жасаған айуандықтары ноғайлардың ашу-ызасын булықтырғаны анық. Сол сияқты гүілдеген әңгіменің бірінде, орыстар аманатқа жүз ноғайды алады екен, қалғандарын Сібірге айдатады деген әңгіме де, олардың Қырым жағына қарай бой тасалаудың және көршілерінен жүректері шайлықкан Ноғай жүртіның ата қоныстарына қайта оралуға құлықты болмағаны осыдан дегенді, тарихнамада көрсетеді (462, 31; 73, 222-227; 463, 467). Орыс-қалмақ озырылыштарынан әбден зәрезат болған ноғайлардың 1633 жылдың аяғында соңғы ышқынған демі бітіп, батыска қарай жылжығаны да жасырын емес. Осыдан кейін Орда тағы да бүліншіліктің кебін киді, патшаның да ашу-ызасы бұрқырады, атқыш-мергендерге әскери шептің бастығы князь Алексей Трубецкийді қосып, түрмеге лақтырды. Олардың біразын жумыстан алғып, кейбірін орталыққа алдырытып іс жүргізді.

Алайда болар іс болған-ды. Көшіп кеткен ноғайлар ата жүртіна қайта оралуды өздеріне намыс санады. Атамекенінде азғантай жүртпен



Ногай даласының бір болігінің қазіргі көрінісі.

қалған Қанай би, не істерін білмей дағдарысқа түсті. Би әскери шептің сол кездегі бастығы князь А. Трубецкийге әлденеше рет жолықты, қорғаныс басшысынан қалмақ тайшыларынан ноғайларды қорғауды етініп көрді, әйтпесе елдің әрі қарай көшіп кететінін де ескертті. Бірақ орыс жасақтарының басшысы оның жан айқайын естімегендей, ләм-мим деп жауап та берген жоқ, қайта қалмақтарға қосылып ноғайларды тонауын жалғастыра

берді. Қалмақтардың жауыздықтары күшейіп, 1633 жылдың аяғындағы бір шайқаста бидің немере інілерінің бірін өлтіріп кетті. Осыдан соң да Қанай би орыс шенеуніктерімен келіссөзді тоқтатпады, елі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп жүргенде, өзін Қажы Тархан түрмесінен бір-ак шығарады...

Енді бидің тұтқындалуы төңірегінде ноғай жұртының арасында әңгіме сан-тарапқа жүгіртілді. Гуілдеген өсек-аяңының төркіні 1633 жылы бидің қалмақтарға бірігіп Қажы Тарханға шабуыл жасамақ ойы болғанына тіреледі, осыдан әскери шептің қызметкерлері оны аманатқа ұстап отыр деген болжамдар да шықты. Әскери шептің қызметкерлері И.И. Салтыков пен Г.В. Житов Қанай биден мұндағы жүгенсіздік шықпауы керек еді деп, патшаның арнаулы өкілі князь А. Трубецкийдің алдында мәселе көтергенмен, өсекке сенген князь «Қанабей» мырзаның бұл іске қатысы бар деп безектеді. Сөйтіп, оны түрмеден шығармаудың амал-шарғысын қарастырды. Бидің өзі ештеңе түсінбей, не үшін мен тұтқындалым, маған біреулер нақақтан жала жабуда, мүмкін Қырым жаққа өткен мырзалардың бірі арандатып отырған шығар деген пайымдауын айттып, акталуға тырысты. Бидің ойы әр сакқа бытырап, кейқуат Жан Мұхаммедтің ісі дегенді де аузына алды. 1635 жылғы қазанда кейқуат мырза патша Михаил Федорович Романовқа мәлімет түсіреді, онда Қанай бидің Алексей Трубецкий князбен ауыз жаласып, кейқуат ұлысының арасына кісі жіберіп, Қажы Тархан маңындағы бос жатқан жерге Жан Мұхаммед аулының тен жартысын көшіртіп жібергенін, содан кейін, оларға қалмақтарды айдал салып тонатыпты. Және бидің өзі қалмақ тайшыларына көшпекші ойы барын өз құлағымен естігенін айттып жеткізеді. Бұл өтірік мағлұмға құдайдай сенген патша ағзам жұмған аузын ашпай міз бақпай отыра берген, ал Қанай би қапас үйде қамалып қала берді. Бидің түрмеде жазықсыз жатқанына наразылығын Ормамбет бидің ұлысының мырзалары бірінші болып білдірді. Бұл неткен бассыздық, бидің қалмақтарға бірігіп кетті дегені шындыққа соқпайтын жала ғой деп олар қақсады.

Бидің өзі болса әскери шептің басшылары бұның ақылын тыңдамай, қалмақтардан қорғанудың шаrasын жасаудың орнына, Ноғай ұлысының кейқуат бастаған отыз мырзасы елін алып Еділдің арғы бетіне көшіп кеткеніне тосқауыл қоймады. Оны Орда басшысының оралымсыздығынан көріп, бидің түрмеге түсуіне аталмыш оқиғалардың «нәтижесі» себеп болды деп қасарды.

Корыта айтқанда, 1634 жылдан Ноғай ұлысының биі Қанайдың орыс түрмесінің сасық дәмін татқаны ақиқат. Патша ағзам оны босатудың ор-

нына, еш адамға жолықтырмай күзетуді және ешкімге алмастырмады қатаң тапсырды. Осыдан соң Ноғай биінің жұрт алдында қандай беделі қалсын...

Сол жылы Үлкен Орданың мырзалары бидің атын атамай-ақ Ресей патшасына адалдықтарын білдіріп, тағы да ант су ішті. Тіпті, бір топ мырзалар Үлкен ноғайлардағы билікті Ұрыс ұрпақтарынан – Құрмаш Ханұлы мырзаға тапсыруды ұсынды, басқа біреулері Михаил Федорович патшаға Кіші ноғайлар мен Үлкен Орданы қосып, Қази ұлысының биі Қасымның қолына беруді құптады.

Осылай бірнеше жыл өтті, езінің ешқандай кінәсі жоқтығын және жасының ұлғайғандығын зарлаған Қанай мырза құдықтан шығаруды әлденеше рет көтергенмен, оны тыңдайтын құлақ болмады. Бидің сонғы бір сұранысы 1637 жылдың 7 қантарында Қажы Тархандағы әскери шептің кеңесіне түсіпті, сол жылдың наурыз айында онымен Москвадағы Елшілік бүйректерінде қызметкерлері танысады.

Бірақ шептегі әскери басшылар да, Елшілік бүйрек шенеуніктері де міз бақпай, былшиып отырып алды. Эрине, биді түрмеден босатпаудың бұ да бір амал-шарғысы шығар. 1639 жылдың басында патша сарайына Қанайдың жарық дүниемен қоштасқаны хабарланды. Мұны Қажы Тархан әкімшілігінің басшылары Ю. Сицкий мен Л. Волконскийге 1639 жылдың 21 қантарында жеткізген Ұрыс пен Дінбай ұландары еді. Бұлардың мәлімдемесінде өлген бидің лауазымы оның інісі Абдоллаға тиісті екенін ескертеді. Бұл мағлұмға қарағанда бидің қайтыс болған уақытын, 1638 жылдың ортасы шығар деп топшылайды Ресейлік тарихшы В.В. Трепавлов (33, 410-411).

Аталған Абдолла (кейбір деректерде Абыл деп жазылыпты) Дінбайұлы ешқандай би сайланған жоқ, орыс патшасының ойынша Ноғай Ордасына енді бидің қажеті болмады, олардың билікке таңылмай, быт-шыты шықканын қалады.

Тағдырдың жазуымен бұрынғы Үлкен Ноғай Ордасының жұрты Сырдариядан Дунайға дейін шашылды. Бұлардың бір көші Қырым асса, екінші бөлегі Түрік сұлтанына бағынып, Осман империясының құрамына кірді. Ұшіншілері Кіші ноғайларға қосылып, Кавказ бектеріндеңі халықтарды толықтырды. Төртінші бәз біреулері қалмақтарға сіңіп кетті. Ноғайлардың үлкен бөлігі Қазақ хандығындағы Кіші жұз руларына қосылып, көпшілігі қазақ аталды. Әзірше, кейкуат Жан Мұхаммед мырза ғана дәрежесін сақтап, ноғайлардың басын біріктірем деген әрекеті байқалады. Бұл кезде ноғайларда беделді мырзаларға саналған Ақмамбет (Ақ Мұхаммед) Ақсақ Кел Мұхаммедұлы немере ағасы Жан

Мұхаммедпен (екеуі де Дін Мұхаммед бидің ұрпағы) бірігіп әрекет жасаймыз деген талпыныстарынан ештеме шығара алмай, тарап тынғаны тарихнамада тіркеліпті... (33, 410-411).

Сонымен, Ноғай Ордасының там-тұғы біржола құрдымға кетті. Ал ондағы ру-тайпалардың тағдыр-талайы осы кітапта біршама баян етілгенін ескріп, Ноғай Ордасының кем-кетігін толықтыруды жастар легінің үлесіне қалдырғанды жөн көрдік...




Жем өзені.


*Көп жылдар бойы мұрагаттарда  
жинақтаған мәліметтерді  
зерделегендеге байқаганым: тарих -  
өліні де, тіріні де және келешек  
дүниеге келетін адамдарды да  
байланыстыратын ортақ гылым.*

## ҚОСЫМША


Едігे – Нұр әд-Дин – Уаққас – Мұсаханұлынан туған Ноғай Ордасы билерінің бірі Исмайыл ұрпақтарының генеалогиялық кестесі XVII ғасырдың 30-40 жылдарына дейінгі туған жастар легін қамтығанын еске сала кету ләзім. Жоғарыда айттық, Ноғай Ордасының соңғы билері тек қана Исмайыл ұрпақтарынан сайланды немесе тағайындалды. (*Кестені дайындау барысында автор Ресей тарихшылары А.А. Новосельскийдің, В.В. Трапавловтың, К.С.-Б. Ұрысовтың, Қазақстан галымдары Ә. Сарайдың, А. Исиннің еңбектерін пайдаланды*).


## Ногай биі Исмайыл үрпактарының генеалогиялық кестесі







**Дін Ахмед би үрпактары  
(1563-1578)**







## Мамбет (Мұхаммед) және Ханбай Исмайылұлы ұрпақтарының генеалогиялық кестесі



## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Монголдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). Екінші басылым. – Алматы, 2009. 216 б.
2. Шыңғысхан – әлем сілкіндірушісі/Құраст. I. Есенберлин. – Алматы, 2001.
3. Семенов В.Ф. История средних веков. – М., 1956.
4. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.; Л., 1950. 473 с.
5. Қазақ ССР тарихы. 1 т. – Алматы, 1957.
6. Қазақ ССР тарихы. 2 т. – Алматы, 1983.
7. Құнтәлеуұлы А. Шыңғыс хан/Тарихи және құқықтық ғылыми деректер. – Алматы, 2006. 504 б.
8. Лувсанданзан. Алтын шежіре. Монгол тілінен ауд. А. Мауқараұлы. – Алматы, 1998. 184 б.
9. Лубсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеғен Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр// Қазақстан тарихы туралы Монгол деректемелері. II том. – Алматы, 2005. 364 б.
10. Арын М. Бес анық: Тәрбие туралы толғамдар. – Алматы, 1996.
11. Тизенгаузен В.В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – М.; Л., 1941. 554 с.
12. Қыраубаева А. Фасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-т. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы, 2008. 304 б.
13. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М, 1973. 180 с.
14. Жандарбек З. Ақ Орда ма, Көк Орда ма?//Қазақ тарихы, 2007. №2, 3-7 бб.
15. Қазақ хандарының ғұмырнамасы. Құраст. А.Ж. Нұсқабай. – Алматы, 2001. 278 б.
16. Из «Анонима Искандера»//Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным//История Казахстана в персидских источниках. Т.IV. Отв. редактор М.Х. Абусеитова. Переработанное и дополненное. Подготовка к новому изданию, введение, перевод, комментарий, составление указателей М.Х. Абусеитовой и Ж.М. Тулибаевой. – Алматы, 2006. С. 248-272.
17. История Казахстана в персидских источниках. Т.IV: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Алматы, 2006. 620 с.
18. Юдин В.П. Ақ, Көк, Боз, Алтын... Ордалар (қазакшалаған Қ.Салғараұлы)// Өтеміс қажы. Шыңғыс наме. Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П.Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ.Әбусейітова//Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1 т. – Алматы, 2005. 400 б.
19. Григорьев А.П., Фролова О.Б. Географическое описание Золотой Орды в энциклопедии ал-Калкашанди//Тюркологический сборник/2001: Золотая Орда и ее наследие. – М., 2002. С. 261-302.
20. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1 т. – Алматы, 2005. 400 б.
21. Казахстан в эпоху феодализма//Проблемы этнополитической истории. – Алматы, 1981. 352 с.

22. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992. 376 с.
23. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей: Древность и средневековые. 2-е изд., исправл. и доп. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2004. 368 с.
24. Березин И.Н. Ханские ярлыки//Ярлық Тохтамыш хана: Къ Ягайлу. – Казань, 1950.
25. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы/Ежелгі және ортағасырлық кезең. Монографиялық зерттеу. – Алматы, 2007. 432 б.
26. Сәкенов С. «Қырымның қырық батыры» эпосы және Ноғай Ордасының тарихнамасы// Абай, 2007. №3. 68-75 бб.
27. Асанов Ж.А. «Едіге» жыры – тарихи қаңармандық эпос. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. 66 б.
28. Магаун Е. Ел қамын жеген Едіге/Жыр мәтіні және зерттеу. – Алматы, 1996. 144 б.
29. «Ислам в татарском мире: История и современность» материалы международного симпозиума. – Казань, 29 апреля-1 мая, 1996//«Панорама – форум». №12, 1997.
30. Рашид ад-Дин Фазлалах ибн Абу-л-Хайр Хамадани. Сборник летописей (Джами ат-таварих). Т.1. Кн.1. Перевод с персидского Л.А.Хетагурова. – М.; Л., 1952. 225 с.
31. Рашид ад-Дин Фазлалах ибн Абу-л-Хайр Хамадани. Сборник летописей. Т.1. Кн.2. Перевод с персидского О.И.Смирновой. – М.; Л., 1952. 315 с.
32. Рашид ад-Дин Фазлалах ибн Абу-л-Хайр Хамадани. Сборник летописей. Т.2. Перевод с персидского Ю.П.Верховского. – М.; Л., 1960. 248 с.
33. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002. 752 с.
34. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды/ Т. 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Гизенгаузеном. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е.Кумекова, А.К.Муминова// История Казахстана в арабских источниках. – Алматы, 2005. 711 с.
35. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық// 3 т.: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 512 б.
36. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы/Құраст.: С.Қалиев, К.Аюбай//Т.8 – Шетел ғалымдарының қазақ тәлімі жөніндегі ойлары (б.з.б. мынжылдық – XX ғ. соңы). – Алматы, 2009. 320 б.
37. Низам ад-Дин Шами. Зафар-наме//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық/ 3 том: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 253-277 бб.
38. Шараф әд-Дин Әли Йезди. Зафар-наме//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық/3 том: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 280-302 бб.
39. Материалы по этнической истории тюркских народов Центральной Азии. – Ташкент, 2003. С.102-136.
40. Бартольд В.В. Сочинения. Т.II. Часть 2. – М., 1964. С. 365-367.

41. Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. – М., 1973. С. 491-503.
42. Бабыр Захир ад-Дин Мұхаммед. Бабырнама/Қазақша сөйлеткен *Байұзақ* Қожабекұлы. – Алматы, 1993. 448 б.
43. Қазақстан тарихы/Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2006. 768 б.
44. Бабыр Зәңириә ад-Дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы, 1990. 433 б.
45. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003. 616 б.
46. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. – Алматы, 1969. С. 9-16; 245-312; 389-397.
47. *Таварих-и Гузида-айи* Нусрат-наме//История Казахстана в персидских источниках. Т. IV. – Алматы, 2006. С. 424-440.
48. *Әтеміс қажы*. Шыңғыс-наме. Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертүлер, зерттеу мақалалар В.П.Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ.Әбусейітова//Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 1 т. – Алматы, 2005. 400 б.
49. Камал ад-Дин Бинай. Шайбани-наме//Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V том. – Алматы, 2006. 67-109 бб.
50. *Хафиз-и Таныш ибн Мир Мұхаммед Бухари*//Шараф-нама-айи шахи (Книга шахской славы). Факсимиле рукописи, пер. с перс., введ., примеч., указ. М.А.Салахетдиновой. Ч.2. – М., 1989. 296 с.
51. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, 2006. 200 б.
52. *Махмуд ибн Үәли*. Баҳр ал-асрар фи манакиб ал-ахтар//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық/3 том: Ортағасырлық тарихи ой. – Алматы, 2005. 372-384 бб.
53. Бартольд В.В. Церемониал при дворе узбекских ханов в XVII в./Сочинения. Т.2. Ч.2. – М., 1963. С. 388-399.
54. «Собрание историй»//Маджму ат-таварих. Фотографич. репродукция отрывков рукописн.текста, введ., указ. подг. к изд. А.Т.Тагирджанов. – Л., 1960. 204 с.
55. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы/Шагатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Әтениязов. – Алматы, 1997. – 128 б.
56. Жалайыр Қадыргали-бек Қосымұлы. Жылнамалар жинағы//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық/3 т. Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 160-173 бб.
57. Жалайыр Қадыр-Ғали би. Жамиғ ат-тауарих/ұзінділерін казақшалаған Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Әтениязов//Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V т. XV-XIX ғасырлар шығармаларынан ұзінділер. – Алматы, 2006. 140-173 бб.
58. Құл-Мұхаммед М.А. Мөнке би: Аңыз бер ақиқат//Шекті Мөнке би Тілеуұлы/Құраст. К.Төлеубайұлы. – Ақтөбе, 2008. 237-308 бб.
59. Құл-Мұхаммед М.А. Мөнке би: Аңыз бер ақиқат//Егемен Қазақстан, 2003. 18-22 қараша.
60. Құл-Мұхаммед М.А. Монке би – хранитель духа великой степи//Актюбинский вестник, 2004. Апрель-май. №41-60.
61. Березин И.Н. Библиотека восточных историков//Сборник летописей/Татарский текст. Т. II. Ч. 1. – Казань, 1849-1854. 248 с.

62. Материалы для истории Крымского ханства/Изд. В.В.Вельяминов-Зернов. – СПб, 1864. 950 с.
63. Эвлия Челеби. Книга путешествия//Извлечения из сочинения турецкого путешественника XVII в./Вып.2: Земли Северного Кавказа, Поволжья и Пондона. Сост. и отв.ред. А.Д.Желтюков. Предис. А.П.Григорьева. Примеч. и коммент. А.П.Григорьева и А.Д.Желтюкова. – М., 1979. 288 с.
64. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв./Письменные памятники. – Ташкент, 1985. 264 с.
65. Щербатов М.М. История Российской от древнейших времен. Т.5. Ч. 2,3,4. – СПб., 1903. 1125 с.
66. Карамзин Н.М. История государства Российского. 5-е изд./Воспроизв. с изд.: СПб., 1842-1843. Кн.2. Т.5-8. 1340 с. – М., 1989.
67. Карамзин Н.М. История государства Российского. 5-е изд./Воспроизв. с изд.: СПб., 1842-1843. Кн.3. Т.9-12. 1351 с. – М., 1989.
68. Соловьев С.М. Сочинения. Кн.III: История России с древнейших времен. Т.5-6. – М., 1989. 783 с.
69. Перетяткович Г.И. Поволжье в XV и XVI вв. /Очерки из истории края и его колонизации. – М., 1877. 331 с.
70. Смирнов В.Д. Крымское ханство под верховенством Оттоманской Порты до начала XVIII в. – СПб., 1887. 797 с.
71. Сафаргалиев М.Г. Ногайская Орда в середине XVI в./Кандидатская диссертация/МГУ. Научная библиотека (қолжазбалық нұсқасы). – М., 1938. 185 с.
72. Сафаргалиев М.Г. Ногайская Орда во второй половине XVI в./Сб.науч.работ Мордовского гос.пед.инс-та/Отв.ред. Я.Д. Бетяев. – Саранск, 1949. С. 32-56.
73. Новосельский А.А. Борьба Московского государства с татарами в первой половине XVII в. – М.; Л., 1948. 447 с.
74. Жирмунский В.М. Эпические сказания о ногайских богатырях в свете исторических источников//Избранные труды: Тюркский героический эпос. – Л., 1974. 727 с.
75. Поноженко Е.А. Общественно-политический строй Ногайской Орды в XV – середине XVII в./Автореферат кандидатской диссертации. – М., 1977. 24 с.
76. Поноженко Е.А. Общественный строй ногайцев в XV – середине XVII в.// Вестник МГУ. Сер.11: Право. 1977. №4. С. 92-96.
77. Поноженко Е.А. Политический строй ногайцев в XV – середине XVII в.// Изв. АН Туркменской ССР. Сер. обществ. наук. – Ашгабат, 1987. №6. С. 33-41.
78. Ахметзянов М.И. Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар// Идель, Казань, 1994. №3-4. С. 32-40.
79. Исхаков Д.М. От средневековых татар к татарам Нового времени (этнологический взгляд на историю волго-уральских татар XV- XVII вв.) – Казань, 1998. 276 с.
80. Усманов М.А. О трагедии эпоса и трагедиях людских//Идегей: Татарский народный эпос/Пер. С. Липкина. – Казань, 1990. С. 247-254.
81. Худяков М.Г. Очерки по истории Казанского ханства. 3-е изд., доп. – М., 1991. 320 с.

82. *Худяков М.Г.* Очерки по истории Казанского ханства. – М., 2004. 280 с.
83. *Кузеев Р.Г.* Происхождение башкирского народа/Этнический состав, история расселения. – М., 1974. 572 с.
84. *Кузеев Р.Г.* Народы Среднего Поволжья и Южного Урала/Этногенетический взгляд на историю. – М., 1992. 347 с.
85. *Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан.* – Астана, 2004. 179 б.
86. *Сембі М.К.* Тюркский меридиан/Жыр жолдарын орысшадан қазақшаға аударған З. Жандарбек – Алматы, 2002. С. 5-6.
87. *Султанов Т.И.* Кочевые племена Приаралья в XV- XVII вв./Вопросы этнической и социальной истории. – М., 1982. 134 с.
88. *Канаев И.С.* Бессмертная степь/Историческое эссе. – Астана, 2008. 520 с.
89. *Калмыков И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И.-М.* Ногайцы/Историко-этнографический очерк. – Черкесск, 1983. 232 с.
90. *Сикалиев А.И.-М.* Ногайский героический эпос. – Черкесск, 1994. 328 с.
91. *Ұәлиханов Ш.* Алтышаңарға сапар. – Алматы, 2006. 304 б.
92. *Миллер Г.Ф.* Описание Сибирского царства и всех произошедших в нем дел от начала...по сии времена. – СПб., 1787. 406 с.
93. *Ұәлиханов Ш.* Қазақ шежіресі//Алтышаңарға сапар. – Алматы, 2006. 29-47 бб.
94. *Тынышбаев М.* Таңдамалы/Избранное. – Алматы, 2001. 332 б.
95. *Тынышбаев М.* Мырза Едіге батыр/Ертедегі Едіге мен тарихтағы Едіге//«Сана» журналы, 1924, №2-3. 38-45 бб.
96. *Тынышбаев М.* История казахского народа/Сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байгалиев. – Алматы, 2002. 224 с.
97. *Ермұханов Б.* Сарайшық – ногайлының астанасы//«Ақықат», 1997, №2. 82-89 бб.
98. *Ермұханов Б.* Сарайшық – Қазақ хандығының астанасы//Сарайшық билеушілері мен батырлары/Жинак. Құраст. Қ. Орынгали. – Алматы, 2004. 65-92 бб.
99. *Әл-Құланды А.Қ.* Ұранға шыққан Бақтыбай/Деректі-ғылыми зерттеу. – Алматы, 2010. 43-87 бб.
100. *Егоров В.П.* Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. – М., 1985. 246 с.
101. *Кочекаев Б.А.-Б.* Ногайско-русские отношения в XV- XVIII вв. – Алматы, 1988. 272 с.
102. *Исин А.И.* Казахско-ногайское соперничество в первой половине XVI в./Вопросы истории Казахстана в русской дворянско-буржуазной и современной историографии советологов. – Алма-Ата, 1985. С. 37-49.
103. *Исин А.И.* Взаимоотношения между Казахским ханством и Ногайской Ордой в XVI в./Автореферат кандидатской диссертации. – Алма-Ата, 1988. 25 с.
104. Алтын Орданың құрылудынан құлауына дейін/Мақалалар. Ауд., құраст. Н. Қазыбек. – Алматы, 1998. 128 б.
105. *Физатов Ж.* Сарайшық – астана қала. – Ақтөбе, 2004. 192 б.
106. *Сарай Ә.* Ноғайлы/зерттеу. – Алматы, 2009. 480 б.
107. *Сарай Ә.* Ноғайлының рухани өмірі//Егемен Қазақстан, 2010. 16-ақпан, 6 б.; 17-ақпан, 5 б.

108. Зайончковский А. Летопись Кигчакской степи (Таварих-и Дешт-и Кипчак) как источник по истории Крыма//Восточные источники по истории народов Юго-Восточной и Центральной Европы/Ред. А.С.Тверитина. Т. 2. – М., 1969. С. 10-28.
109. Шильтбергер И. Путешествие по Европе, Азии и Африке с 1394 года по 1427 год/Пер. со старонемец. Ф.К. Бруна. Изд., ред., примеч. З.М. Буняитова. – Баку, 1984. 87 с.
110. Клавихо Р.Г. Дневник путешествия в Самарканд ко двору Тимура (1403-1406). Пер. со староисп., предис., comment. И.С. Мироковой. – М., 1990. 211 с.
111. Путешествие в Тану и Персию//Барбаро и Контиарини о России: К истории итalo-русских связей в XV в./Вступ. ст., подгот.текста, пер., comment. Е.Ч. Скрижинской. – Л., 1971. С. 113-161.
112. Броневский М. Описание Крыма//ЗООИД, 1867. Т. 6. С. 333-367.
113. Описание перекопских и ногайских татар, черкесов, мингрелов и грузин Жан де Люка, монаха доминиканского ордена (1625)//ЗООИД. 1879. Т. 11. С. 473-493.
114. д'Асколи Э.Д. Описание Черного моря и Татарии//ЗООИД, 1902. Т. 24. С. 89-180.
115. Описание Украины Боплана: 1630-1648/Пер. К. Мельник//МЮР. Вып. 2 (1-половина XVII ст.). Ред. В. Антонович. – Киев, 1896. С. 289-388.
116. Герберштейн С. Записки о Московии/Пер. с нем. А.И. Малеина, А.В. Назаренко. Вступит. ст. А.Л. Хорошевич. Под ред. В.Л. Янина. – М., 1988. 430 с.
117. Итальянец о России XVI в./Франческо да Колло. «Доношение о Московии»/Подг. текста, пер., comment. О. Симич. – М., 1996. 85 с.
118. Джсенкинсон А. Путешествие господина Антония Джениксона из города Москвы в России до города Бухары в Бактрии в 1558 г./АПМГ. 1937. С. 67-215.
119. Эвлия Челеби. Книга путешествия/Извлечения из сочинения турецкого путешественника XVII в. Вып. 1: Земли Молдавии и Украины. Сост. А.И. Желтяков. Предисл. А.Д. Желтякова, А.С. Тверитиновой, В.В. Мавродина. – М., 1961. 338 с.
120. Антони Джсенкинсон. Путешествие господина Антония Джениксона из города Москвы в России до города Бухары в Бактрии в 1558 г./АПМГ. С. 67-215.
121. Трапавлов В.В. Малая Ногайская Орда/Очерк истории (рукописный вариант). – М., 2002. С. 1-18.
122. Полосин И.И. Социально-политическая история России XVI-начале XVII в. – М., 1963. 358 с.
123. Флетчер Дж. О государстве Русском//Сочинение Флетчера/Пер. К.М. Оболенского. – СПб., 1905. 160 с.
124. Петрей де Ерлезунда П. История о Великом княжестве Московском/Пер. с нем. А.Н. Шемякина. – М., 1867. 590 с.
125. Масса И. Краткое известие о Московии в начале XVII в./Пер., примеч. и вводн. ст. А.А. Морозова. – М., 1937. 208 с.
126. Записки Станислава Немоевского (1606-1608)/Изд. А. Гиршберг//Титов А.А. Рукописи славянские и русские, принадлежащие И.А. Вахрамееву. Вып. 6. – М., 1907. С. 1-309.

127. Буссов К. Московская хроника. 1584-1613. – М., Л., 1961. 400 с.
128. Олеарий А. Описание путешествия в Московию и через Московию в Персию и обратно/Введ., пер., примеч. и указ. А.М. Ловягина. – Спб., 1906. 610 с.
129. Россия начала XVII в.: Записки капитана Маржерета/Сост. Ю.А. Лимонов, пер. Т.И. Шаспольской. – М., 1982. 256 с.
130. Меховский Матвей. Трактат о двух Сарматиях/Введ., пер. и comment. С.А. Аннинского. – М.; Л., 1936. 288 с.
131. Сүйіншілиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2006. 904 б.
132. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды//Ученые записки. Вып. XI. – Саранск, 1960. 276 с.
133. Ұлы Дала мемлекеттері. – Алматы, 2010. 216 б.
134. Исхаков Д.М. К вопросу об этносоциальной структуре татарских ханств (на примере Казанского и Касимовского ханств XV – сер. XVI в.)/Панорама – Форум. – Казань, 1995, №3. С. 95-107.
135. Калиновская К.П., Марков Г.Е. Ногайцы/этнокультурные проблемы и межнациональные отношения//Вестник МГУ. Сер. 8. История. 1991, №4, с. 59-70.
136. Очерки истории Ставропольского края. Т. 1. С древнейших времен до 1917 г./Ред. П.А. Шацкий, В.П. Невская. – Ставрополь, 1986. 462 с.
137. Утемиши-хаджи. Чингиз-наме/Факсимиле, пер., транскрипция, примеч., исслед. В.П. Юдина; comment. и указ. М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата, 1992. 296 с.
138. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы евразийских степей/Древность и средневековые. – СПб., 2000. 320 с.
139. Баскаров Н.А. Ногайский язык и его диалекты/Грамматика, тексты и словарь. – М.; Л., 1940. 272 с.
140. Викторин В.М. Правое и левое крыло Ногайской Орды в истории взаимодействия западных и восточных групп ногайцев//ОАИГРНО. С. 11-12.
141. Гумилев Л.Н. От Руси к России/Очерки этнической истории. – М., 1992. 336 с.
142. Сикалиев А.И.-М. Общество и герой в ногайском героическом эпосе//Традиции и современность (фольклор и литература народов Карачаево-Черкесии). Отв. ред. Н.С. Надырных. – Черкесск, 1980. С. 3-18.
143. Арсланов Л.Ш., Викторин В.М. Астраханские татары/История и этнический состав населения Астраханской области//МИТН. С. 335-366.
144. Ахметзянов М.И. Уральские татары: кто они?//Идель. – Казань, 1995. №11-12. С. 48-53.
145. Шенников А.А. Червленный Яр/Исследование по истории и географии Среднего Подонья в XIV-XVI вв. – Л., 1987. 142 с.
146. Бентковский И.В. Историко-статистическое обозрение инородцев-магометан, кочующих в Ставропольской губернии. Ч. 1. Ногайцы. – Ставрополь, 1883. 134 с.
147. Зайцев И.В. Астраханское ханство. – М., 2006. 436 б.
148. Исхаков Д.М. Родословные и эпические произведения как источник изучения истории сословий Улуса Джучии татарских ханств//Источниковедение истории Улуса Джучи. – Казань, 2002. С. 329-366.
149. Қондыбыай С. Есен – қазақ. – Алматы, 2006. 360 б.

150. Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. 110-152 б.
151. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей/Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева. – Алматы, 1996. 656 с.
152. Құрмансейітова А.Х. Ярлық Тохтамыш-хана к Польскому королю Ягайле и Эдиге//Развитие Ногайской Орды/Историко-географические аспекты. – Махачкала, 1993. С. 97-99.
153. Валиханов Ш. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. – Алма-Ата, 1961. 580 с.
154. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могульстаном и шайбанидами в последней трети XV века//Казахстан в эпоху феодализма. – Алма-Ата, 1981. С. 96-123.
155. Қазақстан тарихы/Энциклопедиялық анықтамалық (толықтырылған 2-басылым). – Алматы, 2010. 768 б.
156. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1998. 720 б.
157. Соловьев С.М. Чтения и рассказы по истории России/Сост. и вступ. ст. С.С. Дмитриева; Комм. С.С. Дмитриева и Л.П. Дойниковой; Ил. В.В. Лукашова. – М., 1989. 768 с.
158. Төреқұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы, 2006. 592 б.
159. Ұәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 1-т. – Алматы, 1985. 560 б.
160. Ұәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. 2-т. – Алматы, 1985. 492 б.
161. Плано Карпини и Гильом де Рубрук. Путешествие в Евразийские степи. – Алматы, 2003. – 240 с.
162. Салгарашұлы Қ. Қазақтың қылы тарихы/Роман-эссе. – Алматы, 1992. 304 б.
163. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы, 1996. 256 б.
164. Викторова Л.Л. Монголы: Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. 224 с.
165. Чингисхан и его империя/Вспомогательное пособие для учащихся, абитуриентов и студентов. – Алматы, 2006. 216 с.
166. Лубсандаанzan. Алтын шежіре/Екінші басылым. – Алматы, 2009. 224 б.
167. Лубсан Данзан. Алтын тобчи («Золотое сказание»)/Пер. с монг., введ., коммент. и прил. Н.П. Шастиной. – М., 1973. 440 с.
168. Егоров В.Л. Начальный период истории Ногайской Орды//ИГАРНО. С. 29-35.
169. Гумилев Л.Н. Древняя русь и Великая степь. – М., 1989. 764 с.
170. Вамбери Г. История Бохары или Трансоксания с древнейших времен до настоящего. Т. 2. – СПб., 1873. 228 с.
171. Фишер И.Э. Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевания сей земли российским оружием. – СПб., 1774. 632 с.
172. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. – М., 1996. 254 с.
173. Батур-Убуши-Тюмен. Сказание о дербен-ойратах//КИЛП. С. 13-48.
174. Габан-Шараб. Сказание об ойратах//КИЛП. С. 140-158.
175. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства: 1635-1758/2-е изд. – М., 1983. 332 с.

176. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). – Алма-Ата, 1970. 240 с.
177. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе/З-ші басылымы. – Алматы, 2004. 360 б.
178. Қазақ әдебиеті/Шығармалар. 6-т. – Алматы, 1964. 536 б.
179. Магаун M. Алласпан/Көне қазақ поэзиясының антологиясы. XV-XVIII ғасырлар. – Алматы, 2006. 312 б.
180. Магаун M. Аласапыран/Тарихи роман. Екінші кітап. – Алматы, 2009. 416 б.
181. Адамбаев Б. Қазақ шешендері. – Алматы, 2008. 304 б.
182. Батырлар жыры. 2-т. – Алматы, 2006. 280 б.
183. Батырлар жыры. 1-т. – Алматы, 2006. 256 б.
184. Батырлар жыры. 4-т. – Алматы, 2007. 320 б.
185. Батырлар жыры. 5-т. – Алматы, 2007. 352 б.
186. Сыдықұлы Қ. Өмір өрнектері/Тандамалы зерттеулері. – Алматы, 2006. 384 б.
187. Толысбай К. Асан Қайғы. – Алматы, 2006. 284 б.
188. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1931. 138-187 66.
189. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6-т./Бас ред. Б. Аяған. – Алматы, 2004. 696 б.
190. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005. 544 б.
191. Исин А.И. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в. – Семипалатинск, 2002. 340 с.
192. Тарих тағылымы/У берегов Прикаспийской истории. – Алматы, 2000. 328 б.
193. Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья. – М., 1994. 232 с.
194. Өскенбай Қ. Ақ Орда мемлекеті//Қазақ мемлекеттілігінің тарихы/ Ежелгі және ортағасырлық кезең. Монографиялық зерттеу. – Алматы, 2007. 278-367 66.
195. Закиров С. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М., 1966. 402 с.
196. Есенберлин I. Қошпендері/Тарихи трилогия. – Алматы, 2006. 912 б.
197. Есенберлин I. Қошпендері/Трилогия. – Алматы, 1976. 788 б.
198. Канаев И. Упывающие тени. – Ставрополь, 1999. 264 с.
199. Маданов X. Қазақ халқының арғы-бергі тарихы. – Алматы, 1995. 256 б.
200. Қазақстан тарихы этникалық зерттеудерде/Т.В. Тама. – Алматы, 2009. 433 б.
201. Ногайлы жырлары. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005. 544 б.
202. Керейтов Р.Х. Ногайская Орда и вопросы ее этнического состава/ИГАР-НО, 19-28 66.
203. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности//Живая Старина, 1896. Вып. 3-4. С. 277-456.
204. Ногайдынъ кырк баятири//Ногай халк дастанлары/Дестанларды йыйган, баспага альзирлеген, йыйынтыкты тъузген, кирис соьзин эм соьзлигин язган А. Сикалиев. – Махачкала, 1991. 158 б.
205. Акты времени правления царя Василия Шуйского (1606-17 июля 1610 г.)/ Собр. и ред. А.М. Гневушев. – М., 1914. 421 с.
206. Арсланов Л.Ш., Викторин В.М. Кто такие астраханские ногайцы//Политическая агитация. 1988, №20. С. 11-15.

207. Галлэмов Р.Ф. Казан арты тарихында нугайлар//Казан утлары. 1994, №9. С. 175-176.
208. Самарская летопись/Очерки истории Самарского края с древнейших времен до начала ХХ в. Кн. 1: Самарский край с древнейших времен до середины XIX в. Ред. П.С. Кабытов, Л.В. Храмков. – Самара, 1993. 220 с.
209. Кузеев Р.Г. Численность башкир и некоторые этнические процессы в Башкирии в XVI-XX вв.//АЭБ. Т.3/Отв. ред. Р.Г. Кузеев. 1968. С. 327-370.
210. Кузеев Р.Г. Историческая этнография башкирского народа. – Уфа, 1978. 264 с.
211. Тортика А.А., Мухеев В.К., Кортиев Р.И. Некоторые этнолого-демографические и социальные аспекты истории кочевых обществ//ЭО, 1994, №1. С. 49-62.
212. Эхмэтжанов Р.Г. «Жәмигъ-эт-тәварих» нын оригинал өлешендергә этносоциаль терминнар турында//Татар теле һәм әдәбияты. 6-чы китап/Ред. А.Г.Ахмадуллин, Н.Б. Бурганова, А.М. Шарипов. – Казан, 1977. С. 44-50.
213. Башкирские шежере/Сост., пер. текстов, введ. и comment. Р.Г. Кузеева. – Уфа, 1960. 304 с.
214. Толстова Л.С. Исторический фольклор каракалпаков как источник для изучения этногенеза и этнокультурных связей этого народа//Этническая история и фольклор. Отв. ред. Р.С. Липец. – М., 1977. С. 141-164.
215. Бушев П.П. История посольств и дипломатических отношений Русского и Иранского государств в 1586-1612 гг. (по русским архивам). – М., 1976. 478 с.
216. Анпилогов Г.Н. Новые документы о России конца XVI-начала XVII в. – М., 1967. 542 с.
217. Путешествия русских послов XVI-XVII вв./Статейные списки. Подг. текстов Я.С. Лурье, Р.Б. Мюллер. Отв. ред. Д.С. Лихачев – М.; Л., 1954. 490 с.
218. Акты времени Лжедмитрия 1-го (1603-1606 гг.)/Ред. Н.В. Рождественский. – М., 1918. 328 с.
219. Новосельский А.А. Из истории донской торговли в XVII в.// ИЗ. 1948. Т. 26. С. 198-216.
220. Гераклитов А.А. История Саратовского края в XVI-XVIII вв. – Саратов, 1923. 374 с.
221. Потанин Г.Н. Тюрская сказка о Идыге//Живая старина. – СПб., 1897. Вып. III-IV. С. 294-350.
222. Диваев А. Мурза Эдыге батыр//Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Том V. – Ташкент, 1896. С. 12-32.
223. Мелиоранский П.М. Сказание об Едигей и Токтамыш//Записки Императорского Русского Географического Общества по отделению этнографии/Приложение к тому XXIX. – СПб., 1905. С. 26-34.
224. Эуэзов М. Едіге батыр әңгімесінің мәнісі//Шығармаларының елу томдық жинағы. 4-т. – Алматы, 2001. 63-65 бб.
225. Сейфуллаұлы С. Қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. 155-186 бб.
226. Марғұлан А.Х. «Едыге» и «Орак-Мамай»//Литература и искусство Казахстана. 1940. №2. С. 92-97.
227. Кенжебаев Б. «Едіге жыры» туралы//Әдебиет және искусство. 1940. №7-8. 91-97 бб.

228. Бартольд В.В. Отец Едигея//Сочинения. Том II. Часть I. – М., 1963. С. 797-804.
229. Бердібаев Р. «Едіге батыр» жыры туралы/Тарихнама, генезис, жанр мәселелері// Жас қаламгер. 2008. №1. 228-261 бб.
230. Қазак әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы, 2008. 812 б.
231. Омарбеков Т. Едіге тағдырына жаңа көзқарас қажет//Қазак әдебиеті, 2004. 2 шілде. №26. 10-11 бб.
232. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. 3/Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 2001. 720 б.
233. Аян Нысаналы. Еділ-Жайықты ен жайлаған Ер Едіге//Алтын Орда, 2002. №32. 12 б.
234. Кужелева Л.Н. Ногайцы//Народы Кавказа. Т. 1. Отв. ред. С.П. Толстов. – М., 1960. С. 391-402.
235. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1 (V в. до н.э.- XVII в. н.э.)/Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте. 2-е изд. – Алматы, 1997. 383 с.
236. Родословная книга Великого Российского государства великих князей...//ВМОИДР. 1851. Кн. 10. С. 1-130.
237. Муин ад-Дин Натанзи. Мунтахаб ат таварих-и Муини. – Техран. 1336/1957. 505 с.
238. Кононов А.Н. Родословная туркмен/Сочинение Абу-л-Гази, хана Хивинского. – М., Л., 1958. 288 с.
239. Идигей/Татарский народный эпос. – Казань, 1990. 121 б.
240. Радлов В.В. Ярлыки Токтамыша и Темир Кутлууга//ЗВОРАО. 1888. Т. 3. Вып. 1-2. С. 1-40.
241. Диваев А.А. Этнографические материалы/Вып. 5. – Ташкент, 96 с. Самойлович А.Н. Вариант сказания о Едигее и Токтамыше//ТС. 1972. Ред. А.Н. Кононов. – М., Л., 1973. С. 186-211.
242. Абдураззок Самарқандий. Матлаи саъдайн ва мажман Бақрайн/Пер. узбекск., предисл., примеч., глоссарий А. Урунбаева. – Ташкент, 1969. 464 с.
243. Нұғыманов Б. Едіге//Егемен Қазақстан. 2003, 29 қантар. 5 б.
244. Үрманче Ф. Едіге/Ғылыми-танымдық очерк. – Азия Транзит, 2006. №3. 18-22 бб.
245. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – М., 2006. №4. 864 с.
246. Үрманче Ф. Едіге/ғылыми-танымдық очерк. Азия Транзит, 2006. 17-21 бб.
247. Асанов Ж.А. Едіге. – «Жүлдүз» журналы, 2008. № 9. 51-59 бб.
248. Гумилев Л.Н. От Руси к России. – М., 2004. 392 с.
249. Мизун Ю.В., Мизун Ю.Г. Ханы и князья. – М., 2005. 336 с.
250. Груссе Р. Империя степей. Аттила, Чингисхан, Тамерлан. Т. II/Пер. с франц. Х.К. Хамраева. Сост. Б.М. Сужиков. – Алматы, 2005. 336 с.
251. Якубовский А.Ю. Тимур/Властелин Евразии. – Алматы, 2006. 366 с.
252. Лянглэ Л. Жизнь Тимура/Властелин Евразии. – Алматы, 2003. 366 с.
253. Диваев Ә. Тарту. – Алматы, 1992. 256 б.
254. Гумилев Л.Н. От Руси до России/Очерки этнической истории. – Алматы, 2003. 256 с.

255. Сәтбаев К. Ер Едіге. – Алматы, 1995. 152 б.
256. Бердібай Р. Едіге би/Аңыз бен ақиқат. – Егемен Қазақстан, 2001. 11 кыркүйек. 4 б.
257. Омарбеков Т. Едіге тағдыры – ел тағдыры. – Ақиқат, 1993. №8. 53-57 66.
258. Едіге батыр/Ғылыми басылым. – Алматы, 1996. 368 б.
259. Бердібай Р. Алғысөз//Едіге батыр жыры. – Алматы, 1999. 3-48 66.
260. Валиханов Ч.Ч. Эдигей//История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. IX том. – Алматы, 2007. С. 152-178.
261. Есжанов С. Едіге би мен баласы Шоң би. – Ақиқат, 2009. №10. 103-104 66.
262. Бердібай Р. Едіге би//Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер, зерттеулер/Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. 3-т. – Алматы, 2004. 616 б.
263. Сәтбаев Қ.И. Таңдамалы. 1 томдық/Құраст. К.А. Ақышев, Т.М. Әлжсанов. 2-ші бас. – Шымкент, 2007. 384 б.
264. Сәтбаев Қ.И. Ер Едіге. – М., 1927//Ғылым мен мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы, 1989. 351-391 66.
265. Бабалар сөзі/Жұз томдық. 39-т.: батырлар жыры. – Астана, 2006. 448 б.
266. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VI, VII. – СПб., 1866-1872. С. 35-121.
267. Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – СПб., 1904. С. 224-225.
268. Семенов Н.А. Туземцы Северо-Восточного Кавказа. – СПБ., 1895. С. 469-481.
269. Османов М. Ногайские и кумыкские тексты. – СПб., 1883. С. 32-49.
270. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского статистического комитета. Т.5/Под редакцией и п. Секретариата Комитета И.И. Бейсера. – Ташкент, 1896. С. 12-33.
271. Мырза Едіге батыр//Батырлар. Жетінші жинақ. – Ташкент, 1922. С. 118-133.
272. Сказание об Едигее и Тохтамыше/Каракалпакская народная поэма. Сообщение И.А. Беляева//Протоколы заседаний и сообщений членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. Вып. 3. – Ашхабад, 1917. С. 95-125.
273. Едіге//Батырлар жыры. 5-т./Құрастырып, алғысөзі мен түсініктемелерін жазғандар Қ. Сыздықов, О. Нұрмагамбетова. – Алматы, 1989. 79-96 бб.
274. Ер Едіге//Көпеев М.К. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері/Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған С. Дауітов. – Алматы, 1992. 77-83 бб.
275. Ер Едіге//Қазақтың батырлық эпосы/Құрастыруышы С. Дауітов. – Алматы, 1992. 14-20 бб.
276. Магаунин Е. Едіге – халық эпосы. – Алматы, 1993. 64-74 бб.
277. Ер Едіге/Құрастыруышы F. Батырбеков. – Алматы, 1995. 9-44 бб.
278. Тынышбаев М. Мырза Едіге батыр/Ертедегі Едіге мен тарихтағы Едіге// Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. – Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования. 10 томдық/Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – Алматы, 2004. 151-157 бб.

279. Едіге//Батырлар жыры. 2-т. – Алматы, 2006. 227-254 бб.
280. Қондыбай С. Манғыстау-наме/Зерттеу. – Алматы, 2006. 444 б.
281. Едіге батыр жыры/Жинаған, құрастырып баспаға дайындаған, ғылыми түсініктерін жазған О.Ә. Нұрмагамбетова. – Алматы, 1999. 363 б.
282. Қопейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі/2-басылым толық. – Астана, 2007. 233 б.
283. Едіге би//Терекұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы, 2006. 34-43 бб.
284. Қазақ Совет энциклопедиясы. 2-т./Бас ред. М.Қ. Қаратасев. – Алматы, 1972. 720 б.
285. Жамекұлы М. Байырғы Бабата/Древняя Бабата. – Алматы, 1997. 152 б.
286. Ежелгі дәуір әдебиеті. 2-кітап/Құраст. А. Қыраубаева. – Алматы, 1991. 324 б.
287. Қазыналы қара шаңырақ. – Алматы, 1996. 314 б.
288. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. 402 б.
289. Қошым-Ногай Б.С. Тіл ұшындағы тарих/Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шылқаны туралы. – Алматы, 2003. 496 б.
290. Исин А. Батыс Қазақстандағы этносаяси процесстер: Ногай Ордасы және қазақтар//Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең) / Монографиялық зерттеу. – Алматы, 2007. 296-325 бб.
291. Трепавлов В.В. Ногайская Орда//Сарайшық билеушілері мен батырлары. Жинак/Құраст. Қ. Орынғали. – Алматы, 2004. 221-283 бб.
292. Ибн Арабшах. Аджа иб ал-Макдур фи нава иб Тимур/Чудеса предопределения в судьбах Тимура/История Казахстана в арабских источниках. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном/Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е. Күмекова, А.К. Муминова. – Алматы, 2005. С. 329-348.
293. Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII- XVIII вв.– Казань, 1972. 223 с.
294. Әхмәтжанов М.И. Нугай урдасы һәм аның татар этник тарихына мәнәсәбәте//Из истории Золотой Орды. Отв. ред. Г.Ф. Валеева-Сулейманова. – Казань, 1993. С. 142-160.
295. Тынышпаев М. Конец Золотой Орды и история образования Казахского ханства//Великие бедствия...(Актабан-Шубырынды). – Алма-Ата, 1992. 152 с.
296. Сыроечковский В.Е. Мұхаммед-Герай и его вассалы//УЗ МГУ. Вып. 61: История. 1940. Т. 2. С. 3-71.
297. ЦГАДА (Центральный государственный архив древних актов), 127. Ногайские дела за 1626 г. Кн. 1. Л. 440.
298. Акты времени междуцарствия (1610 г. 17 июля-1613 г.). Ред. С.К. Богоявленский, И.С. Рябинин. – М., 1915. 240 с.
299. Батырлар жыры. 3-том. – Алматы, 2006. 296 б.
300. Әбу-л-Ғазы Бақадұр хан. Шежіре-йи-түрк//Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. V том: XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы, 2006. 174-213 бб.
301. Трепавлов В.В. Институт кековатства в Ногайской Орде//Проблемные вопросы истории Западного Казахстана. Отв. ред. М.К. Козыбаев. – Гурьев, 1991. С. 62-64.

302. Беляев И.А. Сказание об Едигее и Тохтамыше: Каракалпакская народная поэма//Протоколы заседаний и сообщения членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. Вып. 3. Асхабад. 1917. С. 1-39 (отд. паг.).
303. Шихаб әд-Дин Ахмад ибн Мұхаммад ибн Арабшах. Аджаиб ал-макдур фи ахбар Тимур. – Каир, 1305/1887-88. 252 с.
304. Трепавлов В.В. Нұрадины Ногайской Орды//ИГАРНО. 1993. С. 43-61.
305. Аданьев Г. Карангайские исторические предания//Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. Вып. 27. – Тифлис, 1900. С. 1-38 (отд. паг.)
306. Валиханов Ч.Ч. Идиге (джир)//Соч. – СПб., 1904. С. 222-264.
307. История о Казанском царстве (Казанский летописец). Изд. Г.З. Кунцевич. – СПб., 1903 (ПСРЛ. Т. 19). 460 с.
308. Очерки истории СССР: Период феодализма IX-XV вв. Ч. 2: XIV-XV вв. Ред. Б.Д. Греков и др. – М., 1953. 811 с.
309. Очерки истории Карабаево-Черкесии. Т. 1: С древнейших времен до Великой Октябрьской социалистической революции. Ред. В.П. Невская и др. – Ставрополь, 1967. 600 с.
310. Патриаршая или Никоновская летопись. Ред. С.Ф. Платонов. – СПб., 1897 (ПСРЛ. Т.11). 254 с.
311. Посольские книги по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1549 гг. Подгот. Текста Н.М. Рогожина. – Махачкала, 1995. 356 с.
312. Рудановский А.О. О Карангайской степи и кочующих на ней племенах//Кавказ. Тифлис, 1863. № 48. С. 301-302; № 50. С.313-314.
313. Семенов Н.А. Яммай/Прозаический перевод ногайской поэмы времен хана Токтамыша //Кавказ. Тифлис, 1885. № 276.
314. Озғанбаев Ә. Жыраудың қырық батыры//Егемен Қазақстан, 2009. 7-қазан, 5 б.
315. Сарай Ә. Ногайлының рухани өмірі//Егемен Қазақстан, 2010. 16-ақпан, 6 б.
316. Сарай Ә. Ноғайлыштың рухани өмірі//Егемен Қазақстан, 2010. 17-ақпан, 5 б.
317. Нұрадын// Батырлар жыры. 2-том. – Алматы, 2006. 255-278 бб.
318. Воскресенская летопись (продолжение летописи по Воскресенскому списку). Подг. к изд. А.Ф. Бычков. – СПб., 1859 (ПСРЛ. Т. 8). 310 с.
319. Карамзин Н.М. История государства Российского. – М., 2006. 992 с.
320. Барбаро И. Путешествие в Тану и Персию//Барбаро и Контарини о России: К истории итало-русских связей в XV в. Вступ. ст., подгот. текста, пер., коммент. Е.Ч. Скрягинской. – Л., 1971. С. 113-161.
321. Патриаршая или Никоновская летопись. Ред. С.Ф. Платонов. – СПБ., 1904 (ПСРЛ. Т. 13. Ч. 1). 302 с.
322. Әбілгазы-Бахадүр хан. Түрік шежіресі//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 3-том: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 195-214 бб.
323. Ал-Хаджи Абд ал-Гаффар Қырыми. Умдат ат-таварих.– Истанбул, 1343/1924-25. 230 с.
324. Венециан аксүйегі Иосафат Барбароның Тан жеріне жасаған саяхаты//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 3-том: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана, 2005. 448-480 бб.

325. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. 195 с.
326. *Масуд ибн Усман Кухистани*. Тарих-и Абу-л-Хайр хани. Пер. С.К.Ибрагимова//МИКХ, 1969. С. 140-171.
327. *Ходжасанкули-бек Кипчакхан*. Тарих-и Кипчаки. Пер. В.П. Юдина//МИКХ, 1969. С. 389-397.
328. Сарайшық билеушілері мен батырлары. Жинақ/Құраст. Қ. Орынғали. – Алматы, 2004. 320 б.
329. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005. 544 б.
330. *Гийас ад-Дин ибн Хумам ад-Дин Хондемир*. Тарих-и хабиб ас-сийар фи ах-бар афрад ал-башар. Т. 4. – Техран, 1333/1954. 796 с.
331. *Мұхаммед Ҳовенд-Шах Мирхонд*. Раузат ас-сафа («Тазалық бақшасы»)// Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана, 2005. 318-349 бб.
332. Әбілқасымов Б. Әбілгазы ханның «туркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001. 246 б.
333. Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1508 гг. Подгот. текста, вступ. ст. М.П. Лукичева и Н.М. Рогожина. – М., 1984. 99 с.
334. Ананьев Г. Карапогайцы и их предания//Сборник сведений о Северном Кавказе. Т. 2. Ред. Г.Н. Подозрителев. – Ставрополь, 1909. С. 1-22 (отд. паг.).
335. *Шир-Мұхаммед ибн Әмір Ауад-би мираб*. Фирдаус әл-иқбап/Қазақстан туралы түркі деректемелері. 5-том: XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы, 2006. 239-294 бб.
336. Молла Шади. *Фатх-наме*. Пер. О.Ф. Акимушкина, В.П. Юдина//МИКХ, 1969. С. 44-90.
337. Березин И.Н. Шейбаниада: История монголо-турков на джагатайском диалекте. – Казань, 1849. 342 с.
338. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т. 1. – М., Л., 1937. 614 с.
339. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков: Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.) Том 1. Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словников указателей. А. Исина. – Алматы, 2005. 704 с.
340. Архангелогородский летописец. – М., 1782. 273 с.
341. Небольсин П.И. Очерки Волжского низовья. – СПб., 1852. 197 с.
342. Григорьев А.П. Шибаниды на Золотоордынском престоле//УЗ ЛГУ. № 417. Сер. востоковед. наук. Вып. 27. Востоковедение. Вып. 11: Филологические исследования. 1985. С. 160-182.
343. *Марджсани Шихабуддин*. Қазан ńэм Болгар хәлләре турында файдаланылган хәбәрләр. – Казань, 1989. 415 с.
344. Патриаршая или Никоновская летопись. Ред. С.Ф. Платонов. – СПб., 1901. Т. 12. 266 с.
345. Разрядная книга. 1475-1598 гг. Подгот. текста, вводн. ст., ред. В.И. Буганова. – М., 1966. 614 с.
346. Разрядная книга. 1475-1605 гг. Н.Г. Савич. Т. 1. Ч. 1-3. – М., 1977-1978. 610 с.
347. Батырлар жыры. Мұрын жыраудан жазылған мұралар. 6 том. – Алматы, 1990. 263-265 бб.

348. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымскою и Ногайскою Ордами и с Турцией. Т. 1. Ред. Г.Ф. Карпов. – СПб., 1884 (Сборник Русского исторического общества. Т. 41). С. 74-513.
349. Довнар-Запольский М.В. Литовские упоминки татарским ордам: Скарбовая книга метрики литовской 1502-1509 гг. – Симферополь, 1898. 91 с.
350. Ногайские книги и столбцы (РГАДА, ф. 127, оп. 1). Д. 6, Л. 213-213 об.
351. Башкирское народное творчество. Т. 2: Предания и легенды. Сост., вступ. ст., comment. Ф.А. Надришиной. – Уфа, 1987. 576 с.
352. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымскою и Ногайскою Ордами и с Турцией. Т. 2. Ред. Г.Ф. Карпов и др. – СПб., 1895 (Сборник Русского исторического общества. Т. 95). С. 70-80.
353. Долгоруков П.Д. Российская родословная книга. Ч. 2. – СПб., 1855. 327 с.
354. Крымские книги (РГАДА, ф. 123, оп.1). Д. 11. Л. 230 об.
355. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазак елінің тарихы//Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған окулық. – Алматы, 2010. 336 б.
356. Базилевич К.В. Внешняя политика Русского централизованного государства. Вторая половина XV в. – М., 1952. 543 с.
357. Алексеев Ю.Г. Освобождение Руси от ордынского ига. – Л., 1989. 219 с.
358. Вологодско-Пермская летопись. Ред. М.Н. Тихомиров. – М.; Л., 1959 (ПСРЛ. Т. 26). 412 с.
359. Татищев В.Н. История Российской. Т. 6. – М.; Л., 1966. 438 с.
360. Летописный свод 1497 г./ПСРЛ. Т. 28. Отв. ред. М.Н. Тихомиров. – М.; Л., 1963. С. 13-163.
361. Летописный свод 1518 г. (Уваровская летопись)//ПСРЛ. Т. 28. Отв. ред. М.Н. Тихомиров. – М.; Л., 1963. С. 167-357.
362. Магауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. – Алматы, 2006. 264 б.
363. Бартольд В.В. Сочинения. Том II. Часть 1. – М., 1963. С. 753-754.
364. Бартольд В.В. Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира. – Баку, 1925. 362 с.
365. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч. II. – СПб., 1864. 262 с.
366. Магауин М. Аласапыран/Тарихи роман. Бірінші кітап. – Алматы, 2009. 496 с.
367. Акты, относящиеся к истории Западной России, собранные и изданные Археографическою комиссию. Подгот. к изд. И. Григорович. Т. 2. 1506-1544. – СПб., 1848.
368. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық/Құраст. М. Магауин, М. Байділдаев. – Алматы, 1989. Т.1. 384 б.
369. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық/Құраст. Есенбай Дүйсенбайұлы. – Алматы, 2008. 1-том. 400 б.
370. Инальчик Х. Хан и племенная аристократия: Крымское ханство под управлением Сахиб-Гирея//Панорама-Форум. – Казань, 1995. № 3. С. 73-94.
371. Садур В.Г. Межэтнические контакты и этническая неоднородность татарского населения СССР//География и культура этнографических групп татар в СССР. Ред. О.А. Кибальчич. – М., 1983. С. 3-18.

372. Булатов А.Б. Некоторые материалы о ногайско-татарских связях в прошлом//МТД. С.186-190 (Материалы по татарской диалектологии. Ред. М.З. Закиев, Л.Т. Махмутова. – Казань. 1974).
373. Сафаргалиев М.Г. Заметки об Астраханском ханстве//Сб. статей преподавателей пед.института. Ред. М.И. Романов. – Саранск, 1952. С. 28-51.
374. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан//Соч. Т. 8. –М., 1973. С. 119-210.
375. Алишев С.Х. Москва и Казань: Межгосударственные отношения в XV-XVI вв. – Казань, 1995. 160 с.
376. Дәуренбекұлы Ж., Құттыбайұлы С. Алты ата Әлім/ Шежіре. – Алматы, 1992. 32 с.
377. Усенбаев Т. Алшын шежіресі. – Қызылорда, 2003. 464 б.
378. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. – Алматы, 1993. 168 б.
379. Құнтөлеуов А. Аталар аруагы/Қысқаша тарихи-эссе. – Алматы, 1997. 160 б.
380. Матқанов М. Жангелді шежіресі/Айдаралы, Таласбай, Бөгембай, Құттыбай, Құдас шежіресі. – Ақтөбе, 2005. 453 б.
381. Шашаров Ә. Қабақ Бақтыбай баласы Құдас ұрпактарының шежіресі. – Алматы, 2010. 196 б.
382. Әлиұлы Ж. Ағайын – алтын қазына/Шежіре. – Алматы, 2009. 184 б.
383. Замана перзенті. Қуанышбай Мәмбетов туралы естелік баян/Құраст. А.Қ. Әл-Құланды. – Алматы, 2010. 264 б.
384. Әulet әлемі/естелік лебіздер, өлеңдер, ой-пікірлер. – Алматы, 2011. 376 б.
385. Шекті Мөңке би Тілеуұлы/Құраст. К. Төлеубайұлы. – Ақтөбе, 2008. 432 б.
386. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. В том: XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы, 2006. 440 б.
387. Крымские книги (РГАДА, ф. 123, оп. 1). Д.8, Л. 20 об.
388. Трапавлов В.В. Сарайчук: переправа, некрополь, столица, развалины...// Сарайшық билеушілері мен батырлары. Жинақ/Құраст. К. Орынгали. – Алматы, 2004. С. 284-302.
389. Посольские материалы Русского государства (XV-XVII вв.). Том 1. Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словников указателей А. Исина. – Алматы, 2005. 704 с.
390. Урусов К.С.-Б. К истории рода Урусовых/Фамильная хроника. – М., 1993. 55 с.
391. Қобда: Тарих пен тағылым мекені/Идея авторы және жобаның жетекшісі М. Жекеев. – Алматы, 2009. 366 б.
392. Әуелбек Қоңыратбаев және тіл тарихы мәселелері//Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары/Жалпы ред. басқ. Б. Омаров. – Алматы, 2005. 296 б.
393. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы, 1987. 495 б.
394. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы//Он томдық. Құраст. С. Қалиев, К. Аюбай. 4 том: XV-XVIII ғғ. билер мен ақын-жыраулар тағылымы. – Алматы, 2007. 464 б.
395. Қобыланды Батыр. – Батырлар жыры. 1-том. – Алматы, 2006. 256 б.

396. Трепавлов В.В. Ногай в Башкирии XV-XVII вв. Княжеские роды ногайского происхождения. – Уфа, 1997. 72 с.
397. Трепавлов В.В. Некоторые проблемы политической истории Башкортстана ногайского периода//Башкортстан в XVI-XVIII вв. Отв. ред. И.М. Акубатов. – Уфа, 1996. С. 3-6.
398. Кузеев Р.Г. Башкирские шежере о присоединении Башкирии к Русскому государству//СЭ. 1957. № 4. С. 3-12.
399. Аяган Б.Ф., Эбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы/Құрылуды, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы, 2011. 320 б.
400. Зайцев И.В. Посольство из Казани в Крым//Сб. работ молодых сотрудников и аспирантов. Вып. 1. Отв. ред. Д.Д. Васильев . – М., 2000. С. 84-98.
401. Мұхаммед Х.Д. Тарих-и-Рашиди. – Алматы, 2003. 616 б.
402. Бәйменеше С. Болмысы бөлек би баба//Шекті Мөңке би Тілеуұлы/Құраст. К. Төлеубайұлы. – Ақтөбе, 2008. 322-342 беттер.
403. Елеусізұлы Қ. Тілеу батыр/Тарихи танымдық жинақ. – Алматы, 2007. 160 б.
404. Әл-Құланды А.Қ. Ұранға шыққан Бақтыбай/Деректі-ғылыми зерттеу. – Алматы, 2010. 476 б.
405. Неталиев М. Кіші жүздің шежіресі/Тарихи-этнографиялық зерттеу. – Алматы, 2007, 292 б.
406. Ата-анаң – асқар биігің. – Алматы, 2010. 256 б.
407. Әл-Құланды А.Қ. Ғибратты ғұмыр//Замана перзенті. Қуанышбай Мәмбетов туралы естелік баян. – Алматы, 2010. 13-64 бб.
408. Асанов Ж. Тілеу Айтұлы туралы//Шекті Мөңке би Тілеуұлы/Құраст. К. Төлеубайұлы. – Ақтөбе, 2008. 377-383 бб.
409. Тынышбаев М. Қазақ руладының шежіресі. – Ташкент, 1925. 29 б.
410. Әділбаев О. Бабалар рухы. – Егемен Қазақстан, 2009, 28 қантар. 4 б.
411. Құнтөлеуұлы А. Әбілқайыр хан/тарихи ғылыми деректер. – Алматы, 2008. 600 б.
412. Құнтөлеуов А. Ұрпаққа ұран – Бақтыбай/тарихи деректер мен очерктер. – Астана, 1998. 156 б.
413. Құттыбайұлы С. Қырық жол/өлеңдер мен дастандар. – Алматы, 2007. 320 б.
414. Үсенбаев Т. Бөлек, Айт, Бұжыр//Алшын шежіресі. – Қызылорда, 2010. 245-251 бб.
415. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы, 1992. 126 б.
416. Сарай Ә. Конеліктер/Қазақ тарихының көмескі беттері. – Алматы, 2008. 448 б.
417. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. Т. 1. 390 с.
418. Геродот. История/Геродот; пер. и примеч. Г.А. Стратановского. – М., 2006. 696 с.
419. Тынышпаев М. Конец Золотой Орды и история образования Казахского ханства//История казахского народа/Сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байгалиев. – Алматы, 2002. 224 с.
420. Краткая история уйгуров. – Алматы, 1991. 91-95 беттер.

421. Күмеков Б.Е. Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. – Алматы, 1972. 365 б.
422. Тамерлан. – М., 1992. 312 с.
423. Бичурин Никита (Иакинф). Орта Азияны мекендерген халықтардың көне заманғы тарихы. – Астана, 2008. 552 б.
424. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі/Жауапты ред. Ш. Құрымбайұлы. – Ташкент, 1994. 144 б.
425. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ қәм хандар шежіресі//Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 4-т. – Астана, 2005. 410-421 беттер.
426. Батыс Қазақстан. Энциклопедия. – Алматы, 2002. 540-541 б.
427. Гумилев Л.Н. Қоюн түріктер/Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы, 1994. 480 б.
428. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы, 2008. 652 б.
429. Аргынбаев Х. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. 280 б.
430. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959. 310 с.
431. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена/Научное издание. – Алматы, 1998. Т. 2. 352 с.
432. Соловьев С.М. Сочинения/ История России с древнейших времен. Кн. II. Т. VI. – М., 1989. 486 с.
433. Мұқанов С. Халық мұрасы/Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы, 2005. 304 б.
434. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Қоюн мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. 256 б.
435. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы//Он томдық. 3-том: Қоюн жазба мұралар тағылымы (б.з.б. 1-мыңжылдық – XV ғ.соңы)/Құраст. Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. – Алматы, 2007. 480 б.
436. Тынышпаев М. Материалы к истории Киргиз-казахского народа/Читаны в Туркестанском отделе Русского Географического Общества в 1924 и 1925 гг./История казахского народа/Сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байгалиев. – Алматы, 2002. 224 с.
437. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері//IV том: Әулеттік тарихи жылнамалар//2-бөлім. – Алматы, 2006. 480 б.
438. Қашқари М. Диуани лұғат ат-турк (Түрк сөздерінің жинағы)/Т. 1. – Алматы, 1993. 437 б.
439. Жолдасбеков М., Сартқожсаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005, 268 б.
440. Жолдасбеков М. Тастар сөйлейді. – Астана, 2002, 194 б.
441. Сартқожсаұлы Қ. Объединенный каганат тюрков. – Астана, 2001. 284 б.
442. Карыев О. История Караканидского каганата. – Фрунзе, 1983. 252 б.
443. Қорқыт ата кітабы. – Алматы, 1986. 260 б.
444. Қорқыт ата (Энциклопедиялық жинақ). – Алматы, 1999. 322 б.
445. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Ауд. А. Егубай. – Алматы, 1997. 486 б.

446. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті/Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 2005. 336 б.
447. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар//Ғылыми-зерттеу мақалалар/Құраст. Р. Бердібай. – Алматы, 1985. 368 б.
448. Рыбаков Б.А. «Слово о полку Игореве» и его современники. – М., 1971. 224 с.
449. Өмірәлиев Қ. Қоңе түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 2010. 656 б.
450. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков: родоплеменная структура и расселение в XIX – начале XX века. – М., - Л., 1950. 127 с.
451. Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – Оренбург, 1896. 72 с.
452. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург, 1887. 124 с.
453. Исин А. Біз – қазақ, қалмақ және қарақалпақ... – Абай, 2006, № 1. 36-41 б.
454. Кіндігімді кескен жұрт/Елдік жыры. – Астана, 2004. 144 б.
455. Қазақ Совет Энциклопедиясы/Бас ред. М. Қаратаев. – Алматы, 1976. 644 б.
456. Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. 7-т./Бас ред. Б. Аяган. – Алматы, 2005. 69-70 б.
457. Ахметзянов М.И. Между Волгой и Уралом//Идель. Казань. 1991, № 10-11. С. 82-84.
458. Миллер Г.Ф. История Сибири. Т. 2. – М.; Л., 1941. 638 с.
459. Трапавлов В.В. Волга в культурной традиции народов Восточной Европы//ЭО. 1997. № 6. С. 103-108.
460. Антология Дагестанской поэзии. Т. 1: Песни народов Дагестана. Сост. К.И. Абуков и др. – Махачкала, 1980. 368 с.
461. Иванов П.П. Очерк истории каракалпаков//Материалы по истории кара-калпаков. Ред. А.Н. Самойлович. – М.; Л., 1935. С. 9-89.
462. Очерки истории СССР/Период феодализма. XVII в. Ред. А.А. Новосель-ский, Н.В. Устюгов. – М., 1955. 1032 с.
463. Сұлтанов Т.И. Алтын Орда. Еуразия даласындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының мемлекеті. – Алматы, 2004. 176 б.
464. Трапавлов В.В. Малая Ногайская Орда/Очерк истории (қолжазба). – М., 2007. 20 с.
465. Архипов А.П. Три отрывка из сочинения о ногайцах и туркменах//Кавказ. 1855. № 29. Тифлис. С. 119-120.
466. Бутков П.Г. Материалы для Новой истории Кавказа с 1722 по 1803г. Ч.1.– СПб. 1869. 545 с.

## **Мазмұны**

Алтын Орда – Ақ Орда – Көк Орда – Ноғай Ордасы (Кіріспе сөз орнына) .....	5
<b>Бірінші тарау</b>	
Ноғайлар мен Едіге би дүниежүзінің тарихнамасында .....	24
<b>Екінші тарау</b>	
Манғыт жұрты мен ноғайлар туралы не білеміз? .....	77
<b>Үшінші тарау</b>	
Ноғай Ордасының құрылуды хақында .....	97
<b>Төртінші тарау</b>	
Едіге би туралы ақырат пен аңыз .....	122
§ 1. Едіге би – тарихи тұлға .....	125
§ 2. Едіге – жыр-дастандар кейіпкері .....	167
<b>Бесінші тарау</b>	
Ноғай Ордасының билері – Едіге ұрпактары .....	193
§ 1. Нұр әд-Дин, Кейқуат .....	207
§ 2. Едігенің уш ұлы – Мансұр, Фазы, Наурыз Ноғай ұлысының билері .....	217
§ 3. Аббас және Ұаққас билер .....	226
§ 4. Мұса хан – Ноғай Ордасының дара билеушісі .....	233
§ 5. Темір еді биіміз .....	255
<b>Алтыншы тарау</b>	
Сейд Ахмед – Ноғай Ордасының атақты би .....	273
§ 1. Орда билері Сейд Ахмед пен Шейх-Мамай (Шейх-Мұхаммед) тұсындағы елдегі саяси ахуал .....	273
§ 2. Шекті руындағы Қалу Сейдакұлының ұрпактары .....	302
§ 3. Алшын тайпасы және Шектілер .....	323
<b>Жетінші тарау</b>	
Ноғай билері – Жұсіп пен Исмайыл тұсындағы Орданың жағдайы .....	358
<b>Серізінші тарау</b>	
Ноғайлардың соңғы билеушілері .....	376
<b>Тоғызыншы тарау</b>	
Ноғай Ордасының ақырғы демі (кортынды сөз) .....	413
<b>Қосымша</b> .....	428
Ноғай биі Исмайыл ұрпактарының генеалогиялық кестесі .....	429
<b>Пайдаланылған әдебиеттер</b> .....	435

**Әл-Құланды  
Аманбай Құнтелеуұлы**

**ЕДІГЕ БИ ЖӘНЕ НОГАЙ ОРДАСЫ**

*Деректі гылыми зерттеу*

Редакторы *Н.А. Жакенова*  
Суретшісі *Р.Г. Ставер*  
Көркемдеуші редакторы *Р.И. Винокурова*  
Компьютерде тергендер  
*F.C. Наурызбаева, Ә.Т. Күннегеуова*


Басуға 27.05.2013 ж. кол қойылды. Қалыбы 70x100/16.  
Офсеттік қағаз. Есептік баспа табағы 28,5.  
Таралымы 700 дана. Тапсырыс № 556

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: [tpik-dauir81@mail.ru](mailto:tpik-dauir81@mail.ru)





## Әл-Құланды Аманбай Құнтөлеуұлы

Арал теңізінің Құланды түбегінде, Құл ауылында туған. Бүкілодақтық заң институтын (Москва қ.) 1972 ж. бітірген. 1980 ж. – заң ғылымдарының кандидаты атағына диссертация қорғады. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1996 ж.).

1971-1981 жж. Ақтөбе облысы, Қарабұтақ аудандық атқару комитетінде және аудандық ауылшаруашылық қызметкерлерінің көсіп-одақ үйімінің төрағасы қызметін атқарды. 1981-1983 жж. Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар мектебінің доценті. 1983-1984 жж. – Қазақтың сот-сараптау ғылыми-зерттеу институтында (Алматы қ.) аға ғылыми қызметкер, ҚазКСР Су шаруашылығы мен жерді құнарландыру, Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктерінде жауапты жұмыстарда. 1993 жылдан «Қазақаудит» (Алматы қ.) және «Астана-Аудит» (Астана қ.) компанияларында тәуелсіз аудиторлық көсіби мамандық иегерлерінің жетекшісі.

1998-2003 жылдары Қазақстан жоғары оқу орындарында доцент, кафедра менгерушісі, отызға жуық ғылыми еңбектің авторы. Қазір ғалым көне жәдігерлерді зерттеп, ұлы тарихи тұлғаларға деректі-ғылыми шығармалар жазып жүр. Зерттеушінің қаламынан өрбіген «Мұхаммед Пайғамбар» (2003), «Шыңғыс хан» (2006), «Әбілқайыр хан» (2008), «Ұранға шыққан Бақтыбай» (2010) кітаптары оқырмандардың көңілінен шықты.

